
Амандық ЖАНТЕМІРОВ



ҚАРАҚАМЫС - Қапсыттар мекені

Амандық Мырзахметұлының жарық көрген кітаптары








Амандық ЖАНТЕМІРОВ
Қызылжар өңірінің ұшпес шежіресі
Ленин туы
Амандық ЖАНТЕМІРОВ
Атақоныс-Ақтомпақ
Амандық Жантемиров
Сағындырған ауылым

Амандық ЖАНТЕМІРОВ

ҚАРАҚАМЫС
– Қапсыттар мекені

Қызылжар – 2023 жыл

ӘОЖ 908(574)
КБЖ 26.89 Қаз
Ж 27

Ж27 Қарақамыс – Қапсыттар мекені. А. Жантеміров. Қызылжар, 2023 ж. – 328 бет.

ISBN 978-601-80958-2-5

Бұл Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы, СССР және Қазақстан журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР мәдениет қайраткері Амандық Жантеміровтің жетінші кітабы. Осы еңбегінде автор өзінің кіндік қаны тамған Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылының тарихын кеңейтілген нұсқада ұсынып отыр. Сондай-ақ кітапқа осы ауылға байланысты қызықты оқиғалар, Керей руынан тараған Қапсыт-Самайдың толықтырылған шежіресі, жерлестеріміз, көркемсөз шеберлері – Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, партизан – жазушы Қасым Қайсенов, Қызылжар өңірінің кейбір тұғыры биік тұлғалары туралы естеліктері енгізілген. Автордың өзі еңбек еткен "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газетінде жарық көрген мақалалары, ел тарихына байланыстары ой-толғаулары, бір әулеттен шыққан – үш құрметті азаматтың еліне, халқына сіңірген еңбегі және басқа да көптеген материалдары жарияланып отыр. Өкініштісі – Амандық Мырзахметұлы бұл еңбегін көзі тірісінде жарыққа шығарып үлгіре алмай кетті. Ағасының орындай алмаған ісін інісі Амантай Жантеміров қолға алып, жинақтап,толықтырып, баспаға ұсыныпты. Кітап өлкетанушылар мен қалың оқырман қауымына арналған.

ӘОЖ 908(574)
КБЖ 26.89 Қаз

ISBN ISBN 978-601-80958-2-5

© Жантеміров А. 2023.

АЛҒЫСӨЗ

Халық "Өмір – өзен" деп бекерге айтпайды екен. Жас шағымызда осылайша қартайып қаламыз, күш-қуатымыз азаяды, жүрісіміз «қарға адымға» айналады деп ойладық па? Өмір, шіркін, қас қағымдай екен! Бірінші класқа оқуға барғанда қолыма алған қаламды енді тастайын, жетеді ғой, жазбайын десем де, шыдай алмаймын, көрген-білгенімді, ауылдың тарихын, оның алғаш қазығын қадаған адамдарын, кешегі ел басына күн туған Ұлы Отан соғысында кеуделерін оққа тосқан, жаумен ерлікпен шайқасқан ерлерің, қан майданға астық, басқа да азық-түлік, киім-кешек жіберу үшін күні-түні еңбек еткен тыл еңбеккерлері туралы болашақ ұрпақ білсін деген оймен тағы стол басына отырам, тағы жазам. Жаза берем, жаза берем!

Ойткені бастаған шаруамды аяғына жеткізуім керек. Олай дейтінім, Кеңес Одағының құрылғанына жарты ғасыр толғанда "Ленин туы" (қазіргі "Солүстік Қазақстан") газетінде "Елу жылда – ел жаңа" деген айдармен елді-мекендердің тарихы, еңбек адамдары туралы көлемді мақалалар, арнайы беттер жариялаған едік. Сол тұста мен туған ауылым – Қарақамыстың тарихы туралы бір бет ұйымдастырғам. Ол үшін барлық деректерді ауыл ақсақалдарынан алғанмын. Бертін келе, ауыл тарихына байланысты жаңа деректер табылған сайын сол мақаламды жаңарта отырып кітаптарыма басатын болдым. Осы жолы да солай істеп отырмын. Ал мемлекеттік архивтерден Қарақамыс туралы мардымды мәліметтер табылмады. Ойткені ауылымыз сонау 1926 жылы құрылғаннан бері бірнеше болысқа, бірнеше ауданға, оның үстіне бірде Қостанай, бірде Солтүстік Қазақстан облысына қараған. Сондықтан дерек табу қиын.

Тағы бір өзім бастап, аяғына дейін жеткізем бе деп тырысқан шаруам – негізінен Қарақамыс пен Жалтырша ауылдарын мекендеген Қапсыт (Аткелтір) атамыздан тараған ұрпақтардың шежіресін жасау. Бұл өте қиын шаруа екен! Өйткені оны білетін адам жоқ бүгін. Ертеректе оның бізге қажеті бола қоймады, қоғам оны бізге білуге рұқсат етпеді. Патшамызды, билерімізді, батырларымызды атай алмадық. Сөйтіп, олардың есімдері ұмыт болып қалды. Осы шежірені де талай жерге барып, талай адамнан сұрап жинап келемін. Оны да бірнеше кітабымда жариялядым. Тіпті төс қалтаға салып жүретіндей етіп те басып шығардым. Олардың біріне ешкімнен ақша сұраған жоқпын, сұрамаймын да. Осы жолы толықтырып тағы да кітабыма енгізіп отырмын. Бұл ісімнен де, өзімнің туыстарымнан басқа ешкімнен жылы сөз естіп көрген емеспін. Тіпті "біздің ата-тегімізді жазып, кітап қылып шығарып ақша табайын деп жүрсің бе? – деген сөзді де естігем. Ал осы жолы тағы бір кісіден саған осының не керегі бар? – деген сөз естідім. Маған мұның, әрине, енді еш керегі жоқ. Бірақ келешек ұрпаққа, бәлкім керек болып қалар деймін. Мүмкін бүкіл қазақ мәңгүрт болып кете қоймас! Дініміз тарап келеді ғой, тіліміз де қалыпқа келер!

Қазіргі замандастарым, менің жерлес академик-жазушылар Сәбит Мұқановпен,

Ғабит Мүсіреповпен, солар арқылы ақиық ақын Ғафу Қайырбековпен, партизан-жазушы Қасым Қайсеновпен тығыз қарым-қатынаста болғанымды жақсы біледі. Олар туралы талай естеліктер жаздым. Осы кітабыма да сөз зергерлері және елімізге, өңірімізге еңбектері сіңген тұғыры биік кейбір тұлғалар туралы естеліктерімді кіргізіп отырмын.

Мырзахмет Жантеміруұлы мен Көкеш Шәймерденқызынан тараған төрт ұлдың ішінде үшеуіміз «Құрметті азамат» деген атаққа ие болдық. Атап айтқанда Амангелді мен Амантай – Қостанай облысындағы Рудный қаласының, ал мен – Амандық – Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматтары атандық. Біздің нағашы атамыз Шәймерден Ахметұлы Ақбалықта сол үйде тұрып оқыған жылдары қонаққа келетін жазушы Сәбит Мұқановтың, Жаңажол ауылынан келетін Исахмет қаридың (оны Соқыр қари дейтін) және басқа да қонақтардың қолдарына, баталарын алыңдар деп, үнемі су құйдыратын. Сондайда нағашым "тең – құрбыларыңның алды бол!" – деп бата беруші еді. Бәлкім сол баталары періштенің құлағына шалынған болар! Осы кітаптан бізге осынша жоғары атақтардың не үшін берілгені туралы да оқып, біле аласыздар.

Бізді мектепте де, университетте де, партия мектебінде де Қазақстан Кеңес Одағының арқасында буржуазиядан капитализмді аттап өтіп, бірден социализмге өтті деп оқытқан еді. Капитализмді іріп-шіріп бара жатқан, болашағы бұлыңғыр қоғам деп «жүрегімізді айныта» жамандайтын. "Кейде шетелдің киноларын көргенде, ай, бекер олай істеген екенбіз, – деуші едік. Сол қоғамға, міне қайта айналып келдік. Алғашында егемендік алдық, бодандықтан – бостандыққа қол жеткіздік! деп бас киімізді аспанға лақтырып, қуандық. Ақын, ойшыл, ғалым, өз заманының мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұн осыдан аттай мың жыл бұрын:

Болған талай қаламыз да, халық та,
Уақыт көмді бәрін бірдей табытқа,
Болған талай ауылымыз, тайпамыз,
Енді соның ізін тауып байқаңыз, – деген екен.

Дәл осылай боларын кім білген? Кеңес өкіметін қанша жамандасақ та алға үмітпен, сеніммен қараушы едік. Бұл орайда бір анекдот та бар. Осы күннің баласы қария атасынан:– Ата, сіз Кеңес Одағы тұсында тудыңыз, еңбек еттіңіз, ол заман туралы не айта аласыз? – деп сұрақ қояды.

– Ой, балапаным-ай! Несін сұрайсың, ол кезде жұмыссыздық деген болған жоқ қой, бізді мәжбүрлеп жұмсады, қазір рақат емес пе, әкең күні-түні үйде жатады, менің зейнетақым бар емес пе, пәтерді кезекпен ақысыз беретін, медициналық қызмет, оқу, курортта емделу тегін болатын. Қазір осының бәріне ақша төлеуің керек. Қандай жақсы! Өз еркің емес пе?!

Иә, қазір бәріне ақша керек. Сондықтан болашағың бұлыңғыр. Ертеңім не болады? – деп алаңдаумен өмір сүресің. Кітабымның "Ойды – ой, сөзді – сөз қозғайды" деген тарауында осы мәселелерге тоқталдым. "Басы жұмыр пәндеміз" ғой, айтқандарымның кем-кетігі, қателігі болса кешірерсіз, оқырман қауым.

ҚАРАҚАМЫС – ҚАПСЫТТАР МЕКЕНІ

Тарихшылардың пайымдауларына қарағанда, Керей мемлекеті ыдырағаннан кейін (Керей хан – 1465-1473, Жәнібек – 1473-1480 жылдар) Орта жүзден тараған Керей руының ұрпақтары Ертісті бойлап қазақтың бос жатқан солтүстік аймағына қарай ығыса көшкенге ұқсайды. Қарап отырсам, керейлер жол-жөнекей мал асырауға, жан сауғалауға қолайлы деп тапқан жерлерге қоныс теуіп қала берген. Олай дейтінім, Ақмоланың (Астананың) маңында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Шоқан Уәлиханов атындағы, Ақжар, Мағжан Жұмабаев атындағы аудандарында керейлердің қоныстары, ұрпақтары көптеп кездеседі. Ал Есіл өзенінің оң жағында негізінен Арғынның Атығай, Қарауыл тайпаларынан тараған ұрпақтары қоныстанса, сол жақ бетінен бастап, сонау Қостанайға дейінгі үлкен алқапқа Керейлердің тұрақтағандарын байқаймыз.

Қазақ бір-бірімен амандасқанда ежелден «мал-жан аман ба?» – дейтін болған. Сонда малды бірінші орынға қойған. Әрине, мал адамға азық, киім, көлік емес пе? Осы үшеуі болса адам аш болмайды, күнін көреді, ұрпағын өсіреді. Ендеше малсыз өмір жоқ! Ал мал өсіру үшін қолайлы жер керек. Сондықтан қазақтар көлдер мен ормандардың жанға да, малға да пана, азық болар жерлеріне қыстау салып, жаз ен далаға жайлауға көшіп, малын бағып, қысқа отын-шөбін дайындап, шымнан немесе ағаштан үй салып күн көрген.

Біздің аталарымыз – Қапсыт ұрпақтары да осындай жер іздей келіп, ақыры қазіргі Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстарының астасқан жеріндегі Қарақамыс көлдеріне тіреле келіп тоқтаса керек. Қай атаның ұрпақтары қай көлді паналаса сол көлге, сол атаның атын берген. Сөйтіп ол көлдер Назар Қарақамысы, Шақабай Қарақамысы, Тәкей Қарақамысы, Жайылған Қарақамысы деп аталып кеткен. Қапсыттар Назар Қарақамысы жанынан мешіт те салыпты. Осы жерде Қапсыт тайпасы кімдер, соған тоқтала кетейік. Қапсыт – Керейдің ішінде Ашамайлыға жатады. Қысқартып айтқанда, Ашамайлыдан (Ғали) – ішінде Танаш би, одан – Тезағай, одан – Бәйтеке батыр тарайды. Бәйтекенің самайының шашы ақ болса керек. Содан «Самай» аталып кетіпті. Сөйтіп, Самайдан – Аткелтір (Қапсыт), Жанкісі, Жанбура, Толыбай, Бақы, Шұбай, Алдаберді, Шағалақ өрбиді. Солардың ішінде біз Қапсытқа жатамыз. Қапсыт деген сөз қайдан шаққан? Ол не мағына береді? Қапсыттың азан шақырып қойған есімі – Аткелтір болса керек. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша ол бала кезінде әке-шешесіне еріп, нағашысының еліне тойға барады. Тентек болған деседі, тойға жиналған балаларға маза бермейді, тіпті кейбіреуін ұрып– соғады. Нағашысы елге сыйлы азамат – Барақ батырға қонақтардың бірі ме, әлде сол ауылдың адамы ма, әйтеуір біреуі барып: – Мына жиенің тентек екен, төбелесіп тойдың берекесін алды, қой деп айтыңызшы, – дейді. Сонда батыр:– Жарайды, тойдың сорпасына мас болған бір қапсыт шығар, не қылар дейсіңдер, тимендер, түбінде осыдан бірдеңе шығады, – деген екен.

Содан бері Аткелтір «Қапсыт» атанып кетіпті. Халық арасында «сорпаға мас болған Қапсыт» деген сөз осыдан шыққа керек. Ал Қапсыт деген қандай мағына береді. Көп жылдан бері зерттеп, арабша сауаты бар адамдардан сұрастыра жүріп, оның мағынасын тапқандай болдым. Соған сүйенсек, «Қапсыт» деген арабтың «қабыс, қабыса» деген сөздерінен шыққан болуы мүмкін. Бұл сөздер «тамаққа тойып, қарны қампиған адам» дегенді білдіреді екен. Соған қарағанда, Барақ батыр «жиеннің ет жеп, сорпаға тойғаннан кейін асыр салып жүргені ғой» дегенге ұқсайды.

Ал Аткелтірден, яғни Қапсыттан – Сары, Анда, Телі, Құтты, Қараша тараған. Ұлы көште Құтты балалары қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Архангелка ауылы маңындағы қалың орман мен көлдерді паналап қалса керек. Сарыдан туған Шақабайдың Қойлыбай, Қозыбай, Байтоғай, Жылқайдарынан тарағандары – Қарақамыс, Анда, Телі, Қараша – Жалтырша көліне таман барып тоқтаған. Он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде Орталық Ресейдің аштыққа ұшыраған шаруалары Қазақ жеріне көшірілген ғой. Олар көптеп көшіп келіп, қоныстар салып, жергілікті жердің тұрғындарын ығыстыра бастайды. Осы тұста Құтты Шақабайдан жер сұрап, Қарамыс көлі маңына орналасуға мәжбүр болған. Құттылар мекен еткен Арқан жеріне қоныс салған көшпенділер селоның атын Архангелка деп атап, діни астар берген. Сол маңайдағы ескі қорымдарда Құттының зираттары бар.

Жерлесіміз, академик-жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Саяхаттар» кітабындағы «Туған ауылда» деген әңгімесінде «Сәбит» колхозы алғашында 1926 жылы артель болып құрылғанын айтады. Жазушының кіндік қаны тамған Жаманшұбар мен Дос көлі Қарақамыстан онша алыс емес. Ал одан да ертеректе, қазіргі ауылдан үш шақырымдай қашықтықтағы Ақтомпақ деп аталатын жерде, «Шаңбай» артелі құрылса керек. Осы жерде артель мен ауылдық Кеңес кеңсесі, ағаштан мектеп салынған дейді көнекөз қариялар. Сол жылы Қарақамыс ауылдық кеңесі ашылған. Кеңес – тың игеру басталғанға дейін осылай аталды. Осының өзі-ақ, Қарақамыс артелінің маңайдағы басқа ауылдардан бұрынырақ ашылғанын дәлелдесе керек. Ал Қапсыттардың біразы мекендеген Жалтырша көлінің маңында ашылған артель «Мерген» деп аталған. Онда Қапсыт пен Сибаннан тараған небір мергендер аңшылықпен айналысып, орталыққа аң терілерін жіберіп тұрған.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ресейде патшаны құлатқан Ұлы Октябрь социалистік революциясының лебі, кешікпей қазақ даласына да келіп жеткен еді. Осыған орай шоқ-шоқтың ығында, айдын көлдердің жиегінде мал бағып, күнін көріп отырған қазақтарды жинап, бастарын қосу басталады. Сол кезде бұл өңірде алғашқылардың қатарында партияға өткен Жабал Ықыласов, Нұртаза Текебаев, Қасымхан Тәженов, Тастан Нұрсейітов, Мүрсәли Жұдырықов халыққа жаңа қоғам ерекшеліктерін түсіндіреді. Партия ұясының хатшы болып Жабал Ықыласов сайланған. Ол артынан басқа колхоздарда селолық кеңес төрағасы болып қызмет істеген. Ал Мүрсәли Жұдырықов Преснов аудандық жер бөлімінің бастығы болып тұрғанда тұтқындалып, «халық жауы» деген жаламен атылып кеткен.

Сөйтіп 1928 жылы ауыл салу, колхоз, яғни ұжымдасқан шаруашылық құру қолға алынды. Оның атына, ауылдың орнына біраз талас болды. «Мойынқос» дұрыс па, «Мойынсерік» лайықты ма? Ауыл салуға Шаңбай көлінің жағасы жайлы ма, әлде Қарақамыс көлі тиімді бола ма? Осындай сұрақтар адамдарды әжептәуір ойландырып тастаған.

Ақыры қонысқа – Қарақамыс көлінің маңы таңдап алынады. Талпақ, Шайыр, Былқылдақ сияқты орман, көлдер айнала қоршаған бұл жер – қоныс тебуге өте қолайлы еді. Сондықтан да сексен үй Қапсыттан тараған, қырық үй – Шақабай, отыз бес үй – Құтты, отыз үй – Байтоғай мен Жылқайдар осы жерге көшіп келді.

Бір жерге жиналған адамдар жеке меншіктеріндегі мал-мүлікті ортаға салды, оған байлардан тартып алынған малдар қосылды. Сөйтіп сегіз жүз жылқы, бес жүзге тарта өгіз бен сиыр, үш түйе, төрт жүзге жуық қой мен ешкі жиналды. Түйелердің иесі

Балықбайға жататын Бірке Бұйрабаев екен. Бір бура, бір аналық, бір тайлақтан өскен түйе саны 1955 жылы 22-ге жеткен еді. Оларды әр жылдары Уәйіс Түнтікбаев, Базарбай Арықов, Тәпел Ақсақалов, Нұртаза Текебаевтар баққан болатын. Сол түйелермен Қорған облысының Лебяжье станциясынан колхоз тракторларына керосин, солярка тасыған. Ал Сағындық Темірбаев түйеге жазда – бричка, қыста – шана жегіп Қорған, Челябі, Свердлов және басқа да қалалардан колхозға керек-жарақ (терезеге әйнек, шеге т. б. материалдар) тасумен болған. 1955 жылы «Озерный» совхозы құрылғанда, егінді басады деген сылтаумен басшылар түйлерді алмады. Сондықтан бір түйе, төрт торпаққа, ауылдардың адамдарына бөлініп берілді. Түйелер, өгіздер, сиырлар көбіне жүк тасуға пайдаланылды. Өйткені жаңа жерге тұрғын үй, қоғамдық малға қора салу керек болды. Жаркөлдің жиегінен жер қазылып, сары балшыққа шөп, малдың қиы қосылып кірпіш соғылды. Кәрі-жастың бәрі осы жұмыспен айналысты. содан кейін ол жаңа қонысқа тартылды. Сөйтіп бірнеше үй, үлкен қора салынды, 1927 жылы осы ауылда жаңа қоныстанушылар алғаш қыстап шықты. Ауыл салуда Мұздақбай Смайылов, Тастан Нұрсейітов, Нұртаза Текебаев, Сәбит Тұтқышев сияқты кедейлер белсенділік көрсетті. Барлық жұмысты солар ұйымдастырды. – Байтоғай қыстауында тұрып жатқан болатынбыз. Бір күні үйге Нұртаза Текебаев келді де: – «Бәрі бірігіп жатқанда, сен осында жалғыз отырмақшымысың? Далаға шық, бүгін ауылға көшесің» деді. Сыртқа шықсам, ағаштан керте қиылып салынған қораны жігіттер бұзып тастапты. Содан кейін менің үйімді осында көп болып көшіріп әкелді, – деп отыратын еді Тасқұл Нұрсейітов ақсақал. Әрине, бұрын-соңды тәжірибеде болмаған шаруашылықты құру, оны өркендету оңайға түскен жоқ. Оның алдында аштық жылдары кейбіреуі Челябинск қаласында (оның ауыл адамдары Селебе дейді) жұмыс істеп, енді бір отбасылар сонау Аққайың ауданындағы Қиялыға барып масақ теріп күн көрген, одан кейін туған жерлеріне оралған адамдар, енді егін себуге кірісті. Өгізге жегілген ағаш соқа, дорбадан қолымен шашылған тұқым. Егіншіліктің бар мәдениеті осы болатын.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде 1934 жылдан бастап елеулі оң өзгерістер болды, осы жылы ауылға екі трактор әкелінді. Алғашында ХТЗ тракторы, содан кейін темірқашау доңғалақтары бар У-2 (Универсал) келді. Ауылдағы алғашқы трактортшы Төшебай Смайылов болды. Одан кейін техника тілін Құрманғали Тынымбаев, Қамза Оспанов, Омар Темірбаев, Сман Оқашев және басқалары игерді.

Сол кезде Қарақамыс селосы Советіне осы төңіректегі Жаңажол, Сәбит, Жалтырша, Ақбалық, Октябрь, Нұрымбет колхоздары қарайтын еді. Колхоз шаруашылығының өркендеуіне алғашқы басқарма төрағалары (оларды халық басқарма деп атады) – Қасымхан Тәженов, Нұртаза Текебаев, Рүстем Көбеков, Ғабит Мүсіреповтың туған ағасы Хамит Махмутов, Нығман Мырзатаев, Ерғали Самұратов, Құрманғожа Тынымбаев, Зәйкен Сәбитов, бригадирлер – Базарбай Арықов, Құлбай Темірбаев, Халық Ыбыраев, Уәли Әділов, трактор-егіс бригадасының бригадирлері – Байділдә Күркебаев, Мырзахмет Жантеміров, Қамза Оспанов, Әбдірмағзым Рамазанов, Омар Темірбаев және басқалары көп үлес қосты. Ол кезде техникаға қосалқы бөлшектер, тіркеме құрал-саймандар жетіспейтін. Ауылдың алғашқы ұстасы Исахмет Қожахметов темірден түйін түйетін шебер адам еді. Одан кейін ұста болып Үсейін Ақылбеков, Буса Ақсақалов, Сағындық Темірбеков, Омар Темірбековтер істеді. Буса қарт ауыл үйлеріне пеш салуға да шебер еді,сондықтан да ауылдастары ол туралы «Бес жерде бес – жиырма бес, Буса салған темір пеш...» деп сүйсіне ән айтатын. Ұста шеберлігін байырғы механизатор Қапен Байжанов, Кәкім Жәкешев, Қараман Сағындықовтар жалғастырады. Трактор-егіс бригадаларының дала қостары – Бөгенбай, Шәуік, Тобыл, Аю, Жалғызағаш ормандарының қойнауына алма – кезек ауысып отырды. Механизаторлар осында салынған шым-балшық үйде жатып жұмыс істейтін. Тамақ күн сайын әркімнің үйді-үйінен әкелініп тұрды.

Колхозда 1935-38 жылдарды бес жүз гектардай егістік жер болды. Көнекөз

қариялардың айтуы бойынша, сол жылдары егін бітік шыққан, әр гектардан орта есеппен 20 центнерден астық жиналған. Колхоз мемлекетке берешегінен түгел құтылған. Қырман астыққа толып, артығы үйді-үйге бөліп берілген. Сол жылдары – Бәтима Рамазанова, Нұрила Ақсақалова, Ұлпан Ыбыраева, Рақила Әділова сынды қыз-келіншектер трактор айдап, соқа тұтқасын ұстады. Бибіш ат айдаса, оның ері Тасқұл Нұрсейітов лабогрейкамен егін орды. Тілеген Балуанов, Әбдірақым Кемікбаев, Қабден Жанпейісов сияқты балаң жігіттер ат басына мінсе, Есентемір Жұсыпов, Далабай Омаров сияқты жігіттер дән бастырды. – Марқұм Қабден Жанпейісов соғыстан оралмады, – деп еске алатын қариялар. Көп жыл қырман меңгерушісі болған Уәлиахмет Сыздықов астық дайындауда біраз еңбек сіңірді. Рабиға Мұстафина, Ақыш Нұрсейітова, Қапия Майкөбенова сияқты келіншектер веемканың құлағын бұрап, астық тазалады. Ол кезде астық кептіруге арнайы үй салынатын. От даладан жағылады. Бұл жұмысты Кәкен Қатиева, Көкеш Жантемірова, Балқия Сыздықова және басқалары атқарды.

Ең ауыртпалық кезең ауыл адамдарына, сол кездегі барлық совет халқына сияқты, Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Ел басына күн туған кезде осы ауылдан, менің есебім бойынша жүз үш жігіт Отан қорғауға аттанды. Сол қанқұйлы соғыстан сексеннен астам боздақ ауылға оралмады. Олардың ішінде бір отбасынан үш-төрт адам да бар еді. Қанмайданнан оралмаған Далабай, Әміреш, Әшім, Қабдірәш Омаровтар, Мырзағазы, Байтай, Қаратай Әушаминдер, Есентемір, Аққошқар, Тасбай Жүсіповтер, Шалабай Кенелдіков, Зияда Сағындықов, Әбдір Мүсірепов, Садық, Сағит Қабдолиндер және басқаларын ауылдастары ешқашан естен шығармақ емес. Ұлы Отан соғысы жылдарында ел қорғауға белсене араласып, туған жерге оралған көптеген майдангерлер қажырлы еңбек етті. Қазақ ССР-і халық-ағарту ісінің озаты, жарты ғасырға жуық өмірін мұғалімдікке арнаған Байтұяқ Төрежанов, бөлімшенің шаруашылық жөніндегі меңгерушісі болып істеген Сұлтан Ыбыраев, қой фермасының бригадирі Қамза Ыбыраев, әртүрлі жұмыстар атқарған – Тасқұл Нұрсейітов, Уәли Әділов, пошташы Молдаш Нұртазин және басқалары туралы осыны айтуға болады.

Соғыс жылдарында ауылдағы бар ауыртпалық кәрілердің, әйелдердің, балалардың мойнына түсті. Олар трактор руліне, соқаға отырды, комбайн штурвалына тұрды, мал бақты. Майданға астық, ет, сүт жөнелтті. Жауынгерлерге биалай, байпақ тоқыды, Ұлы Жеңіс туын асқақ желбірету жолында олар тылда жан аямай еңбек етті, асқан қажыр-қайрат көрсетті.

Ол кездегі Харьков пен Челябинскіде шығатын ЧТЗ, ХТЗ-деп аталған тракторлар өте кінаратшыл болды. Жүруінен тұруы көп, сынса қосалқы бөлшек жоқ. Трактормен істейтін әйелдер тұтатып, жыртындыға салып берген трактордың өзін онша басқарып, жүргізе алмайды. Бірде тракторын сөндіріп алып, қайта тұтата алмай, мойыны салбырап, ұнжырғасы түсіп келе жатқан Мұқаметжан Қотиевке ауылдың сықақты жақсы көретін азаматы Мұқан Кәдіров суырып салып, былай деген екен:

Өзіміздің Мұқаметжан Қотиев,
Трактормен мініп келеді қопиып.
Тракторын орта жолда сөндіріп,
Келе жатыр аузы-басы томпиып.

Ауылдағы техниканың тілін білетін жалғыз адам– Мырзахмет Жантеміров соғыс жылдарында да, одан кейін де біраз уақыт трактор-егіс бригадасының бригадирі болған. Оны броньмен соғыстан босатқан. Бұл кезде Қарақамыс Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарайтын. МТС (машина-трактор станциясы) Кіргөйлекте (Северныйда) орналасқан. Директоры Сергей Загурейко еді.

Барлық дала жұмысын тракторлармен атқару оңай шаруа емес. Сол кездегі өлшеммен есептегенде жұмыс көлемі ауқымды. Сондықтан жеке шаруаның сиырлары, колхоздың өгіздері соқаға жегіледі. Болдырған малдың кейбірі жыртынды басында құлайды. Балаң жігіт Қараман Сағындықов айдаған өгіз болдырып, құлап жатып

алыпты. Осыны көріп тұрған Мұқан Кәдіров былай деп өлең шығарса керек:

Өзіміздің Сағындықов Қараман,
Не хабар бар астындағы қарадан.
Бұрын мінсе, жатпайтұғын бұл қара,
Не себептен жата беред манадан?

Соғыс жылдары Қарақамыста – Құрманғожа Тынымбаев, Нұрымбетте – Жәпіш Шаяхметов, Жалтыршада – Ысқақ Қапанов, Октябрьде – Әбдірахман Ботанов, Ескендір Көшебин, Ақбалықта – Мейрам Тайжанов, басқарма төрағалары болған. Олардан кейін осы істі Зәйкен Сәбитов, Қапар Тоқбаев, Қалихан Мәмбетов және басқалары жалғастырды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру басталған жылдары мен көршілес Ақбалық жетіжылдық мектебінде оқитын едім. Мен тұратын нағашым Ахметтің Шәймерденінің үйіне 1955 жылы қыста Қарақамыста мұғалім болып істейтін немере ағам Байтұяқ Төрежанов келді. (Шаймерден жетім қалған Сәбит Мұқановты үйіне әкеліп, молда етіп бала оқыттырған адам). Ол кезде Ақбалық – Молотов колхозының орталығы болатын. Колхозда бөлімше деген болмайды. Сондықтан Қарақамыс – осы ірілендірілген колхоздың бір бригадасы еді. Ауылдың бас көтерер азаматтары колхоздың жалпы жиналысына келіпті. Ағайдың айтуынша жоғары жақтан келген өкіл колхоз мүшелерін совхозға енуге үгіттеген. Бірақ онда жиналғандар совхоздың мәнін түсінбеген болса керек, көне қоймапты. Сонда өкіл: «Олай болса, колхоздың жерін түгел совхозға аламыз да, колхозшыларға ауыл тұрған жерді ғана қалдырамыз»– деген. Одан қорыққан барлық колхозшы келісімдерін беріп, амалсыз қол көтерген. Сол жылы қар ерісімен, жер жырту басталып кетті. Сырттан келген басшылар егін өсетініне, өспейтініне қарамастан бос жатқан жердің бәрін жыртқызды. Колхоз кезінде біздің өңірге келген Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сағалбай Жанбаев тақыр (шақат) жерді жыртқызған колхоз басқармасына бас киімін шешіп:

– Мына менің басыма енді шаш шыға ма? – депті.

– Ол кісінің басы тап-тапқыр болатын. Басқарма не дерін білмей аңырап қалыпты. – Көрдің бе, мына тақырға да ештеңе шықпайды, – депті хатшы.

Міне, сондай жерлер түгел, ауылдың іргесіне дейін жыртылды. Тіпті мал бағатын жерді былай қойғанда, балалар ойнайтын алаң да қалмады. Сол шақат жерлер қазір ойдым-ойдым күйде. Көлік түгіл, жаяу жүріп болмайды. Оның тағы бір кесірі, жазғытұрым көлдерге қар суы ағатын жылғалар болмай қалды. Соның салдарынан ауылдың біраз көлдері суалып қалды. Олардың орындарынан бертін келе қол шалғымен шөп шабатын болдық. Көлдерде балық пен құс азайып кетті. Соңғы жылдары бұлардың бәрі қайта орнына келе бастады. Тың игеру басталар алдында, яғни 1954 жылы Қарақамыстан 7-8 шақырым жерде теміржол салынды. Ол Ресейдің Қорған қаласы мен Пески-Целинное деген (қазіргі Новоишимка) селосын жалғастырды. Артынан жол Көкшетауға дейін ұзартылды. Теміржол станциясы «Қарақамыс» деп аталды. Неге екені беймәлім, артынан ол «Бауман» деп өзгертілді. Жол салған әскерилер біздің ауылға орналасты. Ауылдың шет жағынан жер қазып, үстерін шатырмен жауып, баспана істеп алды. Олардың мұнда орналасқаны – ауылда әрқайсысының аумағы да, биіктігі де бір метрлік он екі тас салынған құдық бар. Суы таза, қандай аптап ыстықта ішсең де, суықтығы сондай, бір-екі рет қана ұрттай аласың, шөлің бірден қанады. Оның суы сол маңайдағы үш-төрт ауылға еркін жетеді, әскерилерге де сол қолайлы болды. Олардың ішінде қазақ жігіттері де бар еді. Ауыл адамдары оларды кезектесіп түнде жасырын қонаққа шақыратын. Қазағымның қонақжайлылығы-ай, шіркін! Алдын-ала айта кетейін, осы төңіректегі ауылдар қазір таза ауызсудан тапшылық көріп отырған жоқ. Қарақамыс ауылының маңынан табылған жерасты суы, маңайдағы ауылдарға құбыр арқылы беріліп тұр.

Жалпы, тың игеру басталғанға дейін қазақ ауылы арақ дегенді білмейтін. Сол кезде ауылға мас адам келе қалса, үй-үйдің жасынан кәрісіне дейін үрейленіп,

тығыла бастайтын. Жаман әдетті тез қабылдайтын халықпыз ғой, енді арақ өмірімізге мықтап еніп алды. Тың игеруден едәуір бұрын, біздің ауылға Киргөйлек (Преснореду́ть) МТС-ынан бірнеше бастық келе қалды. Оларға ерген жергілікті басшылар да бар. Менің әкем трактор-егіс бригадасының бригадирі болатын. Қонақтар біздің үйге келіп түсті, ол кезде рюмке деген жоқ, шәшкенің басына бір жарты арақты он шақты адам бөліп құйып, ішіп, мәз-мейрам болып тарқасты.

Тың – қазақ ауылына бұл жөнінен жаңа да жаман дәстүр әкелді. Тың игеруге келген жастардың араққа тойып алғаннан кейін машинаға мініп алып, ауылдарға барып, жергілікті тұрғындармен төбелес ашатын кездері де болды. Үлкен Қарақамыс көлінде жабайы шошқа (немесе қабан дейді) бар екен. Тың игеруге келген жастар оларды трактормен қуып, басып немесе атып алып, өлімтігін ауылдың қотанына әкеліп тастап кетіп жүрді.

Жергілікті тұрғындар «партияның шақыруымен, жүректің қалауымен» келгендердің осындай қылықтарына шыдады. Тіпті оларды туыстарындай қарсы алды, баспана жетпегендерін үйлеріне кіргізіп те алды. Сол бір жылдары қыс қатты болатын. Қар да көп түсуші еді. Кейде жаман балшық үйлерді төбесіне дейін қар басып қалып, астынан тесіп шығатын. Бірде мал фермасына жем әкелген жас жігіт боранға тап болып, түн ортасына дейін адасып, соляркасы біткен трактор тастап, көрінген сәулеге қарай жүре берсе керек. Ақыры ауыл шетіндегі шым үйге жетіп, терезе қаққан. Қол-аяғы домбыққан жігітті үйге кіргізіп, тамақтандырып, халық емін жасап, әйтеуір аман алып қалған. Сол Иосиф Гедзур деген жігіт Қарақамыс ауылының ең шетінде тұратын Сембай деген қарияның туған баласындай болып кетті.

Уақыт бәрін орын-орнына қойды. Маскүнемдер, жұмыс істегілері келмейтін жалқаулар, басбұзарлар біртіндеп қуылды. Ақырында қысы – қаһарлы, жазы – жаңбырлы, салқын, желі аз болмайтын өңіріміздің қытымыр мінезіне төзгендер ғана қалды. Олар осында үйленді, балалы-шағалы болды.

Ал енді тың игеру басталғанға дейін қазақ ауылы қандай болып еді? Соны айтайын. Сол кездегі партия саясатына орай, колхоздар бірде ірілендіріліп, бірде ұсақталып, солардың тиімді жағы ойластырғанға ұқсайды. Кейде Қарақамыс дербес колхоз болса, енді бірде төңіректегі Ақбалық, Жалтырша, Октябрь, Жаңажол, Нұрымбет ауылдары бір шаруашылықтың бригадаларына айналған. Осы ауылдардың бәрі Қарақамыс ауылдық кеңесіне қараған.

Қазақ ауылдарында тың игеруге дейін негізінен шым үйлер болды. Ақбалықта Ысқақ Қапановта ғана бөренеден салынған үй болатын. Ол халыққа заемның облигациясын таратушы болса керек. Облигациядан елу мың сом ұтыпты. Ол сол уақыттағы өлшеммен аса ірі көлемдегі ақша. Былайша айтқанда, орташа деңгейде еңбекақы алатын адамның бір жылдағы табысы, ең көп дегенде, бір мың сом мөлшерінде болатын. Содан оны халық «Елумыңның Ысқағы» деп атап кеткен. Басқа ауылдарда ондай үй болған емес. Шым үйлердің төбесін қанша қоян-жон етіп салғанымен, бір-екі жылдан кейін төбені майлаған балшық жауынға, қар суына шайылып кетеді де, үстіне қурай шыға бастайды. Жазда жаңбыр жауған кезде, төбеден тамшы ағады. Сол кезде үйдегі бар легенді, шелекті жинап тамшының астына қоясың. Шіркін, самарқау халықпыз-ау, сонда төбені тым болмаса, екі жылда бір рет балшықпен қалың етіп сылыса, тамшы ақпас еді-ау. Үйдің берекесі қашып, өзі де тапшы дүние-мүлік бүлінбес еді ғой. Ол кезде сәкі деген болмайтын. Сары балшыққа сабан мен жылқының қиын қосып илеп, үйдің ішін түгелдей майлап шығасың. Ол кепкеннен кейін үстіне шөп төселеді, Оның үстіне текемет, қолдан тоқылған алаша жабылады. Қонақ келе қалса, төсеніштер тағы қалыңдатылып, төркөрпелер салынады. Ал төсек-орын жағы тапшы болды. Маңайдағы көлдерде құрақпен бірге ши өседі. Одан қора төбесіне жайып құрт кептіретін ши-төсеніш жасалады. Ал басындағы ұлпасы жастық пен құстөсекке пайдаланылады. Көлден көп қылып жинап әкеліп, үгітіп, іске жаратылады. Бастапқы кезде жастық та, көрпе де мамықтай болады. Бірақ дененің қызуымен біраздан кейін

түйір-түйір болып қалады да, жамбасыңа да, басыңа да батады. Шым үйді күтіп ұстасаң, кең сарайдан кем болмайды. Әсіресе іші-сыртын ақтап қойсаң әрі таза, әрі көз тартады. Ол үшін біздің ата-бабамыздың қонысы Ақтомпақта ақ балшық бар. Белуардан қазсаң болғаны, аппақ балшыққа тап боласың. Оны сол төңіректегі ауылдар түгел пайдаланады. Тіпті көрші ауылдардан балшыққа атпен, өгізбен келг ендер жол-жөнекей туыстарына, не дос-жарандарына соғып, бір шәй ішіп аттанатын. Мал жүрген жерде, маса көп болады. Сондықтан қазақ халқы жазда шошаланы пайдаланған ғой. Ортасына от жағылып, тамақ, нан пісіріледі. Қамыр илеп, табажаппайға пісірген нан тәтті болады. Сол жылдары төңіректегі елді мекендерде диірмен болған жоқ. Сондықтан балалар, әйелдер диірмен үкті. Диірменнің өзі әр үйде бола бермейтін. Ұн шошалада түнде кезекпен үгіледі. Кейбір үйдің диірмені жуан ағаштан жасалған еді. Көбінікі тастан қашалып, істелген болатын. Дөңгелек ағаштың астына сындырылған шөгендер қағылған. Салмағы ауыр болмағасын шығар, екі рет оңға, бір рет солға қарай дөңгелете айналдырмасаң, бидайды жарып тастайды. Бұл өзі де оңай емес, жұмысты қиындата түседі. Нан жегің келсе үгесің, басқа амал жоқ. Шым үйдің терезелері жазда жабылып тасталады. Сонда жаздың аптабының өзінде сап-салқын болып тұрады. Ал қыста кешке жаққан оттың жылуы, таң атқанша шығып кетеді. Суық үйде төсектен тұрғың келмейді. Жалғыз қабат терезенің шынысына қырау тұрғанда, үйдің ішін қараңғылық басады. Пеш жаққаннан кейін көсеуді қып-қызыл болғанша қыздырып, терезедегі қырауға басасың. Сонда қырау еріп, кішкене ғана терезеден сәуле түсе бастайды, өте сақ болмасаң, терезені сындырып алуың мүмкін. Оны қалпына келтіре қоюға шыны да жоқ. Ауыз үй мен төр бөлменің арасына салынған шұбал пештің ортасынан шам қоятын тесік қалдырады. Сонда сықсиманың жарығы екі жаққа да түседі. Қап-қара күйе болған пөзірді сүртемін деп сындырып та аласың. Онда таяқ жегенің. Бірақ одан не пайда, күнің шәшкенің тәрелкесіне тоң май құйып, кендір салған майшамға қарап қалады. Біздің ауылда Темірбайдың Сағындығының үйінде ғана жақсы шамдар болды. Ол колхоздың түйелерімен Қорғаннан, Челябіден, тіпті сонау Свердлоудан шаруашылыққа қажет заттар әкелуімен айналысатын. Сонда жетілік, сегіздік, тоғыздық деген шамдар болды. Ал бір жолы әкелген ондық шамы үйді самалдай жарық қылып жіберетін. Оның пілтесі дөңгелек, шамы үлкен болатын. Біздің жаман шым үйде тұратын жан көп болдық. Әкешешем, біз – төрт бала, оның үстіне жетім-жесір қалған туыстарымыз қосылады. Ауыз үйге ешкінің лағы, сиырдың бұзауы байланады. Лашық үйдің есігі де биік емес, сиыр одан белін қайыстырып үйге әзер дегенде кіретін еді. Ауылдың барлық үйлері осындай болатын. Бұзауды емізіп, сиырды идіргенен кейін, сауып аласың. Азғана сүттің шәйдан қалғанын сүтмәшінмен айырып аламын. Бір қолыммен мәшінді бұрасам, екінші қолыммен шәшкенің басына ағып жатқан обраттан құйып алып ішемін. Сонда шешем маған – «Балам-ау сүттен құйып неге ішпейсің?» дейді. Мен анама – Маған обрат ұнайды, – деп өтірік айта саламын. Осы жерде обрат деген сөздің қайдан шыққанын айта кетейін. Ертеде Ресей империясында салған май зауыты ашылады. Оған халықтан сүт жинайтын болған. Қаймағы алынған сүтті тапсырған адамдарға қайта қайырады екен. Соған орай қаймағы алынған сүт – обрат, яғни қайтарылатын сүт деп аталып кеткен екен. Өзі азғана сүтті ішсем, одан қанша қаймақ аламын? Одан да азғана обратты, жылы кезінде, ішіне шамалы ғана айран құйып, ұйытуға қоямын. Үстін жақсылап қымтап жапсаң, көп ұзамай ұйып қалады. Бірде біздің ауылдағы Жабалдың үйіне келген біреу айран бар ма? – деп сұраса керек. Сонда жасы төрт-бестер шамасындағы Сайран деген қыз: «Аға-ау, бізге қатық қайдан келсін?» депті. Содан осы сөз ауылда мақал болып кеткен. Колхозда ақша деген болмайды. Колхозшыларға істеген жұмыстарына қарай еңбеккүн жазылады. Ол – бригадирдің құзырында. Күзде орақ аяқталып, колхоздың есеп-қисабы шыққаннан кейін, еңбеккүнге шақтап, астық береді. Ол үйге әкелініп, төр бөлмедегі төсеніштер шығарылып, жайылып, кептіріледі. Енді оны ақшаға айналдыру міндеті тұрады. Бұл орайда біздің ауыл тұрғындарына аса қиындық тумайды, өйткені ауылдың Қорғанмен байланысы жақсы болды. Айналасы алпыс шақырым Қарақымыс

көлінде қашаннан балық көп. Ауылдағы Төшебай мен Мұздақбай Смайылұлдары балық аулайды да, оны ұшақпен Қорғаннан арнайы келіп, алып кетіп отырады. Ұшақ келген күні ауылдың кәрі-жасы соның маңында болады. Міне, солар күзде астық сатып алады. 1947 жылы айналымға шыққан ақшалар тіпті үлкен болатын. Табақтай-табақтай ақшаны қолына алғанда, әкеміздің қуанышында шек болмайтын. Шаруада сол ақшадан басқа табыс жоқ. Ол кезде алатын дүние де көп емес. Ауылдағы дүкеннің сатушысы айына бір рет арбамен Макарьевкаға барып, сондағы сельподан тауар әкеледі. Сондағысы түйір қант, балаларға мектепке қажетті азын-аулақ заттар, бір-екі орама сиса мата, кәмпит-шай. Ең қадірлі шай грузиндікі. Бір қорабын бір үй алса, оны пышақпен төртке бөліп, шай сұрап келген көршілеріне береді. Жас келіншектер «грузиннен шәйім болса, офицерден байым болса» деп қалжыңдасатын. Бұл әскери адамдардың ақшалай жалақы алатындығынан айтылатын болуы керек. Ал кесек қантты пышақпен, кейбір үй арнайы қысқашпен бөлетін еді. Содан кейін қант, шәй ішкенде, әркімнің алдына бөлек қойылады. Сиыр суалған кезде, қара шай ішуге мәжбүр боласың. Ашымаған нан мен бір-екі түйір қантқа тоя бермейсің, әке-шешеміз бізді әжуалап «қанағат» деп айт дейді. Біз «қанағат» дейміз, бірақ қарын тойып отырған жоқ. Тағы шәй сұрасаң, жаңа қанағат дегенің қайда? дейді. Бірде менің үлкен ағам Амангелді әкеммен бірге келе жатып: – Әке, мықыным ұстамай ма, қалай, іш киімім түсе береді, сірә, қарынымның тоймауынан ба? – депті. Соны әкем айтып қоймаушы еді. Бертін келе, өз қолымыз өз ауызымызға жеткенде, «тәуба етіңдер, кешегі тұрмысты ұмытпаңдар» деп отыратын. Ол кезде колхозда онша көп астық өндіріле қоймайтын сияқты. Оны техника санынан да аңғаруға болады. Көктемгі егіс алдында Кіргөйлектен (Пресноредуть МТС-інен) ауылға себу техникасын әкеледі. Сонда бір-екі шынжыр табанды, сонша қашау табанды трактор болады. Оларды ХТЗ, ЧТЗ дейді, бірі – Харковтен, екіншісі – Челябіден шығады. Олардың азын-аулақ тіркеме құралдары бар. Солардың бәрін ауыл ортасындағы алаңға топтастырады. Бала-шаға сол жерге жиналады. Бұл көктемнің хабаршысы іспеттес болатын. Астық бастыратын комбайндар да аз болды. Комбайнның алдында жалпақ темірден жасалған бір, арт жағында екі – барлығы үш доңғалағы болатын. Оны трактормен сүйрейді. Артында сабан жиналатын арба бар, оны копнитель деп атайды. Онда бір кісі тұрып, ішіне анда-санда түсіп, сабанды тығыздау керек. Содан кейін шөмелелерді бір қатарға түсіріп отыру шарт. Сонда сабанды жинауға ыңғайлы болады. Қазір ойлап отырсам, бұл өте қауіпті жұмыс екен-ау. Комбайндардағы астық өгіз жегілген арбалармен тасылады. Тақтайдан жасалған көрмеңкеге көп астық сияды. Кейбір көрмеңкенің қабырғасында арнайы жасалған тесік болады. Оған кигізілген тақтайшаны суырып алсаң, астық лықсып түседі. Барлық астықты осы тесік арқылы ағаш күрекпен жинап түсіресің. Аса тазалап түсірмесең, түбінде бір-екі тостаған астық қалады. Үйге тамақ ішуге келгенде, оны сыпырып аласың. Бірақ өгізбен астық тасу оңай шаруа емес. Бірішкеге жегілген қос өгіз бүгелектегенде, бой бермей кетеді. Ондайда сенің айғайыңның да, айдап-баруға арналған таяғыңның да пайдасы шамалы.

Колхоздың азын-аулақ өсірген астығының қар астында қалмасы үшін ірі танаптардың басында жаппа істейтін. Төбесі сабанмен жабылған сол жерге дәні бастырылмаған сабақтар әкеліп үйіле береді. Барлық егін шабылып алынғаннан кейін, әлгі араға комбайн әкелінеді де, бір орында тұрып астық бастырады. Бұл сол кез үшін өте тиімді әдіс еді. Бір жылы қар шеті сөгілер-сөгілместе біздің ауылға бірнеше адам келді. Қолдарында сол төңіректің картасы. Талпақ, Күйеқамыс, Байтоғай, Екіағаш, Шәуік, Қызылитшілігі, Бөгенбай, Былқылдақ, Жалағаш сияқты ормандарды, Үлкенкөл, Кішкенекөл, Жаркөл, Жалтыркөл, Шаңбай, Мөгел, Тәкей Қарақамысы, Атантай, Күреңбие деген көлдер мен тұзды сорлардың аттары картада жазылыпты. Ауыл адамдары оған қызыға қарасты. Жыртылатын, бригада орналасатын жерлер, жаңа қоныс салынатын орындар, барлығы сол картада белгіленген. Ақыры Бауман станциясынан үш шақырымдай жердегі орман ішіне жаңа қоныс салына бастады. Осы төңіректе көлдердің көп болуынан шығар, ол – Озерный деп аталды. Темір жол арқылы

адамдар да, құрылыс материалдары да, техника да келіп түсе бастады. Айналасы бірнеше жылда салынған үй саны бес жүзден асып еді. Алғашқы жылдары совхоздың жері өте үлкен болды. Оған сол маңайдағы қазақ ауылдары Ақбалық, Нұрымбет, Жаңажол, Октябрь, Қарақамыс, Жалтырша, Бауман станциясы енді. Сол ауылдардың жастары да, тың игеруге келгендермен бірге жұмыс істеді. Солардың арасында есімде қалғаны – Қоғамдас Шәлтенов, Тәштай Мұқашев, Әбдірақым Кемікбаев, Сұлтан Дүйсенғұлов, Мәдәни Мүрсәлиев, Қалел Мұстафин, Қаппас Текебаев, Біржан Тастанов, Рақмет Баймурзин, Нәби Тұралин, Ережеп Сәбитов, Мұқаш Қайдаров, Сапи Жантеміров, Қасым Сәдуақасов, Мағау Тоқтаров және басқалары. Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі жылдары трактор-егіс бригадаларының бригадирлері болып істеген, менің әкем Мырзахмет Жантеміруғлы мен Омар Темірбаевтан тәрбие алған, Үндемес Байтеміров осы жұмысты тың игеру жылдары жақсы жалғастырып әкетті. Ол ауылда арнайы курстар ұйымдастыртып, жыл сайын ондаған механизаторды оқытып шығаратын. Ал Мұқаметжан Қотиев бригада есепшісі болатын. Тарантастың талдан тоқылған қорабына шөп салып алып, үстінде өлеңдетіп отырушы еді. Жаны жайсаң, ақкөңіл, мақтағанды жек көрмейтін адам болатын.

Тың игеру жылдары ұста шебері таптырмайтын мамандыққа айналды. Алып С-80, С-100 тракторлары нені болсын шыдатпай, қирата береді. Оларға тіркелетін, жуан бөренеден табан салып жасалған, шаналарға бір вагон жүк сиятын шығар-ақ. Бәрін темірден балқытып істеу керек. Ұста шеберінде дамыл болмайды. Ауылдағы тұрғындардың ағаштан жасалған арбаларының доңғалақтары, жазғы ыстықта қаңсып қалады. Оның құрсауын ұста ғана кесіп, тарылтып, қайта доңғалаққа кигізеді. Бұл оңай шаруа емес. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы дегендей, енді бірі ағайын, бәрінің көңілін жықпау керек. Ол адамды мезі етеді. Сондықтан да болар ұста шебері Омар Темірбаев бірден істегісі келмесе, «көрерміз» деп шығарып салады. Олай десе, ісің ұзаққа созылады дей бер. Сондықтан Омарды ауылдастары «Көрерміз» деп атайтын. Жоғары білімдері болмаса да, тыңның алғашқы жылдарынан ауылда, одан кейін совхоз орталығында есепші болып істеген Қасымқан Баймұжықов пен Төлеген Байжиенов өз тәжірибелерін талай жастарға үйретті. Пресногорьков аудандық төлқұжат столының бастығы болып істеп, отставкаға шыққаннан кейін туған ауылына бөлімше басқарушысы қызметіне келген Мұқаш Оспанов, сондай-ақ Шапай Стыбаев, Сұраған Балуанов, Ерғали Сұрағанов, Сәруар Бірімжанов, Алпысбай Сағындықов, Сұлтан Тасмағанбетов шаруашылық экономикасын көтеруге көп үлес қосты. Ауылда жұмыс күші жетіспегендіктен, біздерді, балаларды да еңбекке араластырды. Мен жазғы каникулда шөп шабатын машинаға отыратын болдым. Трактордың артына тіркелген үш шалғыда да адам болуы керек, өйткені не төмпешік, не темір-терсек кездесіп қалса – не орақ, не деркач сынады. Оған жол бермес үшін орақты уақытында көтеріп отыру керек. Орақ ұзын ауыр темірді басқанда ғана көтеріледі. Белің қайысып әзер басасың,әрине. Есесіне, өзіме киім алуға ақша табамын, үйді шөппен қамтамасыз етемін. Ауылдың мен тұстас балалары осылайша, еңбекке ерте араласты. Тың игеру жылдары құрылыс жақсы дамыған еді. Әсіресе құрастырмалы үйлер көптеп түсетін. Үйдің негізін құйса болғаны, қабырғасын қалау ұзаққа созылады. Құрылыс қазақ ауылдарына да келді. Ауылдарға екі, төрт пәтерлі үйлер жылдан-жылға көп салына бастады. Шым үйлер біртіндеп жойылды. Монша, клуб, дүкен салынды. Ауыл дүкенінде көп жылдар Қабдолла Мұқыжанов, Нәби Тұралин, Байтай Мүсірепов сатушы болып істеді. Әрбір ауыл-селоға трактордың моторы арқылы жарық беретін қондырғылар орнатылды. Сөйтіп, май шаммен қоштастық. Есте қалғаны, оны жүргізген механизатор ауылдың нағыз еркесі болатын. Өйткені ауылда той-думан бола қалса, оған ескертілмеген жағдайда, мереке қызған шақта жарық жалп етіп сөнетін. Егер оған алдын-ала бір жарты арақ пен ас-су апарып берсең, түні бойы тойлай беруіңе болады. Ауылда көбіне бұл жұмысты Әбдірахман Кемікбаев атқаратын. Содан кейін Ақбалық көлінің жағасынан электростанция салынды. Ол – сол төңіректегі ауыл-селоларға

жарық берді. Артынан осы төңіректегі елді-мекендер жоғары кернеулі электр желісіне қосылды. Колхоз кезіндегідей емес, еңбегіне ақша алатын болғаннан кейін, халықтың тұрмысы да жақсара бастады. Совхоз үйді тегін береді. Енді үйге дүние-мүлік керек. Оны темір жол арқылы Қорғаннан әкелетін болдық. Әлі есімде, немере ағам Қараман екеуіміз, Қорғаннан поезбен шифоньер мен стол әкелдік. Әкесі Сағындық дін жолымен жүретін адам еді, жиһаз дегенді ұнатпайтын. Абырой болғанда намаз оқып отыр екен, әкелген дүниелерімізді тез үйге енгізіп, өзіміз қашып кеттік, ашуы басылғанша үйге жоламадық. Ал керісінше, менің әкем жұрттан калмауға тырысып, екеуміз Қорғанға барып, бір шифоньер, стол, орындық әкеліп едік. Сөйте-сөйте халықтың әл-ауқаты түзеле бастады. Бертін келе кір жуғыш машина, телевизор, мотоцикл, тоңазытқыш күнделікті қажеттілік дүниелеріне айналды. Автокөлік көбейе бастады. Ертеректе біреу бір жаққа қонаққа баратын болса, көршілерінен киім сұрайтын. Үстінде бір киер киімің болса, «мынау өзіндікі ме, жақсы екен» деп сұрайтын. Немесе, жол жүргісі келген адам біреуден – ат, енді бірінен – арба, болмаса, ат-сайман сұрайтын. «Ауылың жіберсе – барасың» деген сөз содан шыққан ғой. Тың игерудің арқасында еңбек еткен адам кедейлік көрген жоқ. Бара-бара тіпті дүние-мүлік бәсекеге айналды. Той-думан көбейді. Ата-бабамыз аса елей бермеген туған күннен бастап, басқа да түрлі-түрлі тойлар көбейді. Соның бәрі барлықтың арқасы еді. Кеңес өкіметі жылдарында республикалық, не облыстық бесжылдық жоспарға енгізілмесе, ешқандай құрылыс салуға болмайтын. Ал ондай жоспарға совхоз орталықтарына салынатын әлеуметтік нысандар ғана енгізілетін. 1954 жылы басталған Тың жене тыңайған жерлерді игеру науқаны кезінде біз бала кезімізде шие теруге баратын ормандардың қойнауында «Озерный» ауылы бой көтерді. Барлық құрылыс сонда салынатын да, сол төңіректегі қазақ ауылдары үнемі кенже қала беретін. Жаңа совхоздың үш-төрт директоры ауысқаннан кейін, шаруашылықты басқару тізгіні жігерлі де, сауатты, қолынан да, тілінен де келетін азамат – Ыбырай Жүнісбаевқа берілді. Мамандығы – агроном, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданындағы Ленин ауылының тумасы. «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозында бөлімше басқарушысы, бас агроном, партком хатшысы болып істеген. Қарағандыда партия мектебін бітіргеннен кейін «Озерный» совхозына басшы болып тағайындалды. Мен Ыбырай Өмірзақұлын қызмет бабымен бұрыннан білетін болғандықтан бірден жақындасып кеттім, бір-біріміздің отбасымыздың арасында тығыз қатынас орнады. Бірде үйде қонақта отырғанда, ауылдың проблемалары туралы айттым. Колхоз тұсында ауылдағы биік жел диірменнің қасында талдан тоқылып, екі беті майланған қара монша болатын. Бірақ ол көпке шыдаған жоқ. Ол кезде ауыл айнала қоныс тепкен Былқылдақ томарының жанында, іргесі тастан қалана бастаған моншаның құрлысы бітпей қалған еді. Ол оны құп алып, көп ұзатпай моншаның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бертінге дейін монша жұмыс істеп тұрды. Екінші мәселе-колхоз кезінде, ауыл адамдары жырық Андрей деп атап кеткен бір шебер бөренеден мектеп салған еді. Бұл – 1951 жыл болатын. Әкемнің немере ағасы Сағындық оны «Борбленкенің қарағайы, қандай түп-түзу» деп мақтап отыратын. Мектеп кәдімгі орыстың төртқанатты ағаш үйі етіліп салынды. Біз сонда оқыдық. Бірақ жылдар өте ол ескіріп, оқушылар симайтын болды. Кең ғимарат салуды ойластырдық. Бірақ оған облыстық жоспарлау бөлімі қаржы бөлмеді. Осы тұста қайла жасауға тура келді. Жаңа ашылған совхозда сырттан келген механизаторлар, жұмысшылар көп болды. Олар үшін жатақхана керек. Осы жоспарымыз іске асты, ауылға жатақхана есебінде мектеп салдық, оның жанына жылу қазандығы орнатылды. Сөйтіп, тоғызжылдық мектеп ашылды. Ақтомпақтағы Шаңбай ауылында 1924 жылы ашылған жетіжылдық мектепте кімдер мұғалім болып істегені беймәлім. Оны білетін адамдар қалмады. Ал 1926 жылы Қарақамыс ауылы салынғаннан кейін, осында көшірілген ағаш мектеп-интернатында, соғыстан жараланып оралған Омар Қанапин директор болса керек. Онда сол маңайдағы бірінен соң бірі құрыла бастаған Ақбалық, Жаңажол, Жалтырша, Нұрынбет, Октябрь, Сәбит, Карл Маркс және басқа

да ауылдардың балалары оқыған. Сол кезде Молдаш Сәдуақасов, Ағалтын Жүсіпова ұстаздық еткен. Осында оқыған ересек балалар біртіндеп соғысқа аттанып отырған екен. Ер адамдардың көбінің соғыста болуына байланысты ауылда балалар саны жылдан-жылға азая бастаған. Сөйтіп, алғашында жетіжылдық болып ашылып, артынан тоғызжылдыққа айналған мектеп-интернат жабылып, бастауыш мектеп қана қалған. Ұсақ колхоздарды біріктіріп, ірілендіру жүруіне байланысты орталық кеңсе «Жаңажол» ауылына көшірілген. Сондықтан Қарақамыстағы ағаш мектеп бұзылып, Жаңажолға апарып салынған. Қайта ашылған тоғызжылдық мектепке Сәбит аулының тумасы, Петропавл педагогика институтын бітіріп, бірнеше жыл ұстаздық етіп, тәжірибе жинақтаған Жеңіс Молдахметов директор болып келді. Одан кейін, осы қызметті Күләш Жетпісбаева, Әбу Ыбраев, Света Мұстафина, Балқия Әділова, Медет Дәрменовтер атқарды.

Соғыстан кейін және бертінде мектепте Жібек Тынымбаева, Кәтай Бірмұханбетов, Қожахмет (тегі есімде жоқ), Әнуарбек Әубәкіров, Қаби Тұяқов, Байтұяқ Төрежанов, Қадиша Байжиенова, Қиза Ыбраева, Ботагөз Ибраева, Әнуза Төрежанова, Мағайша Стабаева, Мінайдар Садықов, Қымбат Темірбаева, Айман (Тоқтарова) Әбенова, Қаншайым Мұстафина және басқа да бірқатар ұстаздар қызмет етті. Колхоз кезінде Қарақамыста кітапхана да болды. Онда әскерден жаңа оралған, осы ауылға құда болып келетін Жасұлан Бұғасов кітапханашы болды. Бір-екі жылдан кейін, ауылда кітап оқырмандары аз деген сылтаумен, кітапхана Жаңажолға көшірілді. Сол жылдары ауыл ортасындағы қарағайдан салынған жел диірмені бұзылып, тастары Ақбалыққа әкетілді. Онда тастар трактор моторымен жүретін диірменге пайдаланылды. Алып Кеңес Одағының шаңырағы ортасына түсіп, барлық өндірістер тоқтап, халықтың күнкөрісі мүшкілге айналған 1990-шы жылдары, ауыл жігіттері жастарды қайта ауылға әкеліп, диірмен салып, ұн үгіп, күн көрді. Ауылда клуб, медициналық қосын, монша тұрақты жұмыс істеді. Ауыл ортасына дүкен салынып, пайдалануға берілді. Совхоз орталығынан тартылған көтерме жол – ауыл адамдарының қысы-жазы қатынасына қызмет етуде. Бұл жолдың салынуына да совхоз директоры Ыбырай Жүнісбаев мұрындық болды. Арасы жеті-сегіз шақырымдай жолда көктемгі салпақта, жазғы жауында, қысқы боранда жүру қиынға соғатын. Әсіресе екі арадағы үлкен тұзды көлдің жағасында машиналар талай батып қалып, шығара алмай әлек болатынбыз. Ыбырай Өмірзақұлы совхоздан Анатолий Стаценко деген тракторшыны шығарды да осы екі араға көтерме жол салдырды. Артынан жоспарда жоқ жолды салдырғаны және Жер туралы заңды бұзғаны үшін оған аудандық партия комитеті сөгіс жариялады. Бұл – сол кезде қатаң жаза саналатын. Тың жерде шаңырақ көтерген «Озерный» совхозының жері есебінен «Қайранкөл», «Жаңажол» совхоздары құрылса, «Украин» совхозы мен Преснов аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі біраз егістік алқапты бөліп алды. Осы совхозда 33 мың гектар тың игерілсе, оның бөлімшесі болған Қарақамыста 3200 гектар егістік бар болатын. Онда ауыл диқандары астық және егіншіліктің басқа да өнімдерін өсірді. Сол жылдары бригадир Сұлтан Тасмағамбетов басқаратын трактор-егіс бригадасының коллективі енгіншілік мәдениетін арттыруда айтарлықтай табыстарға ие болды. Онда Қамбар Жүсіпов, Жәнай Кенелдіков, Сапи Жантеміров, Болат Тасқұлов, Жанқайыр Байжиенов, Қани Имақов, Қалел Мұстафин, Әбдірақым Кемікбаев сияқты және басқа да тәжірибелі диқандар еңбек етті. Олар ауылдың ғана емес, совхоздың мақтанышына айналды. Бөлімше егіншілікпен бірге қой шаруашылығымен де айналысуға мамандандырылды. Қой кешені Ақтомпақ деп аталатын қойнауға орналасты. Бұл қойнаудың өзіндік бір ерекшелігі бар. Дөңгелене біткен орман өзегіндегі көсілген жазық – бейне аралға ұқсайды. Жаз шөбіне тояттаған қойлар томар суымен сусындайды. Ал қыс болса, жағалай өскен ақ қайың мен терек аралас шілік малға сая. Қандай борандар болсын, бұл жер тымық. Сондықтан да жергілікті тұрғындара ежелден осы жерге малын баққан. Бұл қойнаудың отын оттап, суын ішкен мал әрқашан семіз болады. Мұнда

құрылған комсомол – жастардың шопандар бригадасы «Ақ қайың» деп аталған еді. Қалың орманның баурайына салынған үлкен ақ үй алыстан көз тартатын. Ішіне кіріңіз. Ұзыннан-ұзаққа созылған дәліздің оң жақ бетінде бірнеше бөлме. Әр бөлмеге төрт-бес кереуеттен қойылып, тап-тұйнақтай жиналған. Олар – шопандар дем алатын бөлмелер еді. Дәліздің сол жақ бетін түгелге дерлік қызыл мүйіс алып жататын. Ұзыннан-ұзақ қойылған столдың үстінде газет-журналдар жатады, шахмат, дойбы да құрулы тұрады. Қызыл мүйістің бір жақ бетіне телевизор, радиоқабылдағыш, рация қойылған. Осындағы «Кварц» телевизорын аудандық комсомол комитеті социалистік жарыс жеңімпазы ретінде берген, радиоқабылдағышты облыстық комсомол комитеті сыйға тартқан. Бүкілодақтық социалистік жарыста жүлдегер атанғаны үшін шопандар бригадасы ВЛКСМ Орталық Комитетінен «қызыл ту» алған болатын.

Алғаш артель ұйымдасқанда халықтан жиналған төрт жүзге жуық қой мен ешкі бар еді. Совхоз кезінде бұл ауылда жиырма екі мың қой бағылды. Жыл сайын мемлекетке тапсырылатын қой өзіне басқа. Кезінде қамыстан буылып салынған қоралардың орнына, бетон құрсаулы кешен бой көтерген. Ол кезде социалистік жарыс деген болды. Бір жылдары бригада шопандары әрбір жүз саулықтан – 105 қозы алып, әр қойдан 3,7 килограмнан жүн қырықты. Ал Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің мүшесі, Еңбек Қызыл Ту орденді аға шопан Шұғайып Омаровтың көрсеткіші әр жүз қойдан – 118, «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері», Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, аға шопан Тілеген Балуанов – 116, комсомол Орақ Шақанов – 100, Жамбыл аудандық Советінің депутаты Кәкім Мухин – 98 қозыдан алды. Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» орденді механизатор Бұлан Бірімжанов қой фермасына жемшөп, су тасыды.

Бұл фермада көптеген еңбекшілер әулеті жұмыс істеді. Бұрын байдың қойын баққан Сәрсенбі Ыбыраев колхоздың түлігіне ие болған еді. Шопан таяғы одан баласы Қамза, одан немересі Ерденге тиді. Сондай-ақ ағайынды Әйтішке мен Тәйтішке Байжиеновтар қой бақты. Совхоз тұсында олардың балалары мен немерелері шопан болды. Облыстық партия комитетінің мүшесі, аға шопан Нәби Тұралин Ленин ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, осы бөлімшенің зоотехнигі, Жасұлан Байжиенов, зайыбы Күламданмен, ерлі-зайыпты Мағау мен Мағрипа Тоқтаровтар, Қатыран мен Жібек Жабаловтар фермада бірге еңбек етті. Ал бөлімше электригі Қапар Халықов ауылды жарықпен қамтамасыз етумен бірге, қой фермасында судың жылытылып берілуіне, басқа да механизмдердің тоқтаусыз жұмыс істеуіне жауапты болды. Кеңес Одағы тұсында ер адамдардың – сауыншы, қыз-келіншектердің трактор руліне отыруы дәстүрге айналып, жетістік саналды. Бұл дәстүр сол кезде дүрілдеп тұрған коммунистік партияның ұранына айналды. Қарақамыста, Ақбалықта, Жаңажолда қыз-келіншектер бригадалары пайда болды. Қарақамыста Сәлимаш Мұқыжанованың жетекшілігімен Балдырған Жекешева, Қайникамал Байжиенова, Мәзкен Кенелдікова және басқада келіншектер трактормен түрліжұмыстаратқарды. Сәлимаш Мұқыжанова ерен еңбегінің арқасында Мәскеудегі Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Жетістігі (ВДНХ) көрмесіне барды, үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы орденімен марапатталды, оған заводта кабинасы кең «Белорусь» тракторы арнайы тапсырмамен жасалып, әкеліп берілді. Бұл қыз – келіншектердің оң істері, батыл бастамалары облысқа, республикаға кеңінен тарады. Ауылдың бетке ұстар механизаторларының бірі, темірден де, ағаштан да түйін түйе білетін Қани Имақов Қостанай облысының Чехов совхозына қарасты Анновка деген ауылынан Мәрзия деген қызға үйленеді.

Жеңгеміз өнерлі адам болып шықты. Ауылдың қыз-келіншектерін түксіз кілем тоқудың қыр-сырына үйрете бастады. 1960 жылдары сексеннен астам түтін түтеткен ауылдың әрбір үйінен кілем тоқу қондырғысын көруге болатын еді. Шеберлер кілемге әдемі ою-өрнек, түрлі гүлдер салумен бірге тоқушының аты-жөнін, кімге арналғанын, тоқылған жылын жазуға дейін меңгеріп алған болатын. Әжелеріміз бен

әжелеріміз алаша тоқуға, кілем басуға да шебер-ақ еді. Қайран, сол өнерлер қазір ұмыт болып қалды. Ол-ол ма, ауылда сиыр сауып, сүт пісіріп, ірімшік, құрт, басқада өнімдер жасайтын ешкім қалған жоқ. Барған сайын ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайы жақсара бастаған еді. Совхоз орталық қонысқа да, бөлімшелерге де тұрғын үйлерді көптеп салатын. Баспанасыз отбасы болмаушы еді. Тұрғындар үйлерінің қоршауларының ішіне ағаш отырғызып, жеміс-жидек өсіруге де машықтанды. Малдың көптігі сонша, қой мен ешкі жазда тіпті қораға қамалмайтын, көшеде жататын. Есікте құлып деген болмаушы еді-ау! Ауыл адамдары бір-біріне мейірімді, адал болатын! Сол күндер қайда екен, шіркін?! Осылай сүттей ұйып отырған ауылдың сиқы қашты бүгінде. Жастардың көбі Астана, Көкшетау, Қостанай, Қызылжар жаққа, тіпті Ресейге көшіп кетті. «Ит тойған жеріне, ер-туған жеріне» деген нақыл сөз мағынасын жойды, кіндік қаны тамған жер – қоныс болудан қалды... Сонау аштық, ұлыстарқілеу(кәмпеске) кезінде Қорған, Түмен ормандарына барып паналаған Қапсыт ұрпағы анда-санда келіп, ата-баба аруағына Құран бағыштап кетіп жүр. Бара-бара олардың ат басын тірейтін үйі де қалмайтын сыңайлы.

Ауыл адамдары бір-біріне қуанышта да, қайғыда да қол ұшын беріп жатушы еді-ау! Әлі есімде, сауаты онша болмаса да еті пысық, ұйымдастырушылық қабілеті мол, көкірегі ояу Жабал Ықыласов кезінде Орман селолық советінің төрағасы (қазіргі Орталық ауылы) болып қызмет істеп ауылға оралып, мал фермасының меңгерушісі болды. Мал қысы-жазы көлден суарылатын. Бірде әлі толық қата қоймаған көлдің мұзы жарылып кетіп, елу шақты торпақ суға кетіп, өлді. Ауыл тұрғындары бір-бір торпақтан беріп, Жабалды соттан, қаншама шығыннан аман алып қалды. Сондай-ақ ауыл дүкенінде көп жыл істеген Нәби Тұралиннің де мойынына қомақты қаржы мінді. Ауыл адамдары ақша жинап, жетпеген қаржының орынын толтырды. Сөйтіп, екі азамат та қылмысқа тартылған жоқ. Ауыл – алтын бесік деген осы-ау, сірә?!

Иә, бұл ауылдың өткен XX ғасырдың 80-ші жылдардағы бейнесі еді. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ басына түскен қиындыққа төзе біледі, жеңе де біледі емес пе? Алып Кеңес Одағының шаңырағы ортасына түсіп, еліміз ешбір қантөгіссіз егемендік алғанына қуанған халық небір қиындықтарды бастан кешірсе де, болашаққа үмітпен қарайды. Алғашқы жылдары ауылдың бірлі-екілі пысық азаматтары заман талабына сай шаруа қожалықтарын құрып еді, істері оңға баспады. Ауылды сақтап қалайық деген мақсатпен көп әрекет жасадық. 2011 жылы ауылдың құрылғанына 85 жыл толуын сылтау етіп, Қапсыттан тараған ұрпақты жинап, аруақтарға ас беріп, ат жарысын, балуан күресін, ақындар айтысын ұйымдастырып, «Былқылдақ» шатқалы басына Қапсыт атамызға белгі орнаттық. Ауылдағы бос қалған дүкенді жөндетіп, клуб жасалды. Мектептің айналасына қарағай егілді. Осы істі Аяш пен Балғат Жантеміровтер, Аян Сағындықов бастаған жергілікті жастар атқарды. Ауыл көшелері тазартылды, жарық орнатылды. Соған қарамастан тоғызжылдық мектеп жабылып қалды. Соның салдарынан қазір ауылда он шақты ғана отбасы түтін түтетіп отыр. Халық негізінен малмен күн көруде. Тың игерген жылдары ауыл шетіне дейін жыртылған жерге қазір шөп қаулап өседі. Әттең, соны шабатын адам табылса ғой! Ал мал өсірем деген адамға жайылымдық та, шабындық да жетерлік. Иірім-иірім орман, бойкөк құрағы жайқалып өскен көлдер малға да, жанға да әрі пана, әрі қорек! Ауылда табиғаттың осы байлығын пайдаланатын ешкім қалмай ма деп қорқамын. Шіркін, аман-ай?!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
ҚР мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисі,
наурыз 2019 ж.

ОРНЫНДА БАР – ОҢАЛАР

Болған талай қаламыз да, халық та,
Уақыт көмді бәрін бірдей табытқа.
Болған талай ауылымыз, тайпамыз,
Енді соның ізін тауып байқаңыз.

(Керейдің айқын таңбасы) Жүсіп Баласағұн ақын, ойшыл, ғалым, ... 1020 жыл. 1021-1075-1017

Көшебелі көп Керей
Көше алмайды Сибансыз

Самайдан. Жарқын. Мерген. Қазан. Меңгесер. Ақбалық рулары терілген.

Керей. Сибан. Балта. Көшебе. Ақсары. Құрсары. Еменалы. Ырсалы. Нұрымбет. Ақымбет. Самай.

Орысты еврей ұстап тұр,
Қазақты керей ұстап тұр.
Тас Қорғанды Қытай ұстап,
Бізді шынымен Құдай ұстап тұр.

Абылайхан.

(Руы Керей), Қазақтың Керейсіз күні жоқ.

Керейдің ұрпақтары

Техника дамыған мына заманда екі қолға бір күрек таба алмай қалған біраз жастардың жұмыс іздеп, әр жаққа тарыдай шашырап кетуіне байланысты кеше ғана «алтын бесік» деп саналған ауылдардың біразы қазір картада жоқ, енді бірнешеуі жабылудың аз-ақ алдында тұрғаны баршаға мәлім. Солардың кебінін киюге таяп қалған ауылдардың бірі – Жамбыл ауданындағы «Қарақамыс» ауылы. Бұрын жүзден астам отбасы бар осы ауылда, қазір он-ақ үй түтін түтетіп отыр. Оқушы балалардың аздығына байланысты тоғыз класы бар мектеп жабылды. Жаңа салына бастаған клубты біреулер бұзып әкетті. Моншаның қаңқиған қабырғасы ғана тұр. Босап, қаңырап қалған үй қаншама? Бір кезде өріске жайылатын бір мыңнан астам қоғамдық қара мал мен 22 мыңнан астам қойдың бүгіндері біреуі жоқ.

Енді, не істеу керек? Кеше ғана сүттей ұйып отырған ауыл тоз-тоз болып кетудің алдында. Оны қалай сақтап қаламыз? Ауылдың әр жақта күн көріп, отбастарын асырап жүрген азаматтары осыны ойлаған болуы керек. Ең алдымен ағалы-інілі Аян мен Алтай Сағындықовтар шағын мал фермасын ашты. Мемлекеттен несие алып, алпыс шақты қашар сатып алды. Олардың төлін өсіріп, жетілдіріп, бордақылап, етін Астанаға, Қызылжарға апарып өткізеді. Онда сиыр сауып, сүтін іске жарату мүмкін емес. Сауылған сүтті 230 шақырым жерден облыс орталығына қалай жеткізерсің? Жол жоқ. Қысқы борандарда ауылдан аттап та шыға алмайсың. Тағы бір ауыл азаматы Ерболат Жабалов жылқы өсірумен айналысады. Қазір оның табынында жүзден астам

жылқы бар. Қазақ-қыс соғымсыз отырған ба? Оның жылқыларын қыс түсе, сонау Астанадан, Қызылжардан, Қостанайдан және басқа да өңірлерден келіп, сойғызып алып кетеді. "Ерболаттың жылқылары әрі семіз, әрі еті тілді үйіреді" деген сөзді талай жерден естіп жүрмін. Олай болатын жөні де бар. Ауылдың төңірегінде ормандар мен көлдер көп-ақ, ал иісі жұпар аңқыған құнарлы шөпті жеген малдың еті де майлы, тәтті болмай ма?!

1926 жылы Ақтомпақ деген қыстауда ауыл шаруашылығы құрылғанда Қарақамыс селолық советі (ол солай аталғасын атын өзгертпей отырмын) құрылған екен. Ал 1928 жылы ұжымдастыру науқаны басталуына орай ата-атаға бөлінді. Орман-тоғайлардың бауырын мекендеген қандастарымыздың басы қосылған Жаңажол, Октябрь, Жалтырша, Ақбалық, Нұрымбет ауылдары осы Қарақамыс селолық советіне қараған болатын. Бір қызығы, сол кезде ауыл шетінен қазылған құдыққа әрбірінің диаметірі мен биіктігі бір метрден он екі тас салынған екен. Сол заманда осынша тасты қайдан, қалай әкелді, құдыққа қалай салды екен деп ойлайсың? Суы – тұщы, суық болушы еді. 1950 жылдары Қорған-Пески Целинная теміржолын салған әскерилер Қарақамыста жертөле баспаналарда тұрып, осы құдықтың суын пайдаланған. Біздің оңірді ғана емес, көршілес Көкшетау, Қостанай, Қорған облыстарының бірнеше ауылдарының елді-мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етіп тұраған. "Союзцелинвод" трестінің Преснов тораптық құбыры істен шыққаннан кейін, көптеген ауылдар сусыз қалды. Бұл мәселенің қазір үлкен проблемаға айналып отырғаны баршаға мәлім. Оны шешу мақсатында жүргізілген барлаудың нәтижесінде Қарақамыс ауылының іргесінен қоры мол, жерасты таза суы табылған. Одан тартылған құбыр арқылы қазір Қарақамыс, Озерный, Бауман, Жалтырша ауылдары сапалы ауызсумен қамтамасыз етіліп отыр. Бұл күндері ауылды құрылтайшысы Олег Авдеев, ал атқарушы директоры Асқарбек Нүрсейітов басқаратын "Алтын қойма. СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, яғни Бауман Элеваторы қамқорылығына алып отыр деуге болады. Солардың техникасымен ауылдың көшелері тазартылып, ескі үйлер сырылып тұрады. Жуырда ауылдың екі көшесіне қараңғы түсе жанатын жиырма шамды сатып алып, орнатуға көмектесті. Енді оған жұмсалатын электр қуатының ақысын, Озерный ауылдық округы өз мойынына алып отыр. Ауыл тұрғындары Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлікпен қаза тапқан боздақтарға арналып орнатылған ескерткіш-тақтаны, үйлердің қоршауларын бояп, маңайларын тазартты. Жоғарыда аталған серіктестік Озерный орта мектебінің ғимаратын жөндеудің жобалық-сметалық жоспарын жасауға 2 миллион теңге бөлді. Тағы бір айта айта қаларлық жәйт, сауапты іс – ауыл маңындағы зираттың аумағын кеңейтіп, осы заманғы материалдардан қоршау орнатылды. Бұл қоршауды Қарағандыдағы "RDQ GROUP" ЖШС жасап берді. Оны Қарақамыстың тумасы, қазір Астанда тұратын кәсіпкер Төлеш Нұртазин өз КамАЗ автокөлігімен ауылға жеткізіп, тепсе темір үзетін жігіттер екі күнде орнатып тастады. Зират маңында бұрын кірпіштен салынған қабіршілерге арналған үйдің терезелері, шатыры жаңартылды. Осы шаруа аяқталғаннан кейін бұрын дүкен болған, артынан ауыл азаматтарының күшімен жастар кешке ойын-сауық құруға, той-домалақ өткізуге, аруақтарға ас беруге лайықтап жөнделген ғимарат алдында шағын митинг өткізілді. Бұл жолы оның ішіне жұқа кілем төселді, ұзақ мерзім жанатын пеш батареялар орнатылып, ішіне қыста қатпайтын тосол суы құйылды, жаңадан ыдыс-аяқ сатып алынды. Міне, осы шаралардың бәріне демеушілердің жасаған көмегі мен ауылдастардан жиналған бес миллион теңгеден астам қаржы жұмсалды. "Айта айта Алтайды, Жамал апай қартайды" демекші, мен аудан орталығы Преснов пен Бауман стансасы арасындағы көтерме жолдың үстіне ең болмаса қиыршық тас төсеуді сұрап бірінен соң бірі ауысып жатқан бірнеше әкімге бардым, жоғары жаққа әлденеше рет хат жаздым. Обалы не керек, жылда ақша бөлінеді. Бірақ жұмыс сапасыз атқарылады. Сөйтіп, жол тез бұзылады. Қазір тіпті ол жолмен ешкім жүрмейді, жүре де алмайды. Митингіде биыл осы жолды жөндеуге тағы 450 миллион қаржы бөлінгені туралы айтылғанда жиналған

жұрт ду қол шапалақтады, екі жылға жоспарланған бұл жұмыстың сметалық құны 1,3 миллиард теңге. Бақырілген (Петровка) мен Түлкіойнақтың (Святодуховка) арасына асфальт, одан Бауман стансасына дейін қиыршық тас төселмек. Осы жоба іске асса, жол азабын көріп, ауылдардан көшіп кетушілер саны азаяр деп ойлаймыз. Атқарылған істі қорытындылау барысында кіндік қандары тамған ауылда түтін түтетіп отырған он үйдің иесіне алғыс хаттар табыс етілді. Ал осындай ауқымды істі атқаруға демеушілік жасаған және белсене қатысқан он адамға, оның ішінде мен де бармын, яғни Олег Авдеевке, Асқарбек Нүрсейітовке, Медет Дәрменовке, Төлеш Нұртазинге, Берік Сағындықовқа, Еслам Тасқұловқа, Бегайдар Мүсіреповке, Қабимолда Ыбраевқа және Амангелді Мұқыжановқа "Намыс" қоғамдық қоры атынан "Қолдаушы" медальдары табыс етілді. Шара аруақтарға бағышталып ас беріліп, дұға оқытумен аяқталды. Менің Қарақамыстық азаматтардың әр жерде тұрып жатса да ұйымшылдық көрсетіп, туған жерге, алтын ұяларына аяушылықпен қарап, оның болашағына алаңдап істеп жатқан игі істерін егжей-тегжейлі жазып отырғаным, басқа да жағдайлары шатқаяқтап тұрған ауылдарға үлгі болсын дегенім. Қазақта "орнында бар – оңалар" деген жақсы нақыл сөз бар. Заман осылай бола бермес, түзелер, қалған ауылдардың түтіні түзу шығар деп ойлаймын. Ендеше, қарап жатпайық, ағайын!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Суреттерді түсірген
Әсет ТЕМІРБАЕВ.





Зиратты қоршаған ауыл азаматты



Амандық Мырзахметұлы ауылдастарының алдында сөйлеп тұрған сәті.



Қарақамыс ауылы азаматтарының зиратты қоршағанда түскен суреті.









Қарақамыс ауылының тыныс-тіршіліктерінен көрініс



Қарақамыс ауылының қыз-келіншектері.

ҚАСҚЫР ІШІК

Таңертең ерте әкемнің: «Аллаһ-акпар, Аллаһ-акпар, қалқамыт-сәла, қалқамыт-сәла» деген қоңырқай дауысынан оянып кететінмін. Бұл кезде дала қап-қараңғы, ал фонарь-шамның сықсиған оты – үй ішіне аздап болса да жарық беріп тұратын. Колхозда солярка тегін болғандықтан, майшам түні бойы жанып тұратын. Оның жарығы ине-жіп сабақтауға жарамаса да, кешке жатар алдында әр жерге лақтыра салған киімдеріңді тауып алуға жарап-ақ қалатын. Оянуын оянасың-ау, бірақ тұрғың келмейді. Қалың көрпеден басыңды қылтитып шығарасаң болғаны, денең дір ете қалады. Үйдің ішін жайлаған суық бетіңді тоңазыта бастайды. Едені жоқ, шөппен алаша ғана төселген қыртыс үйдің іші пеш жағылғанша сұп-суық болады. Әкем намазын оқып біткенше ыңыранып жатқаныңмен, бәрібір тұрасың. Қорада мал азынап, сені қашан келеді деп тосып тұрады. Мектепке сабақ оқуға кеткенге дейін малдың астын тазалап, шөп сурып, алдарына салып, құдық басына айдап апарып, қауғамен су тартып суарып үлгеруің керек.

Жылы төсекте ұйығып, ұйықтап кеткен екенмін. Әкемнің:

– Амандық тез тұр! – деген даусынан оянып кеттім. Иттің әлденеге ызалана абаланып үрген ащы даусы естіледі.

– Тез киін, қораға тағы аң кіріп кеткен шығар, – деді әкем Мырзахмет.

Бұл – 1953 жылғы наурыз айының басы еді. Сол жылы қыс қатты болды. Қарды күрекпен кертіп, қора ішіне үйіп, далаға шығатын жол ашып алғаннан кейін сол қарды шанамен сыртқа қайта тасисың. Біздің ауылда Тәпел деген ақсақал біреуді ұнатпаса – «бейнетіңе бейнет қосылсын» деп қарғаушы еді. Бұл нағыз бейнетке бейнеттің қосылғаны емес пе?! Қыс осылай қатты болғандықтан, ауыл төңірегіндегі орман-тоғайларды мекендеген аңдар тамақ іздеп түнде қораға кіріп кетіп жүретін. Біздің қораға талай рет түлкі де кірді. Олардың кейбірін соғып алған әкемнің түлкі тымақ тіктіріп кигені де бар. Аңдар негізінен қораға ит кіріп-шығып жүретін тесігін пайдаланады. Бірақ ол кездегі қораларда басқа да тесіктер жетіп жатушы еді. Ол бір қиын заман еді ғой. Ағаш сатылмайды да, кестірілмейді де. Тек орман ішінде құлап жатқандарын жинап алуға болады. Оның өзіне ақша төлейсің.

Шала-пұла киіне салып, қораға бардық. Менің қолымда фонарь-шам, әкем пештің қасында жатқан балтаны, балтаны ала шықты. Үйден шыққан бізді өзіне сүйеу көрді ме, Құтжолдың даусы, тіпті, қаттылау шықты.

– Осы ит келгелі, үйге құт кіре бастады. Сондықтан Құтжол деп қойдым атын, – дейтін әкем.

Осы күні ойлап отырсам дене бітімі, мінез – құлқына қарағанда немістің овчаркасына жатады-ау деп жобалаймын. Фонарь-шамның жарығынан тас қараңғы қораның ішінде бір-біріне ырылдап айбат шегіп тұрған екі жыртқыш көрінді. Бірі –

абалап, бас салуға аз-ақ, бірақ бата алмай тұрған Құтжол да, екіншісі – түсі суық, аузын арандай ашып азу тістерін ақсита, қып-қызыл көздері шытынай қарап, ұмтылуға дайын тұрған көкжал. Осындай жағдайға тап болғанда қандай жүректі адамның өзінің бір селк етері сөзсіз. Бастың құйқасына дейін шымырлап кетеді екен. Ойланатын уақыт жоқ. Аңшылардың әңгімесінен – қарсы келген қасқырға қолданатын қару болмаса, ретін тауып аузына қолыңдағы таяқты сұғып жіберсең, соны тістеймін деп жағы қарысып қалады дегенді еститінбіз. Әкемнің есіне сол түсті ме екен, қолындағы балтаны тастай сала қабырғаға сүйеулі тұрған сыпырғының жуан сабын қасқырдың аузына сұғып кеп жіберді. Қасқырдың тістері қатты ағашқа сарт ете қалды.

– Тез, ана айырды ал да мойнына сұқ, – деп бұйырды әкем маған. Фонарь-шамды жерге қоя салып айырды алып, қасқырға ұмтылып едім, одан ештеме шықпады. Менің қолымдағы қаруды көріп, қасқыр басын бұрып қалғанда, сыпырғыштың сабы әкемнің қолынан шығып кетті. Бірақ қасқыр сапты аузынан алып тастай алмай, басын бұлқумен болды. Осы кезді пайдаланған әкем менің қолымдағы айырды жұлып алып, қасқырдың мойнына бірнеше рет сұғып алды. Мойнынан қан бұрқ ете қалды. Осылай әкем, мен, Құтжол үшеуміз қасқырды ұрып жықтық. Қораның ішін қан алып кетті. Қаншама уақыт абалап тұрған Құтжолдың да даусы қарлығып, үні шықпай қалды. Әкем екеуміз өлген қасқырды сүйретіп қораның бір бұрышына апарып, үстін сабанмен жаптық. Әкем сыпырғышты қасқырдың аузынан әрең дегенде суырып алды. Шынында да, жағы қарысып қалған екен. Сол күні мал жайлауға мұршамыз келмеді, қой-ешкіні босатып жібердік, бие мен сиырдың алдына шөп салдық. Қиы шығарылған (жоқ). Ентіккен бойымызда үйге кірсек, шешем Көкеш пен бес-алты ғана жастағы інім Амантай айқай-шудан оянып, үрейлері ұшып отыр екен. Біздің аман-есен үйге кіргенімізге қуанып кетті. Шала-пұла жуынып, шайымды ішіп, мектепке кеттім. Балалар мектепке уақтында жиналды. Сабақ басталатын кез болды. Бірақ мұғаліміміз Нұрқан Жуанышбаев жоқ. Бұрын ол бізден ерте келетін. Ұлы Отан соғысына қатысқан, аяғынан жараланған адам еді. Бір аяғына киетін пимасының конышы ұзын, ол баумен байланатын еді. Ұстазды біраз тостық. Бір мезгілде келді-ау... Сыныпқа есеңгіреп әрең енді, еңкілдеп жылай береді. У-шу боп жүрген оқушылар тына қалдық.

– Сталин жолдас қайтыс болды, бүгін сабақ болмайды, үйлеріңе қайта беріңдер, – деген сөзді әзер айтты. Тез киініп, мектептен атып шықтық. Бізге ол кезде кімнің өліп-тірілгені бәрібір еді. Тек сабақ болмаса – болғаны. Қуанышта шек жоқ. Ауыл көшелері қыс бойы бораннан қарға толған. Сырғанақ тебетін төмпелер көп. Менің ұстайтыным – ағаларым Сапи мен Амангелдіден қалған былғары сөмке. Былғарысы қалың, кедір-бұдыр болатын. Оны қолтырауынның терісінен тігілген десетін. Болса болар, екі ағамның тепкісіне шыдап, менің қолыма түсіп отыр ғой. Сол сөмкені шана қылып, біраз сырғанадым-ау, шіркін. Әбден шаршағасын ғана үйге келдім.

– Сабақтан неге ерте келдің? – десті үйдегілер үсті-басымдағы аппақ қарға қарап:

– Сталин қайтыс болыпты, сондықтан сабақ болған жоқ, – дедім.

– Ендеше тамақ ішіп ал, сосын манағы қасқырды соямыз. Айтпақшы, сен түндегі оқиғаны ешкімге айтқан жоқсың ба? – деді әкем.

– Жо-жоқ, айтқан жоқпын.

– Дұрыс, ешкімге айтушы болма, айып-пұл салуы мүмкін. Бізде ақша жоқ екенін білесің ғой.

– Иә!

Шынында да, ол кезде колхозшыларға ақша бермейтін. Орақ аяқталғаннан кейін, күзде әркімге еңбек күніне қарай, астық үлестіретін. Бидайды төр үйге жайып кептіруші едік. Сосын оны біздің ауылға Қорғаннан жиі келіп тұратын ұшқыштарға сататынбыз. Олар ауылдағы Смайылов Мұздыбай мен Мұздықбайдың аулаған балықтарын әкетіп отыратын. Шамасы, өзара келісім-шарттары болған ғой. Бидай сатып алған ұшқыштар берген үлкен-үлкен қағаз ақшаны көргенде, әке-шешеміздің көздері шараларынан шығып кетердей, қуаныштарында шек болмайтын. 1947 жылғы

ақшалар ірі болушы еді.

Сонымен әкем астына сабан төсеп, қасқырдың терісін сыпырды. Мен аяқтарын ұстап тұрдым. Терісін алып, етін шанаға салып, малдың қиын төгетін жерге апарып, көміп тастадық. Құтжол қорадағы қанға тойды. Тұз сеуіп, теріні орап тастадық. Жаңа сойылған қойдың терісін де осылай істейтін әкем. Тері бірнеше күн тұздалып жатқаннан кейін, оған ұннан жасалған ашытқы жағып тағы оралатын. Осылайша қанша жататынын білмеймін, кейін терінің майын сылуға кірісетін. Ол үшін ауыз үйдегі ашаға қаңылтыр легенді мықтап бекітетін. Содан кейін үстіне теріні жауып, орақтың өткір жүзімен қыра бастайтын. Бұл – ұзақ та қиын жұмыс. Сонысына қарамай, тері әбден ағарғанға дейін қырылатын. Қасқырдың терісі де осы әдіспен иленді. Бірақ оны ешкімге көрсетуге болмайды. Тері әбден кепкеннен кейін, шешемнің азын-аулақ маталарын сақтайтын сандықтан орын алды.

Біздің ауылда Темірбайдың Омары бұған өте шебер болатын. Иленген теріден шалбар, тон тігетін, теріні жидітіп, жүнінен арылтып, былғары жасап, етік те тігетін. Мен әкемнің тон, шалбар тіккенін көрген жоқпын. Етік тігетін өнері болды. Ол үшін, қайдан алатынын білмеймін «әмірқан ұлтан» деп аталатын қалың да мықты былғарыны пайдаланатын. Ол кезде бұл сөздің мағынасын білмеуші едім. Сөйтсем, Петропавлдың былғары зауытының өнімін Америкаға жібереді екен. Онда былғарының бірнеше қабаты біріктіріліп, қалың өнім жасалып, бізге қайта жіберіледі екен. Ол етіктің табанына, өкшесіне пайдаланылады. Бұл – Америкадан келетін өнім болғандықтан, қазақтар «әмірқан ұлтан» деп атайды екен.

Қасқырдың терісі, бәлкім, осы күнге дейін сандықтың түбінде жата берер ме еді, қайтер еді, мына бір жағдай болмаса... Аштық жылдары жаяулап-жалпылап сонау Челябіге барып, әкем телефон желісін тарту үшін жер қазуға, шешем тігін фабрикасына жұмысқа тұрып, екеуі тапқан азын-аулақ ақшаның басым бөлігін жалдаған пәтерге төлеп, кейде ашқұрсақ жүріпті. Бірнеше жыл солай күн көріп, ауылға оралады. Колхоздың ауыр жұмысын істеп әбден қажығандықтан болар, шешеміз сырқаттанып, жағдайы күннен-күнге ауырлай берді. Ол кезде аурухана аудан орталығы – Пресногорьковта ғана бар. Оған апаратын көлік жоқ. Осы қиындықтан ағам Амангелді Жаңажолдағы оқуын үзіп, үш жыл үй шаруасымен айналысты да, тек үлкен ағам Сапи үйленгесін ғана оқуын жалғастырды. Соның салдарынан өзінен үш-төрт жас кіші балалармен бірге оқуына тура келді. Ол орта мектепті бітіргесін шешемді өзім емдеуім керек деген оймен Алматының медицина институтына оқуға түсті. Өкінішке қарай, оның арманы жүзеге аспады, ол Алматыға жеткен күні шешеміз көз жұмды.

Мектепті қазақша бітірген Амангелдіге орысша оқу оңайға түскен жоқ. Оның үстіне дәрігер мамандығы ағылшын тіліне тікелей байланысты ғой. Мұның оқуды, тіпті, қиындата түскені айдан анық. Үйден жіберетін азын-аулақ ақша тамағы мен киіміне жете қоймағасын, түнде вагоннан жүк түсіріп те жүріпті. Осындай қиындық көрсе де ағам институтты жақсы бітіріп, жолдамамен Қостанай облысындағы сол кезде жаңа ғана салынып жатқан кеншілер қаласы – Рудныйға келіп жұмысқа орналасты. Талай жанды ажал аузынан арашалап қалды. Сөйтіп, қаланың ғана емес, сол төңіректегі елді мекен тұрғындарының алғысына бөленді, беделі өсе түсті. Сол беделінің арқасында қалалық аурухана жанынан бөлек отоларингология бөлімшесіне жеке ғимарат салғызып алды. Осы жерде айта кетейін, оған «ҚССРО денсаулық сақтау саласының үздігі», «Рудный қаласының құрметті азаматы» атақтары беріліп, ол дүние салғаннан кейін шаһардың бір көшесі оның есімімен аталды.

Сол Амангелді бірде ауылда бәріміз басымыз қосылып отырғанда:

– Баяғы қасқырдың терісі бар ма? – деп сұрады.

Сандық түбінде әлі сақтаулы екен. Оны естіген ағам өзіне келіп емделіп жүрген бір аңшыда қасқырдың үш терісі бар екенін айтты. Әрине, үш теріден қандай киім тігуге болады? Төрт тері болса, бір ішік шығып-ақ қалады. Егер үш теріні сатып алса, мен

ішіктің сыртын қаптайтын мата сатып әперетінімді айттым. Солай келістік. Ақыры, қасқырдың төрт терісі жиналды. Ішкті кімге тіктіреміз деп алаң болмадық. Өйткені, шешеміздің Ақбалықта тұратын апасы Бөкестің тігіп беретініне сенімдіміз. Ол – осы төңіріктегі аты әйгілі тігінші. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауыл-ауылдан іс тігуге қыз-келіншектерді жинаса керек. Сондай шақыруға іліккен Бөкес апам Қызылжар түбіндегі Затон фабрикасында әскери киім тігуге қатысқан екен. Ол ерлердің де, әйелдердің де киімдерін сәнді, денеге қонымды етіп тігетін. Аудан басшылары, тіпті, галифе тіктіруге бірнеше күнге алып та кететін. Сөйтіп, Бөкес апам төрт теріден әкеме қасқыр ішік тігіп берді. Осы қасқыр ішкті әкем бірнеше жыл киді. Жастайынан ауыр жұмыс істеп, бейнет көргендіктен болар, өмірінің соңғы жылдарында жиі сырқаттанатын болды. Шынын айту керек, сырқаттана бастаса-ақ ағам Амангелді Рудныйға алып кетіп, емдеп, ауылға қайта жеткізіп жүрді. Бірақ 1980 жылы ауруы асқынып, төсек тартып жатып қалды. Жағдайын білуге бардым. Қасында бірнеше күн болдым. Менің белден, асқазан сырқаттарынан талай ауруханада жатқанымды жақсы білетін әкем бірде:

– Сенің денсаулығың онша емес қой, жылы киініп жүргенің дұрыс болар. Мына қасқыр ішіктің енді маған керегі бола қоймас, осыны сен киетін бол, – деп боларда болмай маған кигізіп көрді. Көп ұзамай әкем дүние салды. Артынан ағам Сапи: – «Мына қасқыр ішікті алып кет, әкеміз саған аманат етіп тапсырды ғой», – деп маған берді. Мен оның тысын жаңалап, қайта тіктірдім. Бірақ ұзақ кие алмадым. Қолдан иленген тері ғой, қылшығы киіміме жұға беретін. Сол себепті әкемнің қасқыр ішігін қарашаңырақтың төріне іліп қой деп ауылға, үлкен ағам Сапидың үйіне апарып бердім.

Тағы бірде жол түсіп ауылға барсам, төрде ілулі тұратын қасқыр ішік жоқ. Аңтаң болдым. Ішіктің қайда кеткенін сұрадым. Сөйтсем, ағам Жалтырша ауылында тұратын, орманшы болып істейтін жездеміз Сәбитке беріпті. Өйткені оның жолдасы Кенжеш Жантемірқызы әкемнің туған қарындасы еді. – Ағамның көзі ғой, маған бер, төріме іліп қояйын, – деп сұрағасын бермеуге ұялдым, – деді Сапи ағам.

– Әкем маған берген еді, қарашаңырақтың төрінде ілулі тұрсын деп, мен саған әкеліп беріп едім, менімен ақылдаспай бекер істегенсің, аға, – дедім. Бірақ қасқыр ішікті қайырып алуға дәтім бармады. Сол ішік қазір Қызылжар шаһарының маңындағы Бескөл ауылында тұратын жиенім Қайрат Садықовтың үйінің төрінде ілулі тұр. Жиенімнің айтуына қарағанда, Қызылжар ауданында өткізілетін мерекелерде ұлттық киім ретінде киіз үйлердің төрінде ілініп қойылады екен. Әкемнің қасқыр ішігінің ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға жарап жүргеніне шүкіршілік етемін. Қасқыр ішіктің тарихы, міне,осылай болатын.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі

ВОЛЧЬЯ ШУБА И СТАЛИН

...казалось бы, какая между ними связь? Эту интересную историю, случившуюся в холодную зиму 1953 года, поведал почетный журналист, автор книг, деятель культуры РК Амандык Жантемиров. Прошло с тех пор без малого 70 лет, но подробности того события ярким пятном сохранились в памяти аксакала.

История связана с шубой из меха волка – «қасқыр ішік», которую после многих лет Амандык Мурзахметович решил передать в областной краеведческий музей в рамках акции «Дар музею».

...Зима 1953 года выдалась на редкость морозной и снежной, тяжело было не только людям, но и животным, как домашним, так и диким. От бескормицы волки и лисицы промышляли вблизи человеческого жилья, норовя стащить домашнюю живность.

В ауле Каракамыс, ныне Жамбылского района, в одну из ночей, ближе к утру, маленького Амандыка разбудил встревоженный отец. Он услышал надрывный собачий лай во дворе и позвал сына пойти посмотреть, что случилось. Мальчику было всего девять лет, но было интересно, да и отца нельзя было ослушаться, поэтому, быстро одевшись, Амандык, взяв керосиновую лампу, поспешил во двор. Обойдя дом вокруг, Мурзахмет с сыном увидели жуткую, но вместе с тем и завораживающую картину: друг напротив друга у сарая стояли собака Жантемировых и серый бродяга из леса, не решаясь напасть первыми, рычали и скалились, до поры не замечая подошедших людей. После секундной растерянности старший из мужчин схватил стоявшую у стены сарая метлу и с силой воткнул ее черенок в глотку хищника. «Бери вилы и коли!» – закричал он Амандыку. Тот схватил вилы, но сил у мальчика было недостаточно, чтобы проткнуть толстую волчью шкуру, в конце концов, отец перехватил вилы и заколол волка.

Наутро Амандык, как обычно, пошел в школу, но учителя почему-то очень долго не было, когда он пришел, был весь в слезах – как оказалось, именно в этот день умер Сталин. Занятия в школе отменили.

Для Амандыка Мурзахметовича это яркое детское воспоминание всегда было связано с хранящейся в сундуке шкурой убитого отцом волка, которую прятали глубоко под вещами, боясь наказания властей, ведь тогда охота на волков была запрещена.

Шкура в сундуке лежала более двадцати лет, пока в начале семидесятых старший брат Амандыка Мурзахметовича, хирург, проживавший тогда в городе Рудном, не купил у одного из своих пациентов три волчьи шкуры. Он передал их в семью, тогда-то и сшили шубу «қасқыр ішік», которая теперь займет свое место в музее. Ткань, покрывающая волчьи шкуры, за эти годы неоднократно менялась, шубу активно носили члены семьи, а вот мех внутри сохранился прекрасно и до сих пор может согреть любого в самый лютый мороз.

На смертном одре старый Мурзахмет завещал шубу сыну Амандыку, и он носил ее

несколько лет в городе, потом оставил в ауле, на какое-то время она перешла к мужу сестры, работавшему лесником, сослужила хорошую службу, согревая в морозы в лесу своего хозяина... Потом ее надевали на праздник Наурыз. Амандык Мурзахметович надеется, что шуба и дальше будет радовать людей и органично будет смотреться на фоне юрты на народных гуляньях.

Галия Балтабаева, научный сотрудник отдела этнографии, рассказала, что акция «Дар музею» продолжается с 2017 года, и за это время в музей было передано более ста экспонатов.

«Волчья шуба для музея является по-своему уникальным экспонатом и представляет большой интерес именно как «қасқыр ішік» (сшитая мехом вовнутрь), до этого от другого ветерана была передана музею также волчья шуба, но мехом наружу. Поражает, несмотря на столь солидный возраст, сохранность меха, мы уверены, что эта этнографическая вещь, датируемая 50-60 годами XX века, займет достойное место в фондах музея», – сказала Г. Балтабаева.

Газета «Северный Казахстан»
7 января 2021 год

МҰРАЖАЙҒА ТАРТУ

Қазақстанның құрметті журналисі Амандық Жантеміров жергілікті тарихи-өлкетану музейіне бірнеше құнды жәдігерлерді тарту етті.

Өңірімізге белгілі қаламгер мемлекет мұрағатына табыстаған құнды жәдігерлердің ішінде қасқыр ішік те бар. Ішіктің тарихы туралы «Soltústik Qazaqstan» газетінде жазылған болатын (15 қыркүйек 2020 жыл). Оны осы төңірекке он саусағынан өнер тамған тігінші ретінде әйгілі Бөкес Шаймерденқызы сәнді де қонымды етіп тіккен. Әлі күнге дейін тігісі де сөгілмеген күйі сақталған. Көненің көзіндей қарашаңырақтың төрінде ілулі тұрған бағалы киімді «құтты жеріне қондыруды» жөн көріпті.



Сонымен қатар Әбекең журналистік қызметінде 40 жылдан астам пайдаланған «ФЭД» фото-аппаратымен қоса биыл алғашқы саны шыққанына 100 жыл толған байырғы басылымның тарихынан жан-жақты сыр шертетін «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі» және туған ауылы жайлы мағлұматқа толы «Атақоныс -Ақтомпақ» кітаптарын да табыстады.

Қайрат САДЫҚОВ.

ЖҰДЫРЫҚ БАЛУАН

Жетпіс жыл бойы бодандықта тіліміздің, дініміздің, ділімізден айырылып қала жаздап, тағдырдың жазуымен еліміз егемендік алып, еңсеміз көтеріліп қалды емес пе?! Тәуелсіз мемлекет атандық, бостандықтың дәмін таттық. Соның арқасында біз кімнің ұрпағымыз, ата-бабаларымыз бізге осынша кең байтақ жерді қалай қалдырып кетті? деген сұрақтарға жауап іздей бастадық. Елін, жерін қорғау жолында қасық қаны қалғанша күрескен қазақ батырларын, хандары мен билерін халқына адал қызмет еткен асыл ұлдарының есімдерін анықтап жатырмыз. Мен әңгіме еткелі отырған кейіпкер – өз заманында батырлыққа пара-пар ерліктер істеген адам.



Орта мектепті бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына түсіп, мамандық алу жөніндегі арманым орындалмай қалды. Ашаршылықтың тауқыметін тартқан, Ұлы Отан соғысы жылдарында колхоздың "қара өгізіне" айналған әкем Жантемірдің Мырзахметінің денсаулығы сыр бере бастады. Шешем Көкеш Шәймерденқызы ерте дүние салды. Сөйтіп, біздің ауылмен көршілес Жалтыршадағы бастауыш мектепке мұғалім болып орналастым. Ол кезде мұғалімдерге тегін отын-көмір беріледі, электр жарығына ақша төлемейсің. Келесі жазда Озерный селолық кеңесінің төрағасы Шапай Ыстыбаев бірнеше мұғалімді мектептерге және өзімізге отын дайындау үшін Архангелька ауылының маңындағы бір орманға апарды. Арнайы адамдар ағашты "Дружба" арасымен кеседі, содан кейін оны трактормен сүйреп сыртқа шығарады. Біздің міндетіміз – бұтақтарды шауып, бір жерге үю. Күндіз тамақты орман алқабында от жағып пісіреміз.

Ал түнде қонуға Архангелькаға барамыз. Менен жастары үлкен, тісқаққан мұғалімдер – Салкен Пішанов пен Шоқай Мырзатаевтың онда туыстары бар екен, бір түн біреуіне, кейін екіншісіне барып, қонақ болып жүрдік. Сол үйлердің бірінің отағасы менен қай ауылдан екенімді сұрады. Мен Қарақамыстан келгенімді айттым. Сонда ол:

– Е, сен Қапсыттың ұрпағы екенсің ғой, бұл ауылдың тұрған жері сенің ата-бабаңның қыстауы, – деді. Мен аң-таңмын.

Қайдағы қыстау? Қария сөзін әрі жалғастырып:

– Осы маңайда Ұялы деген жер бар. Сол Қапсыттың бір баласы Құттының қыстауы. Жанындағы қорымда Жұдырық балуан жерленген, оны жұрт батыр деп атап кеткен, – деді.

Бізге уақытша бекітіліп берілген селолық кеңестің жүк машинасымен күндіз мектептерге, мұғалімдердің үйлеріне отын тасиды. Сол автокөлікпен келесі күні зират басына бардық. Қария аруақтарға арнап аят оқыды. Бұл жерде бізді ешкім көріп жатпағанын пайдаланып қол жайып, бет сипадық. Ол бір құдайсыздар заманы еді ғой. Егер бір дұғада, не батада қол жайғаныңды жоғары жақтағылар біліп қойса, қызметтен шығарып жіберетінді.

Менің білуімше, Керей ішіндегі Самайға жататын Қапсыт (анық шын аты – Аткелтір) ұрпақтары Қарақамыс пен Жалтырша ауылдарын мекендеген. Ал Архангелька тұсына олар қайдан келген? Жұдырық балуан кім? Осындай сұрақтар мені қатты мазалады. Әкемнен сұрадым. Ол Жұдырық балуанның өмірде болғаны рас екенін, мән-жайды, оның ұрпағын Мұстафаның Ысқағы білетінін айтты. Ол кезде Ысқақ отағасы көршілес орналасқан Ақбалық ауылында тұратын. Оны толықтығына қарап жұрт "Жуан Ысқақ" деп атайтын. Тақуа адам еді. Мен сонда жетіжылдық мектепте оқығанда нағашы атам Ахметтің Шәймердені ауыл молдасы болғандықтан ораза кезінде тарауық намазы сол үйде өтетін. Сонда "Жуан Ысқақ" тарауықтың сырғасын (тәсбиғын) айтатын. Дауысы құлаққа жағымды естілетін. Ауыз үйде отырғанымызда құдды бір концерт тыңдағандай күй кешетінбіз.

Алдымен Ашамайлы Керейлер бұл жаққа қайдан келгенін анықтап алайық. Ол былай екен. Керей мемлекетінің кезінде ірі де айбынды ел болғаны тарихтан белгілі. Алайда билік басындағылардың арасында туындаған алауыздықтың салдарынан Шыңғыс хан бұл мемлекеттің тоз-тозын шығарғанда Абақ Керейлер Моңғол, Қытай асса, Ашамайлы Керейлер Ертісті бойлап қазақ елінің солтүстігіне қарай ығысқанға ұқсайды. Қарияның айтуына қарағанда, сол кезде Самайдан тараған Қапсыттың баласы Құтты өз ұрпақтарымен қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Архангелька ауылының маңындағы Арызды орманын паналап қалады. Ал Қапсыттың Сарысының баласы Есіргемістен тараған Шақабай, Жақайынан тараған – Өтеген, Байтоғай, Жылқайдар алға қарай жылжып, айналасы 60 шақырымды құрайтын Үлкен Қарақамыс, ал Есіргемістің екінші баласы Балықбай, Қапсыттың басқа балалары – Анда, Телі, Қараша – Жалтырша көліне келіп тоқтап, сонда қыстау салады.

Құттының балалары күрекпен шым ойып, үй сала бастайды. Сөйтіп, орманның ық жағында бір ауыл пайда болады. Шабындық та, жайылым да жетерлік. Бұл ара малға да, жанға да жайлы болып шығады. Құттының бір баласы – Сегізбайдың Өмірзақ деген баласының әйелі аяғы ауыр болып, қойдың құйқасына жерік болыпты. Оны білген атасы қонаққа барған жерінен келініне ылғи құйқа әкеліп береді екен. "Келінім құйқаға жерісе, немерем ер бала болар, ендеше атын Құйқабай, болмаса Басыбай қоямын", – деп ойлап жүреді ақсақал.

Бір күні келіні толғатып, жігіттер үй ішіне мықты қыл арқан тартады. Ол кезде әйел босандыратын орын жоқ қой. Әйелдер арқанға асылып тұрып босанады. Егер толғақ қиын болса үй сыртына аша орнатып, оған ауыр темір байлайды. Толғақ қысқан кезде оны балтамен немесе темірмен кенеттен соғып қалса, әйел шошынып, тез босанады. Бұл жолы осы әдіс пайдаланылады. Шынында да өмірге ер бала келеді, бірақ шала туған болып шығады. Ондай шақалақты қатарға қосатын әдіс бар. Нәрестені атасының тұмағына салып іліп қояды. Сонда есікті ашып-жапқанда үйге енген суық оған еш әсер етпейді. Жоғары жақ қашанда жылы болып тұрады ғой.

Ақсақал бастапқы ойынан айнып, іштей баланың атын Шалағай қоюды ұйғарады. Бір күні келіні атасына немересін әкеліп көрсетеді. Атасы қолына алып, бетінен сүйеді. Нәрестенің жұдырықтай жұмған қолын ашпақ болады, бірақ аша алмайды. Жас бала жұдырығымен қысқанда жыланды да өлтіреді деген рас екен-ау, бұл өскенде қарулы болатын шығар, атын Жұдырық қойған жөн болар деген байламға келеді. Келесі күні қой сойғызып, көршілерін жинап, молдаға азан шақыртып, оған Жұдырық деп ат қойдыртады.

Айлар зырғып, жылдар жылжып жатады. Бала атына заты сай, жұдырықтай

болып өсіп келеді. Пысық, елгезек, алғыр. Асық көздегенде мергендігін көрсетеді. Ат құлағында ойнайтын дәрежеге жетеді. Әкесіне еріп аңға шығады. Бара-бара қанжығасына түлкі, қарсақ, қоян байлап қайтатын болады. Жұдырықтай болғанына қарамастан аударыспақта өзінен үлкендерді аттан аунатып кетеді. Теңге алуда да алдына жан салмайды.

Бірде аңға шыққанда көбік қардың үстімен шауып келе жатып, шұңқырға түсіп кетеді. Одан ат өз бетімен шыға алмайды. Сонда ол көбік қарды қолымен аршып, аттың астына кіріп кетіп, көтеріп сыртқа шығарады. Жанындағылар бұған таңғалып, ауылға аңыз қылып айтып келеді. Ауылда күресте теңдестерін былай қойғанда, өзінен жасы үлкендерді де жеңіп жүреді. Бірде Арғын, Қарауыл, Керей мен Уақ ұрпақтары бас қосқан үлкен жиын болады. Сонда күрес болып, Жарылқамыс деген сол төңіректің беделді адамы ортаға денесі еңгезердей, талай күресте жамбасы жерге тимеген бір балуанын шығарады. Одан қаймығып ешкім жекпе-жеке шықпайды. Біраз үнсіздіктен кейін Керейдің Базарбек деген ақсақалы:

– Бізде бір бала бар, бұрын мұндай жиында күреске қатысып көрмеп еді, соны шығарсақ қалай болады? – дейді.

Жиналған халық "Шықсын! Шықсын!" деп айқайлайды. Бұл кезде Жұдырық он алты жаста екен. Ортаға денесі жұдырықтай, толықша келген балаң жігіт шығып келе жатқанда кейбіреулер сенімсіздік білдіреді. Бірақ Жұдырық барған бетте шапшаң қимылдап, еңгезердей жігіттің белбеуінен шап беріп ұстап, аспанға көтеріп алып, жерге лақтырып кеп қалады. Үстіне бүркітше қадалып, жамбасын жерге тигізеді. Жұрт шу ете қалады.

– Тусаң, ту!

– Міне, жігіт деп осыны айт! – десіп айқайлап жатады халық.

– Жағың түспей жамандық көрме, жауырының жерге тимесін! – деп бата берген екен бір ақсақал сонда оған.

Осы оқиғадан кейін Жұдырықты ойын-тойларға, сол кезде Көкшетау, Қызылжар, Қостанай өңірлерінде өтетін жәрмеңкелерге шақыра бастайды. Сөйтіп, ол Қарағанды өңіріндегі Қарқаралы, Ақмола өңіріндегі Қоянды, Көкше өңіріндегі Тайыншакөл, Қызылжар өңіріндегі Болатнай, Қостанай өңіріндегі Бағлан би және басқа да жәрмеңкелерде талай күрестерге қатысады. Сондай-ақ 1759 жылы ашылған қасірет белдеуі бойындағы Петропавл, Лебяжье, Қабан, Красногорьков айырбас сауда базарлары да Жұдырықтың жиі баратын орындарына айналған. «Қасірет белдеуінде» қорғаныс қамалдарын салған казак-орыстар азық-түлікті, міністе жылқыны осы жерлерден алатын болған. Жергілікті қазақтар жылқы, өгіз, тайынша, қой, мал және аң терілерін әкеліп матаға, қазанға, тұз, сіріңке, сол сияқты басқа да тұрмысқа қажетті заттарға айырбастап отырған.

Әрине, жәрмеңкелерге, базарларға келушілерді, саудагерлерді көбірек тарту үшін онда ойын-сауық шаралары ұйымдастырылатын болған. Әсіресе ақындар айтысы, күрес, атжарыс, теңге алу, көкпар, асық ату сияқты ойындар, әнші-күйшілердің концерттері сауданың көрігін қыздыра түсетіні белгілі. Бірде Жұдырық сондай сауда орындарының бірі – Тайыншакөл жәрмеңкесіне бару үшін жанына екі жігітті ертіп жолға шығады. Баратын жер алыс. Келе жатып мал бағып отырған малшыларды көріп, жол сұрау үшін соларға қарай бұрылады. Сонда әлгі бақташылар:

– Қайда бара жатырсыңдар? – деп сұрайды.

– Тайыншакөл базарына.

– Ол жәрмеңкеде мал айырбастайды ғой, сендер сымпиып өздерің ғана бара жатырсыңдар, онда не бітірмексіңдер, – деп қағытады.

– Күреске бара жатырмыз.

Жолаушылардың екеуінің бойы сұңғақ, ал біреуінікі аласа екенін көрген бақташылар:– Екеуіңдікі жөн болсын, ал мына қолтоқпақтайларың да күреске шықпақ па? – дейді кекетіп.

– Иә, біз емес, күреске түсетін осы жігіт...

– Мәссаған, қане, ең алдымен бізбен күрессін онда, – дейді бақташылардың еңгезердей бірі.

– Күрессек, күресейік!

Сөйтіп, ойда жоқ жерде айдалада күрес басталады. Бірақ ол ұзаққа созылмайды. Жұдырық өзінің ежелгі әдісін қолданып, жігітті шап беріп ұстап, аспанға көтеріп, жерге қойып қалады. Бақташы "өлдім, өлдім" деп жан дауысы шығып, құлаған жерінен тұра алмай қалады. Сөйтсе, жамбасы сынып кеткен екен.

– "Әлін білмеген әлек" деген, сендер бұл жігіттің кім екенін білмей, ретсіз тиістіңдер. Бұл – Жұдырық балуан, – дейді оның жолдастары.

Мұстафаның Ысқағының айтуы бойынша, Жұдырық балуан Қарқаралы жәрмеңкесінде Балуан шолақпен кездескен екен. Егер жауырыны жерге тиіп көрмеген қазақ балуанының 1864 жылы туып, 1916 жылы өмірден озғанын, ал Жұдырықтың 1915 жылы қайтыс болғанын ескерсек, оған нануға әбден болады. Ал оның қай жылы туғанын тағы басып айта алмады қария. Ата-бабалары Ұлы жүздің Дулат тайпасынан болса да, олардың Арқаға ертеректе қоныс аударуына байланысты Көкшетау өңірінде дүниеге келген күш атасының:

Бұл күнде отыз бесте менің жасым,

Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын.

Кешегі сентябрьдің базарында,

Көтердім елу бір пұт кірдің тасын..., деген өлең жолдарын Жұдырық балуан аузынан тастамай айтып жүретін болған. Бірақ екі балуанның бір-бірімен жекпе-жекке шыққан-шықпағанын ешкім білмейді.

Жұдырық балуан жаз шықса, көбіне Бағлан би жәрмеңкесіне баруды ұнататын көрінеді. Біріншіден – оның орналасқан жері басқа жәрмеңкеден жақын, Тобыл өзенінің басындағы Керей тоғайының маңында. Бұл жерде қазір Звериноголовка ауылы бар. «Қасірет белдеуі» бойында бекініс салып жүрген казак-орыстар осы жерге келгенде белгісіз жануардың үлкен басының сүйегін тауып алады. Сөйтіп, бекініс Звериноголовское деп аталыпты. Қостанай өңіріндегі осы елді мекен қазір Қорған облысына қарайды. Екіншіден – Ашамайлы Керейден бірнеше атадан кейін Бағлан би, одан Фархат, одан Танаш би тарайды. Сонда Бағлан би Жұдырықтың арғы атасы болып шықпай ма? Бұл жәрмеңке, басқа осындай айырбас сауда орындары сияқты Кеңес одағы кезінде да жұмыс істеп, 1930 жылы жабылған екен.

Осы жерде айта кететін бір жайт, бұл жәрмеңкелер жергілікті қазақтармен бірге сонау Қытайдан, алыс-жақын шетелдерден, әсіресе Ресейдің көршілес өңірлерінен келген саудагерлерге де тиімді болған. Олар осы жақтан сатып алған жылқыларын сонау Поволжьеге, Башкирияға, Орынборға, Самараға дейін жіберіп отырған. Сатып алған қара малдарын Петропавлда 1886 жылдан жұмыс істеп тұрған ет комбинатына тапсырып, одан алған қалбырдағы етті, шұжықты, сүрленген етті, азық-түлікті және техникалық майды, медициналық дәрі-дәрмекті елдеріне жөнелтіп отырған. Ал 1839 жылдан жұмыс істеп тұрған былғары зауытында өңдеуден өткен терілерді сонау Америкаға дейін жіберіп, одан сапалы былғары өнімдерін алатын болған. Ысқақ ақсақалдың айтуынша, Жұдырық балуан жәрмеңкелерден жүлдеге алған аттарын, не торпақтарын астындағы арғымағының құйрығына байлап әкеледі екен. Ал ақшалай жүлдесіне сатып алған қант, шай, мәмпәси, мата, басқа да тұрмысқа қажетті ұсақ-түйек заттарын екі қапқа салып, ауыздарын қысқа қып арқанмен буып, атының үстіне, ердің артқы жағына бөктеріп алатын болған.

Ресейде 1861 жылы басыбайлықты (крепостное право) жойғанымен жер мәселесі өзекті болып қала берді. Осыған байланысты шаруалардың наразылық қозғалысы барған сайын үдей бастаған. Сондықтан оларды қазақ жеріне қоныс аудару қажет деп шешеді. Патша үкіметі осы арқылы екі жеп биге шығуды ойластырады. Біріншіден, қазақ еліне отаршылдық саясатын жүзеге асыру көзделеді. Оны заңдастыру үшін 1867-

1868 жылдары қабылданған әкімшілік реформа бойынша қазақ жері патша үкіметінің меншігі деп жарияланады. Сөйтіп, қазақтың Ресей империясымен шектес аймақтарына шаруалар ағылып келе бастаған. Солардың бір тобы Құттылардың қыстауына тақай үй салуға кіріскен. Өйткені патша үкіметі оларға қай жер ұнаса сонда орналасуға, ормандардан ағаш кесіп үй, қора-қопса салуға рұқсат берген. Осыны пайдаланған шаруалар бұл жерге біртіндеп жинала бастап, ақыры село салып, атын Архангельское деп атаған. Бұл, әрине, емін-еркін күн көріп отырған қазақтарға онша ұнай қоймаған. Олар алғашында қора төбесінде шиде кептіруге жайып қойған құрт-ірімшікті ұрлай бастаса, бара-бара қой-ешкіге, бұзау-торпаққа ауыз салуға кіріскен. Осы тұста Жұдырық балуан олармен айқасқа шығып талайын соққыға жыққан. Сөйтіп, ұрылар, бұзақылар айбынын жиған екен.

– Менің ұлы атам – Жұдырық балуанның көзі тірісінде Арханның бірде-бір тұрғыны сол төңіректегі қазақтарға бата алған жоқ, – деген еді Ысқақ ақсақал. Жұдырық балуан қайтыс болғаннан кейін Құтты жұрты Қапсыттың басқа ұрпағы иемденіп отырған Қарақамыс көлі маңынан орын сұрап, сонда көшіп кетеді. Артынан 1928 жылы Қарақамыс ауылы салынған шақта олар да сонда шымнан үй тұрғызып, колхозға кіреді. Сөйтіп, ауылда алғашқы жылдардың өзінде сексеннен астам үй түтін түтете бастайды. Ал жетпіс жыл дәуірлеп тұрып, бір сәтте шаңырағы ортасына түскен Кеңес одағы түсында Жұдырық балуан жерленген зираттың маңында орталығы Архангелька болған Киров атындағы совхоздың шошқа фермасы болды. Ата-бабаларымыздың аруағы аттқан болар, қазір ол ферма да жоқ, совхоз да жоқ. Бір өкініштісі, бұл күні Жұдырық балуанды, оның бәйбішесі Күмісейді білетін де, олардың басына барып Құран оқитын да адам қалған жоқ.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы.

ТАСТАНДЫ БАЛА

(Қазақстандағы ашаршылыққа 90 жыл)

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын»...

Қазақ халқының өзінің тарихында бірнеше қайғылы оқиғаны басынан кешіргені белгілі. Ата -бабаларымыздың білектің күшімен, найзаның ұшымен жерімізді корғап қалғанын айтпағанда, өткен ғасырдың 20-40 жылдарындағы ұжымдастыру, мал-мүлікті тәркілеу, «халық жауы» деп жала жауып, қуғын-сүргінге ұшырату науқаны барысында қаншама қандастарымыздың шейіт болып кетуіне, көпшілігінің шет елге қашып, тарыша шашылуына әкеліп соққаны өзіне басқа. Биыл, міне сонау 1932 жылы қазақ елінде болған ашаршылыққа тоқсан жыл.

Бұл зұлмат неден басталды? Тарихи деректерге жүгінер болсақ, 1924 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының он төртінші сьезінде елді индустрияландыру жөнінде шешім қабылданса керек. Бұл дегеніміз заводтар мен фабрикалар салу, ірі құрылыс ұйымдарын құру. Әрине, олар негізінен Ресейдің еуропалық бөлігінде ашылуға тиіс. Өйткені шеткі аймақтарда мамандар аз, материалдық-техниикалық база мүлдем жоқ деп саналған. Ал шикізатты Қазақстаннан, Оралдан, Сібірден тасып, жеткізетін болған.

Осындай ауқымды істі жүзеге асыру үшін қалаларға көптеген адамдарды шоғырландыру, оларды оқыту, жұмысқа тарту керек. Ал оларды жататын орынмен, азық-түлікпен қамтамасыз ету қажет емес пе? Осы арада басшылардың ойына Қазақтардың малды көп ұстайтыны түсе қалса керек, Қазақстанға азық-түлік. әсіресе сүт дайындаумен айналысатын адамдар жіберіле бастайды. Олар әр қазақ отбасындағы малдың, туған бұзаудың есебін алуға кіріседі. Қазақтар ол бұзаулары құнажын болғасын мемлекетке тапсыруға міндетті болады. Егер бұзау бір жасқа толғанша аман сақталмаса, иесі үкімет саясатына қарсы адам ретінде сотталады. Міне, осындай, солақай саясаттың салдарынан сол кездегі есепте болған 400 миллион ірі қараның 1930-33 жылдар аралығында 4 миллионы ғана қалады. Қазақтың ежелден малмен күнкөретінін ескерсек, арты қайғылы оқиғаға соғатыны айдан анық емес пе?! Солай болды да. Мен бұл арада тұтастай қазақ даласында орын алған жағдайға тоқталмай-ақ қояйын. Оны оқырмандар бұқаралық ақпарат құралдарынан жақсы біледі. Мен тек өзім естіп-білген, көзім көрген жергілікті жердегі оқиғаларды айтпақпын. Кеңес өкіметі орнағанға дейін Керей руы ішіндегі Самай тайпасына жататын Қапсыт атасынан тараған сексен үй қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Қарақамыс пен Жалтырша ауылдары маңындағы орман-көлдерді мекен етсе керек. Бірде Анасьтас (Анастасьевский), бірде Ақсақ болыстарына қараған бұл отбасылар бірігіп, 1928 жылы екі ауыл, яғни Қарақамыс пен Жалтырша ауылдарын құрған.

Сөйтіп құрылғын осы колхоздар орталығы Майбалық ауылында орналасқан Төңкеріс ауданына қараған.

Бұған дейін қыста орман баурайларында, кейбіреулері қойнауларында қыртыстан соғылған үйлерде паналап, жазда жайлауға көшіп, киіз үй құрып малдарын баққан ата-бабаларымыз Ресеймен шектескен аймақтағы елді-мекендер тұрғындарымен байланыс орнатса керек. Өйткені тек етпен, сүтпен жасалатын май-қаймақпен, құрт-ірімшікпен, басқа да өнімдерімен күн көруге бола ма? Ал ол селолар мен хуторларда тұратын хохолдар егін себеді, картоп, көкөніс өсіреді. Қазақтар өздеріне жақын орналасқан Макарьевка, Исаевка, Песчанка, Темное деп аталатын және басқа да мекендердің тұрғындарын хохолдар деп атайтын. Өйткені орталық Ресей мен Украинаны аштық жайлаған кезде, яғни патша үкіметінің 1843 жылғы жарлығымен осында көшірілгендердің негізі украин шаруалары болатын. Бір қызығы, сол кезде Россей империясының атқамінерлері ешкімнен сұраусыз-ақ қазақ жеріне иелік ете берген-ау!Бұл өңірдің қысы аязды, бораны дүлей болса да иірім-иірім ормандары мен айдын көлдері тұрмыс құруға әбден қолайлы. Әсіресе көлдерінде балық көп. Ал жылы жақтан жазғытұры ұшып келіп, ұя салып, балапандарын өсіріп, күзде қайта қайтатын құстар, орман-тоғайларды мекендейтін түрлі аңдар, келімсектерді тіпті қызықтыра түссе керек. Алғашқы келгендер елдерінде қалған жерлестеріне хабар жіберіп, қоныс аударушылар барған сайын көбейе түскен. Патша үкіметі оларға ағаштан үй, қора-қопсы салып алуға, егін егіп, көкөніс өсіретін жерлерге ие болуға рұқсат берген. Олар осы мүмкіндікті пайдалана білген. Қазақтар жаңа қоныстанғандардың, ал олар жергілікті тұрғындардың тілін білмесе де араларында сауда саттық орныққан. Тіпті бір-бірімен «тамыр» болып алған. Қазақтар торпақтарын, сүт өнімдерін оларға апарса, көрішілер картоп, бидай, көкөніс беретін болған. Әлі есімде, менің кішкентай кезімде, атам Қырықбабайдың Жантемірі Исаевкаға торпақ апарып, бір көрменке картоп әкелді. Көрменке дегенің бірішкеге (бричкаға) орнатылған қорап. Оған шамамен төрт-бес қап картоп сиятын шығар деймін.

Қазақта «сыныктан өзгенің бәрі жұғады» деген мақал бар. Шынында солай ма деп қаламын, Олай дейтінім, қоныс аударушылар үйлерінде самагон айдайды, огородтарында көкөніспен бірге темекі де өсіреді екен. Әрине, қазақтар мұсылман, яғни Ислам дінін ұстанатын болғандықтан арақ ішуін үйренбепті. Есесіне, насыбай атуын жаппайға жуық қабылдағанға ұқсайды. Өйткені ертеректе қазақтардың кәрі-жасы насыбай атушы еді. Ол үшін темекіні хохолдардан сатып алатын. Әрқайсысының қалтасында шақша болушы еді. Біздің үйде де бертінге дейін үгіш болды. Темекіні үсақтап турап, ағаштың күлін елеп, онымен араластырып, қалампыр қосып, аздап су құйып үгетін едім. Әкем шыны шақшасына салып алып, жұмысына кететін. Бір жаман жері, үйге келген қонақ тамақ ішер алдында ерніндегі насыбайын алып отырған жеріндегі төсеніштің шетін көтеріп, астындағы шөпке тастап, тіпті түкіріп те жіберетін. Мәссаған, міне тазалық керек болса...

Қоныс аударушылар мен жергілікті халықтың арасында орнаған «тамырлық» және сауда-саттық қатынастың арқасында екі жақтың да тұрмыс жағдайлары жақсара түскен.

Бірақ БК (б) п-ның 1927 жылғы XV съезінің жеке қожалықтарды 1932 жылдың көктеміне, яғни егін сепкенге дейін ұжымдық шаруашылықтарға (колхоздарға) айналдыру жөніндегі шешімі жағдайды түбегейлі өзгертіп жіберуге әсер еткен. Бытыраңқы отырып малмен күнкөріп келген халықты алдымен қожалықтарға біріктіріп, артынан колхоздар құру мақсатында бір жерге көшіріп, шымнан үйлер, қамыстан қысып қора-қопса салғызу оңай шаруа емес еді.

Әрине, ұжымдық шаруашылық (колхоз) құру үшін ортақ мал, жүк тасымалдау үшін арба-шана, ер-тұрман, басқа да құрал-саймандар керек. Оның үстіне, 1921-22 жылдардағы Ресейдегі азамат соғысынан болған ашаршылық пен 1931 жылы Поволжье мен Украинадағы қиын жағдай қосылады. «Жұт жеті ағайынды» дегендей,

дәл осы кезде қазақ жерінде де қыс қатты болып, малдың көбі қырылып қалады. Соған қарамастан үкімет халықтың қолындағы аман қалған мал-мүлікті тәркілеуге кіріседі. Осы кезде халықтың арасында билік басындағылардың әрекеттеріне қарсылық басталады.

Осындай қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақ атқару комитеті алдымен тәркілеуге қарсылық көрсеткендерді қылмыстық жауапқа тарту туралы қаулы қабылдайды, ал 1930 жылы ауыл шаруашылығын социалистік тұрғыда қайта құру, кулактар мен байларға қарсы ымырасыз күресті бастайды. Дәл осы тұста жергілікті атқамінерлер «асыра сілтеу болмасын, айыр тұяқ қалмасын» деп ұрандатып, байлармен қоса орта шаруалардың да мал-мүлкін тартып ала бастайды. Ақыры тақыр кедейлердің жалғыз биесін, не сиырын, арбасымен ер-тұрманымен қоса тәркілеуге кіріседі.

Бұрын қазақтар бірімен-бірі кездескенде «мал-жан аман ба?» – деп амандасатын. Сонда малды неге адамнан бұрын атайды деп таң қалушы едік. Оның мәнісін есейгенде ғана түсіндік. Бұл қазақтың малмен күн көруінен туындаған екен-ау! Мал: жесең -тамақ, ішсең -сусын, кисең – киім, мінсең – көлік емес пе?! Сол малдан айырылған қазақ енді қайтып күн көрмек? Осы тұста үлгергені, жолын тапқаны ауылдарын, түтін түтетіп отырған үйлерін тастай қашады. Біразы шет елдерге қашып, сонау Қытайға, "Иранға, Ауғанстанға, тіпті одан әріге тартады. Біразы осы ұзақ жолда опат болды. Тіпті жол-жөнекей көмусіз қалғандары да болса керек.

Менің жолдасым, казіргі Жамбыл ауданындағы Жалтырша ауылының тумасы, ардагер-ұстаз, қазір Қызылжарда тұратын Сайран Сұлтанұлының айтуы бойынша 1932 жылы оның ұлы атасы Жаманқұлдың Жақыбының жалғыз атын арбасымен және ер-тұрманымен колхозға алып қояды. Енді не істеу керек, – деп ойланып-толғанып, бір түні аты мен арбасын ұрлап алады да, әйелі және бір ұлы, бір қызын салып алып, қашып шығады. Колхоз басшылары мал-мүліктің ұрланғанын ертеңіне білсе де, ол кезде телефон да, автокөлік те болмағандықтан артынан қуып бара алмайды. Оның үстіне ол кезде ат жолы көп, олардың қай жаққа бет алғанын қайдан білсін?

Ауылдан түн жамылып қашып шыққандар қанша уақыт жүргенін кім білсін, әйтеуір Ресейдің Лебяжье станциясына жетеді. Сонда ат-арбаларын сатып, алдымен Қорғанға, одан әрі Кемерево қаласына бет алады. Кемероваға баратыны, онда жақын ағайындары Елеусізұлы Әбікен шахтада жұмыс істейді екен. Ол сонда ертеректе кетсе керек. Хат алысып тұрған. Шахтада жұмыс істегендерге еңбекақыға ақша беретінін, тұрмыстары жақсы екенін жазатын көрінеді. Кемерево ол кезде де, қазір де ірі көмір өндірісі орналасқан қала. Қаланың аты түркітілдес халықтардың кемер – деген сөзінен пайда болғанға ұқсайды. Кемер деген қала Түркияда да бар екен. Курорттық қала. Кемер – тік жар, құлама жар, жаға, жиек деген мағына береді. Қазақта бір ыдысқа сұйық құйғанда «кемерінен келтіре толтырыпты», деп айтпай ма?Шаршап-талып жетсе де, тепсе темір үзетін жастағы жігітке шахтаға жұмысқа тұру оңайға соқпайды. Медициналық комиссияда рентген өкпесінің қарайғанын көрсетеді. Енді не істеу керек? Өзінің орнына басқа бір жігітті рентгенен өткіздіріп, өкпесі таза деген анықтама алып, әйтеуір жұмысқа тұрады. Абұйыр болғанда, шахтада оған вагонвожатый деп аталатын жұмыс беріледі. Сөйтіп, көмір тиелген вагонды рельс арқылы итеріп, жоғарыға, яғни жер бетіне шығаратын көтерме құралына дейін жеткізіп отыратын болды. Сөйтіп, ақша тауып, отбасын асырайды. Ауыл жақта жағдай түзеле бастағасын, 1935 жылы туған жерге бет алады. Өкініштісі, Жалтыршаға әкесі екеуі ғана оралады. Шешесі мен қарындасы Рысты мен Нұқияға топырақ Кемерево жерінен бұйырады. Қайран, бауырлар-ай!

Кеңес Одағы тұсында, біздің бала кезімізде ауылдың атқамінер-пысықтары күз болса, Түмен облысынан мәстек әкеліп, ауылдастарына сатып жүретін. Семіртіп, қысқы соғымға соятын жылқыны қазақ мәстек деп атайтын. Тегі нашар, тұтынуға, мініске жарамайтын жылқыны солай атайды. Сөйтсек, ол жақта, нақтырақ айтсақ, Қорған

облысының Мокроусово, Тюмен облысының Заводоуков, Ялуторов аудандарында тұратын Самайдан тараған Қапсыт ұрпағы көп екен. Керей -Уақтан тарағандар да аз емес. Олардың да ата бабалары негізінен аштық жылдары сол төңіректегі ормандарды паналаған көрінеді. Қазір олар орыс селоларында бір-екі үйден ғана тұрады. Бірақ бір-бірімен қатынастары тығыз. Той-думанда да, жаназа-дұғада да алыс-жақында тұратындарына, қызметтеріне қарамастан бастары қосыла қалады.

– Сендер бұлай тарыша шашылмай, бір жерге жиналып, ауыл құрып, неге бірге тұрмайсыңдар? – деймін.

– Біз бірге тұра алмаймыз, өйткені малды көп ұстаймыз, біріншіден көзге түсеміз, екіншіден-жайылым жетпей қалуы мүмкін, – деседі олар.

– Біздің отбасымыз 1932 жылы Жалтыршадан бір түнде қашып шыққанда мен бес жастағы бала екенмін. Қорған мен Тюмен облыстарының шекарасындағы қалың орманға барып тоқтаппыз. Бұл колхоздың жайылым жері екен. Әкем Әбу мал бағуға тұрыпты. Тұрмысымыз жаман болған жоқ. Орыс арасында болсақ та тілімізді ұмытқан, дінімізді жоғалтқан жоқпыз, – дейтін марқұм Сағындық Итішев.

Еліміз егемендік алғасын біраз қандастарымыз көшіп те келіп еді. Солардың ішінде Дүйсенбі Тоқаев – Қызылжарға, Серікбай Әубәкіров қала маңындағы Элитное (қазіргі Бәйтерек) ауылына көшіп келіп, мені тауып алып, бір атаның баласы болғандықтан отбасымызбен араласып кетіп едік. Екі азаматқа топырақ ата-бабаларының өскен -өркендеген жерінен бұйырды. Ал көптеген қандастарымыз бұл жаққа көшкісі келмейді. Өйткені, бұрын келгендерін бұл жақтың онша жылы қабылдай қоймағанын біледі, екіншіден-ондағылардың тұрмысы біздегіден әлдеқайда жақсы.

Туған жердің алыстағы ағайынын онша сағынып отырмағанын Серікбай Қапаров деген азамат та айтқан еді маған. Оның ата-бабаларын кіндік қаны тамған жер қазіргі Жамбыл ауданындағы Ақбалық ауылы. Кезінде Молотов атындағы миллионер колхоздың орталығы, бертінде «Озерный» совхозының бөлімшесі болып, егін егіп, мал өсіріп, іргелі ауыл болып отырған бұл елді мекен, өкінішке орай, қазір картада жоқ. Серікбай Саянұлының айтуы бойынша, ұлы кәмпеске кезінде, оның ата-бабалары алдымен Қорған, сосын Тюмен облысына қашып, қалың ормандарды паналаса керек.

Ел есін жиып, колхоз шаруашылығы нығайып, алыс-жақын ағайын-туғандар бір-біріне қатынаса бастаған шақта Тюменнен әрі асып, қоныстаған Самайдың Жамбурасынан тараған ұрпақтары есіміз барда елімізді таниық деген бітімге келеді. Сөйтіп, Ақбалыққа бірнеше қарияларын ауылдың «тамырын басып қайтуға» жіберді. Оларды туған-туысқандары қуана қарсы алып, қойларын сойып, қонақ қылады. «От ала келіп, шелегіңді жасырма» дегендей олар шетжұрттық болып кеткен ағайындарының сәлемін жеткізіп, жоспарларын айтады. Әрине, мұндағылар негізінен қуанған кейіп танытады. Бірақ бір үйде қонақта отырғанда ауыз үйлегілердің бір-бірімен сыбырласып: «кеше ел басына күн туғанда бассауғалап қашып кеткен бай-құлақтар қайтып келіп бізді жарылқай қоймас» деген сөздерін құлақтары шалып қалады. Содан кейін тез хош айтысып, келген жақтарына қайтып кетеді. Онда «ол жақта бізді ешкім күтіп отырған жоқ екен» деп айтып барады. Сөйтіп, қандастарымыздың ойлаған ойлары жүзеге аспай қалады. Содан кейін елге көшеміз деп жылы орындарын суытпақшы болып, қамданып отырған қырық шақты отбасы Сладков ауданының Қазақстан мен іргелес жеріне келіп орналасады.

Кеңес Одағы кезінде көршілес орналасқан облыстар, аудандар, шаруашылықтар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылатын. Әсіресе Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аудандарындағы жарыстар халықтар арасындағы достықты нығайтуға оң әсер ететін. Қазақстанның Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) және Тюмен облысының Сладков аудандары арасындағы жарыс шеңберінде делегаттар алмасу барысының бірінде совхозда зоотехник болып қызмет атқарып жүрген қазақтың жігерлі, іскер жігітін «Молодежный» (соңынан Мағжан Жұмабаев атындағы) совхоздың директоры Оралбай Сағындықов көріп қалып, елге оралуға кеңес береді. Сөйтіп, Серікбай

Қапаров ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың кіндік қаны тамған Сартомарға көшіп келіп, бөлімше басқарушысы қызметіне тұрады.

– Ауыл халқы мені жақсы қабылдады. Біраз жылдар бойы Сарытомарды өркендетуге, тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға күш-жігер жұмсадым, аянған жоқпын, жерлес ақынның талай мерейтойын өткізуге белсене атсалыстым, – деп отыратын еді марқұм Серікбай Саянұлы.

Қазақтың «ағайын жоқ болса – асырай алмайды, бар болса – көре алмайды» деген нақыл сөзі тауып айтылған екен-ау... Әкем Жантемірдің Мырзахметінің айтуы бойынша, мал-мүлікті тәркілеу науқаны кезінде «шолақ белсенділердің» шәш ал десе, бас алатын әрекеттерін былай қойғанда, ауылдардағы ағайындардың өздері бірін-бірі көрсете бастаса керек. Соның салдарынан біраз отбасылары туған жерлерін тастап қашса, ауылдан асып кете алмағандары құғын-сүргінге ұшырапты. Жандайшаптар ауылдан қашқандардың бос қалған шым үйлерін, тіпті абақтыға айналдырып, мал-мүлкін өз еріктерімен беруге қарсы шыққандарды сонда қамап, ұрып-соғатын болған. Менің ұлы әкемнің інісі – Байтемір жалғыз сиырын бермеймін деп қарсы шыққаны үшін түрмеге қамалып, ақыры ауылға оралмаған. Қайда жерленгені де белгісіз.

Қазақ халқының ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов:

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қинамайды дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны, – деп бекер налымаған – ау?

Ауылдарда қалған халықтың жағдайы күн санап қиындай түскен. Аш адамдар қоралардағы иттерін сойып жей бастаған. Біздің Қарақамыс ауылында колхоз құрылғанда тұрғындардан жиналған малға арналып салынған қоралардың маңында астық және жем сақтайтын қойма болған. Онда егеуқұйрықтар көп болса керек. Адамдар сол егеуқұйрықтарды аулап, пісіріп жеуге мәжбүр болған. Ауылда күн сайын бірнеше адам өлетін. Аштықтан өлген адамның басы қазандай болып ісіп кетеді екен. Қорқынышты. Оларды көмуге мұршамыз келе бермейді. Кейбіреуі екі-үш күндеп жатып қалады, – деп күрсініп, көзіне жас ала еске алушы еді марқұм әкем.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, аштықтың салдарынан адамдар жаппай ауыра бастаған.

– Сондай аурудың бірі – қорасанан әрі аштықтан біздің үйден жиырма бес күнде бес бала қайтыс болған. – Осы қайғыдан біз жынданып кете жаздадық, – деп еске алатын анам – Көкеш Шәймерденқызы. Енді не істеу керек? Бұдан әрі ауылда қалу қауіпті. Не жұмыс, не ішерге тамақ жоқ. Отбасы ақылдаса келе жұмыс іздеп Ресей асуды ұйғарады.

Қарақамыста ол кезде он шақты түйе болса керек. Қариялардың айтуларына қарағанда ағылшындар қазақ жерінің астынан қазба байлықтарын іздегенге ұқсайды. Ол кезде ен далада ауа райының қандай жағдайында болмасын жүріп-тұруға түйеден артық көлік малы жоқ. Сондықтан олар түйелерді пайдаланған. Ал Кеңес өкіметі орнығып, қазақ елі оның құрамына енген кезде, ағылшындар елдеріне қашқанда, түйелері осында қалып қойған. Оларды колхоз ауыр жүк тасуға тиімді пайдаланған. Әсіресе, көршілес Қорған облысының Лебяжі стациясынан колхоздың бар-жоғы екі-үш трактарына жанар май таситын болған. Ол үшін ұста шеберлері үлкен арба, ал қыста жегуге шана, үстіне бірнеше бөшке орнататын болған.

Жұмыс іздеп, сырт жерге кетуге ыңғайланған бірнеше адам, тіпті тұтас отбасылары осы мүмкіндікті пайдаланып қалғысы келіп, керуеннің келесі баратын уақытын тосқан. Әрине, олардың бәрі арбаға сыймайтыны анық. Сондықтан көбі керуенге еріп жаяу жүріп отырған, шаршағандары ғана арбаға кезектесіп отырып, дем алатын болған. Жол алыс, Лебяжіге дейін біздің ауылдан кемінде жүз елу шақырым болатын шығар. Оның үстіне түйенің жүрісі де шабан. Соған байланысты

жолға шыққандар бірнеше күн жүріп баруы анық. Бұл жолы сапарға шыққандардың арасында менің әке-шешем Жантемірдің Мырзахметі мен Көкеш Шәймерденқызы, Бікейдің Сембайы әйелі Бөпетаймен, Жұрқанның Қабдені, Байтемірдің Қасені және басқалары бар. Біразының балалары да болса керек. Қарыны аш адам ұзақ жолға қайтіп шыдасын. Арасында діттеген жерлеріне жете алмай көз жұмғандары да болыпты. Оларды жол бойындағы ормандардың шеттеріне жерлеп, белгі жасап кетіп отырған. Абұйыр болғанда керуеншілер ұзақ жолға шыққанда арбаларына күрек, балта, орақ, айыр және орқаш тұз салып алады екен. Тоқтаған жерде орқаш, яғни кесек тұзды алдына тастаса түйе оны жалап тұра береді. Арып-талып Лебяжіге жеткен адамдар құлап-сүрініп теміржол вокзалына келеді. Олардың ойы енді Челябіге жету. Ұзынқұлақтан онда қаражұмысқа адамдар керек деп естиді. Бірақ ол күні поезд бола қоймайды. Келесі күні поезға мінер алдында Бікейдің Сембайы өздерімен бірге еріп келе жатқан екі баланың бірін осы жерде қалдырып кетуді ұйғарады. Оған әйелі Бөпетай қарсы болады. Қайтсін, туған баласын қай ана қаңғыртып жібергісі келеді. «Баланы қалдырмайық» деп күйеуіне жалынып, аяғына жабысып жылайды. – Тоқтат жылағаныңды, ол жақта бізді ешкім күтіп отырған жоқ, жатар орын таппасақ, жұмыс болмаса, бала түгілі өзіміз де аштан өлеміз. Ал баланы осында тастап кетсек, біреу тауып алып, жетімдер үйіне береді. Сонда ол аман қалады, – деп әйелін ұрып-соғып, күштеп поезға мінгізеді Сембай.

Сөйтіп, өксіп жылаған бала Лебяжіде қала береді, бұлаудай, үсті-басы көгала болған ана поезға отырып, кете барады. Қарақамыстан Челябіге жеткен адамдардың көбі жұмысы ауыр, ақысы аз болса да «екі қолға бір күрек» табады. Қазақтар Челябіні Селебе деп атайды. Өйткені қаланың аты башқұрт тіліндегі селебе сөзінен шықса керек. Ол ойпаң жер деген мағына береді. Осында ер адамдар қала ішінде ор қазуға тұрса, әйелдер тігін фабрикасына, асханаларға ыдыс, кір жууға және басқа да жұмыстарға жалданыпты.

Менің шешем тігін фабрикасында тігінші болса керек. Қолы шебер еді. Отбасымыздың барлық мүшелеріне, сондай-ақ ауылдастарға көйлек-дамбалды былай қойғанда, күпі, сырма шалбар, қолғап, басқа да киімдерді тігіп беруші еді. Күпі дегенің қазіргі пуховик тәрізді. Қазір ішпетіне құс қауырсыны пайдаланса, ол кезде түйе жүні салынатын. Әрі жеңіл, әрі жылы болушы еді. Ұзын болғандықтан тізең де тоңбайды. Ал әкем болса етік, мәсті жақсы тігетін. Ол үшін терісін өзі илеп алатын. Ертұрманға, қамшыға қайыс тілетін. Етікке шегені кепкен қайың ағаштынан жасап алатын. Жоқшылық бәрін үйреткен-ау, сірә! Етікке, қайдан алатынын білмеймін, әміркан пайдаланатын. Ол өзі қалың, суға берік болатын. Етік табанының олай аталатыны мынадан: Петропавлдағы байырғы былғары зауыты дайын өнімін Америкаға жіберіп отырады да, онда ол тағы өңделіп, бізге қайта жіберіледі екен. Сондықтан оны қазақтар... әміркан (американ) ұлтан деп атайтын көрінеді. Қазіргі тілмен айтқанда, қарақамыстық «гастарбайтерлер Селебеде екі-үш жыл жұмыс істеп, азын-аулақ ақша тауып елге оралады. Бірақ, бұл жақта да оларды жеңіл тұрмыс күтіп тұрмаған еді. Азып-тозған халық әлі оңала қоймаған. Ол кезде лобогрейкамен жиналған егіннің дәні басылмаған масақтары танапта көп қалады екен. Ауылдың «шолақ белсенділері» солардың өзін ешкімге жинатқызбайды. Сондықтан ауылдың біраз азаматы Тайыншаға, Бейнетқор (қазіргі Аққайың) ауданының «Қиялы» совхозына бір жағынан қора салуға, екінші жағынан масақ теріп әкелуге тағы да жаяулап жалпылап жөнелсе керек. Тайыншада мал қорасын салған жер Қараман деген байдың қыстауы екен. Сонда жұмыс істеген Темірбайдың Сағындығы ауылға келгенде әйелі Шәпен ер бала тауып, атын Қараман қояды.

– Біздің көрген бейнетімізді бастарыңа бермесін, – деп отырушы еді әкем. Жылдар жылжып өтіп жатты. Қарақамыспен көршілес Ақбалық, Жалтырша, Октябрь, Жаңажол, Нұрымбет ауылдары бірде жеке-жеке, енді бірде ірілендірілген колхоз болып құрылады. Ең соңында осы ауылдардың негізінде Молотов колхозы ашылады.

Алғашында артта қалған ұжымдық шаруашылық экономикасы нығайып, миллионер атанады. Ал елімізде тың жерлерді игеруге байланысты колхоздың жер-мүлкі 1957 жылы «Озерный» совхозына берілді. Сол төңіректе басқа да совхоздар құрылды.

Көрші елді-мекендердің тұрғындары той-думанда болсын, жаназа-дұғада болсын кездеспей тұрмайды. Біздің ауылдың ақсақалы, Қызылжардағы N2 Қазақ мектеп-интернатында мұғалім болып істеген, бүкіл облысқа танымал ұстаз Мәриям Мырзатаеваның әкесі, бұрын колхоз басқармасы болған Мырзатайдың Нығманы бір күні көршілес Украин совхозына тойға барады. Сонда Қали Тікеев деген азаматты кездестіреді. Аты да тегі де таныс. Кескіні де, дауысы да Сембайға ұқсайды. Біздің ауылда екі Сембай болды. Бірін Құтты Сембай, екіншісін тез сөйлейтіндіктен болуы керек Кідігай Сембай деп атайтын. Міне, қызық! Баяғыда, ашаршылық жылы сонау Лебяжіде қалдырып кеткен бала ғой бұл! Сенерін де сенбесін де білмейді. Құшақтап жылап жібереді. Ал анау жігіт аң-таң!

Ақсақал жігітті оңаша шақырып алып әңгімеге тартады. Ол балалар үйінде тәрбиеленгендігін, артынан бір орыс кемпірінің асырап алғанын айтады. Сол кезде екі-үш жастағы бала атын, тегін қайдан білсін. Тегінде, оның аты-жөнін қағазға жазып, қалтасына салып кеткен болса керек әкесі. Оның орыс еместігі кескінінен-ақ көрініп тұр ғой. Сондықтан ата-тегін ешкім өзгертпеген. Өзі қазақ екенін білген, бірақ әке-шешесі кім, мұнда қай жерден келгенін білмеген. Есейіп, Соня деген қызға үйленген. Елімізде тың игеру басталғанда өз еркімен Қазақстанға келген. Сөйтіп, Тимирязев ауданындағы «Восход» совхозына орныққан. Жүргізуші болып істейді екен. «Украин» совхозына тойға адамдарды әкелсе керек. Қария ауылға келгесін бірнеше ақсақалды ертіп барып Сембай мен Бөпетайға ашаршылық жылы Лебяжіде қалдырып кеткен баласының тірі екенін, оның қазір көршілес Тимирязев ауданында тұратынын айтады. Содан кейін олар «Восход» совхозына барады. Әке-шешесі жылап-сықтап, балаларынан кешірім сұрайды. Артынан Қали Соня деген әйелі екеуі ауылға келіп, туған ағасы Мұқашпен, інісі Қайырмен, басқа да туған-туыстарымен танысады. Олар кезек-мезек шақырып, қонақ қылады. Сөйтіп, тастанды бала отыз жылдан кейін әке-шешесімен қауышып, олармен қарым-қатынаста болады. Сембайұлы Қалидан екі ұл, бір қыз қалған екен. Оларды таба алмадым. Ресей жаққа кетіп қалса керек, сірә. Әйтпесе, Қалидың Лебяжі жақтағы өмірі туралы толығырақ жазуға болар еді. Бар естіп-білгенім осы болды.

Иә, Кеңес үкіметінің сол кездегі «солақай» саясаты қаншама адамның болашағына балта шапқан, қаншамасының тағдырына кері әсер еткен? Оны мен келтірген мысалдардан да айқын көруге болар. Ал біздің білмейтініміз қаншама? «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың басынан өткерген талай қиын-қыстау кезеңдердің ішінде, әсіресе 1932 жылғы ашаршылықтың, одан көрген қайғы-қасіреттің орыны ерекше. Ол ешқашан ұмтылмақ емес. Ұмытылмайды да!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ.
Қазақстанның құрметті журналисі.

ҚАЙРАН, КӨКШАЙ!

Өткен ғасырдың елуінші жылдары солтүстік өңірде қыс қатты болды. Аязды күндері түкірігің жерге түскенше қатып қалатын. Ал боранның азабы тіптен басқа. Шымнан салынған аласа үйлерді қар басып, пештің мұржасы ғана қылтиып тұратын. Сондықтан есік ішке қарай ашылатындай етіп жасалатын. Сыртқа ашылса, құрсауда қаласың, ал ішке қарай ашылса үйілген қарды күрекпен кертіп, алдымен ішке тасып, жол ашып алғаннан кейін оны қайта сыртқа шығарасың. Басқа амалы жоқ.

Ол кездегі қоралардың тесігі көп болушы еді. Өйткені орманшылар ағаш кестірмейтін. Халық орман ішінен құлаған, қураған бұталарды жинап, қора-қопсы салып, пешке жағатын. Қыстың қаттылығынан ба, мүмкін азық таба алмағандықтан болар, аш қасқырлар, түлкілер, басқа да аңдар түн қараңғысында ашық-шашық қораға еніп кететін. Осындай оқиға сол кезде Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарайтын Нұрымбет ауылында да орын алады. Осы жерде айта кететін бір жайт, бұл Ресейдің Қорған, Қазақстанның Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары қиылысатын тұста тұрған ауыл. Қазір жоқ. Бүкіл қазақ еліне аты мәлім, Батыс Сібірдің бас имамы болған, Қазақ елін отарлауға қарсы қарулы күрес ұйымдастырушылардың бірі, көріпкел, емші – Марал Ишан Құрманұлының кіндік қаны тамған жер. Нұрымбет және басқа да қазақ ауылдары бірде Қостанай, бірде Солтүстік Қазақстан облысына ауысып отырған. 1963 жылдан бері теріскей өңірге қарайды.

Негізгі оқиғаға қайта оралайын, боранды түндердің бірінде Рақымбай деген ақсақал сыртқа шықса, жылқылар осқырынып тұр екен. Қораға кірсе қасқырдан қорыққан жылқылар бір бұрышқа тығылыпты. Іштерінде біреуі ғана айбат шегіп, алдыңғы аяғымен жер тарпып, қасқырды жолатпай тұр екен. Бата алмай тұрған жыртқыш адамнан сескеніп, кірген тесігінен қайта шығып кетеді. Қорадағы жылқышы Дайыр Өтегеновтың Қостанай облысының Торғай өңірінен әкелген 12 жылқысы екен. Шал үйге кірісімен баласын оятып, болған жағдайды айтады. Енді не істеу керек? Қасқыр түнде қораға қайта түсуі мүмкін. Ендеше оның көзін құрту керек. Осы арадан ұзап кете қойған жоқ. Жылқышы тез киініп, мылтығы мен құрығын алып, өзінің күнде мініп жүрген атын ерттеп, қасқырды іздеуге шығады. "Қараңғы түн. Оппа қар. Ондайда қасқыр соғу оңай болып па? Жыртқышты ұстау қайда, мінген байталы оппа қарға құлап мерт болып, ақыры колхозға бір сиырын беріп әрең құтылды, байғұс", – деп еске алған осы жайды қазір Қостанайда тұратын тоқсаннан асқан ақсақал Байтақ Күшікұлы.

Сол қыс қасқырлар маза бермейді. Ақыры ауыл тұрғындары маңайдағы қасқырларды құртуға бел буады. Жігіттер бір-бір ат мініп, қару асынып, орман тоғайлардан жыртқыштарды іздеуге кіріседі. Ит қосады. Осындай жорықтарда көк

тай ерекше көзге түседі. Ол Торғай жақта мініске үйретілген болуы керек, аңға шығуға бірден жарап кетеді. Қардың қалыңдығына қарамастан көзге түскен жыртқышты ұзаққа жібермейді, қуып жетіп, алдыңғы аяқтарымен тарпып тастайды. Көк тайдың көмегімен жыртқыштардың қатары сирейді. Жануардың жүйріктігіне, қасқырдан қорықпайтын мінезіне риза болғандықтан және көкшіл түсіне байланысты оны ауыл адамдары Көкшай деп атап кетеді.

Бұл төңіректегі қазақ ауылдары бірде жеке колхоз болса, енді бірде ірілендіріліп, шаруашылыққа айналып отырған. 1950 жылы орталығы Ақбалық болып бекітіліп, Молотов атындағы колхоз құрылған. Оған Нұрымбет, Қарақамыс, Октябрь, Жалтырша ауылдары енеді. Колхозда бөлімше деген болмайды, сондықтан бұл елді мекендер бригада деп аталған. Нұрымбеттегі жылқылар ірілендірілген колхоз меншігіне алынған. Нұрымбеттіктер қасқыр соғуда ерекше көзге түскен Көкшайды жаратып, жыл сайын аудан бойынша өтіп тұратын сабантойдағы ат жарысына қатыстырмақ болады. Сәйгүлік Қарақамыстағы атбегі Темірбайдың Құлбайына баптауға беріледі. Ол кісі атты қысы-жазы қорада ұстады-ау деймін. Көкшайдың далада еркін жайылып жүргенін көрмедім. Тегі ақ сұлымен, орман алқабынан шауып әкелген көк шөппен асырады-ау деп ойлаймын. Арасында үйдің ауласына шығарып, ойнақшытқан да болар, өйткені күні-түні қорада тұрған аттан қандай сәйгүлік шығады. Келесі жылы жазда ауылдың үлкендері шу ете қалды.

– Естідіңдер ме, біздің Көкшай жарыста бірінші орын алыпты!

– Рас па?!

– Рас, рас, Қарақамыстың атын шығарыпты!

– Атшабары кім болған екен?

– Өй, өзіміздің Оспанның Қоқаны ғой.

– Астапыралла, анау жұдырықтай балаға Көкшай қалай ырық берді екен?

– Кішкентай деме, ол ағасы Шапайдың жанында жүріп, жылқының қыр-сырын үйренген бала! Олардың бұл сөздерінің жаны бар еді. Шапай Ыстыбаев жылқыға үйір болды. Ақбалықта орманшы, Қарақамыста бригада, кейіннен бөлімше басқарушысы болып істегенде жазда тарантасқа, қыста кашовкаға екі, тіпті кейде үш ат жегіп жүруші еді. Жетекке жегілген аттың доғасының ұшар басына ілінген шағын қоңыраудың сылдыры алыстан естіліп тұратын. Аттардың әбзелдері де күмістелген, көркем еді. Біздер, балалар түгілі, ересектер де қызыға қараушы едік осы әсемдікке. Ал Қоқан болса осы аттарды қаршадайынан баптап, суарып, қажет болса, ат айдаушы да болып кететін. Қысқасы, ол жастайынан ат жалын тартып мінді.

Ойын баласы емеспіз бе?! Кейбіріміз қайыңның жапырағы көп бұтағын, кейбіріміз талды ат қылып мініп шапқылап жүруші едік. Әрбіріміз осы "тұлпарларымызға" ат қоямыз. Сонда бәріміз Көкшай деген атқа таласатынбыз. Ақыры жаяу жүгіргенде кімнің соңында көбірек шаң қалса, соның "аты" – Көкшай атанатын. Көкшайды көру сәті маған, ұмытпасам, 1952 жылы түсті. Сол жылы маусым айында аудан орталығы – Пресногорьковтың маңындағы орманның маңында кезекті сабантой өтті. Оған ересектерге еріп үш бала бардық. Үшеуіміздің бір ағаштың түбінде қонғанымыз әлі көз алдымда. Ол кезде киіз үй атымен жоқ, ал мұндай тойлар екі-үш күнге созылатын.

Біздің бар мақсатымыз – ат жарысын, нақтырақ Көкшайды көру. Жарыс өтетін жерге ерте келдік. Жылқылардың жанында жиналған адам қарасы мол. Танитынымыз атбегі Темірбайдың Құлбайы мен шабандоз Оспанның Қоқаны. Олар көк атты айналшықтап жүр екен. Атқа қарап таңғаламыз. Басы ұзыншалау, денесі жұмыр, көздері үлкен, өткір, танаулары кең, құлақтары сүйір, жалын кескен, құйрығының қылын қырыққан сымбатты жылқы. "Мәссаған! Көкшай осы екен ғой! Қандай сұлу жануар!" – деп қуанып кеттік.

Қазылар бәйге басталатын жаққа барып, аттарды сапқа қойып, белгі береді. Жолшыбай бірнеше жерде атқа мінген жігіттер сәйгүліктердің жолдан шығып кетпеуін, жолда басқаларының қосылмауын, яғни тәртіпті бақылап жүретін. Бұл

жолы да солай болды. Алдымен қысқа, одан кейін орта қашықтықта жарыстар өтті. Міне, аламан бәйгенің кезегі де келіп жетті. Оған, әрине, Көкшай міндетті түрде қатысады.

– Аламан бәйге! Аламан бәйге! – деген дауыстар тұс-тұстан естіліп жатты. Мұндай жарысқа қатысатын ат әрі жүйрік, әрі төзімді болуы керек. Сондай-ақ шабандоздың шеберлігі де маңызды. Біраз күттік. Шыдамымыз таусылғасын аттардың келетін жағына бет алдық. Жолға шықпай, бір қапталынан алысырақ жерден тұрып қарауға болады екен. Міне, дүбір естілді, артынан аттар да көрінді. Басқаларында шаруамыз жоқ, Көкшайды іздейміз көзімізбен. Бір кезде ол да көрінді. Үшінші ме, әлде төртінші ме келе жатыр. Қоқан аттың жалына жабысып алыпты, қолындағы орамалымен өзінің де, тұлпардың да көзін сүртіп қояды. Енді қайтсын, күн ыстық, көзден жас парлайды. Оның үстіне шаң да түседі.

– Қоқан, жібер тізгінді! – деп айқайлап қояды жанымызда тұрған ересектердің бірі.

– Алдағы аттар мәреге жақындап қалды-ау, үлгерсе жарар еді, – деп қояды екіншісі.

Мәреге жақындағанша үшінші, не төртінші болып шабу ежелгі дәстүрі, айлатәсілі екен шабандоздың. Осы жолы соның куәсі болдық. Қас-қағым сәтте-ақ Көкшай алдындағыларды басып озды, мәреге бірінші жетті. Бірақ тоқтаған жоқ, өте шықты. Біраз жерге барғасын ғана шабысын бәсеңдетіп барып, аяңға көшті.

– Жарықтығым-ай, айналып кетейін-ай! – деп зыр жүгіріп жүр атбегі.

Осындай той Пресногорьков ауданында жылда маусым айының орта шенінде болып тұратын. Бұл өте қолайлы уақыт. Өйткені диқандар егін сеуіп болады. Ал малға жем-шөп дайындау айдың аяғына таман басталады. Осы мерзімде халықтың қолы босайды. Жауын-шашын да аз. Сондықтан той-думан дәл осы тұста өткізілетін. Сондай сабантойларда Көкшай алдына қара салғызбады. Ол талай рет облыстық, республикалық атжарысқа қатысып, жүлделі оралып жүрді. Соңғы үш жылда "Молотов" колхозында бес басшы ауысып, шаруашылық шатқаяқтап қалғанын көрген Ақбалықтың төл тумасы Қалиқан Мәмбетов аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін тастап, колхоз басқармасының төрағасы болып келді. Қыс қатты, малда жем-шөп жоқтың қасы. Бір амалын істемесе, түгел қырылғалы тұр. Колхозшылардың жалпы жиналысын ашып, ұсақ малды үйді-үйге қыста асырап шығаруға бөліп берді. Колхоздың бар жылқысы мен өгіздерін жегіп, қар астында қалған шөп, сабан фермаға тасылды. Орман-тоғайлардың маңындағы қарды аршып, ірі қараның біразын күндіз сонда жайды. Басқа да ұйымдастырушылық шаралар қолға алынып, қыстан аман-есен, шығынсыз шығады. Ал жазда техника күшінің жетіспеуіне байланысты көл жағалауларынан қолшалғымен шөп шаптырды. Ескі қоралар жөнделіп, жаңалары салынды. Осылайша колхоз біртіндеп алдыңғы қатарға қосылды. Облыстық ауыспалы Қызыл туға, бір мың сом ақшалай сыйлыққа ие болды. Бара-бара колхоз миллионер атанды.

1956 жылы мен Ақбалық жеті жылдық мектебіне бесінші класқа оқуға бардым. Қазан айының басында жаңа мектеп ашылды. Бұрын мұндай ғимаратты көрмеген едік, хан сарайына енгендей болдық. Үш класс, физика зертханасы, қолөнер шеберлігіне үйрететін бөлмелер бар екен. Ұзын дәлізде қыстыгүні денешынықтыру сабағы өтеді. Кірпіштен салынған үш пештің сырты қара қаңылтырмен қапталған. Ондай пештерді біздің жақта темір пеш деп атайды. Бұл ғимаратты Нұрымбет ауылының тумасы Байтақ Омекин салыпты. Көмекшісі қарақамыстық шебер Қани Имақов.

– Бұл мектептің салынуына Көкшай себепкер болды, – дейді Байтақ Күшікұлы ақсақал өткенді еске алып, – 1955 жылы республикалық аламан бәйгеде бұл тұлпар тағы бірінші орын алды. Жүлдеге берген ақшаға колхоздан қаржы қосып, мектеп салу ұйғарылды. Біз оқыған жылы мектеп директоры Әндігожа Байсақалов еді. Келесі жылы директор ауысып, орынына Мырзағали Төлешов келді. Ол мектепті және оның

маңындағы біраз аумақты қоршатты. Совхоздағы жүк автокөлігін алып, оқушыларды Жаңажол ауылының маңындағы Есеней бүркеуіне апарып, қайың, терек, әртүрлі талдар қазып әкеліп, мектеп маңына егіп едік. Сол ағаштар бара-бара шағын орманға айналды. Мектеп ашылған жылы қыста тың игеруге байланысты "Озерный" кеңшары құрылды. Колхоздың жерін мемлекеттік меншікке алу жөнінде Ақбалықта жиналыс өтті. Онда жұрт кеңшарға енуге қарсы болды. Бірақ жоғары жақтан келген өкіл "онда колхоздың егістік және шабындық жерін аламыз да, ауылдардың тұрған орынын ғана қалдырамыз" деп қорқытқып, амалсыздан көндіріпті. Жаңа шаруашылықты құруға білікті мамандармен бірге Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен бірнеше ұлттың өкілдері, арасында түрмеден босаған басбұзарлар, ұры-қарылар да келді. Кейбіреуі жергілікті тұрғындарға тиісіп, төбелес шығарған жағдайлар да болды. Тың игеруге әкелінген техниканы да, малды да аяған жоқ. Көкшай да сондай сотқарлардың бірінің қолына тисе керек. Естуімше, бірде Қарақамыс пен Озерныйдың арасында автокөлікпен жарысып, жол жиегіндегі шұңқырға аяғын тығып алып, ақсап қалыпты. Артынан оны Ақбалықтағы қаймақ айыру бөлімшесінен Озерныйдың маңындағы шошқа фермасына обрат тасуға пайдаланыпты. Мұнда да қатты шауып, әбден зорығып, ат арбаның жетегіне құлап, сол жерде мерт болады. Арбаны әкеткендер өлген атты сол жерге тастап кетеді. Екі елді мекеннің арасындағы шағын шоқтың ішінен өтетін сүрлеу жолдың жиегінде дөңкиіп жатқан Көкшайды көзім көрді. Жылап жібердім. Кеше ғана мәпелеп, ерекше күтімге алып, баққан, бүкіл халыққа қуаныш сыйлаған тұлпарым-ай!

Қазақ ырымшыл халық қой. Байлық та, дүние-мүлік те отбасының бір мүшесіне ғана бітеді, яғни пешенесіне жазылады, тіпті қорадағы малдың біріне, ауылдағы итке бітуі де мүмкін деуші еді қариялар. Осы сөздің растығына бірнеше мәрте көзім жеткендей де болды. Мысалы, менің Сәбит Садықов деген жездем көп жыл орманшы болып істеді. Орман шаруашылығы мінуге берген көк бие оның отбасына жиырма жылдан астам қызмет етті. Сол биенің арқасында Жалтыршада жаңа үй салып алды. Ағаш пен қамысты көк биемен тасыды. Бие қартайып барып өліп еді, сол жылы үйі де күйіп кетті. Жұрт: "Бұл көк биеге біткен үй ғой, өзімен бірге ала кетті", – десті. Көкшайдың жайы да солай болды. Ол зорығып өлген жылы Ақбалықтың мектебі де жанып кетті. Қызық құбылыс! Қазір мектеп түгіл ауыл да жоқ. Халқы жан-жаққа көшіп кетті.

Көкшайдың мерт болғанына жарты ғасырдан асса да, оның аламан бәйгедегі шабысы, өліп жатқан дөңкиген денесі, соның арқасында салынып, өзім оқыған мектеп әлі көз алдымнан кетпейді. Мал да болса, аяйды екенсің...Қайран, Көкшай!...

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

ҚАПСЫТТАР МЕКЕНІ

1921-26 жылдары Шаңбай ауылы, Әнастас (Анастасьевский), Аққусақ болыстары, Петропавл уезі Ақмола губерниясы (орталығы Петропавл қаласы).

1926-35 жылдары – Қарақамыс және Жалтырша ауылдары, Төңкеріс ауданына қараған (орталығы қазіргі СҚО, Жамбыл ауданындағы Майбалық ауылы).

1935-36 жылдары – Преснов ауданы, Қарағанды облысы (орталығы Петропавл қаласы).

1936-38 жылдары – Преснов ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы (орталығы Петропавл қаласы).

1938-1963 жылдары – Пресногорьков, Ленинский қазіргі Ұзынкөл аудандары, Қостанай облысы.

1963 жылдан Преснов ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы.

1970 жылдан Жамбыл ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы (1970 жылдан аудан орталығы Благовещенка, ал 1997 жылдан Преснов ауылдары).

Көшебелі көп Керей,
Көше алмайды Сибансыз.
Самайдан. Жарқын. Мерген. Қазан. Меңгесер. Ақбалық рулары терілген.
Керей. Сибан. Балта. Көшебе. Ақсары. Құрсары. Еменалы. Ырсалы.
Нұрымбет. Ақымбет. Самай.
Орысты еврей ұстап тұр,
Қазақты керей ұстап тұр.
Тас Қорғанды Қытай ұстап,
Бізді шынымен Құдай ұстап тұр.
Абылайхан.
(Руы Керей), Қазақтың Керейсіз күні жоқ.
Керейдің ұрпақтары

АЛТЫН ҰЯМ – МЕКТЕБІМ

КПСС орталық Комитеті 1953 жылғы 7 қыкүйекте "СССР ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетудің шаралары туралы" қаулы қабылдады. Соған орай Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарасты Қарақамыс, Октябрь, Жаңажол, Сәбит, Жалтырша, Нұрымбет ауылдарының негізінде 1954 жылдың 21 қыркүйегінде "Озерный" совхозы құрылды. Шаруашылық орталығы тың жерге, яғни Аралағаш орманының қойнауына салынды. Бірақ Молотов және Сәбит Мұқанов атындағы колхоздардың жері совхозға 1957 жылы Жаңажол аулына берілді. Бертін келе совхоздың біраз жері жаңа ашылған Троебрат мал бордақылау, Қайранкөл, Жаңажол, Сәбит Мұқанов совхоздарына бөлініп берілді.

Жаңа совхозға еліміздің түкпір-түкпірінен және осы маңайдағы қазақ ауылдары мен орыс селоларынан тың игеруге жастар көшіп келе бастады. Тұрғын үй құрылысы басталды. Осыған байланысты Озерныйда 1957 жылы бастауыш мектеп ашылды. Оған директор болып Ұлы Отан соғысына қатысушы, ұшқыш Григорий Васильевич Баландин тағайындалды. Ал 1958 оқу жылынан бастап бұл білім ордасы орыс-қазақ орта мектебіне айналды. Сондықтан Жаңажол орта мектебін жеті жылдыққа айналдырып, жоғары класс оқушылары Озерныйда интернатта тұрып оқитын болды.

Сөйтіп, Озерный орта мектебінде орысша білім беретін он класс, қазақша білім беретін үш класс (8, 9, 10) болды. Ауылдардан келген қазақ балалары негізінен интернатта тұрып оқыдық. Мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі болып, Меңдіқарада педагогика техникумының (артынан оны Рудный қаласына көшірді) бұрынғы оқытушысы соңғы кезде Жаңажол орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болған Мәжит Сейдалин келді. Ол сонымен бірге география пәнінен сабақ берді. Жуас, ешкімге зияны жоқ, оқушыларға дауыс көтеріп сөйлемейтін, биязы адам еді. Мұғалімдердің арасында жасы үлкені де сол болатын. Біз оқу бітіріп кеткеннен кейін (1962 жылдан) қыста Ақбалыққа қонаққа барып, шәнада (кашовкада) отырған оған аттың табанынан ұшқан қатты қар тиіп, бір көзінен айырылып қалыпты. Содан кейін Жетіқараға қайта көшіп кетсе керек.

Баязит Аймолдин – математикадан сабақ берді. Жаңажол ауылының азаматы. Денесі ауыр адам еді. Есепті тақтаға бормен жақын алып барған орындығында отырып жазатын. Егер біз кейде есеп шығара алмасақ-әдейілеп самолет шығарып, Кеңес Одағы бойынша іздесе, осындай бес дүлейді бір жерге жинай алмас еді-ау! – деп ұрсатын. Олай дейтіні, оныншы класта бес-ақ бала оқыдық. Ал артынан қазіргі Жамбыл ауданындағы Северный орта мектебінде директор болып көп жыл қызмет етті.

Маркен Сандыбаев – физика, астрономия пәндерінен сабақ берді. Жаңажол ауылының азаматы, Алматыда Казпиде оқып жүргенде сырқаттанып, бір өкпесін

алып тастаған деп естуші едік. Содан да болар байыппен, маймаңдап қана жүретін. Сөзі майда еді. Оның арқасында мектепке Радиостанция сатып алынған. Оны құрастырып, физика кабинетіне орнаттық, мектептің барлық кластарына, интернаттың барлық бөлмелеріне дауыс зорайтқыш (громкоговоритель) орнаттық. Солар арқылы мектепішілік жаңалықтарды эфирден дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларды естіп отыратынбыз. Сондай-ақ мектепке фотоаппарат, пленкаларды өңдейтін, қағазға сурет басатын қондырғылар алып, фотоүйірме ашқанбыз. Соның арқасында біразымыз фотосурет түсіруге машықтанып алдық. Менің редакцияда қызмет істеген кезімде оның көп пайдасы тиді. Сонымен бірге оныншы кластың оқушылары, біздер совхоз орталығы – Озерный ауылының ішінде электр желісін тартуға да көмектестік.

Қазақ балалары орыс қыздарымен билеп тіл үйренсін деп жиі-жиі би кешін ұйымдастыратын. Жамбыл орта мектебінде директор, Киров совхозында парторг, Мамлют аудандық партия комитетінде хатшы, облыстық партия комитетінде директор, ақыл-естері кем балалар мектеп-интернатында директор болып істеді.

Зайцева Клара Кузьминична – орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Өте қарапайым, жуас, оқушыларға жақын тұратын адам болатын. Біз қазақ класында оқығандықтан орыс тілінде шығарма жаздырмайтын, диктант жазушы едік. Дүниежүзілік және орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерімен бірге қазақ жазушыларының да шығармаларын сүйсіне оқып, түсіндіретін бізге. Әсіресе, партизан – жазушы Қасым Қайсеновтің сол жылдары жарық көрген «Из когтей смерти» деген кітабын тауып әкеліп, бізге оқып, түсіндіруші еді.

Сайран Исахметов – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Жаңажол ауылының тумасы. Алматыдағы С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, бітіргеннен кейін бірден диплом бұйырмай, келесі жылы барып емтихан тапсырып, алған еді. Басқа мұғалімдер сияқты ертеңгі сабаққа үйде дайындалмайтын болар, сірә, біз өткен күндегі тақырып бойынша оқып келгенімізді айтып жатқанда, ол кітаптан жаңа тақырыпты оқып отырушы еді. Артынан Ақбалық сегізжылдық мектебінде, Тимирязев ауданының бір совхозында милицияның учаскелік инспекторы болып істеді, Мамлют қаласына көшіп кетіп, сонда қайтыс болды.

Ерік Рүстемов – химия пәнінен сабақ берді. Жаңажол ауылының тумасы. Сабақ беру тәсілі өзгеше болатын. Үйге берген тапсырманы кім айтады дейді де бәрімізге қарайды. Сосын кімге көзі түсіп кетсе "ие, сен айт" деп тақтаға шығарады. Ондайда біз оған тура қарамауға тырысушы едік. Егер тақырып бойынша тапсырманы дұрыс бастай жөнелсек, – міне, дайындалып келгенің көрініп тұр, отыр «бес» дейтін. Ол Қостанай облысының Ұзынкөл ауданына қарасты бір мектепте директор, артынан совхозда парторг болып істеді.

Анатолий Дмитриевич Скворцов – дене шынықтыру және әскери дайындық пәндерінен (военрук) сабақ берді. Бізді сапқа тұрғызып, кәдімгі жауынгерлерше оқытатын. Ауыл сыртындағы жасанды көлге (котлованға) апарып, винтовка атқызатын. Мылтықты ең жақсы атқандарымызға ПВО ДОСААФ-тың (Армия мен авиацияға көмектесу жөніндегі еріктілердің әуе шабуылынан қорғаныс қоғамы) нұсқаушысы куәліктерін Пресногорьков ауданынан әкеліп беріп еді.

Валентина Скворцова – интернатта тәрбиеші болды. Анатолий Дмитриевичтің әйелі. Таңертең ерте келіп, бәрімізді оятатын. Тұрмасақ, үстіміздегі көрпемізді алып тастайтын. Жаны жайсаң, жақсы адам еді.

Эмиль Сейдалин – бізден бір класс бұрын бітірген ол оқуын одан әрі жалғастырмады, интернатқа тәрбиеші болып орналасты. Біз оқу бітіргенше онымен тәрбиеші емес, жақын досымыз сияқты араластық.

Григорий Васильевич Баландин – мектеп директоры, машинатану (машиноведение) пәнінен сабақ берді. Мектепте ескі ГАЗ-51 жүк көлігі болатын. Соның маторын бұзып, жинап үйретеді. Оқушылар ауыл сыртына шығып кезек-мезек

рульге отырып, жүргіземіз. Бірақ жүргізушілік куәлігін алу жағын ешкім ойламаппыз. Есесіне совхоздың бас инженері бізге трактордан сабақ беріп, механизаторлық куәлік алып шықтық. Осы жерде айта кетейін, мен 1964 жылы Ақбалық сегізжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып істегенде бөлімшеде механизаторлар курсы ашылды. Онда тәжірибелі механик-бригадир Меңдеш Түйебаев сабақ берді. Курсанттарға совхоз айына жиырма сомнан шәкіртақы бөледі. Сабақ аптасына екі рет, кешкілік өтіп тұрды. Мен сонда оқып, екінші рет механизаторлық куәлік алған едім.

Ұстазымыз Баязат Аймолдин айтқандай 1962 жылы Озерный орта мектебін бітірген бес азамат "бес дүлей" болмадық, мысалы Жауылбай Ыбыраев (мектепте оқып жүргенде Халықов болатын) Целиноград ауыл шаруашылығы институтында мамандық алды, Петропавлдағы №60 мехколоннада қызмет істеп, сол жерден зейнеткерлікке шықты. Бұл мекеме Кеңес Одағының түкпір-түкпіріне жоғары кернеулі электр желілерін тартумен айналысты. Инженер-электрик Жауылбай Сәрсенбіұлы қырық жылға жуық үнемі іссапарда болып учаске басқарды. Сайран Жақыпов – еңбек жолын бастауыш мектеп мұғалімдігінен бастап, Көкшетау педагогика институтын бітіріп, математика пәнінің мұғалімі, Жамбыл ауданындағы Киров, Қайранкөл, Архангелка мектептерінде директор, Көкшетау кәсіптік білім беру басқармасында, одан кейін Ақмола облыстық білім басқармасында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Еркін Құдабаев (ол мектепте Сейтуллин болатын) – Қостанай педагогика институтын бітіріп, еңбек жолын Ленин (Ұзынкөл) ауданындағы Ершовка мектебінде биология, химия пәндерінің мұғалімдігінен бастап, Ивано-Ровное мектебінде директор, аудандық білім бөлімінің бастығы, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды, Қазақстан білім беру саласының үздігі, Ыбрай Алтынсарин атындағы төсбелгісінің иегері. Дариха Нұрсейітова (Мәшінова) – Преснов электр желілері басқармасының "Озерный" совхозы бойынша қосалқы электр тарату жүйесінде диспетчер болып қызмет атқарды. Орта мектепті бізден бір жыл аяқтаған Әскер Нұрсейітовке тұрмысқа шыққан. Амандық Жантеміров – еңбек жолын Жалтырша бастауыш мектебінде мұғалімдіктен бастап, Ақбалық сегізжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, "Озерный" совхозының комсоргы қызметтерін атқарды. Алматыдағы С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Солтүстік Қазақстан облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетінде әдеби қызметкерден бастап, бас редактордың орынбасарына дейінгі жолдан өткен. Облыстық телерадиокомпанияда бас редактор қызметін атқарды. Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы, СССР және Қазақстан журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері, жеті кітаптың авторы.

КЕРЕЙ ШЕЖІРЕСІ

ҚАЗАҚ ТУРАЛЫ

Орысты еврей ұстап тұр,
Қазақты Керей ұстап тұр.
Тас қорғанды Қытай ұстап тұр,
Бізді шыныменен Құдай ұстап тұр.

* * *

Біз қазақ деген мал баққан елміз. Бірақ ешкімге соқтықпай, жәй жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елміз! Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз! Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз! Асқақтаған Хан болса, Хан ордасын таптай білген елміз!

Қазыбек би.

* * *

...Сохранение казахов как нации – это сохранение тюрков в корне. Ибо самые чистокровные тюрки – казахи. Язык казахов – самый чистый тюркский язык. Корни тюрков в них. Хотя я сам американский турок, но в глубине моего сердца – я казах.

Камел Карпат,
США, профессор.

* * *

Тарихи деректерге қарағанда, Ислам қазақ даласына 751 жылдан тарай бастап, Қараханидтер кезінде, яғни 960 жылы мемлекеттік дін ретінде танылған. Ал Ресей аумағында 922 жылы, яғни Алмушхан Исламды Еділ Болгариясының мемлекеттік діні деп жариялаған кезден пайда болған. Бұл қазіргі Татарстан аумағы. Русьтердің бір бөлігі 988 жылдан бастап Христиан дінін қабылдап, шоқына бастаған.

* * *

"Кавказдағы қазақ рулары" деген мақалада былай айтылады: қазақтардың тегін қазақ екенін академик Бартольд жазған, оны барлық түріктілдес халықтардың Алтайдан шыққанын дәлелдеген ғалым-тарихшы Мурад Аджи да нақтылады. Ресей тарихшылары да XIX ғасырдағы Дон казактарының ескі сөздері киргиз-кайсак (қазақ) сөздерімен бірдей екендігін жазған.

* * *

Из различных источников известно, что предков казахов называли скифами. Себя они называли просто "САК". На всех тюркских языках это означает "бдительный", "осторожный", "стрегующии". Но что значит приставка "ка". Оказывается, в древнетюркских языках это короткое слово означало "Великий". Например "ка-хан" уже не просто хан, а "великий хан". То есть "ка-сак" имеет смысл перевести как "великий сак".

* * *

Дінтанушы, саясаткер Қайрат Жолдыбай: – Жалпы отыз жыл аз уақыт емес. Экономика жоқ. Жасандысының өзі қуадалап құлады. Демократиялық өсім де. Ұлттық идеология да жоқ. Тіліміздің есіктен сығалаған сиқы анау. Тәуелсіз сот жүйесі болған емес. Саяси дұрыс жүйе жасалмады. Жүйе бір кісіге байланған. Мемлекеттің бар байлығы тоналған. Жемқорлық бар, саны артуда. Қымбатшылық қысып барады. Дініміз өзі саясиланып, әлде бір мекемелердің қуыршағына айналды. Ой айтып, «қой» дейтін зиялы қауым жағымпаздықтан жарысып, мадақ-марапаттың соңында жүр. Сонда отыз жылды қалай атап өтуіміз керек өзі?

ҚАПСЫТ ҰРПАҚТАРЫНА

Қадірменді қандастарым, Қапсыт (Аткелтір) ұрпақтары. Сіздерге тағы да, төртінші рет Қапсыт шежіресін ұсынып отырмын. Бұған дейін жарық көрген «Атақоныс – Ақтомпақ» деп аталған кітабымда Қасымхан Баймұжықов, Мәриям Мырзатаева, Сайран Жақыпов, Шапай Стыбаев, Қараман Сағындықов, Мұқан Кәдіров жинақтаған, Қорған және Түмен облыстарында тұратын ағайындардан қарындасымыз Гәуһар Зағыпарқызы Мүлкаманова (Сәдуақасова) әкелген және өзім жинастырып жүрген деректерді бір ізге келтіріп Қапсыт шежіресін жариялаған едім. Одан кейін қарындасымыз Әнуза Төрежанова менініміз Серғали Күркебаевтың көмегімен тағы да пысықтап, толықтырып «Жеті атаңды білесің бе?» деген кітабымды басып шығардым. Үшінші рет тағы толықтырылып шежірені «Сағындырған ауылым» деген кітабыма енгіздім.

2011 жылы жазда Қарақамыс ауылына Қапсыт әулеттерін жинадық. Үйымдастырушылардың айтуына қарағанда, тоқсан жеті табақ, яғни бір мыңға жуық адам жиналыпты. Былқылдақ деп аталатын жердегі зират басына Қапсытқа (Аткелтірге) ескерткіш қойылды. Сондай ескерткіш Жалтырша ауылындағы зираттың басына 2017 жылы жазда орнатылды. Осында аруақтарға ас беру шарасына бес жүзден астам адам жиналды.

Сол басқосуларда маған көптеген адам келіп, бұдан бұрынғы жоғарыда айтқан кітаптарда жарияланған Қапсыт шежіресіне өз бабаларының немесе туыстарының есімдері кірмей қалғандығын айтты. Мен олардың толықтыруларын, сондай-ақ артынан тағы нақтылау керек болып қалар деген мақсатпен телефондарын да жазып алдым. Оным дұрыс болды. Сөйтіп, олармен тағы да бірнеше рет хабарласып, бұрынғы шежіреге айтарлықтай өзгеріс енгіздім.

Бұл жолы Қапсыт шежіресін қойындәптер ретінде бастырып отырмын. Кітапты ешкім өзімен бірге алып жүре алмайды ғой. Ал қойындәптерді костюмінің ішкі қалтасына салып жүруге әбден болады. Бір жерде ру, ата-тек жөнінде әңгіме қозғала қалса қалтадан алып шығып, бірден кім екеніңді, ата-тегіңді дөп басып айтып беруге болады. Шежірені зейнетақымнан аз-аздап жинаған қаржыға бастырып отырмын. Қазіргі нарық, әркім өз күнкөрісін ғана ойлап кеткен заманда демеуші іздеп, біреуге бас иіп, кіріптар болғым келмейді. Осы қойындәптердің қандастарыма, Қапсыт ұрпағының аздап болса да кәделеріне жараса, менің мақсатымның орындалғаны деп білемін.

Ұсынылып отырған Қапсыт шежіресін негізге ала отырып, тағы нақтылап, басып шығарам деушілер болса құба-құп. Ол, әрине келешек ұрпақтың ісі. Ондайлар табыла қалса, іске сәт! демекпін.

ОРТА ЖҮЗ

Шежіре бойынша Орта жүз құрамы алты рудан тұрады. Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ. Бұл рулар өз ішінде аталарға бөлінеді. Арғын: Бес мейрам (Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек) және Жеті момын (Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты, Бәсентин, Шақшақ, Сарыжетім); Қыпшақ: Қарақыпшақ, Құланқыпшақ, Сарықыпшақ, Қытайқыпшақ; Найман: Терістаңбалы, Сарыжомарт (Ергенекті), Төлегетай, Сүгірші; Қоңырат: Жаманбай, Аманбай, Жетімдер, Божбан, Саңғыл, Байлар, Жандар, Құлыншақ; Керей: Ашамайлы және Абақ; Уақ: Жантелі және Жангелді деген үлкен аталарға бөлінеді. Кейбір шежірешілер алты руға қосымша жетінші етіп Тарақтыны қосады.

1917 жылға дейін Орта жүз рулары қыста Сырдария, Қызылқұм, Қаратау, Мойынқұм өңірлерінде, Балқаш көлінің солтүстігінде, жазда Тобыл, Есіл, Нұра, Торғай, Ертіс, Сарысу өзендері салаларының алқабында, Орталық Қазақстанның кең-байтақ далаларында көшіп-қонып жүрген. Ауызша деректер бойынша кезінде Ұлы жүз бен Орта жүздің табиғи шекараларының бірі болып Шу өзені белгіленген. Орта Жүз солтүстікте Ресей иеліктеріндегі жерлермен шектесті. Орта жүз руларының ұрпақтары қазір негізінен Талдықорған, Өскемен, Семей, Торғай, Көкше, Қостанай, Қызылжар, Кереку, Ақмола өңірлерінде тұрады. Сондай-ақ Қытайда, Монғолияда, Ресейдің Қорған, Түмен, Омбы облыстарында Керей ұрпақтары баршылық.

1934 жылы 10 маусымда Сәмеке хан бастаған Орта жүз руларының бір бөлігі Ресейдің қол астына өз еркімен өтеді. 1740 жылы тамызда Әбілмәмбет хан, 1742 жылы қарашада Найман тайпасын билеуші Барақ сұлтан Ресей бодандығын қабылдады. 1754 жылы қазанда қоңыраттардың біраз бөлігі бодандыққа кіргенімен, олардың Ресей қол астына өтуі XIX-ғасырдың орта тұсына дейін созылды. Қазақтарды іштей ыдыратуды көздеген Ресей өкіметі 1815 жылы Орта жүзде екінші хандық құрып, оған Бөкей хан болды. 1871 жылы Бөкей хан, 1819 жылы Уәли хан қайтыс болған соң, 1822 жылы орыс патшасының жарлығымен Орта жүзде хандық билік жойылып, жері сегіз дуанға бөлінді. «Сібір қазақтары туралы ереже» бойынша әр рудан 15-20 болыстан, әр болыс 10-12 ауылдан, әр ауыл 50-70 түтіннен құралды. Сөйтіп Орта жүз сегіз – Қарқаралы, Құсмұрын (1824), Аягөз (1831), Ақмола, Аманқарағай (1832), Баянауыл, Үшбұлақ (1833), Көкпекті (1844) дуандары пайда болды.

КЕРЕЙ ХАН
(1456-1473)

Керей хан Болатұлы (XIV ғ. соңы – XV ғ.) – қазақтың алғашқы ханы. XV ғасырдың ортасында Алтын Орда мен Ақ Орда билеушісі Орыс ханның немерелері Керей мен Жәнібек сұлтан екеуі Дешті Қыпшақ ханы Әбілхайырдан бөлініп Моғолстанға келді. Моғолстан ханы Есенбұға оларды ықыласпен қарсы алып, Шу өзені бойындағы Қозыбасы (қазір Жамбыл облысында) деген жерді берді. Өздері билейтін 200 мыңға жуық халықты бастап келген екі сұлтан осы жерде 1456 жылы қазақ хандығының негізін қалап, жасы үлкен Керей ақ киізге отырғызылып хан сайланды.

Қазақ тарихының атасы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) өзінің «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде қазақ хандығының құрылуын хижраның 870 жылы деп көрсетеді. Бұл біздің жыл санауымыз бойынша 1465-1466 жылдарға сәйкес келеді. Тарихи дерек бойынша Моғалстан ханы Есенбұға 1462 жылы қайтыс болғанын ескерсек, қазақ хандығының 1456 жылдары құрылғаны анық.

1468 жылы негізгі қарсыласы Әбілхайыр хан өлген соң Керей мен Жәнібек өз ұлыстарымен атамекені Сыр бойына оралады. Осында Керей ханның басшылығымен алғашқы Қазақ ордасының іргесі бекіп, оның маңындағы ру, тайпаларға бөлінген халықтар осында өз еркімен қосылып іргелі елге айналды. Хан жанында дала данышпаны Асан Қайғы отырды.

Керей хан 10 жылдай билік құрып, Хантауда жерленген дейді тарихшы М. Елеуов.

Қазақ Ордасы мен кейінгі Қазақ Ұлттық мемлекетінің қалыптасып, оның алғашқы керегесін керіп, шаңырағын көтерген тұңғыш хан Керей есімін біздің халқымыз ешқашан ұмытпайды. Қазақстанның Елордасы – Астанада Керей мен Жәнібекке ескерткіштің орнатылуы, 2016 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығының кең көлемде тойлануы соның айғағы.

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ

Керей хан – 1465-1473 жж.
Жәнібек – 1473-1480 жж.
Бұрындық – 1480-1511 жж.
Қасым – 1411-1518 жж.
Мамаш – 1518-1523 жж.
Тақыр – 1523-1532 жж.
Бұйдаш – 1533-1534 жж.
Қожа Махмұт – 1534-1535 жж.
Хан атағы болған сұлтандар:
Тоғымхан, Ахмет хан, Хақназар, Наурыз-Ахмет хан – 1535-1537 жж.
Хақназар хан – 1538-1580 жж.
Шығай хан – 1580-1582 жж.
Тәуекел – 1582-1598 жж.
Есім хан – 1598-1628 жж.
Тұрсын хан – 1613-1627 жж.
Жәңгір хан – 1628-1652 жж.
Әз-Тәуке хан – 1680-1715 жж.
Батыр хан – 1718-1726 жж.
Болатхан – 1726-1730 жж.
Жолбарыс хан – 1720-1740 жж.
Әбілхайыр хан – 1718-1748 жж.
Нұралы хан – 1748-1786 жж.
Ералы хан – 1791-1794 жж.
Есім хан – 1795-1797 жж.
Айшуақ хан – 1797-1805 жж.
Шерғазы хан – 1805-1824 жж.
Қайып хан – 1716-1719 жж.
Сәмеке хан – 1719-1734 жж.
Әбілмәмбет хан – 1734-1771 жж.
Абылай хан – 1771-1781 жж.
Уәли хан – 1781-1819 жж.
Бөкей хан – 1815-1817 жж.
Қазақтың соңғы ханы, Абылай ханның немересі – Кенесары – 1841-1847 жж.

АТАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕСІМДЕРІ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Қазақтың небір зиялы азаматтары ерте заманнан-ақ ата-баба шежіресін құрастырумен айналысқанға ұқсайды. Бірақ олардың көбі сақталмаған, бізге жетпеген. Өйткені Кеңес өкіметі оларды жойып жіберді. Енді, міне еліміз егемендік алып, тілімізге, дінімізге, ділімізге бостандық берілгесін біз қазақ деген халық қайдан шықты, ата-бабаларымыз кім деген сұрақтарға жауап іздей бастадық. Өкініштісі, әкелеріміз, аталарымыз бар кезде олардан сұрап ала алмадық, керексіз деп ойладық. Бізге берген тәрбие солай болды. Қазір шынтағымызды тістеуге аузымыз жетпейді.

Сонда да, соңғы кезде шежіремен айналысатын адамдар көбейді. Олардың басып шығарған еңбектерін оқып отырсаң, араларында көп айырмашылық бар. Байқап қарасақ, бәрінікі дәлелді, дұрыс сияқты көрінеді. Бірақ оларды бір ізге түсіре алмайсың. Ол мүмкін емес. Өйткені мынау дұрыс, мынау бұрыс деп айтатын көнекөз қариялар жоқ бүгін.

Десек те, Қызылжардағы академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ғалымдары жуырда қазақ деген сөздің қайдан шыққанын анықтап, жаңалық ашыпты. Олардың пайымдауынша былай көрінеді: әртүрлі деректерге қарағанда қазақтар өздерін скифтерден тарадық деп есептейді. Сондықтан қысқаша өздерін «Сақтарымыз» деп атайды. Ал сақ деген сөз түріктілдес халықтардың көбінде «қырағы, сақ» деген мағынаны береді. Оған қосылған «ка,қа» көне түрік тілінде «ұлы» деген мағнаны білдіреді. Мысалы «қақан» деген сөз тек «хан» деген ғана емес «ұлы хан» деген сөз. Ка-сак бірте-бірте қазақ деген өзгеріске ұшырағанын ескерсек, бұл «ұлы сақ», яғни «ұлы қырағы, ұлы сақ» немесе өте қырағы адам деген мағна береді. Қазақ халқының өмірі үнемі сыртқы жаулардан елін, жерін қорғаумен өткенін ескерсек, Алаштан тараған ұрпақтың біріне осындай есім берілуі әбден мүмкін ғой деп ойлаймын.

Қазақ неге Тұран, неге Алаш туын көкке көтереді? Олай болатыны мынадан екен. Осы қойындәптерде ұсынып отырған Шежіреде қазақтың түбі Жер Жүзін топан су басқан шақта адамзат баласымен бірге жануарларды да өзінің жасаған үлкен қайығымен құтқарып қалған Нұх Пайғамбардың Сам атты ұрпағынан таралады. Енді бір нұсқаларда біздің ата-тегіміз Япыштан бастау алады да, одан Иран мен Тұранды таратады. Әрі қарай тарата берсек ұзаққа созылып кетеді. Ақыры, бірнеше ұрпақтан кейін барып Түрік, одан Сақ, яғни Қазақ, одан бірнеше атадан кейін Оғыз, одан Найман, Керей, Уақ, Қоңырат пайда болады. Қазақ жастарының Тұранды әнге қосып, сауда белгісіне айналдырып жүргені осыдан болар.

Біздің Тұраннан кейінгі атамыз Алаш, Іле мен Шу өзендерінің аралығында мекендеген тайпа деседі шежірешілер. Алаш сол арада ел билеген. Оның туы астында Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Оғыз (Найман, Керей, Уақ, Қоңырат), Арғын, Алшын (Қарақырғыз) тайпалары бас қосқан болса керек. Алғашында бұл тайпаларды «Алты

ел Алаш» деп атаған, соңынан «Алты Алаш» делініп кеткен. Қазір қазақ елінің «Алты Алаштың ұрпағымыз» деуі де содан шығар.

Қазақтың үш жүзге бөлінуін Шәкәрім Құдайбердіұлы былай баяндайды: «...Әз-Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң кешікпей сол кезде көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жанеке (шын аты Махмуд) Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахмет хан қазақтың әскерге жарайтындарын жинап, үш топқа – Ұлы Жүз, Орта Жүз, Кіші жүз деп бөлген. Олар қалмақты шаба берген соң қазақтың ата жаулары Ахмет ханға Алаши деп ат қойыпты, мағнасы – жан алғыш дегені. Оны естіген Ахмет – қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда – Алашылар деп шабыңдар деген соң, қазақтар Алаши деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш – Алаш болғанда, Алаши хан болғанда, қалмақты не қылмадық» деп қазақтың мақтанғаны сол».

Жүздер туралы мұнан басқа да аңыздар көп. Мысалы, бір аңызда Ноғайдың ханы Өлеңшіге бағынатын Ақназар хан онымен келіспей қалып, өз ұлысын бөліп әкетеді де, қарауындағы аймақты үш баласына бөліп береді. Әрбіреуінде үш жүздік қол болса керек. Содан Үш жүз атаныпты. Енді бір аңызда – Бұхар ханы Арыстанның бәйбішесі бала көтермесе керек. Жоңғарлармен кезекті бір қақтығыста тұтқынға алып келген қызға аяқ салып, одан ер бала туады. Бірақ ол некесіз туған баланы хан сарайына әкеле алмай жалшыларына қосады. Айдалада аң аулап жүрген бай баласын кезіктірген Мойқы би Үйсін деген баласын жанына қосып, қастарына жүз нөкер ертеді. Оны естіген Қотан би баласы Болатқа жүз нөкер, Қоғам би баласы Алшынға жүз нөкер қосып, бөлек шығарады. Сөйтіп, үш Жүз пайда болады. Осындай аңыздар тағы да баршылық.

Айта кететін жәйт, Орта Жүз алты рудан тұратындықтан халық «Алты арыс ел» деп атап кеткен көрінеді. Орта Жүз ұлысы – Жетісу өңірін, яғни Шу, Талас, Сыр, Іле өзендерінің кең алқаптарын, Орта Жүз ұлысы – қазақ даласының орталық және солтүстік-шығыс бөлігіндегі кең-байтақ өңірді, яғни Қаратау, Қызылқұм, Мойынқұм, Көкшетау, Сарыарқа, Қызылжар, Қостанай өңірін, Балқаш көлінің солтүстігін, Алтай, Тарбағатай, Ертіс өзеніне дейінгі жерлерді, Есіл, Нұра, Торғай, Сарысу өзендері алқабын, Кіші Жүз ұлысы – қазақ даласының батысын, Маңғыстау маңын, Жайық өзені, Каспий теңізі жағалауын бөліп алған, сол алқаптарды және тұтастай қазақ жерін сыртқы жаулардан найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған. Әрине, жеңіс те, жеңіліс те аз болмаған, ақыры бізге осынша кең-байтақ, табиғаты тамаша атырапты мирас етіп қалтырып кетті. Топырақтары торқа болсын!

Қазақтың атақты ақыны Үкілі Ыбрайдың (1856-1930) әкесі Сандыбайдың шешесі жаугершіліктен әкелген қалмақ қызы екен. Ел ішінде одан тараған ұрпақты қалмақ деп атайтын болған. Сандыбай темір ұстасы болған. Сол Үкілі Ыбрай Керейлермен көп араласқан, небір жақсыларымен дос болған. Өз өлеңдерінің бірінде Керейге мынадай баға берген:

Мен жасымнан жақсыны жағаладым,
Сан жерде сан руды араладым.
Қай жерге аттың басын тіресең де,
Керейден жомарт елді таба алмадым.

Керейлерден әр уақытта атақты қолбасшылар, батырлар, билер, сал-серілер, жыраулар, ақын-жазушылар шыққаны тарихтан белгілі. Сонымен бірге ағаш шеберлері де аз болмаған. Негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан керейлер киіз үйде өмір сүрген. Сондықтан киіз үйді, ат әбзелдерін әсем етіп жасауға ерекше көңіл бөлген. «Керейден ұл туса – ағашқа күн туады» деген нақыл сөз содан шыққан. Осы ұсынып отырған шежіре бойынша Наурызбай ұрпағы Ғали бала кезінен ашамаймен ойнауды жақсы көрген деседі. Ашамай – үзеңгіге аяғы жетпейтін балаларға арналған ағаштан жасалған төрттаған. Атқұмар балалар ең алдымен ашамайға шығып, бір аяғын үзеңгіге ілектіріп барып ердің үстіне шығады екен. Бұл құрал түйенің үстіне

жүк артқанда да қолданылатын болған. Содан Ғалиды жұрт Ашамайлы атап кетсе керек. Сондықтан Ашамайлының таңбасы – Х.

Қызылжар мен Қостанай өңірлерінде тұрып жатқан қазақтардың басым бөлігі Танаш биден тарайды. Яғни, олар Балға, Балта, Көшебе, Тарышы тайпаларының ұрпақтары. Балғадан Әзім туады, ол Сибан аталып кетеді. Енді, Сибан, Көшебе, Тарышы есімдері қайдан шыққан, соған тоқталайық. Оларды да ұзаққа созбай, қысқаша баяндайын.

Бірнеше Шежірелерді сараптап келсек, Ашамайлыдан Шимойын, одан Пархат батыр туады. Пархат батырдың сегіз ұлының бірі – Танаш би Әмір Темірдің (Темірлан, 1336-1405) соғыс кеңсешісі, әрі досы болған. Танаш бидің ұрпағы Толыбай сыншының баласы, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақтың алғашқы әнұраны болған «Елім-ай» әнінің авторы Қожаберген жырау Ашамайлы туралы былай дейді:

Атанған бабам Ғали – Ашамайлы,
Өсірген мыңдап тайлақ, құлын-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.

Осы ұсынып отырған Шежіреде ата-тегіміз қысқартылып алынған. Яғни, онда аты шыққан, тайпа басы болған адамдардың аты ғана аталады да, арасындағы көп аталар қалып қояды. Әрине, оларды ешкім біле де бермейді, білген күнде оларды тізбектеп жаза берсең қағаз шақ келмес те. Осыған орай айтайын деп отырғанымыз, мысалы, Ашамайлыдан біз бірден Танаш биге шығамыз. Кейбір Шежірелерде Ашамайлыдан (Ғалидан) Жанай, одан Бағлан би, одан Фархат батыр, Бағдат батыр, ал Фархат батырдан Танаш би туады. Танаш биден Балға, Балта, Көшебе, Тарышы тарайтыны белгілі.

Көнекөз қариялардың айтуы бойынша Бағлан би Ресейдің қазіргі Қорған облысына қарасты Половинка (Ақсиыр) ауданының Звериноголовка (Бағлан) селосының маңын мекен еткен деседі. Би сол маңдағы Тобыл өзенінің Керей тоғайындағы зиратқа жерленген. 1928 жылға, яғни Кеңес Үкіметі наурыз мейрамын тойлауға тиым салынғанға дейін осы арада Бағлан жәрмеңкесі өтіп тұрса керек.

Ертеде қазақ пен татар бір-бірімен жақсы араласқанға, тіпті қыз алысып, қыз беріскенге ұқсайды. Содан да болар Танаш би өзінің үлкен ұлы Балғаға Сібір татарының бір сұлу қызын алып береді. Олардан туған баланың есімін Әзім қояды. Алдында Танаш би жаугершілікте мерт болған інісінен жесір қалған келінін әмеңгерлік жолмен тоқалдыққа алса керек. Ел жайлауға көшкенде ол да босанады. Осыған орай баланың есімін Көшебе деп қояды. Ал олар жайлауға көшіп барып, орналасқаннан кейін Танаш бидің інісі Аббас батырдың әйелі де босанып ұл туады. Жеңгелері осы шаңырақта алғаш дүниеге келген Әзім сыйлы бала болды деп «Сыйбала» деп атайтын болған. Ол ер жетіп, одан тараған ұрпақ Сибан руы атанып кетеді.

Ертеде байлығы жеткен ер адамдар неше тоқал алса да оларға бәйбіше басшылық жасаған, олардың енесі сияқты болған ғой. Танаштың тоқалы екінші рет дүниеге ер бала әкелгенде бәйбішесі оған «алтын асықтай ұл туды, бұл баланың ұрпағы тарыдай шашылатындай көп болсын» деп есімін Тарышы қойған деседі. Тарышыдан Ақсары, Күрсары, Тезеғай тарайтыны белгілі. Олардың ұрпағы қаншама. Әжеміздің ауызы дуалы болған-ау, сірә!

Енді, бір менің көп жылдан бері әркімнен сұрастырып мағнасын таба алмай жүрген сөзім Қапсыт еді. Оны да тапқан сияқтымын. Осы арада түсіндіре кетейін. Қызылжар өңірінде тұратын Керейлердің басым бөлігі Ашамайлы Керейге жатады. Қысқартып айтқанда жоғарыда айтқан Тарышыдан Ақсары, Күрсары, Тезеғай тарайды. Ал Тезеғайдан – Самай, Матақай, Бәйтеке. Бәйтекеден – Аткелтір, Жанкісі, Жанбура, Толыбай, Бақы, Шұбай, Алдаберді, Шағалақ тараған. Осылардың ішінде Аткелтірдің кішкентай кезі болса керек. Бұрынғылардың айтуы бойынша ол әке-шешесіне еріп, нағашысының еліне тойға барады. Тентек болған деседі, тойға жиналған балаларға

маза бермейді, кейбіреуін ұрып-соғады. Нағашысы елге сыйлы азамат – Барақ батырға қонақтардың бірі ме, әлде сол ауылдың адамы ма, әйтеуір біреуі барып:

– Мына жиенің тентек екен, төбелесіп тойдың берекесін алды, қой деп айтыңызшы, – дейді. Сонда батыр:

– Жарайды, тойдың сорпасына мас болған бір қапсыт шығар, не қылар дейсіңдер, тимеңдер, түбінде одан бірдеме шығады, – деген екен.


Содан бері Аткелтір Қапсыт атанып кетіпті. Халық арасында тараған «Сорпаға мас болған Қапсыт» деген сөз осыдан шыққа керек. Ал Қапсыт деген қандай мағына береді. Мысырда он екі жыл діни оқу оқыған, «Қызылжар» орталық мешітінің Бас имамы Кенжетай қажы Байкемелұлының айтуы бойынша Қапсыт деген арабтың «қабис, қабиса» деген сөздерінен шыққан болуы мүмкін. Ал «қабис, қабиса» – тамақ жеп қарыны қампиған немесе тойған адам дегенді білдіреді екен. Соған қарағанда Барақ батыр жиенін ет жеп сорпаға тойғаннан кейін асыр салып жүрген ғой дегенге ұқсайды. Сөйтіп қабис, қабиса сөзі қапсытқа айналып кеткен сияқты. Тоқ етері: қапсыт – тойған адам деген ұғымды білдіреді деген ұйғарымға келіп отырмын. Қапсыт ұрпақтары бұл сөздің басқа мағынасын тапса өздері біледі.


Ұрпақтары Қапсыт атамызды әрқашан ауыздарынан тастамайды. Ата-тегіміз Ашамайлы Керей, оның ішінде Бәйтекеден тараймыз, Қапсыт ұрпағымыз деп айтады. Содан да болар 2011 жылы ұрпақтары жиналып қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданының Қарақамыс ауылы маңындағы Былқылдақ зиратына, ал 2017 жылы Жалтырша ауылының маңындағы зиратқа Қапсыт аталарына арнап ескерткіш орнатты, ас беріп, Құран бағыштатты. Бабаларымыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Мен бұл мақалада арғы-бергі аталарымыздың аттары қалай қойылғаны жөнінде бұрынғы жылдары көнекөз қариялардан естіп-білген және осы күндері жарық көріп жатқан шежірелерден алынған деректер негізінде жаздым. Бәлкім, оларға есім беруде мен келтірген мысалдардан басқа да себептер болған шығар. Олар туралы білетіндер болса бұл әңгімені одан әрі жалғастыруға да болар. Мақсат бір – ол келешек ұрпаққа ата-бабаларымыз жөнінде шынайы мағлұмат беру. Бізге «сен анау рудансың, мен мынау атаданмын» деп бөліп-жаратын ештеме жоқ, қазақ «туысы бірдің уысы бір» дейді. Біз қазақ баласы бір-бірімізге туыспыз. Ендеше туыстық қатынастарымыз нығая, егемендік еліміз өркендей берсін.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
ҚР мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисі.

НҰХ ПАЙҒАМБАРДАН БАСТАП





жүзге кірмейтіндер: қожа, төре, төленгіт, келеген, сунақ


Орта жуз


Арғын
Қыпшақ
Найман
Қоңырат
Керей
Уақ


Рулардың таңбалары мен ұрандары


Ақарыс (Ұлы-Жуз)	Бекарыс (Орта Жуз)	Жанарыс (Кіші Жуз)
нөл	босага	жебе


*Ұлы Жүзді
қауға беріп, малға қой
*Орта Жүзді
қалам беріп, дауға қой
*Кіші Жүзді
найза беріп, жауға қой






Керей
Арыстанбек
Ақылбай (Абақ)
Байтайлақ
Жастабан
Құтберді
Меркіт
Сарытоқай
Богімбет
Сарбас
Бағаналы
Жаппас
Жансары
Лопос
Шығыр
Құлсары
Өлсейіт
Шонбас
Бекназар
Қосай
Жолжақсы
Жылжақсы
Байлау
Қойлеу
Коноп
Жабай
Өлімбет
Отебай
Сүгір
Қаной
Наурызбай
Ғали (Ашамайлы)
Ошыбай
Бахрам
Тебай
Турсынбай
Жаргақ
Жаной
Бекарыстан
Наурызбек
Қаракыпалы
Бекім
Таңаш Би — Пархат — Өлмұхамед



Таңаш Би
Балға
Балта
Кешебе
Тарышы
Өзім (Сибан)
Қазы
Жәнібек
Майқы би
Есіл
Тау Жарқын
Бағда
Боркті
Нашан
Ақсары
Баксары
Бақсары
Бақсейіт
Бекет
Жоскоқоп
Баттал
Жағылтер
Қарасары
Байыт
Жолдық
Атық
Шүйіншалі
Жайылған
Есен
Татыр
Өтеген
Тойған
Сырлыбай
Ырсымбай
Деулетберді
Сырымбет
Бабалы
Қарамең
Құдайберді
Шимойын
Ерімсары
Қортық
Куңкесю
Шоқнәзар
Маназар
Байназар
Қайназар
Есілзар
Ернәзар
Жанәзар
Алданазар
Жылыбай
Жолдыбай
Қосай
Досай
Қашқарбай
Ақланбет — Сейіт
Тоқпанбет — Бесбай
Құат
Қадір
Садір
Шыныбай
Жайылған — Сырымбет — Болат
Байбарақ



Кешебе
Жалынғер
Жадігер
Өлімбет
Жақып
Жалайыр
Асылболат
Жәнсай
Қорыр
Қылшойын
Бұзау
Байбол
Ербол
Бейімбет — Жәлсай
Алдаспан
Шілікті
Жанбыршы
Бореншы
Құлыншы
Шәкірбай
Шәкімен
Омар
Оспан
Сақал
Шемил
Дәрен
Кеңше
Өубакір
Қараоразы
Елтүзер
Мәмбеткүл
Ернәзар
Баянәзар
Қосай
Қожакелді
Шәдентай
Сойырған
Тәуазар
Қанапия
Елгезен
Жолбарыс
Ақсары
Жансары
Деулен
Меулен
Құдайберді
Наурызбай
Күнғар
Алтыбғазар
Мәмбет
Үйбет
Өуәлбек
Шеуғар
Сағындық



Тарышы — Шимойын — Достияр — Смайыл
Ақсары
Жансары
Құрсары
Матақай
Тезағай
Ақымбет
Тоқымбет
Есонбақты
Еменалы
Нұралы
Нұрымбет
Шалышы
Таңатар
Қасқа
Күнту (Таз)
Қарабетыр
Сырлыбай
Құлтәбе
Құттықадам
Алақ
Мырза
Кенжебай
Құрман
Марал ишан
Қалқай
Қалыбай
Елібай
Пірзада
Текзада
Есей
Шақай
Бірыс
Нұрыш
Өріс
Қылыш
Бейет — Шақантай
Көшеке
Құдияр
Сақау
Толық
Бойот
Елтүзер
Елгезер
Дербісәлі
Дәулетімбет
Кәдір
Қыдыр
Малай
Кенже
Мадияр
Нияз би
Есгене
Сәндық
Боздақ
Малтабар
Мәрі
Алдай
Қараби
Қаңтай
Жәнібек
Тыныбек
Қалыбек
Тілеу
Бегім
Қабыл
Кенжекөзы
Жанқозы



Күрсары
Есенберлі
Есенәлі
Есбол
Малай
Жарылқап
Бөскара
Жебеке
Ажы
Көжамсейіт
Ақмырза
Орман
Құрман
Борас
Төлеке
Жәнібек
Құдайберді
Құдайқұл
Сақал
Дуадақ
Төбет
Үсон
Асан
Өтебай
Бәйімбет



Тезағай
Самай
(Бәйтеке
батыр)
Матақай
Үмбетай
Құдас
Қаракемпір
Аққашқар
Байқашқар
Құлшықай
Қодас
Ермазар
Тілес
Жақау
Назар
Ақмырза
Тілеуімбет



Тарышы
Шимойын
Естияр
Достияр
Смайыл
Смағұл
Ыскақ
Ақсары
Жансары
Күрсары
Матақай
Тезағай
Ойтеке
Бәйтеке
Бәйтеке (Самай)
Қанай
Мамай
Алдаберді
Шағалақ
Қапсыл (Ақкелтір)
Жанбура
Толыбай
Жапсісі
Сақы
Шуай
Құлайқұл
Жарылап
Көжақұл
Көжамберді
Құлымбет
Сары


Көрей
Ақылбай (Абақ)
Наурызбай
Ғали (Ашамайлы)
Ферхат — Балпан би — Жанай
Таяш би
Балға Балта Кешебе Тарақты
Ақсары Күрсары Тезағай
Матақай
Самай (Байтоқа батыр)
Аткөлтір (Қалқыт) Жаныс Жанбура Толыбай Бақы Шубай Алдаберді Шәлелақ
Сары Ақда Телі Құтты Қараша


Сары
Есіргеміс
Жаңай
Шақабай Балықбай
Өтеген Байтоғай Жылқайдар
Қойлыбай Қозыбай Қоңырбай Қаржау Қатпа
Қаноқыалы Салпақ Тулақ
Жаманбас Қарабала Қырықбабай


Жаманбас
Темірбай
Тоқтар
Салықдық
Есжан
Мағау
Зияда Қарамен Алпысбай Оразалы
Ақжер
Аям (Оразалы)
Алтай
Өсет
Өспет
Өлібек
Темірлан Алтынбек
Дәрқан Иса
Ерхан Бекарыс Өлжан
Абай Бауыржан Ғалымжан Балытжан Нұржан Берік
Азат
Аслан
Ернат
Арқат Алмат Мади


Қарабала
Тережан
Байтуяқ
Асландияр Алдияр Әнуар Данияр Қайдар Қайбар
Мұратқан Кенесары Азамат
Қырықбабай
Байтемір
Жантемір
Қасен
Үндемес
Нұраш Тұрабай Нұрлан Марат Серік
Ілияс
Мұрат Мұқтар


Жантемір
Мырзахмет
Сапи
Амангелді
Амандық
Амантай
Аманжол
Абылай
(Бейбіт)
Балғат
Аяш
(Анаш)
Әсет
Әлішер
Олжас
Манас
Азамат
Алдияр
Ералы
Самат
Қайрат
Нұрсұлтан
Али
Әміржан
Тамірлан

КЕРЕЙ ШЕЖІРЕСІ

Керей – Дәулен батыр таратқан. (Дәулен Таузарұлы, атақты Толыбай сыншының әкесі. Одан кейін Тіленші би, Сегіз Сері, Ташмұхаммед Барлыбаев, Нұр-Мұхаммед Мұсайыновтар таратқан, ал 1956 жылы Биғожин Қаратай сол Н. Мұсайыновтан жазып алып, 14.08.1975 ж. Майдангер-журналист Есілбай Қазыбеков машинкаға бастырып шыққан).

Абул Башардан /Адам ата/ Шиш туады. Шиштан – Едірес, Едірей Едіректен – Нух Нухтан – Кам, Сам, Япыш, Самнан – Арбағы, Арғон, Ашрап, Арпақшыт, Арым, Ғайбар, Шарық, Тарақ. Ғайбардан – Шарғы. Шарғыдан – Хайдар. Хайдардан – Ғалидж Ғалидждан-Ағипет, Рағубек. Рағубектен – Бағулан, Шарух. Шарухтан – Нахор. Нахордан – Араз, Қараджа. Қараджадан – Ассир. Ғұрат, Понт, Ағылан туады. Араздан – Ибраһим. Ибраһимнан – Хамзе, Исмағұл, Ысқақ, Жақып. Хамзадан – Парсы. Исмағұлдан – Торан. Тораннан – Араб туады. Ысқақтан – Күрал. Күралдан – Күрді туады. Жақыптан – Ибни Амин туады. Ибни Аминнен – Мүлкі. Мүлкіден – *Түрік. Түріктен* – Хаһан, Қандар, Хайдар. Қандардан – Ауған, Тәжік. Хаһаннан – Тұғар, Скиф.

Хайдардан – Толуыт. Толуыттан – Бақтрия, Армия. Армиядан – Азһам, Парфиян, Массағет, Соғдин. Азһамнан – Ақырып, Аққам, Сағдат. Аққаптан – Табиғы, Табиғат. Табиғыдан – Қас, Сақ, Масақ. Табиғаттан – Сағит. Сағиттан – Бозхан, Гун, Сарман. Бозханнан – Сабыр, Сапар, Хазар, Азар, Албан. Албаннан – Азербайжан – Қарабах. Сапардан – Салджук. Сабырдан – Асхен. Асхеннен – Палуан Садық, Печенег, Бұлғар, Тау. Палуан Садықтан – Рүстем, Түргеш,

Қарпық. Рүстемнен – Мәлікхан, Ерхан. Ерханнан – Гагауыз, Ташауыз. Ташауыздан – Дағыстан, Шеркес, Абхаз, Аджар, Құмық, Адыгей, Таулен, Лезгин, Қарашай, Әсет туады.

Мәлікханнан – Ескендір, Есіләм. Есіләмнән – Газына. Ескендірден – Оғыз, Қыпшақ, Ахтан, Хатмараз, Гаккаша, Аббас, Жаныс, Хасан, Қанжар ата туады. Хатмараздан – Татар, Қырғыз, Жақұт, Хакас, Алтай, Шор, Тува, Мәжуси туады.

Ахтаннан – Мадияр. Гаккашадан – Балқар. Қанжар атадан – Түрікпен туады. Жаныстан – Забидек, Меркіт. Ғаббастан – Күлтегін, Моғол туады. Аббастан – Бадахшан, Иесудан. Оғуздан – Сағади. Сағадиден – Дестем. Дестемнен – Асқап. Асқаптан – Асығат. Асығаттан – Ғази. Ғамзат, Абдулмұрат, Қазы туады. Ғазиден – Наурыз. Наурыздан-Әнсары. Әнсарыдан – Ғажам. Ғажамнан – Әнес.

Әнестен – Жабал. Жабалдан – Мағаз. Мағаздан-Саһил.

Саһилден – Халиф. Халифтен – Ақшолпан туады. Ақшолпаннан – Аққурай. Аққурайдан – Аламан, Алан. Аламаннан – Марат, Мадат, Мадан, Сейіл, Бұхар, Алаш туады. Мадаттан – Ажат. Ажаттан – Медет. Медеттен – Өзбек туады.

Өзбектен – Баулы. Алаштан – Сейілхан, Жайлыхан. Сейілханнан – Кырия. Жайылханнан – Майқы би туады. Майқы биден – Сәлім. Сәлімнен – Майқан. Майқаннан – Сақыпжан. Сақыпжаннан – Сапиян, Орал туады. Сапияннан – Баһрам. Баһрамнан Айырқалпақ, Ойыққалпақ.

Ойыққалпақтан-Аннас бек туған. Осы Аннас есімді бек VII ғасырдың ақыры VIII ғасырдың басында өмір сүрген, Оғыз түріктерінен шыққан кісі.

Осы Аннастың бәйбішесі Жұлдыздан-Башқұрт, Әбілқайыр /лақап аты ҚАЗАҚ/, ал екінші зайыбынан Ноғай /татар/Созақ туады. Созақтан-Қарақалпақ. Башқұрттан-Меңдігерей, Телеу, Аида, Самат, Алтын, Шихлар, Масқар, Таз туған.

Ал Әбілқайырдан /қазақтан/ – Жүзей жалғыз туады.

Әбілқайыр /қазақ/ Жүзей жалғыз боп өскен соң, үш жүз үй көшпелі Оғыз түріктерін ертіп, өз туыстары қалың Оғыз түріктерінен бөлініп шығып,Балқаш көлінің күн батыс жағалауында көшіп жүрген. Сондықтанда Әбілқайырды Оғыз жұрты қазақ деп атаған, себебі «Қазақ» деген сөз өз ұлтынан бөлініп шыққан еркін жандар деген мағынаны білдіреді. Сол кезден бастап Әбілқайырға Қазақ деген ат тағылған. Ал, оның ұрпақтарын қазақтар немесе қазақ елі деп атаған. Әбілқайырдың ағасы Башқұрттан тараған ұрпақтардан Башқұрт халқы пайда болған. Башқұрттарды тілі, кескін-кейпі, дене-бітімі, әдет-ғұрпы, салты, мәдениеті, көшпенділігі, шаруашылығы жағынан, діни әдеттері т. б. жағынан ерте кезде қазақ халқынан айыру өте-мөте қиын болған. Бірдей десе де нанымды болған. Алайда Моғол шапқыншылығына және Алтын Орда, кейін Ноғай ордасы, Қазан хандығы сияқты хандықтардың қол астында болуына байланысты Башқұрт халқының табиғатына біраз өзгеріс енген. Яғни тілі шұбарланған. Басқа да халықтық ерекшеліктеу қалыптасқан. Башқұрттар қой көзді, дөңгелек жүзді, қара торы, орта бойлы, дембелше болып келеді екен. Ал, Қазақтан / Әбілқайыр/– Жүзей туған. Жүзейден –

АҚАРЫС, ЖАНАРЫС, БЕКАРЫС туған,

Ақарыс /Үлкен жүзей/

Жанарыс /Ортаншы Жүзей/

Бекарыс /Кіші Жүзей/

Үшеуі Әбілқайыр мен Жүзейге еріп келген үш жүз көшпелі түріктерді жүз жүзден бөліп алып, билік құрған. Әрбір жүз үйге әрқайсысы әмір болған. Ақарыстан Ұлы жүз тараған. / Еншісіне шаруашылықпен айналысу тиген/.

Жанарыстан – Орта жүз тараған /Еншісіне қамшы мен қалам, яғни дәугерлік-билік тиген. Бекарыстан-Кіші жүз тараған. /Еншісіне – қылыш, найза, садақ яғни ел қорғаны-батырлық тиген.

Ақарыстан – Байшора мырза туады. Байшора мырзадан – Жұманбай. Жұманбайдан – Кенебай. Кенебайдан – Төбей би.

Төбей биден – Үйсін, Үйсіл туған. Үйсіл тұқымы 1216 жылдарда тайпа ел болған. Бірақ, сол кезде Шыңғыс жауыздың шапқыншылығына ұшырап, Үйсіл тайпасының басым көпшілігі қырылып кеткен. Азшылығы көршілес тайпаларға барып паналап, солармен араласып кеткен.

Үйсіннен – Қойылдыр, Майқы, Кекірен /Мекрайып/ Қоғам туады. Қойылдырдан – Қатағаң, Қатағаннан – Шайышқұл туады. Кекіреннен – Жалайыр, Жалайырдан – Шоманақ, Сырманақ. Сырманақтан – Байшегір, Арықтыным, Сиыршы, Қайшылы, Күшік, Балғалы, Шоманақтан – Аңдас, Қалпе, Мырза, Қарашапан, Ақбиім, Сыпатай, Орақты туады. Жалайыр – Ұлы жүздің ноқта ағасы.

Қоғамнан-Қаңлы туады. Майқыдан-Бахтияр, Қырықжүз, Мыңжүз. Бахтиярдан – Сіргелі. Қырықжүзден – Жансақал. Жансақалдан – Тарақ. Тарақтан Жолымбет, Сарыүйсін, Шапырашты туады. Жолымбеттен – Ысты, Ошақты, Қасқарау. Ыстыдан-Ойық, Тілік. Мыңжүзден – Ақсақал туады. Ақсақалдан – Абақ. Абақтан Қараша би туады. Қараша биден – Байдыбек. Байдыбектен – Томанақ әулие есімді зайыбынан – Жарықшақ Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат. Суаннан – Байтегей, Тоқарыстан туады. Дулаттан – Қаралас, Көкірек, Сиқым, Шымыр, Жаныс, Ботбай туады.

Ботбайдан – Шағай, Бидас, Құдайқұл. Сиқымнан – Борас Тоғас, Құспырық, Ақылбек, Будас, Шуылдақ, Ескелді, Құттыбай, Есбол, Қара туады. Шымырдан – Бекболат, Темір, Шыңқожа.

Жаныстан Өтей, Шегір, Жарылғамыс, Жанту, Оймақты, Жантай, Жалмамбет.

Дулат руының ішінде Қалқаман, Тобықты бар.

Албаннан – Шебер, Сары. Шеберден – Қараберік, Қызылберік, Қоңырберік, Қыстақ. Сарыдан – Сүйеркұл, Таубасар. Сүйеркұлдан – Сегізсары. Сегізсарыдан – Жарты, Алжан, Аламан, Шажа, Ағымсары. Ағымсарыдан – Майлы, Балта, Бесшал, Сексен, Оразбақы. Шажадан – Айтбике, Дүйсе, Жарылғап, Сұлтангелді. Таубасардан – Майлық, Майлықтан – Айтбозым, Қастер, Құрман. Қыстақтан – Аққыс – Тық, Қарақыстық. Сіргеліден – Байжігіт, Қырабатыр, Батырлар, Елубай, Айтбозым, Үштаңбалы, Төрттаңбалы, Жаңабай туады, Жанарыстан – /Орта жүзден/ – Жаншора би туады.

Жаншора бидің Ажар есімді бәйбішесінен – Қарақожа мырза, Ысмағұлқожа би, Қасымқожа батыр. Қарақожа мырзадан – Сәлімбай. Сәлімбайдан – Қарқабат. Қарқабаттан – Қодан.

Қодан ақыннан – Дайырқожа. Дайырқожадан-Ақжол.

Ақжолдан – Тарақты, Арғын, Қыпшақ туған. Ақжол: «Қыпшақ халқындай ұрпағы өскен,тұқымы көп болар ма екен» деп жоралап, кіші ұлының атын Қыпшақ деп қояды.

Ал Тарақты Орта жүздің үлкен ұлы Қарақожаның ұрпағының

Үлкені болғандықтан, Орта жүздің Ноқта ағасы делінді.

Тарақтыдан – Жантоқа, Тоқтауыл туған. Тоқтауыл өспеген аз ата болғандықтан, Жеті момын Арғынның ішіне кірген.

Арғыннан – Қаратай, Қаражан, Орман, Ақжан /бұлар бәйбішеден/, ал екінші әйелінен – Аманжол, Сұмдық туады. Қаратайдан – Бектібай. Бектібайдан – Мейрамсофы, Нәдірсофы, Темірсофы, Момынсофы, Қарасофы, Кенжесофы туады. Нәдірсофы, Темірсофы, Момынсофы үшеуінен ұрпақ қалмаған.

Кенжесофыдан – Тобықты, Қанжығалы туады. Қанжығалыдан – Отарбай, Оңғарбай туады. Отарбайдан – Қырғызбай. Оңғарбайдан-Теңізбай.

Мейрамсофыдан – Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа. Сүйіндіктен– Ақшолпан, Ақбура, Жанбура, Орманшы, Тұлпар, Тортуыл, Айдабол, Күлік, Сары, Қаржас рулары өрбіген. Ақшолпаннан... Бегендіктен – Беген. Бегеннен – Қозған, Қақсал туады. Ескене, Тентек рулары тараған. Қуандықтан – Алтай, Алсай, Алтын, Қарпық, Салиық, Балық туады. Алтайдан Итболды, Жанболды, Байболды, Сармантай, Мұрат, Қареке, Дәуле, Тыныбек рулары тараған, Қарпықтан – Темеш, Тінәлі, Тоқа, Қалқажан туады. Алсайдан – Беріш, Алдияр, Енең, Ағыс. Қуандықтың Алтайы Арғын ішінде Тарақтыдан кейінгі жолы үлкен болып саналады.

Болатқожадан – Қаракесек /шын аты –Шерек батыр/ туған.

Қаракесектен – Майқы би, Бошан, Танаш туады. Майқы биден-Алтеке, Сары, Қамбар мырзалар. Қамбардан – Айт, Олжас.

Айттан – Жарылғап, Жарбол, Байтуған, Масақ, Садақ, Құттықадам. Олжастан-Толыбай, Шана, Сарман, Тілеу. – Танаштан – Ешген, Қара, Шор. Ешгеннен – Байтөбет, Маңтөбет. Бошаннан-Қояныштағай, Машай, Сағай, Қызғыштағай, Қарсоң, Керней, Шақшар одан – Қаз дауысты Қазыбек би /1720-1795/ж шыққан.

Қаракесек Арғынға мұнан басқа Майлық руы жатады. Майлық елі Сүйіндік Арғынға жиен ел. 1740 жылы Майлық тобы Садырдың басшылығымен Сүйіндік Арғынға өкпелі боп, Сүйіндіктен бөлініп шығып кеп, Қаракесек Арғынға қосылып, сіңісіп, сол кезден бастап Қаракесек Арғын боп кеткен. Сүйіндік Арғынның Қаржас руына жататын Алтынторы табынан шыққан Қалқаман батырдың ұлы Бұхар ақын /1696-1787 жыл/ «Керей қайда барасың» деген өлеңін осы Майлық еліне арнап шығарған көрінеді.

Майлықтың тегі – Керей. 1740 жылдары Майлық руы 350 түтін болған деседі. Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа бесеуінен тараған арғындар «Бейбіш арғындар» немесе «Бес мейрам Арғын елі» деп аталады.

Шегендіктен-Жортуыл туады. Сүйіндік Арғыннан шыққан Айдабол биден Едіге,

Еламан, Аткелтір, Тайкелтір. Еламаннан – «Бесқозы» аталатын ел тарайды. Едігеден – Торайғыр мен Шоң деген екі би және де Жандарбек, Жанәбіл, Жақып бесеуі туады. Торайғырдан – Бекет. Бекеттен – Мұсабек. Мұсабектен – Әубәкір /Шоқпыт/. Әубәкірден – Сұлтанмахмұт, Шаймерден, Байқоңыр. Белгілі композитор /сазгер/, ақын, әнші Жаяу Мұса Байжанов, Айдаболдың Еламан табынан шыққан. Күліктен – Бесін би туады. Бесін би белгілі ақын, әйгілі Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің /1857-1931 ж/ арғы бабасы.

Арғынның екінші ұлы Қаражаннан – Жаныс туады. Жаныстан – Жарылғас, Жалықпас. Орманнан – Ақылбек туады.

Ақылбектен – Шұбыртпалы. Ақжаннан – Кейкі. Кейкіден – Бесентін. Бесентіннен – Абай, Бөрі, Күшік.

Ал енді Арғынның екінші әйелінен туған – Аманжол есімді ұлынан Шекті, Темен туады.

Теменнен – Телек, Қырықмылтық. Арғынның Сұмдық деген ұлынан – Сержетім, Шақшақ, Сары туады. Шекті, Телек, Бержетім, Сары, Шақшақ, Қырықмылтық Арғындарды «Кіші арғындар» немесе «Тоқал арғындар» деп атайды.

Бәсентин, Шұбыртпалы, Тарақты, Қанжығалы, Тобықты, Жарылғас, Жалықпас арғындарды «Жеті момын арғындар» деп атайды.

Бұлардан басқа Арғынға – Атығай, Қарауыл деген елдер де жатады. Бірақ, бұл екеуінің де тегі Абақ Керей.

Он екі ата Абақ Керейдің – Шеруші табынан шыққан Күшік мырзаның Күлболды есімді жалғыз ұлы қайтыс болып, оның Ұрқия /лақап аты Момын. / есімді келіні Арғынның шөбересі – Қарасофыға тұрмысқа шығып, соңынан Атығай, Қарағай деген екі жас баласы еріп келеді. Ол кезде Күшік мырза да қайтыс болыпты. Екі бала анасында қалады. Ұрқия Қарасофыға келген соң бала көтермейді. Қарасофының өзінен ұрпақ қалмайды.

Атығай, Қарағай Қарасофыға бала есепті болады. Сол кезден бастап ол екеуі Арғын руының құрамында болған.

Атығайдан – Дәуіт туған. Дәуіттен – Қалқаш батыр, Баба, Бағыс, Бабасан, Аққиік, Қойлы, Елтоқ, Орыс /шын аты Уәйріс/.

Тілеп, Күлсану, Кәдір, Есентаңырық есімді он екі ұл туады. Он екі ата Дәуітұлы деуі осыдан.

Қалқаш батырдан – Құдайберді, Бәйімбет туады.

Құдайбердіден – Тілес, Андағұл, Ырсай туады.

Бәйімбеттен – Уанас, Сары туған.

Андағұлдан шыққан Зілғара Қаратоқа ұлы /1798 – 1894 ж/. Құрымсы би Өтемісұлы / 1750-1845 ж. / Жалғыз батыр сияқты.

Атығай руының белді шонжарларыны өздері де арғы тегі Керейден шыққанын әрдайым мойындап отырған.

Ал Қарағайдан – Қарауыл туады. Қарауылдан– Ноғай, Жауар, Қылды, Жақсылық, Сары, Көшей, Көбей, Көлдей атты сегіз ұл туады. Осы себепті сегіз ата Қарауыл дейді. Ноғай

Қарауыл Есенкелді батыр да тегі Керей екенін айтып өтіпті.

Бірақ негізінде Керей Арғынға туысқан ел.

Тобықтыдан – Маябоз туады. Маябоздан – Рыспетек

Дәулетек / тентек кісі болғандықтан Жуантаяқ атанған /. Жуантаяқтан – Қарабатыр туады. Рыспетектен – Мұсабай, Көкше, Дадан туады. Мұсабайдан – Талынқожа /жаман Тобықты/, Сүйірбас туады. Сүйірбастан – Әлі, Қожаберген, Сары туады. Сарыдан – Мәмбетей, Үмбетей, Мәмбе софы, Кішік туады.

Кішіктен – Санмұрын, Байымбет, Әнетби, Әйтек. Әнеттен /1626-1723 жылдар/ Тентек туады. Тентектен – Бақай. Әнет руы Бақайдан өрбіген. Әйтектен – Олжай, Байбөрі, Қалқама. Байбөріден – Бекен, Тобықты тарап кетеді.

Қалқаман белгілі «Қалқаман-Мамыр» поэмасының басты кейіпкері. Қалқаман 1702 жылы туған. Қайтыс болған жылы белгісіз. Қалқаман Үйсін Төле биге жиен болған. Қалқаманнан тараған ұрпақтар Үйсіннің Дулат руына сіңісіп кеткен. Үйсін Төле би атақты кісі болған. Төле бидің былай дегені бар –

Асыл тусаң – Керей бол
Ел – жұртыңа мерей бол
Уақ болсаң-Шоға бол
Айыр болсаң – доға бол
Арғын болсаң – Алтай бол
Найман болсаң– Матай бол
Байұлы болсаң –Адай бол
Үйсін болсаң – Ботбай бол
Бұл алтауы болмасаң,
Қалай болсаң солай бол.

Олжайдан – Айдос, Қайдос, Жігітек туады. Айдостан – Ырғызбай, Топай, Торғай, Кетібек туады. Ырғызбайдан – Өскенбай, Мырзатай, Өркер, Жортар.

Мырзатайдан – Әжібек, Ызғұтты туады. Үркерден – Қарабас, Мырзахан. Жортардан – Сейітқан, Қазақбай. Өскенбайдың бәйбішесі Зереден – Құнанбай, Құттымұхаммет 1811-1884 ж. /,Бостанбек /1815-1884 ж/, екінші әйелі Мақпалдан – Жақып, Ақберді, Төлепберді, үшінші әйелі Сақыпжамалдан – Шұбар, Ақмағанбет, Өсер, Ырсай туады.

Төртінші әйелі – Таңшолпаннан – Майбасар, Жұман, Сұлтанбек, Кенжебай, Елеусіз, Бейсенбі туады. Жақып есімді ұлы бесінші әйелі Күншеден туады.

Құнанбайдан – Құдайберді / Күнке бәйбішесінен/, Тәңірберді, Ибраһим – Абай /, Ысқақ, Оспан, Ұлжаннан, Ұлжан Құттымұхаметке айттырылған келіні екен.

Қалиолла, Смағұл Айғыздан,/ Айғыз Бостанбек деген інісіне айттырылған келіні екен. / туады. Құдайбердіден – Шеке /Шаймерден/, Шәкәрім /1856-1938 ж. / Өмір, Нұртаза, Нұрлы туады. Шәкәрімнен – Ақат туады. Тәңірбердіден – Мақұлбай, Өзімбай. Өзімбайдан – Бердеш туады.

Абайдан – Ақылбай, Хәкімбай, Әбдірахман, Мағауия /Ділдадан. /, Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайыл, Әйгерімнен/ туады.

Ақылбайдан 1861-1904 жж/Әубәкір туады. Ысқақтан – Кәкітай. Кәкітайдан – Әрхам туады. Әсерден – Мақа. Майбасардан – Ахметжан, Жұманнан – Мес туады. Ақбердіден – Ақылпейіс туады. Ал Қайдостан – Бекенші, Борсақ, Делекен туады. Жігітіктен – Кеңгірбай би туады. Кеңгірбай биден – Ералы, Жаналы, Қалбай, Телеу, Қотабұлақ туады. Ералыдан – Божей, Түсіп туады. Божейден – Жабай, Әділ. Түсіптен – Бейсенбі туады. Төлеуден – Байдалы. Қыпшақтан – Сүлеймәлім, Сүлеймәлімнен – Көбекалып. Көбекалыптан – Мүйіздібек, Сары-Абыз. Сары-Абыздан – Дешті, Бесті, Тектігүл, Бақтығұл туады. Бестіден – Сейтімбет, Бұлдырық туған.

Тектігүлден – Айтымбет, Ақпыш, Айтқұл. Бақтығүлден – Күрлеуіт, Қосайдар, Қосқұлақ, Жарымбет, Жолоба, Қожамежар. Дештіден – Лақ, Көкмұрын. Мүйіздібектен – Қарақыпшақ, Сарықыпшақ, Құланқыпшақ, Бұланқыпшақ, Торықыпшақ туады. Қарақыпшақтан – Қарес, Қален. Қарестен – Қараспан. Қараспаннан – Жұман.

Жұманнан – Қаракемпір. Қаракемпірден – Бектемір. Бектемірден – Бетеге. Бетегеден – Қошқарбай, Тоқтарбай. Тоқтарбайдан – Қобыланды. Қобыландыдан – Айбас, Алтыбас. Айбастан – Торыайғыр, Киікбай, Киікбайдан – Қарабалық, Көлденең.

Қошқарбайдан – Естемес, Еспенбет. Еспембеттен – Есен, Сейіт.

Есеннен-Тоқтар би туады. Сейіттен – Тоқтарбек. Тоқтарбектен-Ырғыз, Шалқар туады. Тоқтар биден – Ұзын, Шашан, Бұлтың, Торғай туады.

Қыпшақтың ұраны – Ойбас, Арғын мен Тарақтының ұраны –Ақжол.

ЕСКЕРТУ – Бұл шежіренің негізін жазып, араб алфавитімен кейінгі ұрпаққа қалдырушы Орта Жүз Ашамайлы Керейдің Көшебе табынан шыққан Дәулен батыр Таузарұлы болған.

Дәулен батыр жылнамшы, сауатты кісі болыпты. Дәулен – XVI –ғасырдың екінші жартысымен XVII-ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген, ел қорғаны батыр болған адам.

Кіші жүз Әлімұлынан шыққан – Жалаңтас батыр Дәулен батырдың шәкірті болған, Дәуленді ұстаз тұтқан.

Бұл шежірені Дәуленнен кейінгі ұрпақтар өз уақыттарындағы адамдар жайындағы деректермен толықтырып отырған. Сөйтіп шежіре XIX содан XX ғасырға да жеткен. XIX ғасырда Сегіз сері /1818-1854 ж. / өз тұсындағы мәлі-меттермен толықтандырған.

Сегіз серіден кейін Ташмұхаммед Барлыбаев /1833-1903 ж/ Ташмұхаммедтен – Нұрмұхаммед Мұсайынов /1874-1961 ж/. жазып алған.

1956 жылы 5 шілде айында Биғожин Қаратай барып сол Нұрмұхаммед /лақап аты Тырқай/ Мұсайыновтан жазып алып 1975 жылдың 14 қыркүйегінде, журналист-майдангер Есілбай Қазыбековке беріп, машинкамен бастыртқан.

Жанарыстың /Ортаншы Жүзейдің, яғни Орта жүздің/ Жаншора би деген ұлының бәйбішесі Ажардан – Қарақожа, Исмақұлқожа, Қасымқожа туды дедік. Ал, Исмақұлқожа бидің Меңсұлу есімді бәйбішесінен Ошыбай, Жаубасар туады.

Исмағұлқожа бидің інісі Қасымқожа батырдың баласы болмағандықтан Жаубасарды Исмағұлқожа биден Қосымқожа батыр асырап алып бауырына салады.

Ошыбай батырдың Ханшайым есімді бәйбішесінен – КЕРЕЙ батыр туады. Керей батырдың Фатимат есімді бәйбішесінен – Уақ, Жәнібек Наурызбай, Ағыбай туады. Ал, Ошыбайдың інісі Жаубасардан – Меңдібай туады. Меңдібайда ұл бала болмай, Керей батырдың үлкен ұлы Уақты асырап алып, бала қылады. Сонымен, Уақ Қасымқожа батырдың шаңырағына ие болып, Арыс ұлының бірі болып есептеледі. Керей-Уақ аталу тарихы осыдан шыққан.

Керейдің ортаншы ұлы – Жәнібектен өрбіген ұрпақ XIII ғасырдың алғашқы он жылдығында бірнеше түтіннен құрылған ру болып, Отырар әулеаяты жерінде мекен еткен. Жәнібек Керейден Ғайырхан бек шығып, Отырар қаласының әкімі дәрежесіне дейін көтерілген. Бірақ, 1219 жылы Отырарды Маңғұл Шыңғыстың қанды қол басқыншы әскерлері шапқанда Ғайырханды азаптап өлтіреді, Жәнібек Керей елі сол арадағы Қыпшақ халқының тұрғындарымен бірге жаумен ұрыста қырылып кетеді. Тек Шектібай деген бір жауынгері Кіші жүз Әлімұлы ұрпақтарымен бірге қашып құтылады. Өзі сол Әлімұлына сіңісіп кетеді. Кейін оның алты ұлынан Шекті елі тарайды.

Керейдің кіші ұлы – Ағыбайдың Абақ есімді бәйбішесінен – Байтайлақ туады.

Уақтың ұраны – Жаубасар, ал Абақ Керейдің ұраны – Байтайлақ. Байтайлақтың Жәмилә есімді зайыбынан Жастабан, Шеруші, Қарақас, Кенсадақ, Шұбарайғыр, Молқы, Сарыба, Жантекей, Жадық, Ителі, Меркіт, Итемген /Күтеке/.

Осы он екісінде Байтайлақтың анасы Абақ бәйбіше тәрбиелеп өсіргендіктен, бұлардан өрбіген ұрпақтар он екі ата Абақ Керей елі деп аталады.

Бұл он екі ата Абақ Керей XIX ғасырдың бірінші ширегінде, «ақ патшаға поддан болмаймыз» деп Оңтүстік Батыс Сібір өңірінен түгелімен көшіп, Алтай-Шеуешек өңіріне өткен. Өздерімен бірге Ашамайлы Керей мен Уақтың біраз руларын ертіп ала кеткен.

Керейдің үшінші ұлы Наурызбайдан – Ғали, Рысбек туады. Рысбектен – Таңғыт, Күлеке, Күтеке, Қырықмылтық, Ноян туады.

Ал, Ғалиды жеңгелері қалжыңдап Ашамайлы деп ат қойған, содан ол Ашамайлы аталып кетеді. Себебі Ғалиды әкесі Наурызбай атқа мінгізіп үйреткенде ашамай ерге, яғни ағаштан жасалған ершікке мінгізіп үйретіпті.

Ашамайлыдан – Қайрат туады. Қайраттан – Тұрсынбай. Тұрсынбайдан – Үйшібай. Үйшібайдан – Баһрам. Баһрамнан – Бағыда, Бағдат туады. Бағыдадан – Ақылбай, Қази туады. Ақылбайдан – Бекарыстан туады. Бекарыстаннан – Қозыбай, Жақсыбай. Жақсыбайдан – Меркіт, Бағылан, Арғын, Тобыр, Күтке бесеуі туады.

Бағылан Ноғай жұртынан он қыз алып, онан өрбіген ұрпақтар Ноғайлы Керей атанған. Бағыланнан – Тәжі туады. Тәжіден – Уақ туады. Осы Ноғайлы Керейдің Уақ табынан шыққан Әлімбай мырзадан Қамбар батыр туады.

Қамбар батыр XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, ел қорғаны-батыр болған. Бұл Қамбар Қаракесек Арғынның Қамбарынан бөлек Қамбар. Ал Ноғайлы Керейдің Уақ табы, Арысұлы Уақ тайпасынан бөлек. Әлі күні көпшілік ел бұларды шатастырып айтып жүр.

Күткейден – Айт туады. Айт бір себептермен еліне өкпелеп Кіші жүзге кетіп, Жеті ру елінің негізін құрушылардың бірі болады. Керей Айттан тараған ұрпақтардан Меркіт Керей аталады. Кіші жүз Жетірудың Керейі ит руы деп аталып кеткен. Осы ру туралы ел аузында төмендегідей әңгіме бар:

Ноғай-Қыпшақ жұртын Маңғұл шауып кетеді. Одан түрік елдері кек алуға аттанады. Маңғұлдан кек қайтарып, баяғы шабылған Ноғай-Қыпшақ ауылдарының үстін басып өтсе, өзеннің қамысына кірген Керей Бекзада батырдың қыран тазысы үріп мазаларын алады. Ит үрген жерге кісілер барса он жеті бала қоғамен қоректеніп отырады. Шаштары алынбаған, киімдері алба-жұлба болған балалар осы ауылдікі екен. Елді жау шапқанда, бұлар өзен жағасындағы қамысқа жасырынып аман қалады.

Бұларға қазақ жасағы кездескен екен. Осы он жеті баланы бөліске салып, он алты қол бастаған батыр он алтысын алады. Сонда Бекзада деген Керей батыры өзіне тиген баланы Беріш немересі Ағатай батырға береді. Ал он-жетінші баланы кімнің аты озып келсе, сол кісі алатын болады.

Бәйгеге ат қосқанда, Керей Бекзада батырдың керқасқа аты бәйгеден бірінші болып келеді де,баланы Бекзада алатын болады.

Сол кезде қарт батыр сол топтың үлкені Байбақты – «Балам сауға!» дейді Бекзадаға. Бекзада баланы Байбақты қартқа сыйлайды. Сонда Байбақты-«Бұл Керейдің атының бәйгесінде келді, әрі Керейдің иті үріп тапты, мұның аты – Керейит болсын» деген екен.

Кейін Кіші жүз елі – «Керейит атасы кер жорға ит!» деп осы аңызды қалжыңға айналдырыпты. Ал, Қозыбайдан – Наурызбек, Қазыбек туады. Қазыбектен – Әжі. Әжіден – Әжі Керей тарап кетеді. Наурызбектен – Әлмұххамед. Әлмұххамедтен – Хажығали, Есенғали туады. Хажығалидан – Бекзада. Бекзададан – Бәкімқожа. Бәкімқожадан – Бектас, Бекжан туады. Бектастан – Фархад, Арқат. Фархадтан – Танаш, Манас, Аббас туады.

Танаштан – Балға, Балта, Көшебе, Тарышы есімді төрт ұл туады.

Балға Қылшары Уақ Қарақан қасқаның Бәтима есімді қызына үйленіп одан, Салық туады. Балға жас өліп, Салық анасының соңынан нағашы жұртына еріп кетеді. Бірақ көп ұзамай Танаш би немересін даулап қайтарып алады. Балғадан кейін баласы тұрмай жүрсе керек, Танаш би немересі Салықты әкелген кезде бәйбішесі Шолпан босанып ұл табады. «Балталаса да өлмесін» деп атын Балта қояды. Артынан біраз жылдан соң ел жайлауға көшіп бара жатқанда, жол үстінде Шолпан бәйбіше босанып ұл табады. «Көшіп келе жатқанда туды» деп атын – Көшебе қояды. Танаш би қартайған шағында әрі келіні, әрі балдызы Балқашқа үйленеді. Егін пісіп, ел тары орып жатқанда Балқаш босанып ұл тауып ел атын – Тарышы деп қояды. Осы үшеуі тұрақтаған соң аға-жеңгелері, Салықты «Сыйлы бала» деп ақырында, Сыйбала / Сибан / – атанып кетеді. Сөйтіп Танаш бидің үлкен ұлы Балғадан туған – Салық – /Сыйбала/ Сибанға көш бастауды береді. Ал Балта ноқта ағасы делінеді. Сыйбала /Сибаннан/ – Әділгерей, Хажыгерей туады. Әділгерейден – Ахмет, Жәнібек, Әжібек, Әлібек туады.

Жәнібектен – Майқы, Майқыдан – Есім, Есіл би туады. Есіл биден Жарқын туады. Жарқын мырзадан – Тау батыр туады. Таудан – Шимойын, Шонматар, Ерімсары, Күнгере, Қортық туады. Қортықтан – Қошқарбай, Қошқарбайдан – Ақпанбет, Тоқпанбет. Тоқпанбеттен – Беспай би туады. Беспайдан – Қуат, Седір туады. Ақпанбеттен – Сейіт. Сейіттен – Естемес мырза. Естемес мырзадан – Есеней мырза

/1778-1870 ж. /, Есеналы туады.

Есенейдің Аманжол, Аманкүл деген екі ұлы 1826 қайтыс болады. Онан кейін бала тұрмайды. Есеней 1822-1865 жылдары үздіксіз Құсмұрын, Аманқарағай дуандарында ауысып /үздіксіз/ аға сұлтан болған. Жыртқыш, азулы, ел қанағыш, Орта жүз Керей еліне әмірін жүргізген шонжар, әрі батыр болған кісі. Мұсылманша сауатты, діншіл, фанатик болған адам. Белгілі әнші, шешен, сол заманның шонжары Зілғара Қаратоқа ұлының апасы Қанықей сұлу осы Есеней Естемесовтің әйелі. Есеней Естемесов – қазақтан бірінші шыққан сұлтан-правитель кісі. Әйелі Қанықей 1849 жылы қайтыс болады. Есенейден осы күні ұрпақ жоқ. Есеней өте қатал жауыз адам болған. 1865 жылдан 1870 жылға дейін тырысқақ /паралич/ ауруымен аурып қайтыс болған. Атақты Марал ишан осы Есенейге өкпелеп, Сыр бойына Керей-Уақ руларының бір тобын бастап көшіп кетіпті. Бертіс ұлы Қожағұл /Біржан салдың ұлы әкесі/ 1826 жылдың күзінде Есенейге өкпелеп Нұралы Керейдің «Бүркеу» деген қыстауынан көшіп, Бурабайдағы Ақсары Керейге барады. Қожағұл Нұралы Керейдің Кешек табынан шыққан, зиянсыз, малды кісі болған. Есеней жездесі Табей Барлыбаевпен, бажасы Шөнке Маманаевпен /Шөнке батыр әйгілі Зілғара Қаратоқа ұлының ең үлкен апасы Күнікей сұлуды алған жездесі. / тізе қосып, 1827 жылы Бурабайдағы «Қызылағаш» деген жерден Керей жасағының күшімен Абылай ханның ұлы Қасым төрені ұлдары Есенгелді, Саржан, Кенесары төрелермен қоса көшіріп Торғайға дейін қуып тастаған. Себебі Қасым төре Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл руларының бейбіт ауылдарын, өзі сияқты қатыгез ұлдары бастаған жендеттеріне шапқызып, малын айдап алған. Әрі Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл руларының қыстауларына өрт салдыртқан.

Есенейдің ауқымынан шықпайтын Қызылжар, Қорған, Түмен, Омбы төңірегіндегі Керей руы Қасым төреге қарсы тұрған. Керей елін – Уақ, Атығай-Қарауыл рулары қолдап, осы рулардың жігіттерін Есеней Естемесов басқарған. Кейін Кенесарыдан қорлық көрген Қанжығалы-Күрлеуіт руларының біраз елдері Есенейге келіп паналаған. Олар да Керей-Уақ жасағының құрамында болған. Есенейде «Қурай емген» аталатын асыл жылқының түрі болған. «Қурай емген» құлынды Есенейдің ұлы әкесі Сейітке, Керей руының түрікпеннен жылқы тартқан батырлары тастап кетеді. Сейіт ол кезде әкеден жетім қалып, Сіргелі Уақтағы нағашылары Әзберген, Қосай мырзалардың қолында жылқы бағып жүріпті. Кейін Қызылжар төңірегіндегі еліне келеді. Ал «Қурай емген» құлыннан (ұрғашы құлын) көп жылқы өрбиді.

Ал Сибан Керейдің көпшілігі ертеде Көкшетау төңірегін мекен қылыпты. Шонматардан – Байназар туады. Шимойыннан Сайын, Шора, Жаназар, Маназар, Қайназар, Жылыбай, Қосай туады. Қосайдан – Сырымбет туады. Жаназардан – Жайылған.

1805 жылға дейін Шимойын Сибан Керей – Сырымбет, Имантау, Сандықтау, Ақан тауы, Жамантау деген Көкшетау өңіріндегі мекендерді қыстап келген.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде Ерімсары Керей, Шимойын Керейдің көпшілігі, Шоқматар Керей, Бармақ Уақ рулары басқа да Ашамайлы Керей мен Уақтың көп руларымен бірге Абақ Керейге еріп, Алтай Шәуешекке *өтеді.* Қазіргі Жамбыл ауданындағы «Жаңажол» аулында Қортық Сибан деген керейлер тұрады. Ал, Сәбит аулында Шимойын Керейдің Жайылған табы тұрады. /Қасай, Жылыбай тұқымы. / Шимойынның біраз тұқымы Шығыс Қазақстан облысы Кеңес кезіндегі Большенарым ауданы – Алтай, Черняховский кеңшарларында тұрады. Шимойын, Ерімсары, Шоңматарлардың ұрпақтары Семей облысының Шұбартау ауданы, Шар станциясы, Шығыс Қазақстан облысы Таврия ауданы, Ақмола облысы Ақкөл аудандарында тұрады.

Балтадан Қарасары, Нашан, Көрікті, Жайылған, Бексейіт, Ақсары, Жекекөл, Ертіс, Тобыл, Есіл туады.

Балта Керейдің жайылған руы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Есіл

ауданындағы Спасовка селолық округы, Петровка, Амангелді селолық округтарында, Мамлют ауданы Менгесер, Қызыласкер, Ново-Михайлов селолық округтарында тұрып жатыр. Ал Нашан және Көрікті рулары Шал ақын ауданында және де Жамбыл аудандарында тұрып жатыр. XYIII ғасырда Жоңғар әскеріне қарсы күресте, қазақ әскерлеріне қолбасшы болған Тұрсынбай батыр /1713-1819 ж. / осы Балта Керейден шыққан. Ел аузындағы аңызға қарағанда Тұрсынбай батыр. Башқұрт Юлай бидің қарындасы Жамал сұлуды алған деседі. «Өлі аруақ сен түгіл, тірі аруақ Абылай да өлейін деп жатыр, үніңді өшір» – деп осы Тұрсынбай батыр 1755 жылы шабуылдан қайтып келе жатқанда жүрегін сынау үшін, бейіт ішінде әдейі күңіреніп жатқандарға ақырыпты. Бейіт қалмақ бейіті екен деседі.

Балта Керейдің шежіресін журналист-жазушы Ожан Қалиұлы Амандық тегі, Аманкелді Құттыбайұлы Кенжекозы тегі, Әміржан Қаратайұлы Бейсекеев және де Әлібек Галеев жинастырған деректер, Ожан Қалидың «Ойтолғау» жыр жинағында /2004 жыл. Петропавл қаласы, 438 бет/ берілген. Көшебеден – Жауынгер, Әлмамбет, Жалайыр туыпты.

Жалайырдан /дау үстінде туды деп атын Жалайыр қойыпты. / – Бұзау, Қоңыр, Жылсай, Бағылан, Қылмойын /шын аты Есназар/ туыпты. Әлмамбет, Жалайыр Көшебелер Свердловск, Челябі, Қорған облыстарында тұрады. XIX ғасырдың басында Әлмамбет, Жалайыр Көшебелердің бір мың жарым түтіні болыпты. Ал Жауынгерден – Шілікші /шын аты Наурыз / туады. Шілікшіден – Жаңбыршы батыр, Бораншы, Құланшы туады.

Бораншыдан – Шақабай, Шақаман. Шақабай, Шақаман Керейлер XIX ғасырдың бірінші ширегінде Алтай – Шеуешекке өтеді. Құланшыдан – Жамансары, Бұзау. Қарабатыр, Ноғай, Жаманқара туады. Жаңбыршы батырдан – Қараораз, Шамил, Құдайберді туады. XIX ғасырдың бірінші ширегінде Құдайберді Керейлер Кереку төңірегіне өткен.

Шамилден – Бекназар, Қосай туады.

Бекназардан – Қожагелді, Шақантай туады.

Осы арада жылқышы Мақанның кім екенін айта кетейін. Ол Сәбитпен аталас Сибан руынан. Ғабит Мүсіреповтің ұлы атасы Мүсірептің баласы Кәжімбайдан Махмет (Махмұт), Ақан, Мақан, Самұрат туған. Махмұттан Ғабиттің туғаны баршаға белгілі. Сонда Мақан Ғабитке немере аға, ал қазақы жолға қарағанда әкесі сияқты болып есептеледі. Мақанның Әсима деген қызын менің үлкен ағам Сапиға айттырып қосқан. Сонда Мақан бізге құда болып саналады. Ол біздің үйге қонақтап келгенде Сәбит Мұқановтың "Өмір мектебіндегі" әңгімелерін оқимын да құдамыздан "осы жазып отырғанының бәрі рас па?" – деп сұраймын.

– Рас қой, рас. Әрине, жазушы болғасын бәрін суреттеп жеткізеді ғой. Ауа райы ашық күндері тебіндегі жылқыны қоста отырып-ақ бақылаушы едік. Ет асамыз. Уақыт жеткілікті. Қоста отырып өлеңді ермек қылатынбыз. Сәбит ұзақ қиссалардың өзін жатқа айтушы еді. Өзі де өлең шығаратын. Мен оған "Көрғұлы" жырын, ертегілер

айтушы едім. Мен Жаманшұбарға киім ауыстырып, ас-су әкелуге кеткенде бір биені қасқыр жарып кетіп, сол пәле болды, – деп күрсінетін Мақан құда.

Төрт ай жылқы бағып, еңбек ақысына тиесілі төрт сом ақшасын ала-алмай, құралақан ауылына оралып, жұмыссыз жүрген баланы алыс сапарға шығатындар атқосшы қылып алып кетеді. Әсіресе, Сырымбетке сапары балаға үлкен әсер қалдырады. Ол осы сапарында талай әншілерді, күйшілерді, жыршыларды, тіпті өзі "балуандардың балуаны" деп атап кеткен Балуан Шолақты, күйсандық – граммафонды, қазақ "шайтан арба" деп ат қойған – велосипедті көріп, таңғалып келеді. Бұл сапары туралы Сәбең: "...Кішкене көлемді көлдің өзі сирек кездесетін Жаманшұбардың шөлейт даласында өскен маған Есіл сияқты кең арналы, мол тоғайлы ұшықиырсыз өзенді көру қандай тамаша?.. Қай жағына қарасаң да, төмпеден басқа биігі жоқ Жаманшұбардың жазық даласында өскен маған Сырымбет сияқты тауды көру қандай қызық!. . " – деп жазады.

Иә, бала Сәбитке, жастайынан ақын, жазушы болам деп қиялдаған Сәбитке осы сапарында көрген-білгендері, бала-ұстаз, бақыршы-бала болған кездердегі үлкендерден, көнекөз қариялардан естіген-оқығандары шығармашылық шабыт берген шығар-ақ! Оның үстіне жастайынан осы төңіректегі ақын-жыршылардан естіп, жаттап алған қисса-дастандарды нақышына келтіре айтып үйренген ол енді өзі де өлең шығара бастаған. Оған қоса жаяулап-жалпылап Омбыға жетіп, оқытушылар курсында білім ала жүріп, ұстазы Мағжан Жұмабаевқа хатшылық етіп, оның лекцияларын қағазға түсіруі Сәбиттің ой-өрісін кеңейте, ақындық шабытын шыңдай түскен. Соның арқасында сонау 1917-1919 жылдары "Көңілім", "Бостандық" деп аталатын көлемді өлеңдері баспасөз бетінде жариялана бастаған. Ал жиырма жасында поэмалар жазуға ден қойған. Қысқартып айтар болсақ, Сәбит Мұқанов өзінің 73 жылғы өмірінде қазақ әдебиетінің барлық жанрында өндірте еңбек етіп, артына мол мұра қалдырып кетті.

Сәбит Мұқанов "бар болсақ көре алмайтын, жоқ болсақ – бере алмайтын" ағайыннан ешқандай көмек болмаса да, қалтасында бір құдалықта "Қамбар батыр", "Қыз Жібек" жырларын жатқа айтып, артынан таяқ жеп, жинаған жиырма жеті сом ақшамен жолға шығып, Қызылжар арқылы Омбыға жетіп оқыған, артынан Петропавлда Ақмола губерниялық, облыстық "Бостандық туы", "Кеңес ауылы" газеттері редакциясында қызмет істеген, Мәскеу мен Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург), Орынборда білім алған, Қызылорда мен Алматыда басшы қызметтер атқарған жылдарда, тіпті шетелдерде іссапармен жүргенде де туған ауылын, кіндік қаны тамған жерін ұмытпаған. Ауыл ақсақалдарына, әкесі Мұқанның інісі Мұстафаның баласы Шәкенге үнемі хат жазып, елдің амандығын біліп, алдағы жоспарларымен бөлісіп отырған.

Сондай хаттың бірінен үзінді келтіре кетейін: "...Сүйікті Шәкен! ...өзіңе мәлім, мен туған ауылдан 1918 жылы кеттім ғой. Содан бері қандай ауыр жағдайлар болғанымен, туған ауылға жылына бір рет бармаған кезім болған жоқ. Енді, өзге жүрісті қысқартқанмен, сол ауылға әлі жыл сайын барып тұрсам деймін. Оны өмір көрсетеді... "Сәкен Сейфуллин" аталатын пьесаны өңдеуге кірістім...Бір жұмысқа отырсам, қадалып қалатынымды білесің. Мына пьесаға да сөйтіп, біраз шаршаңқырадым. Енді, әдейі, сентябрьдің орта кезінде Қызылордада болатын Асқар Тоқмағанбетовтың алпыс жасқа толған юбилейіне барып қайтамын да, содан кейін Мәриям екеуміз Қырым мен Кавказдың біреуіндегі курортқа кетіп, бір айдай демаламыз. Ар жағында тағы да жазуға отыратын болармын. Ол Шоқан Уәлиханов туралы роман болуға тиісті... Балашаға аман... Туысқандық сәлеммен, Сәбит Мұқанов. 2 сентябрь 1965 жыл".

Иә, кім болсын, қайда жүрсе де туған жерін, ел-жұртын аңсап-сағынатыны белгілі. Ал Сәбит Мұқановтың болса ағайын-туғандары, дос-жарандары тұрып жатқан ауылын әрқашан аңсауында бір сыр бар. Жазушы өзінің естелігінде: "...1723 жылы болатын "ақ табан шұбырынды, ала көл сұлама" жұтында Сыр бойында көшіп жүрген біздің ел де, қазіргі мекеніне ауып, Россияға еркімен бірінші боп қосылған ауылдардың қатарына кіреді", – деп жазады. Сол ұлы көште Керей руынан тараған әр атаның баласы жолжөнекей өздеріне ұнаған, жанға сая, малға пана боларлық жерлерге орныға бергенге ұқсайды.

Сәбит Мұқановтың айтуы бойынша, өзінің кіндік қаны тамған Жаманшұбардағы (қазіргі Тимирязев ауданы) Дос көлін жағалай қонған қырық-елу үйді "Қырдағы Сибан", ал одан жиырма бес-отыз шақырымдағы Есенейдің Қайран көлін (қазіргі Жамбыл ауданы) жайлаған жүзден астам үйді "Ойдағы Сибан" деп атаса керек.

Осындағы "Ойдағы Сибан" орныққан жердің табиғаты өте көркем. Жағалай орман, толып жатқан бірінің суы ащы, бірінің суы тұщы көлдер. Аңы мен құсы көп, балыққа бай. Ол аранның әсем табиғатын Ғабит Мүсірепов өзінің "Ұлпан" романында былай суреттейді: "...Қырдың суымен тез өсіп кететін көңді жердің бидайығы бас жарып, үлпілдегі шашақтана бастапты. Одан әрі, жарқырап жатқан көлге дейін, қара топырақты жерге шығатын мың түрлі асыл шөптер гүл атып, қызылды-жасылды шұбартып жатыр. Қыр жоңышқасының сарғыш, жасыл көк гүлдері де қою көрінеді... Балғын көктем бар ажары мен мырзалығын төге салыпты...Ұлпан пәуескеден түсе сала, көзін жұмып, мұрнын дала иісіне тосып, бір-екі рет кеудесін кере демін алды да: – Жұмақ қой мына жер! – деді..."

Бала Сәбиттің, балғын Сәбиттің, қиялшыл Сәбиттің "Қырдағы Сибаннан", "Ойдағы Сибанға" келген сайын осындай жұмақ жерге қызықпауы мүмкін емес еді! Оның үстіне жылқы бағудан қуылып, екі қолына бір күрек таба алмай отырғанда Сәбит Құтырлағанға жұмысқа шақыру алады. Қазақтар Екатериновка деген орыс станицасын Құтырлаған деп атап кеткен. Ол былай болған екен. Қазақ даласын Ресейдің патша үкіметі отарлаған кезде Гурьев, Орал, Орынбор, Орск, Троицк, Пресногорьков, Преснов, Петропавл, Омбы және одан әрі Ертістің бойымен Зайсанға дейін жоңғар шапқыншыларынан қорғаныс шөптері салынады. Екатериновка – Преснов пен Пресногорьков арасында бой көтерген станица. Жаздың бір күні осы маңайда әр орманның баурайында отырған қазақ ауылдарының біріне қару-жарақ асынған казак-орыстар келеді. Ондайды көрмеген қазақтардың кәрі-жасы қорқып, үйлеріне, ағаш арасына тығылады. Есік алдында шиге жайылған құртқа таңғалған казак-орыстар біразын қалталарына салып алып кетеді. Осыдан барып қазақтар Екатериновканың тұрғындарын "құрт ұрлағандар" деп айтады. Сөйтіп, станица артынан «Құтырлаған» аталып кетеді. Осында жалданып бір-екі жаз қара мал баққан Сәбит тағы жұмыссыз қалғанда Керей ішіндегі Қапсытқа жататын Балықбайға бала оқытуға шақырылады. Одан кейін нағашым Ахметтің Шәймерденінің оны Жуанағашқа әкелгенін жоғарыда айттым. Сәбит Құтырлағанда мал бағып жүргенде осы араның қоныс тебуге қолайлы жеріне де көз салғанға ұқсайды. Өйткені, патша құлап, кеңес өкіметі орнап, жаз жайлауда, қыста орман-тоғайдың ығында паналап күн көріп жатқан қазақтарды отырықшылдыққа күштеп көшіре бастаған шақта Қызылжарда "Бостандық туы", "Кеңес ауылы", артынан Қызылордада "Еңбекші қазақ" газеті редакцияларында қызмет істеп, журналист, ақын, жазушы ретінде халыққа танымал болған Сәбит Мұқановтың ойына орман-тоғайы жоқ мидай даладағы "Қырдағы Сибандарды" өзі айтқандай "Ойдағы Сибандардың" жанына көшіру келгенге ұқсайды. Сөйтіп, ауылдың алғашқы қадасы Құтырлаған мен Ғабит Мүсірепов дүниеге келген Елтінжал арасындағы орманның қойнауына қағылады.

– Ата-атаға бөлініп, орман-тоғайларды, көлдердің маңын мекен қылып отырған қазақтар бірігіп, қолайлы жер таңдап, шымнан үйлер сала бастадық. Осы кезде ауылдарға ат қою мәселесі туындады. Түркпен тұқымы шоғырланған ауылдың болашақ тұрғындары Қызылордаға Ғабитке хат жаздық. Ол: "біз жаңа жолға" көшіп жатырмыз ғой, сондықтан ауылдың атын "Жаңажол" қойған дұрыс болар", – деп жауап берді. Сөйтіп, Сибандардың бір ауылы Жаңажол атанды. Ал екінші ауылды Сәбиттің еңбегін бағалап соның атымен атайтын болды, – деп еске алған еді өткен ғасырдың сексенінші жылдарында маған ауыл ақсақалы Бейсен Тәпелов.

Көзі тірісінде өз аты елді мекенге берілген адам жер жүзінде болды ма екен? Әй, жоқ шығар! Ондай Құрмет Сәбит Мұқановқа ғана көрсетілген болар-ау! Сәбеңнің жазуынша, бұл жерде ауыл шаруашылығы артелі 1926 жылы ұйымдастырылыпты. Оның іргесін қалауға Бейсек Тәпелов, Исақмет Мырзаханов, Райысқали Сүлейменов, Ұл Бекішев, Исақмет Бейсенов, Сағит Жоланов, Рамазан Ережепов, басқа да белсенділер

зор үлес қосқан. Мен осылардың біразын қартайған шақтарында көрдім. Олар алғашында сегіз үйден құралған "Мойын қос" артелі бара-бара үлкейіп, 1929 жылы Сәбит колхозына айналғанын айтатын.

Сәбит Мұқанов өзінің алпысқа толған мерейтойын осы ауылда өткізді. Ол менің тоғызыншы класқа оқуға баратын жылым еді. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты жаңадан құрылған "Озерный" совхозында автокөліктер көп болды. Солардың біріне ілігіп бірнеше оқушы Сәбитке бардық. Салт атқа мінген ауыл жігіттері осында әр жақтан келіп жатқан адамдарды қарсы алып, қай шатырға баратынымызды нұсқап отырды. Той түс кезінде басталып кетті. Ауылдың орталық көшесінің бойына екі "ЗИЛ" жүк автокөлігінің қораптарын біріне-бірін тақастырып қойып, сахна жасапты. Оның арғы жағында жаңадан қарағайдан салынып жатқан, бірақ құрылысы бітпеген үй көрініп тұрды. Сахнаға шығып, сөз сөйлеп, жерлесімізді мерейтойымен құттықтаған басшылардың бірі (Қостанай облыстық партия комитетінің бе, әлде Пресногорьков аудандық партия комитетінің бе хатшысы екені есімде жоқ) бұл үйдің әдейілеп Сәбит Мұқановқа салынып жатқанын айтты. Осы арада алдымды орағыта айта кетейін, қазір Сәбит Мұқановтың музейі орналасқан бұл үйді әркім жазушының немере інісі Шәкен Мұстафиннің үйі деп жаңсақ айтып жүр. Шындығында олай емес. Үйді салып бітіргеннен кейін Сәбит Мұқановтың рұқсатымен оған немере інісінің отбасы қоныстанған болатын. Ал жазушының 90 жылдық мерейтойына орай музей ашу мәселесі қозғалғанда үй босатылып, жанындағы қора-қопсылар сырылып тасталып, орнына қонақүй салынды. Алдына Сәбит Мұқановтың мүсіні орнатылды.

Сәбең Омбыда, Ленинградта (Санкт-Петербург) оқыған жылдары сол қалалардағы мұрағаттар мен кітапханалардан көрнекті ағартушы-демократ, саяхатшы, этнограф, фольклоршы, Орта Азия, Қазақстан және Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен мәдениетін, әдет-ғұрыптарын зертеуші-ғалым Шоқан Уәлихановтың өміріне қатысты материалдар жинаған ғой. Соның негізінде жазған пьесасы осы мерейтойда автокөліктердің қорабынан жасалған сахнада көрсетілді. Басты рөлді сомдаған Нұрмұқан Жантуринді, Шоқанның сүйіспеншілігіне ие болған Айжан бейнесін жасаған Шара Жандарбекованы, сондай-ақ, Сералы Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Ыдырыс Ноғайбаев, Күләш пен Қанабек Байсейітовтер, ағайынды Ринат пен Мүсілім Абдулиндер және басқа да қазақтың көрнекті актерлері мен әншілерін осы жерде көру бақытына ие болдым. Спектакль барысында Шоқанның Айжанды жақсы көріп, құшақтап, аймалайтын жері бар екен. Осы тұста Құрманбек Жандарбеков актер Нұрмұқан Жантуринге: "менің әйелімді неге құшақтайсың", – деп қолындағы таяғымен қорқытқан болып, халықты күлдіргені әлі есімде қалыпты. Қойылым біткеннен кейін сахна сыртына барып Шоқанның шинелін ұстап көрдім.

– Тез орнына қой, Нұрмұқан бұл шинельді ешкімге ұстатпайды, көзінің қарашығындай сақтайды, – деді актерлердің бірі. Ескіріп, тозығы жеткен шинельді орнына қойып, ол арадан тез ізімді суыттым.

Содан кейін мен Сәбит Мұқановты 1966 жылы көрдім. Бұл сол кезде алып мемлекет – Кеңес Одағын басқарып, Қазақстанның бес облысын Ресейге қоспақшы болып, тың өлкесін құрған Никита Хрущевтың арам пиғылы, жымысқы жоспары жүзеге аспай, облыстардың қайта қалпына келтіріліп, жабылып қалған "Ленин туы" (қазіргі «Soltústik Qazaqstan») газеті оқырмандарының қолына араға үш жыл салып, жаңадан тие бастаған кез еді. Сол жылы ауа райы қолайлы болып, егін бітік шықты. Маусым айының бір күнінде редакцияға Алматыдан келген жазушылар сау ете қалды. Олар Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов және Иван Шухов болатын. Облыстық партия комитетінің өкілі бастап келген жерлес жазушылар редакция ұжымымен кездесіп, біраз әңгімелескеннен кейін бәріміз суретке түстік. Жазушылар бірінші қатарға қойылған орындықтарға жайғаса бергенде Ғабит Мүсірепов: "мына антұрған тағы ішіп алыпты ғой, иісі мұңкіп кетті", – деп қалды. Ол Иван Шуховты айтып отырса керек. Несін жасырамыз, ол бәрі "ішетін" заман еді ғой! Мен бұл жолы Сәбитке де, Ғабитке де жолаған жоқпын, жақындауға мүмкіндік болмады. Маған екі алыппен 1967 жылы ғана жақынырақ танысу мүмкіндігі туды. Сол жылы С. М. Киров атындағы

қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түстім. Ол кезде Қазақстанда жалғыз университет, ал журналистика факультеті сонда ғана болатын. Бір орынға сегіз үміткер таластық. Әсіресе, оңтүстіктен келгендер көп болды. Қостанай, Көкшетау, Қызылжар өңірлерінен бір-бірден ғана үміткер болдық. Соған қарамастан емтихандардан ең жоғары баға алып, оқуға қабылдандым. Декан университетке қабылдағандарды жинап, жиналыс өткізгеннен кейін сабақтардың келесі күні басталатынын хабарлады. Мен осы бос уақытты пайдаланып, жерлес жазушылар Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповті тауып алып, сәлем берейін, танысайын деп шештім.

Ол кезде университет ғимаратының жанында бас пошта болатын. Оның алдында маңдайшасында "Адресное бюро" деген жазуы бар дүңгіршек тұрушы еді. Сонда барып, маған жерлес жазушылардың мекенжайы керек екенін айттым. Бір-екі күннің ішінде екеуінің де мекенжайын тауып берді. Ол үйлер университеттен тіпті алыс емес екен. Қуанып кеттім. Алдымен Сәбит Мұқановтың пәтерін тауып алдым. Менің бағыма қарай Сәбең үйде екен. Есік ашқан Мәриям шешемізге Қызылжардан келгенімді, Ахметтің Шәймерденінің жиені екенімді айттым. Осы кезде:

– Бұл қай бала? – деп арғы бөлмеден Сәбеңнің өзі де шыға келді.

– Қызылжардан келдім. Негізі Қарақамыстанмын. Жантемірдің Мырзахметінің баласымын. Ахметтің Шәймерденінің жиенімін. Шешем – Көкеш.., – деп айта бастап едім:

– Мында жүр. Мәриям, шайыңды қамдай бер. Мына бала елден келген екен, ауылдың амандығын сұрап, әңгімелесе тұрайық, – деп мені төргі бөлмеге алып барды.

– Ұмытпасам, осы сенің әкең соғыс кезінде біздің ауылда бригадир болған жоқ па?

– Иә, әкемнің айтуынша, Ұлы Отан соғысы кезінде Сіздің ауылда трактор-егіс бригадасының бригадирі болыпты. Ол кезде біздің Ақбалық, Қарақамыс, Октябрь, Сәбит, Жаңажол, Майбалық, Нұрымбет колхоздары Күргөйлек (Пресноредуть) МТС-іне қарапты. Әкем броньмен соғысқа қатыспай, ауылдағы бала-шағалармен, қыз-келіншектермен, жесір әйелдермен жұмыс істеп, астық өсірумен айналысқан ғой, – деймін.

– Иә, әкеңнің шапағатын біздің ауылдың тұрғындары көп көрді. Сол бір ел басына күн туған кезде ол қолдан келген көмегін аяған жоқ. Соғыс кезінде ауылға көп бара алмасам да хабар-ошарымыз үзілген жоқ, жағдайды біліп отырдым ғой. Әкеңе сәлем айт! Ризамыз! Аман-сау болсын! – деді Сәбең.

Содан кейін менен бір-біріне таяқ тастам жерде орналасқан өзінің балалық бал шағы өткен ауылдардың қариялары туралы сұрады. Ауылымыз аралас, қойымыз қоралас болғасын, оның үстіне бір-екі ауылда мұғалім, одан кейін "Озерный" совхозында комсомол комитетінің хатшысы болып істегендіктен бұл ауылдардың тұрғындарының біразын білуші едім. Кейбірін жақынырақ білмейді екенмін. Сәбең сұраған адамдардың бірін біліп, бірін танымадым. Қатты қысылдым. Ауылдан он сегіз жасында кеткен Сәбеңнің білетіні менен көп болып шықты.

Осылай әңгімелесіп отырғанымызда, Мәриям шешеміздің шайы да дайын болды. Төргі үйдегі ұзын столдың бір шетіне ыдыс-аяқ та келе бастады. Еркін отырып шай іштік, әңгімемізді жалғастырдық. Сәбең менен Алматыға не шаруамен келгенімді сұрады. Мен өзі кезінде қызмет істеген Солтүстік Қазақстан облыстық "Ленин туы" газеті редакциясында қызмет істейтінімді, осында келіп Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түскенімді айттым.

– О, жарайды екен! Декандарың кім?– деп сұрады.

– Профессор Тауман Амандасов деген кісі екен, – дедім.

– Е, ендеше мен оған телефон шалайын, саған көмегін аямайды, – деді.

– Жоқ, телефон шалмай-ақ қойыңыз, емтихан нәтижесі бойынша ең жоғары баға алыппын, менің қызметім де басқалардікінен жоғары екен (жауапты хатшының орынбасары), оның үстіне "Солтүстіктің жігіттері адал келеді, орысша да жақсы сөйлей алады" деп мені курс старостасы етіп тағайындады, – деп мақтаныңқырай сөйледім.

Осының өзінен-ақ Пайғамбар жасынан асып кеткен академик-жазушы бола тұра

жастарға қамқорлық жасау үшін әлдебіреулерге бас июге де барғысы келіп тұрғанын сездім. Біздің жақтан Алматыға келіп оқып, ашқұрсақ жүрген талай студенттің Сәбеңнің үйіне барып, Мәриям шешеміздің қолынан дәм татып, тамаққа тойып, оның үстіне ақша алып кететінін естітінмін. Оның расына осы жолы көзім жетті. Сәбең тіпті Мәскеуде Әдебиет институтында оқып жүргенде оған жатақханадан берілген бір бөлмеде әйелімен, екі баласымен, ауыл жақтан келген үш туысымен – барлығы жеті адам тұрған ғой. Бұл жөнінде Мәриям Қожахметқызы өз естелігінде былай деп жазады:

"...Сонымен, не керек, жеті жан болып, аядай бір бөлмеде тұрып жаттық...Сәбит біздің бәріміздің төсекке жатып, ұйқыға кетуімізді күтіп, сенделіп жүреді де қояды. Біз жатқан соң, бетімізге жарық түспесін деп, төбедегі асулы шамды газетпен қымтап орамалмен жауып, жұмыс істеуге отырады...".

Осы күні ойлап отырсам, мен Сәбеңнің үйіне алғаш барған жылы Мәриям шешей алпыста екен-ау! Бұл жаста ауылды жердің әйелдері кемпір болып қалатын еді-ау ол кезде. Әрине, ауыл тұрмысы ауыр болды ғой. Десек те, Мәриям Қожахметқызының да тұрмысы оңай болған жоқ қой. Жоғарыда айтқанымдай, Сәбең Ленинградта, Мәскеуде оқыған кезде Қызылжарда, Қызылордада, Алматыда тұрған кездерде де талай қиындықтарды бастан кешірген-ақ. Ал 1937 жылғы, қуғын-сүргін кезіндегі бастан кешкен қиындық бір төбе.

Сәбең партия қатарынан шығарылып, қызметтен шеттетілген кезде шиеттей төрт балаға тамақ тауып беру, отбасын асырау қиынға соқса да "аққа құдай жақ" деп бір Алладан ғана жәрдем күткен, ауыртпалыққа мойымай, тіпті Сәбеңе пальто тіктірмек болған матаға дейін сатып күн көрген. Айта берсең, Сәбеңнің отбасында мұндай қиындықтар аз болмаған-ау.

Осы таныстықтан кейін маған Сәбит Мұқановпен де, Мәриям шешеймен де талай кездесіп, табақтас болу бақыты бұйырды. Мен университетте оқыған 1967-1973 жылдарда да оқу сессиясына, артынан Алматы жоғары партия мектебіне білімімді жетілдіру курстарына, сырқаттанып емделуге барған кездерімде міндетті түрде Сәбеңе барып, сәлем беруді дәстүрге айналдырдым, ал Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов Қызылжар өңіріне келген сапарларында жандарында атқосшы болып жүретін болдым. Сөйтіп, екі жазушымен де Сәбең айтатындай, "тонның ішкі бауындай" жақындасып кетіп едім. Айта кетерлігі, соңғы жылдары екі жазушы туған жерлеріне әр жылда кезектесіп келуші еді. Тіпті, Ғабит Мүсіреповтен үйінде отырғанда:

– Биыл ауыл жаққа келетін ойыңызда жоқ па? – деп сұрағанымда.

– Жоқ, биыл естуімше, Сәбит жиналып жатқанға ұқсайды, – деген еді.

Университеттің оқу сессиясына барғанда пәтер жалдап тұратын едік. Қонақүйлерде орын болмайды. Бағасы да қымбат. Реті келген жылдары "Просвещенец" деп аталатын демалыс үйіне жолдама алып баратынбыз. Ол тауда орналасқан. Сол жылдары "Медеу" мұз айдынының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқан. Қолымыз бос кезінде демалыс үйіне жақын жердегі болашақ мұз айдынының құрылысына барып, әсем табиғатты тамашалап, таудың таза ауасын жұтатынбыз. Бірде жазушы Сәбит Мұқановтың 70 жылдық мерейтойына облыстан делегация құрамына енгізілгенім туралы хабар жетті.

Сабақтан қолым босағасын мерейтойымен алдын ала құттықтайын деп Сәбеңнің үйіне бардым. Төргі үйдегі столдың басында Сәбең досы, әнші, Солтүстік Қазақстан облысының халық ақыны, айтыскер Игібай Әлібаевпен әңгімелесіп отыр екен. Өз басым Қызылжар өңірінде Игібай Әлібаев пен Жарман Рахимовтай дәрежеде домбыраға қосыла құйқылжыта айтатын әншілерді кездестірген емеспін. Ән салғанда көмейлері бүлкілдеп, бұлбұлша сайраған әуендері домбыраның қос ішегінен шыққан әсем үнге қосылғанда құлақтың құрышын қандырушы еді! Осы өнеріне тәнті болған Сәбит Мұқанов досы Игібай Әлібаевты Алматының филармониясына әнші етіп алдырыпты да, бірақ Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, ол әскер қатарына алынып, майданға аттаныпты. Соғыстан аман келген Иекең әншілікті тастап, туған ауылындағы мектепке мұғалім болып орналасқан.

– Ал, Игібай, – деді Сәбең, – маған шығарған өлеңіңді осы жерде айтып берші,

оңашада тыңдайық.

Игібай Әлібаев домбырасын алды да досына шығарған әнін құйқылжыта жөнелді. Домбыраның ішегінен шыққан жағымды әуенге әсем дауысы үндесіп-ақ кетті. Сәбеңнің жанары жарқырап, беті балбырап балаша қуанды. Осы сәтте Мәриям жеңгейдің дастарқаны да жайылып үлгерді. Бұл үйге қашан келсең де жылқының піскен семіз еті дайын тұратын. Семіз ет, тәтті тағамдар тағы да дастарқан үстін көріктендіріп жіберді. Сәбең Қызылжар өңірінен Алматыға небір жиындарға барып, өзімен бірге болған басшылар мен қосшыларын ұлтына қарамай "Петропавловские киргизы, айда ко мне домой" деп үйіне алып келіп, қонақ қылатыны аңызға айналып кеткен еді. Сондықтан жиі қонақ келе беретіндіктен Мәриям шешеміз дайын отыратын болған-ау, сірә деп ойлаймын.


Әңгіме-дүкен құрып, тамақ ішіп, біраз отырғаннан кейін мен демалыс үйіне кетуге ыңғайландым. Осы кезде Сәбең орнынан атып тұрып мені жұмыс кабинетіне алып барды. Сосын стол үстінде жатқан мерейтойға шақыру ашық хаттардың біріне менің аты-жөнімді жазып, қолын қойып берді. Осы қымбат құжатты әлі күнге дейін сақтап келемін.





Салтанатты жиын Алматының ортасындағы Опера және балет театрының әсем ғимаратында өтті. Оған еліміздің ғана емес көршілес республикалардың да ақын-жазушылары, партия және кеңес органдарының басшылары, өнер қайраткерлері, жазушының туған-туысқандары жиналды. Не керек, кең зал халыққа лық толды. Сахнаға қойылған ұзын столдың басына республика басшылары жайғасты. Әрине, қақ төрге Сәбит пен Мәриям шықты. Сәбең өзімен бірге ала келген немересін алдына алып отырды.

Мәжіліс ашық деп жарияланғаннан кейін мінбеге


Құрметті Шәріпов Ахмет жолдас

Қазақстан КП Алматы қалалық комитеті мен Қазақстан Жазушылар одағының Басқармасы Сізді жазушы, көрнекті қоғам қайраткері

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ

туғанына жетпіс жыл әрі творчестволық қызметіне елу жыл толуына арналған қала жұртшылығының салтанатты жиналысына шақырады.

Уважаемый товарищ _____

Алма-Атинский горком КП Казахстана и Правление Союза писателей Казахстана приглашают Вас на торжественное собрание общественности города, посвященное 70-летию со дня рождения и 50-летию творческой деятельности писателя, видного общественного деятеля

САБИТА МУКАНОВА

С. Муканов



Мәжіліс осы жылдың 29 мамыр күні сағат 18-де Қазақтың Мемлекеттік Ленин ордені академиялық опера және балет театрында ашылады.

ҚАЗАҚСТАН КП АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

Собрание состоится 29 мая 1970 года в 18 часов в Казахском Государственном ордена Ленина Академическом театре оперы и балета имени Абая.

АЛМА-АТИНСКИЙ ГК КП КАЗАХСТАНА
ПРАВЛЕНИЕ СОЮЗА ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА

Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің өкілі көтеріліп, СССР Жоғарғы Кеңесінің академик-жазушы Сәбит Мұқановты 70 жасқа толуына және Кеңес Одағы әдебиеті мен мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін Ленин орденімен марапаттау туралы Жарлығын оқып берді. Көңілі көтеріңкі, беті бал-бұл жайнап отырған Сәбеңнің осы сәтте кескіні өзгеріп сала берді, ұңжырғасы түсіп кетті. Естуімізше, алдында оған Социалистік Еңбек Ері атағын беру жөнінде құжат Мәскеуге кеткен болатын, бірақ мәселе осылай шешіліпті.

– Сәбеңе обал болды-ау, ол жоғары атаққа лайық жазушы ғой, – деді үзіліске шыққандардың бірі.

– Сәбең кезінде Қонаев ғылым академиясын басқарып тұрғанда оны сынап еді, – деп еске алды екіншісі.

– Мәскеуге мұндай құжат жіберілгенімен артынан республиканың бірінші басшысы, оның растығын айтып телефон шалуы керек екен. Ондай қоңырау болмаған ғой..., – деді енді бірі.

Осы әңгімені өз құлағыммен естідім. Мерейтой келесі күні Жазушылар одағының мәжіліс залында жалғасты. Онда тойға келгендер Сәбеңе сыйлықтарын табыс етті. Біздің облыстан барған делегация қанша ақша бергенін білмеймін, келесі күні үйіне барып, Петропавлдағы С. М. Киров атындағы зауытта шығарылған "Қазақстан" радиоқабылдағышын сыйладық. Делегация басшысы, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Әнуарбек Шманов бұл радиоқабылдағышты үйде ғана сақтап, ешкімге көрсетпеуді сұрады. Өйткені, ол кезде бұл зауыт – жабық кәсіпорынға жататын. Ал мұндай радиоқабылдағыш су асты сүңгуір қайықтарына орнату үшін жасалатын. Ол теңіздің астында қандай тереңдікте болса да жер жүзінің кез келген жерінен радиохабар алуға мүмкіндігі бар құрал болатын.

Сәбит Мұқанов өзінің "Саяхаттар" деген кітабында туған жерге деген сағынышын былай білдіреді: "О, туған жер! Міне, біз туған жерге таянып та қалдық. Оның әрбір алаңы, өрі, сайы, саласы, дөңі, ойпаты, ағашы, алабы, көлі, томары ...бәрі ...бәрі менің алақанымда!.. Алыстан көрінген оның әрбір орны, маған келуімді күте сағынып тұрған бір туысыма ұқсайды!.." Сәбеңнің туған жерге сағынышы өмірінің соңғы жылдарында тіпті күшейе түскен тәрізді. Мүмкін, содан да болар соңғы кезде Қызылжар өңіріне келуін бұрынғыдан да жиілеткен еді.

Әдетте, Сәбең де, Ғабең де туған жерге келгенде жандарына өздері жақсы көретін ақын-жазушыларын ертіп жүретін. Бұл жолы, неге екенін кім білсін, Сәбең жалғыз келді. Бұрынғыдай халық көп жиналатын кездесулер де онша ұйымдастырыла қоймаған тәрізді. Ол қай жағдайда, қашан келмесін өзі еңбек еткен қарашаңырақ – "Ленин туы" (қазіргі «Soltústik Qazaqstan») газетінің редакциясына соқпай кетпейтін. Бұл жолы да солай болды. Қазақта "қуыс үйден құр шықпа" деген мақал бар емес пе! Біз Сәбеңді қалай қарсы аламыз деп абыржып қалдық. Осы кезде еске "Союзцелинвод" тресінің бастығы Қаттай Кеншінбаев түсті.

"Союзцелинвод" тресі елімізде тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты құрылған болатын. Ол жерасты құбыры арқылы Солтүстік Қазақстан облысын түгелдей, көршілес Қостанай, Көкшетау, Қорған облыстарының бірнеше ауданын таза ауызсумен қамтамасыз етіп тұрды. Тіпті жайылымдағы малдарға да осы су пайдаланылатын. Бұл трест Гиннестің рекордттар кітабына енді. Өйткені, жер жүзінде мұнша ұзын жерасты құбыры ол кезде болмаса керек. Қаттай Кеншінбаев бізді қала маңындағы Водопроводный деген ауылға шақырды. Булаев тораптық су құбыры осы жерден бастау алады екен. "Булаев мүлде басқа жақта емес пе, бұлай аталауының сыры неде?" деп ойлаймыз. Бақсақ, сақтық шаралары үшін тораптық су құбырларының бастауы қайда екенін ешкім білмеуі керек екен.

Қаттай Бектасұлы Сәбит Мұқанов пен бізге құбырға судың қай жерден насоспен беріліп отыратынын көрсетті. Лифтпен астына түстік. Өте терең екен. Қорқынышты болғаны да рас. Судың ағынымен бірнеше генератор жұмыс істеп тұрды.

– Бұл генераторлар насостарға тоқ береді. Сол арқылы су құбырмен ағады. Сонымен бірге құбырларды тоққа қосып қоямыз. Бойында тоқ жүріп тұрған темір

құбырлар тоттанбайды, ұзақ сақталады, – деді Қаттай Кеншінбаев.

Біз үшін бұл үлкен жаңалық болды! Біз осында Сәбеңе қонақасы бердік. Бастығымыз бұл шараға "Ленин туы" газеті редакциясының байырғы қызметкері Әмина Мұхамедрахимова екеумізді алған еді. Ұзақ отырып әңгіме-дүкен құрдық. Сәбең көп әңгіме айтты, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сол жолы жазушымен "Есіл" өзенінің жағасында көп суретке түсіп едік. Бірақ оның бірін де көре алмадық. Фототілші Василий Шейкин отбасылық проблемаларымен әлек болып жүріп, оларды қағазға түсіріп бере алмады. Артынан қайтыс болып кетті.

Иә, Сәбеңнің сол жолғы әңгімесіне қарағанда, алдағы жоспарлары ауқымды еді. Өкінішке қарай, көбін орындай алмады. "Құдай қуат берсе француздың он тоғызыншы ғасырдағы көрнекті прозашысы Оноре де Бальзактан қалыспай жүз томға жетерліктей шығарма жазамын" деуші еді. Құдай оған жазбады. Әсіресе, Шоқан Уәлиханов туралы "Аққан жұлдыз" трилогиясын жазып бітіре алмай, арманда кетті. Сәбең қайтыс болғаннан кейін, яғни 1973 жылы жазда университетті аяқтау емтиханын тапсырып, диплом жұмысын қорғауға Алматыға барғанымда Ғабит Мүсіреповтен:

– Ғабе, жұрт Сәбеңнің "Аққан жұлдызын" сіз аяқтайды деп жүр, сол рас па? – деп сұрадым.

– Сол келген жерінде тұрады ғой, – деп байсалды ғана жауап қатқан еді Ғабең бұл сұрағыма.

Әрине, біреудің ғұмыр бойы зерттеген тақырыбын екінші біреудің жалғастырып жазып кетуі мүмкін де емес қой. Одан әрі Сәбеңнің отбасы тұрған пәтерді мұражай ету туралы сөз қозғалды.

– Ол мәселенің оң шешімін табатын түрі бар. Бұл іспен Мәриям айналысып жүрген көрінеді. Шаруаны бітірмей тына қоймас. Өзі жасынан пысық еді. Менің Төңкеріс аудандық әскери комиссариатты басқарып тұрған кезім еді. Сәбитке қалыңдық іздейтін болдық, оның әйелі де, тұңғыш баласы да қайтыс болыпты, үйленетін қызын қаладан емес, ауылдан таңдауды шешкен екен. Сол кезде менің есіме осы Мәриям түсті. Алдында бір шеткері ауылға баратын болып жолға шыққанмын. Атым болдырып, жолдағы ауылдан басқасын жегуге тура келді. Жол-жөнекей ат ауыстырып алуға құқығымыз болатын. Атқосшылыққа еркекше киінген бір пысық қызды берді. Жолға шықтық. Жегілген ат жолшыбай сүріне берді. Қыз қамшыны басып, арасында атты сыпыртып та алады. Не керек, діттеген жерімізге жақсы барып қайттық. Сәбеңе осы қыз лайықты болады-ау деп ойладым. Екеуін жолықтырдық. Сәбеңдей адамға жар болу екінің бірінің маңдайына жазбаған ғой, – деген еді Ғабең байыппен сөйлеп.

Ғабит Мүсіреповтің үйінен шыққаннан кейін Сәбит Мұқанов тұрған үйге бет алдым. Аралары алыс емес. Біріне-бірі көлденең тұратын екі үй де жақын орналасқан. Осы арада Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі Дінмұхамед Қонаевтың да үйі бар. Сондықтан да болар, осы маңда күні-түні милиционер жүреді. Қазір осы үйде Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық мұражай-кешені, ал Д. Қонаев тұрған үй толықтай мұражайға айналған.

Мәриям шешейге сәлем беріп, көңіл айтуға келгенімді жеткіздім. Пәтер іші сол қалпында екен. Қырық жеті жыл бірге өмір сүріп, тағдырдың тауқыметін де, жарық дүниенің қызығын да бірге көрген, бірлесіп алты бала өсіріп, немере, шөбере сүйген Құдай қосқан қосағынан айырылып қалғанына қайғырса да, оның артында қалған мүлкін, қолжазбаларын сақтау үшін мұражай ашу туралы оң шешім қабылдағанына шүкіршілік етіп отыр екен.

– Бұл пәтер енді мұражайға айналғалы тұр. Еш нәрсені қозғамаймын. Өзіме осы маңнан пәтер беретін болды. Немерелеріммен тұрамын ғой, – деді Мәриям шешей.

Араға бірнеше жыл салып, мұражайға тағы барудың сәті түсті. Мәриям шешей сонда отыр екен. Өзін мұражайдың қор сақтаушысы қызметіне қойыпты. Мұражай әдемі жабдықталған екен. Оның ашылуына және жәдігерлерінің жинақталып, орны-орнына қойылуына, шаруашылық мәселелерді шешуге Сәбит Мұқановтың әрі жерлесі, әрі бала кезінен қамқорлығын көрген азамат Хәкім Бекішев көп еңбек сіңіріпті. Сәбең

Орынбор рабфагінде оқып жүргенде ел ішінен бірнеше жетім баланы Қызылжар мен Орынбордың жетімдер үйлеріне орналастырған екен. Хәкім Бекішев – солардың бірі. Ұлы Отан соғысы кезінде Сәбит Мұқанов "Правда" газетінің тілшісі ретінде майдан шебін аралап жүріп, тағы Хәкім Бекішевке, сондай-ақ, Мәлік Ғабдулинге кездеседі. Соғыстан кейін Хакім Бекішев Талдықорған облысының Қапал ауданына әскери комиссар болып тағайындалады. Осы қызметте жүргенде әйелімен, қайын атасымен Сәбит Мұқановтың үйіне әдейілеп келген жолы оған өзінің жекеменшік "Победа" жеңіл автокөлігін мінгізіп жібереді. Неткен жомарттық десеңізші! Запастағы подполковник Хакім Бекішевтің іскер азамат екенін мен де білуші едім. Мұражай ісімен айналысатын болғандықтан Қызылжардан Алматыға көшіп барған.

– Хакім ағасының еңбегін ақтады. Осы мұражайды жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп ашты, бәрін дұрыстап беріп, он жыл адал қызмет етті. Сәбиттің аруағы риза шығар, – деді Мәриям шешей.

Мәриям шешеймен және оның баласы Марат Сәбитұлымен бұдан кейін де талай кездестім. Ұмытпасам, 1975 жылдың маусым айы болатын. Сәбең де, Ғабең де туған жерге негізінен осы айда келетін. Өйткені, бұл кезде диқандар егіндерін салып болады, пішен дайындауға уақыт ертерек. Сондықтан халықтың қолы босырақ, шаруаларына бөгет болмайды. Мәриям шешей қыздарымен ұшақпен келді. Ал ұлы Марат денсаулығына байланысты пойызбен жететін болды. Облыстық партия комитеті оны қарсы алуды біздің редакцияға жүктеді. Ақыры вокзалға мен баратын болдым.

– Жарайды, Амандық, – деді осы мәселені шешу барысында облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Әнуарбек Шманов, – Маратты екеуміз қарсы алайық. Ол менің бұрынғы бажам еді. Жақсы қатынаста болып едік.

Солай жасадық. Қонақты вокзалдан екеуміз қарсы алып, біздің үйге әкелдік. Түннің біраз уағына дейін әңгімелесіп отырдық. Келесі күні Мұқановтар отбасы ауылға аттанды. Мен оларға еріп бара алмадым. Ертеңіне Петропавлдағы Киров аудандық партия комитетінің бюросына қатысуым керек еді. Онда мені партия қатарына қабылдау мәселесі қаралатын-ды. Ол кезде Марат тарих ғылымының кандидаты, кейін 1989 жылы докторлық диссертация қорғады. Қазақстанның тарихи-этнология ғылымына зор үлес қосты. "Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза", "Қазақ жерінің тарихы", "Из исторического прошлого" атты ғылыми-зерттеу кітаптарының авторы.

Сәбит Мұқановтың тоқсан және жүз жылдық мерейтойлары кең көлемде аталып өтті. Жүз жылдық тойының ЮНЕСКО-ның шеңберінде тойлануы Сәбит Мұқановты жер жүзі ірі тұлға, кемеңгер жазушы ретінде мойындағанын білдірсе керек. Сол кездегі еліміздің астанасы – Алматыдан басталған той Қызылжарда, одан әрі туған ауылы Сәбитте жалғасын тапты. Осы шараға қатысуға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ауылға әдейілеп келіп, сөз сөйлеуі мерейтойдың мерейін тіпті асқақтата түсті.

– ...Халқына дәл Сәбит Мұқановтай кеңінен мәшһүр болған қаламгер сирек. Мұның сыры неде? Меніңше, бұл, ең алдымен, Сәбеңнің қаламгерлік, шығармашылық тұғыры мен адамдық, азаматтық тұлғасының бөле-жармас бірегей тұтастығында және жалпыға бірдей анық айқындығында. Сәбеңнің өзі мен ісінде салмақтық, ниеті мен әрекетінде қалтарыс болған жоқ. Адасса да, абырой арқаласа да халқына түсінікті болды. Халқымен бірге болды.., – деп жерлесіміздің мәртебесін көтере сөйледі Нұрсұлтан Назарбаев.

Сәбеңнің болмыс-бітімі де, елім, жерім, халқым деп соққан жүрегі де қазақтың қасиетті даласындай кең еді. Әсіресе, Қызылжар өңіріне келгенде оның туған жерге, жерлестерге деген ерекше сағынышын сезінуге болатын. Ал "Ленин туы" (қазіргі «Soltústik Qazaqstan») газеті редакциясын туған үйіндей сезінетін, оған бас сұқпай кетпейтін. Қандай шығарма жазбасын бірінші болып осы газетте бастыратын. Мысалы, "Мөлдір махаббат", "Тыңдағы толқындар", "Аққан жұлдыз" романдарының үзінділері, көптеген жол-сапар очерктері "Ленин туында" жарық көрді. Соның арқасында Қызылжар өңірінің оқырмандары жерлес-жазушы Сәбит Мұқановтың шығармаларымен бірінші болып танысу мүмкіндігіне ие болатын.

Иә, айта берсе Сәбеңнің жақсы қасиеттері, көптеген адамдарға жасаған қамқорлық-көмегі, қаламынан шыққан, оқырмандарынан жоғары баға алған шығармалары толып жатыр. Оның бәрін бір естелікке сыйғызу мүмкін емес. Естелік демекші, осы арада нағашым Ахметтің Шәймерденінің бір әңгімесін айта кетейін. Нағашымның айтуы бойынша, Сәбит Мұқанов Жуанағашта балаларды арабша сауат ашуға үйрететін ұстаз болып жүрген жылы Рамазан айының соңына қарай аузы берік мұсылмандарға тарауық оқыту үшін бір қари келеді. Түн қараңғысында қари дәрет сындырмақшы болып, үйден далаға бет алады. Сол кезде бала-жігіт Сәбит құман алып шығады. Олар далада жүргенде қараңғы дала жап-жарық болып кетеді. Осы кезде қари Сәбитке:

– Не көрдің, Сәбит? – деп сұрақ қояды.

– Бүгін Қадыр түні ғой, жұмақтың есігі ашылған болар, сірә, – дейді Сәбит.

– Не айттың? – дейді қари.

– Екі дүниенің рақатын бер дедім, – деп жауап береді Сәбит.

Сонда қари:

– Құдай менің аузыма ештеме салмады ғой, – деп жылап жіберген екен.

– Сәбит екі дүниенің рақатын көретін адам! – дейтін еді нағашым.


Шынында да, жасында жетімдіктің ащы дәмін татса да, одан кейін заман ағымына қарай қуғынға ұшыраса да, жазған шығармаларын кеңес өкіметі мен билік партиясының саясатына келмейді деп сынағандықтан бірнеше рет түзеп, қайта бастырса да, Сәбең жарық дүниедегі өмірін бақытты өткізді, халқының сүйікті ұлы болды. Шаршап, шалдыққан, қажыған жоқ, қайта қайраттана, шығармашылық шабытын шыңдай түсті. Орынбордың рабфатында оқығанда бір курстан екіншісіне өте алмай қалған кезде "большевиктер қажымайды" деп айтқанындай, ештеңеге мойымады. Сәбеңнің өмірі жастарға үлгі, шығармалары алтын қазына. "Тау алыстаған сайын биіктей түседі" дегендей, Сәбеңнің дәрежесі барған сайын асқақтай, жұлдызы жарқырай бермек.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ҒАБЕҢ

Көзі тірісінде-ақ ел мақтанына айналған "Сөз зергері" атанған, қазақтың халық жазушысы, аудармашы, драматург, сыншы, қоғам және мемлекет қайраткері, академик, Социалистік Еңбек Ері, жерлесіміз Ғабит Мүсіреповтің туғанына үстіміздегі жылдың 22 наурызында 118 жыл толды. Яғни, осыдан 118 жыл бұрын қазіргі Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылының маңындағы Елтінжал қыстауында көрші ауылдардың тұрғындарымен қосыла Жыл басын тойлап, күрес, атжарыс, ақындар айтысы, алтыбақан, ән шырқалып жатқан шақта Махмұт пен Динаның үйінде үшінші ер бала дүние есігін ашады. Ол туралы Ғабит Мүсірепов бір әңгімесінде "...Қазір түсінгенімдей, менің мына өмірге келгеніме ешкім қуана қоймаған сияқты. Онсыз да көпбалалы отбасында тағы бір ұл дүниеге келді", – деп жазады. Бірақ менің ойымша сол күні жұлдызы жарық, жолы болғыш бала дүние есігін ашқан сияқты.

Ол қазақ арасында ислам дінінің мықтап орныққан кезі ғой. Сондықтан туған балаға ат азан шақырылып қойылған және оған, негізінен, Құранда кездесетін есімдер таңдалған сияқты. Сол себепті балаға Ғабдул-Ғабит деп қосақталған ат беріліпті. Ғабдул – арабша құдайдың құлы, ал Ғабит – қуаныш, сүйініш деген мағына береді. Әрине, әдетте қосақталған осындай есімдерді айту күрделі болғандықтан, осы екеуінің біреуі ғана өміршең болатыны белгілі. Осы арада бірден айта кетейін, соңғы жылдары



Суретте: солдан оңға қарай Ғ. Мұстафин, ортада Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов

Ғабит Мүсіреповті халық қысқаша "Ғабең" деп атап кетті. Оның екі себебі бар. Біріншісі, қазақ халқы үлкен адамды атын атамай, сыйлы адам екенін осылай білдірген. Екіншіден – Ғабит Мүсіреповке Қызылжар өңіріне, яғни туған жеріне сапарларында бірге еріп келетін және өзім талай атқосшы болған жазушылар Қасым Қайсенов пен Ғафу Қайырбековтің айтуларынша, 1950

жылдардың соңына таман Алматы кинотеатрларының бірінде басты рөлді француз киносының жарық жұлдызы, Веницианжәне Берлин кинофестивальдарының екі мәрте лауреаты Жан Габен сомдаған фильм көрсетіліпті. Содан кейін достары Ғабит Мүсіреповті "Габен" деп атап кетіпті. Ол жазушының өзіне де ұнаса керек. Сөйтіп, артынан еркелете айтылатын "Габен" сөзі "Ғабеңе" айналып кетсе керек. Бұл жолдас Ғабит Махмұтұлы деп айтатын кез еді.

Ғабеңнің болашақ өміріне, шығармашылық шабытының оянуына, әсіресе, Ботпай күшті әсер етсе керек. Осы жерде Ботпайдың Ғабеңе қандай туыс екенін айта кетейін. Жалпы, Ғабит Мүсірепов Керей ішіндегі Сибан руынан тарайды. Жеті атасына келер болсақ, Тоқмамбет – Шыныбай – Жолымбет – Еламан – Мүсіреп – Кәжімбай – Махмут болып кете береді. Осыған қарағанда Ғабиттің ата тегі Кәжімбаев болып жазылуға тиісті. Бірақ тағы да алдын орағыта айта кетейін, жаңа туған баланы қазақтың дәстүрі бойынша атасы Кәжімбайдың қойнына салыпты. Сондықтан Ғабит Мүсірепов те әкешешесін "аға", "апа" деп атайтын болған. Махмұт пен Динадан туған басқа балалар – Хамит, Сәбит (ерте дүниеден өткен), Баязат, Гүлсім, Әшім – бәрінің тегі Махмұтов болып жазылады. Бұл туралы Ғабең "...Мен Пресногорьковтағы орыс мектебіне барғанымда фамилиямды сұрады. Фамилия дегенді білмейтін едім. Атаңның аты деп түсіндірді. Кәжімбайдың баласы болып жүргендіктен, менің фамилиям Мүсірепов болып шықты", – деп айтатын мұның мәнісін сұраған адамға.

Жалпы, Сибан ішіндегі бұл ұрпақ "Түркмен тұқымы" деп аталып кеткен. Менің ұлы атам Жантемірден бастап осы тұқыммен құдандалы болғандықтан, Мүсірептен тараған ұрпақтарды жақсы білеміз. Ертеректе атамның қарындасын осы тұқымның Бейсенінің Исахметіне айттырып, қосса керек. Ал бертінде "сүйек жаңғырту" салтымен Исахметтің туысы Мақанның қызын айттырып, менің үлкен ағам Сапиға қосады. Сөйтіп, біздің отбасымыз "Түркмен тұқымымен" екі мәрте құда болып шығады.

Ал бұларды неге "Түркмен тұқымы" деп атайды? Оны осы жерде қысқаша айта кетейін. Құдамыз Мақанның (Сәбит Мұқановтың "Өмір мектебіндегі" жылқышы Мақан) айтуы бойынша, Кіші жүзде, яғни қазақ елінің батысында түркмендермен жер үшін таласқан дау-дамайлар мен ұрыстардың біріне Сибанның Тоқпанбетінен тараған жасынан тентектеу, ат құлағында ойнаған Шыныбай да қатысады. Сол соғыста ол ерлік көрсетіп, тұтқынға алған 13-14 жасар бір түркмен баласын ауылына ала келеді. Мал бағумен айналысқан жігіт ержеткесін оған Сибанның бір қызын қосады. Одан тараған ұрпақты "түркмен тұқымы" деп атап кетеді. Ал екінші бір аңызда Шыныбай ер баланы емес, бір қызды ала келген деседі. Ғабит Мүсірепов өзінің "Ұлпан" романында екі Мүсірептің бірін Түркмен Мүсіреп деп атайды да: "...Бұлардың арғы аталары жаугершілік заманда қолға түскен бір түркмен қызына үйленіпті. Өзі батыр кісі екен. Ерте өліпті. Содан қалған жетімді ел "түркмен" деп атап кетіпті", – деп жазады. Қай аңыздың дұрыс екенін анықтау қиын. Қалай десек те, Ғабит Мүсіреповтің қазақи қанының құрамында түркменнің де қаны бары анық. Сондықтан да Ғабит Мүсірепов түркменнің белгілі жазушысы Берді Кербабаевты жақын тартып жүретін. Тіпті, осы республикаға бір сапарында Ғабең түркмендердің өзімен бауырлас екендігін де жасырмай айтқан еді.

Енді Ботпайға қайта оралайық. Ол домбырашы, қобызшы, әнші, жүйрік ат пен қыран құсқа құмар, яғни сері адам болса керек. Жастарды өнерге, білімге баулыған, көзі ашық, көкірегі ояу болған деседі. Ол туралы Ғабеңнің өзі: "...біздің сол бала кезімізде Қазан, Ташкент, Бұхар арқылы тараған "қиссалар" тасқыны басталды. Қараңғы ауыл үшін "Сал-сал" да қисса, "Қыз Жібек" те қисса. Бірақ Ботпай "Қыз Жібек", "Қозы Көрпеш", "Керғұлыны" жаттап алыпты", – деп жазады естелігінде. Ботпайдың жалғыз қызы Бәтима да домбырашы, қобызшы әнші болса керек. Ол тұрмысқа шығып, басқа ауылда тұрса да төркініне жиі келіп, ауылдастарын өнеріне тәнті етіп жүріпті.

Ботпайдың сегіз қырлы бір сырлы, сонымен қатар ауқатты, беделді адам болғандығын Сәбит Мұқанов өзінің "Менің туу тарихым" деген әңгімесінде тағы

бір дәлелдей түседі. Жазушының айтуынша, өзінің кіндік қаны тамған Дос көлінің айналасын жайлаған қырық-елу үйі бар төрт ауылды "Қырдағы Сибан", ал одан жиырма бес-отыз шақырымдағы Ғабит Мүсірепов туған Есенейдің Қайран көлін жағалай қонған жүзден астам үйді "Ойдағы Сибан" деп атаса керек. Бала Сәбиттің сегізден тоғызға қараған шағында "Қырдағы Сибанның" қариялары "Ойдағы Сибандарға" барып, тірілердің амандық-саулықтарын біліп, о дүниелік болғандарына бата орнына қылады. Жетім бала таласып-тармасып солардан қалмай көшке ілесіп барғанда Ботпайдың үйінде болғанын былай суреттейді: "...Балаға қызығы – думан. Ол күнгі думан осы ауылдың ауқатты адамы – Ботпайдың үйінің маңында болып жатыр. Біздің ауылдың ауқатты адамдары осы үйдің ішінде. Олардың самбырлай сөйлеп, саңқылдай күлгендері, киіз үйдің іші түгіл, сыртына да кең жайылып, түнгі тымық далада естіліп тұр"... Сәбең содан кейін Ботпай үйінің қасындағы жерошақта ет асылып жатқанын, балалардың да көпшілігі осы маңайда ойнап, қазан түсірілген соң "үлкендердің бармағын жалап, ет асауды" тосатынын айтады. Бұл кезде, әрине, Ғабиттің жасы алтыдан жетіге қараған болуы керек. Ендеше, қонақ балалармен бірге ол да Ботпай үйінің қасында болуы әбден мүмкін.

Сөйтіп, Ботпай мен Бәтима бала Ғабиттің көкірегінде жырға, өнерге деген құмарлықты, құштарлықты оятқанға ұқсайды. Содан да болар Ғабит Мүсіреповтің "Қыз Жібек", "Қозы Көрпеш – Баян сұлу", "Ақан сері – Ақтоқты" пьессалары мен опералық либретталарын, "Амангелді", "Махаббат туралы дастан", "Қыз Жібек" және басқа да фильмдеріне сценарий жазуы. Әдетте, балалық шақта жүрген-тұрғаның, естіген-білгенің, оқыған-жаттағаның жадыңда ұзақ сақталмай ма? Ендеше, бала кезінде Ботпайдан естіген "қиссалар" осындай қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алтын қорына енген шығармаларды тудыруға әсер етті деуімізге әбден болады.

Бала Ғабиттің әдебиетке құмарлығын арттыруға әсер еткен тағы бір адам – Бекет Өтетілеуов. Ол кім? Ол – ақын, аудармашы, ағартушы, педагог. "Дүние ісі ақиретке кетпес" деп аталатын тұңғыш кітабы Қазан қаласында 1912 жылы басылып шыққан. "Жиған-терген" деген еңбегі 1914 жылы Орынборда жарық көреді, басқа да шығармалары бар. Пушкиннің, Жуковскийдің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударған. Қостанай облысының қазіргі Алтынсарин ауданындағы Обаған ауылының тумасы. Ғабит Махмұтұлы оған қалай кездескен? – деген сұрақ туады осы арада. Ол былай: Ғабит ауыл молдасынан оқып, араб әліпбиімен жазылған қиссаларды заулатып айтатын дәрежеге жетеді. Ғабеңнің айтуы бойынша, 1916 жылы ақ патшаның өкімімен қара жұмысқа алынғандардың қатарына іліккен нағашысы бала-шағаға баскөз болсын деп балаң жігітті ата-анасынан сұрап әкетеді. Онда бала Ғабит, негізінен, өзеннен балық аулап, нағашыларына көмектесумен айналысады. Содан кейін оны Қостанай облысындағы қазіргі Сарыкөл ауданының аумағындағы Қара оба мектебіне оқуға береді. Ғабит Махмұтұлы осы мектепте Бекет Өтетілеуовке кез болады. Ол туралы жазушы былай деп жазады: "...Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгенен кейін, мені әдебиетке тарта бастады. Әуелі "Жиған-терген" деген өзі шығарған өлеңін берді. Содан соң ол маған бір жетіге "Шаһымаран" қиссасын беріп, кейін ертегі ретінде түгел айтқызып шықты. Желілі әңгіме есте қалған екен, мен сүрінбей айтып бердім. Бір кеште Бекеттің өз үйінде он шақты адамға тағы бір тыңдатты...".

"Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан" дегендей, болашақ жазушының тағдырына әсер еткендердің тағы бірі – Сильвия Михайловна. Ол кім өзі? Ғабит Мүсіреповөзініңөмірбаяндықәңгімесінжазғаншақтасонау1918-21жылдарыҚостанай облысының қазіргі Ұзынкөл ауданына қарайтын Пресногорьков станицасындағы жоғары бастауыш мектебінде оқыған кезде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс берген ұстазының ата тегін ұмытқан болуы керек. Тіпті, менің ойымша, оның атын да басқаша жазған сияқты. Бәлкім, жас мұғалімге осы есім ұнап, өзін Сильвия деп атаған болуы да ықтимал. Олай дейтінім, мен көп жылдан бері осы Сильвия Михайлованың кім екенін іздестіруімнің нәтижесінде мынаны анықтадым: осы күндері Мәскеуде

тұратын жиені Элина Файзуллинаның айтуына қарағанда, Сильвия Михайлованың шын аты-жөні Марианна Шехтер көрінеді. Оның әкесі Александр Петрович Шехтер Қазан малдәрігерлік институтында оқып жүргенде патшаға қарсы "Халық еркі" қозғалысына қатысып, бірнеше рет полицияның қолына түседі. Оқуды бітіргеннен кейін оны "қасірет белдеуі" бойындағы қорғаныс бекінісі ретінде казактар салған Пресногорьков станицасына жер аударады. Ол осында Колчактың генерал-майоры Николай Кубриктің қызына үйленеді. Станицаның осылай аталуына бұл бекіністің бір жағында тұщы, екінші жағында тұзды сулы көлдер негіз болған.

Қазіргі Смоленск облысындағы Гагарин (бұрынғы Гжатск) қаласындағы архивте сақталған деректерге және еңбек кітапшасына қарағанда, Марианна 1903 жылы Ақмола губериясының Петропавл уезіне қарасты Пресногорьков станицасында туған. Сол кезде Қостанай облысының Қызылжар өңірімен шекаралас орналасқан қазіргі Ұзынкөл ауданының біраз жері Ақмола губерниясына, яғни Солтүстік Қазақстан облысына қараған ғой. Марианна Михайловна Қорғандағы Александров әйелдер гимназиясының жеті класын бітіріп, өзі туып-өскен Пресногорьковтағы мектепке орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болады. Осында төрт жыл қызмет істеп, Петропавлға келіп, жеті жылдық мектепке география пәнінен мұғалім болып орналасады. Ал 1926-30 жылдары Ленинградта А. И. Герцен атындағы педагогика институтында оқып, оны бітіргеннен кейін Мәскеуде "За коммунистическое просвещение" газеті редакциясында қызмет етеді. Артынан ата-бабасының кіндік қаны тамған Смоленск облысына барып, ұстаздық етеді. 1952 жылы өмірден озады.

Ғабит Мүсірепов жанына партизан-жазушы Қасым Қайсеновті ертіп келген бір сапарында өзінің білім алған мектебін көруге, ұстазы Сильвия (Марианна) Михайловнаға сәлем беру үшін Пресногорьков станицасына әдейілеп барды. Өкінішке қарай, кезінде ұстазының әкесі Александр Шехтер бастамашы болып салдырған екіқабатты ағаш мектеп 1959 жылы өртеніп кетіпті, ұстазының бұл өмірде жоқ екінін сонда естіп, білді. Бертін келе, ескі мектептің орнына жаңа ғимарат тұрғызылып, оған Ғабит Мүсіреповтің есімі беріліпті.

Енді, Сильвия (Марианна) Михайловнамен бала Ғабит қалай кездескені жөнінде сөз қозғалық. Екі жылдық орыс мектебінің оқу бағдарламасын мерзімінен бұрын меңгеріп, үздік оқушы атанған балаң Ғабиттің алғырлығына, білімге құштарлығына тәнті болған Бекет Өтетілеуов оны Пресногорьков жоғары бастауыш училищесіне алып барады. Оның өтініші бойынша қабылдау емтиханы өткізіледі. Онда Ғабит Махмұтұлы арифметикадан – бес, орыс әдебиетінен екі алады. Бірақ Бекет Өтетілеуовтің баланың болашағы бар екендігін, оқу бағдарламасын тез меңгеріп әкететінін айтқан сөздеріне сеніп, әрі оның беделін сыйлап Ғабитті мектепке қабылдайды.

Сол мектепте оқыған төрт жылды Ғабең сағынышпен еске алушы еді. Бұл оқу орнында сабақтар түгел орыс тілінде оқытылатын, оның үстіне осы кезде Ресей империясын патша ағзам басқарып әрі христиан діні дәуірлеп тұрғандықтан, сабақ алдында балалар сапқа тұрып поппен бірге хормен дұға айтады екен. Оқу-тәрбие жұмысының "бір жағынан әлі шайқалмаған ескілігі болса да, екінші жағынан жаңалыққа да бет бұрғанын" айтатын жазушы. Онда оқушыларды етік тігуге, есік-терезе жасауға, кірпіштен үй салуға, басқа да шаруаларға үйретететін үйірмелер болса керек.

– "Менің жазушы болатынымды 1920 жылы ұстазым Сильвия Михайловна көрегендікпен дөп басып айтып еді", – деп еске алатын Ғабең. Ондай сәуегейлікті айтуға негіз қажет емес пе? Ол былай болған. Бір күні Сильвия Михайловна оқушыларға еркін тақырыпта шығарма жазуға тапсырма береді. Сонда да қай тақырыпқа жазу керектігі жөнінде бағыт-бағдар айтады. "Мысалы, алдағы көктемде диқандар егін себеді. Нан – бар байлықтың басы. Оның үстіне Поволжьеде қазір аштық, оларға нан керек. Енді бір тақырып – жуырда осында көктемгі жәрмеңке ашылды. Онда барғандарың бар шығар. Тағы бір тақырып – кейбіреулерің таяуда бандыларды құртуға қатынастыңдар", – деп

ұстаз шәкірттеріне ой салады, сол кездің өзекті мәселелеріне назар аударуды меңзейді.

Осы жерде айта кетейін, 1921 жылы ақ бандылардың көтерілісін басуға Ақмола облысының оңтүстік партизандарының Дмитрий Ковалев басқаратын тобы құрылған екен. Оған Пресногорьков жоғары бастауыш мектебінің ересек жиырма шақты оқушысы қосылса керек. Солардың ішінде Ғабит Мүсірепов те болған. Ол жөнінде, жоғарыда айтқанымдай, партизан-жазушы Қасым Қайсеновті ерте келген сапарында Сергеевка су қоймасын тамашалап, сол жылы жаңа ғана ашылғалы жатқан "Аютас" пионер лагерінде жайылған дастарқан басындағы әңгіме барысында:

– Сол жорықта ақ бандыларды Сергеевка деп аталатын шағын ғана орыс селосына дейін қуып салған едік. Одан әрі осы жақта жасақталған отряд сазайын берген болатын оларға, – деп еске алған жазушы.

Бірақ оқушы шығармаға бұл тақырыпты алмапты. Осыдан бір күн бұрын ғана жәрмеңкеде болып, сонда көрген-білгендерін, ондағы күлуге де, ренжуге де тұрарлық оқиғаларды егжей-тегжейлі жазып берген. Орыс тілінде жазылған осы шығарманың немен аяқталғанын Ғабең былай баяндайды: "...Бір-екі күннен кейін бізді мұғалімдер бөлмесіне бір-бірлеп шақырта бастады. Менің де кезегім келіп жетті. Ішке кірсем, менің шығармамды директор ұстап отыр екен. Қарасам, көк сиямен жазылған шығармамның түзелгені сонша, қып-қызыл болып шығыпты.

– Жүз елу! Он беттік шығармаңда жүз елу қате! – деп зілмен айтты директор. Ұнжырғам түсті. Енді не істесем екен, оқуды тастап кетсем бе? – деп ойлап тұрғанда директор соңғы бетті көрсетті. Қарасам бес деген баға қойыпты, асты екі сызылыпты. Мен оған сенбей, көзімді бір жұмып, бір аштым.

– Сильвия Михайловнаға рақмет айт, ол бізді сенен болашақта жазушы шығатынына сендірді, – деді директор. Сол сәтте ұстазым директорға жеңімпаздық, ал маған мақұлдаушылық, достық сезіммен күлімсірей қарап тұрды..." Бала Ғабиттің, болашақ жазушы Ғабеңнің тағы бір жолы болғаны емес пе бұл?!

Ғабеңнің енді бір жолы болған жағдай былай өрбіген екен. Пресногорьковтағы жоғары бастауыш орыс мектебін 1921 жылы толық аяқтап, ауылға оралған жас жігіт осында Есім Досболов деген жаңа келген мұғаліммен танысады. Ересектеніп қалған жігітпен ұстаз терезесі тең адамдардай сөйлеседі, осы бір қоғамнан екінші қоғамға ауысып жатқан заманда билік басында әлі де байлар, олар болмаса солардың туыстары, жақтаушылары отырғанын айтып, елдің болашағын ойлайды, осы іске қалай араласу керектігін қарастырады. Ақыры, екеуі бас болып, жандарына мекеме басқаруға сауаты жетеді-ау деген тағы үш жігітті ертіп, бір-бір атқа салт мініп, Таузар ауданының орталығына барады. Олар сол жерде болыстық жиналыс өткізуді талап етеді. Бірақ айғай-шу болар деп қорыққан болыс басшылары бұларға жарты сағат ішінде бес бірдей жауапты қызметті босатып береді. Сөйтіп, олар болыстық атқару комитетінің төрағасы мен хатшысы, білім және жер бөлімдерінің меңгерушілері, тағы басқа орындарды басқару қызметіне ие болады.

– Менің қылыш, мылтық сияқты нәрселерге ертеден құмарлығым болушы еді, мен военкомдықты таңдап алдым... Бір қызығы, біздің заңсыздығымызды облыс орталығы сөккен жоқ, бекітіп берді. Әттең, военкомдық тоғыз айдан кейін жойылды да, мен ол жұмыстан ажырасып кеттім, әйтпегенде осы күнге дейін солдат атанып жүрмей, мүмкін, офицер қатарына қосылар ма ем, әлде қайтер ем?.. – деп еске алады жазушы өзінің өмірбаяндық әңгімесінде.

Қазақта "ер шекіспей, бекіспейді" деген нақыл сөз бар. Атақты жерлесіміз, атақдаңқтары Кеңес одағына ғана емес, бүкіл әлемге жайылған Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің бір-бірімен танысуы төбелестен басталыпты. Бұл жоғарыда айтқан Ботпайдың үйінің маңындағы қазан-ошақтың басында болуы ықтимал. Ол кезде бір атаның балалары бір-бірімен алыс емес жерде, орман-тоғайдың қойнауында, болмаса суы тұщы көлдің жағасында түтін түтетіп отырған ғой. Ғабит Махмұтұлына кішкентай кезінде көрші ауылда өзімен шамалас бір бала тиісе бастаса керек.

– Келімсек! Келімсек! Сен Түркменнен келгенсің, кет осы арадан, – деп айқайлай бастаған ол бала.

– Осы кезде баланың әкесінің інісі Нұртаза мені арашалап қалды. Ол бала қазіргі қазақ әдебиетіндегі белгілі болған жазушы Сәбит Мұқанов еді, – деп еске алады Ғабең.

Екінші рет ол Сәбит Мұқановпен ауылдағы тойда кездеседі. Бұл Ғабит Мүсіреповтің Пресногорьков жоғары бастауыш мектебіне оқуға түскен жылының күзі болса керек. Ол туралы Ғабең өзінің өмірбаяндық әңгімесінде былай деп жазады: "...Менің үстімде солдат шинелінен қазақ әйеліне тіктірген сұр "пальтом" болатын. Басымда тоқыма қара бүйра бөрік, аяғымда саптамалы етік барды. Сәбит маған ығыса сөйлесті. Мен тұйықтау, ол ашықтау болғанымен, жасқанып тұрды. Қайда баратынымызды айтыстық. Ол Омбыға, мұғалімдер курсына кетіп барады екен. Аяғында ол малға "дөстебірін" жазудың үлгісін сұрап алды...". Бұл "дөстебірін" туралы ұзақ әңгіме, сондықтан оған тоқталмай-ақ қояйын.

Үшінші рет екеуі орталығы қазіргі Жамбыл ауданындағы Майбалық ауылында орналасқан Төңкеріс ауданында кездеседі. Жоғарыда айтқан мұғалім Есім Досболов бастаған бес жігіт аудан орталығын айдын көлі бар табиғаты әсем жерге көшіруге күш салған екен. Дәл осы тұста, қазақ республикасының сол кездегі астанасы – Қызылордада қызмет істеп, ақындығымен, жазушылығымен көзге түсе бастаған Сәбит Мұқановтың әйелі қайтыс болады. Содан кейін Сәбең қаланың қыздарына жоламай, болашақ жарын ауылдық жерден алуды ұйғарып, өзінің туған жері – Төңкеріс ауданына барады. Сол жолы Ғабит Мүсірепов осы маңдағы ауылдардың бірінің қызы – Мәриям Қожахметқызын ретін тауып Сәбит Мұқановқа шығарып береді. Бұл оқиға туралы Сәбит Мұқанов жайлы жазатын естелігімде толығырақ тоқталармын.

Төртінші рет Ғабит Мүсірепов алғашқы үш кездесуден кейін өзімен дос болып кеткен Сәбит Мұқановты тағы ауылда жолықтырады. Осы жолы ол Омбыда жұмысшы факультетінде оқып жүріп, демалысқа келіпті. Әңгіме барысында Сәбиттің қала өміріне нағыз үйреніп алғанын, бұрын екінің бірінің қолы жете алмайтын оқу орнында білім алып жүргенін, оның сол кездегі ел басқарып жүрген тұлғалармен қарым-қатынас жасап жүргенін, Қазақстанның болашағы туралы айтқан әңгімелерін қызыға да қызғана тыңдайды. Бұл кезде Ғабит жиі кездесетін мал ұрлығын, ауыл арасындағы ұрыс-керісті, басқа да қылмыстарды ашуға, бір бітпейтін хаттамалар толтыру, қылмыскерлерден жауап алу сияқты не басы, не аяғы жоқ, күні-түні жалғаса беретін жұмыстан безіп, милиция бөлімі бастығының орынбасары қызметінен бас тартып, уақытша тілмаш-аудармашы болып істеп жүрсе керек. Сөйтіп, Ғабит оқуға баруға бел буады. Ғабиттің алысқа кетіп оқуына қарсы болған ата-анасын әрең көндіргеннен кейін екеуі Қызылжарға мініп келген аттарын ауылдық кеңестің жалдамалы пәтеріне тастап, пойызбен бірнеше күн жүріп Орынборға жетеді. Мұнда да Ғабит Махмұтұлының жолы болып, оған жақсы адамдар, білгір ұстаздар кездеседі. Тіпті, Сәбит Мұқановқа еріп Халық комиссарлар комитетінің төрағасы Сәкен Сейфуллиннің үйінің бір бөлмесінде тұрып оқитын болады. Жұмысшы факультетінде орыс тілінің оқытушысы Карл Безиннен Байрон, Блок, Гете, Шиллер, Джек Лондон, Пушкин, Лермонтов, Горький және басқа ақын-жазушылар туралы мағлұмат алып, олардың шығармаларымен танысады.

Әрине, мұнда да Ғабит Мүсіреповке оқу оңайға түспеген. Оның айтуынша, Сәбит Мұқановтың газетке жарияланып тұратын өлеңдеріне, артынан "Еңбекші қазақ" газеті редакциясынан Сәбит әкеліп беретін қаулы-қарарларды аударудан табатын қаламақыдан басқа ешқандай қаражат күтуге болмаушы еді. Ғабеңнің айтуына қарағанда, сөйтіп олар бірде тоқ, бірде аш жүріп оқыса керек.

"... Менің кітапқа құмарлығымды, азды-көпті сынай алатынымды аңғарып, Сәбит маған "жазуға кіріс" деп мазалап жүрді", – дейді Ғабең. Содан да болар ол жұмысшы факультетінің жатақханасындағы қабырға газетіне алғашқы "Теңіз тепкісінде" деген тақырыпта әңгіме жазады. Бұл арада оның жолы болып, жұмысшы факультетінде

(рабфакта) оқып жатқандардың арасынан болашақта редакцияға жұмысқа тартуға болатын, жазуға бейімі бар жастарды іздестіріп жүріп, осында бас сұққан Бейімбет Майлин қабырға газетіндегі әңгімені оқып, ұнатып республикалық газетке жариялатады. Міне, бұл Ғабеңе жазушылық жол ашады. Артынан газетте корректор, аудармашы болып қызмет істейді. Ғабең өзінің болашақта жазушы болуына ерекше ықпал еткен ұстазы Бейімбет Майлиннің жатақханаға келіп, студенттермен кездескен бір сәтін "Біздің Биаға" деген естелік әңгімесінде былай баяндайды: "... Әдебиетіміздің жаңа аяқтанып келе жатқан кезінде аға жазушылар жас таланттарды іздеуге ерінбейтін. Әрқайсысының өз әдісі бар. Сәкенге жастар өзінен-өзі ағылып жатады. Сәбит болса болмаса ат үстінде, Ілияс ол кезде Орынборға келген жоқ. Бейімбет – бұл кезде әрі үлкен жазушы, әрі маңдай алды журналист. Ол жас күштерді қабырға газеттерінен көбірек іздейді. Қазақ институты, рабфак, совпарт сияқты оқу орындарының қабырға газеттерінен іздеп келіп, оқиды екен. Бойында бірдеңесі бар жас үн шығармай отыра ала ма? Ізденгенге сұраған кездесе кетеді. Бейімбет бізге Тайыр деген жас ақынды, жалынды жасты тауып алғанын айтты. Сол бір кеште біздің қабырға газетіне жазып жүретін Әміралы Ержанов, Біржан Манкин, Пастухов, Қайдосов және бір татар студентімен кездесіп, бір рабфактан алты-жеті тілші тауып кетті. Ертеңіне қолымызға тілші деген қағаз беріп, елге қайтқанда газет тарата жүруге жүз даналық квитанциялар берді...". "Менен жазушы шыға қоймас" деп Ғабит Мүсірепов өз талантына дүдәмалдықпен қарап, бала кезінен табиғатты, аң-құс аулауды жақсы көргендіктен жұмысшы факультетін аяқтағаннан кейін ешкіммен ақылдаспай Омбы қаласындағы Сібір ауыл шаруашылығы академиясына оқуға кетіп қалады. Оны бітіргеннен кейін қазіргі Ақмола облысына қарасты "қазақтың Швейцариясы" деп аталатын Бурабайда орналасқан орман техникумына оқытушы болып орналасады. Бірақ оны шығармашылық жол жазуға итермелей береді. Қызылжарда шығып тұратын "Бостандық туы", Қызылордадағы республикалық "Еңбекші Қазақстан" газеттеріне әңгімелер, мақалалар жазып тұрады. Бірақ ол материалдардың бірі жарық көрсе, бірі республикалық газеттен облыстық басылымға жібере салынып, ақыры жоғалып та кететін кездері болған. Ол туралы Ғабең сол кезде Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы Сәбит Мұқановқа жазған хатында былай дейді: "...ЕҚ-ға" жазу да, таныс біреу болмаса мақаланды оқу да қойылды. Сөйтіп, газетке қатынаспай, күнбе-күнгі хабардан, айтыстан сырт қалдым. Жаза алсам, кітап жазғым келеді... Бір ұйымның, тілектес жолдастардың маңайында болсам, мүмкін, қатынаса алған болар едім. Жөндеп жаза алмағасын кеудеге итеру дұрыс та шығар. Бірақ өйтпес едім. Қаламынан үміті бар адамды бауырға тартар едім. Мінекей, Сәке, осындай жайлар мені күнбе-күнгі айтыс-тартыстарға қатынастырмай келеді. Мені нағыз сүйетін жақтарымнан жырып тастады. Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып, ат ерттеуге жарармын...".

Екі достың арасындағы қарым-қатынастықтың арқасында 1927 жылы Қазақстан мемлекеттік баспасынан Ғабит Мүсіреповтің "Әмірхан бидайығы" деген атпен шағын кітапшасы басылып шығады. Ал келесі жылы сонау Орынборда алғашында рабфактың жатақханасындағы қабырға газетінде, одан кейін Бейімбет Майлиннің арқасында республикалық басылымда жарияланған "Теңіз тепкісінде" деген әңгімесі "Тулаған толқында" деп өзгертіліп, өңделіп повесть болып жарық көреді. Оған риза болған Ғабит Мүсірепов өзінің Сәбит Мұқановқа жазған хатында: "...кітапшаның басылғаны үлкен қуаныш. Түзегеніңе алғыс", – деп ризашылығын білдіреді.

Жоғарыда айтқанымдай, жазған мақалаларының кейбірі газеттерде жарияланбай қапа болып жүргендегі ой толғауынан шыққан болар Ғабең бір еңбегінде "менің тірлігім – үмітімде. Үмітім өз қолымда емес" деп жазыпты. Сонда да оның өз үмітіне 1928 жылы қолы жеткенге ұқсайды. Олай дейтінім, Сәбит Мұқанов сол жылдың ортасында Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік университетіне оқуға баратын болып өзінің қызмет орнына Ғабит Мүсіреповті ұсынады. Сөйтіп, басшылық әрі

шығармашылық жұмысын Қазақстан Мемлекеттік баспасының бас редакторлығынан бастаған Ғабит Мүсірепов республикалық газет-журналдарда, партия органдарында табысты еңбек етеді. Бұл арада олардың бәрін тізбектеп айтпай-ақ қояйын.

Ғабең өзінің естеліктерінің бірінде: "...Мансапқа менің өкпем жоқ. Кәдімгідей лауазымды қызметтерде де болдым. Мүшелік, депутаттық дегеннен кен емес едім. Атақ та бар. Бірақ соның бәрі өткінші. Өткінші емес бір нәрсе – ол жазу..." – деген екен. Құдайға шүкір, жазушы артына өшпес те, өлмес мол мұра қалдырып кетті. "Мен көп жанрда жазамын деп ойлаған да, мақсат та қойған жоқпын", – дейді жазушы. Ал өмірдің өзі көп жанрда жазуға итермеледі. Оның қазақ әдебиетінің ғана емес, әлем әдебиетінің алтын қорына енген романдары, повестері, спектакльдер мен киноларға жазған сценарийлері, либреттолары, әңгімелері, зерттеу және сын мақалалары соның айғағы. Жоғарыда айтқанымдай, "түркмен тұқымымен" құда болып, құйрық-бауыр жесіп, араласып-құраласып жүргендіктен, Ғабит Махмұтұлы кіндік қаны тамған жеріне келген сапарларында біздің үйде де қонақ болып кететін. Ол кездері біз жаспыз. Үлкендердің әңгімесіне араласпақ түгіл, есіктен қарау мұң еді. Бертін келе, облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Soltústik Qazaqstan") газеті редакциясына қызметке орналасып, 1967 жылы Алматыға барып, қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түскеннен кейін Ғабеңнің мекенжайын тауып алып, әдейілеп барып сәлем беріп едім. Содан Ғабеңмен өмірінің соңына дейін хабарласып, араласып, сапарлас болғанда оның жер сілкінсе қозғала қоймайтын, сұрақ қойсаң бірден жауап бермей, қысқа ғана тіл қататын, даусын көтере қоймай жайлап қана сөйлеп санаңа жеткізетін, ал көңілі түссе ұзақ әңгіменің өзін жайлап қана айтатын мінезін аңғардым. Оның қабақ шытпай-ақ ренішін білдіретін сәттері де болады екен. Оған дәлел – 1932 жылғы оқиға. Ол халықтың жадында "бесудің хаты" деген атпен қалды. Сол жылдардағы байлар мен орта шаруалардың, тіпті, кей жағдайда кедейлердің астығын, малын мемлекетке деген сылтаумен тартып алып, Ресейдің орталық аудандарына жөнелтудің салдарынан қазақ ауылдарын аштықтың жайлауы, әлі келгендердің ауылдарынан жан-жаққа үдере көшуі, адамдардың қырылуы елін сүйген, халқының қамын жеген Ғабит Мүсіреповті бейжай қалдырмады. Осыған ашынған, осыған налыған жазушы өзінің жақтаушылары Мансұр Ғатаулинге, Мұташ Дәулетәлиевке, Емберген Алтынбековке, Қадыр Қуанышевке қол қойғызып Иосиф Сталинге хат жолдайды. Осы хат үшін Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы Филипп Голощекин Ғабит Мүсіреповті "қайта тәрбиелеу" мақсатында бір жылға Қостанайға айдатып жібереді.

Ғабит Мүсірепов өмірлік, жазушылық жолындағы ұстазы, әріптесі, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Бейімбет Майлинге "халық жауы" деп жала жабылғанда тағы бір оқыс мінез көрсетеді. Сол бір "ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс" болып тұрған Коммунистік партияның, НКВД-ның "үштік" деген баскесерлерінің шешімімен, соттың үкімінсіз-ақ кез келген адамды атып тастайтын заманда Қазақстан Жазушылар одағында өткен партия жиналысында "Бейімбет "халық жауы" болса, мен де "халық жауымын" деп тайсалмай, қасқиып тұрып айтуы "көзсіз ерлікпен" парапар еді. Осы сөзі үшін ол партия қатарынан алынып, қызметінен шеттетілді. Бірақ ол үнжұрғасы түсіп, езіліп-елжіреген жоқ. Өзінің айтуынша, қызметсіз қалған екі жылда ойында жүрген шығармаларын жазып, соның азын-аулақ қаламақысымен отбасын асырайды. Жазушының "намаз бен жиналыс – бірінде – шын, бірінде – жалған тәубе қылатын жер" дегені сияқты сол жиында Ғабит Мүсірепов қанша "қызыл кеңірдек" болса да, Бейімбет Майлинді ақтап ала алмады. Баскесерлер өз дегендерін істеді. Бірақ уақыты келгенде Ғабең өзі айтқандай, Би-ағасын ақтап шығаруға көмектесті. Бұл 1956 жыл болатын. Сол кезде "Ара" – "Шмель" журналының бас редакторы болып отырған Ғабит Мүсірепов: "... Коммунист-жазушы Бейімбет Майлинмен мен 1928 жылы таныстым. Ол ұсталған 1937 жылға дейін онымен шығармашылық және тұрмыстық жағынан да тығыз байланыста болдым. Төрт жыл Қазақстан мемлекеттік баспасында,

екі жыл "Социалистік Қазақстан" газеті редакциясында бірге қызмет істедім... Ол жас ақындар мен жазушыларға үнемі қамқорлық жасайтын... Барлық жағынан адал... Оның әдебиетімізге сіңірген еңбегі орасан...", – деген тұрғыда мінездеме берді. Ақыры, 1957 жылы Бейімбет Майлин ақталды.

Ғабит Мүсірепов Қазақстан қаламгерлерінің арасында бірінші болып Социалистік Еңбек Ері деген атаққа ие болды. Ол бұл атақты КСРО Жазушылар одағының хатшысы ретінде осы одақтың құрылғанына 40 жыл толуына орай 1974 алды. Оған Қазақстанның, ондағы билік басындағылардың қатысы болған жоқ. Мұны да Ғабеңнің жолы болғаны деп білемін. Әрине, оның бұған дейін де алған орден, медальдары, атақтары аз емес еді. Сонда да ол кезде бұл Кеңес одағындағы ең жоғары атақ-даңқ, жоғары мәртебе деп есептелетін. Ғабең: "Құрмет құрметті адамға ғана жарасады",– депті бір сөзінде. Иә, бұл құрметке көзі тірісінде-ақ "сөз зергері" атанған Ғабит Мүсірепов әбден лайық болатын.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

ҒАБЕҢНІҢ «ҚЫЗҚАРАҒАЙЫ»

Көзі тірісінде-ақ қазақ халқының мақтанышына айналған, көркем шығармаларының арқасында «сөз зергері» атанған, академик-жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтің туғанына биыл 120 жыл толады. Оның өмір жолы, шығармашылығы туралы талай рет жазылды, жазыла да берер. Оларды қайталай берудің қажеті бола қоймас. Бүгін жазушының кіндік қаны тамған жердің әсем табиғатының, сол жерлерде болған оқиғалардың оның кейбір көркем шығармаларына тигізген әсері туралы сөз қозғамақпыз.

Ақбалық жетіжылдық мектебінде оқыған жылдары бізге қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Гүлсім Жанғожина деген мұғалім сабақ берді. Жас кезінде өнер қуса керек. Тіпті Мәскеуде өнер училищесінде оқыған. Даңқты генерал Иван Панфиловтың әйелінен дәріс алғанын мақтанышпен айтатын. Бірақ училищені бітіре



алмаған. Денсаулығы сыр беріп, туған жерге оралып, бұрынғы Көкшетау облысының Қызылтау ауылында, Қызылжарда, одан кейін қазіргі Жамбыл ауданындағы Ақбалық жетіжылдық, Жаңажол орта мектептерінде мұғалім болған. Келбетті, әдебиеттен білімі терең адам еді. Сабақ бергенде оқушыларды ұйытып әкететін. Әсіресе туған ағасы Ғабит Мүсіреповтің өмір жолы, шығармашылығы жөнінде айтқанда ерекше күй кешетін. Солардың ішінде Ғабеңнің жазушылық жолындағы алғашқы шығармаларының бірі «Қосшалқар» туралы әңгіме қозғалғанда туған ауылы Қарақамыстан 20-25 шақырымдай ғана жердегі осы қос көлді көруге ынтығушы едім.

«...Қардың суымен тез өсіп кететін көңді жердің бидайығы бас жарып, үлпілдегі шашақтана бастапты. Одан әрі жарқырап жатқан көлге дейін қара топырақты жерге шығатын мың түрлі асыл шөптер гүл атып, қызылды жасылды шұбартып жатыр. Қыр жоңышқаның сары, жасыл, көк гүлдері де қою көрінеді. Балғын көктем бар ажары мен мырзалығын төге салыпты...

Ұлпан пәуескеден түсе сала, көзін жұмып, мұрнын дала исіне тосып, бір-екі рет кеудесін кере демін алды да:

– «Жұмақ қой мына жер! – деді», – деп жазды Ғабең өзінің «Ұлпан» романында.

Бұл Жаңажолдан Октябрьге (бұл ауыл қазір жоқ) барар жолдың екі қапталындағы қос шалқар – Құдайқұл мен Қарағайлы көлдері. Көлді жағалай өскен ақ қайың орманының ішінен қысы-жазы жап-жасыл болып тұратын бірнеше қарағай алыстан-ақ көрінеді. Көлдердің бірінің Қарағайлы аталынуыда содан болар.

Ғабең кіндік қаны тамған жерге келген сайын осы Құдайқұл көліне шомылмай кетпейді. Өйткені жазушы ауылына әрдайым жазда,диқандар егіндерін сеуіп болған соң, әлі малға шөп дайындау басталмай тұрған аралықта, нағыз күн қызып, жұрт қыстың қыспағынан шығып, бой жазатын, суға шомылатын шақта ғана келетін. Онысы шаруалардың жұмысына кедергі жасамау ғой деп ойлаймын.

«Қос шалқар» әңгімесінде «...қос босағаға орнатқан күміс бағана тәрізді екі көл. Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан су ақырын ғана жағасына соғып дірілдейді. Ышқынбайды, тітіркенбейді ...», – деп суреттейді қос көлді.

Бұл көл айдынының кешкі келбеті. Күндіз де солай. Күн қанша ыстық болса да көлдің суы түске дейін онша жыли қоймайды. Бірақ кейде оны тосып отыратын уақыт болмай қалады. Ауылға жиі келе бермейтін әдебиет алыбын қонақ қылғысы келетін туыстары да, кездесуге шақыратын ұйымдар да аз болмайды. Сондықтан кейде су жылымаса да Ғабең көлге түскісі келіп тұрады.

Барамыз. Көлді жағалай өскен белуардан келетін шөпке, судың суықтығына қарамастан Ғабең айдынға қойып кетеді, өзі айтқандай, еш тітіркенбейді. Біз де қалыспаймыз.

Преферанс, бильярд ойындарына құмар Ғабеңнің аңшылыққа әуестігін де жақсы білеміз. Ал аңшы, балықшының қоржынында тамақ, арақтың болатыны жасырын емес. Көлге шомылуға барғанда да тамақ алып шығамыз. Бірде ауылдағы жақын ағайыны Қабдолла Сұлтанғазин қойын сойып, қонаққа шақырды. Ылғал шым үйде отырып, ас ішіп, терлеп-тепшіп ығыр болған Ғабең оған қонақасын Құдайқұл көлінің басында ұйымдастыруды ұсынды. Ғабеңнің айтқаны-заң. Солай істелді. Қойдың еті піскенше қонақтар көлден шықпайды. Ыстық күнде жылы суға шомылған қандай рахат. Ғабең арасында жағаға шығып, күнге қыздырынады. Сондай сәттердің бірінде даяғашылардың бірі:

– Ғабе, су ішесіз бе? – дейді.

– Судан шыққан адам су ішпес болар, құйсаң коньяк құй, – депті.

Ғабең, негізінен коньяк ішетін. Сосын көл жағасына жайлған төсенішке біраз жатады да, әрірек барып көк шөптің үстіне малдас құрып, яғни аяқтарын айқастырып отыра қалады. Шаршаған адам осылай отырса әжептәуір дем алып қалады.

Жазуға келгенде тілдің майын ағызатын, қажет болғанда сөйлеп кетсе құлақтың құрышын қандыратын Ғабеңді жайшылықта әңгімеге тарту оңай емес. Қандай

сұрақ қойсаң да, біраз ойланып тоқетерін ғана айтады. Келте қайырады. Бір жерде үндемей сағаттап отыруға бар. Көл жағасында көгорай үстінде де үнсіз ұзақ отырады. Сонда не ойлайды екен?! Бәлкім, бала кезіндегі байдың малына шөп шабатын жүздікшілердің өгіздерін алып қайтуға бара жатқан сәттері есіне түсе ме, бірде жидек тере осы маңға басқа балалармен еріп келгенде ат бауырына алып қуған Тәпел көз алдына елестей ме, кім білсін, әйтеуір ұзақ отырады. Тек мүштігіне кигізіп алған ұзын да жіңішке сигаретін байыппен тарта береді, тарта береді. Ғабеңді қара көзілдіріксіз, мүштіксіз елестетіу мүмкін емес. Осындай сәттердің бірінде өзімен еріп келген партизан-жазушы Қасым Қайсенов:

– Ғабе, сіз сигаретті өте көп тартасыз, ол зиянды ғой, – деді.

Сонда:

– Әй, Қасым-ай, сен де айта береді екенсің, жас ет тез бүліне ме, әлде ыстаған ет тез бүліне ме? – деп қарсы сұрақ қояды. Екеуі әзілдесе беруші еді.

1967 жылы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түскеннен кейін жерлес жазушылар – Сабит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің мекенжайларын тауып, пәтерлеріне барып сәлем беріп, алғаш танысқанымда Ғабеңді сондай бір шабытты шағында кездестірген едім. Алматыда болған сайын қос алыпқа сәлем беруге барып тұрдым. Өйткені Сәбит Мұқанов әке-шешесінен айрылып, тірі жетім қалғаннан кейін ауыл-ауылды аралап бала оқытумен айналысқан ғой. Сол кезде менің әке – шешем Жантемірдің Мырзахметі мен Шәймерденнің Көкешін арабша оқытқан. Ал Ғабит Мүсірепов – құда. Менің үлкен ағам Сапи Мырзахметұлы Ғабеңнің немере ағасы Мақанның қызы – Әсимаға үйленген. Ол Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебіндегі» жылқышы, қиса айтушы Мақан. Осы танысудан кейін Ғабең туған өңірге келген сайын мені атқосшы қылып кетіп жүрді. Алматыға тағы бір барғанымда Ғабеңді тіпті бір қызу шаруаның үстінде кездестірдім. Оның жазу үстелі терезенің алдында тұрушы еді. Үстелдің үстіне картон қағаз төселген. Торкөз қағазға мәтінді қарындашпен араб ғаріптерімен жазып жатыр. Сөйлем ішінде бір сөз ұнамай қалса, өшіргішпен өшіреді де орнына басқа сөз жазады. Сонда бет тап-таза болып жазылады.

Қарындаштың ұшы мұқала бастаса басқасын алып, жазуын жалғастра береді.

Сөз арасында:

– Мына жазып жатқаным Ұлпан туралы шығарма. Бәлкім повесть болып қалар. Тездетіп жазып бітуім керек. Баспа тосып отыр. Ол тарихи тұлға ғой.

Кейбір деректерін нақтылай түсу керек болар. Сол үшін жуырда ауыл жаққа баратын ойым бар, – деді.

Шынында да сол жылы, диқандар егіндерін сеуіп болғаннан кейін, жер көгеріп, табиғат әсем күйге енген шақта Ғабеңді Қызылжарда тағы тосып алдық. Бұл жолы ол ақиық ақын Ғафу Қайырбеков пен аудармашы Алексей Белялиновті ерте келіпті. Оның мәнісі бұл ақын-жазушыларға Ұлпанның жүрген жерлерін, әсем табиғатты көрсету болса керек. Оның үстіне бірінен соң бірі бақилық болған туған ағасы, елімізде ұжымдық шаруашылықтар құрудың алғашқы жылдарында ұжымшар басқармасы, ал ғұмырының басым бөлігін бала тәрбиесіне арнаған, Ленин орденді ұстаз Хамит Махмұтұлы мен қарындасы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған мұғалім Гүлсім Махмұтқызына арнап ас беріп, дұға оқыту еді. Сол кездегі Сәбит Мұқанов атындағы кеңшардан бір жылқы сатып алып, Жаңажолдың төңірегіндегі ауылдардың ақсақалдарын жинап ағасы мен қарындасының аруақтарына Құран бағыштатты.

Осы шаруаларын өткізгеннен кейін Ғабең жазып жатқан шығармасына деректер жинауға кірісті. Ең алдымен, жандарына жолқосшы алып, үш жазушы Түмен облысына аттанды. Ұлпан туралы біледі деп барған қария дүние салыпты. Содан кейін ауылдағы көнекөз қарияларды әңгімеге тартып, біраз мағлұмат алды, соларды ертіп, шығармасындағы Есеней Ұлпан, басқада кейіпкерлердің жүрген жерлеріне саяхат басталды.

Ең алдымен, жазушының кіндік қаны тамғанжер – түрікпеннің төрт үйінің қонысы болған Елтінжанға аттандық. Осы арада Ғабеңнің ата-тегін неге түркмен тұқымы деп айтатынын түсіндіре кетейін. Ол туралы кәзір әртүрлі деректер айтылып жүр. Солардың бірі – ерте заманда ел шетіне жау тисе, алыс-жақынына қарамай, қазақ даласынан қолына қару ұстай алатындарға, әсіресе жастарға хабар жіберіледі екен. Бірде еліміздің батысына басып кіргісі келген түркмендерге қарсы күреске Сибанның тентектеу Шыныбай атты бір жігіті қатысып, сол соғыста көзге түседі. Қазақтар жеңіп, жауды еліне қуғанда түркменнің Зұлфия деген жас қызы қолға түсіп қалады. Шыныбай еліне қайтқанда сол қызды ертіп келіп, үйленеді. Осы екеуінен туған ұрпақты Сибан жұрты Түркмен тұқымы деп атап кетеді.

Ал олардың қыстауы Елтінжанға келсек, Есеней Естемісұлы – керей руының Сибанына жатады. Яғыни Ғабит Мүсіреповтің ұлы аталарымен аталас.

1934 жылы Аман-Қарағай округінің екі төбе биінің бірі, ал 1842 жылы Керей Сибан округының болысы болып сайланады. Бұрын бұл жал болып өскен орманды Қыпшақтың Күрлеуіт руынан тараған Елтін деген адам паналап отырса керек. Ол Есенейге жезде екен. Есеней қолына билік тигесін апа-жездесі кәзіргі Қостанай облысындағы Сарыкөл ауданының шұрайлы жеріне көшірді де Елтін орманын Түркмендерге мекен етуге береді. Сөйтіп, бұл орман «Елтінжал» деп аталып кетеді. Бұл жылы Ғабең жолсерік болуға ауылдың жас жағынан ең үлкені Тәпелдің Бейсегіне қолқа салады. Жасы тоқсаннан асып кесе де қария тың, көргені көп, тоқығаны мол адам болып шықты. Біздің Елтінжал орманының ішіндегі Бір алаңқай жерге алып келді. Бұрынғы шым үйлердің орындары төмпешік болып қалыпты. Шөп те қалың болып өсіп кеткен. Бұдан ертеректе болса қолшалғымен шабатын ақ шөп. Әттең қазір ауылдан орақ табу мүмкін емес-ау!

– Мынау сендердің жұрттарың. Ұмытпасам, Махмұттың үйінің орны осы, – деп бір төмпешікті көрсетеді ақсақал.

– Ғабе, мына жерге сіздің бір аунап түсуіңіз керек-ау, осы! – деп қояды Ғафу Қайырбеков.

«Әзілің жарасса атаңмен ойна» дегендей. Ғафу өзінен 26 жас үлкен болса да Ғабеңе еркелей беретін.

– Жасың кіші болса да аға балассысың ғой, айтқаның болсын! – деп Ғабең жерге отыра кетті де, жатып бірнеше аунап түсті.

Олай дейтіні Ғафу Қайырбеков торғайлық азамат, Арғын руынан еді. Жалпы, Ғабит Махмұтұлы ақын-жазушыларды руына, туған жеріне қарамай, талантына, адамгершілігіне қарап бағалайтын, сыйлайтын, жақын тартатын.

Қайда сапарға шықса да оларды кезек-мезек өзімен ерте баратын.

Осы жерден Есеней бүркеуі де алыс емес. Ауыл ақсақалдарының айтуы бойынша, бұл бүркеудің жері әубаста қазақтың белгілі ақыны, Біржан салдың атасы Бертісұлы Қожағұлдың қыстауы болады. Бұл кәзіргі Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылынан шамасы үш шақырым жер. Ал қыс-тауда қарағай, қайың, терек өседі. Осы маңда Қараман, Аққусақ, Елтінжол ормандары, Бекбай томары, Тәсібек көлі бар. Кезінде бұл ормандарда елік, дала сиыры, түлкі, қарсақ, қоян және басқа да аңдар, көлде аққу, қаз, үйрек, тағы басқа су құстары, балық көп болған. Әсіресе, аспанға таласа өскен түптүзу қарағайлар, табиғы гүлдер, түрлі шөптер, шие, жидек көздің жауын алады.

Табиғаты осындай әсем аймаққа жаңа сайланған болыстың көзі түспеуі мүмкін емес қой. Сөйтіп Есеней Қожағұлға жерді босатуға бұйрық береді.

Бірақ малмен күн көріп отырған шаруа көнгісі келмейді. Қарсылық көрсетеді.

Арты ерегеске айналады. Бірақ билік кімде болса сол күшті емеспе! Ақырында Қожағұлды үрім-бұтағымен Көкшетау жаққа жер аударады. Еліміз егемендік алып, біраз облыстар жабылған тұста Көкшетаудың біраз аудандары біздің өңірге қосылды. Сол кезде облыс әкімі Владимир Гартманмен жаңа қосылған аймақтарды аралау барысында Біржан салдың мүсінін көрдім.

Ал, дүние өтеріңді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін,
Үш жүзді сайран қылған Біжан едім, – деп жырлаған сері аруағына тағызым етіп, біраз тұрып едім.

Ауыл ақсақалдарының Есенейдің қатыгездігі, момынды басынатын озбырлығы туралы айтқандарын Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» романында да растайды: «... Есеней қазір діндер адам болғанымен бір кезде аса адуан, обзыр би болатын. Орыс шекарасын паналай отыратын Нұрлы деген момын елдің барлық жерін тартып алып, далаңқы жайлауға айдап тастағаны барды.

Момын ел қарғап-сілеп кеткен екен – келер жылы Есенейдің екі ұлы шешектен бір күнде, бір сәттің ішінде бірге өліп кетті», – Ғабең.

Есеней күшпен тартып алған жерге қарағайдан үй, кеңсе салдырады. Ол екі бірдей ұлдарынан айрылғасын жас қызға үйленіп, мұрагелі болуды ойластрады. Сөйтіп жүргенде жасы елуден асса да он бес жасар Ұлпанға үйленеді.

Ұлпаннан ер бала көре алмайды, бір қыз ғана дүниеге келеді. «Байтал түгілі бас қайғы» дегендей, артында тұяқ қалдырамын деп жүріп, өлімнен аз-ақ қалады. Қазақтың үш жүзінің соңғы ханы – Кенесары Қасымұлы кезінде «орыстарға бағындыңдар» деп Есенейдің ауылын көп қолмен шауып, мал-мүлкін талап кетсе керек. Енді, міне ел билігі қолына тигесін ол кек алу мақсатымен қол жинап Кенесарының әскерін қуып жетіп, кескілектен ұрыста ерлік көрсетіп, жүздеген адамдарын қолға түсіріп, Стапқа жеткізіп, казак-орыстарға тапсырады. Осы шайқаста қатты жараланып, казактардың дәрігерлерінің арқасында аман қалады. Қазақтар Стап деп Пресногорьков станицасын айтады. Өйткені қасірет белдеуінде салынған осы станицада казактар әскерінің штабы орналасады. Оны қазақтар Стап деп атап кетеді. Преснов станицасын капитан басқарғандықтан Кіпитан, Екатериновка станицасы Құтырлаған деп атайды. Олай атайтыны, казактар сол маңайдағы Сибан ауылдарының біріне барғанда шиде жаюлы тұрған құртты көріп, қызығып біразын қалталарына салып әкетеді. Содан кейін Екатериновка – құрт ұрлаған деп аталып кетеді. Ол сөз артынан Құтырлаған болып шығады. Ал Пресноредуть станицасы Кіркөйлек деп атайды. Онда колхоз кезінде МТС (машина-трактор станциясы) болды. Сол төңіректегі колхоздардың техникасы сонда жөнделді. Май-май болып жүрген механизаторлардың, әрине көйлектері кір болмай ма? Сондықтан бұл елді – мекен Кіркөйлек атанған.

Есенейдің Қожағұлдан тартып алған жерінің одан кейінгі тағдыры жөнінде халық аузында мынандай аңыз бар: бірде шабармандар Есенейге патшалық Ресейден шекара аймағындағы қазақ жерін қазынаға алу үшін екі әскери адамның келе жатқанын хабарлайды. Оны естіген Есеней олардың қандай адамдар екенін, не ішіп-жейтінін біліп келуге тыңшылар жібереді. Сөйтсе, екеуі де шарап ішуді ұнататын болып шығады. Тез арада саудагерлер қазіргі Свердлов облысына қарасты Ірбіт (Ирбит) қаласына жіберіледі. Ол кезде Ірбітте ірі сауда орталығы – тұрақты жәрменке болды. Қазақтар онда мал, мал өнімдерін, мал мен аңдардың бағалы терілерін апарып, азық-түлікке, қолөнер және фабрика бұйымдарына айырбастап жүреді. Осы жәрменкеге барып сауда жасаған адамды ол кезде «Ірбіт шапты» дейді екен. Бұл жолы саудагерлер бөшкелеп шарап әкеледі. Орыс офицерлері келісімен семіз тай сойылады. Сөйтіп, оларды ет пен шарапқа тойғызады. Осылай бірнеше күн қонақ болады офицерлер. Бірнеше күн мас болып, есеңгіреген қонақтар бір күні бастарын жазып, естерін жинағаннан кейін, мұндай қарсы алудың мәнін түсініп: Есеней, мырза, өзіңе керек жерді ор қазып қоршап ал, ал қалғанын қазынаға аламыз, – дейді. – Содан кейін Есеней жалшыларын жинап, нағыз шұрайлы жерледі қоршап ор қаздырады. Оның бір шеті Махарьевка селосына, бір шеті – Жалтырша ауылына жақын барып тіреледі. Жаңажол мен Октябрь Ауылдарының қазіргі көзі тірі ақсақалдары Боқан Тасбаев пен Көкен

Қалабаевтың айтуларынша орлап қоршаған жердің аумағы кемінде алтыжүз гектарды алып жатыр. Осынша ұзын орынды қолмен қазуға қанша адам жұмылдырынды және қанша уақыт кетті екен десеңші. Ордың тереңдігі сонша, осы күнге дейін жермен тегістеліп кеткен жоқ. Ал орға шыққан қайыңдардың өзіне құшағың жетпейді. Осы орман қоршалған жер «Есеней бүркеуі» деп аталып кетеді. Бүркеудің бір бөлігін «Қызыл ағаш» деп те атайды. Өйткені, қайыңдардың ішкі өзегі қызғылт келеді.

Бұл әсіресе ер, астау, тостаған, қасық және басқа да бұйымдар жасауға таптырмайтын ағаштар.

Кеңес өкіметі тұсында бұл бүркеудің жері мемлекеттік қорға (госфонд) алынды. Есеней одан кейін Ұлпан иелік еткен кездегідей бұл аймақтан ағаш кесуге, онда мал жаюға рұқсат етілмейтін. Бүркеудің жері Қостанай облысына қарап тұрған кезде мұнда орманшылар мен күзетшілерге арналған үй де болатын. Ал 1963 жылы ол жер Солтүстік Қазақстан облысына қарағаннан кейін, күзет алынып тастады, орман шаруашылығы Жалтыршадағы орманшы Сәбит Садықовтың қарамағына берілді. Обалы не керек, ол көзі тірісінде бұл бүркеуден ешкімге бұрау сындыртқан жоқ.

Мен Ақбалық жетіжылдық мектебінде оқып жүрген жылдары осы бүркеуде алғаш рет болдым. Мектеп директоры Мырзағали Төлешов совхоздан жүк автокөлігін алып, жоғары класс оқушыларын мінгізіп бүркеуге бардық. Сол жерден теректер, әртүрлі сәнді талдарды қазып әкеліп, мектеп ауласына отырғыздық. Бірнеше жылда сол ағаштар шығып орманға айналды. Әттеген-ай, қазір ол мектеп түгіл тұтастай ауыл да жоқ.

Енді мал баспайтын, адам бармайтын болғасын орманның көлемі де ұлғайатын шығар.

Жоғарыда айтқан бүркеу ішіндегі қалың қарағайдың ішінде ерекшелене дара өскен шырша бар еді. Көркіне көз тоймайтын. Ғабит Махмұтұлы ауылға келген сайын осы шыршаға барып, қызықтап қайтатын.

Ауылдастары зәулім шыршаның жанындағы ағаштың біріне саты, кісі жайғасып отыратын аспалы орындық та орнатып қойған болатын. Ғабең сол орындықта отырып, жап-жасыл шыршаға ынтыға да, қызыға қарайтын. Жерлестеріміз Жоламан Тұрсынбаев пен Мақсұт Әубәкіровтың шығармалықтарынан туындаған:

Ауылында бар ағаның Қызқарағай,
Тал бойында бір міні жоқ қыз баладай.
Ақ балтырлы ақ қайың арасында,

Жалғыз өсіп асқақтап тұр қарағай..., деп басталатын «Қызқарағай» әні осы шыршаны көруге ынтық болғандар саны тіпті арттыра түскенге ұқсайды. Әсіресе, Ғабеңе еріп келген немесе ол о дүниелік болғаннан кейін осы өңірге ат басын тіреген ақын-жазушылар «Есеней» бүркеуіне баруға асығып тұратын. Бір жылы тағы бір жерлес жазушы Сафуан Шәймерденов және оның сапарластары да «Қызқарағайды» тамашалап, Ғабит Мүсірепов мұражайының сол кездегі директоры Айдарбек Аткелтіров ала келген пікірлер жазу кітабына мынандай қолтаңбаларын қалтырған еді: «Тағы да Ғабеңнің «Қызылқарағайына» келіп тұрмын. Ойға әртүрлі нәрселер оралады. Ғабең өнерде алды-арты кең, мол пішілген жазушы еді. Болашаққа кете беретін даңғыл жолы бар адам. Келешекте «Қызылқарағайдың» сіңлілері, інілері дүниеге келер деп ойлаймын. Сафуан Шәймерденов – «Қызылқарағайды» алғаш көрдім. Суреткердің көзі сұлулықты қапысыз түстеп, таниды. Бұл өзі қазақ топырағында бұрын-соңды болмаған ғажап үрдіс екен... Ғабиден Құлахмет, жазушылар одағының хатшысы. «Қызқарағай» тек сізге лайық дүние екен. Сіз «Қызқарағайға» лайық едіңіз, Ғабе! Қазақ сөзінің сұлу серісі! Есенғали Раушан, «Жазушы» баспасының директоры.

Қонақтардың пікір жазу кітабында жазылған сөз зергері Ғабең, оның «Қызқарағайы» туралы мұндай жылы сөздер көп-ақ. Мен бұл жерде Ғабеңнің «Қызқарағайы» деп бекерге айтып отырған жоқпын. Оған дәлелім де бар. Ғабит

Махмұтұлының көзі тірісінде қалың қарағайдың ортасында ерекшеленіп, дараланып аспанға таласа өсіп тұрған жасыл шырша жазушы көз жұмғаннан кейін «өмір сүруін» тоқтатты. Шырша ойламаған жерде қуарып, ақыры құлап тынды. Абүйыр болғанда, қазір оның айналасында отырғызылған шыршалар аспанға жармаса өсіп келеді. Оларды бір жылдары «Жаңажол» совхозында директор болып істеген, марқұм Тобыл Тоқышев Тайгадан әкеліп отырғыздырып еді. Ендеше «Қызқарағай» өлген жоқ. Оның ұрпақтары өсіп келеді.

Қазақ жанға да, малға да жәйлі болу үшін ауылды орман-тоғайға, өзен-көлдің маңына салған ғой. Ал зиратқа мүмкін болғанша биік, қыратты жерді таңдаған. Ол біріншіден – қар суы қабірге кетпесін десе, екіншіден зират алыстан көрініп тұрса сол маңнан өтіп бара жатқан адамдар ат басын бұрып, аруақтарға дұға оқысын деген ниеттен туындаған болуы керек. Сол себептен болар «Есеней бүркеуі» мен Елтінжалдың арасындағы дөңде ескі зират бар. Онда Есеней, оның зайыбы Ұлпан, жалғыз қыздары – Біжікен, күйеу балалары, болыс болған Торсын жерленген. Ғабең ауылға келген сайын зағип Исахмет қариды, Тынымбайдың Жұрымбиі, Тәпелдің Бисегі, Құрманкенің Кәмелі сияқты қарияларды бірге алып барып, дұға оқытатын. Сонда Ұлпанның басына қойылған құлпытасы қай жерде, қалай көргенін айтушы еді.

– Шамасы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде қызмет істеп жүрген кезім болуы керек, біде іссапармен Қызылжарға келдім.

Сол жолы ауыл жаққа барып қайтайын деп обкомның автокөлігімен жолға шықтым. Жолға шығарда төбеде қара бұлт үйіріліп тұр еді, қаладан біраз алыстағасын жаңбыр құйды да кетті. Ол кезде мұндай тас немесе көтерме жол жоқ еді, жердің миы шықты да кетті. Бір орыс селосына әрең дегенде жеттік. Колхоз басқармасын тауып алдық. Ол тамақ дайындап, монша жақтырды. Сол жолы мен моншадан Ұлпанның басына қойылған құлыптастың бір бөлігін көрдім. Оны қаққа бөліп, буберетін тас ретінде пайдаланады екен, – деген еді Ғабең қынжыла.

Сол бір заманның қиын кезінде орыс деревняларының кейбір «шеберлері» зираттағы құлыптастарды ұрлап әкеліп, қолдиірмен жасап, қазақтарға сатады екен. Кейбіреуі моншаға да пайдаланса керек. Қазақ жігіттерінің сондай «псықайларды» аңдып жүріп ұстап ұрған кездері де аз болмапты. Тіпті ондайдың соңы кісі өліміне дейін барған жәйттар да кездескен.

«Орны барда оңалар» дегендей, Есеней мен Ұлпанның қызы– Бежікенге үйленген күйеу баласы Торсаннан тараған ұрпақ еліміз егемендік алғасын зиратқа белгі орнатты. Ұлпанның басына кесене тұрғызылды, ал жарты ай үлгісінде тұрғызылған қабырғаға Есенейдің, Торсанның, Біжікеннің есімдері тасқа қашалып жазылды. Бір өкініштісі, талас – тартыспен қосылған Торсан мен Біжкен үш ақ жыл отасады.

Одан кейін Торсан Жәуке деген қызға үйленеді. Талас – тартыс демекші, осы жерде оның мәнісін айта кетейін. Жазушы Сәбит Мұқановтың айтуына қарағанда, Есеней Кенесарыдан кек алып,қолға түскен біраз адамды казак-орыстарға тапсыруға келе жатқан жолда, өзінің тілмашы Тілемістің әкесі Сапақтың шошқа бағып жүргенін көреді. Қарулы қолдан қорыққан Сапақ орман ішіндегі қасқырдың апанына тығылады. Есеней оны апаннан суырып алып, өлердей етіп сояды. Мұны естіген Тілеміс бүкіл Сибанды билеп тұрған Есенейден өш алуды ойлайды. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған, азулы Есенейге ашық қарсы шығу қауіпті еді. Сол сәтте одан кек ала алмасын білген Тілеміс алдын ойлап, балаларының ең кішісі – Торсанды Қорғанға орыс мектебіне оқуға береді. Өзі пысық, епті – елгезек жігіт мектеп бітіріп, білімді болып шығады. Содан кейін ол әкесінің орнына тілмәш болып орналасады. Ос қызыметті атқарып, жүріп Есенейдің отбасымен тығыз қарым-қатынаста болған Торсан Біжігенге көз салады. Оны сезген Тілеміс те, Ұлпан да екі жасты қосқысы келеді. Бірақ, Кенесарымен шайқаста алған жарақаты сыр берген Есенейге ол ойларын айтпайды. Тек ол көз жұмғаннан кейін екеуін қосуға да, бүкіл дүние – мүлікті, билікті Торсанға жазады. Туыстары оған қарсы, тіпті Торсанды өлтірмек болады.

Бірақ бәрі заңдастырылып қойғасын ештеме істей алмайды. Жалпы, Тілемістің ұлдары пысық, сауатты болады. Ең үлкен ұлы Ташат сол кезде орыстың отарлаушы саясатына қарсы шығады. Жолын тауып, Орынборда губернатордың қабылдауында болып, одан рулық жіктеуді, қазақтардың арасында ірткі салуды тоқтатуды талап етеді. Әңгіме ұрысқа ұласып, Ташат губернаторды ұруға дейін барады. Шуды естіген қабылдау бөлмесіндегі күзетші таяқ жеген губернаторды столдың астынан әзер алып шығады. Осы қылмысы үшін Ташат сотқа тартылып, Сібірге, яғни Омбы облысының Березники селосына жер аударылады.

Онда жазасын өтегеннен кейін өзі туып-өскен кәзіргі Қостанай облысының Ұзынкөл ауылы маңындағы атақонысына қайтып оралады.

Ташат осы жаққа жер ауып келген Қарабай қажымен танысып, одан араб, парсы тілін үйренеді. Содан кейін ұстазына еріп, Меккеге қажылыққа аттанады. Бірақ ол сол сапарынан оралмайды. Мәдинаға барған жерінде қатты ауырып, қайтыс болады. Сайып келгенде Тілемістің үш ұлына да қажылық сапар сәтті болмаған. Ортаншы басасы Қортан қажылық сапардан келе жатып кемеде қайтыс болады. Теңіз заңы бойынша денесі суға тасталады.

Қолында билігі бар, қалтасында ақшасы жетерлік Торсан да қажылыққа бармақ болады. Бірақ екі бірдей ағасының елге тірі оралмауына байланысты ақсақалдар оған бұл қиын сапарға шықпауға кеңес береді. Шариғат бойынша жолға қаражат беріп өз орнына басқа бір адамды жіберсе екеуі де қажы болады екен. Мұны дәлел қажылық дейді. Торсан солай істейді. Алайда қаржы беріп жіберген адамы қайда болғанын кім білсін, жарты жылдай жоқ болып кетіп, елге еуропалық киім киіп келеді. Үлкен ыдысқа құйылған таза суды – зәмзам суы деп түсіндіреді. Қажылықты бекіту үшін Торсын жылқы сойғызып, төңіректегі ауылдардың ақсақалдарын шақыртады. Жиналған халық қажылыққа барып келген адамға Мекке мен Мәдина шаһарлары, Қағба туралы сұрақтарды жаудыртады. Ұзақ сапардан әбден шаршап келген әрі көп сұрақтан мезі болған жолаушы бір кезде ашуланып:

– Атаңның басын көрдім...,– деп сұрақ қойған адамды боқтап жібереді. Содан кейін әлгі адамның қажылыққа барып келгеніне шұба келтірген халық пісіп тұрған етке қарамай тарап кетеді. Сөйтіп, Торсанның да қажылығы бекімей қалады. Кеңес өкіметі орнап,байлардың малын тартып алып, өздерін қуғын – сүргінге ұшыратқан кезінде Тілемістің ұрпақтары Ресейге қашып кетеді. Торсанда – Шахан, Шерияздан, Арап, Бәкен, Қази деген бес ұлы болған екен.

Алматыға тағы бір сапарымда әдеттегідей Ғабит Мүсіреповтың үйіне бардым. Сәлемдесіп, біраз әңгімелесіп отырдық. Бір кезде Ғабең:

– Амандық, мені бүгін Қанатбек қонаққа шақырып еді, бірге барып қайтайық, – деді ақырын ғана.

– Жарайды, – дедім.

Бәлкім, өзінің автокөлігі болуы керек, біреуге телефон шалып еді, көп кешікпей «Волга» да келіп қалды. Тимирязев көшесінің бойындағы көпқабатты үйдің біріне келдік. Қанатбегі кім деп ойламайын. Үйге кірсек өзіміздің Октябрь ауылының тумасы Қошқар Базарбаев екен. Қошқар деген есімін Қанатбек деп өзгертіп алыпты. Ол Ғабеңнің апайларының бірінен туған жиені болып шықты. Бізден кейін осы үйге Сүният Бәкенов деген азамат орыс әйелімен, қыз балаларын ертіп келді. Әңгіме барысында Торсанның Бәкенінің баласы екенін білдім, «Советский спорт» газетінің Қазақстан бойынша меншікті тілшісі екен.

Қазақ «сұрай-сұрай» қарын бөле болып шығады, – демей ме! Әңгіме барысында Сүният Бәкенов маған құда болып шықты. Өйткені оның әкесінің ағасы – Шери бәйбішесі қайтқасын менің әкемнің немере ағасы Темірбайдың Сағындығының қарындасы Қайынжамалға үйленген екен. Апамыздан туған Мұрат пен Мағау атты азаматтар Түмен облысының Маслянка стациясында тұрады. Немере ағам Сағындықтың Қараманы екеуіміз 1980 жылдардың басында сырқаттанып жатқан

апамыздың жағдайын білуге барып қайттық. Апамызды алғашқы көргенім еді, «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, жасы біразға келсе де, сырқаттанып жатса да, жасында көркем болғаны көрініп тұрды. Сол станцияда Шеридің бірінші әйелінен туған Хамит деген баласы да тұрады екен. Зейнеткер, жас кезінде Қызылжарда тұрып, Мағжан Жұмабаевпен жақын қарым-қатынаста болыпты. Ақиық ақынның біраз өлеңдерін жатқа білетін болып шықты. Әттең, ол жолы жазып алуға уақыт болмады. Артынан арнайы барайын деп жүргенімде, қайтыс болып кеткенін естідім. Оның баласы – Мағауия Алматыда тұрады, полковник шені бар деп естігем.

Енді Ғабит Махмұтұлының өзінің кіндік қаны тамған Елтінжал, дәулетті, қатал би – болыс болған Есеней, көзі тірісінде «ел анасы» атанған Ұлпан өмір сүрген «Есеней бүркеуі» маңындағы Кеңес өкіметі құрылғаннан кейінгі тұрмыс – тіршілікке тоқталайын. Алғашында осы арада бірнеше артель құрылып, 1929 жылы солардың негізінде Аққусақ және Қараман ормандары маңында екі артель құрылады. Оларды Батқұл Табанақов және Рамазан Ержепов сияқты пысық азаматтар басқарады.

Содан кейін, яғыни 1931 жылы екеуі біріктіріліп, Ақбасты мен Үлке көлдің арасына ауыл салынып, бір колхоз ұйымдастырылыпты.

– Осы кезде жаңа салынып жатқан ауылға, жаңа құрылып жатқан колхозға ат қою қажет болды. Әркім, әртүрлі ат ұсынды. Содан кейін ол кезде Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы болып істеп жатқан Ғабитқа хат жазып, оның пікірін сұрадық, – деп еске алатын марқұм Бейсек Тәпелов, – содан кейін одан: біз жаңа жолға түсіп жатырмызғой, ауылдың атын Жаңажол қойғандарың жөн болар деген жауап алдық. Сөйтіп, ауылымыз да, колхоз да осылай аталып кетті.

Жылдар жылжып өтіп жатыр. Жаңажол да, сол төңіректегі бесалты ауыл да бірде Қостанай, бірде Солтүстік Қазақстан облысына қарайды, бірде бөлек-бөлек, бірде іріленіп бір-ақ колхоз болады. Ондай жағдайда ауылдарда береке бола ма? Ғабең тағы бірде ауылға келгенде ақсақалдар ортаға алып, мұндарын шақты, көмек сұрады. Бұл 1974 жыл болатын. Жаңажол тыңда шаңырақ көтерген «Озерный» совхозынан орталығы Святодуховка селосында орналасқан Сәбит Мұқанов совхозына қараған кезі еді. Мәселені оң шешу үшін Ғабең өзінің атына хат жазып жіберулерін сұрады. Солай істелді.

Ақыры, 1975 жылдың ақпан айында Ғабеңнен Жаңажолда тұратын інісі Әшім Махмұтұлына араб ғаріптерімен жазылған хат келді.

Әшім оны оқи алады екен. Мен мәтенді кирилицаға түсіріп, ауыл ақсақалдарына оқып бердім. Өйткені Әшім Қызылордада баспада корректор болып істеп жүріп, бірде моншаға түсіп шыққанда суық тиіп, құлағы естімей қалған. Содан ауылға қайтып келген. Темірден түйін түйетін шебер еді. Ұста болды. Хатта: «...Қонаевтың атына хат жазып едім, кеше қабылдап, қолма-қол шешіп берді... Енді Жаңажол – совхоз орталығы болар... Құрлыс жалпы күшейер... Тек егін салатын, мал өсіретін сияқты шаруаларыңа Құдай береке берсін...», – деп жазылған. Осындай хат келгенімен, жергілікті жердігерлер қар еріп, жердің қараюын тосты.

Мені сол жылы облыстық партия комитеті Алматыдағы жоғары партия мектебіне бір айлық білім жетілдіру курсына жіберді. Қалыптасқан дәстүр бойынша тағы Ғабеңе сәлем беруге бардым. Ауыл – аймақты сұрап білгеннен кейін.

– Совхоздың не жайы болып жатыр? – деп сұрады.

– Сіздің хатыңызды алдық, ауыл адамдарының қуанышында шек жоқ. Сізге риза болып жатыр. Қазір ұйымдастыру жұмыстары жүріп жатыр ғой, көп кешікпей совхоз ашылып қалар, – дедім.

– Директорлыққа лайық кім бар. Ауыл азаматтарының ішінде алып кете алатындар бар ма ? – деді Ғабең.

– Жоқ, – деп өзіне бас салдым, – Ғабе, кезінде аул жастарын оқытуға қол ұшын берсеңіз, мүмкін Жаңажол мұндай халге ұшырамас еді ғой. Анау Кенжеболат

Шалабаев өзінің туып – өскен Өрнектің бүкіл жастарын оқытыпты. Бір ауылдан он шақты журналист, басқа да мамандықтардың иелері шықты.

– Анау, Қапар қалай болады ?

– Мен білетін Қапар болса, ол келмейді. Басын қатырып қайтеді, – дедім. Шынында да солай. Қапар Тоқпаев – осы Жаңажол ауылының тумасы. Бірнеше шаруашылықта директор болып істеген. Ол кезде Қостанай облысындағы Ленин (кәзір Ұзынкөл) аудандық атқару комитетінің төрағасы қызыметінде еді. Ауданда беделді, тұрмысы жақсы. Әңгіме осымен аяқталған. Артынан Ғабең маған Қызылжарда редакцияда жұмыс істеп отырғанымда телефон шалды. Көбіне оған мен телефон шалып, жағдайын біліп тұрушы едім.

– Амандық, амансың ба, – деді жайлап.

– Ассалаумағалейкум!

– Ауыл жаққа бардың ба ?

– Жоқ, едәуір болды барған жоқпын.

– Сен облыс басшыларына совхоздың атын « Ұлпан» қоюы жөнінде айтсаң қайтеді.

– Ғабе-ау, біріншіден – облыс басшылары менің айтқанымды тыңдамайды ғой, екіншіден – Ұлпанның атын беруге келісе қояр ма екен... Бұл арада менің ойымда, ғұмырлық адам жоқ қой, ертең Ғабең олай – бұлай болып кетсе, совхозға атын беру туралы. Бірақ оны қалай айтамын? Айта алмадым. Өзі де әңгімені одан әрі жалғастырмады. Хош айтыстық. Совхоз ашылды. Аты «Жаңажол» совхозы деп қойылды. Жазушы көз жұмғаннан кейін ол Ғабит Мүсірепов атындағы совхоз деп аталды. Бірақ, ол да ұзақ созылмады. Шаруашылық жабылды, туған жерде екі қолға бір күрек табылмайтын болғасын жастар жан-жаққа тарыша бытырады. Қазір баяғыда ақсақалдар Ғабеңе айтқандай ауыл азып-тозып болды. Өкінішті – ақ!

Ғабең той – думанды аса жақсы көрмейтін еді. Содан да болар ол көзі тірісінде бірде – бір мерейтой өткізген де жоқ. Өзі өмірден өткен соң ғана жерлестері сүйікті ұлының туғанына тоқсан жыл толғанда алғаш рет дүрілдете той жасады. Осы мерекеге орайластырып, туған ауылында мұражай, мәдениет үйі, орта мектеп, дәрігерлік қосын салынып, салтанатты түрде ашылды. Ал негізгі той «Есеней бүркеуінің» кең алқабында өтті. Оған келген қонақтар Ғабеңнің «Қызқарағайына» таңдана да, қызыға қараған еді. Қазір сол жасыл шырша болмаса да, оның жанындағы балғындары аспанға таласа өсіп келеді. Бұлар болашақтың шыршалары. Бәлкім, осы ауылдан болашақта жас Ғабиттер де шығып қалар. Лайым солай болғай!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы.

АҢЫЗ АДАМ

Биылғы 23 сәуірде көрнекті жазушы, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жау тылында партизан отрядын басқарып, аты аңызға айналған халқымыздың біртуар даңқты перзенті, Қазақстанның "Халық Қаһарманы", халықаралық Фадеев атындағы және Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан Момышұлы атындағы сыйлықтарының иегері Қасым Қайсеновтың туғанына 100 жыл толады. Менің туған ауылым – Қарақамыс қазақтың көрнекті жазушылары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың кіндік қаны тамған Жаманшұбар мен Елтінжалдың қақ ортасында орналасқан. Сондықтан да мен олармен жерлес боламын. Оның үстіне Сәбит Мұқанұлы әке-шешеден ерте айырылып, жетім қалғанда нағашы атам Ахметтің Шәймердені оны ауылына әкеліп, бала оқытуға қойған жылдары шешем Көкеш пен апасы Бөкес алдынан дәріс алыпты. Ол туралы Сәбең "Өмір мектебі" кітабындағы "Патша түскенде" деген әңгімесінде егжей-тегжейлі айтады. Ал Ғабит Мүсіреповпен



құда боламыз. Өйткені, менің үлкен ағам Сапи оның немере қарындасы Әсимаға үйленген еді. Әкем Мырзахмет пен шешем Көкеш осы екі жерлесіміздің балалық шақтары, олардың қалай жазушы болғандықтары туралы айтып отыратын. Ал олар ауыл жаққа келгенде облыс басшыларынан бастап, қарапайым халық, жерлестері қоғадай жапырылып қарсы алатын. Сонда мен осындай даңқты жерлестеріммен кездессем, танысам деп армандайтынмын. Ол арманым 1967 жылы орындалды. Кеңес одағы дәуірлеп тұрған шақта еліміздің топырағы құнарлы, астықты аймақтарын Ресейге қосуға ұмтылған Никита Хрущевтің жымысқы саясаты іске аспай, Тың өлкесі таратылуына байланысты облыстар қалпына келтіріліп, бұрынғы жабылып қалған газеттер қайта шыға бастаған 1966 жылы мен комсомол қызметінен ауысып, "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетінің редакциясына әдеби қызметкер болып орналастым. Аздап тәжірибе жинақтап, жазуға төселе бастағасын Алматыдағы С. М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түстім. Бұл 1967 жылдың күзі болатын. Университет маңында маңдайшасында "Адрестік бюро" деген жазуы бар дүңгешек орналасқан екен. Соған барып жерлес жазушылардың мекенжайын сұрап едім, "ертең келіңіз, тауып қоямыз", – деді. Ертеңіне барып, мекен-жайлары туралы мағлұмат алсам, тұратын үйлері университеттен алыс емес екен. Менің бағыма қарай сол күні екі жазушы да үйлерінде екен. Барып, сәлем бердім, кім екенімді айтып, өзімді таныстырдым. Айта кетейін, Сәбит Мұқанов нағашымды, әке-шешемді жақсы білгендіктен өзі айтпақшы "тонның ішкі бауындай" жақын тартты мені. Ал Ғабит Мүсіреповке менің құдалық қатынасым онша қажет бола қойған жоқ, мені ұнатып қалған болуы керек, өз баласындай көріп кетті. Содан кейін мен екі алыппен де жиі қатынасып тұрдым. Олар Қызылжар өңіріне келгенде мені қастарына ертіп жүрді. Ал Алматыға барған сайын олар үйде немесе демалыс орындарында болса да тауып барып, сәлем беріп, ауылдың амандығын жеткізіп отырдым. Оқырман қауым мені осының бәрін неге айтып отыр, негізгі тақырып – Қасым Қайсеновке мұның қандай қатысы бар? деуі мүмкін. Орынды сұрақ. Естелігімді осылай бастау себебім, маған қос алып арқылы партизан-жазушы Қасым Қайсеновпен, қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбековпен, аудармашы Алексей Белялиновпен бірге сапарлас, дәмдес болу, олардың ғибратты әңгімелерін тыңдау, ақыл – кеңестерін есту бақыты бұйырды. Сондай-ақ, редакцияда ол жылдары ауыл шаруашылығы бөлімін басқарып жүрсем де қазақтың белгілі ақыны Қуандық Шаңғытбаевпен, ал облыстық теледидар комитетінде қызмет істеген жылдары жерлес жазушы Сафуан Шаймерденовпен де сапарлас, дәмдес болдым. Енді партизан-жазушы Қасым Қайсеновпен кездесулерім туралы әңгіме өрбітейін. Бұл 1970 жылдың жазы еді. Дәлірек айтсақ, шілде айы болатын. Ғабит Мүсіреповті жанына ерте келген партизан-жазушы Қасым Қайсеновпен және туған ағасы Хамиттің баласы, сол кезде Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласында тұрған, жоғары оқу орындарының бірінде оқытушы болып істейтін Екпін Махмұтовпен бірге Қызылжар әуежайында қарсы алдық. Қызылжарда ол жылдары мәртебелі қонақтар облыстық партия комитетінің іргесіндегі "Восход" мейманханасында болатын. Қонақтар келген күні сонда қонып шықты. Таңертең жұмысқа келуім мұң екен, бірден редактор шақырып алып, "Сені Ғабең іздеп жатқан көрінеді, мейманханаға бар", – деді. Өзім сұрануға бата алмай келген мен қуанып кеттім. Тездетіп мейманханаға жеттім. Үшеуі де жуынып, үстібастарын тәртіпке келтіріп жатыр екен. Тамақтанып болып, аздап дем алғаннан кейін қонақтарды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Демиденко қабылдады. Көңілі түссе көлдей, әйтпесе, басына қол апарта бермейтін бірінші хатшы Ғабең мен Қасым ағайды қабылдау бөлмесінің алдында жылы қарсы алды.

– Кішіпейіл, орысша жетік сөйлейтін адам екен, – десіп жатты қабылдау бөлмесінде отырған хатшылар Ғабит Мүсірепов туралы. Шілденің нағыз ыстығы. Қара "Волга" жер апшысын қуырып келеді, іші қапа. Алда Ғабең, артта үшеуіміз. Ғабең анда-санда мүштігін алып, оған ұзынша сигаретті баппен салып, тұтатып тартады.

Алдында, Алматыдағы үйінде болғанымда жұмыс бөлмесінде отырып біраз әңгімелескеніміз есіме түседі. Қолындағы мүштігі бұралып екіге бөлінеді екен. Сосын ішіне ұзынша келген цилиндр тәрізді ақ бірдемені салған. Сигареті де жіңішке әрі ұзын. Өзім шылым шекпесем де, біздің елде ондай сигарет кездестірген жоқпын. "Бұл сигаретті маған Америкадан досым почтамен жіберіп тұрады, ал мүштік ішіне салынатын зат никотинді өткізбейді. Сондықтан мұндай шылымның денсаулыққа зияны жоқ", – деген болатын Ғабең. Автокөлік іші түтінге толмасын дегені болар, шылымның күлін кішкене терезеден тысқа қағады. Сөйтеді де менен ауыл амандығын сұрайды. Ауылға бүгін – ақ жетіп, кәрі-жасымен қауышатынына қарамастан, сол төңіректегі өзі білетін адамдардың бар – жоғын, олардың ұрпақтарын білгісі келеді. Мен білгендерімді айтамын. Бірақ бәрін біле бермеймін. Ғабеңнің кей сұрақтарына менен толыққанды жауап ала алмай келе жатқанын сезді ме, Қасым Қайсенов сөзге араласып:

– Ғабе, мына жерлер сізге таныс қой. Жастық шағыңыз осы аймақта өтті емес пе? Жол қысқарсын, әңгіме айта отырсаңыз қайтеді, – деді.

Жалпы партизан-жазушымен өмірімде алғаш кездесіп, әрі бірінші сапарлас болып келе жатқаным бұл. Озерный орта мектебінде оқып жүргенде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Клара Зайцева Қасым Қайсеновтың "Из когтей смерти" деп аталатын баспадан жаңа шыққан кітабын әкеліп, аузынан суы құри оқып, осы бір ғажайып еңбекке бірнеше сабағын арнаған еді. Қасым Қайсеновтың 1918 жылғы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келгенін, Өскемен саяси-ағарту техникумын бітіргеннен кейін Павлодар облыстық оқу бөліміне нұсқаушы болып орналасқанын, одан кейін әскер қатарына шақырылып, әскери-барлау мектебінде оқығанын, Оңтүстік-Батыс майданының штабы оған Украинаның жау қолында қалған аймақтарында партизан отрядын құру міндетін қойғанын, 1944 жылдың аяғына дейін Молдавия, Чехословакия, Румыния жерлерінде партизандар қозғалысына қатысқанын, оның жау тылындағы ерлік істерін біз оқулықтардан ғана білетінбіз. Енді, міне, осы аңыз адаммен сапарлас болып келемін. Ғабеңе еркелей, әзілдей сөйлейді екен.

Қасекеңнің тілегіне:

– Иә, иә, – деп жауап береді де Ғабең – Амандық, мына келе жатқанымыз қай жер? – деп сұрайды. Мен жердің атын, білгенімше ертеректегі атауын айтамын. Тіпті, кей елді мекендердің тарихын да айтып бердім. Әсіресе, Қызылжардан Пресновкаға бара жатқан жолдың оң қапталында орналасқан Миролюбово селосы (қазақтар оны Мөрәлбай деп атайды) туралы халық арасында тараған аңызды айтып бердім.

Осы жерде орыстың Любовь деген көпесі тұрады. Бір күні оның жер иелігіндегі бір көлдің айналасындағы қалың өскен шөпті көрші деревняның адамдары шауып жатқанын естиді. Рұқсатсыз шөп шауып жатқандарды қуып шығу үшін шабындық басына бірнеше қарулы жігіттерді жібереді. Олар шақырылмаған қонақтардың орақтарын, айырларын, тырнауыштарын тартып алып, өздерін қуып шығады. Бірақ көрші отырып, жауласпауды ұйғарған жәбірленушілер Любовьқа қайта-қайта келіп, кешірім сұрап, ақыры татуласады. Арнайы жіберген адамдары "Помирились с Любовым" десіп оралады. Сөйтіп село "Миролюбовь" аталып кетеді.

Сол жолы осы маңайда жалшылықта жүріп, байдың тепкісіне шыдай алмай қашып Любовьқа келіп тығылған бір қазақ жігіті шөп шапқандардың құралдарын тартып алуда ерекше көзге түседі. Соған риза болған Любовь оны өзінің қызына үйлендіреді.

Бертін келе осы Миролюбовьқа Ленинград қаласынан (қазіргі Санкт-Петербург) Александр Бек деген біреу келіп, туған-туыстарын іздейді. Бірақ оны ешкім білмейді. Сонда осы маңайда тұратын қариялардың бірі туыстарын тауып берген екен. Ол сол Любовьтың қызына үйленген Бек деген жігіттің ұрпағы деседі. Ал Александр Бек Сәбит Мұқановтың "Ботагөз" романынан Қызылжардың Петропавл екенін оқып-біледі. Әкесінің "Біз Қызылжар өңіріндегі Миролюбовь селосынанбыз" дегенін

ұмытпаған бала ақыры атажұртын табады. Сол кезде Новосібірде оқып жүрген баласының есімін – Асқар деп қойған деседі.

Мен осы тарихты айтысымен-ақ, Ғабең де өзі естіген бір әңгімесін жайлап отырып баяндай жөнелді:

– Мен бұл әңгімені Кіпитаннан алыс емес орналасқан Айымжан ауылының бір қариясынан естідім, – деп бастады Ғабең әңгімесін. Түсінікті болу үшін айта кетейін, Пресновка станицасын қазақтар ертеде "Кіпитан" деп атаған. Өйткені, қасірет белдеуінде қорғаныс шебінің бойына салынған осы станицаны капитан басқарса керек. Айымжан ауылының бір жігіті өзі жалшылығында жүрген баймен келісе алмай, осы Кіпитанға қашып келіп, Шухов дегенге жұмысқа тұрады. Сол кезде осында қарағайдан үй салушылар көбейген екен. Ауыр бөренелердің бірі үстіне түсіп, сол қазақ жігіті мерт болады. Осы кезде Шуховтың бойжетіп отырған қызы қазақ жігітінен жүкті болып қалады. Сол іште қалған жазушы Иван Шухов көрінеді. Дұрыстап қарасаң қазақтан аумайды ғой өзі, антұрғанның, беті жап-жалпақ...

Қызық екен, – дейді Қасым Қайсенов. – Оны өзі біле ме? Сіз бұл әңгімені айтқан жоқсыз ба?

– Жоқ.

Жол бойы түрлі әңгімелер айтылды. Ғабең ақырын ғана сыздықтатып отырып, жастық шағында бастан кешкен біраз оқиғаларды есіне түсірді. Сөйтіп, жол қысқарды. Ғабеңнің кіндік қаны тамған Жаңажолға да келіп жеттік. Қызылжар жаққа қарайлап тұрған туыстары мен ауылдастары меймандарды құшақжая қарсы алды. Ғабең жанына ерте келген партизан-жазушыны жиналған қауым бірден таныды. Қонақтар ауыл ақсақалдарымен түні бойы әңгімелесті. Әсіресе, Қасекеңнің соғыс жылдарындағы партизан соқпақтары туралы әңгімесі бәріне ұнады. Өзі де оны ішек-сілеңді қатырып, қызықты айтады екен.

– Бізді жау тылына түнде ұшақпен апарып түсіреді. Қараңғыда қай жерге түскенімізді білмейміз. Кейде парашютіміз ағашқа ілігіп, асылып тұрып қалатын кезіміз де болады. Жанымда радист. Қалған адамдарды сол жерден табамыз. Бір жолы менімен радист қыз бірге түсті жау тылына. Жуынатын, ішетін су табу қиын. Түн суық. Сол жылы көп бейнет көрдім. Келесі жолы ол қанша жалынса да мен алмадым. Жылап қалды. Соғыс ұзаққа созылды ғой. Оның үстіне қанды қырғын аяқталғалы да біраз уақыт өтті. Менің жау тылында жүріп жергілікті халыққа көрсеткен жақсылығымды олар ұмытпайды. Ұлы Жеңіс мерекесі сайын мені Украинаға шақырып тұрады, – деп жалғастырды әңгімесін Қасекең. Сондай бір мерекеде сол қызды кездестірдім. Ол былай болды: Киевтің орталық көшелерінің бірінде соғыс ардагерлері республика басшыларымен келе жатыр едік, алдымыздан қарсы кездескен балдақты бір әйел "Дядя Вася!" деп айқайлады да жерге құлап түсті. Тез жетіп көтеріп алдық. Сөйтсек, сол радист екен. Мені танып қалыпты. Украинада мені бәрі осылай атаушы еді, ұмытпапты. Соғыста бір аяғынан айырылған болып шықты. Балдақпен жүреді. Сол жолы үйіне апарып, қонақ қылды. Қолайсыздау үйде тұрады екен. Тиісті басшыларға айтып, үй алып бердік.

Ғабең ауылдастарының өзі жанына ертіп әкелген жолдасы Қасым Қайсенов туралы көбірек білгенін қалаған сыңай танытады. Қасекең оны ақтады, жиналған жұрттың құлағының құрышын қандырды, көңілдерін көтерді.

– Жаңа парашют туралы айттым ғой. Аспаннан парашют арқылы жерге түсу оңай шаруа емес. Бізді жау тылына аттандырар алдында, дәлірек айтсақ, күн қараңғыланғасын асханаға апарып тамақтандырады, арақ береді. Өзімізді мақтайды. "Осы жолы тапсырманы дұрыс орындасаңдар Кеңес Одағының Батыры атағын береміз деп те қояды. Біз бала емеспіз ғой. Оның көпшік қою екенін түсінеміз. Әйтеуір бізді мас күйімізде ұшаққа отырғызып, таң алдында жау тылына жеткізіп, түсіріп кетеді. Бір жақсысы, парашюттер өздігінен ашылады. Әуеде қанша болатынымыз белгісіз, парашют ашылып кеткенде жерге құлдилап келе жатқан адам мен кемінде 80

килограмм болатын жүгімізді, оның ішінде автомат, оқ-дәрі, граната, тағы басқа заттар болады, міне, осының бәрі қайта жоғарыға қарай көтеріледі. Осындай жұлқыныстан кейін жерге мүлдем арақ ішпегендей күйде түсеміз. Ал таң ата қай жерге түскенімізді, төңіректе не барын анықтауға кірісеміз.

Қасым, сен анау шіркеудің кресіне асылып қалғаныңды неге айтпайсың? – деп әңгімені қыздырып қояды Ғабең.

– Айтсам, айтайын. Бұл бір қызық оқиға болды. Жау тылына кезекті бір түсіргенде түн өте қараңғы еді. Бізді қарсы алатын партизандар от жағып отырса, көруге болады ғой. Олай істеуге болмайды. Онда фашистерге өзіңді-өзің ұстап бергенің. Не керек ұшақ олай да ұшты, былай да ұшты, бірақ діттеген жерді анық барлай алмағасын радист екеумізге "секіріңдер" деп бұйрық берді. Радистің қай жерге түскенін білмеймін. Менің парашютім бірдемеге ілегіп, асылдым да қалдым. Жіпті қиып жіберейін десем қалтамдағы пышаққа қолым жетпейді.

Міне, таң да атып келеді, күн жарықтана бастады. Қарасам, шіркеудің күмбезінің үстінде салбырап тұрмын. Халық та далаға шыға бастады. Шіркеуге бет алған шал-кемпірлер мені көріп "мынау бізді жаудан құтқаруға құдайдың жіберген періштесі" десіп шоқына бастады. "Мені босатып алыңдар" деп айқайласам, ешкім естімейді. Сөйтіп біраз тұрып қалдым. Халық көбірек жинала бастағасын ғана олар не болғанын түсініп, екі-үш адам күмбез үстіне шығып, саты қойып, мені босатып алды. Сол жолы екі өлімнен аман қалдым. Біріншісі – егер немістер көрсе, саудамның біткені ғой, екіншісі – егер пышаққа қолым жетіп жіпті қиып жіберсем, онда биіктен құлап өлер едім, – деп әңгімесін аяқтады Қасекең.

Келесі күні жолға аттандық. Бағытымыз – Суаткөл ауылы, одан әрі Сергеевка қаласы. Ауылдардың арасындағы сүрлеу жолмен тура баратын болсақ та жер шалғай. Тағы жол қысқарту керек. Арамызда Ғабең отырған жерде еркін сөйлей алатын Қасекең ғана. Оның үстіне қулық сөзге шебер.

– "Әй, Екпін, сенің анау енең қасқыр адам екен. Оның алдында атаң құрша жорғалайды ғой өзі", – деп әзілдейді. Мен де, Екпін де күліп жатырмыз.

– Қасым, қазір Суаткөлге барғанда осылай айтып жүрме, – деп күлді Ғабең. – Жо-жоқ. Әншейін, оңаша айтып жатқаным ғой...

Қасым Қайсеновтың олай дейтіні, қонақтарды Жаңажолда ауыл адамдарымен бірге Екпін Хамитұлының ата-анасы Сералы мен Әсия да қарсы алған болатын. Сонда інісі Әшімнің шымнан салынған үйінің төрінде отырған Ғабеңе құда-құдағиы келіп, қонақ болып кетуін қалаған. Осы жолы жазушылардың жоспарында Сергеевка (қазіргі Шал ақын ауданының орталығы) қаласының маңындағы Тың теңізін көру де бар екен. Сонда Қасекең: – Бұл Суаткөлің ертең біз барғалы отырған жерден жырақ емес пе? – деп сұраған. Біз жолда екенін айтқанбыз.

– Онда соғып кетуге болады.

– Иә, иә соғармыз, – деп келісім берген Ғабең.

– Әй, сен не ғып отырсың, тез түрегел, Ғабит келетін болды ғой, күн кешкіріп барады, ауылға жетіп, қам жасайық, – деп отағасын ала жөнелген сонда кемпірі.

Міне, сол Суаткөлге беттеп келеміз. Жол Октябрь, Майбалық ауылдары арқылы өтеді. Майбалық – бұрынғы Төңкеріс ауданының орталығы. Ғабең еңбек жолын сонда бастаған. НКВД бастығының орынбасары, аудандық әскери комиссар болған. Біздің осы төңіректегі Жаңажол, Октябрь, Қарақамыс, Ақбалық, Жалтырша, Нұрымбет ауылдары осы ауданға қараған.

Біз Суаткөлдегі Ғабеңнің құдасының үйіне атүсті соғып, Сергеевкаға бет алдық. Ойымыз қой сойылып, ет піскенше қайтып оралу. Бірақ жол кесуге болмайды ғой. Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жақсылық Ысқақов курортқа кеткен екен, қонақтарды екінші хатшы Геннадий Бубнов қарсы алды. Аудан туралы қысқаша мағлұмат бергеннен кейін Тың теңізіне келдік. Қандай әсем табиғат. Жағалай өскен аққайыңдар орманы. Ал ерке Есіл өзенінің бойына қолмен жасалған

теңіздің ұшықиыры жоқ сияқты. Биік толқындары жағаға ұрып, ақ көбік шашады. Тоған үстінен асып жығылған су тереңге құлдилап ағады. Осы қатты ағыстан тасқа соғылған балықтарды қалт жібермейтін шағалалардың айғай – шуы алыстан естіледі. Осы бір көрініс аңшы, сері Ғабеңе ұнаған тәрізді. Ол көпір үстінде тұрып, табиғаттың әсем суретіне, айналадағы құбылысқа таңдана қарап тұрды. Төңкеріс ауданында әскери комиссар болып тұрған шақта ақ бандыларды осы Сергеевкаға дейін қуып тастағандарын есіне алады. Осынау теңіз астында қалған бұрынғы аудан орталығы – Марьевкада талай болғанын айтты. Гидростанция директоры бізді теңіздің жанына апарды. Онда орнатылған турбиналар қалаға электр қуатын береді. Ал теңіз суы құрғақшылық бола қалса облысқа бес жылға жетеді екен. Өйткені, ол кезде Есілдің суы Мәскеуге тікелей бағынатын "Союзцелинвод" тресі Солтүстік Қазақстан облысына ғана емес, көршілес Көкшетау, Қостанай, Қорған, Омбы, Түмен облыстарына да жеткізіліп тұратын. Осы облыстардың елді мекендерімен бірге жайылымдағы малдарды да сумен қамтамасыз еткен бұл құрылым сол кезде дүние жүзіндегі ең ұзын жер асты құбыры болып саналатын. Содан кейін Ғабит Мүсірепов пен Қасым Қайсенов моторлы қайықпен теңіз үстінде біраз серуендеді.

Теңіз жағасындағы ну орманның ішінде "Аютас" деп аталатын пионер лагері салынып жатыр екен. Сонда барып, балық жеп, сорпасын іштік. Тіл үйіреді. Осымен кері оралатын шығармыз десек, аудандық партия комитетінің хатшысы Кеңес Одағының Батыры Ысқақ Ыбыраев атындағы кеңшарға баратынымызды айтты. Ғабең көне қалды.

– Бірақ алдымен батыр зиратына барып қайталық, – деді Ғабең. Зират Тереңсай ауылынан алыс емес. Ысқақ Ыбыраевтың басына ақ кірпіштен мазар салынған екен. Ғабең ел қорғауда ерлік істеген Батырға осылайша құрмет көрсетілуіне риза болды. Әттең. Әттең демей, не дейсің. Ауыл адамдары сол кездегі кеңшар директоры Қалиқан Мәмбетовты осы кесенені салуға мемлекет қаржысын жұмсады деп бірнеше рет көрсетіп, ақыры қызметінен босаттырды. Шіркін, пендешілік-ай!

Суаткөлге түнде оралдық, есік алдында Қасым Қайсеновке бір келіншектің жабыспасы бар ма? "Бауырым, амансың ба, қандай қуаныштымын аға" деп мойнына асылды. Қасекең аң-таң.

– Аға, үйірінен адасқан қаз сияқтымын мен...

– Иә, сонда қалай?

– Менің елім – Найман. Әке – шешеден ерте жетім қалып, балалар үйінде өстім. Дәм жазып осы жаққа тұрмысқа шықтым. Сізді естіген соң, әдейі іздеп келдім, – деді әйел.

– Қасым, туысыңды таптың ба, қалай? – деп қояды Ғабең.

– Айналайын бері кел, жаныма отыршы – деп Қасекең келіншектің бетінен сүйіп, қасына отырғызып, тұрмысын, бала-шағасын сұрап жатыр. Жиналған жұртты күлкі буып барады.

– Қарашы әне, "қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды" деген осы, туысы келіп еді, бізді ұмытты, – деп қояды біреулері. Осының бәрінің қалжың екенін Қасым Қайсенов артынан ғана білді. Оны ұйымдастырып жүрген Ғабең, Суаткөлден Сергеевкаға аттанар кезде Қасекең үйден бірінші болып шығып кеткен. Осы кезде Ғабең ауыл адамдарына:

– Біз қайтып оралғанша бір өткір әйелді дайындап қойыңдар. Қасым – Шығыс Қазақстан облысынан, руы – Найман. Ол әйел сол жақтыкімін деп Қасымға жабыссын, не қылар екен, көрейік. Бір күлкі болсын, – деп тапсырып кеткен. Әзіл араластыра отырып, әңгіменің майын ағызатын Қасым Қайсеновке Ғабең тағы қолқа салды. – Осы сен бірде дәл алдыңа келген еліктің лағын ата алмай, қапыда қалғаныңды айтып едің ғой. Ал егер сонда алдыңа неміс солдаты келіп, қасқайып қарап тұрса не істер едің? – деп қайрап қояды Ғабең. – Жоқ, атуға мұршам келді ғой, бірақ атпадым ғой. Соным дұрыс болыпты, – деп Қасекең әңгімесін одан әрі жалғастырады. Немістер қолға түскен партизандарды аямайды. Бір жаманы, шіркеулердің поптары партизандарды

ұстап беріп отырды. Соларына орай, біз де поптарды аямадық. Бірде селоның маңын барлап жүр едік, шіркеуден шыға келген немістер бізге оқ жаудыртты. Біз әр жаққа қаштық. Мен қатты жаралансам да сүйретіліп, орман ішіне қашып үлгердім. Жан бермек оңай ма? Есімнен танып қалыппын. Сол арада көп жатып қалсам керек. Ашпын. Таң ата көзімді ашсам алдымда еліктің лағы тұр. Дір-дір етеді. Тегі осы маңайдағы атыстан шошып қашып келген болуы керек. Қолымды қынабымдағы пистолетіме апардым. Бірақ атуға дәтім бармады. "Бұл маған келіп тығылып, менен жәрдем сұрап келіп тұр ғой, сонда мен оған пана бола алмағаным ба?" деген ой келді. Сөйтіп жатып тағы есімнен танып кетіппін. Көзімді ашсам еліктің лағы жоқ. "Уф", деп дем алдым. "Атпағаным дұрыс болды-ау", – деп өзімді-өзім жұбаттым. Ақыры, мені кездейсоқ тауып алған балықшылар құтқарып қалды...

Келесі күні меймандарды Суаткөл ауылында бірнеше үй қонақ қылды. Сол дастарқан басында да Қасекең ел басына күн туған шақта жау тылында талай болып, неміс-фашист басқыншыларынан кек қайырған оқиғалар туралы әңгімелер айтты. Қызылжар өңірінің топырағын шілденің екісінде басқан Ғабит Мүсірепов пен Қасым Қайсеновты тоғызында шығарып салдық. Бұл мен үшін ұмытылмас кездесу, есте қаларлық сапар болды.

Артынан Алматыға барған сайын Сәбит Мұқановқа, Ғабит Мүсіреповке, Қасым Қайсеновке, Ғафу Қайырбековке сәлем беріп, амандықтарын біліп жүрдім. Әлі күнге дейін Қасекеңді Украина сыйға берген ақ "Волгамен" Алматының көшесінде кетіп бара жатқандай сезінем де тұрамын.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
ҚР мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисі.

«ТАУ ІШІНДЕ» ӘНІ КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Қазақтың біртуар ұлы, ұлттық жазба әдебиетіміздің негізін қалаушылардың бірі, ақын-жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің халық арасында кең тараған, сүйікті әндерінің бірі – "Тау ішінде". Әннің қалай дүниеге келгені, кімге арналғаны туралы көп айтылып, көп жазылып жүр. Бірақ олардың бірде-бірінде нақты дәлел жоқ. Сондықтан мен әннің нақты тарихын оқырман қауымға жеткізуді ұйғардым.

Бұл материалды жазуыма "Soltüstık Qazaqstan" газетінің үстіміздегі жылғы 9 сәуірдегі санында жарияланған Мамлют аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ерғали Зиябектің "Мен келем тау ішінде түнделетіп..." деп аталатын мақаласы себеп болды. Дәл сол кезде үн қатуға уақытым да болмады, денсаулығым да келмеді. Материалда автор, композитор, өнер зерттеушісі Ілия Жақановтың осы әннің шығу тарихына байланысты жазған естелігінен үзінді келтіріпті. Онда Ілекең ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Қарпық Құсайыновтан естіген Сәкенмен бала кезінде бірге өскен Әзімхан ақсақалдың әңгімесін айтады.



Енді Ілия Жақановтың мақаласынан үзінді келтірейін. "...1919 жылы жазғытұрым Арқадан бет-ажары келісті келген кісі ат терлетіп, бетпақ даланы көктей өтіп, арып-ашып, Созақ өңіріне келеді. Ол кеңес өкіметінің өкілі деп Қаратаудың қойнауында отырған Тоқабай Ерімбековтің үйіне табан тіреген. Тоқаң жөн сұрап, Ақмола советі депутаты төралқасының мүшесі, уездік атқару комиссары қызметін атқарған Сәкен Сейфуллин екенін біледі..." – делінген. Осы арада түсіндіре кетейін, 1894 жылғы 23 мамырда Ақмола уезінің Ніл болысында қазақ ауылында дүниеге келген Сәкен (Сәдуақас) Сейфоллаұлы әкесінің ақылымен ауыл маңындағы мыс қорыту зауытына барып орысша оқиды. Осында жүріп ол зауыт жұмысшыларының патша

үкіметіне қарсы ереуілін көреді. Одан кейін Ақмолада, Омбыда оқуын жалғастырып, еңбек жолын Ақмола облысындағы Сілеті-Бұғылы деген жерде ауыл мектебінде мұғалімдіктен бастайды. Ол 1917 жылдан бастап қоғамдық жұмыстарға араласады. Оның бастауымен Ақмолада "Жас Қазақ" атты ұйым құрылып, "Тіршілік" деген газет шығарылады. Сол жылдың желтоқсанында Ақмола советі депутаты құрылып, ол совет депутаты мүшесі, уездік атқару комиссары болып тағайындалады. Сөйтіп, Сәкен Сейфуллин жаңа заман жолындағы күреске белсене араласады. Газет беттерінде патша үкіметіне қарсы өлеңдерін жариялайды, байларды жамандап мақалалар жазады. Осында жүріп, бір байдың Рахима деген қызына үйленеді. Ол Сәкенге "әкемді жамандап мақала жазба, құғынға ұшыратпа", – деп талап қояды. Сөйтіп, Сәкен Сейфуллин екі оттың ортасында жүргенде ақтар Ақмолада кеңес өкіметін құлатады. Сәкен Сейфоллаұлы бірнеше жолдасымен қолға түсіп, алдымен Қызылжардың "Абылайдың ақ түрмесі" атанған абақтысына, одан кейін Омбы түрмесіне қамалады. Ал 1919 жылдың наурызында ол ретін тауып, түрмеден қашып шығып, Дүйсенбі деген жалған ат жазылған құжатпен Павлодар, Баянауыл арқылы туған ауылына келіп, онда көп бөгелмей Түркістан жаққа өтеді. Әулиеата (қазіргі Тараз) советі депутатының көмегімен Сарысу, Шу өзендері бойындағы елдерде кеңес өкіметін орнату жұмысына қатысады. Одан әрі әңгімені Ілия Жақанов былай өрбітеді: "... Әлі есімде, бұл 1964 жылғы мамыр айы. Сәкеннің 70 жылдық мерейтойының қарсаңы еді. Мәжит ақсақалдың (кім екені белгісіз А. Ж.) үйіне сонау Жаңаарқадан біраз ағайындары келді. Солардың ішінде Әзімхан деген қарияның әңгімесіне жұрт сүттей ұйып, ден қойды. Сол әрқилы әңгімелердің арасында "Тау ішінде" әні де сөз болады...". Содан кейін автор Әзімханның әңгімесін былай келтіреді: "... Бір күні (Әулиеата жақта жүргенде) Сәкен өзімен байланысып жүрген жандардан менің үйленетін жағдайымды естіпті. Ой, шіркін! Сәкен-ай! Менің мына жаңалығыма тебірене қалып: "Барам! Әзімханға бармағанда кімге барам!? Тойы бола ма, құдалығы бола ма бәріне барам! Тірі жүріп, көр ішінде түнегенім жетер енді! Шығам, мына жарық дүниеге! Өлсем де елдің ішінде өлейін! Айтыңдар Әзімханға, бір жақсы ат дайындап қойсын!" – депті. Мына сөзді естіп Сәкеннің дін амандығына көзіміз жетіп, біресе жылаймыз, біресе іштей булығып, мәз боламыз өзімізше. Бірде бойымызды қорқыныш та билейді. Сәкен қайта ұсталып кете ме деп, зәре жоқ... Сәкен тойдан екі күн бұрын қасында екі-үш ауыл адамы бар, біздің үйге келіп түсе қалды... Сол күні біздің үйде үлкен думан болды..." Әзімханның автор келтірген ұзақ әңгімесін қысқарта айтсам, келесі күні ол Сәкенге ат ерттеп береді. Сөйтіп, ол ақ боз атты сылаң қақтыра жалғыз өзі Ескене тауына беттейді. Тау ішінің әсем табиғатын тамашалап, таза ауа, алқызыл өсімдіктердің жұпар иісін көкірегін керней жұтып, біраз демалғаннан кейін қайтып оралады. Содан кейін үй иесінен қағаз-қалам сұрап алып, жаңа ғана тау ішінде алған әсерін өлеңмен өре бастайды. Келесі күнгі думанды тойда халықтың сұрауы бойынша жаңа ғана жазылған әнін өзі орындап береді. Бұл "Тау ішінде" әнінің алғаш орындалуы еді. "Сол күннен бастап Сәкеннің "Тау ішінде" әні қолдан-қолға өтіп, ауызды-ауызға тарап кетеді", – дейді автор. Ал бұл әннің шығу тарихын суретші Ералы Оспанов басқаша баяндайды. Ол әңгімесін Түркістан қаласының маңындағы Ортақ деген жерде 1885 жылы туған Қалжан қожадан бастайды. Оның жазуынша, ол ерте жетім қалып, байдың жалшысы болған. Өзінің пысықтығының арқасында медреседе оқып, сауатын ашқан. Кеңес өкіметі орнағасын әртүрлі жұмыстар атқарып жүріп, локомотив депосына кіріп, орыс тілін меңгерген. 1921-1931 жылдардағы кеңес өкіметі қабылдаған НЭП-жаңа экономикалық саясатының арқасында Қалжан қожа Нұрмұхаметов бағбаншылық, диқаншылық, малшылықпен айналысып, тұрмысын түзеп, көп ұзамай ауқаттылар қатарына қосылады. Автор Қалжан қожаның бірқатар атқарған игі істерін, қайырымдылық шараларын айта келіп, оның 1942 жылы Ресейдің

Архангелскі облысында "халық жауы" деген атпен атылып кеткенін айтады.

Мақалада одан әрі 2005 жылы Түркістан қаласында Қалжан қажының әулеті, аталарының аруағына бағыштап, үлкен ас берілгені айтылады. Сонда кезінде Қалжан қажының жақсылығын көрген кісінің ұлы, сақалы ағарған қария Сәкеннің "Тау ішінде" әнінің дүниеге қалай келгені туралы айтып береді. Оның айтуынша, бір күні әкесі Түркістанға базарлап келеді де, атын ұрлатып алады. Содан Қалжан қажыға келіп: "Қожеке, мен жаяу қалдым, атымды кім ұрласа да, осы Түркістанның ұрысы алды, соның орнын толтыр", – дейді. Қалжан қажы сөзге келмей: "Анау тұрған аттардың ішінен қалағаныңды ал", – дейді. Әкесі аттарды айнала қарап шығып, ішінен бір ақ боз атты таңдап мініп, еліне қайтып кетеді.

Көп ұзамай осы әңгімені айтып отырған қарияның әкесінің үйіне Сәкен Сейфуллин келіп түсіп, бірнеше күн қонақ болады, осы ауыл аймақтың жұртын әндерімен тәнті етеді. Қонағы жолға шығарда оның өнеріне риза болған үй иесі Сәкенге Қалжан қажыдан алған ақ боз атты сыйлайды. Бірақ баласына "анау таудың етегіндегі шоқыға дейін шығарып салып, аттың үстіндегі күміс ерді алып қал, қазақтың баласы ғой, әрі қарай жайдақ мініп кете берер", – деп ескертеді. Бірақ бала Сәкеннен ұялып, астындағы ерді алмайды. Біраздан кейін ауыл алыста қалып, Сәкен қараңғыда осы аймақты қоршап тұрған биік таулардың ұшар басын тамашалап бара жатып, тамылжыған жазғы түннің рахатына малынып, мұрын жарар мүңкіген гүлдердің иісіне масайып, өбіп есіп тұрған кешкі самалдан көңілі толып, бұрын-соңды естімеген бір әдемі әнді шырқай жөнеледі. Бұл атақты "Тау ішінде" әні болатын, – деп қарияның сөзін келтіреді Ералы Оспанов.

"Тау ішінде" әнінің шығу тарихын кім, қалай жазды екен деген мақсатпен біраз құжаттарды ақтарғанмен, нақты дәлелге сүйеніп пайымдалған материалды кездестіре алмадым. Мысалы, Ілия Жақановтың материалында осы әннің қалай туғанын сұрағандарға Сәкен: "Бұл әннің жайын білгілерің келсе, бүгін таңертең мен жүрген соқпақпен жүріп, Ескененің бір қойнауы Найзақалған сай дейтін жерге барып көріңдер", – депті дейді. Бұл сөз рас болса, Сәкенді сол сайда бір арудың күтіп отырғаны-ау, сірә!? Ал Ералы Оспановтың мақаласында ақ боз ат мінген Сәкен тауға жақындай бергенде бұрын-соңды естілмеген бір әнді шырқай жөнеледі делінген. Бұл атақты "Тау ішінде" әні болатын деп нықтап айтады. Сонда артта қалған бала алыстағы адамның дәл сол әнді шырқағанын қайдан білген? Ақылға қонбайды. Міне, осындай, ешбір дәлелсіз жазылған материалдарға кім сенер. Ерғали Зиябектің ақын, композитор, өнер зерттеуші Ілия Жақановтың материалына сүйене жазған мақаласында: "... Сәкеннің біраз сырын білетін жан досы "Тау ішінде" әнінің кімге арналғанынан бейхабар. Жүрегінен терең орын алған сол бір ғашығы жайлы да білмейді. Бұл ән кімге арналған сонда? Ол жағы қазірге дейін жұмбақ. Сәкен жүрегіндегі құпия...", – деп жазады.

Ал белгісіз бір автор өзінің "Сәкен Сейфуллиннің "Тау ішінде" әнін Даңқой Шәйзадаға арналған" деген қысқа хабарында "Революциялық комитеттің әкімшілік бөлімшесі басшысының көмекшісі болып, Көкшетау маңайында "Аймақ" ауылын ашқан. Көршілес ауылдағы Есет байдың қызы Шәйзадамен танысып, оған бір ән арнаған", – деп жазады да, осы өлеңнің мәтінін береді. Мәтіндегі ақ боз аттың, тау ішінің, басқа да арнау сөздердің ол қызға қандай қатысы бар? Ол жағы беймәлім.

Сайып келгенде, жоғарыда әртүрлі авторлардың жазған деректерінің "Тау ішінде" әніне ешқандай қатысы жоқ деп есептедім. Ал мен өзім жерлесіміз, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің бұл жөніндегі айтқан сөзіне әбден сенемін. Ол нанымды да. Өйткені Ғабең Сәкен Сейфуллинмен өте жақын болған адам. Ол 1923 жылы Сәбит Мұқановқа еріп Орынборға оқуға келгенде екеуі сол кезде Халық комиссарлар комитетінің төрағасы (қазіргі премьер-министр) қызметін атқарып жүрген Сәкен Сейфулиннің үйінің бір бөлмесінде тұрады. Ғабеңнің Сәкенмен одан әрі де тығыз байланыста

Ырғалтып, шырқап, толғап, баяулатып.
Толқынды мың құбылған әнімді естіп,
Тыңдарсың кірпік қақпай ояу жатып...

Міне, осы өлең сөздерінен-ақ сері Сәкеннің тау ішінде ақбоз атпен түнделетіп, әндетіп келе жатқанын, киіз үйде толықсыған жас келіншектің ұйықтамай, оны тағатсыздана тосып отырғанын елестетуге болмас па?! Бірақ, Сәкен ол келіншекті туған жеріне ертіп әкеле алмайды. Ол үйде әйелі Рахима тосып отыр деп ойлаған болар. Алайда күйеуін ұзақ тосып, күдерін үзген әйелі басқа біреуге тұрмысқа шығып кетеді. Содан кейін Сәкен әйелдікке Ғабит Мүсірепов айтпақшы, "есік көрген емес, бесік көрген" ару іздейді. Оның да сәті түседі. Сәкен Сейфуллин бірде жол-жөнекей кетіп бара жатып, Нілді болыстық комитетінің басшысы, ақын Қайып Айнабековтің үйіне соғады. Ол жолға аттанарда үй иесі Қызылжарда оқып жатқан немере қарындасына сәлемдеме беріп жібереді. Сәкен оның пәтерін тауып алып, қызға сәлемдемені табыс етеді. Сөйтсе, ол сұлу, қаракөз, бұраң бел, бұрымы белінен түсетін қыз болып шығады. Артынан барып жүріп, оған сөз айтып, арнау өлең шығарып, ақыры қосылады. Сөйтіп, Гүлбахрам деген қызға үйленеді. Міне, Сәкен Сейфулиннің "Тау ішінде" әнінің нақты да шынайы тарихы осындай.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

Ойды – ой,
сөзді – сөз
қозғайды

БОДАНДЫҚТАН-БОСТАНДЫҚҚА

Ия, 70 жыл дәуірлеген алып мемлекет – Кеңес Одағының шаңырағының ортасына түскеніне де, міне 30 жыл болып қалыпты. Ол одан әрі өмір сүре берсе қазақ халқы тілінен де, ділінен де мүлде ада болар еді-ау! Шүкіршілік! Енді ол кезең тарих қойнауына енді, келмеске кетті. Ата-бабаларымыз армандаған егемен ел болдық. Бізге олар білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, үсті де, асты да байлыққа толы ұлан-ғайыр жерді аманат етіп қалдырып кетті. Құдайға шүкір, олардың армандары орындарып, егеменді ел болдық. Ең бастысы: бодандықтан-бостандыққа қол жеткіздік. Мен бүгін сол бостандық таңы атқан елең -алаң кезеңде Қызылжар өңірінде орын алған талас-тартысты оқиғаларға қысқаша шолу жасамақпын.

1. Іштен шыққан жау жаман

Бір ұрты майға, бір ұрты қанға толы болған, өзінің ұрда-жық әрекеттерімен айдың-күннің аманында халықты аштыққа ұрындырған Никита Хрущев тақтан түсірілгеннен кейін Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Коммитетінің бас хатшысы қызметіне Леонид Брежнев сайланды. Ол елді басқарған жиырма шақты жылды қазір халық «қой үстіне босторғай жұмыртқалаған заман» немесе «коммунизм заманы» деп атап жүр. Әрине көпке жағу оңай ма? Ол туралы анекдоттар да көп болушы еді. Леонид Ильич қайтыс болғаннан кейін билік басына келгендер жастарының кәрілігіне бірінен соң бірі бақилық бола бергендіктен бұл таққа Михаил Горбачев отырды. Маңдайындағы таңбасын көрген жұрт «Енжілде үкімет басына Таңбалы Михаил (Меченый Михаил) келсе ол мемлекет ұзаққа бармайды, жойылыды» деп шу ете қалған. Ақыры солай болды. Жаңа басшы «қайта құру» дегенді бастады. Бірақ нені қайта құру, қалай қайта құру керек екенін өзі де басып айта алмады, халық та түсінбеді. Сөйтіп, 1985 жылы басталған қайта құру сол кезде дәуірлеп тұрған Коммунистік партияның беделін біртіндеп түсіре бастады , ақыры партия да, елде де дағдарыс белең алды. Мұның соңы 1991 жылғы 24 тамызда Михаил Горбачевтің орталық теледидар арқылы «...Мен Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Коммитетінің Бас хатшысы міндетін бұдан былайғы жерде орындауды өзім үшін мүмкін емес деп мәлімдеймін және тиісті өкілеттілікті доғарамын...», – деп мәлімдеме жасауына әкеліп соқты. Осыдан кейін Кеңес Одағының құрамындағы Одақтас Республикалар бірінен соң бірі дербес мемлекет болып бөліне бастады. Солардың ішінде Қазақстан ең соңғы болып Одақтан шықты. Яғни, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы жоғарғы Кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды! Әрине, жаңа отау құрған отбасы сияқты Қазақстанға дербес мемлекет болып кету оңайға түскен жоқ. Тұтастай еліміз көптеген

қиындықтарға тап болды. Осыны пайдаланып қалуға тырысқан кейбір «саясаткерлер» ел ішінде іріткі шығаруға тырысып бақты. Мұндай келеңсіз оқиғалар, әсіресе біздің облыста жиі кездесті. Олай болуының тағы бір себебі – Солтүстік Қазақстан облысы республикамыздағы ең ірі астықты аймақтардың бірі, Ұлы Отан соғысы жылдарында орталық Ресейден көшірілген қорғаныс құралдарын шығаратын бірнеше завод Қызылжарға топтастырылған, мал шаруашылығы да, құрылыс саласы да қарқынды дамыған өңір. Ресейдің барлыққа дерлік аймағын Сібірмен байланыстыратын теміржол да Петропавл арқылы өтеді. Облыстағы түпкілікті ұлт құрамы да аз. Олай болатыны – сонау патша өкіметі тұсында, яғни он жетінші ғасырдың соңына таман Ресейдің орталық аумағында аштыққа ұшыраған шаруаларды біздің өңірге қоныс аударды, Ұлы Отан соғысы жылдарында жер аударылған көптеген ұлттардың өкілдері, тың игеру кезінде үлкен одақтың түпкір-түпкірінен «Комсомолдық жолдамамен» деген сылтаумен алдап, күштеп әкелген жастар мен түрмеден босағандардың есебінен халық саны артып, қандастарымыздың үлес-салмағы күрт кеміп кеткен еді. Міне, осындай жағдайды Ресейдің кейбір «саясаткелері» өздерінің баспайдасына алдырғысы келді. Мұндай жағдай, әсіресе 1992-94 жылдары белең алған еді. Сонау Ленинградтан (қазіргі Санкт-Петербург), Свердловскіден (қазіргі Самара), Челябіден, Түменнен, Омбыдан, Қорғаннан сондай-ақ көрші елдің біздің облыспен шекаралас орналасқан аудандарынан кезек-кезегімен келген арандатушылар облыстың тұрғындарын Қазақсатнның Солтүстік өңірін Ресейге беруді қолдауға шақырып, үгіттер жүргізді, митингтер, жабық басқосулар, жиналыстар ұйымдастырды. Мен сол жылдары облыстық теледидарда қызмет істегендіктен, осындай жиындардың біз естіп қалғандарына қатысып, олардың жымысқы әрекеттерін әшкерелеп отырдық. Сол кезде Петропавл қаласының көшелерінде қаптап кеткен әскери форма киген казактар бізді ондай жасырын жиындарға қатыстырмауға, өтіп жатқан жерлеріне енгізбеуге тырысып бақты. Бұл кезде облыс әкімшілігінің басшысы болып Владимир Гартман тағайындалған болатын. Еліміз егемендік алғанда өңірімізді алғаш басқарған, Қостанай облысының тумасы мамандығы орманшы Святослав Медведев Қазақстан Республикасы экология және биоресурстар министрі болып кеткен еді. Орал облыстық атқару комитеті төрағасы қызметінен жоғарылатылып келген Владимир Карловичке басқа шаруалардан бұрын ішкі және сыртқы саясаткерлермен білек сыбана күресуге тура келді. Ондай саясаткерлер облыста ресми түрде рұқсат берілмесе де «Казачество», «Лад» қоғамдарын құрып, олардың қызметін іштей іріткі салуға бағыттады. Өңірімізде қалыптасқан осындай саяси-экономикалық және әлеуметтік қиын жағдайда Владимир Гартман бойтасалық көрсетпей, бисаятшылармен бетпе – бет кездесіп, олардың жымысқы әрекеттеріне тойтарып беріп отырды. Көшелерде де, заводтар мен фабрикалар цехтарында да, «Лад» қоғамының жиналыстарында да болып, сол кездегі қалыптасып отырған қиын жағдайдан бірлік арқылы, ұлтаралық достық қарым-қатынас арқылы ғана шыға алатынымызды түсіндіріп, шыдамдық танытуға шақырды. Сол жылдары Қызылжар өңірінде өмір сүріп жатқан 102 ұлт өкілдерінің енді ғана егемендік алған, бір қоғамнан екінші қоғамға аяқ басқан шақта еліміздің басына түсіп отырған қиындықтан шығудың жолын бірге іздеу қажеттігін айтып отырды. Соған қарамастан бисаяткерлер облыс тұрғындары ішінде іріткі салу үшін көршілес Омбы облысының Есілкөл қаласында басылып тұрған «Глас», сондай-ақ «Вознесенскйи проспект» тәуелсіз басылымдардын пайдаланып бақты. «Глас» газетін шығарушылар тәуелсіз кәсіподақтар орталығының жетекшісі Валентин Быков пен Петропавл педагогика институтының оқытушысы Валерий Любушин болатын. Омбы теледидарының «Курсив» бағдарламасы Ресейдің әр аймағынан бірінен соң бірі келіп-кетіп, Қызылжар өңірін қазақ елінен бөліп алуға әрекет жасаушыларға қосылып, Петропавлда ұлтаралық араздық тудырып жүрген журналист Борис Супрунюктің, қала ішінде әскери киім киіп, қару асынып жүрген казактардың байламдарын пайдалана отырып, Мәскеудегі орталық теледидардан бірнеше хабар берді. Омбы

теледидары арқылы сөз алған орыс жазушысы, саяси теледидардан бірнеше хабар берді. Саяси көзқарасы үшін елінен қуылған, қазақта жер болмаған деп талай байбалам салған Александр Солженицын де казактар мен бисаясаткерлердің қолтығына су құйды. «Сырттан келген жаудан да, іштен шыққан дау жаман» деген сияқты осындай қолдауға ие болған жергілікті «жатыпатарлар» да қарап отырмады. Олар Солтүстік Қазақстан облысында жергілікті тұрғындар орыстілділерді шетқақпай қылуда, оларға мұнда өмір сүруге, алаңсыз еңбек етуге мүмкіндік бермейді деп байбалам салды, орыстілді басшылардың орындарын қазақтар тартып алуда деп пайымдады. Мысалы, Қазақ телеграф агенттігінің меншікті тілшісі, облыстық кеңес депутаты, ғылым және мәдениет, білім, тарихи ескерткіштерді қорғау, ұлтаралық қатынас комиссиясының төрағасы Владимир Плешаков «Русский вестник» (1991 жыл 22 ақпан №2) газетінің тілшісіне берген сұқбатында былай дейді: «...Продолжается выдвижение руководителей не по деловым качествам, а по национальному признаку. И когда из-за их несостоятельности они зачастую оказываются объектом критики в газете, сразу раздаются крики о шовинизме, преследовании национальних кадров и т.д.»... Әріптесіміз бұл жерде шіп-шикі өтірік айтып, байбалам салып отырғаны айдан анық. Оған дәлел, менде осы күнге дейін сақталған Кеңес Одағының шаңырағы ортасына түсер алдындағы жылдары қызмет бабында пайдалануға арнайы шығарылған анықтамалық тізімге қарап отырсам, жетпіске жуық облықтық мекемелер мен ұйымдадың үш-төртеуінің ғана басшылары қазақ екен, басқалары орыстілділер. Сонда ел егемендік алмай жатып басшыларының бәрі ауысып кеткені ме? Бұл туралы Ұлы Отан соғысының ардагері, байырғы журналист, марқұм Рашит Бәдірленов өзінің «Қызылжар» газетінде жарияланған мақаласында «...Плешаков Ресей газетіне шіп-шикі өтірікті жазу арқылы орыстарды қазақтарға қарсы айдап салып отыр. Бұл жақсы қылық емес...», – депті. Ал шындығында, 1997 жылы Көкшетау облысы жабылып, біздің өңірге қосылғаннан кейін ғана қазақ басшыларының саны арта бастады. «Қызылжар» демекші, өңірімізде облыстық «Қазақ тілі» қоғамының үні ретінде 1990 жылдан осы атпен газет шығатын. Ол басылымды журналистер Өмір Есқали (редактор), Құмбан Рамазанов, тіл маманы Асқар Сағындықов жүйелі түрде шығарып, таралымын бес мың данаға дейін жеткізген болатын. Сол кездегі «Комсомол» тігін фабрикасының қызметкері Ақан Бағанов газет материалдарының заңға сәйкес келуін үнемі қадағалап, қажет болғанда әр мекемелерге хат жазып беріп, көмектесіп жүрді. Өңіріміздің ұлтжанды, еліне, жеріне жаны ашитын азаматтары осы газетке қазақ және орыс тілдерінде мақалалар жазып, облыс тұрғындарын татулыққа, бірлікке шақырып, «шолақ белсенділердің» арандатушылық әрекеттеріне тойтарыс беріп отырды. Бұл істе, әсіресе журналистер Өмір Есқали, Зейнолла Әкімжанов, Мәлік Мұқанов; «Қазақ тілі» қоғамының әр жылғы төрағалары, тарих ғылымының кандиданты Қабдөш Қалиев, ақын Мұталлап Қанғожин, Қосыл Омаров, журналист Михаил Репкин, тарих ғылымының кандиданты Василий Черников және басқалары белсенділік танытып отырды. Осы газеттің бір санында облыстың бір топ зиялы қауымының Қазақстан Республликасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен облыс басшысы Владимир Гартманға ашық хаты жариялнады. Оған қол қойған соғыс ардагерлері-бірнеше жыл облыстық кино тарату жүйесін басқарған Михаил Аверин, облыстық баспахананың директоры Юрий Бочагов, ардагер-журналист Николай Езубченко және тағы да басқа орыстілді ақсақалдар былай деп мәлімдеді: «...Бұл мәлімдемені жазуға бізді Омбы қаласында әзірленіп, Ресей теледидары арқылы берілген, өзінің рухы жағынан арандатушы хабар мәжбүр етті. Онда Б. Ф. Супрунюк шімірікпестен, дөрекі түрде Қазақстанда орыстар қудаланады, олар Республикадан жаппай қашып кетіп жатыр және т.с.с. бірдеңелерді сандырақтады. Оның мұнысын ұлтаралық және өзара күдіктенушілікті қоздырудан басқа ештеңе деуге болмайды. Қасақана бөліп алынған осынау ақпараттар тасқыны хабарға қатысқан Омбы казачествосының өкілдерін Қазақстанға айбат шеккізіп, тіпті қару қолданбаққа, өстіп қоқан-лоқы

жасаттырып, қопаңдатып қойды...?» Ресей халқы да, Қазақстан халқы да Владимир Жириновскийдің қай жерде, қандай жиында болмасын лағып сөйлеп кетінін жақсы білетін. Өзі Алматыда туса да, білімді сонда алса да қазақ еліне тіл тигізуін қоймайды. Бұл жөнінде еліміз егемендік алған алғашқы жылдары республикалық «Советы Казахстана» газетінің біздің облыстағы тілшісі болған Луиза Власова облыстық газеттердің 1994 жылғы бірінші қаңтарындағы санында жарияланған «Біздің облыстағы Жириновскийді біз Ресей Федерациясы Президенттігіне дауысқа түскен кезден бері жақсы білеміз. Оның халық алдында шешендік танытып, лағып сөйлеп кеткені рас. Бірақ оның бүкіл сөздерінен ұлтшылдылықтың иісі аңқып тұратын...оған басқа халықтың намысына немесе тұтастай мемлекеттің намысына тіл тигізу түкте емес. Бір өкініштісі – соңғы жылдары біздің облыста да Жириновский тәріздес «көсем» пайда болды. Ол– орыс қауымдастығының жетекшісі Борис Супрунюк. Ел танымаған көш бастаушының аяқ астынан «өз казактарының» мүддесін қорғаушы болып, босқа әуре-сарсаң болып жүргеніне не айтарсың? Сондықтан да біз бәріміз болып бірауыздан: «Сіздей қорғаушыдан лайым құдайым сақтасын» демекпіз»... Бисаясаткерлер жымысқы әрекеттері жергілікті тұрғындардың басым бөлігінен қолдау табудың орнына қарсылққа тап болғасын енді қала көшелеріндегі ескірткіштерге тиісе бастады. Қарт коммунистердің күзет ұйымдастырғанына қарамастан бұрыңғы облыстыстық партия комитеті ғимараты алдындағы Ленин ескірткішін түнде жиі-жиі әртүрлі бояулармен бояп кететін болды. Сондықтан билік басындағылар бір түнде ескірткішіне де орын сол жерден бұйырды. О, құбылмалы заман-ай! Кеңес Одағы кезінде жыл сайын Валериан Куйбышевтың туған күні 6-шы маусымда оның Көкшетауда тұратын қарындасы Петропавлға шақырылып, кездесулер, түрлі патриоттық шаралар өткізілген. Ол еңбек еткен вагон депосындағы жұмыс орнында жастар салтанатты түрде комсомолға қабылданушы еді. Кеше күні ғана «көсем» деп жүрген Ленин идеялары енді керексіз болып қалды.

«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші, жергілікті тұрғындар қиын-қыстау кезеңде төзімділк, ауызбірлік таныта білді. Әскери киім киіп, арақка тойып алып, өзінің казактардың атаманымын деп жариялап, қоғамдық тәртіп бұза беріп, бірнеше рет сауықтырғышқа түскен Владимир Ачкасов та, Өзінің оғаш әрекеттері арқылы «Петропавлдық Жириновский» атанған Борис Супрунюк те арам пиғылдарынан ештеңе шықпағасын Ресейге қашып тынды. Бірақ олардың «бастаған істерін» жалғастырушылар біразға дейін арандатушылық әрекеттерін тоқтатпады.

Енді не істеу керек? Осы арада өңірдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін көршілермен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату қажеттілігі туындады. Сол мақсатпен Қызылжар өңіріне Омбы, Түмен, Қорған облыстарының губернаторлары шақырылып, делегаттар алмасып, саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынас шарттары жасалды, қала күндеріне, Наурыз, Республика, Тәуелсіздік және басқа да мерекелерге көршілер қонаққа шықырылып, оларға қазақ халқының қонақжайлылығы, бейбітшіліксүйгіш пейілі паш етілді. Сондай-ақ, жиі ұйымдастырылған халық тұтынатын бұйымдардың жәрмеңкелері де екі республиканың тұрғындарын бір-біріне жақындастыра түсті.

Өңірдегі саяси ахуалды тұрақтандыруда жергілікті баспасөз құралдарының да ықпалы ерекше болды. Радио мен теледидарда ұйымдастырылған хабарларды, газет беттерінде жарияланған зиялы қауым өкілдерінің мақалаларында тұрғындар ауызбірлікке, «басқа түскен баспақшыл» дегендей, егемендік алған алғашқы жылдардағы қиындықтырға «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» отырып шығуға шақырылды. Облысқа Омбының «Курсив», Мәскеудің орталық теледидарының «Воскресенье» бағдарламасының журналистері шақырылып, оларға өңірдегі саяси-экономикалық және мәдени ахуал таныстырылды. «Жүз естігеннен бір көрген артық» дегендей, жағдайды өз көздерімен көрген журналистер біздің облыс және тұтастай

Қазақстан туралы жаңсақ хабарлар бермейтін болды. Сондай-ақ Мәскеудегі «Мир» телеарнасы арқылы облыс өмірі жиіле көрсетіле бастады. Оның үстіне, Норвегияның, Германияның журналистері осында болып, «Играй гармонь», «Наурыз» мерекелерін бейнетаспаға түсіріп, телехабарлар ұйымдастырып, халықтар арасында орныққан шынайы достық қарым-қатынасты шет елдерге үлгі ретінде таратты.

2. Жұт жеті ағайынды екен

Мектепте де, жоғары оқу орындарында да оқығанда ұстаздарымыз біздің құлағымызға Қазақстан феодализмнен капитализмді аттап, бірден социализмге өткен мемлекет деп құйып келді. Капитализм елдерінде экономикалық дағдарыс жиі болып тұрады, сондықтан олар іріп-шіріп бара жатыр, болашақтары бұлыңғыр делінетін. Бұл жөнінде, тіпті анекдот та бар еді. Ол былай: бірде Америкадан Кеңестер Одағына делегация келеді. Олар елімізді аралап жүріп биік мұнараны көреді. Бұл не қылған мұнара екен деп, ұшар басында отырған адамның жерге түсуін өтінеді. Сонда ол адам бұл мұнараның басында коммунизмнің келе жатқанын билік басындағыларға хабар беру үшін отырғанын айтады. Делегация мүшелері ол адамды Америкаға келіп, осындай мұнара басында отырып, дағдарыстың келе жатқанын хабарлап отыруға шақырады. Еңбекақыны бұл жердегіден он есе артық төлейтіндіктерін жеткізеді. Бірақ ол коммунист болғандықтан шетелдіктердің бұл ұсынысын қабылдамайды. Неге? – деген сұраққа: – Сендерде дағдарыс тез келіп қалса мен жұмысымнан айырылып қаламын, ал мұнда коммунизмнің ешқашан келмейтінін жақсы білемін, сондықтан жұмыс орным да сақталады, деп жауап береді.

Сол дағдарыс бізде де Кеңес Одағында Михаил Горбачев билік басына келгеннен-ақ басталған еді. Ешкімге түсініксіз «қайта құрудың» арты алып мемлекет – Кеңес Одағының құруына әкеліп соққаннан кейін дербес отау құрған елдер дамудың жаңа жолына көше бастады. Ең қиыны – нарықтық экономика, немесе нарықтық қатынастар дегенді бұрын-соңды кім естіп – білген?

– Бұл дегенің дүниені дүкеннен сатып ал да, сыртына шыға оны қымбатырақ бағаға сату, – деп түсіндірді оны кейбіреулер.

– Сонда, алыпсатар боламыз ба? Ол үшін бұрын қылмыстық жауапқа тартушы еді ғой! – деп таңқалысты халық алғашында.

Олай істеуге де болар еді-ау. Бірақ оған ақша қайда? Өтпелі кезеңдегі басты қиындық ақша мәселесі болды. Қаладағы заводтар мен фабрикалар, сондай-ақ совхоздар мен колхоздар банкротқа ұшырай бастады, еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы дер кезінде төленбеуге айналды. Облыстық әкімдікте өткен ілездеме кеңестердің бірінде ұлттық банктың облыстық филиалының директоры Жомарт Қажырақымов: «Ресейдің жаңа үлгідегі ақшаға көшуіне байланысты соңғы кезде ескі ақшалар біздің жаққа ағылып, қолма-қол ақша мәселесі біршама шешілгендей болып еді, еңбекақы, зейнетақы мезгілінде беріле бастаған-ды. Енді, міне ақша мәселесі тағы да күн тәртібіне өткір қойылып отыр.

Орақтың аяқталуына байланысты сырттан көмекке келгендермен есеп айырысу қиынға соғып отыр. Облысымызда жалақы жөніндегі берешегі 12 миллиард сомға жетіп қалды...», – деп баяндады.

Ақшаның болмауы салдарынан алғашқы жылдың өзінде облыс өнеркәсіп кәсіпорындарының қоймаларында сегіз жүз миллион сомға жуық дайын өнімдері жинақталып қалды. Солардың ішінде, мысалы «Комсомолка» тігін фабрикасының жиырма бес миллион сомға жуық тігілген киімдері қоймада үюлі жатты. Оларды ешкім алмайды. Алайын десе ақшалары жоқ. Ал одан кейінгі жылдар нарық талабының өте қатал екенін көрсетті. Завод, фабрикалардың, тіпті жеке кәсіпкердің болмасын шығарған өнімдерінің сапасы әлемдік деңгейге сай келмесе оларға сұраныс та болмайтынына бара-бара көз жеткізілді. Сол себепті бірқатар кәсіпорын жабылып қалады.

Осындай дағдарыс барлық саланың жұмысына әсер етті. Мысалы сырқаттанған адамдарға ауруханаларда тамақ күніне бір-ақ рет берілетін болды. Оның үстіне ауырған адам өзімен бірге төсек-орынын, қасық, тәрелкесін ала келуге мендеттелді. Дәрі-дәрмекті де өз ақшасына сатып алуы керек. Бұл бір адам басына бермес қасірет еді! Зейнеткерлерге зейнетақы чек күйінде беріле бастады. Бірақ оларды дүкендер қабылдамады. Облыс,қала басшылығының күш-жігерінің арқасында ғана сауда орындары, дәріханалар чектерді қабылдай бастады. Есеп айырысудың осы түрінде түсініспеушілік туындаған жағдайда тұтынушылар шағымданатын арнайы телефондар жүйесі іске қосылды.

Қаржы мәселесі, әсіресе мұғалімдер мен медицина, мәдениет саласы қызметкерлері үшін өте күрделі болды. Оларға еңбекақы орынына арақ берілетін болды. Тегі Петропавлдың арақ-шарап заводы салықты арақпен төлеген болса керек. Қазақта «өлімнен ұят күшті» деген мақал бар. Соған қарамастан мұғалімдер мен дәрігерлер жұмыстан қолдары бос кездерінде көшеге шығып жалақыға алған арақтарын сататын еді. Енді қайтсын, күн көру керек, отбасын, балаларын асырау керек!

Сондай-ақ сонау Кеңес Одағының ыдырауы алдында тұтыну тауарлары мен азық-түлік тапшылығына байланысты енгізілген «тұтыну картасын» пайдалану одан әрі жалғастырылды. Осы жүйемен берілетін тауарлардың қатарына қант, арақ, сіріңке, шылым, өсімдік майы, иіс және шаруашылық сабындары, жуу құралдары, ет өнімдері, малмайы және басқалары жатқызылды. Мен осындай тауарлардың 1990-93 жылдарға ай сайынғы және әр тоқсанға жан басына шақталып берілген талондардың кейбірін осы күнге дейін сақтап келемін.

Ертеректе кілемді, үй жиһазын, тоңазытқыштарды және басқа да сол кездегі тапшылық заттарды қалалық атқару комитетінің шешімі арқылы алатын болсақ, соңғы кезде киім-кешектерді де солай сатып алуға көшкенбіз. Әлі есімде облыстық телерадиокомпания қызметкерлеріне шалбар, белдемше, аяқ-киім және басқа да киімдерді шаһар басшылығының рұқсатымен қоймалардан барып алғанымыз. Ал Одақ тарағаннан кейін дүкендерде тауар мүлде болмай қалды. Бір қызығы, адам жүрмегесін қаладағы «Березка», «Шолпан», «Подарки», «Раушан» және басқа да ірі сауда дүкендерінің кіре берістеріндегі бетондар мен олардың сатылары жарыла басталды. О, ғаламат!

Осындай қиын-қыстау кезеңде халық күнкөрістің амалын іздеді. Сөйтіп, жастар жағы, әсіресе қыз-келіншектер, жас жігіттер сонау Бішкектен, тіпті Қытайдан тауар таси бастады. Ол жақтан арзанға алған дүниелерін, осында қымбатырақ сатып, отбасыларын асырады, одан артылған ақшаға тағы жолға шығатын болды. Олар бұған поездарды, шағын автобустарды жалдап пайдаланды. Жастардың енді бір топтары электропоездармен Ресейдің бізбен көршілес Есілкөл, Петухово станцияларына арақ апарып, ол жақтан сыра, минералды су, басқа да азық-түлік тасымалдады. Әрине, бұл оңай шаруа емес. Біріншіден – ауыр жүк көтеруге, екіншіден – милицияларға жем болуға тура келді. Жастардың тағы бір тобы Петропавл вокзалынан өтетін поездардың жолаушыларына арақ, коньяк, шоколад және басқа да азық-түлік түрлерін милициялардың көзіне түспей, жасырынып сатып, ақша тауып жүрді. Осыдан талай жастарымыз денсаулықтарынан айырылды.

Менің облыстық телерадиокомпанияда қызмет істеген жылдарым дәл осындай тарыншылық кезеңге тура келді. Бір жылдары қант тапшылығы байқалды, бағасы да аспандап шыға келді. Осы тұста облыс оңтүстіктегі қант зауыттарымен келісім жасап, оларды шикізат – қант қызылшасымен қамтамасыз етуді мойынына алды. Сөйтіп, совхоздар қызылша өсіруді қолға алды. Біздің жақта мұндай дақылды өсіретін техника жоқ, сондықтан қатар аралық арамшөптерді жұлатын, ал ақысы есебінде күзде қант алатын болып келісетін едік. Ақыры күзде совхоздардан қант, сәбіз, қияр, қызанақ, қырыққабат, сияқты басқа да көкөніс алып, ұжым мүшелеріне бөліп беріп отырдық.

Елімізде 1993 жылдың 15 қарашасында ұлттық валюта – теңге айналымға

енгізілді. Сөйтіп, «Қазақстан Ресейдің құнсызданған ағаш ақшасынан» құтылды. Төл ақшамызға қазақ халқының бетке ұстар тұлғалары – Әл-Фарабидің, Сүйінбайдың, Құрманғазының, Шоқанның, Абайдың, Әбілқайырдың, Абылай ханның суреттері салынды. Халықтың қуанышында шек жоқ еді! Бірақ бұл ақша да бастапқы кезде ауыр жағдайымызды түзей алмады. Мысалы, сол кезде телерадиокомпанияның бас редакторы қызметіндегі менің еңбекақым үш мың теңге шамасында ғана болды. Осынша төмен еңбекақы қай жыртығыңды жамауға жетер. Десек те, соның өзін уақытында ала алмадық. 1994 жылы жағдайымыз тіпті төмендеп кетті. Сегіз ай бойы жалақы алмадық. Өйткені бізге ақша Алматыдан, республикалық телерадиокомпаниядан келіп түсуге тиіс. Ал ол жақта қаржы жоқ.

Жағдай өте қиын еді. Журналистерді іссапарға шығару үшін автокөліктерге бензин алуға, ескі техниканы жөндеуге ақша жоқ, әйтеуір жетіспеушілік. Компания төрағасы Мүталлап Қанғожинді облыс әкіміне осы қалыптасқан жағдайды айтып, көмек сұрауға жібердік. Содан кейін Владимир Гартман аудандардың басшыларына телерадиокомпанияға көмек беруді тапсырды. Сөйтіп, шаруашылықтармен біз олар туралы телехабарлар түсіруге, ал олар бізге ет, бидай, немесе басқа да өнімдер беретін болып шарт жасастық. Бұл, әйтеуір қиын жағдайда едәуір демеу болды.

Өтпелі кезеңдегі тағы бір қиыншылық – жылу мен жарық мәселесі. Облыстың елді-мекендеріне қараңғылық енді. Қызылжардың көпқабатты үйлеріне жылу жеткіліксіз берілді. Әрі электр қуатының, әрі газдың болмауы қала тұрғындарының жағдайын барған сайын қиындата түсті. Көпқабатты үйлерде тұратындар есік алдына шығып, әр жерден кірпіш жинап, оларды ошақ ретінде пайдаланып, тамақ пісіретін, шәй қоятын болды.

Қалада оған отын табу да қиын еді.

Осындай халге түсудің де басты себебі – ақшаның жоқтығынан еді. Тұтынушылар төлемақыны дер кезінде төлемегендіктен Петропавлдағы №2 жылу-электр орталығы Екібастұздан қажетті мөлшерде көмір ала-алмайтын болды. Оның үстіне ақысы уақытында төленіп отырмағандықтан, Тың темір жолы көмір тасуға вагондар бермеуге айналды. «Қайда барсаң Қорқыттың көрін» дегендей, қиыншылық жан-жақтан қысты. Ол – ол ма, бірнеше айлап еңбекақы алмағандықтан жылу-электр орталығының бірқатар маманы жұмыстан шығып кетті. Міне, масқара!

Кеңес Одағы тұсында Петропавлдағы №2 жылу-электр орталығы өндіретін электр қуаты басқа өңірлерге де берілетін. Сол үшін Ресейдің жоғары кернеулі электр желісіне қосылған-ды. Соның арқасында егер бір облыста электр қуаты болмай қалса оған басқа аймақтан тоқ жеткізілетін. Соған байланысты №2 жылу-электр орталығында қиын жағдай туындағанда электр қуаты Ресей жағынан берілуге тиіс еді. Алайда қаржы төлемегендіктен ол жақ та электр қуатын беруден бас тартқан. Оның үстіне бірде іске қосылып, бірде тоқтап жұмыс істеген техника да жиі сынатын болған. Оған дәлел «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінің 1997 жылғы 13-ші маусымдағы санында «...бір айдан бері станцияның небары бір-ақ бу қазаны мен бір турбинасы ғана жұмыс істеп тұр» деп жазылған.

Облыс, қала басшылықтарының халықпен жұмыс істеуінің нәтижесінде осы жылдың ортасына таман тұтынушылардан жылу үшін 42,4 милион теңге, ал қалалық электр желілері үшін 63,5 миллион теңге ақша жиналды. Соның арқасында Екібастұз көмір разрезімен және Тың темір жолымен аздап болсын есеп айырысқандықтан, №2 жылу-электр орталығына там-тұмдап көмір келіп түсе бастады. Бірақ алда мәселені түбегейлі шешу үшін басқаша амалын ойластыру міндеті тұрды. Өйткені қала кәсіпорындары мен көпқабатты тұрғын үйлеріне жылудың, ал тұтастай облысқа электр қуатының тұрақты берілмеуі өңір экономикасына да, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне де ауыр зардаптарын тигізіп жатты.

Облыс басшылығы осы тығырықтан шығудың бірнеше жолын іздестірді. Соның бір көрінісі – 1997 жылғы маусым айында Алматыда өткізілген тендерге

Петропавлдың №2 жылу-электр орталығы қойылды. Тендерді Ресейдің фирмаларының бірі – «Росгосэнерго» бірлескен кәсіпорыны жеңіп алды. Енді жағдай түзелер деп қуанған едік. Бірақ одан да іс шықпады. Артынан белгілі болғанындай, кеңсесі Түменде орналасқан кәсіпорын бірден шарт жасаспай, екі апта уақыт сұраса керек. Петропавлдық энергетиктердің жағдайымен жақынырақ танысып, құрал-жабдықтары тозып, титығы жеткен кәсіпорынды жандандыру үшін қыруар қаржы керектігін анықтағаннан кейін уәделерінен айнып кеткен.

Осындай қалыптасқан жағдайдан кейін басқа инвестор іздеуге тура келді. Бұл мәселе облысты басқаруға Даниал Ахметов келгесін түбегейлі шешімін тапты. Жаңа әкім Павлодар облысын басқарып тұрған кезінен таныс фирмасы – американдық «Аксесс-Индастриаз» компаниясын осында инвестор етіп тартты. Сөйтіп, 1997 жылғы 23 желтоқсанда өткізілген тендерде аса алпауыт кәсіпорын жеңіске жетіп, №2 жылу-электр орталығын бір миллиард 341 мың теңгеге сатып алды. Бұл, сол кезде ірі көлемдегі қаржы болатын. Кәсіпорынның бу қазандықтары мен турбиналары жөнделіп, бірінен соң бірі іске қосыла бастады. Екібастұздан көмір жеткізу жолға қойылды. Қажетті мөлшерде мазут сатып алынды. Соның арқасында Қызылжарға жылу, ал облысқа тұтастай электр қуатын беру жақсара түсті.

Әрине, мұнымен барлық қиындық жойыла қойған жоқ. Бұл сонау Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан 1944 жылдың наурыз айында Солтүстік Қазақстан облысынан енші алып шыққан Көкшетау облысы жабылып, Қызылжар өңіріне қосылған жыл еді. Сөйтіп Қызылжар өңірінде облыстық бағыныстағы екі, аудандық бағыныстағы алты қала, 212 ауылдық округ, 350 елді-мекен болды. Аудандар мен елді-мекендердегі жағдайларды былай қойғанда, Көкшетаудың өзінде шешімін күтіп тұрған күрделі мәселелердің өзі шаш-етектен-ді.

Кеңес Одағы кезінде «үлкеннен де, кішіден де үнемдейік!» деген ұран болатын.

Біраз уақыт жұмыс ырғағы бұзылып қалған №2 жылу-электр станциясы қайта өндіре бастаған электр қуатын үнемдеп әрі тиімді пайдалануды бақылауды күшейту қажет болды. Сол мақсатта облыс әкімі өзі бас болып рейдтерге шығып, түнгі уақыттарда қажет болмаса да жанып тұрған жарықтарды сөндіріп отырды. Осы шараларды, әрине теледидардан көрсетіп, Даниал Кенжетайұлымен талай рет сұхбат ұйымдастырған едік.

Үйлеріне жарық пен жылу беріле бастағанда, халықтың қуанышында шек болған жоқ. Қиын күндерде тамақ пісіріп, үйге жарық беріп отырған Қытайдың пілте шамдарын енді пайдаланбайтын болдық. Сондай шамның бірі гаражымда әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Сол кезде біз ауыл-селоларға әдейілеп іссапарға шығып, үйлердің, терезесінен түнде жарқырап тұрған жарықты, теледидар көріп отырған адамдарды бейнетаспаға түсіріп ерекше бір жаңалық ретінде көрсетіп отырдық. Қазақта «көппен көрген ұлы той» деген мақал бар емес пе! Көппен бірге көрген сол қиындықтар артта қалды. Шүкіршілік, қазір үйіміз жылы, жарық, газ бар, жағдайымыз жаман емес. Бұрын тұрмысымыз бұдан да жақсы болса екен деп тілеуші едік, енді – мына ырық бермей тұрған пандемияның салдарынан жағдайымыз бұдан төмендеп кетпесе екен деп тілейтін болдық. Лайым, солай болғай!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі
(жалғасы бар)

Ортақ өгізден – оңаша бұзау артық па?

Таң қаламын! Жалғыз мен емес-ау, бәрі таң қалады? Кеше ғана кең далада жайылып жүрген табын-табын ірі қара, отар-отар қой, үйір-үйір жылқы қайда кетті? Олар қазынаның ғана емес, бүкіл халықтың байлығы емес пе еді! Солар қайда кетті. Азғана уақыт ішінде солардың барлығы кімдердің құлқына сиып кетті екен. Осы сұрақ мазалай береді, мазалай береді. Қазақтың, тіпті қазақтың емес-ау, барша адамзаттың күнкөрісі мал емес пе! Халық «бірінші байлық – ақ жаулық, екінші байлық – он саулық» демеуші ме еді!

Осынша байлықтан неге айырылып қалдық! Енді, міне соны қайта орынына келтіреміз деп әуре-сарсаңға түсудеміз. Ғаламат! Барымыздан айырылып қалып, енді «қолымызды кеш сермеп жатқан» түріміз бар.

Қызық-ай! Кеңес өкіметі тұсында тірі жаннан да мал артығырақ болушы еді. Таң қалатынбыз. Адам өлсе, тағдыр солай болды деп, апарып жерлей салатын. Ал совхозды, не колхоздың бір малы шетінесе, ол неден өлді, оған бақташы ма, маман ба, кім кінәлі деп тергеуге алатын. Кінәлі табылса оған малдың құнын төлететін. Осылайша, қызғыштай қорғалған мал азғана уақытта жоқ болды. Мал болмағасын қора неге керек, олар да қиратыла бастады. Бір ғана мысал келтіре кетейін. Преснов жаққа жолым түсіп бара қалсам, жол бойындағы Дубровное ауылының маңындағы мал қорасының орынына қарап өтем. Бұл жерге Петропавл ауыр машина жасау зауыты ірі қара мал кешенін салған еді. Онда мал қысы-жазы қорада бағылуға тиіс болатын. Барлық жұмыс механизм күшімен атқарылды. Су тартылған. Малшыларға барлық жағдай жасалған. Әттең-ай, қаншама қаржы жұмсалып салынған осы кешенді бір жыл да пайдалана алмадық-ау! Балтық маңы елдерінен қымбатқа сатып әкелінген қара-ала сиырлар айырбастың (бартердің) құрбаны болды-ау, қайтерсің!

Мұндайды бұрын кім білген. Малдың жанар-жағар майға, тұқымға айырбасталғанын кім көрген. Жылқы, қойды есептемегенде, облыстағы алты жүзге жуық ірі қара бір-екі жылда жоқ болды. Басым бөлігі сол кездегі талаптарға сай салынған мал қоралары бұзылып тасталды, кейбірінің бетон қаңқалары кей жерлерде әлі де кездесіп қалады. Сонда, енді мал ұстамаймыз, халық ет жемейді деп ойлағанымыз ба?

Халық демекші, ешкімге керек болмай қалған ғимараттарды олар өздері бұзуға кірісті-ау. Мал қораларын бұзып, тақтайларын, шиферларын, қаңылтырларын, су құятын науаларын, не керек қолға түскеннің бәрін үйлеріне, біреулері түнделете, біреулері тапа-тал түсте тасып алды-ау! Бірде жолым түсіп сол кездегі Ленин, қазіргі Есіл ауданындағы Қарағаш ауылына бара қалдым. Сөйтсем, ауыл адамдары механикаландырылған қырманды бұзып жатыр екен. – Бұны неге бұзып жатырсыңдар, жарамды күйінде сақтап қалсаңдар, ертең керек болады ғой? – деймін жігіттерге.

– Біз бұзбасақ, ертең басқа біреулер бұзып әкетеді. Мал қоралары солай талан-таражға түсті. Ал мұның бөлшектерін ертең іздеп келген адамдарға жемге, араққа айырбастаймыз. Сонда аздап болса да кәдемізге жарайды, – дейді олардың бірі. Ғажап, өзін-өзі тонаған осы-ау, – деп ойладым да қойдым. Дәл осы ауданның Өрнек ауылында да сондай жағдай орын алды. Онда ауыл тұрғындары совхоздың кеңсесін бір түнде бұзып, таратып әкетті. Кешке бар кеңсе ғимараттың орыны ғана қалғанын, таңертең ерте мал шығарған әйелдер көріп, өз көздеріне өздері сенбей, жағаларын ұстаса керек.

Осындай жағдайлар басқа елді-мекендерде де орын алды. Оның бәрін тізе берсе газет беті көтермес. Айырбасты сылтау қылып, шаруашылықтың мал-мүлкін түгелдей сатып жіберіп, қашып кеткен басшылар да болды. Сөзім дәлелді болуы үшін мысал келтірейін. Жамбыл аудандық мамандырылған шаруашылығының директоры Петр Каппес алдымен отбасы мүшелерін Германияға жіберген. Содан кейін шаруашылықтың мал-мүлкін сатып, бір түнде өзі де жоқ болған. Үйін, ішіндегі жиһаздарымен қалдырып, тіпті есігін де жаппай кетіпті деседі Тройцкий ауылының тұрғындары. Ал Возвышен ауданының «Совет» совхозындағы жағдай мүлде басқаша болды. Директоры Оскарь Паль өте іскер адам еді. Бір кезде артта қалған совхозды облыстағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың біріне жеткізген. Онда мал кешендері, сүт зауыты, ет комбинаты, басқа да өндіріс кәсіпорындары жұмыс істеп тұрды. Совхоз орталығындағы, бөлімшелердегі тұрғын үйлер бір орталықтан жылытылатын, су әр үйге тартылған. Осындай шаруашылықты сақтап қалу үшін Оскар Максимович малын айырбасқа беруге, қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұрған фермаларды жабуға көнбеген. Жоғары жақтан берілген нұсқауға көнбеген директорды облыстық прокуратураның қызметкерлері милициямен бірге «Совет» совхозына барып, оның қолына кісен салып, Петропавлға жеткізген. Әрине, мұнда оның басынан сипамағаны белгілі ғой. Ақыры, ол Германияға қашып құтылды. Облыс басшылығының сол кездегі бұл қылығын «шаш ал десе, бас алғандық» деп қараған жөн болар, сірә! Егемендік алған алғашқы жылдары бір қоғамнан екінші қоғамға ауысқанда халық не істерін білмей, абдырап қалды. Бұрын жоғарыдан берілген нұсқаумен жұмыс істеп, үйді совхоз-колхоздан тегін алып, басқа да көмекке мемлекетке иек артып үйренген адамдар болашақта да солай бола береді деп үміттенді. Оған да бір мысал келтіре кетейін. 1997 жылы Көкшетау облысы жабылып Қызылжар өңіріне қосылғаннан кейін өңір басшысы Владимир Гартман Совет (қазіргі Аққайың), Зеренді, Еңбекшілер, Уәлиханов, Ақжар және Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) аудандарын аралап, халықтың жағдайымен танысты.

Бір қызығы, шалғайдағы аудандардың ой-шұқыры көп жолдары бізді әбден қажытты. Әкім мінетін «Джип» әбден соғып тастады. Уәлиханов ауданының орталығы – Кішкенекөлге жеткесін әкім көмекшісі Темірғали Әбілмәжіновке Көкшетаудан ұшақ шақыруға тапсырма берді. Суы тұзды «Сілеті» көлі үлкен екен, қырық минуттан артық уақыт ұштық үстінен. Біз ұшып келген Құлыкөл ауылы Петропавлдан 650, Көкшетаудан – 410 шақырым, ал Павлодардан – 150 шақырым екен. Біз «Джиппен» жете алмаған ауылдың тұрғындары аудан, облыс орталықтарымен қалай қатынасады екен деген ой туды. Осында болған кездесуде ауыл тұрғындары жол қатынасының қиындығын,жарықтың жоқтығын, теледидар көре алмайтындықтарын, газет-журналдар алмайтындығын, ұрлық-қарлықтың өршіп тұрғанын қынжыла айтты. Бұл кезде бұрынғы совхоздар мен колхоздардың орынына өндірістік кооперативтер құрылып, жұмыс істеп жатқан болатын. Артынан бұл құрылымның да өміршең еместігі белгілі болды. Алдын орай айта кетейін, одан кейін елімізде шаруа қожалықтары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер дүниеге келді.

– Біз отбасымызбен жұмыссыз отырмыз, кооператив директоры көмектеспейді, малымызға шөп бермей отыр, – деп шағымданды клубтағы бас қосуда ауылдың бір тұрғыны. Ол Қуандық Қайырбеков деген азамат екен. Жеті баласының бесеуі ер

жеткен жігіттер болып шықты. Қорасында небары екі сиыры, сегіз қойы бар екені анықталды.

– Бұл нағыз бейшаралық! Осынша жігіт отырып, азғана мал басына шөп шауып ала алмасаңдар, қалай күн көрмексіңдер. Күні-түні ұйықтай берсеңдер, сендерді кім? асырайды? – деп қатты айтты Владимир Карлович оған. Бұл сөзге қариялар риза болды. Олар жас кездерінде қолшалғымен шөп шауып, малдарын асырап, бала-шағаларын өсіргендерін еске алды. Сол жылдары облыстың елді-мекендеріне іссапармен барған кездерімізде халықтың «ақыр заман» келіп қалды екен деп абдырап қалғанын көрдік. «Болашағымыз не болады, бала-шағаны қалай асыраймыз?» деген күдік туды.

– Өткен ғасырдың алғашқы жартысында елде аштық жайлаған шақта көптеген қандастарымыз Ресей асып, Қорған, Түмен, Омбы облыстарының ормандарын паналап күн көрген екен. Ал қазір қайда барарсың, ол жақта да жағдай осындай, «көппен көрген ұлы той» деген, не болса да шыдаймыз, – десетін біз әңгімеге тартқан қариялар.

Бұрынғы совхоздар мен колхоздардың орындарына құрылған өндірістік кооперативтерден іс шықпады. Енді не істеу керек? Халықты ауыл шаруашылығын дамытпайыншы асырау мүмкін емес. Сондықтан үкімет, енді мемлекеттік дүние-мүлікті, жерді жекешелендіруге кірісті. Шаруашылықтардың техникасы, егістік жері жан басына шақталып бөлінді. Шаруа қожалықтары құрылды. Ауылдардың тұрғындары жаппай егіншілікпен айналысуға бет бұрды. Бірақ, мұнда да қиындықтар аз болған жоқ. Облыстық «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан») газетіне жарияланған мақаласында Жамбыл ауданындағы Қайранкөл ауылының «Батыр» шаруа қожалығының жетекшісі, бұрын совхоз, элеватор директоры қызметтерін атқарған тәжірибелі маман Тілеген Жетеев былай деп жазады: «...аудандағы шаруа қожалықтарының жай-күйі, жеңілдеп айтқанда, мардымсыз...Өзгені былай қойғанда, қасиетті Жер-ананы өмірі жермен жұмыс істеп көрмеген, агротехникадан ешқандай хабары жоқ, тәжірибесіз, еш жерде тұрақты жұмыс істемеген жеңіл мақсаттағы жылпостарға оңды-солды тарата беру мен үшін түсініксіз жай. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» дегендей, мұндайлардың шаруа қожалықтары қозғалысына абырой әпермесі айқын. Екіншіден, мұның арты жердің құнарлылығының төмендеуіне, берекесіздігіне апарып соғады...»

Маман, бұл жерде ащы шындықты айтып отыр. Жекешелендірудің жөні сол дегендей, облыста құрылған шаруа қожалықтарының саны бір кездері алты мыңнан асыпты. Отбасына шаққанда тиесілі жер телімдерін алып шаруа қожалықтарын құрғандар қаншама. Оларда орта есеппен 105 гектардан ғана егістік жер болған. Кейбіреуінде тіпті, 20-ақ гектар жері болатын. Мұндай жағдайда бұрын егін шығымдылығын арттыру мақсатында қолданып келген үш-бес танапты егістік жүйесін пайдалану тіпті мүмкін емес-ті. Осындай ұсақ шаруашылықтардың тұқымдық дән, тыңайтқыш, техника алуға күштері жетпей жатты. Ол үшін несие алуға кепілдікке қоятын мүліктері де жоқ. Ондайлардың кейбірі тұқымды қарызға алатын болды. Бірақ оны иесіне еселеп қайыру керек. Нарық заңы осы. Күші жоқтар көршілері тұқым сеуіп болғасын, ал күзде егінін жинап алғасын солардың техникасын жалдап пайдалануларына тура келді. Сөйтіп жүргенде егін себудің қолайлы мерзімі, әрине өтіп кетеді. Соның салдарынан мысалы, Аққайың ауданында құрылған 449 шаруа қожалығының жартысына жуығы әр гектардан 3-4 центнерден ғана өнім алған. Мұндайда қожалық жұмсаған шығынын да қайырып ала-алмайды. Ал күзде ондай шаруалар тағы да көршілерінің егіндерін жинап алуын тосатын. Содан кейін ғана олардың комбайндары босайды. Өстіп тосып жүргенде қар да түсіп кетеді. Соның салдарынан қаншама егін жиналмай қалып жүрді. Мен бірде Аққайың ауданындағы Аралағаш ауылына бардым. Кезінде халық театры болған, тұрғындарының тұрмысы жақсы, алдыңғы қатардағы елді-мекендердің бірі еді. Орақ науқанының қызған

шағы. Осындағы шаруа қожалығының бірнешеуі тұқым таба алмай, егін екпепті, енді біреулері егіс науқанын көршілерінің көмегімен өткізсе, енді солардың астық бастырып алуын тосып жүр екен.

– Бұрын біздің осы шағын ауылда 75 шаруа қожалығы болған қазір олардың саны азайыңқырады. Көбінің егін өсірмек түгіл салық қарыздары қазір үш жүз мың теңгеден асып кетті, – деген еді ауылдық округтің әкімі Сейілхан Тастеміров.

– Олар бірнешеуі қосылып неге ірі шаруашылық құрмайды? – деп сұраймын.

– Неге екенін білмеймін. Егер олар қосылып, біріксе жерлерін кепілдікке қойып несие де алар еді, сонда тұқым да, тыңайтқыш та, техника да алуларына мүмкіндік туар еді, – дейді әкім.

– Оның мәнісін айтайын, – деймін. – Ол былай: біз даңқойлау, кеудемізді көтере ұстағанды жақсы көретін халықпыз ғой. Ал бұл шағын қожалықтардың иелерінде қазір бір-бір папка бар, қалталарында мөрлері. Күндерін көре алмай отырса да, олар қолтықтарына папкелерін қысып, аудан орталығына барып-келіп жүреді. Өздерін бастық сезінеді. Егер ол басқа қожалықпен біріксе, онда папкеден де, мөрден де айырылыпқалмай ма?

– Дұрыс айтасыз! Шынында солай шығар! – дейді әкім таңғалып.

Осы ауылдағы «Ержан» шаруа қожалығының жетекшісі Мағжан Қазиевтің қарамағында қырық-ақ гектар жері болса да, басқаларға яғни ірі агроқұрылымдарға қосылғысы келмейтінін былай түсіндірді:

– Оларға сенім жоқ. Өйткені қазір халықтың сана-сезімі бұзылды, бірін-бірі алдап кетіп жатқандар аз емес, ертең тақырға отырғызып кетуі мүмкін. Сондықтан мен «ортақ өгізден-оңаша бұзауым артық» деген қағиданы ұстанудамын... Иә, оның бұлай айтуының да жөні бар еді. Кезінде өңіріміздің біраз шаруаларын «Голден Грейн», «Синегорье» деген агрофирмалар қан-қақсатып кеткен-ді. Осы жерде Көкшетаудың «Синегорьесі» туралы қысқаша айта кетейін. Бұл фирма астықты қайдан алғанын кім білсін, біздің облыстың шаруаларына қарызға тұқым беретін болды. Ал шаруалар болса күзгі орақтан кейін алғандарын екі еселеп қайыруға тиіс еді. Бір грамм да тұқымы жоқтар осыған амалсыз келісті. Бірақ «бұлт ала, жер шала» дегендей, жаңбыр аз жауған, техниканың қауқарсыздығынан егінді кеш сепкен, басқа да агротехниканы қолдана алмаған кейбір шаруаларды егін шығымдылығы ойдағыдай бола қойған жоқ.

Сенде астық бар ма, жоқ па, «Синегорьенің» онда шаруасы болған жоқ, бидайын қайыруды талап етті. Шартты орындай алмағандарды фирманың «жасақтары» қару асынып келіп, қорқытып, тұқымға қалдырған аз-мұз астықтарына дейін сыпырып әкетіп жүрді.

Бірда іссапармен Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданына барғанымда бұрын совхоз директоры, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып істеген, тәжірибелі маман Аманжол Мағжанов жетекшілік ететін шаруа қожалығына да соқтым. Шаруашылықты аралап, теледидарға көрсету үшін біраз өндіріс орындарын бейнетаспаға түсіріп, соңында кеңсеге еніп, Аманжол Мұқаметжанұлынан сұхбат алдық. Сөйтіп, болып далаға шығып едік, кеңсе алдына бір «Джип» машинасы келіп тоқтай қалды. Бір тықырды сезген фермер маған:

– Кішкене кідірсеңіз қайтеді, мыналар мені қорқытуға келіп тұр, бәлкім сізден қаймығар, – деді.

Сөйтіп, кеңсе ішіне қайта енуге тура келді. Шынында да бұлар «Синегорьенің» «жасақтары» екен. Бірден астықтарын беруді талап етті. Директор биыл егіннің шығымдылығы онша болмағаны, соның салдарынан түсімі де аз болғанын алға тартып еді, олар осы мәселемен тағы да келетіндіктерін айтып, сыртқа шығып кетті. Әйтеуір директорға қол жұмсаған жоқ.

– Сізден бата алмады, әйтпесе менің қолыма кісен салатын еді бұлар, басқа жерлерде шаруаларға солай істеп жатыр, – деді Аманжол Мұқаметжанұлы.

Шаруаларды сырттан «қамқоршы» боламын деп жеп кеткендермен бірге, өзіміздің

«пысықайларымыз» да қан-қақсатып кетіп жүрді. Кейбіреулері, тіпті тұтастай совхозды банктерден несие алып, сатып алып, ештеңе істемей, банкрот қылып жеп кетті. Енді біреулері алданып бидайларынан, техникаларынан айырылып қалды. Осы арада тағы да Аралағаш ауылын мысалға алмақпын. Сол ауылдың бірнеше кісісі орақ кезінде комбайындарын жалға алған қалада тұратын кейбір азаматтардың ақыларын өтемей, алдап кеткенін айтып редакциямызға талай келді. Алайда, оларды арасында жазба түрінде келісім-шарт болмағандықтан комбайндардың иелері заң жүзінде ешқайда шағымдана алмады.

Менің бұл үш бөлімнен тұратын мақаламды оқығындар (оқитын адам болса!) неге көлеңкелі жақтарды жаза берген деп ойлауы әбден мүмкін. Еліміз егемендік алғалы, міне отыз жыл болды. Сол оңаша отау құрған жылдары туған балалардың алды бүгін отыз жаста. Олар осы бостандыққа қалай қол жеткізілгенін біле бермейді. Сондықтан бұл тарихи қысқа мерзімде бастан өткізген қиындықтарды, қалт кеткен қателіктерімізді солар білсін дегім келді.

Әрине, ол қиындықтар артта қалды. Құдайға шүкір елімізді бүкіл дүние жүзі таныды. Басқа мемлекеттермен терезесі тең ел болдық. Ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріміз аз емес. Мына, жер жүзін дүрліктіріп тұрған індет– пандемия жағдайының өзінде тұрмыс жағдайымыз төмендеген жоқ. Ендігі міндет – егемендіктің желбіреген көкбайрағын түсірмеу, ата-бабаларымыздың аманатын орындау! Тек айтарым «алтау ала болса-ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» деген қазақ мақалын ұмытпайық, ағайын!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі

БИЛІКТЕГІЛЕРГЕ ҮЛКЕН МІНДЕТ ЖҮКТЕЛЕДІ

Жер кодексіне мораторий жариялануы, бұл саладағы түйткілдерді жою үшін Жер реформасы бойынша комиссияның құрылуы жұртшылық тарапынан ыстық ықыласпен қабылданды. Біз Қазақстанның құрметті журналисі, мәдениет қайраткері, өңірімізге танымал қаламгер Амандық ЖАНТЕМІРОВКЕ жолығып, тығырықтан шығу жолдарын сұрастырған едік.

– Әбеке, Жер реформасы бойынша комиссияның отырыстары ә дегеннен қызу талқылауларға ұласып, барынша ашықтық, мөлдірлік сипат алып отыр. Жергілікті жерлердегі қоғамдық кеңестер де жұртшылық арасында үлкен дүмпу туғызған мәселелерге қатысты жан-жақты талқылаулар ұйымдастыруда. Бұл шаралар жер төңірегіндегі даулы жайттарды тиімді шешуге өз ықпалын тигізе ала ма?

– Әрине, деп батыл сеніммен айтуға болады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жер кодексінің бірқатар түзетулеріне жыл аяғына дейін мораторий жариялап, өте байыпты шешім қабылдады. "Халық айтса, қалт айтпайды", "Халық сұраса, хан түйесін сояды", деген қанатты сөздер бар. Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында осы мәселеге арнайы тоқталып, Қазақстанның жерін шетелдіктерге сату туралы жалған ақпараттың таратылуы салдарынан алаңдаушылықтың көбейгенін, мұның шындыққа жанаспайтынын ашып айтты. Бір жайт анық, ол – нарық заңымен санаспауға болмайтыны. Сол себепті, алдымызда ауыл шаруашылығы саласымен айналысушылардың жекеменшігіне жер алу мүмкіндігін тудыру арқылы дұрыстап игерудің, тоздырмаудың, құнарлылығын жоғалтпаудың тұтас жүйесін қалыптастыру міндеті тұр. Қазақ "Мал ашуы – жан ашуы", деп текке айтпаған. Шыны керек, ел көлемінде жер дауы осылай өрістейді деп, ешкім күтпегені анық. Жер – ата-бабаларымыздың қасық қаны қалғанша сыртқы жаудан қорғап, бүгінгі ұрпаққа аманат еткен басты байлығы. Қазақтың небір ержүрек ұлдары мен ұлтжанды азаматтары ұлтарақтай жер үшін жанын пида еткен. Қай эпос-жырды алмаңыз, сұқ көздерден атамекенін қызғыштай қорғаған тау тұлғалы батырлардың ерлік істері суреттеледі. Жоқ нәрсені сылтауратып, небір құнарлы жерге қызығып, оның арты қанды соғысқа ұласқан оқиғалар, басқыншылық саясаттар тарихтан мәлім.

Облыстық газетте біраз жыл ауыл шаруашылығы бөлімін басқарғандықтан, жер жағдайын біршама білемін. Біздің балалық шағымыз соғыстан кейінгі қиын кезеңмен тұспа-тұс келіп, қабырғамыз қатпай жатып егін егуге, астық жинауға қатыстық. Осылайша, Жер-ананың, бір үзім нанның қадір-қасиетін ерте ұғындық. Әке-шешелеріміз ас атасы – нанның жерге түскен қиқымын ысырап етпеуге үйретті. Мұның бәрі маңдай термен мәпелеп өсірілген байлық негізі – жер екенін, сондықтан

оған деген күтім-қамқорлықтың да ерекше болатынын аңғартады. Заман өзгеріп, алға озған сайын бабаларымыз өсиет етіп кеткен жерге иелік ету жүйесі де үлкен өзгерістерге ұшырады. Талап та, талғам да басқаша. Өзім туып-өскен Жамбыл ауданындағы шағын ауылдардың бірі – Қарақамыс. Заңғар жазушыларымыз Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов дүниеге келген Жаманшұбар мен Жаңажолдың қақ ортасына орналасқан. Тың өлкесі құрылғанға дейін бұл ауылдар Қостанай облысына қарайтын. Бірде колхозшылардың кезектен тыс жалпы жиналысы өтіп, күн тәртібіне колхоздың біраз жерін жаңадан құрылғалы жатқан кеңшарға беру мәселесі қойылады. Оған тұрғындар қарсы болады. Өйткені, ауданда алдыңғы көштен көрінген "миллионер" атанған бай колхозды бөліп-жарғылары келмейді. Ортақ мақсат жолында ынтымақтаса жұмыс істегенді тәуір көреді. Ол кезде жоғары жақтың айтқаны – заң. Жұртшылықты дегендеріне көндіріп тынады. Осылайша құрамында Нұрымбет, Ақбалық, Жалтырша, Қарақамыс, Октябрь, Жаңажол, Озерный, Бауман ауылдарын қамтыған "Озерный" кеңшары бой көтеріп, кейін одан бірнеше шаруашылық бөлініп шықты. Олардың жағдайы жақсарудың орнына кері кетті. Мұны айтып отырғаным, бүгінгі кезде жердің құнарлығынан айырылуының бір себебі, шаруашылықтарды ұсақтап, "бас-басына би болған, өңкей қиқымның" күйін кешкенінде. Мәселен, облыста 3 мыңнан астам шаруа және фермер қожалығы 1511,8 мың гектар жерге иелік етсе, көбінің материалдық-техникалық базасы әлсіз болғандықтан, озық технологияларды қолдануға қауқарсыз, 117 мың гектар алқаптың мемлекет меншігіне қайтарылуы жылдар бойы ештеңе егілмегенін, иесіз, қараусыз қалғанын аңғартса керек.

– Жер – қазақ үшін киелі де қасиетті ұғым. Аялауды, мәпелеуді сүйеді. Оған иелік ету – мәселенің бір жағы. Біз үнемі тыңайтып ұстаудың орнына, тек тұтынушылық көзқарас жетегінде жүрген сияқтымыз. "Алаған қолым – береген" үрдісін ұмытқандаймыз.

– Дұрыс айтасыз. Бұрындары шаруашылықтарда міндетті түрде күздік бидай егілетін. Кейін "дала аруы" – жүгері өсіріле бастады. Үлкендер біздің өңірді "түгін тартса, майы шығатын", деп отыратын. Қарақамыс ауылының оңтүстік-шығыс беткейіндегі ақ балтырлы қайыңдар мен көк теректер, тал араласа өскен орман қойнауы "Ақтомпақ" деп аталады. Себебі, бұл жердің қыртысын бір-екі күрек тереңдікте қазса, аппақ балшық шығады. Табиғаты қатал, аязы қатты, бораны дүлей өлке жанға да, малға да жайлы, берекелі болу үшін үш танапты, бес танапты ауыспалы егіс жүйесі кеңінен қолданылатын. Күздік бидай, бидай, жүгері, сұлы, арпа, біржылдық, көпжылдық шөптер алма-кезек егіліп, жер парға қалдырылатын. Күзде өнім жиналып алынған алқаптарда сүдігер жыртылатын. Мал фермалары жанындағы қарашіріктер егіс алқаптарына тасылып, төгілетін. Қар тоқтатылатын. Тұқым себу мерзіміне, мөлшеріне, тереңдігіне ерекше назар аударылатын. Егін көктеген кезде арнайы комиссия алқаптарды тексеріп, өскендердің беталысын анықтайды. Әр танап басына арнайы тақтайша орнатылып, "сапа белгісі" жазып қойылатын. Агрономның, диқанның еңбегі ескеріліп, сыйақы берілетін. Мұның бәрі егістік жерді тиімді пайдалану, түсімділігін арттыру үшін жасалатын шаралар-тұғын. Ол кездері егіншілік мәдениетін көтеру кезек күттірмес мәселелердің бірі болатын. Өкінішке қарай, осындай озық тәжірибелер ұмытылды. Осы үрдісті билік орындары, мәселен, ауылдық округ әкімдері неге жаңғыртпасқа? Азық-түлік қауіпсіздігі бірінші орынға қойылып отырған кезде жерді игеруге жаппай ұмтылу, қолғабыс жасау өте маңызды. Бұл орайда, оны күтіп-баптаудың барлық қам-қарекеттерін қарастырған абзал.

Екінші бір ескеретін жайт, жергілікті жер танаптарын сырттан иеленушілер аз емес. Олар мол қаражаттың арқасында пай үлестерін иеленіп алған соң, берген уәделерін орындаудан тайқып шыға келеді. Ауылдықтардан гөрі, қарақан бастарының

пайдасын көп ойлайды. Тіпті, көктем мен күзде ғана ат ізін салатын алпауыт фирма иелері де кездеседі. Жамбыл ауданындағы бірнеше елді мекеннің ауылшаруашылық мақсаттағы жерлеріне "Атамекен-Агро" ЖШС иелік етеді. Осы құрылым бірде-бір ауылға не материалдық, не әлеуметтік көмек көрсетпейді. Озерный ауылында тұратын немере інім Алпысбай Сағындықовтың айтуынша, жер үлесі үшін бір адамға бар-жоғы 5 мың теңгеден беріліп келген. Былтыр ештеңе татырмаған. Ауа райының қолайсыздығын сылтау еткен. Аудандық әкімдікке арызданып барса, түк істей алмаймыз дегендей алақандарын жайған. Адамдардың шағымдарына құлақ асып, тегеурінді қимыл көрсетпесе, несіне билік иесі саналады? Осындай немкеттілік салдарынан қожайыны белгісіз, шеттен келген ірі алпауыттар қарамағындағы елді мекендерді де, жер телімдерін де бордай тоздырып, ыдыратып жіберді. Мұның алдында американдық "Голден-Грейн" дейтін фирма талай елді мекендерді сүлікше сорып, ақырында тақырға отырғызып кеткенін ұмыта қойған жоқпыз. Қазір де арамшөптің қаулай өсетінін, оларды "өлтіру" мақсатымен гербицидтердің оңды-солды қолданылатынын жиі естиміз.

Республикалық комиссия отырысында көптеген сындарлы ұсыныстар айтылды. Солардың бірі Парламент Сенатының депутаты Қуаныш Айтахановтың аузынан шықты. Беделді азаматтың жерді сатуда оның мөлшерін бекітуіміз керек. Бір адамға деген мөлшер болуға тиіс, деген ұсынысы қолдауға тұрарлық. Жалға беру тәртібіне де шекті мерзім енгізген дұрыс. Қызылжар өңірінде жарты миллиондай егістік алқапты жалға алған "Богби", "Трансавто" сықылды шетелдік фирмалар өңір тұрғындарын тұралатып тастады. Көп жылдар бойы салық төлемегені, жерді қалай болса солай пайдаланғаны белгілі болды. Осындайда тиісті қадағалаушы органдар қайда қараған деген сауал туады. Жер мәселесінде жергілікті билік басындағыларға үлкен жауапкершілік жүктелетінін баса айтқым келеді. Өкініштісі сол, заң нормалары бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану жөніндегі ережесі орындала бермейді. Онда егістік өнімділігінің құлдырауына, топырақ құнарлығының жойылуына, арамшөптердің және т. б. өсімдіктердің басып кетуі салдарынан жер учаскесінің ауылшаруашылық мақсатынан шығып қалуына жол бермеу тайға таңба басқандай жазылғанымен, фактілер әшкереленген жағдайда әкімшілік әрекет ету, жер телімін қайтарып алу, тәркілеуге дейін бару шаралары мүлдем мардымсыз, жоққа тән десе де болады.

– Әбеке, тағы қандай ой-ұсыныстар айтар едіңіз?

– Жер кодексінің 94-бабында жерді мәжбүрлеп алып қою тәртібі қарастырылған. Онда "жер учаскесі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтары бес жылдық кезеңнің жалпы белгіленген екі жылын мақсатты пайдаланылмағаны алғашқы анықталғаннан бастап...", деген сөздер бар. Сонда қалай, жердің тоз-тозын шығарғанда үндемей отыра беруіміз керек пе? Меніңше, екі жыл шекті мерзімді бір жылмен алмастырған жөн. Мұндай жалпақшешейлікке әсте жол беруге болмайды.

Ауылдарда азын-аулақ мал өсіріп, бала-шаға асырап отырғандар маңайдағы жерлердің жыртылып, жайылымдардың жекенің қолына өтіп кеткендерін айтып, шағымданады. Сондықтан, комиссияда айтылған ауылдардың төңірегіндегі жер сатылмасын, жалға берілмесін деген пікір билік тарапынан ескерілуі керек.

Ауылшаруашылық маңызы бар жерлерді тиімді пайдалану ережесі бекітілгенін жоғарыда айттық. Енді осының негізінде жер телімдері иелері мен жер пайдаланушыларға жер құнарлылығын төмендетуге жол бермеуге бағытталған шараларды дәйектілікпен жүргізуге нақты міндеттер қойылуға тиіс. Оның ішінде озық агротехникалық шараларды қатаң сақтау, минералды, органикалық

тыңайтқыштарды ғылыми нормаға сай сіңіру, топырақты тозуынан қорғау, ауыспалы дақылдардың ғылыми негізделген жүйесін қалыптастыру, арамшөптермен, зиянкестермен күресте фитосанитарлық шараларды жүргізу талаптары мүлтіксіз орындалуы керек. Облыста топырақ сараптамаларын салыстырып отыратын агрохимиялық зертхана құру, жаңа аэрофотосуреттер негізінде жоспарлы-картографиялық материалдар құру мәселесі өткір күйінде тұр.

Сәбең өзінің атамекеніне арнаған өлеңдерінің бірінде:

Туған жер – күн, өзінен шашыраған,
Ұрпағын сәулесімен асыраған,
Онсыз саған тіршілік – қараңғы түн,
Ендеше, құрметте де бас ұр, адам!, – деп тебірене жырлаған. Шіркін, қазақтың кеңбайтақ даласы-ай дейсің! "Ауыл – алтын бесік" деп әспеттеп жатамыз. Олай болса, Жер кодексі нормаларын біліктілікпен түсіндіре отырып, ауылшаруашылық айналымына енгізудің бірізділенген жүйесін табу ең басты мәселе болып табылады.

Әңгімелескен
Өмір ЕСҚАЛИ,
"Егемен Қазақстан" Солтүстік Қазақстан облысы 28. 06. 2016 ж.

ЕКІ СИЫР
отбасын асырай ала ма?

Жуырда Елорда да Қазақстанның тұңғыш Президенті "Нұр Отан" партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен билік партиясының Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өткені баршаға мәлім. Осы алқалы жиында Елбасы партияның жұмысын жаңғырту жөнінде сөз қозғай келіп, ел экономикасын көтеру, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру үшін ең алдымен халықпен нақты жұмыс істеу қажет екендігіне баса назар аударды. Көпбалалы аналарға әлеуметтік көмек мәселесін қозғай отырып, Нұрсұлтан Әбішұлы оларды мемлекетке алақан жая бермеуге шақырды. Дәлірек айтсақ "...маған бер, менің балам көп, айлығым аз" дейді. Сен не ойладың? Микрокредит ал да, екі сиыр сатып ал. Өзіңді асыра".., – деп қадап айтты. Міне, осы "екі сиыр" мәселесі қазір халық арасында әртүрлі пікірталас тудыруда. Әсіресе әлеуметтік желіде осыған байланысты әртүрлі пікірлер таралуда. Тіпті "Үкімет асырай алмай отырған елді, біз қалай асыраймыз. "Екі сиыр" дегенді оқыдым. Қазақта "естіген құлақта, көрген көзде – жазық жоқ" деген мақал бар емес пе? Мен көзбен көріп, оқығанымды айтып отырмын.

Ал енді халық арасында әрқилы пікірталас тудырып жатқан екі сиыр, шын мәнінде бір отбасын, бір отбасын емес-ау, көпбалалы отбасын қазіргі заманда асырай ала ма? Енді осы сұраққа жауап іздеп көрелік. Ол үшін ең алдымен балалық шағыма, сол кездегі ауылдық тұрмыс-тіршілігіне көз жүгіртейін.

Мен Ұлы Отан соғысы жылдарында дүниеге келген адаммын. Әкем Мырзахмет Жантеміруұлы трактор-егіс бригадасының бригадирі болғандықтан қан майданға қатысқан жоқ, броньмен босатылған. Сондықтан менің балалық бал шағым соғыстан кейінгі қиын заманға дөп келді. Ерте ержеттік. Тылдағы ауыр еңбек батып кеткен болар әкем сырқаттана бастады, шешем Көкеш Шаймерденқызы тіпті отырып қалды. Сөйтіп, үйдің шаруасы кенеттен менің мойныма түсті. Оның үстіне орақ кезінде колхозда жұмысшы күші жетіспей, 7-8 жастағы балаларды астық тасуға пайдаланатын болды. Бірішкеге жегілген өгізбен комбайыннан қырманға астық таситын болдық. Бірішке үстіне көрмеңке орнатылады. Оған комбайын бункерінен толтырылған астықты қырманға жеткізіп, ағаш күрекпен түсіреміз. Үйге шәй ішуге келгенде көрмеңке түбінде қалған бидайды талдан буылған сыпырғышпен сыпырып аламыз да, кешке қолдиірменмен үгіп, «көзін жоғалтамыз». Колхоз басшылары көріп қалса, сотталасың. Ыстық күндері астық тасу қиын. Өгіздер бөгелектесе, ешкімге бой бермейді.

Бұл үгіп алған ұныңнан бір-екі таба нан пісіруге болады. Ал орақ аяқталғасын колхозшыларға бес-алты қап, кейде одан да көбірек болуы мүмкін бидай беріледі. Ол жыл бойы еткен еңбектің ақысы. Сөйтіп, нан мәселесі осылай шешіліп қалады. Тек, қолдиірменмен үгіп алуыңды біл. Ал енді, қаймақ, май мәселесі қалай шешіледі. Ол наннан күрделірек.

Ауылда бір шаңырақта мал басы бір, асса екі сиырдан, бес-алты қой-ешкіден, бір жылқыдан асқан емес. Егер екіден артық сиыры, не жылқысы болса, ол әлді үй саналды. Ондай отбасыларда май да, қаймақ та көп болады. Бала -шағалары, да тоқ болады. Ал біздің үйде бір-ақ сиыр болды. Қыстың күні, сиыр суалған уақытта қара шәй ішеміз. Мезгіл жазғытұрым жақындағанда сиыр бұзаулап, уыз ішіп, қарық болып қаламыз. Содан кейін шәйға құятын сүт те, азын-аулақ қаймақ та болады, күн жылынғанша бұзау шым үйдің кіреберісінде бағылады. Осы жерде қағылған бірнеше қазыққа бұзаумен бірге қошақай да, ешкінің төлі де байланады. Олар қазық пен қабырғаның арасына қыстырылған шөпті жеп тұрады, жатады.

Шым үйдің есігі аласа болады. Сауууға үйге енгізген кезде әбден үйреніп алған сиыр еңкейіп барып кіреді. Қазыққа байланған бұзауды босатып сәл емізсең болғаны сиыр иеді, содан кейін сауууға болады. Жаңа сауылған сүттің аз-молдығына қарамай, бірден қаймағын айырып алу қажет. Ол кезде сүтті сақтайтын қазіргідей тоңазытқыш жоқ. Сүт машинасының құлағын бір қолыммен бұрап отырамын да, екінші қолыммен шәшкенің басына обратын құйып алып ішемін. Пештің үсітінде ауырып отырған шешем:

– Балам-ау, неге обрат ішесің, сүт ішсейші, – дейді.

– Жоқ, апа, мен обратты жақсы көремін, – деймін.

Олай дейтінім өзі азғана сүттен ішсем, қаймағы азайып қалмай ма? Обратты пешке от жағып пісіріп, айран ұйтамын. Айранға таба нанды турап, тастап алсаң, қарының ашпайды. Мұндай мүмкіндік ол кезде көп үйлерде бола бермейді. Кейбіреуінің сиыры қысыр қалады немесе қыстан көтерем болып шығады. Өйткені қамыстан қысқан не кертеден салынған қоралар суық болады, оның үстіне кейбір үйде малдың шөбі қыс аяғына дейін жетпей қалып жатады. "Ала жаздай ән салсаң, селкілде де билей бер" дегендей, бұл, әрине үй иесінің жалқаулығынан болады. Оның үстіне ол кезде қазіргідей малға беретін жем болған жоқ. Көтерем болып, қорада жатып алған арық сиырларын арқанмен керіп, асып қойғанын өз көзіммен көрдім.

Осындай жағдайды болдырмау үшін әкем қысқа малға шөп дайындауға ерекше мән берді. Колхоз кезінде де, совхоз орнағаннан кейін де жеке меншік малына шөп шабу оңай болған жоқ. Колхоз басқармалары да, совхоз директорлары да қоғамдық малға қысқа қажетті қордың кемінде 70-80 процентін үйіп алмай жеке меншікке шөп шабуға рұқсат бермейтін еді. Сондықтан ормандардың баурайларына, шіліктердің айналасына, көлдердің жиегіне өскен шөпті шауып, кептіріп, шөмелелеп қоятынбыз. Ертеректе оған ешкім тимейтін. Бертін келе, жүк автокөліктері, "Беларусь" тракторлары көбейе түсуіне байланысты шөмеледегі шөпті ұрлап әкететін болды. Сондықтан шөпті шөмелеге салған күні-ақ биеге жегілген арбамен түнге қалдырмай тасып алатын болдық.

Қысқа шөп дайындау қиын шаруа. Биені арбаға жегеміз де, орағымызды, айыртырнауышымызды, ас-суымызды салып алып, не орманға, не көл жағасына тартамыз. Діттеген жеріне жеткесін биені ағытып, құлынымен бірге арбаға байлаймыз. Сол жерден шауып арбаға салған жас шөпті жейді де тұрады жануарлар. Араға сағат салып биені сауып, ыдысқа құя береміз. Осы жерге әкемнің немере ағасы Сағындық ақсақал да келіп жетеді. Ол кісі алда, мен ортада, әкем артта – үш орақпен шабындыққа түсе қаламыз. Олар менің буынымның әлі қата қоймағанына қарамайды, "бізге ілесіп отырмасаң, аяғың орақка қырқылады" деп қорқытып қояды. Амалсыз, олардан қалмауға тырысасың. Түс кезінде қымыз ішіп, нан жейміз. Бар тамағымыз осы. Күннің ыстығына шыдай алмайсың, оның үстіне қымыз ішкеннен кейін ұйқың келеді. Бірақ, шегінерге жер жоқ. Әр ашық күнді пайдаланып қалу керек.

Осы үрдіс 1985 жылға, яғни әкем дүние салғанға дейін жалғасты. Үш жыл мұғалім, бір жыл совхоз комсомол комитетінің хатшысы, одан кейін облыстық "Ленин туы" газетінде қызмет істеген жылдары қолорақпен шөп шабудан бір қалған емеспін. Шөп шабатын кезде әкем Озерныйдағы поштаға барып, маған жеделхат жіберттіреді. Онда

"әкең қатты ауырып жатыр" деген қысқа мәтін болады. Мен оны бірден түсінемін де демалыс алып, ауылға тартамын, әкеме қысқа отын-шөбін дайындап беріп кетемін.

Бес саусақ бірдей емес қой. "Бір биеден ала да, құла да туады" дегендей, бір ауыл, бір бауыр болып, айрандай ұйып отырған елді-мекеннің өзінде жалқаулар қашан да жетіп жығылады. Жазғытұрым шөптері таусылып, қорадағы малдары азынап тұрған талай адам біздің үйден көмек сұрап келетін. Әкем оларға ұрсып-ұрсып, бала-шағасын аяп, шөп беретін. Соңғы кезде жалқаулар саны кемудің орнына көбейе түсті. Оларды жалқау еткен заман. Мысалы, біздің ауылда 22 мың қой болды. Ауыл тұрғындарының бәрі қой фермасында жұмыс істеді. Ферма ауылдан 3-4 шақырым жерде болатын. Жұмысшылардың бәрі атпен барып келеді фермаға. Кешке қайтарда міндетті түрде шанаға шөп, сүрлем не жем салып әкетеді. Сөйтіп аз малын асырайды. Оның үстіне шөпті шікамен, не комбайынмен шабуға көшті. Соған үйренген халық енді қолмен шөп шапсын ба? Қазір бір ауылдан бір қолорақ таба алмайсың. Бұрын қоғамдық мал әсіресе, қой бағылғандықтан шабындық та тапшы болатын. Қазір шағын ауылдарда жеке меншік малы ғана қалды. Енді орман, шілік маңындағыны былай қойғанда, тіпті ауыл маңында, бұрынғы егін себілетін алқаптарда шөп тұнып тұр, белуардан келеді. Бірақ соны шабатын, адам жоқ. Шіркін-ай, қаншама қазынаның аяқ астында жатқаны-ай, деп жаның ашиды. Қымбатқа сатып алғанша, мына шөпті неге шауып алмайды деп басыңды шайқағаннан басқа амалың жоқ!

Осы күні өткен ғасырдың отызыншы жылдары қазақ халқы, әсіресе ауыл тұрғындары неге аштықтан қырылған, неге ішерге тамақ, киерге киім іздеп орыс арасына үдере көшкен деп ойлаймын. Біздің облыста, соның ішінде менің туып-өскен ауылым Жамбыл ауданындағы Қарақамыс маңында ормандар мен көлдер көп-ақ қой. Ол кезде аң-құста көп болуы, оларды атпа, аулама деген ешкім болмағанға ұқсайды. Көлдерде балық та көп. Бір қызығы менің бала кезімде маңайымыздағы орыстар біздің көлдерден балық аулап, сол ауылдарға сатып кететін-ді. Сонда дыңдай жігіттер осыған ұялмаған-ау!

Ауылда сонша көп күш-жігер жұмсамай-ақ өндіретін тағамның бір түрі – картоп. Оны неге өсірмеске. Әлі есімде, атам Жантемір жазғытұры аулымыздан 35-40 шақырым жердегі Макарьевка селосына барып, бір торпаққа бір көрмеңке картоп әкелді. Үйдің жанынан үш шағын қырқамен, қоршап, алдыңғы бетін талмен тоқып, үлкен огород жасады. Сөйтті де трактормен жыртқызып, картоп екті. Біздің отбасымыз осы ауылдан түгел көшіп кеткенге дейін картоп, басқа да жеміс-жидек өсірді. Қазір үй маңына картоп салатын, жеміс-жидек өсіретін отбасын кездестіру оңай емес.

Сөйтіп, тарыншылық, жоқ заманда ауылда мал ұстап, картоп, жеміс-жидек өсіріп, біреуден ілгері, біреуден кейін күн көрдік. Жалғыз сиыр ұстап, оның сүтін іске асырдық. Қаймақ, майымыз, құрт-ірімшігіміз болды. Жалғыз бие сауып, қымызын іштік. Ол кезде өзін-өзі әзер асырап отырған халық салық есебінде үкіметке май, жүн және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыратын. Оны да орындап отырды. Амал қанша? 1953 жылы Иосиф Сталин қайтыс болғаннан кейін СССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Георгий Маленков бұл салықты тоқтатып, халықтың мойнынан жарма түскендей болды.

Бірақ бұл қуаныш ұзаққа бармады. Тың игеріліп, ауылдарда ақшаңқан үйлер салынып, жаңа техникалар келіп, совхозда еңбек еткендер айлық ақы алып, халықтың тұрмысы біршеме жақсарып қалған еді. Тұрғындардың қораларындағы мал басы да өсе түскен. Алайда билік басына Никита Хрущев келіп, "диқандардың маңдай терімен өсірілген астықтан пісірілген нанды малға беріп жатыр, оны тоқтату керек" ол үшін "ауыл-селоларда мал басын азайту, қалаларда мал мен құс өсіруге мүлдем тиым салынсын" деп нұсқау берді. Соған сәйкес бір отбасы бір сиыр, не бір бие, үш қой-ешкі ғана ұстауға құқылы болды.

Осы нұсқауды естіген жергілікті жандайшаптар іске оны қосуға қызу кірісті. Халықтың малын тапа-тал түсте өрістен айдап әкетіп, арнайы қоршауға қамап,

басы артық дегендерін автокөліктерге арта бастады. Басқа жақта қалай болғанын білмеймін, "Озерный совхозында селолық кеңес төрағасы Айтқожа Сүлейменов өзінің мал қабылдаушы інісімен қосылып алып, қылмағанды қылды. Күйлі малды арық етіп, салмағын азайтып, иесіне аз ғана ақша төлегенді былай қойып, бір ауылдан тәркілеген сүтті сиырды екінші ауылға апарып айырбастап немесе сатып отырды. Осыны естіген, көрген адамдар жоғары жаққа арыздана бастады. Мен ол кезде журналист болмасам да "Ара" журналына "Араны ашылған Айтқожа" деген тақырыппен фельетон жаздым. Соның нәтижесінде селолық кеңес төрағасы да, оның інісі де қызметтерінен қуылды. Осы кезде халық арасында "Маленков берген байталды Хрущев келіп, қайта алды" деген нақыл сөз тарап кеткен еді. Сөйтіп Хрущев қызметінен түскенге дейін ауыл тұрғындарының тұрмысы бапты бола қойған жоқ.

Иә, ол күндер кетті, тарих қойнауына енді. Қазір заман басқа. Егемен ел болдық. Енді Мәскеуге қарап, олардың рұқсатын сұрамайтын халге жеттік. Енші алғанымызға міне отыз жылға таяп қалды. Бізге "Ғылыми коммунизмді" оқытқанда Қазақстан Ресейдегі қазан төңкерісінің арқасында феодалдық қоғамнан капитализмді аттап өтіп, бірден социализмге көшті деп түсіндіруші еді. Бекер секіріп өткен екенбіз. Енді сол капитализмге қайтып оралдық. Не ұттық, неден ұтылдық? Ұтқанымыз – тіліміз, діліміз, дініміз бостандық алды. Бірақ әлі де болса ойлаған ойымыздан шыға алмай келеміз. Ұтылғанымыз – алтын бесік – ауылымыздан айырылдық. Бір-бірімізге сенімнен, ар-ожданнан, материалдық, моральдық құндылықтардан айырылып барамыз. Бұл проблемаларды "екі сиыр" шеше алар ма екен, сірә?

Екі сиыр туралы Үкімет басшысының жуырда осы қызметіне қайта оралған Бердібек Сапарбаев "Жаңұя" отбасын қолдау институтының ашылу саясатына қатысу барысында журналистерге берген сұхбатында былай деп түсінік беріпті: "... біз бәріміз ауылда өстік қой. Бір, екі сиырмен де отбасын асыруға болады. Бастысы, бұл екі сиырға жағдай жасалғаны. Мәселен, оларды асырауға жем-шөп жоқ деп шағым айтып жатады. "Жоқ" десең ештеңе де өнбейді. Айталық, 2-3 литр (сүт) күнделікті қажеттілікке жұмсалса, қалған сүттен құрт, қаймақ, май жасауға болады..."

Енді осы айтылған тұжырымды талдап көрелік. Жарайды, микрокредитке отбасы екі сиыр алды делік. Ең алдымен, шалғайдағы ауылда тұратын отбасына шағын несие бере ме? Оның оған кепілдікке ұсынатын несі бар? Үйін банк кепілдікке қабылдамайды. Өйткені несиесін қайыра алмаса ол үйді банк сата алмайды. Тіпті ретін тауып несие алды делік. Екі сиыр сауып отыр делік. Сүтінен қаймақ, май, ірімшік, басқа да өнімдер өндірді делік. Оларды кімге, қалай сатады. Айналасы екі-үш, әрі кетсе 10-12 түтін тұтатып отырған ауылда базар бола ма? Ал аудан, не облыс орталығына барып сату үшін көлігі жоқ, автобус қатынамайды, жол жоқ.

Осы орайда мен екі ауылды мысалға келтірейін. Біріншісі – облыстағы ең шалғай орналасқан Уәлиханов ауданындағы Құлыкөл ауылы. Бұл қазағы көп шоғырланған елді-мекен Қызылжардан 460 шақырым жерде орналасқан. Арғы жағындағы Павлодар, ауыл тұрғындарының айтуына қарағанда, 150 шақырым көрінеді. Қызылжар мен Ресейдің бізге көршілес Омбы қаласы – 300, Түмен – 450, Қорған – 300, өзіміздің республиканың Қостанай қаласы – 450, Көкшетау – 180 шақырым. Сонда қалай болғаны? Жердің дұрыс бөлінбегені-ау, сірә! Еліміз егемендік алып, қиыншылық заман туған шақта жабылып қалған Көкшетау облысын Қызылжар өңіріне қосқан жылдары сол кездегі облыс әкімі Владимир Гарманмен бірге жаңа қосылған аймақтарды аралағаным бар. Онда мен облыстық телерадиокомпанияда қызмет ісейтін едім. Біраз жерді "Ланд Крузер" джипімен аралап, шаршағасын басшымыз Көкшетаудан ұшақ шақыртып алды. Халық арасында "кукурузник" атанып кеткен ұшақпен Құлыкөлге жету үшін Сілеті деген үлкен көлдің үстімен қырық минут ұшқанымыз бар. Жердің түбі екен. Ал енді, осы ауылдың тұрғындары артық өнімдерін сатуға түгіл, басқа шаруаларымен аудан, облыс орталықтарына қалай жетер?

Екінші мысалға Жамбыл ауданындағы өзім жақсы білетін екі отбасы қалған

Жалтырша, бір үй ғана түтін түтетіп отырған – Ақбалық, он бір шаңырақ шам жағып отырған Қарақамыс ауылдарын алайық. Оларға кім несие береді. Екі сиырды қалай, несіне алады? Алған күнде оның ақысын қалай қайтарады. Бұл жерде мәселе ең бірінші жолға келіп тіреледі. Ол ауылдарға қатынайтын Петропавл-Бауман арасындағы 54 шақырым көтерме жолды жөндеу мәселесімен әр кездері облысты басқарған төрт әкімге әр жылдары арыздандым. Осы күнге дейін ол шешілмей келеді. Жолдың жоқтығынан автобус қатынасы мүлдем жоқ. Жазда жауыннан, қыста – бораннан кейін ол жаққа қатынас толықтай үзілді. Соның салдарынан ауылдардан жастар көшіп кетті де қазір кәрі-құртаңдар, көпбалалы отбасылар ғана қалды. Олардың басқа жаққа көшуге қаражаттары жоқ. Екі сиыр түгіл, оларға бас қайғы!

Статистика мәліметіне жүгінсек, қазіргі таңда Қазақстанда 8,6 млн. ірі қара, оның 3,7 миллионы сауын сиыр, 963 мың шошқа, 24,5 млн. қой-ешкі бар екен. Сонда еліміздің бес тұрғынына шаққанда бір-ақ сиырдан келеді. Бұл отыз жылдың нәтижесі. Оны екі сиырға жеткізу үшін енді неше жыл керек? Осы орайда, бұрынғы өрістегі құжынаған мал, фермалар мен комплекстер, мая-мая шөп көз алдыңа елестейді. Осынша малды қандай айдаһар жеп қойды екен деп ойлайсың. Малды адамнан жоғары қойған заман еді ол. Адам шетінесе "ауырып өлді" дей салатын. Ал мал өлсе "ол неге шетінеді, себебі не?" – деп басшылар мен мамандарды, бақташылар мен шопандарды жазалайтын. "Бартер" (айырбас) деген сылтаумен іліккеннің қолында, тістегеннің аузында кетті-ау, жануарлар! Егін себуге тұқым керекпе – малыңды бер, жанар-жағармай керек пе – тағы малыңды бер деген заман болатын ол. Малды құртқан осы! Енді оның орыны қалай толар?!

Премьер-министрдің орынбасары сол сұхбатында Қазақстанның дамыған отыз елдің қатарына кіруге ұмтылысы барын, бұл үшін еңбекке деген құштарлық бала кезден бастау алағаны жөн екендігін алға тартыпты. "Мәселе екі сиырда емес, мәселе еңбексүйгіштікте" деп сөзін түйіндепті. Бұған мен толық қосыламын. Қолдаймын. Оны өз тәжірибемнен де көріп отырмын. Жазғы каникулда тракторға тіркелетін шөп шабу машинасында жұмыс істейтінмін, ал оқу басталғасын сабақтан кейін, демалыс күндері қырманда астық кептіріп тазалауға қатыстық. Сөйтіп, ақша тауып, киім, оқу құралдарын сатып алатынбыз. Еңбекке ерте араласуымның арқасында жас кезімдегі дерттерден сауықтым, бойыма күш-жігер жинай алдым. Ал қазір балаға тәрбие, әсіресе еңбек тәрбиесін дұрыс беріп жатырмыз деп айта алмаймын. Мына, қараңыздаршы, өткен жылдары еліміздің оңтүстігінде бір ауылда оқушыларды мақта жинауға тартыпты. Сол үшін мектеп директорын орынынан алған. Базарда балалары әке-шешесіне сауда-саттыққа көмектессе баланың құқығы бұзылды деп шыға келеміз, оларды жазалаймыз. Егер балаларды жастайынан олардың әлінен келетін жұмысқа жұмсасақ, ол ұтылмайды, ұтады. Ондай бала бір тиын ақшаны қанша тер төгіп табуға болатынын сезінеді, бұзақылық жасауға бармайды, оған уақыты да болмайды. Осыны неге түсінбейміз?

Менің ойымша, көпбалалы аналарға мал сатып алуға шағын несие берілмей-ақ олардың тұрмыс жағдайын түзеуге болады. Ол үшін бала туғанда берілетін жәрдемақы көлемін арттыру қажет. Мысалы, көршілес Ресейде, екінші және үшінші бала туғанда қазір 453026 рубль төленеді. Келесі жылы оның көлемін 489051 рубльге жеткізу көзделген. Ал біздің елде болса екінші және үшінші бала туғанда берілетін жәрдемақы 95950 теңгені ғана құрайды екен. Бұл көпбалалы отбасының қай жыртығын жамауға жетеді. Бұрын мемлекетте ақша жоқ болды, ондай көмек жасай алмады. Ал қазір, құдайға шүкір, ақша бар емес пе! Облыстар, министрліктер бөлген қаржыны жыл сайын игере алмайды, оның үстіне жемқорлардың қапшығына қаншама ақша түсіп кетіп жатыр. Міне, осы қаржыны көпбалалы аналарға, әлеуметтік көмекке, жол салуға, жұртта қалған кәрі-құртаңды болашағы бар елді-мекендерге көшіруге неге жұмсамасқа!

Әрине, көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетілмей жатыр деп айта

алмаймыз. Биыл сайланған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың нұсқауымен көпбалалы отбасыларға 20789 теңгеден материалдық көмек көрсетілді. Бірақ жергілікті жерлердегі атқамінерлер тапсырманы тез орындап, рекорд беруге ұмтылып, асығыстық жасады. Ондай көмекті коттеджде тұратын кейбір байлар да, кәсіпкерлер де алыпты. Олардың ұсынған құжаттарында көрсетілген табыстары бірден тексерсе олай болмас еді. Енді бұл іспен құқық қорғау орғандары айналысуда.

Айта берсек, бізде тек көпбалалы отбасыларының проблемалары ғана емес, басқа да шешілмей жатқан мәселелер жетіп жатыр. Бұл жерде мәселе "екі сиырда" емес. Мәселе, халықты масылдықтан арылтуда, екі қолына бір күрек тауып беруде. Ол үшін ең алдымен ауылдың жағдайын түзеу керек. Ауылыңа дейін баратын жолың дұрыс болса, тарап бітуге таяп қалған елді-мекендердің тұрғындарын ірі мекендерге көшіруге жағдай жасаса, көпбалалы отбасыларының мәселесі де шешілер еді деп ойлаймын. Өйткені ірі елді-мекенде мектеп те, балабақша да, клуб та, емхана да, басқа да әлеуметтік тұрмыстық нысандар болады емес пе? Сонда "қой да аман, қасқыр да тоқ" болар еді. Ешкім қол жайып, көмек сұрамас еді.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.
1. 09. 2019 жыл.

ҚАЙДА БАРАМ, КІМГЕ АЙТАМ?

"Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды" демекші, жол туралы әр жерге хат жазумен мен де қартайдым. Өзім туып-өскен қазіргі Жамбыл ауданындағы Озерный округіне қарайтын елді мекендердің тұрғындары жол азабын ертеден тартып келеді. Бүгінде Петровка – Бауман ауылдары аралығындағы 54 шақырымдық грейдер жол жүруге жарамсыз болып қалды.

Жазушы-жерлестеріміз Сәбит Мұқановтың ата қонысы – Сәбит, Ғабит Мүсіреповтің кіндік қаны тамған – Жаңажол, сол төңіректегі Жалтырша, Қарақамыс, Ақбалық, Озерный, Бауман ауылдарының тұрғындары аудан орталығы – Пресновкаға бару үшін кейде егіндік арасынан салып алған сүрлеумен, кейде сортаң, саз балшықты, ой-шұңқыры көп жерлер арқылы Қостанай – Петропавл тасжолына шығады.

Жерлестерімнің көбі бастарына түскен осындай қиындыққа шыдай алмай басқа жаққа көше бастады. Сөйтіп, Октябрь ауылы түгелдей құрыды. Өрісінде 22 мың қой, 500-ден астам ірі қара жайылған Қарақамыс ауылында қазір – 11 үй, 18 мың қой өсірген Ақбалықта – 1, Жалтыршада 2 үй түтін түтетіп отыр. Жаңажол ауылы да жылдан-жылға кішірейіп келеді. Ауыл адамдары Ғабит Мүсіреповтің музей-үйінің, үшқабатты мектеп, аурухана, кітапхана ғимараттарының тағдырына алаңдаулы.

Міне, осындай жағдайды көріп, біліп жүргеннен кейін облыстың әр кездегі әкімдері, "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалдарының жетекшілеріне хат жазып, қабылдауларында болып, көмек сұрадым. Бірақ мәселе оң шешімін таба қоймады. Кеңес өкіметі кезінде осы 54 шақырым грейдерге асфальт төсеу басталып, одақтың



ыдырауына байланысты тоқтап қалған еді. Әрине, егемендік алған елдің әлсіз экономикасын ескере отырып, оларға асфальт жол салғызып бер деп қолқа салған жоқпын, тек үстіне қиыршықтас төселсе, жауын-шашынға қарамай көліктер жүре алғанын қалайтынымды жеткізгем.

Сөйтіп, ақыры аудан әкімдігі ақша табатын болды. Нәтижесінде жолды жөндеуге 2014 жылы 99 миллион 437 мың, 2015 жылы 33 миллион 782 мың, 2016 жылы 66 миллион 949 мың теңге ақша бөлінді. Бір өкініштісі, әр жылдары тендерді жеңіп алған мердігерлер – "Элен-1", "Перспектива", "Титан-Север" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері грейдердің үстіңгі қабатын дайындамастан, миы шығып жатқан балшықтың үстіне қиыршықтас төсей салумен шектелді. Соның салдарынан қиыршықтастар балшыққа батып кетті де, жол қайта бұзылды. Сөйтіп, үш жылда 200 миллион 168 мың теңге ақша құмға сіңген судай жоқ болды.

Осындай сапасыз істелген жұмысты кімдер қабылдап алды екен? Осы жолдың төңірегінде бармақ басты, көз қысты болмады ма екен? Осыны тексерсін деген мақсатпен мен сол кездегі облыс прокуроры Степан Зайтлерге хат жаздым. Ол хатқа Жамбыл аудандық прокуроры В. Кәрімов 2015 жылы "Перспектива" ЖШС жөндеп, пайдалануға қабылданған жол бөлігінде ақаулардың анықталғанын, оны қайта жөндету үшін аудан әкімдігіне хат жолданғанын, ал басқа учаскелердегі қолданысқа енгізілмеген жолдың сапасы бақылауда болатынын айтып жауап берді. Бір қызығы, орындаушы А. Қалпевтің дайындаған хатына прокурор қол қоймапты. Осыдан барып прокурор бұл істен бейхабар ма деген ой келеді.

Сөйтіп, бұл әрекеттен де ештеңе шықпағасын, жоғарыда аталған ауылдардың ақсақалдары қол қойып, алдымен облыс әкіміне, кейіннен Қазақстан Республикасының Премьер-министріне хат жолдадық. Екі хатқа да Жамбыл ауданының бұрынғы әкімі Иван Турков жолға қиыршықтас төселгенін алға тартып, асфальт төсеуге ақша жоқ деп жауап берді. Ол хаттарда ақсақалдар грейдер жолға асфальт төсе деп талап қойып отырған жоқ, олар жұмысты сапасыз атқарған мердігерлерге жолды қайта жөндетуді сұрап отыр. Хат иелері аудан орталығы – Пресновкадан Бауманға автобус қатынасын ашса, Озерный-Бауман-Қарақамыс ауылдарының қиылысында шағын болса да жанар-жағармай құю стансасын орнатса деген тілектерін де жеткізген болатын. Сонда түгел әкімдік аппараты оқып, хаттың мазмұнын түсінбегені ме? "Сондай-ақ, автобус қатынасын ашуға тендер жарияласақ, оған ешкім қатысқысы келмейді, ал жанар-жағармай құю стансасын ашуға ешкім шығып отырған жоқ", – деп шығарыпсалма жауап береді. Халықтың тұрмысын жақсартуды аудан әкімдігі ойламаса кім ойлайды?! "Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын" деген осы болар, сірә!

Бір қызығы, жолдың жөнделу барысын дұрыс қадағаламаған, сапасыз атқарылған жұмысты көзбояушылық танытып қабылдап отырған аудан әкімдігінің үстінен әр деңгейдегі жоғары лауазымды тұлғаларға жазған хаттарымыздың бәрі қайтып сол адамдарға жіберіледі. Жарайды, Премьер-министрдің, облыс әкімінің ол хаттарды оқып отыруға қолы да тие бермес, уақыттары да жоқ шығар делік. Ал мекемелердегі тұрғындардың шағым-арыздарымен жұмыс істейтін жауапты адамдардың хаттарды толық оқып, ой елегінен өткізіп барып тиісті шара қолданбай, кейінгі жаққа жібере беретіні таңғалдырады. Осындай жағдайда енді қайда бармақпыз, мұңымызды кімге айтпақпыз?

Тағы да жол туралы. Өткен жазда Петропавл қаласының Жамбыл көшесі арқылы Бескөл бағытына барар жолдағы көпір күрделі жөндеуге жабылды. Осыған байланысты Астана, Жезқазған бағытына шығатын барлық көлік Жұмысшы кентіндегі көпір арқылы қатынайтын болды. Осы кенттегі Караван көшесі Омбыға шығатын айналма жолға барып тіреледі. Түйіскен жерде үшбұрыш алаңқай бар. Бұрын осы қиылысқа жақындай бергенде оң жағындағы, яғни Бескөл жағынан келе жатқан көліктер анық көрініп, сақтық шараларын қолданатын едік. Өткен жазда қалалық коммуналдық қызмет осы үшбұрыштың үстіне балшық әкеліп

төгіп, биіктетті. Содан кейін гүл егетін болды. Енді Омбы айналма жолына шығып, саяжайларға бет алатын көліктердің жүргізушілеріне оң жақтан келе жатқан техника көрінбейді. Осының салдарынан бұл арада бірнеше жол-көлік апаты да болды.

Бұл үшбұрышты айналма жолға айналдырып қайта жабдықтаса, автокөлік қозғалысы қауіпсіз болар еді. Мен осы жөнінде бұрынғы облыстық мемлекеттік автомобиль инспекциясының бастығы, қазір қозғалысты реттеу жөнінде қалалық әкімдікке ақыл-кеңес беріп жүрген Евгений Райтенбахқа, қалалық мәслихаттың белсенді депутаттарының бірі Павел Афанасьевке және қала әкімінің орынбасары Қайролла Ғалеевке (телефон арқылы) айттым. Бірақ осы күнге дейін еш қозғалыс жоқ. Ол – ол ма? Осы жол арқылы "Гудок", "Эврика" және сол маңдағы басқа да саяжайларға қатынау қиындап қалды. Биыл Петропавлда Қазақстан мен Ресейдің XV өңіраралық ынтымақтастық форумына дайындық барысында әуежай мен қала арасындағы тасжол күрделі жөнделді. Құрылысқа қажетті құм, тас және басқа да материалдар жоғарыда аталған саяжайларға баратын грейдер жол арқылы тасылды. Саяжайлар кооперативтерінің мүшелері қырық жылға жуық уақытта ауық-ауық ақша жинап, қиыршықтас төсетіп отырған, жеңіл автокөліктер ауа райының қандай кезінде болмасын жүре алатын жолды Қытайдың ауыр жүк машиналары әп-сәтте-ақ бытшыт қылды. Автобус жүргізушілері ондай жолмен жүруден бас тартты, жеңіл автокөліктер қатынай алмайтын болды. Саяжайшылардың бармаған жері жоқ. Айқай-шумен жол ептеп жөнделген болып еді, артынан тағы саутамтығы қалмады. Енді ол жолды осы арадағы карьерден қалаға құм, балшық таситын ауыр жүк машиналары бұзуда. Сонда бұл жолды қалыпты жағдайда ұстап отыруға сол кәсіпорындар міндетті болуға тиіс емес пе? Оларға осы істі атқар деп айтуға ешкімнің тісі батпайтын сыңайлы. Саяжайға баратын осы жолмен жүргеніме отыз бес жылдан асты. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары әлі жол түзеле қоймаған, автобус қатынамайтын кезде жаяу жүріп, жол азабын көргенбіз. Содан да болар, жолда жаяу кетіп бара жатқан адамдарды көрсем, машинама сыйғанынша отырғызып аламын. Биыл күзде қолында таяғы бар, жаман жолмен келе жатқан қарияға тоқтадым. Рахметін жаудырып жатыр. Ентігін басқаннан кейін: – Жолдың түрі мынау, автобус қатынаудан қалды. Жаз бойы өсірген жеміс-жидегімізді үйімізге қалай жеткізбекпіз? Талай жерге шағымдандық. Еш нәтиже жоқ. Енді мұңымызды қайда барып, кімге айтарымызды білмейміз, – деп қынжыла сөйледі қария.

Шыны солай, бұл мәселені шешу үшін қайда барасың, кімге айтасың?

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

ТОЙҒА БАРҒЫМ КЕЛМЕЙДІ

Қазақтың той-думанның сәні кетіп, бәсекеге айналғаны туралы талай айтылып, жазылып жатса да, «баяғы жартас, сол жартас» күйінде қалып отыр. Осы мәселеге өз пікірімді қосу-қоспау жөнінде көп ойланып, көп толғандым. Бірақ өзім жиі болатын той-томалақтарды келеңсіз, біздің ұлттық болмысымызға жат жайттарды көре тұра, үндемей қалуды жөн санамадым.

Соңғы жылдары қалаларда да, аудан орталықтарында да дәмханалар мен тойханалар көптеп ашылып жатыр. Әсемдігі жағынан бірінен-бірі өтеді. Бағасы әр түрлі, адам басына 5-15 мың теңге аралығында. Маған осылардың бәрі біздің қазақ бауырларымыз үшін салынып жатқандай көрінеді. Өйткені, ондай салтанатты орындарда қазақтар ғана той өткізеді. Ендеше, қымбат мейрамханалар халықтың қаржысына жұмыс істеп жатыр десек, артықтығы жоқ шығар.

Бүгінгі күні қалалар ғана емес, ауыл тұрғындары да той-томалақтарын аудан орталығында немесе Қызылжардың қақ төріндегі мейрамханаларда өткізуді әдетке айналдыруда. Әрине, ол үшін той иелерін сөгуге болмас. Бірақ қолдағы азын-аулақ малымен күн көріп отыған ауыл адамының той өткіземін деп, қаншама шығынға бататынына қайран қаласың? Иә, заман ғана емес, халықтың талғам – талабы да өзгерді.

Алдымен тойдың материалдық жағына, ішіп-жеміне тоқталайық.

Қазақта той жасауға сылтау көп. Құдалық, қыз ұзату, келін түсіру, туған күн, тұсау кесу, тілашар, тағы сондай толып жатқан тойлар. Осылардың біразы мейрамханаларда өткізіледі. Өйткені, қаладағы көпқабатты үйлер қонақ күтуге ыңғайсыз. Бөлмелері тар болғандықтан, онша көп адам шақыра да алмайсың. Ал қазақтардың қуанышына кемінде 100-150 немесе одан да көп адам ортақтасады. Алыс – жақын туыстарыңды, құдаларыңды, көршілеріңді, Дос – жарандарды, әріптестерді тойға шақырмасаң сөзге қаласың. «Өлімнен ұят күшті» деген емес пе?

Қандай тойдың болмасын ең әуелі басталуы қиын. Бәрінен бұрын той иелерінің өздері уақытында келе қоймайды. Сөйтіп, қазақтың тойы белгіленген уақыттан екі – үш сағат кешігіп басталады. Халықтың басым бөлігі жиналды ау дегенде :

– Енді неге бастай бермейміз? – десек.

– Пәленше – еке, түгенше – еке келген жоқ, ұят болар, күте тұрайық, – дейді той иелері.

Сонда кешіккеніне қонақ емес, керісінше, шақырылған адамдар ұялатын болғаны – ау! Міне, масқара! Бізді құртатын осы! Кешігіп қалдық-ау, ұят болады – ау, – деп қынжылған, кешірім сұраған бірде-бір адамды көрмедім осы күнге дейін.

Той қонақтарының тағы бір ұнамайтын жері – тойымсыздығы.

Бұл жерде той дастарханынан дорбалап тағам алып кететіндер бар.

Әсіресе, ет алуды тоқтату қиынға соғып тұр. Тойда табақ жасау, етті әдемілеп турау да үлкен өнер. Жастар жағын былай қойғанда ересектердің өзі табақ алдына келе қолына не түседі, содан бастап тураурға кіріседі. Жылқы еті болса – жая немесе омыртқадан, қой еті болса – жамбастан бастау керектігін көбі біле бермейді. Етті түйір-түйір қылып кесіп табаққа лақтыра береді, қазының майын сылып тастайды.

Осы орайда айтпай кетуге болмайтын тағы бір мәселе – ет бөліп алу «дәстүрі». Егер мейманның алдына тартылған дәм үйеме табақ болса бөлуге де, жеуге де, тураурға да жетеді. Жұтаңдау табақ болса ше? Дастархан басында кемінде бес – алты әйел болады, бәріне бөлуің керек. Онда табаққа аз – мұздап қана ет түседі. Бұл үй иесін ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Ол той басталмай жатып табақтың түбі көрініп қалғанына қысылады.

Той иелеріне пайдасы жоқ тағы бір дәстүр – дорба шоу. Ортаға тасталған заттарды қолы ұзындар немесе алдынғы жаққа ертерек жайғасқандар алып кетеді. Сондықтан кейде арты айғай – шуға да айналып жүр. Тіпті, сол үшін абысын – ажын, құрбы – құрдас бір – бірімен араздасып қалып та жатады. Дорбадан алған иіс сабыннан, қытайдың қол сүртетін ормалдарынан және сондай ұсақ – түйектен ешкімнің де ырысы артпайды. Ендеше, мұны өз басым дәстүрдің озығы емес, тозығы деп санаймын.

Ұсақ – түйек демекші, көп тойларда болып жүрміз ғой, солардың біразында қысқа тілек, әдемі ән айтқандарға, онда ойналатын ойындарға, белсене қатысқандарға асаба сыйлық беріп жатады. Олар көбіне ойыншықтар, тарақ, айна, ойын картасы, тақия және тағы басқа заттар.

Бұл той иесінің қалтасын онша қақпайды. Ал жақында бір тойда асаба сыйлыққа: бес литр сұйық май, бес-он килограмдық макарон өнімдерін, арақ-шарап және сол сияқты қымбат дүниелер таратты. Мұның бәріне ол сөзсіз қомақты қаржы жұмсады. Осылайша, ақшасын желге шашатындар да бар.

Тойдың жақсы өтуі асабаға байланысты. Кеңес одағы кезінде Алматыда ғылым кандидаттары көбейіп кеткен болатын. Бірнеше адам өз ара қосылып, бір тақырыпты қорғайтын. Осыған орай «Алатаудың басына шығып төменге екі тас лақтырсақ бірі ғылым кандидатының басына тиеді» деген әзіл де тарап кеткен еді. Казіргі асабалар туралы да осылай айтуға болады. Домбыра тартып, ән айтатындары, суырып салып, әзілге жүйріктері шамалы. Көбі жұртты күлдіремін деп арзан сөздер айтады, ұятты ойындар ойнатады. Асабаға той қонақтары қол соғып, қолпаштамаса сөз естіп қалуы мүмкін. Мұндай жағдай өз басымнан да өтті, асаба үстелдің жанына жүгіріп келіп:

– Неге қол соқпайсыз, бұл шаңырақтың тойына қуанбайсың ба? – деп айды аспанға бір– ақ шығарды. Әлгінің сөзі қытығыма тиді, қаным қайнады, ызам келді, бірақ біреудің тойында шу шығару көргенсіздік. Сондықтан сабыр сақтадым.

Қазіргі асабалардың той басталарда ғана келетінін де көріп жүрміз.

Сөйтеді де тойды бастап, бір үстелде отырған адамдарды тілек айтуға бірақ шығарады. Бұл нағыз жеңіл жол. Өйткені, онда отырған қонақтардың той иелеріне қандай жақындығы бар, өздері қайдан келген адамдар, онда ешкімнің шаруасы жоқ. Яғни, асаба той иелерімен ертерек бұл жөнінде ақылдасып алмайды. Ал ортаға шыққандар: – Ал енді не айтамыз, жастарға бақыт тілейміз, босағалары берік, шаңырақтары биік болсын, – бірінің сөзін бірі қайталайды. Тыңдап отырып, қайталау сөздерден шаршап кетесің. Тойға барған адамның даңғаза музыка, тіпті, жүйкесін жұқартады. Салтанатты кеш басталмастан бар даусына қойылған музыкадан бір үстелде отырғандар танысып, сөйлесе де алмайды. Құлағың керең болады. Ал үзілісте әңгімелесейін десең жалп – жұлп еткен жарық, қатты музыка оған тағы да мүмкіндік бермейді. Тойға жиналған халықты үйлеріне есеңгіретіп жіберу үшін әдейі осылай жасай ма деп те ойлаймын. Бұрынырақта «той жақсы өтті, пәленше адам мас болды», немесе «той жақсы өтті, аяғы төбелеске ұласты» десіп, мұндай келеңсіздіктерді дәреже санаушы еді. Ал кәзір Аллаға шүкір, тойда «ащы су» ұрттайтындар азайған, әсіресе, жастар жағы ішімдікке үйір емес. Бүгінгі асабалар «Той

жақсы өтті, қонақтарды есеңгіретіп жібердік» деп мақтанатын шығар. Олай болуы да бек мүмкін.

Менің тағы бір түсінбейтінім, соңғы кезде қыз ұзату тойында қалыңдықты түнгі сағат дәл 12-де әкету міндетті шартқа айналыпты. Бұл қайдан шыққан дәстүр? Кім ойлап тапқан? Неге сағат 12-ден кейін әкетуге болмайды? Бұл сауалдарға ешкім жауап бере алмайтын шығар?!

«Той – қазақтың қазынасы» деп жатамыз. Шынымен де, тәлімдік, тәрбиелік, өскелең ұрпақ үшін тағылымдық маңызы зор салт-дәстүрлер арқылы қуанышымыздың көркін кіргізіп жатсақ, онда ешкімнің таласы жоқ. Қашан біз жақсының да, жаманның да парқын түсініп, дарақылықтан арыламыз?! Жуырда әлеуметтік желіден, тіпті, сонау Германияда қазақтардың дүрілдетіп той өткізіп жатқанын көрдім. Қазақтың тойының Еуропаға жеткеніне бір жағынан қуандым, ал қуанышқа ортақтасуға келгенде бір-бірімен қал сұрасып, емен – жарқын әңгімелесе алмай тарқасатындарын ойлап, ұнжырғам түсті.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ
Мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисі.

МЕН БІЛЕТІН АШАРШЫЛЫҚ

Қазақ халқының тарихында қайғылы оқиғалар аз болмаған. Ата-бабаларымыздың білектің күшімен, найзаның ұшымен жерімізді қорғау жолындағы қанды шайқастары, өткен ғасырдың басындағы күштеп ұжымдастыру, мал-мүлікті тәркілеу, "халық жауы" деп жала жауып, азаматтарды қуғын-сүргінге ұшырату – қаншама қандастарымыздың шейіт болып кетуіне, көпшілігінің шетелге қашып, тарыша шашылуына әкеліп соққаны белгілі. Соның ішінде қатарымызды селдіретіп кеткен ашаршылық жылдарының салған жарасы әлі де толық жазыла қойған жоқ.

Бұл зұлмат неден басталып еді? Тарихи деректерге жүгінер болсақ, 1924 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының он төртінші съезінде елді индустрияландыру жөнінде шешім қабылданған. Бұл дегеніміз – заводтар мен фабрикалар салу, ірі



құрылыс ұйымдарын құруды меңзейді. Әрине, олар негізінен Ресейдің еуропалық бөлігінде ашылуға тиіс. Ал шикізатты шеткері аймақтардан, соның ішінде Қазақстаннан жеткізетін болған. Осындай ауқымды істі жүзеге асыру үшін қалаларға көптеген адамдарды шоғырландыру, оқыту, жұмысқа тарту керек. Ал оларды жатын орынмен, азық-түлікпен қамтамасыз ету жағы ше? Осы арада басшылардың ойына қазақтардың малды көп ұстайтыны түсе қалса керек. Қазақстанға азық-түлік, әсіресе ет дайындаумен айналысатын адамдар жіберіле бастайды. Олар әр қазақ отбасындағы малдың есебін алуға кіріседі. Міне, осындай солақай саясаттың салдарынан сол кездегі есепте болған 400 миллион ірі қараның 1931-1933 жылдар аралығында 4 миллионы ғана қалады. Қазақтың ежелден малмен күнін көретінін ескерсек, арты қайғылы оқиғаға соғатыны айдан анық еді. Солай болды да. Мен бұл арада тұтастай қазақ даласында орын алған жағдайға тоқталмай-ақ қояйын. Оны оқырмандар біледі. Мен тек өзім естіп-білген, көзім көрген жергілікті жердегі оқиғаларды айтпақпын.

Кеңес өкіметі орнағанға дейін Керей руы ішіндегі Самай тайпасына жататын Қапсыт атасынан тараған сексен үй қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Қарақамыс пен Жалтырша ауылдары маңындағы орман-көлдерді мекен еткен. Бірде Анасьтас (Анастасьевский), енді бірде Аққусақ болыстарына қараған олар 1928 жылы ғана біріктіріліп, екі ауыл болған. Орталығы Майбалықта орналасқан Төңкеріс ауданына қараған.

Қыста орман баурайларында, кейбіреулері қойнауларында қыртыстан салынған үйлерді паналап, жазда жайлауға көшіп, киіз үй құрып, малдарын баққан ата-бабаларымыз Ресейдің бізбен шектескен елді мекендерінің тұрғындарымен де байланыс орнатса керек. Селолар мен хуторларда тұратындар егін себеді, картоп, көкөніс өсіреді. Қазақтар өздеріне жақын орналасқан Макарьевка, Исаевка, Песчанка, Темное деп аталатын және басқа да мекендердің тұрғындарын хохолдар деп атайтын. Өйткені орталық Ресей мен Украинаны аштық жайлаған кезде, яғни патша өкіметінің 1843 жылғы жарлығымен осында көшірілгендердің негізі украин шаруалары болатын. Қазақтар жаңа қоныстанғандардың, ал олар жергілікті тұрғындардың тілін білмесе де араларында сауда-саттық орныққан. Тіпті бір-бірімен "тамыр" болып алған. Қазақтар торпақтарын, сүт өнімдерін оларға апарса, көршілер картоп, бидай, көкөніс беретін. Әлі есімде, менің кішкентай кезімде, атам Қырықбабайдың Жантемірі Исаевкаға торпақ апарып, бір көрмеңке картоп әкелді. Көрмеңке дегенің ат арбаға орнатылған қорап. Оған шамамен төрт-бес қап картоп сияды. Қоныс аударушылар мен жергілікті халықтың арасында орнаған "тамырлық" қатынастың арқасында екі жақтың да тұрмыс жағдайлары жақсара түскен. Бірақ партияның 1927 жылғы XV съезінің жеке қожалықтарды 1932 жылдың көктеміне, яғни егін сепкенге дейін ұжымдық шаруашылықтарға (колхоздарға) айналдыру жөніндегі шешімі жағдайды түбегейлі өзгертіп жіберді. Бытыраңқы отырып, малмен күнкөріп келген халықты алдымен қожалықтарға біріктіріп, артынан колхоздар құру мақсатында бір жерге көшіріп, шымнан үйлер, қамыстан қора-қопсы салғызу оңай іс емес еді. Әрине, ұжымдық шаруашылық (колхоз) құру үшін ортақ мал, жүк тасымалдау үшін арба-шана, ер-тұрман, басқа да құрал-саймандар керек. "Жұт жеті ағайынды" дегендей дәл осы кезде қазақ жерінде де қыс қатты болып, малдың көбі қырылып қалады. Соған қарамастан үкімет халықтың қолындағы аман қалған төрт түлікті тәркілеуге кіріседі.

Досым, қазіргі Жамбыл ауданындағы Жалтырша ауылының тумасы, ардагер-ұстаз Сайран Сұлтанұлының айтуынша, 1932 жылы оның ұлы атасы Жаманқұлдың Жақыбының жалғыз атын арбасымен және ер-тұрманымен алып қояды. Енді не істеу керек? Ойланып-толғанып бір түні аты мен арбасын ұрлап алады да, әйелі мен бір ұл, бір қызын салып алып, қашып отырады. Колхоз басшылары мал-мүліктің ұрланғанын ертеңінде білсе де, артынан қуып бара алмайды. Оның үстіне ол кезде ат жолы көп, олардың қай жаққа бет алғанын қайдан білсін? Ауылдан түн жамылып қашып шыққандар қанша уақыт жүргенін кім білсін, әйтеуір, Ресейдің Лебяжье

станциясына жетеді. Сонда ат-арбаларын сатып, алдымен Қорғанға, одан әрі Кемерево қаласына бет алады. Кемероваға баратыны онда жақын ағайындары Әбікен Елеусізұлы шахтада жұмыс істейді екен. Ол ертеректе кетсе керек. Хат алысып тұрған. Шахтада жұмыс істегендерге еңбекақыға ақша беретінін, тұрмыстары жақсы екенін жазатын көрінеді. Кемерево – сол кезде де, қазір де ірі көмір өндірісі орналасқан қала. Діттеген жерге жетсе де тепсе темір үзетін жастағы жігітке шахтаға жұмысқа тұру оңайға соқпайды. Медициналық комиссия өкпесінің қарайғанын көрсетеді. Енді не істеу керек? Өзінің орнына басқа бір жігітті рентгеннен өткіздіріп, өкпесі таза деген анықтама алып, әйтеуір, жұмысқа тұрады. Абырой болғанда, шахтада оған вагонвожатый деп аталатын жұмыс беріледі. Көмір тиелген вагонды рельс арқылы итеріп, жоғарыға, яғни жер бетіне шығаратын көтерме құралға дейін жеткізіп отыратын болады. Осылайша ақша тауып, отбасын асырайды. Ел жақта жағдай түзеле бастағасын, 1935 жылы туған жерге бет алады. Өкініштісі, Жалтыршаға әкесі екеуі ғана оралады. Шешесі мен қарындасы Рысты мен Нұрқияға топырақ Кемерево жерінен бұйырады. Кеңес Одағы тұсында, біздің бала кезімізде ауылдың атқамінер пысықтары күз болса, Түмен облысынан мәстек әкеліп, ауылдастарына сатып жүретін. Семіртіп, қысқы соғымға соятын жылқыны қазақ мәстек деп атайтын. Тегі нашар, тұтынуға, мініске жарамайтын жылқыны солай атайды. Сөйтсек, ол жақта, нақтырақ айтсақ, Қорған облысының Мокродусово, Түмен облысының Заводоуков, Ялуторов аудандарында тұратын Самайдан тараған Қалсыт ұрпағы көп екен. Керей – Уақтан тарағандар да аз емес. Олардың да ата-бабалары негізінен аштық жылдары сол төңіректегі ормандарды паналаған көрінеді. Қазір олар орыс селоларында бір-екі үйден ғана тұрады. Бірақ бір-бірімен аралас-құралас. Той-думанда да, жаназа-дұғада да алыс-жақында тұратындарына, қызметтеріне қарамастан бастары қосыла қалады.

– Сендер бұлай тарыша шашылмай, бір жерге жиналып, ауыл құрып, неге бірге тұрмайсыңдар? – деймін.

– Біз бірге тұра алмаймыз, өйткені малды көп ұстаймыз, біріншіден, көзге түсеміз, екіншіден, жайылым жетпей қалуы мүмкін, – деседі олар.

– Біздің отбасымыз 1932 жылы Жалтыршадан бір түнде қашып шыққанда мен бес жастағы бала екенмін. Қорған мен Түмен облыстарының шекарасындағы қалың орманға барып тоқтаппыз. Бұл колхоздың жайылым жері екен. Әкем Әбу мал бағуға тұрыпты. Тұрмысымыз жаман болған жоқ. Орыс арасында болсақ та тіліміздің ұмытқан, дінімізді жоғалтқан жоқпыз, – дейтін марқұм Сағындық Итішев.

Еліміз егемендік алғасын біраз қандастарымыз көшіп те келіп еді. Солардың ішінде Дүйсенбі Тоқаев Қызылжарға, Серікбай Әубәкіров қала маңындағы Бәйтерек ауылына қоныстанды, бір атаның баласы болғандықтан отбасымызбен араласып кетіп едік. Екі азаматқа топырақ ата-бабаларының өскен-өркендеген жерінен бұйырды. Ал көптеген қандастарымыздың сүйегі жат жерде қалды.

Серікбай Қапаров деген азаматтың әңгімесі әлі есімнен кетер емес. Оның ата-бабаларының кіндік қаны тамған жер қазіргі Жамбыл ауданындағы Ақбалық ауылы. Кезінде Молотов атындағы миллионер колхоздың орталығы, бертінде "Озерный" совхозының бөлімшесі болып, егін егіп, мал өсіргенімен, өкінішке қарай, қазір картада да жоқ. Серікбай Саянұлының айтуы бойынша, ұлы кәмпеске кезінде оның ата-бабалары, алдымен Қорған, кейін Түмен облысына қашып, қалың орманды паналап аман қалыпты. Ел есін жиып, шаруашылық нығайып, алыс-жақын ағайын-туғандар бір-біріне қатынаса бастаған шақта "есіміз барда елімізді таниық" деген бітімге келеді. Алдымен Ақбалыққа бірнеше қарияларын жібереді. Оларды туған-туысқандары қуана қарсы алып, қойларын сойып, қонақ қылады. "Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма" дегендей, ағайындарының сәлемін жеткізіп, жоспарларын айтады. Әрине, мұндағылар негізінен қуанған кейіп танытады. Бірақ бір үйде қонақта отырғанда ауыз үйдегілердің бір-бірімен сыбырласып: "Кеше ел басына күн туғанда бассауғалап, қашып кеткен бай-кулақтар қайтып келіп, бізді жарылқай қоймас", – деген сөздерін

құлақтары шалып қалады. Содан кейін тез хош айтысып, келген жақтарына қайтып кетеді. "Бұл жақта бізді ешкім күтіп отырған жоқ екен" деп айтып барады. Осылайша қандастарымыздың ойлаған ойлары жүзеге аспай қалады. Елге көшеміз деп қамданып отырған қырық шақты отбасы амалсыздан шекараға жақын Сладков ауданына келіп орналасады.

Кеңес Одағы кезінде көршілес орналасқан облыстар, аудандар, шаруашылықтар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылатын. Әсіресе Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аудандарындағы жарыстар халықтар арасындағы достықты нығайтуға оң әсер ететін. Қазіргі Мағжан Жұмабаев және Түмен облысының Сладков аудандары арасындағы жарыс шеңберінде делегаттар алмасу барысының бірінде совхозда зоотехник болып қызмет атқарып жүрген қазақтың жігерлі, іскер жігітін "Молодежный" (соңынан Мағжан Жұмабаев атындағы) совхоздың директоры Оралбай Сағындықов көріп қалып, елге оралуға кеңес береді. Осылайша Серікбай Қапаров ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың кіндік қаны тамған Сарытомарға көшіп келіп, бөлімше басқарушысы қызметіне тұрады.

Қазақтың "ағайын жоқ болса бере алмайды, бар болса көре алмайды" деген нақыл сөзі тауып айтылған екен-ау. Әкем Жантемірдің Мырзахметінің айтуы бойынша, мал-мүлікті тәркілеу науқаны кезінде "шолақ белсенділердің" шаш ал десе бас алатын әрекеттерін былай қойғанда, ауылдардағы ағайындылардың өздері бірін-бірі көрсете бастаса керек. Соның салдарынан біраз отбасылар туған жерлерін тастап қашса, ауылдан асып кете алмағандары қуғын-сүргінге ұшыраған. Жандайшаптар ауылдан қашқандардың бос қалған шым үйлерін, тіпті абақтыға айналдырып, мал-мүлкін өз еріктерімен беруге қарсы шыққандарды сонда қамап, ұрып-соғатын болған. Менің ұлы әкемнің інісі – Байтемір жалғыз сиырын бермеймін деп қарсы шыққаны үшін түрмеге қамалып, ақыры ауылға оралмаған. Қайда жерленгені де белгісіз. Қазақ халқының ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов:

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қинамайды дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны, – деп бекер налымаған-ау!

Ауылдарда қалған халықтың жағдайы да күн санап қиындай түскен. Аш адамдар қоралардағы иттерін сойып жей бастаған. Біздің Қарақамыс ауылында колхоз құрылғанда тұрғындардан жиналған малға арналып салынған қоралардың маңында астық және жем сақтайтын қойма болған. Онда егеуқұйрықтар көп болса керек. Адамдар сол егеуқұйрықтарды аулап жеуге мәжбүр болған екен. "Күн сайын бірнеше адам өлетін. Аштықтан өлген адамның басы қазандай болып ісіп кетеді екен. Қорқыныштысы. Оларды көмуге мұршамыз келе бермейді. Кейбіреуі екі-үш күндеп жатып қалады", – деп күрсініп, көзіне жас ала, еске алушы еді марқұм әкем.

Аштықтың салдарынан адамдар жаппай ауыра бастаған. Сондай аурудан әрі аштықтан біздің үйден жиырма бес күнде бес бала қайтыс болған. Осы қайғыдан біз жынданып кете жаздадық деп еске алатын анам Көкеш Шәймерденқызы. Енді не істеу керек? Бұдан әрі ауылда қалу қауіпті. Не жұмыс, не ішерге тамақ жоқ. Отбасы ақылдаса келе, Ресей асуды ұйғарады.

Қарақамыста ол кезде он шақты түйе болса керек. Қариялардың айтуларына қарағанда, ағылшындар қазақ жерінің астынан қазба байлықтарын іздеген. Ол кезде ен далада ауа райының қандай жағдайында болмасын жүріп-тұруға түйеден артық көлік жоқ. Сондықтан олар түйелерді пайдаланған. Ал кеңес өкіметі орнығып, қазақ елі оның құрамына енген кезде ағылшындар елдеріне қашқанда түйелер осында қалып қойған. Оларды колхоз ауыр жүк тасуға пайдаланған. Әсіресе көршілес Қорған облысының Лебяжье станциясынан колхоздың бар-жоғын таситын болған. Ұсталар үлкен арба, ал қыста жегуге шана жасаған. Жұмыс іздеп, сырт жерге кетуге ыңғайланған бірнеше адам, тіпті тұтас отбасылары осы мүмкіндікті пайдаланып

қалғысы келіп, керуеннің келесі баратын уақытын тосқан. Әрине, олардың бәрі арбаға сыймайтыны анық. Сондықтан көбі керуенге еріп, жаяу жүріп отырған, шаршағандары ғана арбаға кезектесіп мініп, дем алатын болған. Жол алыс, Лебяжьеге дейін біздің ауылдан кемінде жүз елу шақырым. Оның үстіне түйенің жүрісі де шабан. Бірнеше күн жүріп баратын жер.

Бұл жолы сапарға шыққандардың арасында менің әке-шешем Жантемірдің Мырзахметі мен Көкеш Шәймерденқызы, Бікейдің Сембайы әйелі Бөпетаймен, Жұрқаның Қабдені, Байтемірдің Қасені және басқалары бар. Біразының балалары да болса керек. Қарны аш адам ұзақ жолға қайтып шыдасын? Арасында діттеген жерлеріне жете алмай, көз жұмғандары да болыпты. Оларды жол бойындағы ормандардың шеттеріне жерлеп, белгі қойып кетіп отырған.

Арып-ашып Лебяжьеге жеткен адамдар құлап-сүрініп темір жол вокзалына келеді. Олардың ойы енді Челябіге бару. Ұзынқұлақтан онда қара жұмысқа адамдар керек деп естиді. Бірақ ол күні пойыз бола қоймайды. Келесі күні пойызға мінер алдында Бікейдің Сембайы өздерімен бірге еріп келе жатқан екі баланың бірін осы жерде қалдырып кетуді ұйғарады. Оған әйелі Бөпетай қарсы болады. Туған баласын қай ана қаңғыртып жібергісі келеді? Күйеуіне жалынып, аяғына жабысып жылайды. "Тоқтат жылағаныңды, ол жақта бізді ешкім күтіп отырған жоқ. Жатар орын таппасақ, жұмыс болмаса, бала түгілі өзіміз де аштан өлеміз. Ал баланы осында тастап кетсек, біреу тауып алып, жетімдер үйіне береді. Сонда ол аман қалады", – деп әйелін тыйып тастайды. Осылайша өксіп жылаған бала Лебяжьеде қала береді. Қарақамыстан Челябіге жеткен адамдардың көбі жұмысы ауыр, ақысы аз болса да "екі қолға бір күрек" табады. Қазақтар Челябіні "Селебе" деп атайды. Өйткені қаланың атауы башқұрт тіліндегі селебе сөзінен шыққа керек. Ол ойпаң жер деген мағына береді. Осында ер адамдар қала ішінде ор қазуға тұрса, әйелдер тігін фабрикасына, асханаларға ыдыс, кір жууға және басқа да жұмыстарға жалданады.

Менің шешем тігін фабрикасында тігінші болса керек. Қолы шебер еді. Отбасымыздың барлық мүшелеріне, сондай-ақ ауылдастарға көйлек-дамбалды былай қойғанда, күпі, сырма шалбар, қолғап, басқа да киімдерді тігіп беруші еді. Күпі дегенің қазіргі пуховик тәрізді. Қазір құс қауырсыны пайдаланылса, ол кезде түйе жүні салынатын. Әрі жеңіл, әрі жылы болушы еді. Ұзын болғандықтан тізең де тоңбайды. Ал әкем болса етік, мәсіні жақсы тігетін. Ол үшін малдың терісін өзі илеп алатын. Ер-тұрманға, қамшыға қайыс тілетін. Етікке шегені кепкен қайың ағашынан жасап алатын. Жоқшылық бәрін үйретті-ау...Селебеде екі-үш жыл жұмыс істеп, азын-аулақ ақша тапқан олар елге оралады. Бірақ бұл жақта да жеңіл тұрмыс күтіп тұрмаған еді. Азып-тозған халық әлі оңала қоймаған. Ол кезде лобогрейкамен жиналған егіннің дәні басылмаған масақтары танапта көп қалады екен. Ауылдың "шолақ белсенділері" солардың өзін ешкімге жинатқызбайды. Сондықтан ауылдың біраз азаматы Тайыншаға, Бейнетқор (қазіргі Аққайың) ауданының "Қиялы" совхозына бір жағынан қора салуға, екінші жағынан масақ теріп әкелуге тағы да жаяулап-жалпылап жөнелсе керек. Тайыншада мал қорасын салған жер Қараман деген байдың қыстауы екен. Сонда жұмыс істеген Темірбайдың Сағындығы ауылға келгенде әйелі Шәпен ер бала тауып, атын Қараман қояды. "Біздің көрген бейнетімізді бастарыңа бермесін", – деп отырушы еді әкем.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Қарақамыспен көршілес Ақбалық, Жалтырша, Октябрь, Жаңажол, Нұрымбет ауылдары бірде жеке, енді бірде ірілендірілген колхоз болып құрылады. Ең соңында осы ауылдардың негізінде Молотов колхозы ашылады. Алғашында артта қалған ұжымдық шаруашылықтың экономикасы біртіндеп нығайып, миллионер атанады.

Көрші елді мекендердің тұрғындары той-думанда болсын, жаназа-дұғада болсын кездеспей тұрмайды. Біздің ауылдың ақсақалы, Қызылжардағы №2 қазақ мектеп-интернатында мұғалім болып істеген, бүкіл облысқа танымал ұстаз Мәриям

Мырзатаеваның әкесі, бұрын колхоз басқармасы болған Мырзатайдың Нығманы бір күні көршілес "Украин" совхозына тойға барады. Сонда Қали Бікеев деген азаматты кездестіреді. Аты да тегі де таныс. Кескіні де, дауысы да Сембайға ұқсайды. Біздің ауылда екі Сембай болды. Бірін Құтты Сембай, екіншісін тез сөйлейтіндіктен болуы керек Кідігай Сембай деп атайтын. Міне, қызық! Баяғыда ашаршылық жылы сонау Лебяжьеде қалтырып кеткен бала ғой бұл. Сенерін де сенбесін де білмейді. Құшақтап жылап жібереді. Ал анау жігіт аң-таң. Ақсақал жігітті оңаша шақырып алып, әңгімеге тартады. Ол балалар үйінде тәрбиеленгендігін, артынан бір орыс кемпірінің асырап алғанын айтады. Сол кезде екі-үш жастағы бала атын, тегін қайдан білсін. Тегінде оның аты-жөнін әкесі қағазға жазып, қалтасына салып кеткен екен. Сондықтан ата-тегін ешкім өзгертпеген. Өзі қазақ екенін білген, бірақ әке-шешесі кім, мұнда қай жерден келгенін білмеген. Соня деген қызға үйленген. Елімізде тың игеру басталғанда өз еркімен Қазақстанға келген. Сөйтіп, Тимирязев ауданындағы "Восход" совхозына орныққан. Жүргізуші болып жұмыс істейді екен. "Украин" совхозына тойға адамдарды әкелсе керек. Қария ауылға келгесін бірнеше ақсақалды ертіп алып, Сембай мен Бөпетайға ашаршылық жылы қалдырып кеткен баласының тірі екенін, оның қазір көршілес Тимирязев ауданында тұратынын айтады. Әке-шешесі жылап-сықтап, балаларынан кешірім сұрайды. Артынан әйелі екеуі ауылға келіп, туған ағасы Мұқашпен, інісі Қайырмен, басқа да туған-туыстарымен танысады. Олар кезек-мезек шақырып, қонақ қылады. Осылайша тастанды бала отыз жылдан кейін әке-шешесімен қауышады. Сембайұлы Қалидан екі ұл, бір қыз қалды.

Иә, кеңес өкіметінің сол кездегі "солақай" саясаты қаншама адамның болашағына балта шапты, қаншамасының тағдырына кері әсер етті. Оны мен келтірген мысалдардан да айқын көруге болар. Ал біздің білмейтініміз қаншама? "Мың өліп, мың тірілген" қазақтың басынан өткерген талай қиын-қыстау кезеңдердің ішінде, әсіресе ашаршылық, одан көрген қайғы-қасірет өте ауыр. Ол ешқашан ұмтылмақ емес. Ұмытылмайды да.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.
«SOLTUSTIK QAZAQSTAN» газеті
15 Ақпан 2022 жыл.

ТЕАТР СЫНШЫСЫ – КӨРЕРМЕН, ОНЫҢ ТАЛҒАМЫ ДА, ТАЛАБЫ ДА ЖОҒАРЫ ЕКЕНІН ҰМЫТПАЙЫҚ

Жуырда облыстық ардагерлер кеңесі қарттарды Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрына Ұлы Жеңістің 71 жылдығына арналған мерекелік концертке шақырды. Бардық. Өкінішке қарай, жиналған халық өзі шағын залдың жартысын да толтыра алмады. Осыны көріп отырып, аталмыш театрдың ашылу тарихы есіме түсті.

1999 жыл болатын. Қызылжар қаласында қазақ сазды-драма театрын ашуға дайындық жұмыстары басталып кеткен. Жаңа мәдениет ошағы даңқты жерлесіміз Сәбит Мұқановтың есімімен аталып, академик-жазушының туғанына жүз жыл толатын 2000 жылы салтанатты түрде ашылуға тиіс еді. Театрдың директоры әрі көркемдік жетекшісі болып белгілі режиссер Оразалы Ақжарқын-Сәрсенбек тағайындалған.

Сол кездегі облыс әкімі Қажымұрат Нағманов Алматыдан келген болашақ театрдың басшысымен алғашқы кездесуінде қалада бос тұрған бірнеше мәдениет ғимараттарының ішінен біреуін таңдап алуды ұсынды. Әрине, еліміз егемендік алған алғашқы жылдары жаңа ғимарат салмақ түгілі, ескілерін ұстауға қаражат табылмай, көбі қаңырап бос қалған кез еді. Ал әкім таңдап алынған ғимаратты жөндеуге қаржы табылатынын жеткізді. Тіпті, қаржы жинау мақсатында қоғамдық қор да құрылды.

Мен сол жылдары облыстық теледидарда қызмет істеп жүргендіктен, облыс әкімінің осы театрға байланысты өткізген кеңестеріне, театр ғимаратында апта сайын болатын лездемелеріне қатысып отырдым. Сондай бір кездесуде Оразалы Ақжарқын-Сәрсенбек облыс әкіміне қазіргі Жамбыл көшесінің бойында орналасқан энергетиктердің мәдениет сарайын көрсетті. Қаңырап бос қалған ғимаратта саутамтық жоқ, күрделі жөндеуді талап етеді. Ештеңесін өзгертпей, бұрынғы қалпына келтірсе, көрікті-ақ ғимарат. Ішінде бөлмелер көп, кең алаңдар да аз емес. Бірақ көрермен залы екі жүздей адамға ғана шақталған екен. Осыны көріп, жай тұрмай, мен де әңгімеге араластым.

– Ғимарат жақсы екен. Бұл жөнделер де. Бірақ қазақ театрына лайық емес сияқты, – дедім.

– Неге? – деп сұрақ қойды маған болашақ басшы.

– Біріншіден, бұл жерге жету қиын, қаланың ортасы емес, қиғаштау тұр, екіншіден, екі жүз орын ертең тарлық етеді.

– Мен көптеген елде болдым, әсіресе, Батыс елдерінде осындай шағын театрлар көп, олар өз-өздерін ақтап отыр, – деді директор.

Ақыры, театр үйіне 1956 жылы салынған, осы ғимарат лайық деген шешім қабылданды.

Театрдың көркемдік жетекшісіне, сол кезде айтқан сөзімнің дұрыстығы осы жолы

да дәлелденген сияқты болды. Облыстық ардагерлер кеңесінің қызметкері Аманжол Нұртаев әрқайсысының үйді-үйіне телефон шалып шақырған ардагерлердің көбі келе алмады. Оның себебі: біріншіден – біздің енжарлығымыз болса, екіншіден – қаланың Жұмысшы, Ойқала, Заречный, Береке, Солнечный, он тоғызыншы, жиырмасыншы ықшам аудандарын былай қойғанда, дәл ортада тұратын адамдардың өзі мұнда екі автобус алмастыра отырып, не таксимен келуі керек. Оны көбінің қалтасы көтермейді.

Рас, жаңа ашылған театрдың жас ұжымы осы жылдар ішінде біраз шаруа тындырды. Алғашқы жылдары елімізге белгілі режиссер Есмұқан Обаев арнайы келіп, спектакльдер дайындап, сахналады. Соның арқасында қызылжарлық актерлер республикалық деңгейдегі фестивальдарда жүлделі орындардан көріне білді, бірнеше сахнагерге жоғары атақтар берілді. Өңірімізде өткізілетін мәдени іс-шараларға осы ұжым әр кез белсене араласады.

Енді театрдағы концерт жайына оралайын. Бұл жай концерт емес, менің пайымдауымша, қойылым-концерт болды. Олай дейтінім, концерттің басынан аяғына дейін майдан шебінен көріністер ұсынылып, соғысқа, ондағы ерлікке арналған әндер шырқалды. Халық аз жиналса да, дүркірете қол соғып отырды.

Бір өкініштісі, менің ойымша, қойылым соғыстағы жауынгерлеріміздің ерлігін ашып көрсете алмады. Қойылымның өзі әйелдер батальонына арналған тәрізді болды. Өйткені, қыздар бірінен соң бірі майданға қалай келгендерін баяндады. Өкінішке қарай, олардың бәрі де фронтқа келдік деп тақ-тақ етеді. Фронт – қазақша майдан емес пе? Әрине, бұл жерде актер кінәлі емес, жазған автор кінәлі.

Бір жарым сағатқа созылған қойылым-концертте немістердің жойқын шабуылы бірнеше дүркін көрсетілді. Жарылған снарядтың қатты даусы, жердің астан-кестеңін шығарған дүлей күш көрермендерге соғыс ішінде жүргендей әсер етті. Бірақ осы сәттерде біздің жауынгер қыздарымыз бен жігіттеріміз, бассауғалап тығылумен болды. Тіпті, бір көріністе жауынгерлер баса-көктеп келіп қалған немістерден қопаға тығылып (қойылымда командир "болото" дейді) жан сақтады. Осы қопаға тығылғандардың ішінде бір әйел-жауынгердің емшектегі баласы да бар болып шықты. Оның жылаған дауысын естісе жауынгерлерге қауіп төнетін болғасын анасы сәбиін батпақ суға батырып, тұншықтырып өлтіріп тастады. Осы бір жан-түршігерлік көрініс авторларға не үшін қажет болды екен?!

Бір сөзбен айтқанда, бұл бір нанымсыз, ойға қонбайтын, біздің болмысымызға жат көрініс болды. Жалпы, қойылым-концерттің аяғына дейін біздің жауынгерлер бірде-бір рет қолдарына қару алып, жауға шабуыл жасай алмады, үнемі немістерден тығылумен, бассауғалаумен болды. Осыдан бірнеше жыл бұрын Қожаберген жырау туралы қойған спектакльде де осылай болған еді. Онда жоңғар шапқыншыларының қазақ батырларын қинағаны, ауылдарды күл-талқан қылғаны, бесіктегі балаға дейін аямағаны көрсетіліп, біздің батырлардың жауға тойтарыс бергені, жеңгені көрініс таппаған болатын.

"Көңіл көзін сөз ашар, сөйлемесе кір басар" дегендей, қойылым-концерт аяқталғаннан кейін мен сөз алып, осы шараны ұйымдастырған облыстық ардагерлер кеңесіне, Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театрының актерлеріне рахметімді айтып, жоғарыда әңгіме еткен кемшіліктерді алда ескерулерін құлаққағыс қылдым. Бұл сөзімді қойылымға қатысқан көрермендер қолдады. Әрине, мен театр сыншысы емеспін, қатардағы көп көрерменнің бірімін. Менің таңғалатыным, қойылымның сценарийін талқылап, қабылдайтын көркемдік кеңестің болмағаны ма? Егер қойылымдарда кең-байтақ қазақ жерін жаудан білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған сарбаздар мен батырларды, неміс-фашист басқыншыларына қасық қаны қалғанша қарсы тұрып, Жеңіске қол жеткізген жауынгерлерімізді оқтан, оттан қашып, бассауғалаған қорқақтар кейпінде көрсетсек – жастарға қандай отансүйгіштік тәрбие береміз деген ой келеді. Меніңше, көрермен түсінбейтін, көрермен жылы қабылдамайтын қойылым ұрпаққа

тәрбие бере алмайды. Ал театрдың негізгі мақсаты да, міндеті де халықты бірлікке, ынтымаққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу болса керек.

Патриоттық тәрбие демекші, қойылым-концертте, негізінен, Ұлы Жеңіске арналған орыс тіліндегі әндер шырқалды. Бұл тақырыпта жазылған қазақ әндері де аз емес қой. Меніңше, қазақ театрының репертуары негізінен қазақша болуға тиіс. Мысалға, Қасым Аманжоловтың "Дариға, сол қыз" әнін алайықшы. Мұнда соғыс та, махаббат та жырланбай ма?

Өңімде ме еді, түсімде ме еді,
Көріп ем ғой бір армандай қызды.
Бір нәзік сәуле күлімдеп еді,
Сұрапыл соғыс соқты да бұзды.

Қалай тамаша айтылған. Сөз зергері Ғабит Мүсірепов осы әнді белгілі ақын Ғафу Қайырбековке қайта-қайта айтқызып, мейірі қанып отырушы еді. Ал Рамазан Елебаевтың "Жас қазақ" әні ше? Соғыста жас қазақ жауынгерінің ерлікпен қаза болуы қандай тамаша көрініс тапқан. Осы әндер неге шырқалмасқа? Мен бұл мақаланы театр ұжымын сынайын деп емес, алда қойылым сценарийін жазғанда және көрерменге ұсынғанда осындай кемшіліктерге жол берілмесе екен деген оймен ұсынып отырмын. Театр қойылымы көрерменге ұсынылатын өнім, ал ол сапалы болуға, тұтынушының көңілінен шығуға тиіс. Ата балаға сыншы болса, көрермен – театрға сыншы. Соны ұмытпайық!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисі.

ЖАЛҚАУЛЫҚ – БЕС ДҰШПАННЫҢ БІРІ

Бүгінгі қоғамда жалқаулардың көбейгені, масылдықтың белең алғаны аға буын өкілі ретінде мені қатты ойландырады. Тіпті, тепсе темір үзетін жігіттер мемлекетке қол жаюды ар санамайды. Біз де қиындықты аз көрген жоқпыз. Бірақ еңбекқорлықтың, ар-намыстың арқасында оның бәрін жеңе білдік. Сондықтан қолыма қалам алып, өмірден көрген-түйгендерімді кейінгілерге айтуды жөн көрдім.

Мен – Ұлы Отан соғысы жылдарында дүниеге келген адаммын. Әкем, Мырзахмет Жантеміруұлы трактор – егіс бригадасының бригадирі болғандықтан қан майданға қатысқан жоқ, броньмен босатылған. Менің балалық шағым соғыстан кейінгі қиын заманға дөп келді. Ерте ержеттік. Тылдағы ауыр еңбек батып кеткен болар әкем сырқаттана бастады, шешем Көкеш Шаймерденқызы да дімкәс еді. Сөйтіп, үйдің шаруасы шиеттей менің мойныма түсті. Оның үстіне орақ кезінде колхозда жұмысшы күші жетіспей 7-8 жастағы балаларды астық тасуға пайдаланатын. Астықты қырманға



жеткізіп, ағаш күрекпен түсіреміз. Үйге шай ішуге келгенде арбаның қорабының түбінде қалған бидайды талдан буылған сыпырғышпен сыпырып аламыз да, кешке қол диірменмен үгеміз. Колхоз басшылары көріп қалса, сотталасың. Ыстық күндері астық тасу қиын. Өгіздер бөгелектесе, ешкімге бой бермейді. Бұл үгіп алған ұныңнан бір-екі таба нан пісіруге болады. Ал орақ аяқталғасын жұмысшыларға бес-алты қап, кейде одан да көбірек бидай беріледі. Ол жыл бойғы еңбектің ақысы. Сөйтіп, нан мәселесі осылай шешіліп қалады. Тек,қол диірменмен үгіп алуды біл. Ал енді, қаймақ, май мәселесі қалай шешілді. Ол– наннан да күрделірек. Ауылда бір шаңырақта мал басы бір-екі сиырдан, бес-алты қой-ешкіден, бір жылқыдан асқан емес. Егер мал басы екеуден асса, ол ауқатты отбасы саналады. Ол шаңырақта, май да, қаймақ та көп, бала-шағалары да тоқ болады. Ал біздің үйде бір-ақ сиыр болды. Қыстыгүні, сиыр суалған уақытта қара шай ішеміз. Көктем-жаз мезгілінде сиыр бұзаулап, уыз ішіп, қарық болып қаламыз. Содан кейін шайға құятын сүт те, азын-аулақ қаймақ та болады. Ол кезде қазіргідей тоңазытқыш жоқ. Сүт машинасының құлағын бір қолыммен бұрап отырамын да, екінші қолыммен ыдысқа обратын құйып алып ішемін. Пештің үстінде ауырып отырған шешем: – Балам-ау, неге обрат ішесің, сүт ішсейші – дейді.

– Жоқ, апа, мен обратты жақсы көремін, – деймін.

Олай дейтінім, өзі аз ғана сүттен ішсем, қаймағы азайып қалмай ма? Обратты пешке от жағып пісіріп, айран ұйытамын. Міне, біздер бала жастан жоққа төзіп өстік. Ол уақытта жекеменшіктің малына шөп шабу оңай болған жоқ. Басқармалар қоғамдық малға қысқа қажетті қордың кемінде 70-80 процентін үйіп алмай жекеменшікке шөп шабуға рұқсат бермейтін еді. Сондықтан ормандардың баурайларына, шіліктердің айналасына, көлдердің жиегіне өскен шөпті шауып, кептіріп, шөмеле үйетінбіз.

Қысқа шөп дайындау өте қиын шаруа. Биені арбаға жегеміз де, шалғымызды, айыр-тырнауышымызды, ас-суымызды салып алып, не орманға, не көл жағасына тартамыз. Діттеген жерге жеткесін биені ағытып, құлынымен бірге арбаға байлаймыз. Араға сағат салып биені сауып, ыдысқа құя береміз. Осы жерге әкемнің немере ағасы Сағындық ақсақал да келіп жетеді. Ол кісі алда, мен ортада, әкем артта шабындыққа түсе қаламыз. Олар менің буынымның әлі қата қоймағанына қарамайды, «бізге ілесіп отырмасаң, аяғың орақка қырқылады» деп қорқытып қояды. Түс кезінде қымыз ішіп, нан жейміз. Бар тамағымыз осы. Күннің ыстығына шыдай алмайсың, оның үстіне қымыз ішкеннен кейін ұйқың келеді. Бірақ әкеге қолқанат болып,діттеген шаруаны аяқтау қажеттігін түсінесің. Осы үрдіс 1980 жылға, яғни әкем дүние салғанға дейін жалғасты. Үш жыл мұғалім, бір жыл комсомол комитетінің хатшысы, одан кейін облыстық «Ленин туы» газетінде қызмет істеген жылдары да демалыста ауылға алып-ұшып жетіп, қолорақпен шөп шабатынмын. Бес саусақ бірдей емес қой. «Бір биеден ала да, құла да туады» дегендей, бір ауыл, бір бауыр болып, айрандай ұйып отырған елді мекеннің өзінде жалқаулар ол кезде де жетіп артылатын. Көктемде шөптері таусылып, қорадағы малдары азынап тұрған талай адам біздің үйден көмек сұрап келетін. Әкем оларға ұрсатын, бірақ бала-шағасын аяп, шөп беретін. Соңғы кезде жалқаулар саны кемудің орнына көбейе түсті. Оларды жалқау еткен -заман. Мысалы, біздің ауылда 22 мың қой болды. Ауыл тұрғындарының бәрі қой фермасында жұмыс істеді. Ферма ауылдан 3-4 шақырым жерде болатын. Жұмысшылардың бәрі атпен барып-келетін. Кешке қайтарда міндетті түрде шанаға шөп, сүрлем не жем салып әкеледі. Сөйтіп, аз малын асырады. Кейін шөпті шікамен, не комбайнмен шабуға көшті. Соған үйренген халық енді қолмен шөп шапсын ба? Қазір бір ауылдан бір шалғы таба алмайсың. Бұрын шабындық та тапшы болатын. Қазір шағын ауылдарда жекеменшіктің малы ғана қалды. Енді орман, шілік, көл маңындағыны былай қойғанда, тіпті, ауыл маңында, бұрынғы егін себілетін алқаптарда шөп тұнып тұр, белуардан келеді. Бірақ соны шабатын адам жоқ. Қаншама қазынаның аяқ астында жатқаны-ай, деп жаның ашиды. Қымбатқа сатып алғанша, мына шөпті неге шауып алмайды? деп басыңды шайқағаннан басқа амалың жоқ!

Ауылда сонша күш-жігер жұмсамай-ақ өндіретін тағамның бір түрі – картоп. Оны неге өсірмеске?! Әлі есімде, атам Жантемір жазғытұры ауылымыздан 35-40 шақырым жердегі Макарьевка селосына барып, тұқымдық картоп әкелді. Үйдің жанынан үлкен огород жасады. Сөйтті де трактормен жыртқызып, картоп екті. Біздің отбасы осылайша картоп, басқа да көкөніс түрлерін өсірді. Сөйтіп, ауылда мал ұстап, картоп егіп, біреуден ілгері, біреуден кейін күн көрдік. Жалғыз сиыр ұстап, оның сүтін іске жараттық. Қаймақ, майымыз, құрт-ірімшігіміз болды. Жалғыз бие сауып, қымызын іштік. Ол кезде өзін-өзі әзер асырап отырған халық мемлекетке май, жүн және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыратын. Оны да орындап отырды. 1953 жылы Иосиф Сталин қайтыс болғаннан кейін КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Георгий Маленков бұл салықты тоқтатты. Алайда, билік басына Никита Хрущев келіп, диқандардың маңдай терімен өсірілген астықтан пісірілген нанды малға беріп жатыр, оны тоқтату керек, ол үшін ауыл-селоларда мал басын азайту, қалаларда мал мен құс өсіруге мүлдем тыйым салынсын, деп нұсқау берді. Соған сәйкес бір отбасы бір сиыр, не бір бие, үш қой-ешкі ғана ұстауға міндеттелді.

Иә, ол күндер келмеске кетті, тарих қойнауына енді. Қазір заман басқа. Егемен ел болдық. Тіліміз, діліміз, дініміз бостандық алғанына тәубе етеміз. Бірақ, алтын бесік – ауылымыздан алшақтап бара жатқанымыз жанға батады. Бір-бірімізге деген сенімнен,ар-ожданнан, моральдық құндылықтардан ажырап барамыз.

Еңбекке ерте араласуымның арқасында жаман болған жоқпын. Ал қазіргі балаларды еңбекке баулып жатырмыз деп айта алмаймын. Өткен жылдары еліміздің оңтүстігіндегі бір ауылда оқушыларды мақта жинауға тартыпты. Сол үшін мектеп директорын орнынан алған. Базарда балалары әке-шешесіне сауда-саттыққа қол ұшын берсе, құқығы бұзылды деп оларды жазалаймыз. Егер балаларды жастайынан әлі келетін жұмысқа жұмсасақ, ол ұтылмайды, ұтады. Ондай бала еңбекқорлыққа үйренеді, бұзақылық жасауға бармайды, оған уақыты да болмайды. Осыны неге түсінбейміз?

Халықты масылдық пиғылдан арылту үшін екі қолға бір күрек тауып беру қажет. Ол үшін ең алдымен ауылдың жағдайын түзеу керек. Ауылыңа дейін баратын жолың дұрыс болса, іргесі сөгілген атақоныстағы тұрғындарды ірі елді мекендерге көшіруге жағдай жасаса, көпбалалы отбасылардың мәселесі де шешілер еді деп ойлаймын. Өйткені, ол жерлерде мектеп те, балабақша да, клуб та, емхана да, басқа да әлеуметтік-тұрмыстық нысандар бар. Ең бастысы, «алма піс, аузыма түс» деген пиғылдан ада болып, еңбекпен тапқан нанның тәтті болатынын ұрпағымыздың санасына сіңіру – біздің асыл міндетіміз.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
ардагер журналист.

ТАУЫП АЙТЫЛҒАН СӨЗДЕР

ОНИ СБРОСЯТ МАСКИ

"К власти в СССР после 1953-го года пришли националисты и карьеристы, взяточники, покрываемые из Кремля. Когда придет время, они сбросят маски, выбросят партбилеты и будут в открытую править своими уездами как феодалы и крепостники"...

Мао Цзедун.
Журнал "Новый Китай". Пекин, 1964 №12

БОГАТЫЙ ДУМАЕТ ТОЛЬКО О СЕБЕ

Во главе государства должны стоять люди, не обремененные большим капиталом. Богатый у власти будет думать только о сохранении приумножении своего капитала, а не о народе.

В. И. Ленин.

О ЧИНОВНИКАХ

Чиновники – это трутни, пишущие законы, по которому человеку не прожить. Почему у министров жалованье постоянно и независимо от того, хорошо или дурно живется населению... Вот если бы квота жалованья бюрократов колебалась вверх-вниз в зависимости от уровня жизни народа, тогда бы эти дураки меньше писали законов, а больше бы думали.

Отто фон Бисмарк,
немецкий государственный и политический деятель.

О НАРОДЕ

Народ, который не имеет право критиковать своих правителей, указов на их недостатки, не имеет право превозносить их. Похвала рабов ничего не означает.

Клод Гельвеций,
Французкий литератор и философ.

ПРО ГОРБАЧЕВА

Когда я шел на встречу с советским генсеком, то ожидал увидеть одетого в большевистское пальто и каракулевую пилотку товарища. Но меня представили одетому в модный французский костюм господину с часами "Rado Manhattan". Взглянув на них я подумал – Даа. Он продаст нам все!

Рональд Рейген,
президент США (1981-89)

ОН ВЫБРАЛ ПЕРВЫЙ ВАРИАНТ

Анекдот. Лидер Сингапура Ли Куан Ю: – У меня было два пути. Первый – это это работать на процветание и благополучие своего народа. И второй – вместе с родственниками и друзьями заниматься воровством, ради обогащение собственного окружения. Я выбрал первый путь.

Лидер нации Казахстана Н. Назарбаев: – И у меня было два пути. К сожалению, первый выбрал Ли Куан Ю.

ПОЧЕМУ НЕТ ПАМЯТНИКА

Марко Аврелия, великого императора Рима, философа, который на вопрос почему у тебя до сих пор нет памятника, отвечал – не хочу, чтобы спрашивали, чей это памятник. Пусть лучше спрашивают, почему ему памятника нет".

НАУЧИТЬСЯ ЖИТЬ КАК ЛЮДИ

Ирландский драматург и романист, лауреат Нобелевской премии Бернард Шоу, "Теперь, когда мы научились плавать в воде, как рыбы, летать в небе, как птицы, нам осталось только научиться жить на Земле, как люди".

ЖАНБАЙ ҚАЛҒАН СІРІҢКЕЛЕР

Бірде Сталин сіріңке шығаратын фабрикалардың директорларын шақырады. Олар түгел жиналып болғаннан кейін өзінің сүйікті мүштігін алып, ішіне темекіні толтырады да, стол үстіне қаз-қатар қойылған сіріңкелердің бастарын алып тұтатуға кіріседі. Қанша тұтатқысы келсе де сіріңкелердің бірде – бірі жана қоймайды, тұтынғанының өзі сөніп қала береді. Содан кейін директорларға бұрылып:

– Сұрақтарың бар ма? – деп сұрайды.

Бәрі тым-тырыс.

– Ендеше, боссыңдар!

Содан кейін сіріңке шығаратын фабрикаларда ағаш таяқшалар күкіртпен бірге тез жанатын қоспамен майланатын тәсіл қолданыла бастайды. Ал бір-екі айдан кейін Кеңес Одағында шығарылған сіріңкелер 57 елге экспортқа жөнелтіле бастайды.

СУДЫ ҚАЙТА ТӨКСІН

Ұлы Отан соғысының қызған шағы. Армия басқарған Баграмянның адьютанты Сталинге су құйған бөтелкені әкеліп, табыс етпекші болады. Бұл Армия әскерлерінің жауды ығыстырып, Балтық теңізіне жетті дегенді білдіретін хабар болатын. Алайда адьютант ұшақпен Мәскеуге жеткенше әскерлер алған жерлерін ұстап тұра алмай, қайта келген еді. Одан хабардар болған Сталин: – Командирің суды қайдан алды, сонда төксін, – депті.

ЖҰМАҚ – ТЕГІН, ТОЗАҚ – АҚЫЛЫ

Бірде әкесі баласына: – Жұмақ – тегін, тамұқ – ақылы, балам, осыны есіңе сақта, – дейді.

– Неге? – дейді баласы.

– Ол былай дейді қария: ақшаға қарт ойнағандар, арақ ішкендер, темекі тартқандар, есірткі қолданғандар ақы төлейді. Сондықтан тозақтың оты қымбат. Ал намазды тегін

оқисың, оразаны тегін ұстайсың, Құдайға тегін құлшылық етесің. Сондықтан жұмақ – тегін. Ендеше, тегін жағына баруға ұмтыл, балам!

ҚОРҚЫТ АЙТҚАН ЕКЕН

Қорқыт былай деген екен:
– Сұлу әйелге үйленесің, оның күзетшісіне айналасың.
– атақты әйелге үйленесің, оның атағына телінесің.
– бай әйелге үйленесің, оның мүлкіне айналасың.
– ақылды, иманды әйелге үйленесің, оның сенімді серігіне айналасың.

АНАСЫНЫҢ ҚЫЗЫНА ХАТЫ

– Мен сені жарық дүниеге әкелгенде, бағып-қаққанымда, өсіргенімде, ер жеткізгенімде, оқытқанымда, қанша шығынға батып тұрмысқа бергенімде – сенен оның қайтарымын күткенім жоқ, маған қиындық туған шақта аузыма су тамызсын, ішерге асым, жейтін наным болмай қалса, әкеліп берсін деп ойлаған жоқпын, мен тек сен бақытты болсын деп ойладым, жарық дүниеде тең-құрбысынан қалмай еркін өмір сүрсін деп ойладым, құлыным!

ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

Әке – президент. Шеше – қаржы, денсаулық, білім, мәдениет, төтенше жағдай министрі. Балалар – халық, өмірі риза емес, үнемі сұрайды, талап етеді,ашуланады, жылайды, қарсылық білдіреді. Әже – қойма және балабақша меңгерушісі. Ата–жабдықтаушы, табушы (снабженец), от жағушы, дін және ішкі саясат секторының меңгерушісі. Сиыр, жылқы, қой-ешкі – отбасылық бюджет. Тауық – шағын бизнес. Ит – қорғаныс министрі. Мысық – депутат, үнемі ұйықтайды, ішіп-жейді, қайда барады, қайда жүреді, ешкім білмейді.

НЕ ҮШІН СОҒЫСЫП ЖАТЫРМЫЗ

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ұлыбританияның премьер-министрі Уинстон Черчильге Қаржы министрі жылдық бюджетті әкеліп көрсетеді. Сонда: – Мұнда мәдениет саласына бөлінетін қаржы көрсетілмепті ғой, бұл қалай? – дейді премьер-министр.

– Қайдағы мәдениет? – деп таңырқайды министр, – қазір қан майдан жүріп жатқан жоқ па?

– Егер мәдениетімізді сақтай алмасақ, сонда не үшін соғысып жатырмыз? – депті Черчиль.

ҚАТЫН ӨЛДІ, ҚАМШЫ СЫНДЫ

Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып, қайтыс болады. Әз Жәнібек хан өз уәзірлеріне "Жиреншеге бұл қайғыны біз естірте алмаспыз, оны өзіне естіртсек, сендер бұрын айтып қоймаңдар деп сөз байласады. Бір күні Жиренше шешен еліне оралып келе жатып Ханның үйіне соғып, сәлемдеседі. Сонда Хан:

– Әу, шешенім, әкесі өлген қалай болады? – деп сұрақ қояды.
– Асқар тауы құлағанымен бірдей болады, – дейді Жиренше
– Анасы өлген қалай болады?
– Ағар бұлағы таусылғанмен бірдей болады.
– Ағасы өлген қалай болады?

– Оң қанаты қайырылғанмен тең болады.
– Інісі өлген қалай болады?
– Сол қанаты қайырылғанмен тең болады.
– Апа-қарындасы өлген қалай болады?
– Ұзын өрісі қысқарғанымен тең болады?
– Қатыны өлген қалай болады?
– Ах, менің Қарашашым өлген екен ғой, – дегенде Жиреншенің таянып отырған қамшының сабы сынды" деген сөз осыдан шыққан екен деседі халық.

БАРЫМЫЗБЕН БӨЛІСЕ ЖҮРЕЙІК

Бір адам жаңа үй сатып алады. Үй үлкен, көркем безендірілген, ауласында жеміс ағаштары өсіп тұрады. Ал көршісі кедей болса керек. Байды кім жақсы көрсін. Ол қайткен күнде де бай көршісіне жамандық жасауға тырысады. Бірде жаңа көрші сыртқа шықса есік алдында жуынды толы шелек тұрады. Ол жуындыны төгеді де, шелекті жуып, тазалап, ішіне алма толтырып, кедей көршісіне барады. Есік тықылдатады. Терезеден бай көршісін көрген кедей көршісіне барады. Есік тықылдатады. Терезеден бай көршісін көрген кедей енді ұрыссатын шығармыз деп ойлап, тысқа шығады. Бірақ жаңа көрші қолындағы алма толы шелекті созып: "мынаны ал, көршіміз ғой, барымызбен осылай бөлісіп өмір сүрейік" деп кете барады.

АЛҒАШ РЕТ БОЛДЫМ

Ақын Владимир Маяковскийді поэзия сүйер қауым кездесуге жиі шақырады екен. Сондай отырыстардың бірінде тыңдаушылардың арасынан бір адам тұрып:– Сіз орыстардың арасында – орыс, грузиндердің арасында – грузин, армяндардың арасында – армян боласыз, ал ақымақтардың арасында кім боласыз, – деп жымысқы сұрақ қойыпты. Сонда ақын: – Білмеймін, мен ақымақтартардың арасында алғаш рет болып тұрмын, деп жауап беріпті.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒАЛАР

ӨҢІРДІ ЕҢ ҰЗАҚ БАСҚАРҒАН АДАМ



1936 жылы жеке шаңырақ көтергеннен бергі 85 жылда Солтүстік Қазақстан облысын 26 адам басқарыпты. Солардың ішінде облыс тізгінін ең ұзақ мерзім – он алты жыл ұстаған Василий Петрович Демиденко екен. 1965 жылдың күзінде партияның орталық комитеті өңірімізді басқаруға Василий Петрович Демиденконы жіберді. Ол бүкіл Кеңес одағы халқының басына түскен аштық басталардың алдында, яғни 1930 жылы Украинаның Полтава облысына қарасты Нево-Ланное селосында дүниеге келген. Новосібір ауыл шаруашылығы институтында оқып, жоғары білім алған. Еңбек жолын бөлімше агрономдығынан бастаған. Тың және тыңайған жерлерді игеру басталған шақта комсомолдық жолдамамен Қазақстанға келген. "Бұл 1954 жылдың наурыз айы болатын. Сонау Украинадан пойызбен бірнеше күн жүріп, Жақсы стансасына келдік. Айналада ештеңе көрінбейді, ұйытқыған боран. Бізді трактормен әкеліп бір жерге түсірді. Мені Ақмола облысының "Энтузиаст" кеңшарына бас агроном етіп тағайындады. Кеңшар деген аты ғана, ештеңесі де жоқ. Бірте-бірте құрып алдық қой", – деп еске алатын Василий Петрович Қазақстанға қалай келгені туралы. Кейін оған "Донской", "Ленин комсомолы" кеңшарларын құру сеніп тапсырылады. Өзін ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, білгір басшы ретінде көрсете білген Василий Демиденко Шортанды ауданын басқарды. Содан кейін Қазақ КСР астық кеңшарлары министрінің орынбасары, қазақтың өлкелік партия комитетінің ауыл шаруашылығы бойынша хатшысы болды. Тың өлкесі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарады. Ал тың өлкесі жабылғаннан кейін, яғни 1965 жылдың қараша айында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланды.

Ол жаңа қызметке білек түре кірісіп кетті. Василий Петрович қызметте "барлығын кадрлар шешеді" деген қағиданы басшылыққа алды. Қызметкерлерді тағайындаған кезде қазақ жастары арасынан білікті мамандарды билік басына көбірек тартқанын

айта кеткен жөн. Атап айтқанда, егер кәсіпорын немесе мекеменің бірінші басшысы басқа ұлт өкілінен тағайындалса, орынбасары міндетті түрде жергілікті ұлт өкілінен алынатын. Ал басшы қазақ болса, орынбасары өзге ұлт өкілінен тағайындалды. Аудандық деңгейде де солай. Қазақтың оқыған, болашағынан үміт күттіретін жастарын өңіріміздегі озат шаруашылықтарға бас маман немесе партия ұйымының хатшысы етіп жіберетін. Егер көрсеткіші жақсы болса, қызметін жоғарылатуға жол ашылатын. Бір мысал келтіре кетейін. Совет ауданындағы (қазіргі Аққайың) "Ленинский" кеңшары облыста ғана емес, республикада алдыңғы қатарда еді. Онда еліміздегі тұңғыш хлорелла зауыты ашылды. Фермаларда құрама-жем цехтары жұмыс істеп тұрды. Мал қоралары түгелдей механикаландырылды. Басқа да озық технологиялар пайдаланылатын. Осы кеңшарда тәжірибе жинақтаған Тілек Сұрағанов, Батыр Баяшев, Қуандық Қасейінов, Беркінбай Ыбыраев және басқа да қазақ жастары аудандық партия комитеттерінің хатшылары, атқару комитетінің төрағалары, облыстық мекемелердің басшылары дәрежесіне дейін көтерілді. Жалпы Василий Петрович қай саладағы жұмысты болмасын ғылыми негізде ұйымдастыруға, еліміздегі озық тәжірибелерді қолдануға, ал оларды жүзеге асыру үшін мамандардың біліктілігін арттыруға баса назар аударды. Ғылыми-зерттеу мекемелерімен арадағы тығыз байланыс өңірімізе егіншілік және мал шаруашылығы өнімдерінің артуына ғана емес, білікті мамандарды даярлауға да септігін тигізді. Ал Қорған облысының біздің өңірмен көршілес орналасқан Петухов ауданында тұратын Социалистік Еңбек Ері, әйгілі диқан Терентий Мальцевті жыл сайы көктемгі егіс алдында өткізілетін ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесіне арнайы шақыртатын. Ал ол көктемгі ауа райына байланысты қай дақылды қашан, қанша тереңдікте сіңіру керектігі жөнінде кеңес беретін. Бұл да өңірімізде егін шығымын арттыруға көп ықпал еткенін диқандар жақсы біледі. Егін шығымдылығы демекші, мамандығы агроном болғандықтан да шығар, Василий Петрович ғалымдардың ақыл-кеңестеріне сүйене отырып, қай дақылдан болмасын мол өнім алу үшін озық әдістерді өндіріске енгізе білді. Мысалы, әр шаруашылықта кемінде үш және бес танаптық егіс жүйесін енгізді. Өйткені бір танапта жыл сайын бір түрлі дақыл өсіру егін шығындылығын төмендететін көрінеді. Ал себілетін дақылдардың түрлерін алмастырып отырған жағдайда топырақтың құнары жақсара түседі екен. Кей алқапқа бір жыл ештеңе екпей, тыңайтуға қалдырып, жаз бойы тырмалап, арамшөп өсірмесе, келесі жылы ондай жерге егін бітік өсетін. Сондай-ақ топыраққа минералдық және органикалық тыңайтқыштар енгізуге, тұқымның біздің өңірдің жағдайына төзімді сұрыптарын себуге, агротехникалық әдістерін қолдануға баса назар аударылды. Әсіресе, тұқым себілген танаптарға сапа белгісін беру егін шығымдылығын арттыруға көп септігін тигізді. Оның мәнісі мынада: егін шыққаннан кейін арнайы комиссия танаптарды жеке-жеке тексеріп, тұқым себілмей қалған жерлер мен жолақтар табылса, ондай танапты сапасы төмен деп бағалайды. Танап басына кімнің, қандай тұқымды қашан сепкені туралы жазылған тақтайша орнатылады. Бұл диқанның беделіне ғана емес, оның еңбек ақысына да әсер етеді. Ал тұқым сапалы себіліп, егін біркелкі өсе бастаса диқанға сыйақы төленеді. Әрине, мұндай әдіс диқандардың жауапкершілін арттырары сөзсіз.

Мал шаруашылығын дамытуда да бірталай озық тәжірибелер қолданылды. Бұл салаға ерекше назар аударылғаны соншалықты, облыста мал шаруашылығы штабы құрылды. Оны көп жылдар бойы облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Жақсылық Ысқақов басқарды. Ол кезде қазіргідей ірі қараны басқа жерлерден, тіпті алыс шетелдерден сатып алу жоқ, қолдан асылдандыру бағытын ұстанды. Төлді қыста салқын жерде ұстап, құнарлы жемазықпен қоректендіру олардың тез салмақ қосуына әсер ететінін тәжірибе көрсетіп берді. Сол үшін жемшөп сапасын жақсартуға, мал қораларындағы жұмыстарды, сиыр сауууды механикаландыруға көп назар аударылды. Халық арасында "адамдар тыңды көтерді, ал тың адамдарды

көтерді"– деген нақыл сөз кең тараған еді. Бұл – шындық. Қазақ азаматтарының арасынан да білікті мамандар, білгір басшылар шыға бастады, көбі мемлекеттік наградаға, атақтарға ие болды, әр деңгейдегі кеңес депутаттары болып сайланды. Солардың ішінде Социалистік Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын өңірлеріне қадаған "Благовещенский" кеңшарының жүгері өсірушісі Төлебай Мұстафин, Баян ауылының трактор-егіс бригадасының жетекшісі Құрманғали Сұрағанов, Мамлют асылтұқымды мал зауытының бас агрономы Байман Тұрғынов, Бескөл ауданындағы "Луч Ленина" ұжымшарының трактор-егіс бригадасының бригадирі Молдай Байтөсов, Бескөл (қазіргі Қызылжар) ауданындағы "Новоникольский" кеңшарының механизаторы Мағауия Алазов, Совет (қазіргі Аққайың) аудандағы Чапаев атындағы кеңшардың директоры Руслан Бекузаров, Сергеев (қазіргі Шал ақын) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Есім Шайкин және басқалары бар еді. Басқа салалардан сылақшы-сыршы Хайни-Жамал Мусина, тігінші Сәруар Байсариналарды атауға болады.

Бір мақалада Василий Демиденконың игі істерін толық айтып жеткізу мүмкін емес. Ол басқарған 16 жылда облыс тұтастай құрылыс алаңына айналған еді. Осы жұмыстың кең ауқым алғаны сонша, әр шаруашылықта жыл сайын кемінде жиырма тұрғын үй салу міндеті қойылды. Ал "Союз Целинвод" тресі Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Қорған облыстарының 494 елді мекенін таза ауыз-сумен қамтамасыз етті. Ол кезде өңірде су проблемасы туындамайтын. Тіпті шалғайдағы мал жайылымдарына дейін электр желісі мен су құбыры тартылған еді. Василий Петрович басқарған жылдары қалада Киров және Куйбышев, ауылдық жерлерде жаңадан Бескөл, Возвышен, Мәскеу, Тимирязев, Целинный, Жамбыл аудандары құрылып, басқару жүйесі жеңілдетіле түсті. Петропавлдағы қазіргі қуыршақ театры мен халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары партия және атқару комитеттеріне деп арнайы салынды. Осы партия комитеттерінің бірінші хатшылары болып Жұмабике Сақтағанова мен Мұса Исаев сайланды. Қаланың орталық көшесінің бойында Кәсіподақтар үйі бой көтеріп, барлық саладағы кәсіподақтар комитеттері бір ғимаратқа орналастырылды. Сондай-ақ облыстық атқару комитетінің жаңа ғимаратына барлық басқармалар мен бөлімдер шоғырландырылды. Осы арқылы да басқару жүйесі жетілдіріле түсті. Бұларға қоса "Комсомолка" және "Динамо" фабрикалары, орыс драма театрының жаңа ғимараты, "Қазақстан" кинотеатры, басқа да көптеген нысандар бой көтерді. Қазіргі облыс әкімдігінің жанындағы "Қызыл-Жар" қонақүйі де сол кезде салынды. – Осы қонақүй салынған кезде мен облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары ретінде ономастикалық комиссияны басқаратын едім, – деп еске алады Жақсылық Ысқақов ақсақал. – Қала басшылығы оған "Золотой колос" деп ат қоюды ұйғарыпты. Қаламызға ат басын бұрған қонақтар түсетін орын болғандықтан, оны комиссия мүшелері "Қызыл-Жар" деп атауды ұйғардық. Қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Александр Липовой оған келіспейтінін айтып, облыстық партия комитетіне хат жолдапты. Кезекті бір мәжілісте Василий Петрович осы хатты оқыды да, шағым иелерімен келіспейтінін жеткізді. Осы сөзден кейін бәрі жым болды. Осы қолдауды пайдаланып, кейін қалада салынған екі дүкенге "Раушан" және "Шолпан" деп ат қойып жібердік.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы "кадрлар ұстаханасы" деген атаққа ие болды. Өйткені Василий Петрович білікті мамандар мен білгір басшыларды даярлауға ерекше мән бергенін жоғарыда айттым. Соның нәтижесінде республика басшылығы басқа өңірлерге кадрларды, көбінесе біздің облыстан алатын. Мысалы, әр жылдары Торғай, Көкшетау, Қызылорда, Алматы, Жезқазған, Қостанай облыстарын басқарған, одан да жоғары лауазымдарда қызмет істеген Социалистік Еңбек Ерлері Еркін Әуелбеков пен Қасым Төлебаев, сондай-ақ Тауфик Мұхаммед-Рахимов, Мақтай Сағдиев, Константин Лосев, Балташ Тұрсынбаев, Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы болған Жақсылық Ысқақов және басқалары Василий Демиденконың тәрбиесін көрген еді. Міне, осындай тәжірибелі

мамандар, білгір басшылар тәрбиелеп өсірілген өңірдің табыстары да толағай, өзгелерге үлгі боларлықтай еді. Кей жылдары рекордтық көрсеткіштерге де қол жеткізілетін. Мысалы, 1966 жылы Қазақстан қамбаға бір миллиард пұттан астам астық құйса соның 109 миллион пұты солтүстікқазақстандықтардың қосқан үлесі болатын. Осы табысы үшін облыс Кеңес одағындағы ең жоғары награда – Ленин орденімен марапатталған, көптеген жерлестеріміз Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Ал 1976 жылы осы рекорд тағы қайталанып, облыс бойынша гектар берекелігі орта есеппен 18 центнерден айналып, мемлекетке 121 миллион пұт алтын астық тапсырылды. Осындай толағай табысқа қол жеткізгені үшін Василий Демиденко бесінші рет Ленин орденімен марапатталып, кеудесіне Социалистік Еңбек Ерінің алтын жұлдызын тақты. Осындай тәжірибелі маманды сол кездегі республика басшылығы жер көлемі жағынан ең шағын өңірде ұстай беруді жөн көрмесе керек. 1981 жылы Василий Петровичті Қостанай облысық партия комитетіне бірінші хатшы етіп ауыстырды. Ол кезде мұндай деңгейдегі кадрлық ауыс-түйіс мәселесін Мәскеу шешетін. Оның еліміздегі ең ірі облыстардың бірін басқаруға ауысуына өңір тұрғындары бір жағынан қуанса, екінші жағынан мұндай басшыдан айырылып қалғанына өкінді. Облыстық партия комитетінің мәжіліс залында оны шығарып салуға арналған шағын жиын болды. Сонда шығып сөйлеген марқұм Есім Шайкин: "Халықта "үлкен кеменің жүзуіне үлкен айдын қажет" деген нақыл сөз бар, ал сіз сол кеменің үлкен қанаты болуға лайық адамсыз! Сәт сапар!" – дегенде жиналған жұрт ду қол шапалақтағаны әлі есімде.

Василий Петрович Қостанай облысында да барлық іс-тәжірибесін қолдана еңбек етіп, еліміздегі ең беделді басшылардың бірі саналды. 1988 жылы зейнеткерлікке шығып, 1995 жылға дейін Мәскеуде ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде директор болып істеді. 1998 жылы өмірден озды. "Новый зерновой совхоз "Энтузиаст"", "Заглядывая в завтрашнии день", "Магистральный путь – интенсификация", "Интенсификация – магистральный путь развития целины", "На земле, одаренной дружбой" деп аталатын кітаптары арқылы болашақ ұрпаққа өзінің көп жылғы тәжірибесін ғибрат етіп қалдырып кетті. Оның Қызылжар өңірін өркендетуге сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Өзі тұрған Васильев көшесіндегі 63-ші үйдің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылып, бір көшеге есімі берілуі соның айғағы.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

КӨКІРЕГІ ОЯУ, КӨҢІЛІ АҚ ЕДІ

Бұл 1966 жылдың наурыз айы болатын. Орталығы Целинаград (қазіргі Астана) қаласы болған, республикамыздың бес облысынан құрылған Тың өлкесі таратылып, Петропавлда бұрын шығып тұрып, жабылып қалған "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газеті қайта жарық көре бастаған кез. Мен бұл шақта Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданындағы "Озерный" совхозында комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарып жүр едім. Мектепте алтыншы класта оқып жүрген кезімнен-ақ аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдарға ұсақ хабарлар, ауылда атқарылып жатқан игі істер мен кемшіліктер жөнінде шағын болса да мақалалар жазып тұратынмын. Арманым – журналист болу еді. Сондықтан газет редакторына телефон шалып, мән-жайды айтып, қызметке алуды өтіндім. Газет редакторы Құрмантай Меңдіғожин бұрын "Социалистік Қазақстан" газеті редакциясында жауапты хатшы болып істеп, одан кейін Мәскеуде жоғары партия мектебін бітіріп келіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде нұсқаушы қызметін атқарса керек. Облыстық газеттер қайта ашыла бастағанда оны Петропавлға жіберіпті. Маған "ондай ойың болса менің атыма хат жазып жібер" деді Бәлкім, менің қалай жазатынымды тексергісі келген болар. Хат жаздым. Кешікпей редакциядан хат келді. Онда жауапты хатшы Өміржан Мәутенбаев "Өзің айтқан мәселені шешу үшін редакцияға келіп кетіңіз" деп қысқа ғана жазған екен. Ұзын-сөздің қысқасы, мен дереу редакцияға келіп, сынақтан өтіп, әдеби қызметкер болып қабылданатын болдым. Жауапты хатшы қазақта "кетпек болсаң – зымыра" деген сөз бар, ұзаққа созбай, келіп қызметке кіріс" деп тапсырды. Бірақ "қырсыққанда қымыран іриді" дегендей комсорг қызметімнен босап шығу оңайға түспеді. Коммунистік партияның дәуірлеп тұрған кезі емес пе. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Виктор Коваленконың сол кездегі қызмет мәртебесіне сәйкес аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып, кеудесі көтеріліп тұрған еді. "Бұл жөнінде менімен неге алдын-ала келіспедің" деп отырып алды. Тіпті, маған осы "қылығым үшін" сөгіс те жариялады. Енді не істеу керек? Ұзата берсем жаңа қызметімнен айырылып қаламын. Нар тәуекелге басып, комсоргтықты тастап Қызылжардан бір-ақ шықтым. Редакцияға қызметке орналасып, пәтер жалдап тұрып жаттым. Кадр бөлімі менен "Еңбек кітапшамды" талап етеді. Ол менде жоқ. Аудандық комсомол комитетіне телефон шалам, ондағылар "бірінші хатшы "Еңбек кітапшасын" берме деп тапсырған, өзімен сөйлес" деседі. Өзі болса "сенің мойыныңда анау бар, мынау бар" деп өзіме жала жабады. Қызылжардың дәл төріндегі қазіргі облыстық мәслихат орналасқан төрт қабатты ғимарат тың игеру жылдарынан бұрын әдейілеп облыстық партия комитетіне салыныпты. Ол кезде үшінші, төртінші қабаттарда облыстық атқару комитеті, бірінші қабаттың екі

қапталының бірінде комсомол, екіншісінде – кәсіподақ комитеті орналасқан еді. Қолым босай қалса бірінші қабаттағы облыстық комсомол комитетіне барып, бірінші хатшысы Шәймұрат Смағұловқа шаруамды айтамын. Ол телефон шалғанымен Виктор Коваленко көне қоймайды. Мені "рұқсатсыз кетті" деп жамандайды. Сонымен ісім оң шешімін таптайды. Бір күні облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысына неге шағымданбаймын деген ой келді. Ол кезде біз, журналистер осы ғимаратта орналасқан қай мекемеге болсын еркін ене беруші едік. Бізді күзетшілер де білетін. Сөйтіп, алдын-ала келіспей-ақ қабылдауға жазылмай-ақ идеология жөніндегі хатшы Әнуарбек Шмановқа жетіп бардым. Көп отырдық. Көп әңгімелестік. Тіпті отбасымыз, әлеуметтік жағдайымыз жайында да сөз қозғадық. Өзінің Мәскеудің Халықаралық қатынастар институтына оқуға қалай түскенін де жасырмай айтты. – Мен орта мектепті бітіргесін білімімді жоғары оқу орынында жалғастыруды ұйғардым. Бар арманым – Отанымыздың астанасы – Мәскеуде білім алу еді. Жоспарымды әкеме айттым. Бірақ қай оқу орынына барғалы отырғанымды айтпадым. Өйткені ол маған үнемі "балам саясат жағына жолама, ол қауіпті сала" дейтін. 1937 жылғы саяси-қуғын-сүргінде не болғанын көрген адамдар ғой, саясаттан өзі де аулақ жүретін. Қабылдау емтиханын тапсырып, институтқа оқуға түскеннен кейін ғана әкеме шынымды айттым. Үндемеді, – деді Әнекең. – Бұл жаққа, суық жаққа, қазағынан орыстілділері басым, солар билеп-төстеп тұрған жаққа қалай қорықпай келіп қалдыңыз? – деймін. – Шынымды айтайын ба? – деп бір күліп алды Әнекең, – Мені бұл жаққа "жер аударғандай" етіп жіберді. Мәскеудегі халықаралық қатынастар институтын бітіргеннен кейін маған сол жақта қалуға болатын да еді. Бірақ әкемнің "Саясаттан аулақ бол" деген сөзі әсер етті де, Қазақстанда, үйге жақын жерде қызмет етуді ұйғардым. Институтты жақсы бітіргендігімнен болар мені Қазақстан комсомолы орталық комитетіне лектор етіп жіберді. Облыстарды аралап жастарға халықаралық жағдай, ел тыныштығын сақтауда, қажет бола қалса ел қорғауда комсомолдың атқарар рөлі туралы баяндамалар жасадық. Бара-бара мен лекторлар тобын басқардым. Одан мені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысына көмекші етіп қойды. Содан кейін үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі қызметіне дейін көтерілдім. Бірақ қай бастық болмасын өзінен білімі де, біліктілігі де жоғары маманнан құтылғысы келеді ғой. Мен де сондай қағиданың құрбаны болдым.

– Сонда оған өкінбейсіз бе?

– Қайдағы өкіну. Тіпті жақсы болды. Бұл жақтың табиғаты қандай тамаша, адамдары бауырмал екен, бірден сіңісіп кеттім...Осылай әңгіме-дүкен құрып отырғанымызда хатшы қыз Преснов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысын байланысқа қосқанын хабарлады. Сол жерде хатшымен сөйлесіп, тың өлкесінің ашылуына байланысты жабылып қалып, қайта шыға бастаған газетке қазақша жаза білетін кадрлардың жетіспей жатқанын, жас жігіттің болашағына балта шаппай, керісінше көмектесудің қажет екенін айтып, аудандық комсомол комитетінен Еңбек кітапшасын алып беруге көмектесуді сұрады. Ол "ертең келсін, бәрі орындалады" деп уәде берді. Содан кейін редакторға телефон шалып, мені үш-төрт күнге Преснов ауданына іс-сапарға жібер, құжаттарын алып келсін деп тапсырма берді. Сөйтіп, мәселем оң шешімін тапты. Содан кейін Әнуарбек Нығметжанұлымен обком хатшысы тұрғысында емес, інісі сияқты араласып кеттім. Аудандарда өтетін іс-шараларға бірге баратын болдық. Жол-жөнекей әсем ормандардың маңына, айдын көлдердің жағасына тоқтап, дем аламыз. Табиғатты жақсы көруші еді. "Шіркін, ақ қайыңдар өлкесі ғой бұл, қандай тамаша!", – деп қуанышын жасыра алмайтын. Оның қызметтік қара "Волгасының" артқы қорабында шыны ыдысқа салынған қара уылдырық жүретін. Алғашында жылымшы татығандай болып, үйрене алмай жүрдім, артынан дағдыланып алдым.

Мен теңіз, Каспий теңізі жағасында өскен адаммын ғой. Жастайымнан балық, қара уылдырық жеп үйрендім. Әлі күнге дейін осы бір дәмді тағамдарды аңсап тұрамын. Соны білетін туыстарым маған қара уылдырық жіберіп тұрады, – дейтін Әнекең. Бұл өмірде қай қызметкерге болмасын екі жаққа бірдей, яғни әрі билікке, әрі халыққа жағу мүмкін емес. Ал Әнуарбек Шманов болса екі жаққа да жақты. Содан да болар оны көп кешікпей облыстық партия комитетінің қатардағы хатшысынан екінші хатшылығына көтерді. Ол кезде идеология жөніндегі хатшы ешқашан екінші хатшы болып көрмеген еді. Оның пленумдарда, басқа да жиындарда жасаған баяндамасы екіншісіне ұнамайтын. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар Маркс пен Элгельстің, олардың ілімін іс жүзінде жүзеге асырушылар Ленин мен Сталиннің еңбектерінен мысал келтіре отырып айтқанда құлақтың құрышын қандыратын, залда масаның ызыңы да естілмейтін. – Облыс орталығында қандай бір жиын өтетін болса Әнурбек Шманов сөйлей ме екен? – деп бір-бірімізден сұрап жүруші едік сол кезде деп еске алады, бұрын Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданында басшы қызметтер атқарған, қазір тоқсаннан асқан қызылжарлық ақсақал Зейнолла Олжабаев. Шынында да солай еді. Аудандардан келген газет жанашырлары редакцияға әдейілеп бас сұққанда олар да бізге осындай сұрақ қоятын. "Иә, Әнурбек Шманов жоспар бойынша баяндама жасауға тиіс" десек, олар қуанып кететін. Оның осындай жоғары беделін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Демиденко қызғанбайтын, беделі өзімнен асып кетті деп ойламайтын, керісінше Әнуарбек Нығметжанұлының табысына, беделіне қызыға, қуана қарайтын.

Менің туып-өскен жерім – қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Қарақамыс ауылы. Бұл елді-мекен жерлес жазушыларымыз Сәбит Мұқановтың кіндік қаны тамған Жаман Шұбар мен Ғабит Мүсірепов дүниеге келген Елтінжалдың (Жаңажол ауылының) қақ ортасында орналасқан. Сәбит Мұқанов әке-шешесінен жетім қалған шақта менің нағашы атам Ахметтің Шәймердені оны ауылына алып келіп, бала оқытуға ұстаздыққа қойған. Ол туралы жазушының "Өмір мектебі" кітабында егжей-тегжейлі баяндалады. Ал Ғабит Мүсірепов болса – құда. Оның немере қарындасына менің үлкен ағам үйленген. 1967 жылы мен Алматыға барып КазГУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түскеннен кейін екі жазушының да мекен-жайын тауып алып, пәтерлеріне барып, сәлем беріп танысқан едім. Содан бері олар ауыл жаққа келгенде мені атқосшы етіп алып кететін. Сол себепті бір жылы бірі, екінші жылы – екіншісі келетін жерлес жазушыларды Әнуарбек Нығметжанұлы екеулеп қарсы алып, олармен бірге жүретін болдық. Бірде:

– Әнеке, мұндай әдебиет алыптарымен мен емес газет редакторы бірге жүруі керек қой, – дедім.

– Әй, Амандық-ай, қонақтарға түгіл, сенің редакторыңның өзіне есік ашатын кісі керек емес пе?! – деді Әнекең.

– Түсіндім! – дедім.

Жазушы Сәбит Мұқанов өзінің алпыс жасқа толған тойын Қызылжар өңірінде, туған ауылында өткізді. Ал жетпіс жылдық тойы Алматыда өтті. Оған Әнуарбек Шманов бастаған делегация, оның ішінде мен де бармын, бардық. Ақшалай сыйлық қанша бергенін білмедім Әнекең Сәбит Мұқановқа Петропавлдағы С. М. Киров атындағы заводта шығарылған радиоқабылдағыш сыйлады. – Бұл теңіз астында қандай тереңдікте болмасын жер шарының кез-келген жерінен радиохабарын ұстай алады. Сатуда жоқ. Ешкімге көрсетуге де болмайды. Тек үйде ғана ұстаңыз, – деп қадап айтты жазушыға Әнуарбек Шманов. Сәбең өмірден озғаннан кейін, ұмытпасам оның туғанына 75 жыл толуына орай шығар деймін Мәриям апай қыздарымен, немерелерімен ұшақпен келді. Ал баласы Марат денсаулығына байланысты ұшаққа шыдай алмаспын деп поезбен келді. Оны тағы Әнуарбек Нығметжанұлы екеуміз қарсы

алатын болдық. – Маратты өзім қарсы алмасам болмас, ол менің бұрынғы бажам, – дей келе, оның қонақ үйде де жата алмайтынын айтты.

– Онда екеуміз қарсы алайық, мен әйеліме тамақ дайындатып қояйын, біздің үйде қонсын, – дедім. Солай жасадық. Шынын айту керек, ол қазақ атымыз болмаса, бізді орыстілділер басқарып тұрған кез еді, облыста болмасын, аудандарда болмасын билік басындағылардың тоқсан процентінен астамы басқа ұлттардың өкілдері, келімсектер болатын. Соған қарамастан Әнуарбек Шманов, өзі көбіне орысша сөйлесе де, қазаққа жаны ашитын, тілін мәдениетін, әдет-ғұрпын дамытуға күш салатын. Сол жылдары қазақ ауылдарында халық театрлары пайда бола бастады. Солардың ішінде Аралағаш, Айымжан, Ыбыраев атындағы ауылдардың халық театрларының спектакльдері облыстық теледидарда көрсетіліп жүрді. Тіпті теледидарда неміс тілінде хабар ашып, оны өзі сол тілде сөйлеп ашты. Жыл сайын облыстық айтыстар ұйымдастырылатын. Соның арқасында Уахит Темірбеков, Ахметжан Нұртазин, Игібай Әлібаев, Кеңес Тынымбаев сынды суырып салма ақындар облысқа ғана емес, республикаға танымал бола бастады. Олардың соңына ерген жас ақындар шоғыры қалыптасты. Әрбір айтыс бейнетаспаға жазылып алынып, теледидарда көрсетіліп отырылды. Айтыстың бір ерекшелігі, оған қатысатын, бір-біріменайтысатынақындаркүнібұрынқарсыласының ауданына барып, елді-мекендерді аралап, халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысып алатын. Айтыс барысында ақын қарсыласының ауданындағы кемшіліктерді айтып, бетіне басатын. "Қызым саған айтам, келінім, сен тыңда" дегендей, айтыста айтылған кемшіліктерді тыңдаған аудан басшылары оларды түзеуге кірісетін. – Ақын дегенің, барометр сияқты, сезімтал жандар. Олар кемшілікті көзге шұқи айтады. Мен сол үшін облыс, аудан басшыларын айтысқа әдейі шақырам, қатыстырам, – дейтін Әнуарбек Шманов. Дәл, Әнуарбек Нығметжанұлы қызмет істеген жылдары Қызылжар өңірінде ән-би ансамблдері де дүниеге келе бастады. Мысалы қаладағы Киров атындағы заводта Ботагөз Айсина жетекшілік еткен "Арай" би ансамблі, Қуандық Қасымов ұйымдастырған Сергеевка (қазіргі Шал ақын ауданы) мәдениет үйінің "Ақ бидай" ән-би ансамблі облыстық қана емес, республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып жүрді. Сол жылдары елді-мекендерде Мәдениет үйлеріне жөндеу жүргізілді, Петропавлда Н. Погодин атындағы орыс драма театры, "Қазақстан" кинотеатры, Сәбит Мұқанов атындағы облыстық әмбебап кітапхана салынды. Өнер адамдарын өте сыйлайтын, оларға қамқорлық жасайтын. Мысалы, күйші Серікбай Құсайыновқа, домбырашы – әнші Кеңес Тынымбаевқа және басқаларына пәтер алуға көмектескен болатын. Ата-бабаларымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлік істерін, тың игерудегі қажырлы еңбегін, сондай-ақ қазақ жазушылары мен ақындарының, ғұлама-ғалымдарының шығармалары мен ашқан жаңалықтарын жастарға, болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында да Әнуарбек Шмановтың сіңірген еңбегі ерекше. Тың игерудің 20 жылдығына орай Петропавлдың Бескөл ауылына шығар бетіне "С-100» тракторны ескерткіш ретінде қойуы өңір тарихында ерекше орын алады. Әнекең осы тракторды жағалай іздетіп, бір кәсіпорынның ауласынан тапқызған еді. Осындай ескерткіш-тракторлар облыстың барлық аудан орталықтарына кіре беріске орнатылған еді. Өкінішке орай, олардың біразы қазір жоқ. Сондай-ақ оның бастауымен қаланың қақ ортасында жағылған Мәңгілік алау осы күнге дейін маздап жанып тұр. Ол кешегі қан майданда елін қорғауда жанын пида еткен боздақтарға бас иіп, тағзым ететін, үйленген жастар бір-біріне ант беретін орынға айналды. Ал қазақтың біртуар ұлдары Шоқан Уәлиханов пен Жамбыл Жабаевқа Петропавлда ескерткіштер салтанатты түрде ашылған сәтте маған: – Амандық, бұл оқиғалар туралы "Ленин туы" газетіне ғана бер, республикалық басылымдарға жіберме. Өйткені біз оған жоғары жақтан рұқсат алған жоқпыз, – деп ескерткен еді. Осының өзінен-ақ Әнекеңнің жүрегінің "қазағым" деп соғып тұрғанын білуге болады. Сонда ол, кейде тіпті басын қатерге де тіккені

гой. Ол өзі Қызылжар өңірінде тоғыз жыл қызмет істеген уақытта екі рет Солтүстік Қазақстандықтардан құрылған 314-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлік жолымен арнайы поезд ұйымдастырған еді. Соның бірінде мен де болып қайттым. Денсаулығы сыр бермегенде Әнекең солтүстікте біраз жылдар жемісті қызмет ете берер ме еді, қайтер еді. Менің естуімше, біздің елде алғаш рет оның қанын түгел ауыстырған көрінеді. Ол өте қауіпті іс. Сондықтан үнемі дәрігерлердің бақылауында болуы керек. Осыған байланысты алдымен республикалық телерадиокомитетте төрағаның орынбасары, одан кейін "Білім" қоғамы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Ол қызметтерде жүргенде де Қызылжар өңірін, оның қонақжай халқын ұмытқан жоқ, хабарласып, тілектес болып отырды. Ең соңғы рет мен Әнуарбек Шмановпен Алматының әуежайында кездестім. Екеуміз бір ұшақтан түсіппіз. Ол – Мәскеуден, мен – Петропавлдан мініппіз ұшаққа. Құшақ жайа қауыштық.

– Әнеке, таныдыңыз ба? – дедім.

– Танымасам, сені осылайша құшақтар ма, бауырыма басар ма едім! – деді ол. Хош! – айтысып, өз жөнімізбен кеттік. Бірақ оның жарқын бейнесі көз алдымда, тауып сөйлейтін, күлдіре сөйлейтін сөздері әлі күнге құлағымда сақталып қалыпты. Көкірегі ояу, көңілі ақ еді, Әнекеңнің!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі.
Солтүстік Қазақстан облысы.
Петропавл қаласы.

ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШКЕН АҚСАҚАЛ

Қазақта «Заманың түлкі болса, бөрі боп шал» деген мақал бар. Бұл өмірден алынған нақыл сөз. Бүгін мен әңгіме еткелі отырған адамның шытырманды өмірің қилы заманда туса да, қиын тұрмыстың тауқыметіне шыдамдық танытып қана қоймай, өзінің тығырықтан жол тауып кететін тапқырлығының, пысықтығының арқасында оны жеңе білуін сол нақылдың дәлелі деп ойлаймын. Бүгіндері Қызылжар қаласында балалары мен немерелерінің қызығын көріп, қай шақырыста болмасын дастарханның төрінен орын берілетін, осы өңірдің белді де беделді батагөй ақсақалына айналған Зейнолла Олжабайұлы сонау ұлы кәмпеске жылдары қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданындағы Басшығұл қыстауында дүниеге келіпті. Қазақ ол кезде баланың жасын сұрағанда «су қатқанда», «бәленнің ала сиыры бұзаулағанда» туды немесе басқа да бір оқиғаларға байланыстырып айта салатын болған ғой. Ол ақиық ақын – Мағжан Жұмабаев жырлап өткен батыр Баянның алтыншы ұрпағы. Баянның немересі Байтоқа би, ал оның баласы, Зейнолланың атасы Басшығұл болыс болған екен. Олжабайдың ағасы Құлжабай да Келтесор округының болысы болып, 1937 жылы сотталып, атылып кетіпті. Міне, осындай туыстық қатынастар Зейнолла Олжабайұлының өміріне ерекше әсер еткен. Елде байлар мен орта шаруалардың мал-мүлкін тәркілеу, оны «ұлы кәмпеске» дейді, басталған кезде әкесі Олжабай Басшығұлұлы «емшектегі баласы бар әйелге тиісе қоймас» деп зайыбы мен жас нәрестені үйде қалдырып, ауылдан қашып кетеді. Бірақ қарашекпенділер ешкімді аямайды. Шешесі Зейнеп Қасейінқызына «байдың келіні, байдың әйелі» деп кінә тағып, емшектегі баласымен тұтқындап, Александровканың түрмесіне қамайды. Ол кезде селодағы қай жөнді түрме болды дейсің. Түнде Зейнеп Қасейінқызы баласын көтеріп, түрмеден қашып шығады. Айдалада қайда барарын білмей келе жатқан әйел қарсы жақтан кенеттен пайда болған салт аттыны көріп қалады да, жолдан бұрылып қашуға айналады. Бірақ алысқа ұзай алмайды. Әлгі адам әйелді танып қалып, дыбыс беріп, тоқтатады. Мән – жайды білгеннен кейін атына міңгестіріп алып, Орловка деген селоға жеткізіп тастайды. Бірақ селоға бару қауіпті. Содан кейін осы маңдағы Үшқызыл деген орманға барып жасырынады. Үш күн осында тығылады. Қашып жүріп, осы оқиғаны біреулер арқылы естіген Олжабай Басшығұлұлы әйелі мен баласын іздеп табады. Сөйтіп, Түмен облысына қашады. Ауылдарына жақын жерге орналасса, құғыншылар келіп қалар деп жасырынады. Өздерімен бірге ағаш дайындауға келген төрт отбасы бірігіп, шым ойып, үй салып алады. Сол жерді 1934 жылға дейін паналап, кәмпеске басылғасын туған жерлеріне оралады. Сол төңіректегі Уақтар бір жерге жиналып, Аралағаш орманының маңына салған ауылда бастауыш мектеп ашылады. Ол кезде бірінші класқа балаларды тоғыз жастан алады екен. Осы себепті Зейнолла

Олжабаев мектепке 1936 жылы барады. Оны бітіріп, Ворошилов (қазіргі Дүйсеке) ауылындағы жетіжылдық мектебіне бесінші класқа оқуға барады.

« Қырсыққанда қымыран іриді» дегендей, сол тұста Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Енді қалыпты оқу қайда. Балаларды егін арасындағы арамшөпті жұлуға апарады. Кейбір ірі құрайларды жұлуға бір баланың күші жетпейді, екеулеуге тура келеді. Басқа балаларды октябрят, пионер қатарына алады. Мұны «байдың баласы» деп ол ұйымдарға қабылдамайды – «Пионерлер қызыл галстук тағып жүреді. Қызығам. Олар мені кемсітеді. Жылаймын. Қатарымнан қалғаныма налимын. Сөйтіп қорлық көрдім, бұл мектепте», – деп еске алады Зейнолла ақсақал. Бұл кезде ауылдың еңбекке жарамды азаматтары майданға кетеді. Әкесі Еңбек Армиясына алынады. Ресейдің Нижний Тагил қаласының маңында ағаш дайындауда болады. Еңіреген балалар мен еңкейген кәрілерден басқа адам қалмайды Аралағашта. Сол кезде он үш-он төрт жас шамасындағы Зейнолла Олжабайұлында ғана бес жылдық білім бар, басқасында ол да жоқ. Сондықтан оны колхозға бригаданың есеп-қисабын жүргізуге қояды. Ол – учетчик деп аталады.

Қанша жер жыртылғанын, қанша жерге тұқым себілгенін есептеп отыру үшін қолына адымы екі метрлік үшбұрышты таяқ беріледі. Бұл жұмыс оған өте қиынға түседі. Бойы аласа балаға биік үшбұрышпен жұмыс істеу оңайға соқпайды. Осы жағдайды түсінген колхоз басшылары оны есепшілік қызметке ауыстырады. Бұл жұмыс – счетовод деп аталды. Дебет, кредит дегендер мұрынына да бармайды. Ол кезде колхоздың бір екі тракторына керосин Булаевтан өгізбен тасылады. Соның есебін жүргізеді. Колхозшыларға істеген жұмысына қарай еңбеккүн жазады. Колхозда егістік алқаптың көлемі онша емес. Одан жиналған астық негізінен майданға жіберіледі, тұқымға қалдырады, осыдан артылғаны колхозшыларға еңбеккүндеріне қарай бөліп беріледі. Бір жылы құрғақшылық болып, егін аз шығып, әрбір еңбекүнге 48 грамнан ғана бидай беріліпті. Сонда колхозшының бір жылдық табысы бір қап бидайға да жетпей қалған. Соғыс кезіндегі ауыл тұрмысының қандай болғанын осындан-ақ білуге болар, сірә!

Соғыстың қызған шағы. 1928 жылы туғандарды әскери комиссариат әскерге шақыра бастайды. Күйеуім еңбек армиясында, қолымдағы жалғыз баламды алып кетсе жағдайым қалай болмақ? – деп ойлаған Зейнеп Қайсейінқызы ауылдық кеңеске (ол кезде сельский совет деп аталады) барып, «Зейнолла Олжабайұлы 1930 жылы 15 қарашада туды» деген анықтама алып келеді. Еңбек Армиясында жүрген әкесі баламды соғысқа алып кетеді-ау деп алаңдап, үйге жиі хат жазады. – Ол кезде майданмен екі арада үшбұрышты хат жүреді. Оған шындықты жаза алмаймын. Өйткені цензура оқып қойса, мені соттап жіберуі мүмкін ғой, – деп еске алады Зекең. Ауылға майданнан келген хаттарды оқып беретін және жауап жазатын жалғыз Зейнолла Олжабайұлы. Сия жоқ. Ол үшін сия көк қарындаштың діңгегін алып суға езеді де сиясауытқа құяды. Жазатын қағаз да жоқ. Қолға түскен кітаптардың беттерін жұлып алып, мәтіндерінің үстіне жазады. Әсіресе. Жамбылдың кітаптарын көбірек пайдаланған екен. Өйткені өлең мәтіндерінің арасына жазған жазу оқуға жеңіл болатын көрінеді.

Соғыс жеңіспен аяқталады. Ауылдан ел қорғауға кеткендердің біразынан «қарақағаз» келеді, біразы жоғалып кетеді, енді біреулері мүгедек болып оралады. Еңбек Армиясынан әкесі де ауылға аман-есен келеді. Зейнолла Олжабайұлы енді оқуын әлі жалғастыруды ойлайды. Қайда оқуға түсе алады. Бар-жоғы бес-ақ класс білімі бар. Жасы болса едәуірге келіп қалған. Ауылдағы Сәкен Самаратов деген жігіттің жазуы көркем болады. Соған жеті класты бітірген деген анықтама жаздырып алады да колхоздың мөрін басып тұрып, ептеп дөңгелетіп жібереді. Сонда мөрде не жазылғаны белгісіз болып шығады. Оны кім тексеріп жатыр! Сөйтіп, Қызылжардың ой қаласында сол кезде орналасқан малдәрігерлік техникумына оқуға түсуге келеді.

Осы арада мен бір қызық оқиғаға тоқтала кетейін. Қазіргі Жамбыл ауданындағы Озерный орта мектебін бізден бұрын бітірген бірнеше бозбала Алматыға оқуға кетті. Солардың ішінде әке-шешесі жоқ Өмірзақ Майкөбенов деген жігіт бар еді. Ол халық шаруашылығы институтына барып құжаттарын тапсырды. Аттестаттағы бағалар негізінен үштіктер. Өзімен бірге жетім екендігі, интернатта оқығаны, неміс тілінен бес-ақ кластың бағдарламасы бойынша білім алғаны жөнінде анықтамаларды алса керек. Қабылдау комиссиясының хатшысы осы құжаттарды мұқият қарап щыққаннан кейін «парень у вас мандат широкий, но проход узкий» депті. Ақыры емтихан тапсыра алмай ауылға қайтып келді. Ал Зейнолла Олжабайұлын, керісінше, техникумға ешқандай емтихансыз қабылданған. Өйткені, ол барлық пәндерді беске оқыды деп жаздыртса керек анықтамаға. Бірақ баста білім жоқ, орысша білмейді. Лекция дегенді алғаш рет көреді. Конспект жазу деген қайда. Екі ай оқып, ештеңе түсінбеген де, басына да ештеңе кірмеген. Енді не істеймін? – деп жүргенде қала көшесінде өз ауылының баласы Темірболат Байқожин кездесе кетеді. Ол қазақ мектеп-интернатында оқитынын, жатақханада тұратынын, тегін тамақ, киім беретінін айтады. «Мәссаған, көктен тілегенім жерден табылды – ау!», – деп ойлайды да интернатқа бірге еріп барады.

– Досым мені мектеп директорына алып барды. Мәті Құсайынов деген кісі екен. Бұл қарашаның орта шені болатын. Колхозда есепші болып істеп жүргенде жеті класс білімім бар деген куәлікті екі дана етіп алғам. Бірі техникумда қалды ғой. Директорға екіншісін ұсындым. « Осы уақытқа дейін қайда болдың?» , – деп еске алады Зекең қалай мектеп интернатына орналасқанын айтады. Сөйтіп, Зейнолла Олжабаев сегізінші класқа қабылданады. Осы интернатта ауылының бес-алты баласы оқиды екен. Колхозда есепші болып істегеннің пайдасы: үстіндегі киімі басқалардыкінен дұрыс, қолында сағат. Бірақ сыртта мін жоқ, баста дым жоқ болғандықтан, мұнда да оны талай қиындықтар күтіп тұр екен. Ол алғашқы күннен-ақ басталады. Математика сабағында Садық Ақатов деген мұғалім жаңа оқушының білімін тексермек ойы болар, оны тақтаға шығарып, радикал сөзінің математикада не ұғым беретінін сұрайды. Бұрын– соңды оның мағынасы түгіл мұндай сөзді естіп көрмеген ол сілейіп тұрып қалады. Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім оны директорға алып барып, математикадан дым хабары жоқ екенін айтады. «Ауыл баласы ғой, ештеме етпес, басқа жақсы оқитын оқушыларымен қарым-қатынас орнатып, үйреніп кетер», – деп мұғалімге басу айтады директор. Осыдан кейін Зейнолла Олжабайұлы оқуын одан әрі жалғастырады. Бірақ сегізінші кластың оқуын меңгеру оңай емес. Тамағы тоқ, киім береді. Жасы басқалардан ересек болғандықтан, ол балалар арасында беделге ие бола бастайды. Тіпті класында староста болып сайланады. Ол кезде интернат қаланың ортасында, Сталин (қазіргі Интернационал) көшесінде болды. Сабақтан бос кездерінде оқушылар көшеге шықса, не дүкенге барса қаланың балалары оларды ұрып кете бергендіктен Зейнолла Олжабайұлы бас болып, оқушылар қалаға топтасып шығатын болған. Бірде қала балалары мен интернат оқушылары арасында үлкен төбелес болады. Осы қақтығыс барысында денесі қолтоқпақтай ғана болса да, Зейнолла Олжабайұлы ерекше көзге түссе керек, мектептің жаңа директоры Мәжкен Ғаббасов оны интернаттан шығару жөнінде бұйрық шығарады. Енді ол төсек орынын тапсырып, үйіне кетуі керек? Осылай кете баруға бола ма? Ойланып – толғанып, ол төбелеске қатысқан бірнеше баланы жинап алып:

– Ал, достар, мені төбелеске қатысқаным үшін мектептен шығарып жатыр. Сонда мен кім үшін төбелестім. Мына сендер үшін төбелескен жоқпын ба? Егер мен болмасам олар сендерді ұрып-соғып, жарақаттап кетер еді ғой. Ендеше мектептен бәріміз де кетуге тиіспіз, – дейді. Сол әңгімеден кейін бес-алты бала төсек-орындарын жинастырып интернаттың шаруашылық жөніндегі меңгерушісі Сәдуақас деген адамға тапсыруға әкеледі. Оған таң қалған меңгеруші директорға хабар береді.

Бір кезде мектеп интернаттың директоры Мәжкен Ғаббасов келіп, мән-жағдайды білгеннен кейін балаларға төсек-орындарын қайта орындарына апаруға, өздеріне сабаққа баруға бұйырады. Сөйтіп, Зейнолла Олжабайұлы бұл жолы да қайласын асырып кетеді. Тек мектеп интернатқа жаңа ғимараттар ол кезде қала аумағынан алысырақ, Мещан орманы маңына салынып, пайдалануға берілгеннен кейін ғана төбелес тоқталды. Қайтсем де, қандай қиындық кездеспесе де орта білім аламын деген мақсаты орындалғаннан кейін Зейнолла Олжабаев енді жоғарғы оқу орнына түсіп, бір мамандық иесі болуды ойлайды. Сол кезде Алматыда оқып жатқан, артынан ҚазТАГ-тың фототілшісі болып істеген Оразай Жолаушинге, қарапайым агрономнан Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметіне дейін көтерілген, Жақсылық Ысқақова және басқа да жігіттер мен қыздарға хат жазады. Олар оны қайткен күнде де оқуға кел, ешкім аштан өліп жатқан жоқ, бірдеме қылып күн көреміз, білім аламыз, – деп шақырады. Бірақ онда күн көру түгілі, Алматыға жететін ақша жоқ. Тағы бір тығырыққа тіреледі Зейнолла Олжабайұлы. « Күш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» дегендей талпыныс бар, жағдай жоқ. Көктемгі егіс кезінде себуден артылып қалған бір қап бидайды үш жігіт бөліп алса керек. Соның бірі әкесі – Олжабай. Олар сегіз жылға сотталып түрмеде отыр. Шешесі – Зейнеп Қайсейінқызы бірде төркініне барғанда оған нағашылары бұзау атағанын айтады. Осыны естіген жиен нағашыларын іздеп Омбы облысының Называев ауданындағы Күреңайғыр ауылына барады. Нағашысы Қайыржан Жүнісовты саудагер, Свердловқа апарып ет сатады деп те естиді. Бірақ олардың да шаруасы ортаңғол болып шығады. Жиендерінің қысылғаннан келіп тұрғанын біліп, баяғыда атаған бұзаудың орнына 90 сом ақша береді.

Нағашысы берген ақшаға билет алып поезбен Алматыға жетеді. «Жолы болғыш жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дегендей онда келсе, Мәскеудің Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясына қабылдау емтиханы басталғалы жатыр екен. «Жығылсаң – нардан жығыл» дегендей, нар тәуекелге басып, құжаттарын осында тапсырады. Үш пәнді өте жақсы , ал химияны төртке тапсырады. Талапкер көп. Бір балы жетпей, бұл академияға оқуға өтпей қалады. Тағы салы суға кетеді. Сөйтіп, дал болып жүргенде Мәскеудің малдәрігерлік академиясына да қабылдау жүріп жатқаны жөніндегі жарнамаға тап болады. Дереу қабылдау комиссиясына барса, оның балдары жететін болып шығады. Сол жылы Қазақстаннан үш жүз қыз бен жігіт Ресейдің жоғарғы оқу орындарына оқитын болған көрінеді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов Иосиф Сталинмен осылай келіссе керек. Олардың бәрін Мәскеуге жеткізу үшін алты вагон бөлінген. Билет алу керек. Ол кездегі тәртіп бойынша интернатта оқығандарға 753 сомнан көтерме ақша берілуге тиіс болады. Бірақ үш-төрт бала ол тізімге енбей қалады. Содан кейін олар Орталық комитетке барады. Күзетші жігіттердің неге мұнда келгенін сұрайды. Олар Шаяхметовке бір шаруаларымен келгенін айтады. Сөйтсе, сатымен жоғарыдан бірнеше кісі түсіп келеді екен. Солардың бірі Шаяхметов болып шығады, ол жігіттерге бұрылып, келген бұйымтайларын сұрайды. Бұлар жағдайды түсіндіргеннен кейін көмекшісіне «мыналарды тізімге қос» деп нұсқау береді де, ертең Жоғары және орта арнаулы білім министрі Әди Шәріповке барып ақшаларыңды алыңдар дейді. Айтқанындай келесі күні барып ақшаларын алады. Сөйте тұра Қазақстаннан жастарды Мәскеуге бастап баратын Хохловқа Зейнолла Олжабаев «Менің билет алатын ақшам жоқ» деп салады. Ол қиналады. Өйткені бірде-бір студентті қалдырып кетуге болмайды. «Ебін тауып билетсіз мін!» деп кеңес берді ол. Ақыры солай істейді Зекең. Вагондарға билетпен ғана кіргізіп жатады. Тексеру күшті. Соған қарамастан ол ретін тауып бір вагонға кіріп кетеді де, басшыларын тауып алады. Осы вагонда жоғары жақта бір бос орын бар екен, соған жайғасады. Бір мезгілде билет тексеріс басталады. Бақылаушылар ұстап алып

поездан түсіріп кетуі мүмкін. Зейнолла Олжабайұлы орнынан секіріп түсіп, жүгіре жөнеледі. Тексерушілер оны ұстап алады. Оны Хохлов та растайды. Осылайша, тағы бір пәледен құтылып кетеді ол. -Бірнеше күн жүріп Мәскеуге де жеттік, – деп еске алады Зейнолла Олжабаев, – Алматыдан келген болашақ студенттерді Қазақстанның елшілігіне апарады. Сосын мереке сайын келіп тұр, көмек беріп отырамыз деді. Солай істедім. Оқуымды бітіргенше қиындық көрген жоқпын дейді. Сөйтіп колхозда сауыншы болып істеп, өз күнін өзі көріп жатқан анама ауыртпалық түсірмедім. Осы әрекеттердің бәрі артымда сенерім болмағандықтан деп ойлаймын. Кеңес Одағы кезінде жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітіріп, мамандық алғандарды жолдамамен жаңжаққа жіберді. Зоотехник мамандығын алып шыққан Зейнолла Олжабаевқа жолдама Абаканға беріледі. Ал онда барғанша екі ай дем алуға болады. Осы мүмкіндікті пайдаланған ол, Сталин қайтқасын түрмеден босап келген әкесі мен шешесі тұрып жатқан, Аралағашқа келеді. Сонау, жердің түбіне барғысы келмейді. Сөйтіп, Булаев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының басшылығына жолығады. Олар оны «Возвышен» совхозына зоотехник етіп жібереді. -Жүрген жерімнің бәрінде алдымнан кедергі шыға келетін адаммын ғой, енді тағы бір пәлеге ұшырадым, – деп күле еске алады Зекең, – Бір айдан кейін мені аудандық прокуратураға шақырды. Жағдайымды айттым. Ол кезде ауданның басшысы Социалистік Еңбек Ері Василий Курлов еді. Соның арқасында мені жердің сонау алыс аймағына бар деп ешкім қыстай алмады.

1958 жылы елімізде халық шаруашылығын басқарудың жаңа жүйесі енгізілді. Соған байланысты Конюхов ауданында аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясы құрылып, Зейнолла Олжабаев оған бас зоотехник болып тағайындалды. Сол кезден бастап Зекең алдымен Қарақоға совхозында бас зоотехник, артынан, зейнет демалысына шыққанға дейін аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарады. Оның осы жылдарда қандай шаруа атқарғанына тоқталмай-ақ қояйын. Бүгіндері омырауында тағылған Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендері мен бірнеше медалінен ақ Зейнолла Олжабайұлының қаншалықты жемісті қызмет еткенін байқауға болады. Зейнолла Олжабайұлы кезінде, ән айтып, көзге түсіп жүрген Қоскөлдік құдашасы Марғима Сатыбалдықызына үйленеді. Сөйтіп, өнер қуған қыз Алматыдан оқуын тастап келіп ауылда тігінші болып істейді. Ал жолдасы аудан орталығына қызметке ауысқанда ол қонақүйге меңгеруші болып орналасады. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, анасынан тәрбие алған ол ата – енесін күтумен бірге төрт ұл, төрт қызды дүниеге әкеліп тәрбиелеген. Зейнолла ақсақалдың айтуына қарағанда, қазір немерелері мен жиендері қырықтан асатын сияқты. Бес уақыт намаздарын қаза қылмаған ерлі-зайыптылар Меккеге қажылыққа да барып келген. Өкініштісі, Марғима Сатыбалдықызы осыдан бес жыл бұрын дүние салыпты.

Еліміз егемендік алып, дінімізге рұқсат берілген шақта Зейнолла Олжабаев облыста алғашқылардың бірі болып Булаевта мешіт ашуды қолға алады. Ол үшін теміржол бойыдағы қойманың ескі ғимаратын босаттырды. Әрине, оны мешітке лайық етіп құру қажет. Оған құрылыс материалдарын қайдан алуға болады. Сол кездегі аудан әкімі Иван Кендюхке айтып, совхоздардың директорларын шақыртады. Зейнолла ақсақал оларға жағдайды түсіндіргеннен кейін басшылар ұлттарына, діни ұстанымдарына қарамастан бұл игі іске ат салысатындарын білдіреді. Булаевтің жастары олардан алынған құрылыс материалдарын пайдалана отырып, ғимаратты жөндеп шығады. Ол кезде облыстық радиода қызмет істеп жүрген мен осы мешіттің салтанаттты ашылуына қатысып, репортаж берген едім. Зекең, Қызылжарға көшіп келген 1998 жылдан бері «Қызылжар» орталық мешітінің алқа мүшесі ретінде өңірімізде ислам дінін дамытуға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге белсенді араласып келеді.

Ақиық ақынымыз Мағжан Жұмабаев ақталғаннан кейін, ол жырлап өткен Батыр Баянның ел қорғаудағы ерлік істерін болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында ауқымды іс шаралар жүзеге асырылуда. Солардың ішінде Павлодарда оған ескерткіштің ашылуы, Қарағанды облысындағы Шет ауданына қарасты Қарабалық ауылының маңындағы батыр жерленген зиратқа құлыптас орнатылуы, ол туралы кітаптың жарық көруі және басқа да игі істер бар. Міне, осы шаруалардың бәрінің басы – қасында Зейнолла ақсақал жүр.

– Енді Астана – Қарағанды тас жолының бойында ақын жерленген жерінің тұсында Батыр Баянға зәулім ескерткіш орнату ойымызда бар, – дейді Зейнолла ақсақал. Бұл күндері тоқсанның бесеуін алқымдап қалған Зейнолла ақсақалдың жүрісі ширақ, ойы ұшқыр, оқығаны да, тоқығаны да мол. Қаладағы пәтерінің өзіне тиесілі бөлмесіндегі азында өзінің сонау қилы заманнан бергі шытырманды да бақытты өмірінен сыр шертетін құжаттар, кітаптар, фотоальбомдар көп-ақ. Қария анда-санда соларды ақтарып, өткен – кеткенді еске түсіретін көрінеді. Ата-бабаларымыздың армандары орындалып, егеменді ел болғанымызға, қазіргі тұрмысымызға шүкіршілік етеді. Әр оқыған аятында Жаратушыдан алтыншы атасы батыр Баян сияқты қасық қандары қалғанша ел қорғап, бізге аманат етіп қалдырған жерінде әрқашан ынтымақ, бақыт орнасын деп тілеп отырады. Ақсақалдың батасы қабыл болғай!

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі

АТАҒЫ ЖЕР ЖАРҒАН – ЖАНБАЕВ

Биыл жазда Қостанайға жолым түсті. Жалпы ол өңірге жиі барамын. Өйткені менің кіндік қаным тамған қазіргі Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылы 1963 жылға дейін сол облысқа қараған. Сондықтан біздің және сол төңіректегі қазақ ауылдарының біраз азаматтары Қостанай облысының қалалары мен елді мекендеріне қоныс аударған. Туған інім де, үлкен ағамның балалары да Қостанай мен Рудный қалаларында тұрады.

Осы жолы сапар барысында бір қонақта отырғанда белгілі партия және мемлекет қайраткері Сағалбай Жанбаев туралы сөз қозғалды, ол туралы анекдотқа белгісіз әңгімелер айтылды. Сонда бір қария маған: – Сағалбай Жанбаев сізге жерлес қой, – деп қалды. Мен таңғалдым. Өйткені осы күнге дейін жалғыз мен ғана емес, ол туралы жұрттың бәрі аты аңызға айналған Сағалбай Жанбайұлын Қостанай облысының тумасы деп жүретінбіз. – Ол қалай? Сонда Сағалбай Жанбаев Солтүстік Қазақстан облысының төңірегінде туған ба? – деймін. – Дәл солай менің естуімше,ол Ақмола облысының Петропавл уезіне қарасты Қаратал ауылында дүниеге келген. Одан әрі өрбіген әңгімені айтпай-ақ қояйын. Сол отырыс маған біраз ой салды. Кеңес одағы тұсында Солтүстік Қазақстан облысы, "Кадрлар ұстаханасы" деп айтылатын. Өйткені біздің облыста қызмет істеп, тәжірибе жинақтаған Ілияс Омаров, Социалистік Еңбек Ерлері Еркін Әуелбеков пен Қасым Төлебеков, сондай-ақ Тауфих Мұхамед-Рахимов, Мақтай Сағдиев, Балташ Тұрсынбаев, Константин Лосев, Василий Демиденко және басқалары Қазақстанның бірнеше облыстарын басқарып қана қоймай, республика көлемінде әртүрлі лауазымды қызметтер атқарды. Ал енді, міне, солардың қатарына Сағалбай Жанбаев та қосылғалы отыр. Жалпы мен Сағалбай Жанбаевты өмірімде бірақ рет көрдім. Оны кейінірек айтамын. Ал ол туралы естігенім өте көп, әңгімемді содан бастайын. Бұл өткен ғасырдың елуінші жылдарының басы болатын. Менің жасым шамамен бес-алтыда ғана болар. Әкем Мырзахмет Жантеміруұлы колхозда трактор-егіс бригадасының бригадирі. Оны анда-санда ғана көреміз, көбіне дала қосында қонады. Ол кезде автокөлік жоқ, талдан тоқыған қорапты арбаға жегілген атпен кейде күндіз келіп ас-су алып кетеді. Көктемгі егіс кезі болатын. Бір күні ауыл адамдары: – Ойбай, Жанбаев келе жатыр дейді, – деп шу ете қалды. Ауыл іші тым-тырыс, үлкендердің өздері қорқып, тығылғанда, бізге не зорық. Үйден шығуға қорықтық. Күн батып қараңғы түсе "ух-ах" деп әкем үйге еніп келді де, аяғындағы керзі етігін шешіп жатып: – Ой, Аллай, әлгі айдаһар кетті ме, кетпеді ме? – деп күрсінді. – Не болып қалды? – деп анам Көкеш Шаймерденқызы елең ете қалды. – Бір жағынан күлкілі, бір жағынан – бізді жерге қаратып кетті, әлгі Жанбаевың. – Иә, сонда? – Аудан басшыларынан алдында егістік алқабын ұлғайтыңдар деген нұсқау келген. Ал кеше "сендердің колхоздарыңа Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сағалбай Жанбаев барады, техникаларың тоқтаусыз жұмыс істеп тұрсын", – деген қосымша хабар жетті. Сол жақта

егін сеуіп жүрген агрегаттардан алыс емес жерге соқа жіберіп, жырттырып жатыр едік, оның бір жағы сортаң екен. Соны көріп қалып ол колхоз басқармасын шақырып алды да, басындағы қалпағын шешіп "мына менің басыма енді шаш шыға ма?", – деуі бар емес пе. Басы жып жылтыр екен. Сәбиттің Зәйткені мелшиіп тұрды да қалды. "Ендеше, мына жерге де егін шықпайды, оны несіне жыртқызып жатырсың?" деп ұрыспасы бар ма. Бәрімізде зәре қалған жоқ, әйтеуір аман қалдық-ау! – деп тағы күрсінді әкем. Осы әңгіме көпке тарап кетіпті. Ал, шын мәнінде, ол – біздің "Қарақамыс" колхозында болған оқиға. Сағалбай Жанбаев туралы бұдан басқа да әңгімелер көп-ақ. Өз құлағыммен естігендерімнің кейбіреуін кейінірек айтармын. Әлқиса, қостанайлық қарияның әңгімесінен кейін аты аңызға айналған адамның өмір жолы, атқарған қызметтері туралы мағлұматтар іздей бастадым. Ең алдымен, оның туған жерін анықтауым керек болды. Қария айтқандай, біздің Қызылжар өңірінде, менің білуімше, бірнеше Қаратал ауылы бар. Егер Сағалбай Жанбаев солардың бірінде өмірге келсе, онда ағайындары болуы мүмкін ғой. Олай болса, олардың кейбірі осы күнге дейін "біздің Сәкең" деп шықпас па еді, деп ойлаймын. Сөйтсем, ол 1904 жылы Ақмола облысының Омбы уезіне қарасты Алабота болысының Қаратал ауылында туған екен. Алабота қазір біздің облысымыздың Уәлиханов ауданымен шекаралас Омбы облысының Русско-Полянская ауданына жатады. Ол кезде осы болысқа қарайтын Токинская, Покровская Қызылғақ, Алабота, Николаевская деп аталатын болыстарда қазақтар көп шоғырланған тәрізді. Осыған қарағанда Сағалбай Жанбаев қазіргі Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Омбы облыстары шекараларының түйіскен жерінде, қазақ ауылында, қара шаруаның отбасында дүниеге келіпті. Әкесі Жанбай Аяғанов қара шаруа, шешесі ерте қайтыс болып, Сағалбай өгей шешесінің қолында өскен. Бала жасынан үй шаруасымен айналысқан. Ол ер жете сол төңіректегі орман-тоғайдың маңайында қоныстаған шағын-шағын ауылдардың малын бағуға кіріседі. Сөйте жүріп, яғни он жасында қысқамерзімді курсқа барып, хат таниды. Сөйтіп, Сағалбай Жанбаевтың кіндік қаны тамған жердің ол кезде Ақмола облысына қарағанын ескерсек, онда біздің жерлесіміз деп айтуға толық құқығымыз бар сияқты. Оның үстіне Сағалбай Жанбаевтың Петропавл педагогика техникумында оқығанын, еңбек жолын осы облыста бастағанын айтсақ, онда тіпті жерлес болып шыға келмейміз бе? Оның өмірбаяны туралы деректерде осы оқу орнын 1928 жылы бітіріп шықты делінген. Ал қостанайлық ғалым, Солтүстік Қазақстан университетіне есімі берілген академик Манаш Қозыбаевтың баласы, тарих ғылымдарының докторы, академик Ілияс Қозыбаевтың 2021 жылы жарық көрген "Тот самый Жанбаев" деп аталатын тарихи-өмірбаяндық еңбегінде техникумға қалай түскені, қалай оқығаны, оны аяқтамай неге кетіп қалғаны туралы егжей-тегжейлі баяндалыпты. Енді соған тоқталайық. Автордың пайымынша Сағалбай Жанбаев сауаты нашар болса да, техникумға қабылданады. Өйткені біріншіден – талапкерлердің басым бөлігі шала сауатты, тіпті арасында сауатсыздар да болады. Екіншіден – оқушы саны аз болса, бюджеттен қаржы бөлінеді. Ал қаржы аз болса, оқытушыларға еңбек ақы төлеу де қиынға соқпақ. Үшіншіден – ол орысша ауызекі тілдесе алатын болып шығады. Қазақ техникумы алғашында екі қабатты ағаш үйде орналасса, 1924 жылы В. И. Ленин атындағы №1 Кеңестер үйіне көшіріледі. Осында орыс педагогика техникумы да көшіріледі. Ол – қазіргі Қызылжардағы Театр көшесіндегі Романовтар үйі. Онда осы күндері Петропавл гуманитарлық-техникалық колледжі орналасқан. Ал бұрынғы қазақ педагогика техникумы қазір Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық-педагогикалық жоғары колледжі деп аталады. Ол Абай көшесінде осы оқу орнына арнайы салынған ғимаратта орналасқан. Техникум негізінен губернияның елді мекендеріндегі ашылып жатқан қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлауға бейімделсе де, көпшілік пәндер ауыл шаруашылығына бейімделген болып шығады. Сондықтан оқушылар техникум қамқорлығына алған ауылдарға жиі барып, шаруаларға көмек береді. Сағалбай Жанбаев отбасы жағдайына қарай губерниялық шәкіртақы алып отырса да, үнемі ашқұрсақ жүреді. Оқу ғимаратының екінші қабаты қыста суық әрі

дымқыл болуына байланысты Сағалбай Жанбаевтың денсаулығы сыр бере бастайды. Сондықтан 1924 жылдың қарашасында академиялық демалыс алады. Томск қаласына барып тексерілгенде туберкулезге шалдыққан болып шығады. Дәрігерлердің көмегінің арқасында бір жылдай емделіп, жазылып шығады, Петропавлға қайта оралады. Техникумда Сағалбай Жанбаев оқуға шешіне кірісуімен бірге қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Өкінішке қарай, бұл жылдары дербес қазақ мемлекетін құру жолында күрес бастаған алашордашыларды қолдаушыларға қарсы ымырасыз күрес басталады. Сол себепті техникум директоры Жұмағали Тілеулин мен орыс әдебиеті пәнінің оқытушысы Мағжан Жұмабаев қара тізімге ілігеді. Тіпті Мағжан Жұмабаевтың жарық көрген өлеңдер жинағы айналымнан алынып тасталады. Олардың одан кейінгі тағдырлары оқырманға белгілі ғой...Сағалбай Жанбаевпен бірге оқыған белгілі драматург-жазушы Шаяхмет Құсайынов және басқалары қуғынға ұшырайды. Ондай жағдайды көріп әрі азын-аулақ шәкіртақыға ашқұрсақ жүріп тағы екі жыл оқып, бейнет көргенше оқуды доғарайын деп шешеді ол. Сөйтіп, Сағалбай Жанбаев техникумнан біржола шығып, сол кезде Петропавлда ашылған ВЛКСМ (бүкілодақтық лениншіл коммунистік жастар одағы) аудандық комитеттеріне хатшылар даярлайтын бір айлық курсқа жазылады да, оны аяқтағасын Төңкеріс аудандық комсомол комитетіне хатшы болып тағайындалады. 1928 жылы құрылған бұл ауданның орталығы Майбалық ауылына (қазір Жамбыл ауданына қарайды) орналасқан болатын. Бірақ онда ол бір жылдай ғана қызмет етеді. Ол басқа жаққа қызметке ауыстырылады. Ол жөнінде Сәкең өзінің "Өмір өрнектері" деп аталатын естелік кітабында былай баяндайды: "1929 жыл. Қоңыр күз. Аудан орталығы Майбалық көлі жағасында...Адамның алаулап тұрған жас кезінде білім мен өнерге бастау, жаңа дәуір бағытына бейімдеу комсомол ұйымының ең басты міндеті еді. Осынау қарбалас жұмыс толқынында жүргенде, басшы орындардан телеграмма алдым..." Майбалык. Райкому партии и райкому комсомола. Тов. Жанбаев Сағалбай решением обкома комсомола утвержден на руководящие работы. Сообщите день выезда. Секретарь губком партии Геренбулот. Секретарь губкома комсомола Булонин". Мен ол кезде аудандық жастар комитетінің хатшысы едім. Үйреніскен мекен, қимас достармен әрең қоштастым". Бұл Сағалбай Жанбаевтың өміріндегі алғашқы қызметі жоғарылаған сапары болатын. Өйткені ол аудандық комсомол комитеті хатшылығынан тұтас бір автономиялық облыстың жастар ұйымын басқаруға аттанған еді. Өзінің естелігінде осы сапарды былай баяндайды: "Қарақалпақ аста анасы – Төрткөлге түсте жеттім. Бұл – Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Халқы қарақалпақ, өзбек, түркімен және аздаған орыстар мен қазақтар бар...". Осы жерде айта кетейін, Қырғыз (қазақ) республикасы құрамында Қарақалпақ автономиялық облысы 1925 жылдың 16 ақпанында құрылып, 1930 жылы 20 шілдеде РСФСР, ал 1936 жылдың 20 наурызында Өзбек ССР-ның құрамына беріліп, орталығы Нүкіс қаласына аударылыпты. Сағалбай Жанбаевтың қызмет дәрежесінің осылайша күрт өсуіне Қазақ өлкелік комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Мәкей Жүнісовтің ықпалы тигенге ұқсайды. Өйткені ол Петропавлда губерниялық комсомол комитетінде қызмет етіп жүрген кезінде техникум оқушысы Сағалбай Жанбаевтың қоғамдық жұмыстарға белсене араласқанын жақсы білетін. Ол жаңа қызметке де білек сыбана кірісіп, комсомол ұйымдарының жұмысын жандандыруға, жастарды халық шаруашылығын өркендетуге, жұмылдыруға, әсіресе әйелдер арасында сауатсыздықты жоюға және жергілікті жердің проблемаларын шешуге күш салады. Егер 1930 жылдың жазында Қарақалпақ автономиялық облысын Ресей Федерациясының құрамына ауыстармаса, Сағалбай Жанбаев қызметін осылай жалғастыра берерме еді, қайтер еді. Оған қоса оның жасы да біразға келіп қалған болатын. Осы қызметте жүріп партия қатарына өткен оны Алматы маңындағы Еңбекшіқазақ аудандық партия комитетіне ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындайды. Бірақ осында үш айдан сәл астам уақыт болған оны аудандық партия комитеттері хатшыларына резервтер даярлайтын курсқа оқуға жібереді. Оны аяқтағаннан кейін Павлодарға қызметке ауыстырылады. Бұл 1932 жыл

болатын. Ал Павлодар 1930 жылдың 17 желтоқсанынан уезд орталығы емес, қатардағы қала деңгейіне көшірілгенді. Сағалбай Жанбаев мұнда да бір жылдай қызмет еткесін басқа жұмысқа жіберіледі. Оны ол былай баяндайды: "1933 жыл. Қыс. Сақылдаған сары аяз. Қасымда балам мен әйелім бар. Орталық партия комитетінің нұсқауы бойынша қызыл профессураны бітірген коммунистерді де шаруашылықтарға партия қызметіне жіберетін. Соның бірі болып мен де Солтүстік Қазақстан облысындағы Михайлов МТС-на келе жаттым...1933 жылы астық шықпаған, колхоздағылардың әл-ауқаты айта қаларлықтай мәз емес екен. 1934 жылы егін бітік шықты. Дер кезінде жинап алуға жұртшылықты жаппай жұмылдырдық. Вишневка, Қойкелді, Танакөл, Береке, Сарыоба, Жақыпкөл, Богдановка, Харьковка селолары мен ауылдарының да егін орағы қызу жүріп жатты...". Автор естелігінде бұл МТС-тың қай ауданға жататыны айтылмапты. Ондағы аты аталған елді мекендердің біразы осы күнге дейін сақталған екен. Олар қазір Ақмола облысының Аршалы ауданына қарайды. Ал Сағалбай Жанбаев онда қызмет еткен жылдары бұл ара Солтүстік Қазақстан облысының құрамында болған. Әрине, бұл жерде де оны және отбасы мүшелерін майлы шелпек күтіп тұрған жоқ еді. Әйелі Күлпан мен баласын жолда ұрылар тонап кеткен. Ал мұнда келгенде жеке баспана бұйырмай, Белова деген жесір әйелдің сабан кірпіштен салынған аядай үйіне орналасуға тура келеді. Бірақ жерлесіміз, академик-жазушы Сәбит Мұқанов "большевиктер мойымайды", – деп айтқандай, Сағалбай Жанбаев та, отбасы мүшелері де, қиындыққа шыдап баққан. Оның үстіне осы жылдары тұтастай елімізді жайлаған аштық зардабын тартқан халықтың әл-ауқатын қайткен күнде де жақсартпақ түгіл, қалыпты жағдайға келтіру міндеті тұр еді бұл кезде басшылардың алдында. Сөйтіп, Сағалбай Жанбаев Ақмола облысының (орталығы Петропавл қаласы) бірнеше өңірінде партия органдарында қызмет еткен, 1935 жылдың тамызында өзі еңбек жолын бастаған Төңкеріс ауданына қайтып оралады. Бірақ бұл жолы Майбалыққа емес, Марьевкаға келеді. Оның мәнісі былай: Кеңес одағы бүкілодақтық орталық атқару комитеті төралқасының қаулысымен 1928 жылдың 3 қыркүйегінде Ақмола облысында Қазақ болысының №1-4, 4-10 және Пресногорьков болысының үш ауылдық кеңесінің негізінде Төңкеріс ауданы құрылады. Аудан орталығы Майбалық көлінің маңы болып бекітіледі. 1930 жылдың 17 желтоқсанында Төңкеріс ауданына Рыков ауданы қосылып, орталығы Марьевка ауылына ауыстырылады. 1932 жылдың 1 сәуірінде аудан орталығы қайта Майбалыққа, ал 1935 жылдың 10 ақпанында Марьевкаға көшіріледі. Төңкеріс ауданы, 1928-30 жылдары Қазақ КССР-ының Қызылжар (Петропавл) округіне, 1930-32 жылдары Республика қарамағына тікелей бірігіп, ал 1932 жылдан Қарағанды (орталығы Петропавл) облысына қарайды. Ауданның аты 1940 жылдың 21 мамырында Октябрь ауданы деп өзгертіледі. Ауданның соңғы орталығы – Марьевка қазір жоқ, ол халық " Тың теңізі" деп атап кеткен Сергеев су қоймасының астында қалды.

Қазақтың нағыз бетке ұстар, зиялы қауымы азаматтарын, "халық жауы" деп бекерден-бекер қаралап, қуғындап, түрмеге жауып, атып-шауып жатқан 1937-38 жылдары Сағалбай Жанбаев біздің облыстың Айыртау аудандық партия комитетінде басшы қызметтер атқарады. Сонда бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметінен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымына дейін көтеріледі. 1938 жылы осындағы Володаров сайлау округі бойынша бірінші сайланған Қазақ ССР жоғары кеңесіне депутат болып сайланады. Бір айта кетерлігі, депутатқа кандидат ұсыну жөніндегі жиналыста Кеңес одағы кезінде біздің облыста еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің төрағасы, одан кейін бірнеше облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Социалистік Еңбек Ері Еркін Әуелбековтің әкесі, мектеп директоры Нұржан Әуелбеков алғашқы болып депутатқа лайықты деп Сағалбай Жанбаевты атайды. 1936 жылы Ақмола облысы (орталығы Петропавл) Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары болып екіге бөлінеді. Ал 1939 жылы екі облыстың бірнеше аудандарынан Ақмола (орталығы Ақмола қаласы) облысы құрылады. Осы облыстық партия комитетіне Сағалбай Жанбаев алғашында кадр мәселесі бойынша хатшы, одан

кейін екінші хатшы, ал 1944 жылы бірінші хатшы болып сайланады. Жаңа құрылған облыста алты жылдай қызмет істеп, талай қиындықтарды басынан өткерген Сәкең енді білімін жетілдіруді ойлайды. Сөйтіп, Мәскеуге барып КПСС орталық комитетінің жанындағы жоғары партия мектебіне құжаттарын тапсырады. Бірақ емтиханнан өте алмайды. Енді не істеу керек? Оның оқуға түсуі туралы қызық әңгіме қазақ жеріне анекдот болып таралып кеткені соншама, тіпті қазір де кейбір жерде айтылып қалады. Оның мәнісі былай: Жанбаев оқуға түсе алмаған соң бір амалын ойлайды. Ол туралы екі түрлі әңгіме бар, біріншісі – партия мектебінің қабылдау бөлімінің телефонымен сол кездегі КПСС орталық комитетінің кадр жөніндегі хатшысы Георгий Маленковке хабарласып, мән-жайды түсіндіреді. Бұл, әрине, шындыққа жанаспайды. Ал екінші нұсқасы Орталық комитетке барып, екі күндей Маленковтің бөлмесіне ене алмай: "Мен Георгий Максимеляновичке жолықпай осы жерден кетпеймін", – деп отырып алады. Сөйтіп, үшінші күні ғана Маленковпен жолығуға мүмкіндік туады. Амандық-саулықтан кейін: – Мясо надо, Жанбаев надо, молоко надо – Жанбаев надо, хлеб надо, Жанбаев надо, учиться, что Жанбаев не надо? – дейді. Бұл сөзге түсінбеген Георгий Маленков мән-жайды байыппен түсіндіруді сұрайды. Содан кейін партия мектебінің директорына телефон соғып, Жанбаевты көп жылғы қызметін ескеріп, оқуға емтихансыз қабылдауға нұсқау береді. Оның партия мектебін аяқтағаннан кейін, қызметке орналасуы да қызық. Жоғары партия мектебін аяқтаған тыңдаушыларға қандай қызметке жолдама берілетінін хабарлауға келген орталық комитеттің өкілі Жанбаевтың кезегі келгенде оның Кентау қалалық партия комитетінің екінші хатшылығына ұсынылатынын айтады. Тізім түгел оқылып болғаннан кейін Сағалбай Жанбаев орнынан тұрып: "Сіз, құрметті Орталық комитет өкілі жаңа қай Жанбаев туралы айттыңыз? Бұған дейін Ақмола облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істеген, Жоғары партия мектебіне Георгий Маленковтің өзі оқуға жіберген Жанбаев туралы айтып тұрсыз ба? – деп сұрақ қояды. Орталық комитеттегілердің бұл шешімінің дұрыс еместігін түсінген өкіл, осы мәселені анықтау керектігін айтып құтылады. Содан кейін Сағалбай Жанбаевтың және Қазақстаннан оқыған барлық тыңдаушылардың құжаты Алматыға жіберіледі. Дәл осы тұста аз ғана уақыт Қостанай облыстық партия комитетінде бірінші хатшы болып істеген Виктор Козлов Кисловодскіде курортта емделіп жүріп, қайтыс болады. Босаған орынға Сағалбай Жанбаевты ұсынғанда облыс коммунистері бірауыздан қолдап, дауыс береді. Бұл жөнінде 1946-54 жылдары Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған тағы бір жерлесіміз, Ақмола обысының Омбы уезіне қарасты Шарбақты ауылының тумасы Жұмабай Шаяхметов өзінің естелігінде былай деп жазады: "Жұмабек Тәшенев пен Сағалбай Жанбаев екеуі ел мүддесі үшін уақытпен санаспай, жан аямастан еңбек ететін, Сағалбай әрбір сөзді тауып сөйлейтін, тілі орамды, айтқан "қалжыңы көңілге қонымды және өзіне де жарасымды адам еді...". Бұл бір қиын кезең болатын. Ұлы Отан соғысының зардабын шекпеген отбасы жоқ шығар. Қалалар мен елді мекендерде жұмыс күші жетпейді, соғыстан мүгедек болып оралғандар мен жесір әйелдер, жетім балалар, орталықтан соғыс жылдарында көшірілген зауыттар, кадрлар жетіспейді, жол жаман, ауыл шаруашылығы техникасы тапшы, ал майданға астық, ет, сүт, басқа да өнімдер жіберу қажет. Айта берсек, проблемалар шаш – етектен. Соған қарамастан Сағалбай Жанбаев барлық күш-жігерін, тәжірибесін барынша пайдаланып жұмыс істейді. Облысты аралай жүріп, кездескен кемшіліктерді түзеуге тырысады. Оған бір ғана мысал келтірейін, мен бала кезімде Жанбаевтың біздің колхозға келгенін айтқанмын. Естуімше, содан кейін көршілес "Жаңажол" колхозына ескертусіз барса керек. Күн кешкірген. Тұқым сеуіп жүрген механизаторлар кешкі тамақ ішуге жиналған. Тамақ онша емес, диқаншылардың бірінің "Жанбаевты бізбен бірге тамақ ішуге шақырсақ қайтеді, не жеп отырғанымызды көрсін", – деп сыбырласқан сөзін естіп қалса керек. «Сендер үйлеріңе жүре беріңдер, мен жүргізушімен осы қоста қонамын», – дейді Сағалбай Жанбаев колхоз басқармасы мен селолық кеңес төрағасына. Олар қайдан

үйлеріне кетсін, тез арада мал сойғызып, ет асқызып, қонақтармен бірге механизаторларды да тамақтандырады. Содан кейін олар дала қосының асханасына үнемі ет жеткізіп тұратын болыпты. Егін орғанның қызған шағы болса керек. Облысқа астық тасуға әскери жүк автокөліктері жіберіледі. Жауынгерлерді басқарып келген гарнизон генералы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысына бағынғысы келмейді. Содан кейін Сағалбай Жанбаев қайлаға түседі. Бір адамға ол лездеме өткізіп жатқанда, телефон соқ деп келіседі. Айтқанындай, әңгіме қыза бергенде телефон шылдыр ете түседі. "Алло! Тыңдап тұрмын жолдас Сталин! Иә, иә, биыл егін бітік шықты ...иә, иә, проблема жоқ, астық тасуда кедергі жоқ, гарнизон командірі осында отыр..." – деп бәйек болады бірінші хатшы. Телефон соғып тұрған шын Сталин екен деп ойлаған генерал, "Сағалбай Жанбайұлы, қайда қанша көлік керек, айтыңыз, бәрін орындаймыз", – дей берсе керек. Тағы бір жағдай. Соғыс жылдарында Ресейдің бірнеше қаласынан Қазақстанның солтүстік аймағына әлденеше заводтың көшірілгені бәрімізге мәлім. Сәкең ондай заводтардың бірінің директоры, әскери инженер, бірнеше ордендермен және медальдармен марапатталған беделді басшының моншаға жалғыз барып шомылатынын естиді. Дәл ол келетін күні Сағалбай Жанбаев жұпыны киініп барып, ретін тауып моншаға еніп кетеді. Уағдаласқан уақытта шыға қоймады, әртүрлі сылтау айтып директорды тосады. Бір кезде директор келіп, бөгде адамның шомылып жатқанын көріп монша қызметкеріне ұрыса бастайды. Моншашы әйел "ол қарт коммунист екен, тез жуынып шығамын дегесін енгіздім", – деп ақталады. Осы кезде директор партияны да, коммунистерді де боқтай жөнеледі. Сөйтіп, келе жатып, Жанбаевты көріп қалады да, сасқалақтап: "Сағалбай Жанбайұлы, мұнда келетініңізді неге ескертпедіңіз, қарсы алатын едім ғой", – деп бәйек болады. – Оқасы жоқ монша жақсы екен, шомылып алдым, – деп киініп шығып кетеді Жанбаев. Қорғаныс құралдарын шығаратын заводтардың директорлары ол кезде тікелей Мәскеуге бағынатын. Сонда да коммунист болғасын, осы жерде есепте тұрғасын облыстық партия комитетіне де бағынатын. Сондықтан директор моншада партияны боқтағаны үшін бюроға салатын шығар деп қорқып жүреді, бірақ оны ешкім ешқайда шақыра қоймайды. Біраз уақыт өткен соң, оны қаланы көркейту мәселесіне арналған мәжіліске шақырады, кеңес барысында: – Директор жолдас, сіз басқаратын заводтың мүмкіндігі зор ғой, қалаға бір монша салып беруге қалай қарайсыз? – деп сұрақ қояды Сағалбай Жанбаев. Кінәсін осымен жуып-шаюды ойлаған директор келісім береді. Сөйтіп, Қостанайда жаңа монша пайда болады. Қала тұрғындары оны "Жанбаев моншасы" деп атап кетеді. Сағалбай Жанбаевтың қисынсыз жерлерден жол тауып кететін осындай батылдығы туралы әңгімелер өте көп. Олардың басым бөлігі Қостанай облысын басқарып тұрған шағымен тікелей байланысты. Таза қазақ ауылында туып өскендіктен бе екен, Сағалбай Жанбаев, қаншама жыл басшы қызметте істесе де орыс тіліне шорқақ болса керек. Оны Маленковқа барғандағы әңгімесінен-ақ аңғаруға болады, қостанайлықтардың айтуынша, ол қандай да бір мәжіліске дайындық барысында көмекшісін шақырып алып, баяндамасының өзі ұната қоймаған бетіндегі мәтінді қызыл қарындашпен дөңгелетіп сызып, "әй бала, мына жерді осқыртып жіберіпсің, мә қарашы", – деп қайырып жібереді екен. Ол кісі КПСС орталық комитетінің мүшесі, СССР жоғарғы кеңесінің депутаты есебінде де, қызмет бабымен де Мәскеуге жиі баратын болған. Сондай бір сапарында қонақүйдің бір бөлмесіне орыс азаматымен бірге орналасады. Ол кезде қонақүйлерде дәретхана, қол жуатын орын бір-ақ жерде болатын. Сағалбай Жанбайұлы қолына орамалын алып, жуынуға барады. Енді бөлмесіне қайта оралайын десе қаз-қатар біркелкі есік, нөмірін қарап алмаған, қайсы екенін білмейді. Содан кейін ол құлыққа көшеді. Әр есікті ашып "Жанбаев здесь живет?" – деп сұрайды. Осылайша біраз есіктен өтеді, ешкім оған сен осында тұрасың деп айта қоймайды.

– Сағалбай Жанбайұлы, екеумізге осы бөлмені берді емес пе? – дейді орыс көршісі. Сонда: – Мен сені тексерейін деп едім, – дейді Жанбаев.

Әпербақан Никита Хрущевтің тың және тыңайған жерлерді игеру, соны сылтау

етіп Қазақстанның солтүстік өңірін Ресейге беру жөніндегі жымысқы саясаты, қазақтың бір қатар беткеұстар азаматтарына, әсіресе Жұмабай Шаяхметовке, Жұмабек Тәшеневке және Сағалбай Жанбаевқа зардабын тигізді. Бұл үшеуі де орындарынан алынды. Ал Сағалбай Жанбаевты "тың игеруге байланысты алға қойған келелі міндеттерді жүзеге асыруға күш-жігері де, тәжірибесі де жетпейді" деген сылтаумен жұмыс ауқымы азырақ Қызылорда облысын басқаруға ауыстырады. Бұл кезде жемшөп тапшылығынан мал қырылып жатқан еді. Үш айдан кейін оған, "жағдайды түзей алмады" деп кінә қойып, тағы қызметтен шеттетеді. Содан кейін Сағалбай Жанбаев біраз уақыт Еңбекшілер депутаттары Семей қалалық кеңесінің төрағасы, облыстық кеңес төрағасының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары, ал 1958 жылдан 1963 жылға дейін Қазақстан компартиясы орталық комитетінің партия комиссиясының мүшесі қызметтерін атқарады. Еліне адал қызмет етіп, дербес зейнеткер атанған Сағалбай Жанбаев 1972 жылы 15 мамырда дүниеден озып, Алматыда жерленген. Сағалбай Жанбаев алпыс жасқа толғанда Сәбит Мұқанов өзінің арнау өлеңінде былай деп баға беріпті:

...Ересек бола танып едің әліпбиді,
Белсеніп кіріскенде іске игі,
Өмірдің сабағынан профессор,
Болдың да, талай ғалым басын иді...

Қалай ғажап айтылған! Жоғарыда айтқанымдай, мен Сағалбай Жанбаевты өмірімде бірақ рет көрдім. Ал ол туралы естігенім көп. Оның бәрін бір мақалаға сиғызып жазу мүмкін емес. Ұмытпасам, бұл 1968 жылдың жазы. Тың өлкесі жабылып, облыстардың қалпына келтірілуіне байланысты "Ленин туы" (қазіргі "Soltüstık Qazaqstan") газеті қайта жарық көре бастаған еді. Редакция қазіргі облыстық ауруханаңың аумағындағы екі қабатты үйге орналасқан. Ғимараттың бірінші қабатында облыстық астық өнімдері басқармасы болатын. Оған өңіріндегі элеваторлар түгел қарайды. Сол кезде Булаев ауданындағы Қарақоға элеваторының директоры болып істеген, Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовты жиі көруші едік. Бұл жолы атағы жер жарған Сағалбай Жанбаевты көрдім. Орта бойлы, дембелше келген адам екен. Жақын барып, сәлем берумен шектелдім, әңгімелесуге дәтім бармады, ұялдым. Ол редакцияға туған жеріне бара жатқан жолда соққан ғой деп ойлаймын. Өйткені ол өзінің естелігінде былай деп жазыпты: "Өзім туған Омбы жеріне ат ізін салмағаныма көп заман болыпты...Елу жылда – ел жаңа деген осы, шіркін, жайсаң заман-ай! Елді де, ерді де жасартқан! Кешегі жалшы Шотбай, Қуанбайлар бүгін бүкіл қоғамның қамын жейтін алғы азаматтар, от басы, ошақ қасы болған әйелдер өнер мен техникаға құлаш ұрған. Елді де, ерді де бақытқа бөлеген дәуіріме рақмет!".

Иә, Сағалбай Жанбаевтың кіндік қаны тамған жерін Қызылжар өңірін баспай өтуі мүмкін емес еді. Ол – осында білім нәрімен сусындаған, еңбек жолын осында бастап, одан кейін бірнеше мәрте оралып қызмет істеген адам. Ендеше, еліне адал қызмет еткен, біртуар ұлын біз де, жерлестері ұмытпауға тиіспіз. Облыс орталығының бір көшесіне оның есімін берсек, сол көшенің бойына мүсінін қойсақ, оның сіңірген еңбегін насихаттасақ, артық болмас еді.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы,
Қазақстанның құрметті журналисі.
«SOLTUSTIKQAZAQSTAN»газеті
15 Қараша 2022жыл.

МАЙДАНДА ТАБЫСҚАН ТАҒДЫР

Қазақ елінің бірде-бір шаңырағын Ұлы Отан соғысының зардабы айналып өтпеген болар. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, солардың жартысынан астамы елге оралмады. Бүгін мен соғыс кезіндегі бір отбасының тағдыры туралы әңгімелекпін. Жерлес жазушымыз Сәбит Мұқанов өзінің "Туған ауылда" деп аталатын әңгімесінде былай деп жазады: "...Совет өкіметі орнай, Торсанның шұрайлы жеріне кедейлер ие болды.

Партияның бастауы бойынша жерге ие болған кедейлер, бұл маңайда бірінші болып 1926 жылы артель ұйымдастырды. Артельдің іргесін қалаған Бейсек Тәпелов, Исахмет Мырзаханов, Райысқали Сүлейменов, Ұл Бекішев, Исахмет Бейсенов, Сағит Жоланов... Туған жерінде Совет өкіметі орнаған күннен партияға кірген Рамазан, кедейлерді партия қатарына тарта бастап, олар партия ячейкасын құрды... Соларға ерген кедейлер ауылда ашылған сауатсыздықты жою мектебінен хат таныды...". Бұл қазіргі Жамбыл ауданындағы Сәбит ауылы туралы жазылған әңгімеден үзінді. Сәбеңнің жазған естеліктеріне қарағанда ол кезде осы төңіректе құрылған артельдер егін себумен, үйді-үйден жиналған малды өсірумен бірге аңшылықпен де айналысқан.



Тіпті Жалтырша ауылында аңшылар артелі құрылған деседі. Аңшылар орталыққа аңдардың бағалы терілерін жіберіп тұрған екен. Сондай аңшылықтың бірінде, яғни 1938 жылы қараша айында аңға шыққан Рамазан Ережепов байқаусызда қаза тауып, зайыбы Әпәти Ерсарықызы 38 жасында қара жамылып, жесір атанады. Рамазанның артында бес бірдей ұлы – Мүсілмәнбек, Есләмбек, Көшер, Кеңес, Әскер жетім қалады. 1939 жылы Мүсілмәнбек әскер қатарына шақырылады. Сол кеткеннен ұзақ кетеді. Алдымен Фин соғысына қатысады, артынан Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Қатардағы жауынгер артиллерия атқышы ретінде Сталинград түбіндегі, Курск доғасындағы, Украинаны, Белоруссияны, Балтық және Еуропа елдерін жаудан азат ету шайқастарына қатысады.

Неміс-фашист басқыншыларымен болған бір кескілескен ұрыста Мүсілмәнбек Рамазанов қатты жараланып, әскери госпитальға түседі. Онда емделіп жатқанда Мария Попова есімді медбике оған ерекше күтім жасап, тез сауығып кетуіне көмектеседі. Жас жауынгер әрі сұлу, әрі мейірімді қызбен жақынырақ танысып, олардың қарым-қатынасы махаббатқа ұласады. Сауыққан соң қан майданға қайта оралған жауынгер аман қалса осы қызға үйленуге серт береді. Бұл тілегі ақыры орындалды. Соғыс аяқталғаннан кейін Мүсілмәнбек өзі емделген госпитальға барып, қызды тауып алып үйленеді. Бірақ әскер басшылары оны туған жеріне бірден жібере қоймайды. Ярославль облысының Щербаков қаласына халық шаруашылығын қалпына келтіруге жұмсайды. Сол жерде қызды болып, атын Наташа қояды. Мүсілмәнбек әскер қатарынан 1954 жылы ғана босатылады. Енді туған жерге оралу керек. Орыс қызын ата-анасы алыстағы Қазақстанға жібермеуі де мүмкін ғой. Сөйтіп, олар Мария Ивановнаның шешесі тұратын Тамбов облысының Мичуринск қаласына келеді. Осылайша он бес жыл шетте жүрген Мүсілмәнбек үйіне үшеу болып оралады. Әрине, бұл кезде туған ауылында да, отбасында да көп өзгерістер болған еді. Шешесі Әпәти Ерсарықызы қолында қалған төрт ұлды жеткіземін деп күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей ұжымшарда еңбек етеді. Әйелдер кеңесінің төрайымы болып сайланып, қыз-келіншектерді, ақ жаулықты аналарды "Бәрі майданға, бәрі жеңіске!" деген ұранмен еңбек етуге жұмылдыра біледі. Майданға биялай-байпақ тоқып жіберіп отырады.

Мүсілмәнбек соғыстан оралғанда інілері де өсіп қалған еді. Өзінен кейінгі Есләмбек бұл кезде ұжымшарда трактор-егіс бригадасының бригадирі болатын. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде оны жаңа ашылған "Озерный" кеңшарына қарасты Октябрь ауылына бөлімше меңгерушісі етіп жібереді. Бұл – қалың орманның ортасына салына бастаған кеңшардың орталығы мен бөлімшелері – Ақбалық, Қарақамыс, Жаңажол, Сәбит, Нұрымбет, Бауман, Жалтырша ауылдарында құрылыс жұмыстары басталған шақ еді. Осы елді мекендерге, ең алдымен, бір-бірден электр жарығын беретін моторлар орнатылды, сым тартылып, әр үйге электр қуаты тұрақты беріліп тұрды. Ал 1965 жылы түгелдей орталықтандырылған электр желісіне қосылды. Ауылда тұрғын үй құрылысы барған сайын қарқын ала бастады. Одан кейін клуб салынып, кітапхана ашылды. Балалар жаңа салынған мектепте оқитын болды. Бұрынғыдай астық кеңшар орталығына тасылмай, осында салынған механикаландырылған қырманда тазаланып, кептіріліп, тас қоймада сақтала бастады. Орталықтандырылған монша іске қосылды. Техниканың бәрін бөлімшедегі ұстаханада жөндеу мүмкіндігі туды. Тұрғындар бұрын ауыл іргесіндегі құдықтардың суын пайдаланатын. Бертін келе көршілес Қарақамыс маңынан жерасты таза суы табылып, ол құбыр арқылы Октябрьге берілгеннен кейін, бұрынғы су таситын иінағаш пен шелек ұмытылды. Сайып келгенде, ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайы бұрынғыдан да жақсара түсті.

Қай жылы екені есімде қалмапты, партия комитетінің шешімімен Әпәти Ерсарықызының 60 жасқа толуына орай үлкен той өткізілді. Қарақамыс пен Октябрьдің арасындағы Көпей көлінің маңындағы алқапқа бірнеше киіз үй тігілді, бұрынғы Пресногорьков ауданы орталығындағы мейрамхананың ұжымы қонақтарға қызмет көрсетті. Осы жерде айта кетейін, Октябрь және сол төңіректегі Қарақамыс,

Ақбалық, Жалтырша, Жаңажол, Сәбит, Нұрымбет ауылдары 1938 жылға дейін Ақмола (орталығы Петропавл) облысына, 1938 жылдан Қостанай облысына қарағаң, ал 1963 жылдан Солтүстік Қазақстан облысына қайта ауыстырылған.

Әпәти Ерсарықызы, жоғарыда айтып кеткенімдей, жан жолдасы Рамазан Ережепов бұл дүниеден өткенге дейін және одан кейін де Сәбиттің іргетасын қалауға қатысумен бірге, оның экономикасы мен мәдени-тұрмыстық жағдайының жылдан-жылға нығая түсуіне өзіндік үлес қосқан. Сондай-ақ өзінің бес баласын партия қатарына тартып, оларды адал еңбекке баули білген. Бұл кезде Ұлы Отан соғысының ардагері Мүсілмәнбек Рамазанұлы – мал дәрігері, Есләмбек – бөлімше басқарушысы, Кеңес – бөлімше есепшісі, Әскер – трактор-егіс бригадасының бригадирі қызметтерін атқаратын. Бір отбасындағы алты коммунистің құрметіне өткізілген осы тойға бала кезімде мен де қатынастым. Онда өткізілген ақындар айтысында, ат жарысында, басқа да ойын түрлерінде кімдердің жеңіске жеткені есімде қалмапты. Ал балуан күресінде бозкілемге біздің ауылдан Қапар Халықовтың шыққаны әлі көз алдымда. Еңгезердей жігіт еді. Ортаға шығып, бозкілем үстіне отыра қалғандағы батырға бергісіз тұлғасын көргенде одан сескеніп, күреске біраз уақыт ешкім шыға қоймады. Бір кезде намысқа тырысты білем, Жаңажол ауылынан мұғалім Нұртай Бейсеков ортаға шықты. Күш атасын танымас дегендей, еңгезердей жігіт оны көтеріп алып, кілем үстіне лақтырып жіберді. Жиналған жұрт оның бір жері сынып қалды ма деп ойлап, тына қалды. Әйтеуір, ол орнынан аман-есен тұрды. Той қараңғы түскенге дейін созылды.

Қазақтың ұлттық тағамын дайындауда Мүсілмәнбек Рамазанұлының бәйбішесі. Марияның алдына түсер бұл ауылда жан жоқ еді. 1954 жылы келін болып түскенде Сибан руының үлкені Исахмет қари (ауылдастары соқыр қари деп атап кеткен) батасын беріп, Марияға Мәриям деп ат қойған екен. Сол күннен ислам дінін қабылдаған ол енесі Әпәти Ерсарықызының үйретуімен қазақ тілін тез меңгеріп, қазақтың ұлттық киімін киіп, асын әзірледі, бертін келе ораза ұстап, намаз оқыды. Үйіне келген қонаққа өзі піскен сары қымызды сапыра отырып, үлкен тостағанға толтыра құйып беруші еді. Егер Рамазан Ережеповтің бес баласы Ұлы Отан соғысының зардабына ұшырамай, жетімдіктің ащы дәмін татпай, оқыса, білім алса, бәлкім Октябрьдің төңірегінде ғана қалмас еді-ау деймін. Олардың ширақ қимылы, ұйымдастырушылық қабілеті, адамның мысын басып тұратын тұлғалары осындай ойға жетелейді. Өкінішке қарай, Рамазанның ұлдары айрандай ұйып отырған ауыл бұл күндері тарап кетті, бәріне бірдей туған жерден топырақ та бұйырмады.

Бес ағайынды жігіттен, яғни Мүсілмәнбек пен Мәриям, Есләмбек пен Ұлбосын, Кеңес пен Күлән, Көшер мен Сәбира, Әскер мен Сағила жұптарынан жеті ұл, жиырма алты қыз дүниеге келгенін ескерсек, олардан тараған ұрпақты есептей беріңіз. Соғыстан кейін туған Наташа қазір Қызылжар қаласында тұрады. Наташа Мүсілмәнбекқызына Қарақамыс ауылының ақсақалы Темірбайдың Сағындығы азан шақырып, Нағима деп ат қойған екен. Нағиманың жолдасы – өңірімізге танымал домбырашы, күй өнерін зерттеуші Серікбай Құсайынов. Кезінде қаладағы ірі зауыттардың бірінде жұмыс істеген Нағима қазір зейнетте болса да қазақтың ұлттық киімдері мен үйге қажетті әсем бұйымдарын тігеді. Серікбай Бәриұлының домбырамен сүйемелдеуімен қазақ және орыс тілдерінде шырқаған әндерін тыңдағанда өзіңді құдды атақты әншілердің концертінде отырғандай сезінесің.

Өмірде әркімнің маңдайына тағдыр жазған шығар биігі болады. Кезінде Рамазановтар әулетінің аты біздің төңіректе дүрілдеп тұрды. "Ағайын тату болса, ат көп" дегендей олар әрқашан тату, ұйымшыл, өзгелерге қамқор бола білді.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.
«SOLTUSTIKQAZAQSTAN»газеті
7 қыркүйек 2021 жыл.

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕДІ



Нағыз алтын күз. Егін орағының қызған шағы. Облыс басшылары Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданына баратын болды. Олардың сапары жайлы материал жазбақ болып, көшке біз де ілестік. Біздің өңірдің табиғатының әсемдігін сөзбен айтып жеткізе алмайсың ғой! Ал күзде тіпті тамаша кейіпке енеді. Иірім-иірім, кейде ұзаққа созылған ормандарға, айдындары құсқа толы көлдерге, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін сап-сары түске енген егін алқаптарына қарай бергің келеді. Осылайша табиғатты тамашалап келе жатып, аудан шекарасына қалай жетіп қалғанымызды сезбеппіз. Аудан басшылары бізді Социалистік Еңбек Ері Төлебай Мұстафин өсірген жүгері алқабына қарай бастады. Бір шоқты айналып шыға беріп едік, алдымыздан жүгері алқабы көрінді. Аспанға таласа өскен ұзын сабақтарының бастарына дән байланып қалыпты. Нағыз ну орман сияқты, қалың өскен. Тіпті салт атты адам көріне қоймас. Осындай жүгеріні халық "дала аруы" деп атап кеткен. Танаптың арғы басынан жүгері шауып жүрген үш агрегат көрінді. Абұйыр болғанда, олар бері қарай келе жатыр екен. Жүгерішілерді танап шетінде күттік. Ең соңғы "Беларус" тракторынан Төлебай Мұстафин қарғып түсті, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Демиденко жетіп барып, оны құшақтай алды. – Жолдас хатшы, үстіңізге май жұғып қалады ғой, – деді орта бойлы, дембелше келген Төлебай Мұстафин.

– Былтыр ғана жарыс қорытындысы бойынша өзің жеңіп алған су жаңа трактордa қандай май болуы мүмкін. Оның үстіне қазір киімге қарайтын кез емес, ауа райының осындай қолайлы сәттерін тиімді пайдаланып, өсірілгеннің бәрін күзгі суыққа қалдырмай, ысырапсыз жинап алуымыз керек. Сонда еңбегіміз еш болмайды, – деді Василий Петрович.

Содан кейін Төкең облыстық атқару комитетінің төрағасы Ніл Болатбаевқа сәлем беруге бұрылды. – Василий Петровичтің қолтығына еніп кеттің ғой, қане екеуміз құшақтасып көрейікші, бойымыз бірдей емес пе! – деп күліп Төлебай Мұстафинді

Ніл Әдіғамұлы да құшақтап жатыр. Басшылар мен қарапайым еңбек адамының арасындағы жарасымды әзілдің соңы жұмыс барысына ойысты. Осы жерде айта кетейін, Украинадан сонау 1954 жылы Қазақстанға тың игеруге келіп, еңбек жолын қатардағы агрономнан бастап, облыс басшысына дейін көтерілген Василий Демиденконың тілімізге, дінімізге, ділімізге қиянат жасалып тұрған сол заманда адал еңбек еткен адамды ұлтына, жынысына қарамай сыйлайтын, құрметтейтін, марапатын аямайтын, лауазымын көтеретін қасиеті бар еді. Еңбек десе ерінбейтін, облыс көлемінде ғана емес, есімі бүкіл елімізге әйгілі болған даңғайыр диқан Төлебай Мұстафинді тіпті ерекше құрметтеп, өзінің жақын досындай, бауырындай санайтын. Олардың құшақтасып амандасуы да содан болатын.

Тың өлкесін құру пиғылымен облыс жабылып, қайта қалпына келтірілген 1966 жылы егін бітік шықты. Қызылжар өңірінің диқандары қамбаға 109,2 миллион пұт астық құйып, Қазақстандық миллиардқа қомақты үлес қосты. Осы толағай табысы үшін облыс сол кездегі ең жоғары награда – Ленин орденімен марапатталды. Ал жылдың қорытындысы бойынша еліміздің бірқатар еңбекшілеріне Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Солардың ішінде "Благовещенка" совхозының жүгері өсірушісі Төлебай Мұстафин де бар еді. Кеңестер одағы Жоғарғы Кеңесінің 1967 жылғы 19 сәуірдегі Жарлығымен осындай жоғары атаққа ие болған диқанның кеудесіне КПСС Орталық Комитетінің мүшесі ретінде Василий Демиденко Ленин ордені мен Алтын Жұлдызды өз қолымен қадаған болатын. Екеуінің арасындағы достық сол сәттен басталғанды. – Жүгерінің әр гектарының түсімі қаншадан айналуда? – деп сұрады Василий Петрович. – Үш жүз центнердің үстінде ғой, – деп күлімсірейді Төкең. Оның арық айтып, семіз шығатынын білетін бірінші хатшы: – Жарайсың, Төлебай! Ісіңе сәттілік тілеймін! – деп арқасынан қақты. Иә, қандай шаруа атқарса да Төкеңнің ісі сәтті болатын. Соның арқасында бір басына атақ-даңқы жетіп жығылатын. Ол бұған дейін екі мәрте Ленин орденімен, бірнеше медальмен марапатталған, "Қазақ КСР ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер" атағы тағы бар. КПСС-тің XXV съезіне Қазақстан атынан делегат болып қатысқан. Бұдан басқа, Мәскеуге талай рет барып, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін тамашалаған.

Сол жылдары облыста егіншілік мәдениетін арттыруға ерекше мән берілетін. Қардың шеті сөгіліп, жер қарайысымен Петропавлға көршілес Қорған облысының "Заветы Ильича" колхозының агрономы Терентий Мальцевты шақырып, үлкен жиын өткізіліп, онда егіншілерге сол жылдың ерекшелігіне қарай тұқым себудің мерзімі мен тәсілдері жөнінде ұсыныс қабылданатын. Сондай алқалы жиындарда атақты ғалым біздің өңірдің диқандарымен өз тәжірибесімен бөлісетін.

– Егер егіннен мол өнім алғыларың келсе жазғытұрым танап басына барып, аяқ киімдеріңді шешіп, қара жерде жалаңаяқ жүріп көріңдер, сонда топырақтың қызған-қызбағанын білесіңдер. Топырақ қызбай сіңірілген дән суық жерде дұрыс өсіп-өнбейді, – деген сөздерін талай естігенбіз. Төлебай Мұстафин тәжірибелі агрономның осы ақыл-кеңесін үнемі жадында ұстап, іс жүзінде қолданатын. Ол кезде жүгері өсіруге жаппай бет бұрылған еді. Малдың тез семіруіне, әсіресе сауын сиырларының сүтін арттыруға әсері орасан зор екені тәжірибеде дәлелденген болатын. Бірақ жүгері – су мен ыстықты жақсы көретін дақыл. Ал біздің Солтүстік өңірдің ауа райы құбылмалы емес пе? Оның үстіне бұл дақылды топыраққа шаршы ұялап себу қажет екен. Ол үшін танаптың бір басынан екінші шетіне дейін арнайы сым тарту керек. Бойында түйіршіктері бар сымның бойымен жүріп отыратын сеялка дәнді топыраққа арақашықтығын бірдей етіп сіңіріп отырады. Бұл – бір машақаты көп жұмыс. Кеңшар басшылығы осындай қиын жұмысты тәжірибелі диқан Төлебай Мұстафинге тапсырады. Ол жүгеріні бір-екі жыл осылай сеуіп көріп еді, нәтиже онша бола қоймады. Содан кейін машақатқа түспей-ақ, кәдімгі астық өсіретіндей етіп сеуіп, топырақта ылғал сақтау үшін уақытында қатараралық өңдеу жүргізу арқылы егін шығымдылығын арттыруға қол жеткізді. Жыл сайын ауа райына қарамастан әр гектардан 260-350 центнерден өнім

жинап отырды. Бұл – облыстағы ең жоғары көрсеткіш.

– Биылғы көктемдегі әңгіме есіңде ме? – дейді Василий Петрович.

– Әрине, есімде, бүгін мына танаптағы жүгеріні үшеулеп жинап бітіреміз. Сонда бір ғана алқап қалады. Оны балаларым өздері-ақ жинап алады. Бозқырау түсетін күн әлі алыс. Оған дейін үлгереміз. Ертеңнен бастап-ақ астық бастыруға ауысам. Комбайным дайын тұр, – дейді Төкең.

Біз танап басында аз ғана уақыт болдық та, Төлебай Мұстафинмен қоштасып басқа жаққа бет алдық. Орақтың қызған шағында диқандарға әр минут қымбат. Облыс басшысы мен диқан арасындағы әңгіменің мәнісі былай болатын. Жылдағы дәстүр бойынша биыл да көктемде облыс диқандары бас қосып, ауа райының, жердегі ылғалдың жағдайына байланысты тұқым себу мерзімі мен тәсілдері жөнінде ақылдасқан. Сонда Төлебай Мұстафин өз ойын ортаға салып, алдағы жоспарын айтқан.

– Мен 1929 жылы Преснов ауданындағы Кенже ауылында дүниеге келдім, – деп бастап еді Төкең сөзін, – ауылымыз ыдырап кетті, Богдановка деген ауылға көшуге мәжбүр болдық. Балалық шағым ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы жылдарына дөп келді де, аштықты да таршылықты да бастан кешірдік. Өгізбен, сиырмен егін септік, лабогрейкамен астық жинадық. Сөйтіп майданға астық жөнелтіп отырдық. Әрине, ол кезде техника жоқ, бәрі қолмен атқарылады, жерде не өніп шықса, соған қанағат тұтамыз. Ал қазір техника жеткілікті, мамандар бар, неге егін шығымдылығына мән бермейміз. Оны айтып отырғаным, жуырда Мәскеуде Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде болдым. Украинадан келген диқандар бір маусымда қырық мың центнерден кем астық бастырмайды екен. Біз болсақ, он-он екі мың центнерді рекорд санаймыз. Оның мәнісі – бізде егін шығымдылығы әлі де болса төмен, комбайнмен қаншама алқаптың егінін орсақ та, түсімі аз болғандықтан бункер тез тола қоймайды. Ал Украинада әр гектардан кемінде 40 центнерден астық жиналады екен, – деді.

– Украинада негізінен күздік бидай өсіріледі ғой, оның шығымдылығы да жоғары, – деп қалды кеңеске қатысып отырғандардың бірі. – Төлебай дұрыс айтады, сөзін бөлмеңдер. Сендерге бетке айтқан сын ұнамай ма? – деп сөзге Василий Петрович араласты. – Біз әлі егіншілік мәдениетін ойдағыдай дәрежеге көтере алмай келеміз. Ауыспалы егіс жүйесі барлық жерде бірдей сақтала бермейді. Парға қалтырылған алқапқа біржылдық шөп сеуіп тастайсыңдар. Ондай жер тыныға ма? Егін көктегеннен кейін танаптарды тексеріп, "Сапа белгісін" берер кезде тұқым сіңірілмей қалған жерлердің кездесетініне не дейміз? Ал Төлебай болса жүгері себетін алқапты үнемі ауыстырып отырады. Дақылдарды алмастырып себу де шығымдылықты арттыратынын тәжірибе көрсетіп отырған жоқ па? Төлебай жүгеріні қолайлы мерзімде себеді, сапалы өңдейді, бітік шыққан өнімді уақытында жинап алады. Сосын астық комбайнына отырып, дән жинауға кіріседі. Биыл да солай істейсің бе, Төлебай? – Иә, солай істеймін. Биыл ауа райы қолайлы. Тұқымды дер кезінде сіңірсек шығымдылық жаман болмас, – деп тоқтады Төлебай Мұстафин. Облыс басшысының жүгері алқабының басында сұрап тұрғаны осы мәселе еді. Төлебайдың еңбекқорлығын бөлімше басқарушысы Александр Сорокотяга да ауыз толтырып айтқан. Оның сөзінше, Төлебай Мұстафин балалары Есләм мен Дәукенді де қасына ертіп алып, астық бастыруға кіріседі екен. Тіпті, кей жылдары көршілес Майбалық, Талпын, Амангелді, Айымжан сияқты ауылдардың диқандарына да көмекке баратын көрінеді. – Төлебайдың қашан ұйықтайтынын білмеймін, – дейтін Александр Петрович. – Өзінде жан жоқ шығар деп ойлаймын. Олай дейтінім, қыс демей, жаз демей, ауа райының жағдайына, күннің, не түннің қай уағы екеніне қарамайды, қысылған адамға қол ұшын беруден қашпайды. Кейде бір әйел босана алмай жатса аудан орталығына апаруға тура келеді, енді бірде машинам батып тұр деп келетіндер де кездеседі. Терезені қақсақ болғаны, ештеңе сұрамай-ақ тез киініп, "Беларусын" тұтата бастайды. Осындай елгезектігімен, қарапайымдылығымен ауылдастарына

сыйлы. Мұндай адамға Еңбек Ері атағын бірнеше мәрте берсе де аз емес.

Төлебай Мұстафиннің кімге болсын қол ұшын созып, қайырымды болуына жастық шағындағы тұрмыс қиындығы әсер еткен болар, сірә! Әкесі Әмірхан колхоздың малын бақса, шешесі Күмбөпе үй шаруасымен айналысқан. Соғыс жылдарындағы және одан кейінгі қиын-қыстау кезде бұғаналары қата қоймаған екі ұл – Бағыт пен Төлебайға ересектермен, жесір әйелдермен бірге колхоздың ауыр жұмысын істеуге тура келген. Төлебай орысша бір сөз білмесе де сол кездегі Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданының Надежка селосына барып, трактористер даярлайтын курста оқыған. Соғыстан кейінгі жылдары алғашында Преснов, одан кейін Благовещенка машина-трактор стансаларында механизатор болып істеген.

Міне, осы жылдарда жинақтаған мол тәжірибесін ол жастарға, әсіресе өз балаларына үйретуді парызым деп санады. Алғашында қос ұлы Есләм мен Дәукенді қиындығы мен қызығы, ерінбей еңбек етсең пайдасы мол, абыройы зор диқандық мамандыққа баулыса, артынан бірінен соң бірі дүниеге келген Орынбай, Оразымбек, Ораз деп азан шақыртып ат қойған балаларын да жанына ертіп алды. Бертін келе Кеңес одағының шаңырағы ортасына түсіп, еліміз егемендік алысымен Мұстафиндер әулеті жеке шаруа қожалығын құрды. – Әкемнің көзі тірісінде бес баласы қосылып "Төлебай" шаруа қожалығын құрып едік, менен басқасы әр жаққа көшіп кетті де кәсібіміз тоқтап қалды. Әкем 2007 жылы 78 жасында, шешем Бибіғали Шаяханқызы биыл 86 жасында дүниеден өтті. Балаларының ішіндегі ең кенжесі болғасын мен қарашаңыраққа ие болып, ешқайда қозғалмай отырмын, – дейді Ораз Төлебайұлы. Бұрын аудандағы іргелі ауылдардың бірінен саналатын Богдановкада қазір он шақты ғана отбасы түтін түтетіп отыр екен. Ораз Төлебайұлының айтуына қарағанда, ауылға екі жаңа үй салыныпты. Баспаналар оңтүстіктен көшіп келетін отбасыларына берілмек. Сөйте-сөйте, ауыл бұрынғысынша гүлденіп кетер деген үміттері бар. Төкеңнің кенжесі ауылда жұмыс жоқ деп қол қусырып отыруды білмейді. Қызының атын қойып, "Айсұлу" деп ашқан шағын шаруа қожалығы бар. Зайыбы Жанна Қосманқызы болса ауылда су тарату қосынында еңбек етеді. Ұлы Азамат Талдықорғанда әскери қызметте болса, қызы Айсұлу Қарағандыда заңгердің оқуын оқып жатқан көрінеді.

Төлебай Мұстафиннен тараған бес ұл мен үш қыздың екеуі бұл дүниеде жоқ, қалған алтауы қазір кең-байтақ еліміздің әр жерінде тұрып жатыр. Олар шалғайда жүрсе де кіндік қандары тамған жерлерін ұмытпайды. Көктемгі егіс, күзгі орақ кезінде Богдановкаға келіп, әкелерінің кенжесі, шаңырақ иесі Ораз Төлебайұлының шаруа қожалығының науқандық жұмыстарына қолғабыс етеді екен. "Бұл бір жағынан – маған көмек болса, екінші жағынан басымыздың қосылуына, әке-шешеміздің, бақилық болған басқа да бауырларымыздың жатқан жерлеріне барып, олардың аруақтарына тағзым етуімізге себеп қой", – дейді Ораз Төлебайұлы.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.
«SOLTUSTIK QAZAQSTAN» газеті
29 мамыр 2021жыл.

"КЕДЕЙ СӨЗІНІҢ" АЛҒАШҚЫ САНЫ РЕСЕЙ КІТАПХАНАСЫНАН ТАБЫЛДЫ

Ғасырлық тарихы бар абыз басылым – облыстық "Soltústik Qazaqstan" газетінің алғаш рет "Кедей сөзі" деген атаумен жарық көргенін көзі қарақты, көкірегі ояу оқырман қауым жақсы біледі. Бірақ бүгінге дейін қарт басылымның бірінші саны, онда көтерілген мәселелер беймәлім болып келген еді. Оның Ресей кітапханасынан табылғанын сүйіншілей жеткізгелі отырмыз. Облыстық мемлекеттік архивтің директоры Сәуле Мәлікованың айтуынша, "Кедей сөзі" газетінің алғашқы санының көшірмесі қазір жергілікті мұрағатта сақтаулы. Сөз арасында Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Сәбит Мұқанов және тағы басқа Алаш жұртының ірі тұлғаларының қолтаңбалары қалған "Кедей сөзінің" екінші саны осы жылдың басында Алматыдағы республикалық архивтен табылып, электронды нұсқасы жасалғанын айта кеткен жөн.

"Ресейдің ұлттық кітапханасында газеттің сақталғаны туралы ақпаратты мерзімді баспасөздің тарихын зерттеп жүрген жергілікті журналист Амандық Жантеміровтен білгеннен кейін осы мекемеге сұрау салынды. Бастапқыда "жоқ" деп жауап келді. Біз бұған сеніңкіремедік. Содан кейін кітапхананың өзге де қорларымен тығыз байланыс орнатылды. Сөйтіп табандылық танытқанның арқасында газеттің түпнұсқасы табылып, көшірмесі қолымызға тиді", – дейді Сәуле Зейноллақызы.

Төте жазумен басылған мақалаларды кириллицаға аударумен айналысып жүрген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры Зарқын Тайшыбай газет 1920 жылы ақпанда Ресей коммунистік (большевиктік) партиясы Сібір бюросы мен Ақмола губерниялық революциялық комитетінің органы ретінде Омбы қаласында шығып тұрғанын, қазақтың ұлттық баспасөзі тарихында өзіндік орны бар екенін жеткізді. Тұңғыш редакторы – Мұқан Айтпенов. Сосын Бородихин есімді азамат жетекшілік етіп, Әйтиев, Тележанов, Тоқжанов, Жұмабаев, Серкебаев алқа мүшелері, тұрақты қызметкерлері болған. "Egemen Qazaqstan" газетінен кейін қазақ оқырмандарына жол тартқан басылым Сібір төңкеріс комитеті жанындағы Қазақ өкілдігі атынан жарық көрген. Уақыт өте келе "Бостандық туы", "Кеңес ауылы", "Ленин туы", "Солтүстік Қазақстан" атауларына ие болды.

Небір ардақты тұлғалардың іздері сайрап жатқан басылым жарық көрген күннен бастап сауаттылық, ағартушылық, оқу білімге жұмылдырушылық бағыттарын басты мұрат етті. "Кеңес өкіметі деген не?", "1917 жылғы ақпан көтерілісі қазақтарға не берді?" деген сияқты саяси мәселелер төңірегінде де ой қозғап отырған. Бұл басылымда қазақтың ақиық ақыны, күрескер тұлға Мағжанның да өткір мақалалары жарық көрді. Мәселен, ақын "Автономия кімдікі?" мақаласында: "Айлы, күнді, қанды, отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. ...Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. "Аязды күні айналған, бұлтты күні толғанған, құрығын найзадай таянған, қу толағай жастанған Ер қазақтың автономиясы бұл!" – деп жер-жаһанға жар салып, халыққа сөз арнайды. Мемлекеттік құрылымды нығайтуға шақырады. Қоғамдық дамуды таптық жолмен бөлуге қарсы шығады.

Өмір ЕСҚАЛИ.

СҮЙІНШІ! "КЕДЕЙ СӨЗІНІҢ" ЕКІНШІ САНЫ ТАБЫЛДЫ

Алдағы, яғни 2020 жылғы 22 ақпанда облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің шыға бастағанына жүз жыл толады. Өкінішке орай, Санкт – Петербург, Мәскеу, Новосібір, Омбы, Алматы қалаларындағы мемлекеттік архивтерге талай хат жазып, редакция қызметкерлері бірнеше рет іссапармен барса да газетінің бірінші санын осы күнге дейін таба алмай келеміз. Өйткені, "Кедей сөзі" газеті Омбы қаласында шығып тұрғандықтан Петропавлдағы мемлекеттік архивке ешбір саны жіберілмеген. Ал одан кейінгі "Бостандық туы", "Кеңес ауылы", "Ленин туы" газеттерінің сандарының көбі сақталмаған. Оған себеп: біріншіден – редакция газеттерді дер кезінде мұрағатқа тапсырып отырмаған, екіншіден – бұрын архив орналасқан Петропавлдағы қазіргі «Генерал Корнилов» мейрамханасының ғимараты құжаттарды қалыпты дәрежеде сақтауға жарамсыз болатын. Тек баспасөз беттерінде әр жылдары жарияланған мақалаларға, партия органдарының қаулы – қарарларына, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Саттар Имашевтың «Зарождение коммунистической печати в Казахстане», Серікбай Бейсембаевтың Қазақстан тарихына байланысты еңбектерінде, жоғарыда аталған архивтердің берген құжаттарына сүйене отырып, қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінің бастауы "Кедей сөзінің" Омбы қаласында 1920 жылы 22 ақпанда алғашқы саны жарық көргенін анықтаған едік. Оның растығына енді, тіпті көзіміз жетіп отыр. Облыстық архивтің қайта – қайта сұратуының нәтижесінде "Кедей сөзінің" екінші саны табылып, міне қолымызға тиіп, бас киімімізді аспанға атардай күн кешудеміз. Газетіміздің жүз жылдығы қарсаңындағы үлкен қуаныш бұл!

Қазақ баспасөзінің тарихының маңызды мәселелерін зерттеген ғалымдар Т. Қожакеевтің, Б. Жақыптың, Қ. Аллабергеннің, Ж. Нұсқабайұлының, Қ. Әбілдаевтың, З. Тайшыбайдың, Д. Қамзабекұлының, Ө. Әбдімановтың, А. Шәріптің, Т. Ахметжановаңың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Алайда, олардың қолына еліміздегі байырғы басылымдардың бірі – «Солтүстік Қазақстан» газетінің бастауы «Кедей сөзінің» Омбыда жарық көрген алғашқы сандары тие бермеген тәрізді.

Қай қоғамда болмасын әр мемлекетте сыртқы және ішкі ахуалды, сауда – саттық қарым-қатынасты, жаугершілік немесе соғыс жағдайын, басқа да мәселелерді жазып отыратын жылнамашылар болғаны тарихтан белгілі. Ал баспа өнері пайда болғаннан кейін мемлекеттер өз саясатын баспасөз арқылы жүзеге асыра бастаған. Жер бетінде алғаш социалистік, бірақ ғұмыры жетпіс – ақ жылға созылған мемлекетте де осы тәсіл тиімді пайдаланылған. Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының бүкілресейлік екінші сьезінде әрбір елдің ішінде, халыққа түсінікті тілде коммунистік насихаттың жүргізілуіне бұдан былай қам істеу, еңбекшілер бұқарасы қандай дәрежеде тұрғанына қарамастан, олардың талаптылыққа және ұйымдасуға революциялық белсенділігін ояту керек, неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің коммунистеріне арналған нағыз

коммунистік ілімді әрбір халықтың тіліне аудару керек екендігі атап көрсетілген.

Осы нұсқаудан кейін қазақ елінде де ұлттық газеттер 1918 жылдан шыға бастаған. Оған Петропавлда – «Жас азамат», Торғай облысында – «Қазақ мұңы», Ақмолада – «Тіршілік», Батыс Қазақстанда – «Дұрыстық жолы» газеттерінің жарық көре бастағаны дәлел. Сонымен қатар, Кеңестер Петропавлда қазақ тіліңде газет шығаруды 1919 жылға келіскені байқалады. Оған дәлел: РКП Сібір бюросының жанындағы ұлттар бөлімі бюросының татар – қырғыз (қазақ) баспасының бастығы 1920 жылғы 23 мамырда Омбы губерниясының мұсылман -коммунистерінің бірінші конференциясында жасаған баяндамасында «23 желтоқсаннан бастап татар тілінде "Азат Сібір" газеті шығарыла бастады. Қырғыз (қазақ) тілінде де газет шығаруға бар мүмкіндікті пайдалансақ та, газет шығаратын қырғыздардың (қазақтардың) болмауынан бұл жұмысты 1920 жылдың ақпанына дейін іске асыра алмадық. 1920 жылдың ақпанынан бастап, "Кедей сөзінің" («Голос бедноты») газетін шығара бастадық», – делінген.

Біздіңше, газеттің белгіленген мерзімде шығарыла басталмауына сауатты қазақ жастарының тапшы болуымен қатар елдегі саяси оқиға да әсер еткен тәрізді. Олай дейтініміз, жаңа ғана шаңырақ көтеріп, буыны қата қоймаған, сол кездегі қоғамға жат құрылым -социализм орнатпақшы елді құлату мақсатында капиталистік мемлекеттер бірігіп, шабуылға шықты. Олардың колшоқпарларының бірі – Колчактың армиясы қазақ елінің Солтүстігі мен Сібірді жаулап алуға кірісті. Алайда Кеңес Ариясы 1919 жылғы қазанда Петропавлды, әл 14 қарашада Омбыны азат етті. Бұл окиғаның, әрине газет шығаруға бөгет жасағаны белгілі.

"Кедей сөзінің" 7 наурызда жарық көрген 2-ші санында жарияланған «Теңдік» деп аталатын мақалада осы оқиға жөнінде былай деп жазылған: «Өмір бойы, қорлықта, зорлықта, тепкіде жүрген қазақ, 1918 жылғы өзгерісті үлкен бір той секілді қарсы алды. Бірақ ол той көпке созылмады. Елдің жуандары, ақтың жандаралдары, жылы орнынан айырылған жылтыр түйме, төрелер тек жатпай, Сібірде қайта төңкеріс болды. Билік орыстың төрелеріне, жаңдарал, байларына қайта көшті.

Өткен дәуренін іздеп шет жұрттары құл қылып, аяғының астына басқанын сағынып. Колчак шықты. Қазақтың кең даласында баяғыдай маңдайы жылтыраған урядник, найзасы қылтындаған карательный отряд көрінді. Орыстың сары бауыр қамшысы тағы да момын, сорлы қазақтың арқасында шыпылдай бастады.

Дәл қашып кетерінің алдында «жәрдем» деп, үй басы малдай, нәрседей, ақшадай, қанша алғаны жұртқа мәлім. Байдың төлегенін кедей де төледі. Нашардың көбі тұралап қалды.

Оның бер жағында күні кеше қашып бара жатқан ақтар не істемеді? Малды алып, мүлікті талағанымен тұрмай, бишара қазақтың қыз келіншектеріне кол салды. Тоғытқан қойдай жұрт азнады, жетім балалардай зарлады. «Большевик талайды, біз тимейміз», деп үгіттеді, ақыр соңы жалмауыз, қан төккіштерді артынан кешікпей қызыл әскерлер жер жастандырды»...

Газеттің бұл санында Болат деп қол қойған бізге белгісіз ақын қазаққа бостандықтың таңы қалай атқанын суреттеген. Осы өлеңінен үзінді келтірейік:

Сен де алдың бостандықты қазақ халқы,
Бауырлық, туысқандық, теңдік жалпы,
Баласы адамзаттың бірдей болып,
Қайтпастай ұшырылды құлдық салты.

Зорлығы есіме алсам толып жатыр,
Ойнақтап, осыны бізге қылған топыр,
Қан сорғыш қара жүрек залымдардың,
Өміріме қарақшы боп батты ақыр.

Қазағым! Құлағың сал әбден ұғын,
Талай ер теңдік үшін болып шығын,
Талайға теңдік берген қызыл әскер,
Батырып залымдардың қарашығын,

Кім? дейсіз айтшы қазақ қызыл емей,
Не қылды! Еңбекшінің қамын жемей,
Солардың арқасында теңдік алып,
Сенде қосыл, ел қатарына болма өгей.

Газет шығаруға бөгет болған тағы бір жайт -ол баспаханада араб әліпбиінде қазақ емлесіне бейімделген әріптердің болмауы, қағаз тапшылығы еді. Новосібір облыстық партия архивінде сақталған РКП (б) Сібір бюросы жанындағы татар -қырғыз (қазақ) облыстық бөлімінің Томск және Новоникольск мұсылман секцияларының 1920 жылдың 11 мамырдағы біріккен мәжілісінің шешімінде былай делінген: «...Татар -қырғыз (қазақ) халықтары үшін тұрақты мерзімді баспа органын, кітапшалар шығарып тұру баяндаманы тыңдай келіп, Сібірде татар-қырғыз (қазақ) халықтарына арналған саяси басылымдардың жоқтығын, оны орталықтан қажетінше алып тұруға мүмкіндік болмай отырғаны және қағаздың тапшылығын ескере отырып, былай деп шешілді: а) Сібір аумағында татар-қырғыз (казак) халықтары үшін тұрақты саяси баспа орындары мына қалаларда қалдырылатын болсын;

б) Омбы қаласында қырғыз (қазақ) тілінде шығатын "Кедей сөзі" ("Голос бедноты"). Аптасына үш рет 5 мың данадан.

РКП (б) Сібір бюросының жанындағы татар-қырғыз (қазақ) бөлімінің төрағасы М. Юсупов. Хатшысы Валеев».

Осындай шешім қабылданғанына қарамастан "Кедей сөзі" газеті аптасына үш рст шықпақ түгіл, арасына апталап салып әзер жарық көріп отырған. Оған дәлел: газеттің бірінші саны 22 ақпанда жарық көрсе, Алматыдағы республикалық архивтен бізге жіберілген екініші саны 7-ші наурызда ғана басылып іныққан. Қолымызға тиіп отырған газеттерден байқағанымыз, редакцияда тұрақты мекен-жай болмағанға ұқсайды. Мысалы, осы N 2 санында газет редакциясы Омбының «Россия» қонақүйінің 3-қабатындағы 61 бөлмеде орналасқан деп жазылса, N4,5 сандарында -редакциның мекен -жайын Омбы қаласы, Ямская көшесі, 11 үй, 22 қабат, 98 санында Омбы қаласы, Партия үйі, 22 бөлме деп көрсетілген. Бір қызығы, редакция келушілерді жұмадан басқа күндері сағат 10-нан 2-ге дейін (14-ке) қабылдайды деп жазылыпты. Жұма мұсылман қауымы үшін қасиетті күн болып саналатыны белгілі. Сонда қазақтар бұл күндері жұма намазына баратын болғаны ма? Ал Кеңес өкіметі алғашқы күнінен бастап дінге қарсы күрес бастаған жоқ па еді? Осы жағы түсініксіз. Оны зерттеу, зерделеу болашақтың ісі.

Кеңес өкіметі дінді ғана емес, «тап жауларынан» сыртқы басып кірмекші болғандардан құтылып, есін жия бастағасын ұлттық кадрларға да бас сала бастағанға ұқсайды. Саяси құғын-сүргін кезінде қаншама қазақ зиялыларының көзін құртса, билік басына орыс тілділерді отырғызу белең алды. «Жаны ашымайтынның жанында, басың ауырмасын» дегендей, олар ұлттық құндылықтарымызды, әдет-ғұрыптарымызды, тілімізді, дінімізді жойып жіберуге дейін әкелді. Билік басында қазақ зиялылары болған кезде өңірімізде "Кедей сөзінен" басқа да қазақ тіліңде бірнеше газет шығып тұрып, артынан жабылып қалыпты. Мысалы, 1977 жылы Алматыда басылып шыққан «Қазақ ССР газеттері» деп аталатын кітапқа сүйенсек, Петропавлда 1927-28 жылдары Ақмола губерниялық комсомол комитетінің «Жеткіншек», Совет (қазіргі Аққайың) ауданында 1933-1962 жылдары «Социалистік еңбек», Айыртау ауданында 1934-1935 жылдары «Колхоз майданы», Төңкеріс ауданында (орталығы қазіргі Жамбыл

ауданының Майбалық ауылы) 1932-35 жылдары «Колхоз туы», Бейнетқор (қазіргі Аққайың және М. Жұмабаев) ауданындағы, Киров атындағы астық совхозында 1933-36 жылдары «Большевиктік борозда», Петропавлдағы тері-былғары зауытында 1922 жылдан (жабылған уақыты белгісіз) «Екпінді» газеттері шығып тұрған. Қазір бұлардың бірі де жоқ. Ал орыстілді газсттердің бірде-бірі жабылмаған.

Қазақ тілінде шығатын газеттерді жабу, байлар мен орта шаруалардың малын тартып алу, Ресейдің орталық аймақтарынан келімсектерді Қазақстанға көшіріп әкелу, жергілікті халықты қуғын -сүргінге ұшырату, зиялы кауымды басшылық қызметтен алшақтату Филипп Голощекин 1925 жылы ВКП (б) Қазакстанның өлкелік комитетінс бірінші хатшы болып сайланғаннан бастау алды. Оның осы теріс әрекеттері аштыққа әкеліп соқты. Сол тұста республикалық дәрежедегі басшылық қызметте болған біздің облыстың Ақжар ауданындағы Жарқын ауылының тумасы Смағұл Сәдуақасов Филипп Исаевичтің бұл саясатына қарсы шықты. Осыған дейін Орынборда жастар ұйымының хатшысы, «Еңбекшіл Қазақстан» (казіргі «Егемен Қазақстан») газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы, Қазақ СР халық ағарту комиссары, Ташкенттегі қазақ педагогика институтының ректоры қызметтерін атқара жүре қылышынан кан тамған қилы заман саясатына, тоталитарлық жүйеге қарсы тұра білді. Артынан Мәскеу көлік-инженерлік институтын бітіріп, Мәскеу-Донбасс теміржолы құрылысында кенеттен сыркаттанып, небары 33 жасында қайтыс болды.

Біздің қолымыздағы "Кедей сөзінің" екінші санында Алаш жұртының азаттығын аңсаған, өзінің қысқа ғұмырын соған арнаған қайсар жерлесіміздің «Азық-түлік» мәселесі деп аталған көлемді мақаласы жарияланған. Енді содан үзінділер келтірейік:

«Азық түлік мәселесі».

Жұрт қайтсе нәрсе алады? Осы күні қазақ ішінде бар, жұрттың аузына алған мәселелердің ең үлкені азық -түлік мәселесі.

Қазақ халқы ішер шәйға, киер киімге жарымағалы төрт жылдан асып барады, нәрсенің азайғандығы, әсіресе кедейлерге жаман батты, бұрын бір тайыншасын сатып шәй алатын; әрі көйлек-көншек, кампиттерін оңдап алатын, казір бір тайыншасына оңдап көйлек-дамбал киім де алмайды деуге жатады. Мұндай мұқтаждық жалғыз қазақта болып отырған жоқ, орыс жұрты да аш, төрт жылдан бері көрген күні осы; бірақ орыс жұртының еңбекішіл, қайсар халқы ел қамын жеген; халықшыл оқығандардың арқасында бізден анағұрлым ілгері отыр; бұрыннан орыс қалаларында ұйым, дүкен деген болатын. Бұл ұйым дүкендерінің мақсаты: арзан бағамен өз мүшелеріне киермен, һәм ішермен нәрселер алып беріп тұру еді; соңғы төрт бес-жылда мұқтаждардың көп кездесетін ішетін шәйі сол ұйым дүкендерінен алып тұрды. Совет Үкіметінің (Кооперация) түрлі шығарған декреті (законы) бойынша жалпы халыққа керек нәрсені кооперативтерден алады. Кооперация дүкені ашылмаған жер қалмайды, қазақ халқы енді нәрсе алса, жалғыз кооператив арқылы ғана алады, Сондықтан ел ауылнай басы кооператив дүкендерін ашуға міндетті.

Халыққа нәрсе үлестіретін жұмысты осы күні жалғыз -ақ кооперация қолына алады. Себебі кооперация баяғы капитализм заманынан бері іс істеп әдіс алып реттеп көріп келеді. Сондықтан кооперацияны бұзбай, қайта оны бұрынғыданда күшейтіп, ендігі болайын деп тұрған жаңа түрдің негізіне салу керек.

Азаматтар тұрмысы күннен күнге ауырланып, шаруа күйзеліп барады, елдің нашарлары әлде қашан шәй ішуден қалды, көбі көйлексіз жүр. Көптен бері шын халық пайдасын ойлаған жігіт болсаң, мына жасалайың деп жатқан ұйым, дүкендердің басына тұрып халыққа нәрсе алып беруге көмектес. Сөйтіп, аш-жалаңаш отырған кедейдің көрген көзжасындай бұрынғыдай түкке тұрмайтын партияны қума? Біл! Бұл заман сөздің заманы, аямас жұмыстың заманы. Кейбіреулері айтарсыңдар: «құдай -ай нәрсе беріп не жарытар дейсің, баяғы өзіміздің еркін алатынымыз жақсы еді» деп, бұл білместіктен айтылған сөз. Әрине ұйым дүкені көп береді деп ешкім айта алмайды. Бірақ көп алатын қайда? Буны азсынсаң, біраздан соң азды да таба алмассың. Сиыңды

аз берсе азсынбай, көп берсе көпсінбей, жақсы демей жаман демей, әйтеуір қолға түскенін ала беру керек. Осы күні нәрсе таңдайтын заман емес; соңына таман ішкі соғыс тоқтаған соң, жұрттың бәрі татушылыққа келген соң, жол ашылған соң нәрсе де көбейеді, ондада нәрсе көбейгенімен бұрынғыдай еркін сауда болмайды; бәрі бар нәрсені ұйым дүкендері арқылы алатын болады. Ұйым дүкендері қалай ашылып, қалай тұратындығы туралы сөйледік, тағы келесі нөмірде сөйлейміз.

Смағұл Сәдуақасов.

Бұл жерде болашақ кеңестік мемлекет, саяси, мәдениет қайраткері неге сауда -саттық мәселесі туралы газетте макала жариялады екен? -деген сұрақ туады. Оған жауап іздеп көрдік. Смағұл Сәдуакасовтың өмір жолын, атқарған қызметтерін зерделей келсск, дәл "Кедей сөзі" газеті алғаш шығарыла бастаған кезде, яғни 1918-1920 жылдары ол Омбыла «Центросибирь» кооперативтер бірлестігінде қызмет істепті. Бар-жоғы діни білім алып, арабша ғана хат таныған, сол кезде 18-ақ жастағы ауыл жігітінің Омбыға, орыс арасына келіп, жауапты қызметке орналасуының өзінен -ақ оның алғырлығын, болашағынан зор үміт күттіретін азамат болғанын аңғару қиын емес.

Тарих ғылымының докторы, көзі тірісінде Қазакстан Республикасы Ұлгтық ғылым академиясының академигі болған Серікбай Бейсембаев өзінің «Ленин және Қазақстан» деген еңбегінде: ..Партия, Совет және мәдениет құрылысы жұмыстарына бұрын теңдік ала алмай, қараңғы қалған қазақ әйелдерін тартуға ерекіше үлкен көңіл бөлінді. Бұл жөнінде 1920 жылы губерниялық және уездік партия комитеттерінің жағынан құрылған әйелдер бөлімі үлкен жұмыс атқаруға тиіс болды.., – деп жазады. Әрине, әйелдерді мемлекеттік басқару орындарына жұмысқа тарту үшін ең алдымен оларды сауат ашу курстарына, рабфакторға, партия мектептеріне, коммунистік университеттерге жіберіп, оқыту қажет болды.

Осыған байланысты қалалар мен елді – мекендерде жаппай сауат ашу курстарының ашылғаны тарихтан, көнекөз қариялардың әңгімелерінен белгілі. "Кедей сөзінің" аталмыш санында «Әйелдер оқу жайы» деген тақырыпта берілген қысқа хабарда былай делінген: «Біз оқуға көксегелі екі айдан асып барады... оқулық болатыны, болмайтыны белгісіз болғандықтан мезгілінде бастамадық... Мұндағы оқытып жатқандардың күні оңды емес. Қағаз, қарандаш жетпейді. Керосин жоқ, маймен алып жағарға ақша жоқ.

Жаз өтіп келе жатыр. Күн ұзарып, жылынған соң тұрмысымыз түзеле ме деген үмітіміз бар. Мұғалім».

Академик Серікбай Бейсембаевтың пайымдауынша: «Қазакстан партия ұйымы республика комсомол ұйымына басшылық ету жұмысын күшейтті. 1920 жылы республика комсомолы қатарында 20 мыңнан астам жастар болды... Қазақстан комсомолы жастарды тәрбиелеу ісіне, халық шаруашылығын қалпына келтіру, социалистік мәдениетті гүлдендіріп жаңа тұрмыс құру жолындағы күреске құлшына кірісті...» Осы орайда Сібір мен Қазақстанның солтүстік өңірінде партия және комсомол-жастар ұйымдарын құру, солардың жұмысын жолға қоя отырып, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға әсер ету жолында ауқымды шаралардың қолға алынғаны байқалады. Оған "Кедей сөзінің" екінші санында жарияланған «Ішкі хабарлар» деп аталатын шағын мақала дәлел бола алады: «Сібірден елге шығатын қазақ жігіттері жуырда Сібірдің совет қызметкерлерінің школын бітіріп шыққан қазақ жігіттері Омбы губерниясының уездеріне шықпақ, бұл жолдастардың ең бірініші жұмыстары: еліңе совет өкіметінің жәйін түсіндіріп, болыснай, райкомдарда отырған адамдардың елге пайда тигізе алатынын аныктап, һәм партия ұйымдарын ашу. Нашарларға жөн көрсетіп, оларды теңдік алатын орындарға сілтеу, һәм басқа осы секілді жұмыстар...

Омбыда қазақ-ноғай жастарының коммунизм тізгініне құрылған ұйымы ашылды.

Ұйымды ашқан бірінші жиналысқа 30 шамалы жастар жиналды. Осы секілді жастардың ұйымдарының тәртібі бойынша нашар халықтың есін жиып, еңбекішіл адам баласын социализм тұрмысына жақындату...

Мысалы: әдеп, театр, музыка, һәм басқалар. Ел ішінен ұйымға жазыламын дегендер, һәм осы секілді ұйым ашуға талабы бар, адал жүректі, ақ ниетті жастар алынады. Әзірге ұйымды басқаратын комитет сайланды. Ұйымды басқаратын комитет Омбы, гостиница Россия, 3 -ші кабатында, 52 бөлмеде».

Біз талдап отырған "Кедей сөзі" газетінің екінші саны РКП (большевиктер) мұсылман ұйымы бюросы мен Омбы губерниялық революциялық комитетінің органы ретінде басылып шыққан. Ал N4,5,8 сандары РКП (болышевиктер) татар-қырғыз (қазақ) Сібір облыстық бюросы мен Омбы губерниялық атқару комитетінің органы болып жарық көрген. Сөйтіп, Омбы, Петропавл, Кокшетау, Ақмола және Атбасар уездеріне таратылып отырылған. Ал Ақмола губерниясының құрылуына байланысты "Кедей сөзі" газеті "Бостандық туы" деген атпен 1921 жылдың 19 наурызынан бастап губерния орталығы Петропавл қаласында шыға бастады.

Сәуле МӘЛІКОВА,
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі.

Орайы келген сұхбат
Қасымхан АБДУЛЛАҰЛЫ:

«КЕШІРІМ ЖОЛЫН ҰСТАНЫП, ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА ТЫРЫСАЙЫҚ»

Барша мұсылман қауымы қуана қауышып, қимастықпен шығарып салатын Рамазан айының аяқталуына санаулы-ақ күн қалды. Денсаулығы көтеретін жамағат тамыз айының ұзақ күндеріне шыдап ауыз бекітті. Бұрындары қариялар айтып отыратынындай, түннің ұзақтығы сүт қайнатымдай ғана уақытқа созылуда. Сондай түндердің бірі – Қадір түні. Ол биыл 26 тамыздан 27-сіне қараған түнге сәйкес келеді.

Қасиетті Қадір түні дегеніміз не, ол қалай өткізіледі, ораза кезінде ауыз аштырудың мәнісі неде, пітір садақасын не үшін береді, Ораза айтының мәні не? Осы сауалдарға түсінік беру үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкіл имамы, "Қызылжар" орталық мешітінің бас имамы Қасымхан қажы Абдуллаұлына жолыққан едік. – Қасымхан қажы, ең алдымен оразаңыз қабыл болсын!

– Бірге болсын! Алла қуат берсін!

– Сұхбатымды мына бір оқиғадан бастасам ба деп отырмын. Жамбыл ауданының Ақбалық ауылындағы жеті жылдық мектепте оқыған кезімде үш жыл нағашым Ахметтің Шәймерденінің үйінде тұрдым. Тақуа адам еді. Күнұзаққа Құран оқиды да отырады. Мені шақырып алып қазақша мағынасын түсіндіреді. Сол нағашым Сәбит Мұқанов әке-шешесінен айрылып, жетім қалғанында әдейілеп барып, үйіне алып келіпті. Сөйтіп, ол балаларды оқытатын ұстаз болады. Оразаның іші екен, нағашымның үйіне қари келеді. Тарауық намазы алдында қариямен бірге қолына құман ұстап бала-молда Сәбит те тысқа шығады. Осы кезде аспан аппақ болып кетеді.

– Сәбит, не көрдің? – дейді қари.

– Жұмақтың есігі ашылды ғой, – дейді Сәбит.

– Не дедің, қандай тілек айттың? – дейді қари.

– Екі дүниенің рақатын бер, дедім, – дейді Сәбит.

Сол кезде "Менің аузыма Құдай ештеңе салмады ғой", деп қари жылап жібереді. Сәбит көзі тірісінде осы оқиғаны айтып отырушы еді. Шынында да, ол кісі бұл дүниенің рақатын көріп өтті. Ал, Қасымхан қажы, сонда Қадір түні тілеген тілектің орындалатыны болғаны ғой, сірә?

– Алла ағала Құран Кәрімнің "Қадір" сүресінде былай дейді: "Негізінде Құранды Қадір түнінде түсірдік. Мұхаммед (с.ғ.с.) Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні мың айдан қайырлы. Періштелер және Жәбірейіл (ғ.с.) ол кеште Раббыларының

рұқсаты бойынша барлық істерді атқару үшін жерге түседі. Ол бейбітшілік кеші таң рауандағанға дейін жалғасады". Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: "Кімде-кім Қадір түнінің қасиетіне сеніп, сауап жасай отырып, ғибадат етсе, өткен күнәлары кешіріледі", – деп бұл түннің аса маңызды, ерекше түн екенін ескерткен.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Сендер Қадір түнін Рамазан айының ақырғы он күндегі тақ күндерден іздеңдер", – деген. Ол биыл 26 тамыздан 27-сіне қараған түнге сәйкес келіп отыр.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистеріне, сахабалардың біліміне сүйене отырып, исламтанушы ғалымдар оразаның 27-ші түнін "Қадір түні" деп белгілеген. Бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оразаның соңғы он түнінде де құлшылық жасаудың сауабы мол екенін айтқан болатын. Сондықтан осы күндері Рамазан айының басқа күндеріндегіден де гөрі Алла тағаладан шын жүректен біліп-білмей істеген күнәларға кешірім сұрап, сауабынан үміттеніп, қазіргі тұрмысымызға, жер басып, жарық дүниеде өмір сүріп жүргенімізге шүкіршілік ете жалбарынуымыз қажет.

Қадір түні – бізге, мүминдерге Алла тағала берген шексіз мейірімділік белгісі, үлкен ілтипаты. Бұл түнді Алла ризашылығы үшін намаз оқып, Құран оқып, дұға етіп, дұрыстап өткізуіміз керек.

Айша анамыз бір күні Пайғамбарымызға:

"Я, Расулаллаһ! Қадір түнінде қайтіп дұға етейін?" – деп сұрайды.

Пайғамбарымыз былай деп жауап береді: "Былай де: "Аллаһумма таннақа ғафуун тухиббуль ғафуа фағфу ғанни". Мағынасы: "Иә, Алла, Сен кешірімдісің және кешіргенді жақсы көресің. Мені ғафу ет!".

Сүйікті Пайғамбарымыз үйреткен бұл дұғаны біз де Қадір түнінде қайталайық. Қасиетті түндерді Алла ризашылығы үшін нәпіл намаз оқу, қаза намаз оқу, Аллаға тасбих айту, Құран оқу, Пайғамбарымызға салауат пен сәлем айту, күнәларымыздың кешірілуі үшін Алладан кешірім өтініп, дүние және ақыретке байланысты тілектерімізбен дұға қылып, қолымыздан келгенше қайырымдылық іс-шаралар өткізіп, кедейлерді қуанту сияқты ізгі істермен өткізуіміз керек. – Әдетте Қадір түнінде мешіттерде халық көп жиналады. Әсіресе, жастар. Десек те, Қадір түнін үйде отырып-ақ қарсы алуға болмай ма?

– Әрине, үйде отырып-ақ Қадір түнін қарсы алуға болады. Бірақ мешітте қарсы алудың жөні басқа. Мұнда имамдар Құран оқиды, зікір айтады. Оның үстіне жиналған қауым имамдардың уағызын тыңдайды, өздерін толғандырып жүрген сауалдарына жауап ала алады. Сондықтан Қадір түнін мешітте өткізудің сауабы көбірек болады. Оның үстіне биыл Түркиядан арнайы келген қари Сүлейман Қисаоғлы Құран хатым етеді.

– Ораза кезінде мұсылман отбасылары ауыз ашырады. Бұл тірілер үшін бе, әлде аруақтарға дұға оқытуға арналған амал ма? Оның сауабы қандай?

– Осы Рамазан айында әрбір мұсылманның жасаған игі іс-әрекеттеріне сауап еселеп жазылады. Соның ішінде ауыз аштырудың сауабы ерекше. Бұл ең бірінші – тірі адамдардың өздері сауап алуы үшін жасалатын амал. Ал жамағатты жинап, ауыз аштырғаннан кейін, әрине, аруақтарға дұға оқылады, Алла тағаладан олардың күнәларын кешіру, жұмақтан орын беру сұралады. Сондықтан ауыз аштырудың тірі адамға да, бақилық болғандарға да тигізер сауабы көп.

Рамазан айында мұсылманға парыз амалдарды орындаған адам өзге айларда істегендегілерінен еселенген сауапқа ие болады. Ораза ұстаған адамдардың аузын аштырса, оның біліп-білмей істеген күнәлары кешіріліп, бақилық болғанда тозақ отынан азат етілуіне септігі тиеді. Егер өзі ораза ұстамаса, оған аузын бекіткен адамдардікіндей сауап жазылады. Ауыз аштыру үшін аста-төк табақ тарту, дастарқанда орын қалмайынша тағам қою міндет емес. Ораза ұстаған адам тоятындай азық-түлік болса жеткілікті. Оған дәлел: бірде сахабалар Мұхаммедке (с.ғ.с.) "Уа, Алланың Расулы! Біздің әрбіріміздің ораза ұстағанды тамақтандыруға

шамамыз жете бермейді", – деген екен. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға Алла тағала сауабын береді", – деген екен. Осы Рамазан айында жасалған басқа да қайырымдылық шаралардың сауабы өзге уақытта істеген барлық жақсылықтағыдан артық болатынын ұмытпағанымыз жөн.

–Рамазан айында атқарылар міндеттердің тағы бірі – пітір садақасын беру. Пітір садақасы не үшін беріледі және оның сауабы қандай? Пітір садақасының мөлшері Қазақстанның әр өңірінде әртүрлі. Мысалы, Алматыда әр адамға 100 теңге болса, Қызылжарда – 150 теңге. Бұл сәйкессіздіктің себебі неде? Жамағат "Алматыда тұратындар бізден кедей болып па?" деген сұрақ та қояды. Бұл жайлы не айтасыз?

– Пітір – араб тілінде жаратылыс деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл – жан садақасы. Кейбір діни ғұламалар оны "дененің зекеті" деп атаған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Рамазан айында берген пітір садақасы ораза ұстаушыны бос сөздерінің кірінен, әдепсіз айтқан сөзінің күнәсінан пәктейді және кембағалдар үшін азық екенін, сондай-ақ тозақ отынан құтылатынын, барлық күнәларынан тазаратынын, ұстаған оразасы қабыл болатынын, жәннатқа кіруге уәжіп болатынын, сол жылғы істеген істерін қабыл ететінін, сират көпірінен қиналмай өтетінін, мизан таразысында сауап жағы басым болатынын айтқан. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманында пітір садақа төрт азықтан берілген. Олар: бидай, мейіз, құрма және арпа. Оның үкімі Ханафи мазһабы бойынша жазылған Фиқһ кітаптарында кеңінен баяндалған. Қазіргі уақытта кейбір азық-түліктер жергілікті базарда саудаланбауы және күнделікті қолданыстан шығып қалуы пітір садақа мәселесін қайта қарау керектігін талап етуде.

Астана қаласында үш ірі және онға жуық шағын көк базарлары бар. Сол базардың біреуінде де бидай да, арпа да сатылымда жоқ. Бұл жағдай басқа облыс пен аудандарда да солай. Сондықтан Ханафи фихһ пәтуаларын негізге ала отырып, бидай орнына пітірді күнделікті қажеттілігімізге айналған ұн және оның өнімдерімен (талқан, макарон, вермишель, т.б.) есептеп шығарған дұрыс. Пітірді азық түрінде немесе оның бағасын шығарып ақшалай беруге де болады. Оның бағасы жергілікті базардағы бөлшек нарықпен есептелуі тиіс. Әбу Йусуф (р.а.): "Бидайдың орнына ұн, ал ұн мен бидайдың орнына бұл екеуінің дирһамын (ақшасын) берген абзал", – деген.

Астана базарындағы қазіргі таңдағы баға бойынша пітір садақа берілетін азық-түліктің бағасы төмендегіше:

Ұн бойынша – 170-260 теңге (85 тг. /кг. х 2 кг. – 130 тг. /кг. х 2кг.).

Мейіз бойынша – 3000-6000 теңге (1500 тг. /кг. х 2 кг. – 3000 тг. /кг. х 2 кг.).

Құрма бойынша – 11 200 теңге (2800 тг. /кг. х 4 кг.).

Сонымен пітір садақа берілетін бидай ұнының ең төменгі бағасы бойынша биылғы пітір садақа мөлшері кісі басына 150 теңге болып бекітілді. Алайда, мейіз және құрманың бағасы бойынша пітір садақасын беруге де болады. Ал Алматыда ол 100 теңге шамасында.

Кім бұл бағаны ауырсынса, білсін: пітір садақасын беру күнделікті қажетінен артық байлығы нисапқа жететін қалталы мұсылмандарға ғана міндет. Ал жағдайы жоқ азаматтар өздерінің қалауы бойынша бере алады. Пітір садақасын кедейлерге, мұқтаж жандарға, жетім-жесірлерге, мешіттерге беруге болады.

– Тамыздың 30-шы жұлдызында үш күнге созылатын Ораза айты басталады ғой. Ол қандай мереке және қалай аталып өтіледі?

– Бұл мереке бір айлық оразадан кейінгі жалпыхалықтық ауызашар іспеттес. Кей ғалымдар бұл айтты "Ифтар", яғни "ауызашар айты" деп те атаған. Айттың алғашқы күні мұсылман адам ерте оянып, дәрет алып, таза, жаңа киім киіп, жұпар иіс сеуіп, айт намазына қатысуы міндетті. Ораза айтында ата-ана мен қарияларға сәлем беріп, батасын алу, сырқат адамдардың көңілін сұрау да ізгілікті амалдарға жатады.

Ораза айты күндері бұрын ренжісіп қалған кісілермен татуласып, қатынас үзіліп қалған туыстардың, дос-жарандардың үйлерінде болып, жағдайларын білу де

маңызды. Алла тағала: "Сен кешірім жолын ұстан, жақсылыққа бұйыр, надандықтан бет бұр", – деп мұсылмандарды барынша кешірімді болуға шақырған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, бас мүфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі де мұсылман халқын үнемі қайырымды, төзімді болуға, барлық ұлттармен ынтымақтастыққа, достыққа, татулыққа шақырады. Ораза алдында дүкендерде арақ-шарап сатпау, тойларды ішімдіксіз өткізу, коммуналдық және басқа қызметтерді он пайызға арзандату, құмар ойындар ойнамау жөнінде Үндеу жолдады. Бұл бастама барлық қазақстандықтар сияқты біздің өңір мұсылмандары арасында да қолдау тапты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы ішкі және сыртқы саясатының арқасында еліміздің көркеюімен бірге ислам діні де өркен жайып келеді. Биыл сүйікті Отанымыз үшін ерекше жыл. Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 20 жыл толғалы отыр. Осы мерекелі жылы егемен еліміз Ислам ынтымақтастық ұйымының тізгінін қолға алып, жер жүзі мұсылмандарын бірлікке бастап отыр. Осыған шүкіршілік етейік, қол жеткенді баянды ете білейік, кешірім жолын ұстанып, жақсылық жасауға тырысайық.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
"Қызылжар" орталық мешітінің
баспасөз хатшысы.

ШАБЫТЫМНЫҢ ҚАЙНАРЫ

Менің бүкілге дерлік саналы ғұмырым бүгіндері Қызылжар өңірінің өшпес шежіресіне айналып отырған «Солтүстік Қазақстан» газетімен тікелей байланысты. Яғни, Қазақ еліндегі алғашқылардың бірі болып ұлттық тілімізде жарық көрген осы мерзімді баспасөз құралының жүріп өткен бір ғасырлық жолының жартысынан астамы менің көз алдымда, оған тікелей қатысым бар деп айта аламын.



Өйткені Тың өлкесі таратылып, бұрын жабылып қалған облыстық басылымдар қайта ашылған 1966 жылдың басында осы «Солтүстік Қазақстан», (ол кездегі «Ленин туы») газетіне әдеби қызметкер болып қабылданған едім. Содан бергі өмірім, арасында облыстық телерадиокомпаниясында қызмет істесем де, осы газетпен тікелей байланысты. Осы арада журналистика саласына калай келгенімді қысқаша айта кетейін. Менің туған жерім қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Қарақамыс ауылы. Бұл елді-мекен жерлестеріміз – академик-жазушы Сәбит Мұқановтың кіндік қаны тамған Жаманшұбар мен сөз зергері Ғабит Мүсірепов дүниеге келген Елтінжалдың қақ ортасында орналасқан. Сәбит Мұқанұлы әке-шешесі дүниеден өтіп, жетім қалғанда менің нағашым Ахметтің Шәймердені үйіне әкеліп, балаларды оқытатын ұстаз етіп қойғанда шешемді арабша жазу-оқуға үйретсе керек. Ол туралы «Өмір мектебінде» Сәбең «...Шаруа баққан момын Шәймерден үй ішіне жәйлі жігіт...Оған қоса оның бір мінезі әйелімен, шешесімен,

балаларымен, әсіресе Көкеш, Бөкес аталатын үйелмелі-сүйелмелі қыздарымен, менімен, үйіне қыдырып келген басқа адамдармен қылжыңдасып ойнап отырады...», деп жазады. Осындағы Көкеш менің анам. Ауылымыз 1921 жылдан 1938 жылға дейін Ақмола губерниясының Петропавл уезіне, одан кейін орталығы Петропавл қаласы болған Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарына қараған. Ал 1938 жылдан 1963 жылға дейін Қостанай облысының қарамағына енген, 1963 жылы қайта Солтүстік Қазақстан облысына ауыстырылған. Осыған сәйкес менің туғанымнан бастап орта мектепті бітіргенге дейінгі өмірім Қостанай облысымен тікелей байланысты болды. Сондықтан да мен оқушы кезімнен қысқа хабарларымды Қостанайда шығып тұрған «Коммунизм жолы» облыстық, Пресногорьков, одан кейін Ленин (қазіргі Ұзынкөл) аудандарының «За коммунизм», «Светлый путь», ауылымыз Солтүстік Қазақстан облысына ауысқаннан кейін Преснов аудандық «Целинник», Целиноградта (казіргі Нұр-Сұлтан) шығып тұрған «Тың өлкесі» газеттеріне жиі жазып тұрдым. Хат-хабарларым сондай-ақ «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас», «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс» журналында да жарияланып тұрды.

Орта мектепті бітіріп, қолыма аттестатымды алғаныммен оқуымды одан әрі жалғастыруыма мүмкіндік болмады. Шешем ерте дүние салды, әкем Мырзахмет Жантеміруұлы соғыс жылдарында трактор-егіс бригадасының бригадирі болып істеп, ауылда қалған кәрі-құртаңдар, балалар, жесір әйелдер тізгіндеген ескі техниканы жөндеумен айналысып, денсаулығы сыр бергендіктен совхоз шаруасына онша араласа алмаған еді. Сондықтан көршілес Жалтырша, Ақбалық ауылдарында мұғалім болып істеуіме тура келді. Содан кейін мені қыстап совхоз комсомол ұйымына хатшы етіп сайлады. Егер осы тұста «Ленин туы» газеті қайта шыға бастамаса, менің тағдырым қалай болар еді деп ойлаймын? Бұл 1965 жылдың желтоқсан айы болатын. Аудандық комсомол комитеті пленумға шақырды. Сонда фототілші Анатолий Розенштейн мені газетке беремін деп суретке түсіргенде жаңа жылдан бастап «Ленин туы» газеті қайта жарық көре бастайтынын, оған жазуға ыңғайы бар жастарды тартатынын айтты. Осы әңгіме маған ой салды. Сөйтіп жүргенде газеттің алғашқы саны да қолға тиді. Мүмкін, бағым жанса мені де қабылдап қалар деген оймен редакторға телефон шалдым.

– Иә, жазуға қабілеті бар жастарды жұмысқа тартып жатқанымыз рас, ондай ойың болса менің атыма хат жазып жібер, – деді редактор Құрмантай Меңдіғожин. Келісім бойынша редакторға хат жаздым. Онда қысқаша өмірбаянымды, қандай басылымдарға хабар-ошар жазып тұратынымды жоғарыда айтқан фототілші түсірген менің суретімнің газеттің үшінші санында жарияланғанын баяндай келіп мен әлі жаспын ғой, білгенімнен білмегенім көп. Сондықтан да, егер редакцияға жұмысқа орналассам, аңсаған арманым, ҚазГУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түсер едім. Ендігі мәселе өзіңізге байланысты. Асыға жауап күтемін», -дедім. Осы хатқа көп кешікпей жауап та келді. Онда былай делінген: «Өзіңіз айтқан мәселені шешу үшін редакцияға келуіңіз қажет. Сәлеммен жауапты хатшы О. Моутенбаев. Көп кешікпей Петропавлға келдім. Қалада ешкімді білмеймін. Редакцияның қызметкерлері де мен көрмеген адамдар. Тек сырттай, нақтырақ айтсам, «Тың өлкесі» газетінде мақалалары жиі жарияланып тұратын, әсіресе ауылдардың тазалығы жөнінде проблема көтерген Сабыр Сауытбаевты ғана білемін. Амандық-саулықтан кейін редактор еңбекшілер хаттары және бұқаралық жұмыс бөлімінің меңгерушісі Ғазез Нұрмолдинді шақырып алып, менің жазу қабілетімді тексеруге тапсырма берді. Ол ең алдымен ауылдан келген бір хатты газетке басуға жарамды етіп қайта жазып шығуды тапсырды. Оны шама– шарқымша орындадым. Содан кейін АПН (агентство печати новости) деген дүние жүзінде болып жатқан жаңалықтары тарататын ұйымнан келіп түскен материалдардың бірін аударуға берді. Сөйлемдері ұзақ та күрделі, аударуға қиын екен. Сөздік сұрауға ұяламын. Оны да шама-шарқымша аударып бердім. Шамасы, жобам жаман болмаса керек, мені жұмысқа қабылдады. Бірақ қызметіме уақытында кірісе алмадым. Сол кездегі Преснов аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы

Виктор Коваленко менімен алдын-ала ақылдаспадың деп, жұмыстан босатпай, екі айдай әуреге салды. Ақыры облыстық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Шаймұрат Смағұловтың газетке журналист кадрлары қажет болып жатыр деп күш салуының аркасында ғана жұмыстан босап Петропавлға келдім.

Хатта жазғанымдай, келесі жылы Алматыға барып, ҚазГУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түстім. Ол кезде мен жауапты хатшының орынбасары едім. Бір орынға сегіз талапкер таласқанның өзінде емтиханды түгелге дерлік өте жоғары бағаға тапсырып, оқуға қабылдандым. Оған мектепте алған білімімнің көп көмегі тиді. Олай дейтінім, соғыс жылдары туған балалардың аздығынан бір класта бес-ақ бала оқыдық, ұстаздарымыз күн сайын біліміміздің тексеріп отырды. Көп оқушының ішінде көзге түспей жүре беретіндей емес, әр қадамың мұғалімнің қадағалауында болады. Университетте оқыған бес жыл бойына курстың старостасы болдым. Бізге дәріс берген Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин мені «ауылнай» деп атайтын. Қазақ журналистикасын қалыптастырушылардың бірі, профессор Қайыржан Бекқожин, өткен жылы дүниеден өткен профессор-жазушы Әбілфайыз Ыдырысов, профессорлар Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Белгібай Шалабаев сынды ғалымдар дәріс берді, олардан қазақ баспасөзінің тарихы, қазақтың ауыз және жазба әдебиеті, көркем аударма, жазу мәнері, стилистикасы, әлем мәдениеті және журналистиканың басқа да қыр-сыры туралы тәлім алдық. Оқуды бітіруге таяп, диплом жұмысының тақырыбын таңдау мәселесі туындаған ғылыми жетекшім Әбілфайыз Ыдырысов Республикадағы байырғы шақтағы басылымдардың бірі «Ленин туы» газетінің тарихын зерттеп, жазуға кеңес берді. Мен қуана келістім. Өйткені 1970 жылы газеттің алғашқы санының жарық көре бастағанына 50 жыл толуын кеңінен атап өтуге дайындық барысында көп материалдар жинақталған еді.

Мерекелік шаралар өткізу үшін ең алдымен газеттің бірінші санының қай жылы, қай күні шыққанын дәлелдейтін құжат немесе газеттің өзін табу қажет болды. Осы мақсатпен Ленинградтың (қазіргі Санк-Петербургтің), Мәскеудің, Новосібірдің, Омбының, Алматының, Петропавлдың мемлекеттік архивтеріне хаттар жазылып жіберілді, газет қызметкерлері іссапарға шығарылды. Бірақ газеттің бірінші саны табылмады. Тек архивтік құжаттардан Қызылжар өңірінде қазақ тілінде 1919 жылдан бастап газет шығарудың жоспарланғанын анықтадық. РКП (б)-ның Сібір бюросының жанындағы ұлттар бөлімі бюросының татар-қырғыз (қазақ) баспасының бастығы 1920 жылдың 22 мамырында Омбы губерниясының мұсылман-коммунистерінің бірінші конференциясында жасаған баяндамасынан осыған көз жеткіздік. Онда «1919 жылдың 23 желтоқсаннан бастап татар тілінде «Азат Сібір» газеті шыға бастады, қырғыз (қазақ) тілінде газет шығаруға бар мүмкіндікті пайдалансақ та, газет шығаратын қырғыздардың (қазақтардың) болмауынан бұл жұмысты 1920 жылдың ақпанына дейін іске асыра алмадық, 1920 жылдың ақпанынан бастап «Кедей сөзі» («Голос бедноты») газетін шығара бастадық» делінген.

Өкінішке орай, газеттің осы бірінші санын елу жылдан астам уақыт бірталай архивтер, кітапханалардан іздесек те таба алмай келген едік. Ақыры былтырғы, яғни 2019 жылдың соңына таман «Кедей сөзінің» алғашқы одан кейінгі бірнеше саны қолымызға тиді. Бұл істе Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сәуле Мәлікованың еңбегі зор. Алдында мен Сауле Зейноллақызына Мәскеудегі В. И. Ленин атындағы кітапханадан 1970 жылғы 30 кантарда редакцияның сауалына жіберген жауап хатының көшірмесін берген едім. Хатта «...Сіздердің Бүкілодақтық кітап палатасына 1969 жылғы 22 желтоқсанда жолдаған сауалдарыңызға мынаны хабарлаймыз: біздегі деректерге қарағанда «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 22 ақпандағы бірінші, сегізінші наурыздағы екінші сандары Ленинград қаласындағы Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасының ұлттық бөлімі қорында сақтаулы...», – делінген. Сауле

Зейноллақызының айтуы бойынша, облыстық мемлекеттік архив тарапынан аталмыш кітапханаға жіберілген сауал-хатқа қорда ондай газет сақталмаған», деп жауап келсе керек. Соған қарамастан Сәуле Малікова Санкт-Петербурге арнайы барып, кітапханадан «Кедей сөзінің» алғашқы санының көшірмесін алып келді. Міне, өз ісіне берілген, білікті маман деп осыны айт! «Солтүстік Қазақстанның» 100 жылдығы қарсаңында газеттің қалың оқырманына баға жетпес сыйлық болды бұл!

Мен, әрине дипломдық жұмысымды жазғанда «Солтүстік Қазақстан» газетінің бастауы «Кедей сөзінің» алғашқы саны болмаса да архив құжаттарын кеңінен пайдалануға тырыстым. Оған қоса Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивте сақталған газет тігінділерін түгелге дерлік оқып, қажетті деген хабарлар мен басқа да материалдарды қойын дәптеріме жазып алып отырдым. «Кедей сөзінің» алғашқы сандарының араб яғни төте оқу әліпбиімен басылғаны баршаға белгілі. Бұл маған қиындық туғыза қойған жоқ. Өйткені С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистка факультетінде сырттай оқыған жылдары шет тілінің орнына араб тілін оқыған едік. Бізге Ташкент университетінің шығыстану факультетін тәмамдаған, еліміз егемендік алғаннан кейін Құранды қазақшаға аударған Нұралы Өсеров сабақ берген болатын. Соның пайдасы тиді.

Одан әрі газет латын, бертін келе кириллица ғаріптерімен шыққан екен. Мысалы, 1920 жылғы 7 наурыздан бастап, «Бостандық туы» деген атпен шыға бастаған газеттің 1929 жылға 30 қазанындағы №68 (652) санында «Жаңа әліппе» деген тақырыппен латын әліпбиінің нұсқасы берілген. Осы саннан бастап газет шағын хабарларды латын ғаріпімен жариялай бастаған. Аты осылай өзгертілген газет Қазақстанның құрамына енетін жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымның дүниеге келуіне орай РКП(б)-ның Ақмола губерниялық комитетінің және губревкомның органы ретінде оның орталығы Петропавл қаласында шығарыла бастаған еді.

1928 жылдың 14 қарашасынан 1932 жылдың 1 мамырына дейін «Кеңес ауылы» деген атқа ие болған. Газет түгелдей латын әліпбиімен шығып тұрған. Одан кейін яғни, 1932 жылғы 1 мамырдан аты «Ленин туы» деп өзгертілген бұл басылымның 1941 жылғы 10-шы шілдесіндегі санынан бастап кейбір материалдар қазіргі кириллицамен беріле бастаған. Сөйтіп өзінің бір ғасырлық жолында «Солтүстік Қазақстан» газеті заман ағымына орай үш түрлі әліпбиді пайдаланған.

Облыстық газет аумақтық-құрылымдық басқару жүйесінің ауысып отыруына байланысты «Кедей сөзі», «Бостандық туы», «Кеңес ауылы», «Ленин туы», «Солтүстік Қазақстан» деп аты ауысып отырғанмен өзінің бір ғасырлық тарихында Қызылжар өңірінің, ал ертеректе тіпті Омбы, Қарағанды, Ақмола, Атбасар, Көкшетау өңірлерінің шежіресін жасауда орасан зор қызмет атқарды және атқарып келеді. Газет осы жылдар ішінде қазақ тілінде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып саналғандықтан әрдайым әлемдегі, республикадағы, облыстағы болып жатқан саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы бүкпесіз, боямасыз түрде халыққа жеткізіп, мемлекеттің саясатын тұрғындарға жан-жақты түсіндіріп, оларды ортақ іске болашақ үшін еңбек етуге, халықтың әл-ауқатын барған сайын жақсартуға күш-қайраттарын аямай жұмсауға жұмылдыруда маңызды қызмет атқарып келеді. Осы газет редакциясында әр жылдары қызмет істеп, шығармашылық қабілеттерін шыңдаған Смағұл Сәдуақасов, Сабыр Шәріпов, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Асқар Тоқмағанбетов, Ғали Орманов, Әлжаппар Әбішев, Дихан-баба Әбілев, Жақан Сыздықов, Жұмағали Сайын, Шаяхмет Құсайынов, Сейтжан Омаров, Әбділда Тәжібаев, Сафуан Шаймерденов, Мәжит Дәулетбаев, Ғалым Малдыбаев, Ермек Қоңырбаев және басқа да көптеген журналист елге танымал мемлекет және қоғам қайраткері, ақын-жазушы, драматург дәрежесіне дейін көтерілді.

Беттері сарғайған газет тігінділерін ақтара отырып, осы газетте жоғарыда аталғандардан басқа да ақын-жазушылардың әңгімелері, очерктері, естеліктері, поэмалары мен өлеңдері, тіпті жазып жатқан кітаптарынан үзінділері, ғалымдардың

зерттеу мақалалары жарияланып тұрғанын көрдім. Мысалы, Темірғали Нұртазиннің «Сәбиттің поэзиясы» (№19. 1946ж), Жұмабай Орманбаевтың «Қазақ батыры» (№28. 1946ж), Мұхтар Әуезовтың «Жолы кең жазушы» (№19№1946ж), Сәбит Мұқановтың «Жүз жылдық жыршысы» (№102№1946ж.), Молдахмет Тырбиевтің «Келді, міне жыл құсы»(№102. 1946ж.), Мәриям Хакімжанованың «Жамбыл және халық фольклоры» (№108. 1946ж.), Ғабит Мүсіреповтың «Жамбыл Ұлы Отан соғысы кезінде» (№1426. 1946ж.), Жақан Сыздықовтың «Біздің ән», Аманжол Шамкенов пен Сафуан кезінде Шәймерденовтың «Қарындас» (№130. 1947ж.), Сағынғали Сейітовтың «Адамзаттың атынан». Омар Шипиннің «Бейбітшілік жасасын» (№33. 1951ж.) атты шығармалары мен поэма-өлеңдері осының дәлелі.

Баспасөз нағыз талантты адамдардың шығармашылық шеберлігін шыңдауға ықпал етсе, ондай қаламгерлер өздерінің шығармалары арқылы газеттің мазмұнын тереңдетіп, беделін асқақтата түскен. Соның дәлелі, газет 1939-40 жылдары Бүкілодақтық ауыл шауашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, көрменің Құрмет Кітабына жазылған. Одан кейін газет он мыңыншы санының шығуына байланысты, сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді игеру барысын баяндап отырудағы табысты қызметі үшін Қазақ Кеңестер Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1970 жылы газеттің шыға бастағанына елу жыл толуы мерейтойы «Құрмет белгісі» орденімен аталып етті. Осы жоғары награданы сол жылғы 25 мамырда Петропавл қаласында өткен салтанатты жиында Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы Сабыр Ниязбеков газет ұжымына тапсырды. Ал 1981 жылы газет Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің екінші дәрежелі дипломымен марапатталса, сол кезде редакцияның ауыл шаруашылығы бөлімін басқаратын менің, осы бөлімнің қызметкері Әскер Әбілқайыровтың, жауапты хатшының орынбасары Қайырбек Беймұқановтың кеудесіне ВДНХ-ның медальдары тағылды. Бұл менің алғашқы медалім емес еді. Жастайымнан колхозда өгізбен комбайннан қырманға астық тасуға қатысқан, ал тың игеру басталған шақта комбайнның шөмеле жинағышында, тіркеме шөп шабу машинкасына мініп, қырманда астық кептіріп, тазалаумен айналысқан еңбегім «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен аталып өткен болатын. Одан бөлек, «ҚР Мәдениет қайраткері», «Қазақстанның құрметті журналисі» атағына ие болуым, «Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталуым журналистика саласындағы жарты ғасырдан артық уақыт атқарған еселі еңбегімнің жемісі іспеттес.

Бұдан басқа, осы газетте қызмет етуімнің арқасында жерлес жазушыларымыз Сәбит Мұқановпен және Ғабит Мүсіреповпен отбасылық қатынас орнаттым. Солар арқылы партизан-жазушы Қасым Қайсеновпен, ақын Ғафу Қайырбековпен, аудармашы Алексей Белядиновпен, одан басқа жерлес-жазушы Сафуан Шаймерденовпен, ақын Қуандық Шанғытбаевпен сапарлас, дәмдес болу бақытына ие болдым. Олардың біразы туралы «Солтүстік Қазақстан» және басқа да газеттерде естеліктер жарияладым. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін туған жердің тарихын, ата-бабаларымыздың шежірелерін жинақтап, бірнеше кітап шығарғанда оларға сол естеліктерімді де кіргізіп отырдым. Ал 2010 жылы «Солтүстік Қазақстанның» 90 жылдығына орай диплом жұмысымды негізге ала отырып және оны архивтік құжаттармен тағы толықтыра келе газеттің тарихына арнап «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі» деген атпен жеке кітап етіп шығарған болатынмын. Осы табыстарымның бәрі, әрине өзмнің журналистік жолымды бастаған бұрынғы «Ленин туы», одан кейін, зейнеткерлікке шыққанға дейін қызметімді жалғастырған «Солтүстік Қазақстан» газетінің арқасы. Бұл газетті шабытымның қайнары деп білем.

Амандық ЖАНТЕМІРОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисі.

БІР ӘУЛЕТТЕН – ҮШ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ

БІР ӘУЛЕТТЕН – ҮШ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ

Өткен, жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылықтың және сол кезде жаппай тараған қорасан ауыруының салдарынан әке-шешеміз Мырзахмет Жантеміруұлы мен Көкеш Шәймерденқызы айналасы жиырма бес күнде бес баладан айырылып, жерге қарап қалса керек. Десек те, олардың көз-жасына жаратқан иеміз мейірімділік танытып, елімізде бас көтерер азаматтарды "халық жауы" деп қудалап абақтыға жауып, атып-шауып жатқан сонау 1937 жылы оларға маңдайы торсықтай бір ер баланы сыйлаған. Нағашы атамыз, діндар адам Ахметтің Шәймердені оған Сапи деп ат қойғанға ұқсайды. Бұл арапша "Сафи" деген сөз сапқа қосылсын, тұрып қалсын деген мағына білдіреді екен.

Нағашымыздың берген батасы, ақ ниеті орындалып, Сапидың артынан тағы үш ұл бала дүниеге келіппіз. Біздердің есімдерімізді Амангелді, Амандық, Амантай деп қойыпты. Анамыз сырқаттанып, ерте дүние салғаннан кейін әкеміз Шәмшия Ерімқызына үйленді. Олардан туған қарындасымыз Бибігүл Мырзахметқызы – кәсіпкер, Қостанай облысы, Таран ауданы, Нагорное ауылында тұрады. Қыздарын өсіріп, тұрмысқа беріп, күйеу балаларымен, жиендерімен, жиеншарларымен бір





За большой вклад в становление, строительство и благоустройство города, улучшение его архитектурного облика, развитие промышленности, культуры, быта, образования и здравоохранения

ЖАНТЕМИРОВУ
Амангельды
Мурзахметовичу

решением Рудненского городского маслихата от 31 июля 1997 года присвоено звание

ПОЧЕТНОГО ГРАЖДАНИНА
ГОРОДА РУДНОГО
(посмертно)

К. М. ТУКЕНОВ.

Н. Т. МАЛАХОВА.

елді-мекенде тұрады. Жеке кәсіптері бар, тұрмыстары жақсы. Тұрмыстың қиын кезінде інілері мен қайындарына қамқоршы бола білген аға-жеңгеміз Сапи Мырзахметұлы мен Әсима Мақанқызы туралы екінші ағамыз Амангелді Мырзахметұлының өмір жолы мен халқына сіңірген еңбегіне арнап жазылған "Доктор от бога" атты кітабымда барынша толық баяндағанмын. Інім Амантай екеуміздің балалық бал шағымыздағы басқа түскен қиындықтарымыз, қол жеткізген жетістіктеріміз туралы да осыдан бұрын жарық көрген кітаптарымда жазылған. Құдайға шүкір, біздің адал еңбегіміз бағаланды, Сапи Мырзахметұлы тың және тыңайған жерлерді игергені үшін және басқа да медальдармен марапатталды.

Амангелді Мырзахметұлы – Кеңестер Одағы (СССР) медицина саласының үздігі, жоғары санатты дәрігер, Ауған соғысына қатысушы интернационалист – жауынгер, Қостанай облысындағы Рудный қаласының Құрметті азаматы, "Құрмет" белгісі орденінің, "Еңбек ардагері", «От благодарного Афганского народа» медальдарының иегері атанды. Рудный қаласының бір көшесі оның есімімен аталды, ол еңбек еткен медицина мекемесінің қабырғасына ескерткіш тақта ілінді.

Амандық Мырзахметұлы – Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы, СССР және Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құремтті журналисі, ҚР мәдениет қайраткері, "Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін", Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көремесінің (ВДНХ) және "Қазақстан Тәуелсіздікке 20 жыл" медальдарымен марапатталған. "Атақоныс – Ақтомпақ", "Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі", "Жеті атаңды білесің бе?", "Сағындырған ауылым", "Доктор от бога", "Қарақамыс – Қапсаттар мекені", "Қапсыт (Аткелтір)" кітаптарының авторы.

Амантай Мырзахметұлы – Қостанай облысындағы Рудный қаласының құрметті азаматы, Еңбек ардагері, мемлекеттік қызмет ардагері.





ХИРУРГ ЖАНТЕМИРОВ

Как ни банально будет начало очерка, все же начну с отзывов о хирурге Жантемирове его пациентов. Они показались мне очень искренними и выражающими самую суть дела человека и отношения к этому делу самого человека.

"Сегодня я выписываюсь из больницы с сознанием того, что, наконец, встану в ряд здоровых людей. Как хорошо вновь просыпаться по утрам без головной боли, без спазма в горле, которые продолжительное время были моими страшными спутниками. Ваши волшебные руки исцелили меня. Может и другой хирург сделал бы удачно операцию. Но я выбрала Вас. Мне посоветовали: если оперироваться в Рудном, то непременно у Вас. Теперь я могу признать, что советовали верно. Я низко кланяюсь Вам, Амангельды Мурзахметович, настоящему виртуозу своего дела. Надежда Гец".

Таких отзывов в адрес заведующего ЛОР-отделением Рудненской городской больницы и его коллег в книге отзывов множество. "Спасибо Вам за ваши волшебные руки! Радостно сознавать, что в нашем городе живет и работает прекрасной души человек, замечательный врач, готовый в любую минуту прийти на помощь больному... Е. И. Рысева"

Встречаются врачи, которые разговаривают с пациентами тоном командира: "Делайте так, как говорю вам", "Слушайте мои советы, если хотите у меня лечиться". Не знаю, насколько данный в таком тоне совет оказывается действенным, одно точно, пациенты побаиваются такого рода эскулапов. Жантемиров не из тех, кто сюсюкается, говорит своему подопечному ласковые слова. Зато ему присуща доброта, беспредельная отзывчивость. У него, как у всех заведующих отделениями, есть дни и часы приема, когда он консультирует больных. Однако Амангельды Мурзахметович, если он в отделении, а в отделении его можно практически найти с восьми до восемнадцати часов, не отказывает ни одному больному в любое, свободное от операции время. Этим иногда злоупотребляют пациенты.



...В тот день у него была серьезная операция. Выглядел после нее очень усталым. После

трудной работы много и жадно курил. Курение – его страсть, как это ни странно. Он сидел за видавшим виды столом, положив на него натруженные, как у землекопа, руки. В коридоре послышался напористый голос: – Мне надо показать дочь. Да, именно Жантемирову!

На пороге показалась растерянная сестра. Хирург имел полное право отказать в приеме. Сегодня у него операционный день. Сегодня он загружен до отказа. Ведь и у хирурга есть предел терпению, работоспособности. Выпустив очередную порцию дыма, Амангельды Мурзахметович попросил сестру:

– Проводите больную в смотровой кабинет. Я сейчас приду.

Да, к сожалению, и хирурга захлестывает текучка, Только его текучка не похожа на текучку человека другой профессии. Учитель может на потом отложить операцию тяжелобольному, потому что больной может поплатиться жизнью. Вот почему Жантемирову и его коллегам приходится недосыпать, вставать с постели глубокой ночью, в самый разгар праздника уходить в операционную. А ведь нервные клетки у него, как у всех смертных, не подлежат восстановлению.

Телефонный звонок раздался поздно вечером. В трубке звучал голос знакомого хирурга.

– Сложный случай. Нужна твоя помощь. Машину за тобой отправили.

Через некоторое время он был в операционной. У больного прогрессировала лобная опухоль. Однако трудно было понять, где источник гнойника. Рентгеновский снимок не давал ответа. На нем было видно лишь легкое затемнение. Точно такое могло быть и у совершенно здорового человека.

– Видимо, источник абсцесса в лобных пазухах. Это по твоей части, Амангельды Мурзахметович.

– Может, и так...Проверить не мешает.

Сделали прокол. Но картина не прояснилась.

– Надо вскрывать сам нарыв, – предложил Жантемиров.

– Но ведь снимок ничего там не фиксирует подозрительного, – возразил коллега.

– Только на снимок полагаться нельзя.

Вскрытие показало, что лобная кость имеет дефект. Разрушена передняя стенка лобной пазухи. Своевременное вмешательство хирурга спасло жизнь молодому человеку.

Он шел трудной дорогой. Не искал для себя легкой жизни, не имел привычки за кого-то прятаться, перекладывать свою ношу на плечи других. В тот год, когда поступил в Алма-Атинский медицинский институт, умерла мать. Она долго болела. И узнав про желание сына стать врачом, обрадовалась:

– В доме будет свой врач! И болезнь мою изгоним.

Не дождалась. Родственники долго оберегали будущего доктора от печального известия. Однажды он обратил внимание, что в очередном письме из дома не было поклона от матери. Ему стало не по себе. "Сообщите, что с мамой?" – спрашивал сын. Эта смерть сделала его чуть замкнутым и в какой-то степени неистовым. Он с еще большим усердием принялся за учебу.

Молодого специалиста в Рудном быстро заметили. Еще тогда, когда трудился в детской больнице, опытный, чуткий, неплохо разбирающийся в людях доктор Шипина нет-нет да заметит:

– У вас хорошие руки, голубчик. Вам обязательно надо работать.

Так случилось, что в Рудном он повстречал своего товарища по институту Игоря Васильевича Галкина. Тот начал создавать в городе ЛОР-отделение. Галкин взял Жантемирова к себе. Амангельды Мурзахметович с благодарностью вспоминает о своем друге, учителе, товарище, большом энтузиасте. Уезжая из города, на вопрос: "Кого же вы рекомендуете вместо себя?". Галкин ответил, не задумываясь: "Амангельды, для этого у него есть необходимые данные".

Способный, задающий тон специалист, руководитель небольшого, но крепкого

коллектива, не заслонил собой других. Напротив, сумел добиться такого положения, когда виден в деле каждый. И это подтягивает людей, заставляет их дорожить честью товарищества, честью коллектива. Заведующий живет заботой своих подчиненных, подчиненные разделяют заботы своего шефа.

Сегодня это одно из лучших отделений городской больницы, с 1973 года носит звание коллектива коммунистического труда. Здесь ежегодно, проходит школу новое поколение хирургов-отоларингологов. Но Жантемиров не успокаивается на достигнутом. Он полон планов по переустройству отделения, мечтает начать первые операции, которые будут возвращать людям слух. Не пропустит конференции, где коллеги делятся опытом, не позволит себе отказаться от командировки для пополнения своего профессионального багажа. Недавно вернулся из Ленинграда. Приехал окрыленным.

Нашу беседу беспрерывно прерывают. То и дело заходят сестры, трещат телефонные звонки. Хирурга Жантемирова ждут дела, ждут больные. С ним многие люди связывают свои радужные надежды. И должно, не каждый из них знает, через какие невероятные трудности проходит этот человек. Сколько он пережил и переживает за других. В этом хирург Амангельды Мурзахметович Жантемиров видит свой долг, а в конечном итоге свое счастье. Прощаясь, он сказал: «Если бы мне пришлось начать все сначала, я проделал бы ту же дорогу».

Н. ПОПОВ

(«Рудненский рабочий»,
7 ноября 1987 г)

ПИСЬМО ИЗ АФГАНИСТАНА

Это письмо мы с женой Калимой Магзумкызы получили из дальнего Афганистана. От брата Амангельды Жантемирова. Он служил в звании майора в числе миротворческого контингента в 1984-86 годы. Работал в Шиндантском передвижном военном лазарете хирургом, заведовал инфекционным и ЛОР отделениями.

Здравствуйте, Калима, Амандык!

Очень рад вашему письму. Узнал, что вы живы и здоровы. Я по приезду в ДРА в сентябре месяце отправил письмо по тому же адресу, получили или нет не знаю? Думаю, что по прежнему у вас все хорошо. Конечно, я знаю, что Амандык был не согласен и обижен моим выездом в ДРА, а что поделаешь? Как коммунист, интернационалист, специалист иначе поступать я не мог.

Границу перешел я 14 августа и с 18 августа прибыл на место назначения в г.Шинданд, где я работаю в гарнизонном госпитале на 7000 коек по своей специальности. Устроился довольно хорошо. Живем 3 человека в комнате, правда, воду таскаем с улицы, а в остальном все удобства. Холодильник, телевизор по программе «Орбита», кондиционер, радиоприемник все есть. На работу ходить 100 метров. Работаем с 8.00 до 13.00, с 13.00-16.00 отдых от жары, потом до 18.00 работаем. Работы очень много, в основном сами знаете какая работа, (жараланған солдаттар, офицерлер). Мында көп ауру – сары ауру, дифтерия, жұқпалы ішек-қарын аурулары. Мы находимся от Кушика на расстоянии 200 км. Люди со всего союза, врачи в основном офицеры около 50 человек, остальные 20 человек приезжие гражданские специалисты. Уже работаю четвертый месяц, с 3 июля ухожу в отпуск по графику. Питание удовлетворительное, бесплатное, трехразовое. Обслуживает официантка. Адаптацию прошли в течение 2 месяцев, местность выше над уровнем моря 1,8 км. Вода закипает при 80°С, сырую воду пить нельзя. В течение 4-х месяцев еще ни одного дождя не было. Когда я приехал, была 50°С жара. Сейчас, днем 20-25°С, вечером 3-5°С тепла.

Вековая каменистая земля. Местное население землю обрабатывают сохой на быках. Верблюды одногорбые пасутся сами большими стадами, у баев много баранов, коз. Часто видим длинные караваны из сатем верблюдов с чреугами. Зимой здесь бывают видимо дожди, а снега нет. Все это когда видешь своими глазами вспоминаешь роман «Абай» Мухтара Ауэзова. Афганцы ходят в своей форме – одежде, женщины обязательно в парандже, приходят иногда на прием. Мы их принимаем по пятницам (жума), у них нерабочий день по мусульманскому закону. 80-% населения не имеют грамотности. Живут: пуштуны, узбеки, таджики. Намаз слушаем, но редко. По всему

ДРА около 2100 мечетей. Ладно, слишком много написал, оставим на следующий раз. По итогам того, что я видел, узнавал, общаюсь, выполняя интернациональный долг, думается, что приехал не зря, правда и не исключается риск и опасность в отношении личности, ну ничего я не первый и не последний в этом деле, надо ко всему быть готовым. Из дома письма получаю часто, Айгуль пишет такие письма содержательные и иногда задумываюсь, как ей ответить. Большую моральную поддержку получил с поступлением Шолпан в институт, она у нас молодец, целеустремленная, трудолюбивая. Хоть одна будет в нашем роду продолжать медицину дальше после моего ухода из жизни (хотя девчонка). Родственники живы-здоровы? От Шолпан часто получаю письма. Зарабатываем неплохо. Спасибо, Калима, за поздравление с новым годом. От вас письмо идет 10 дней, а от нас почему-то 18 дней. На этом заканчиваю писать. Передайте привет Старикам, Кукешке и жиендерге.

Сәлеммен Амангельды. 30 XI 84 г.

ТӘТЕ!

Қымбатты менің жан анамның әкесі, Тәтем, Алланың берген аз қуатының арқасында, тың қуатты жүріп жатырмысыз? Қалай тыңсыз ба?

Намазыңызды мезгілімен оқып, ептеп далаға кіріп, шығып, құраныңызды оқитын халден әлі айрылған жоқсыз ба? Үй-іші ошақ басы жандарың, Ережептің, Бөкестің дендері сау аман ба? Шіркін, Ережепке бірнеше хат жазып бір хат ала-алмадым ғой. Туыстың, туыстығы солай шығар не істейін? Иә, Тәте, алланың жазуы солай шығар, сіз ішіңізден шыққан балаңыздан мен болсам, мені туып, бейнетімді көріп, асырап өсіріп, қызығымды көре алмаған, не өмірдің аз кезі болса да денсаулықтың қызығын көре алмаған жан, асыл анамнан айрылып отырмыз. Алла қайырымен берсін.

Әрине ішіңізден шыққан балаңыз ғой ішіңіз ауырып, әсер ететін шығар, бірақ не істейсіз? Алланың соны көрсеткеніне риза боласыз ғой. Қолдан келер ештеме жоқ, әрине қолдан шығып болған соң. Үйден хат алып естігенде бар қолдан келгені екі күн жылап, содан 4 күн ауырып, ақыры одан шығатын ештеме болмайтынын білген соң, өзімді өзім бекітіп, Алланың жазуы, мені осы жаққа ананың топырағын көрмеуге айдап әкелген ғой деп қойдым. Тек өкініш, бір көріп, апа деп, бір аймалап, бір мауқымды басып, қолдан топырақ салмағаным. Рас, кім анасын жанына байлап жүр, бірақ та, анамның ауырып жатқандағы көрген бейнеті, үйге келгенде, аналық мейіріммен қарайтын көзқарасы, кейде айтқан бір сөздері, сау кезіндегі жүріс-тұрыстары еске түскенде өзімді-өзім тоқтата алмай жылап алып, содан кейін, бір жеңілдеген сияқты болам. Ана деген, асыл адам ғой. Тәте, менің сізден тілегім, намаз артынан аузыңыздан тастамай отырсаңыз, әрине, ендігі бізден сұрайтыны сол тие берсін ғой. Үйге хат салғанда айтам, садақасын айырмаңдар,– деп кім білсін ананың борышын білсе – Сапи ұмытпас. Тәте, егер қуатың болса біздің үйге барып, анамның орнына құран оқып, анам жоқ болса да жатып, аунап қайт. Ойлама, енді кімге барам мені кім керек етеді? деп, біз тірі болсақ, ешқайда да кетпейсің. Біз бәріміз де сенің балаңбыз. Біз тұрғанда қайда барасың?

Біз тұрғанда, өзің шамаңнан кеткенше, анамның шыққан үйінен сізге қашан болса да төр даяр.

Өзің біреуге менде бірнеше ұл бар деп айттым дейтінің қайда? сол өзің айтқандай құдайға шүкір бір өзіңде 5 жиен бар солар 5 балаң емеспе?

Жиен-немерең – **Амангелді.**
Алматы қаласы

ТҮСІНІКТЕМЕ: Біз нағашы атамыз Ахметтің Шәймерденін «тәте» деп атайтынбыз. Бес жиен, бес бала дегені үлкен қызы Бөкестен – Ережеп, кіші қызы, біздің анамыз – Көкештен – Сапи, Амангелді, Амандық, Амантай – төртеуіміз туғанбыз. Шешеміз 1959 жылы 31 тамызда қайтыс болды. Дәл сол күні Амангелді Алматыға жеткен еді. Сонда медицина институтына оқуға түскен болатын.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР



Қазақта "Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін", деген аталы сөз бар. Амантай және Амандық Жантеміровтердің ағалары Амангелді Мырзахметұлы жайлы жазған кітабын парақтап отырып, бір шаңырақтың азаматтарының өзара сыйластығына сүйсіндік. Облысымызға белгілі қаламгер Амандық Жантеміровтің бұған дейін де бірнеше кітабы жарыққа шыққан болатын. Ал "Доктор от бога" деген жаңа кітаптың жөні бөлек екен. Қостанай облысындағы Рудный қаласында ғұмыр кешіп, небәрі 54 жасында өмірден озған Амангелді Мырзахметұлының атына көше берілуі біраз жайды аңғартса керек. Ағаларының есімі әрі еңбегі ұмыт қалмауы үшін інілері табандарын тоздырды десек, қателеспейтін шығармыз. Жергілікті билік пен тұрғындар Амангелді Жантеміровке аурухана орналасқан жерден көше беруді құптағанымен, қажетті құжаттарды жинап, ономастика комиссиясына өткізудің өзі қыруар еңбекті қажет етеді. Бұл орайда Амантай Жантеміровтің еңбегі зор. Қысқа өмір жолында ақ халатты аяулы жан сырқатына дауа іздеген қаншама адамға қол ұшын беріп, емделуіне көмек көрсеткеніне кітаптағы хаттар дәлел бола алады. Ол жайлы бас-аяғы 50-ден астам мақалалар топтастырылған жаңа кітапта ұлтын сүйген әрі өз ісінің майталманы болған азаматтың жастар үлгі тұтарлық адамгершілік қырлары жан-жақты суреттелген. Отбасылық мұрағаттан алынған фотосуреттер, естеліктер де кейіпкердің өткен күндерінен сыр шертеді. Оқырманға жол тартқан туындыда бала күнінен дәрігер болуды армандаған Амангелді Мырзахметұлының Ауғанстандағы соғысқа өзі сұранып, қан майданға аттанғанда: "Соғысқа сұранып кеткенім үшін мені сөге көрмеңдер. Қыршын жастардың мерт болып жатқаны қиналтты мені, қолымнан келгенше көмек жасауды ұйғардым", – деп жазған хаттары да көзге оттай басылады. Оның қаншама жауынгерге шатыр астындағы жылжымалы госпитальда ота жасап, аман алып қалғаны ерлік емес пе?! Амангелді Жантеміровтің өмірі мен еңбегі оқырмандар үшін ғана емес, жас дәрігерлерге де өнеге бола алады. Сондықтан бұл туындының көтерер жүгі салмақты. Иә, Тәңірдің берген дарынының арқасында Амангелді Мырзахметұлы көпшілікке сыйлы болды. Отандық медицинаның дамуына өзіндік үлес қосқан ол Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылының тумасы. Сондықтан өмірде ізгі із қалдырған жерлесіміздің есімі біз үшін де мақтаныш.

Айгүл ЫСҚАҚОВА,
"Солтүстік Қазақстан".

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Биыл қаламыздың 55-жылдық туған күнін атап өттік, бұл дегеніңіз қала тұрғындары үшін үлкен мереке әрі биік мәртебе – біздің тағдыр – тарихымыз, еңбек жолымыз. Ал, балаларымыз үшін – өмірге ашқан есігі, тербетілген бесігі дер едім.

Осы жылдар ішінде қаланың өсіп– даму жолында қаншама жанның аты жазылып, ізі қалды десеңізші?! Сол жандардың бірі де бірегейі – Жантеміров Амангелді Мырзахметұлы, тірі жүргенде 73 мүшел жасқа толатын еді, амал қанша? Содан бері 20 жылдың да жүзі болып қалыпты-ау?! «Өткен күнде белгі жоқ» деген осы да... Десек те, бәрі кешегідей көз алдымда. Ол 1964 жылы жас маман ретінде Алматының медициналық институтының ЛОР (отоларинголог) мамандығын бітіріп, арнайы жолдамамен Рудный қаласына келіп, еңбек жолын бастаған еді. Мен Амангелдіні алғаш көргенім, біздің Қарлығаш деген қызымыз екінші сыныпта оқып жүргенде ангинамен жиі-жиі ауыра берген соң Амангелдіге көрсетіп, ол ота жасап, содан кейін сол аурудан түбегейлі құтылған едік. Таныстығымыз осылай басталғанды. Өте сыпайы, ашық-жарқын, жас та болса өз ісінің маманы екенін байқадым. Жас айырмашылығымыз он жылдай болғанымен де «Жақсыда жаттық жоқ» дегендей, құрдастардай әзілі жарасқан замандас болып кеттік.

Амангелді жас маман болғанмен ізденімпаз, намысқа толы, жігерлі, ұлтжанды азамат еді. Қала құрлысының жаңа басталған кезі, бардан жоқ көп дегендей. Осы жағдайға түсіністікпен қарап: ЛОР – меңгерушісі ретінде, оның қызыметін дұрыс жолға қою мақсатында техникасын, жаңа емдеу тәсілдерін,мамандардың шеберлік деңгейін көтеру сияқты іс-шараларды бірден қолғаалғандықтың арқасында тек қала емес, облыс аймағына белгілі мамандандырылған емхана деңгейіне жеткізді.

Тағы бір атқарған күрделі дүниесі – Ауғанстан дүрбелеңі кезінде екі жыл соғыс алаңында болып, өзінің интернационалдық борышын өтеуі. Ауған халқына қолдан келген көмегін аямаған, талай жанның ажалына араша түсіп өмір сыйлаған, сөйтіп, адам жанының «инженері» екендігіне сан рет өмірдің өзі куәгер болды. Осындай қысқа өмірдің ішінде қыруар еңбек сіңіргені, жоғары бағаланып, марапатталуы соның дәлеліндей «Құрмет белгісі» орденімен, «Ауған халқынан алғыс» медалімен және басқа да көптеген алғыс хат, мақтау, құрмет грамоталарымен марапатталған парасатты азамат еді. Сонымен қатар, КСРО-ның денсаулық сақтаудағы еңбек озаты, Рудный қаласының «Құрметті азаматы» деген атаққа ие болды. 1964-1993 жылдар аралығында өзі қызмет істеген ЛОР бөлімі ғимратының қабырғасына «Ескерткіш тақта» қойылды. Осыған орай қала әкімшілігіне құлақ-қағыс етейін дегенім: Кеңес Одағы кезінде қала, ауыл, жер атауларына қатысты мағанасыз, бей-берекет

жіберілген кемшіліктерді бір арнаға түсіріп түзейтін, өзгертетін мезгіл де келген сияқты, келмесе ертелі-кеш бір келетіні сөзсіз. Сол кезде осындай өмірі – үлгі, жастарымызға патриоттық сезім беретін, еңбек жолын, іс-тәжірибесін насихаттауға тұратын еңбегі елеулі, абройлық.

«Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» дейтін нағыз азаматтарды таңдау кезінде басымдылық берілсе екен. Осындай таңдауға тұрарлық азаматтардың бірі – марқұм Амангелді Мырзахметұлы! Азаматтық тұлғасына дақ түсірмеген аяулы жанның аты, қаламыздағы өзі тұрған Пионер көшесіне берілсе өте дұрыс болар еді.

Қасымқайыр ДҮЙСЕНБАЕВ,
Рудный қаласының құрметті азаматы.
(«Рудненский рабочий», желтоқсан 2012 жыл)

НАШ ДОРОГОЙ ЮБИЛЯР



Ветеран АО "ССГПО" и супруга главного ЛОР-врача Рудного Енлик Талибовна Жантемирова отметила 75-летие.

30 января наша коллега и просто замечательный человек Енлик Жантемирова отметила юбилей. Больше 30 лет грамотная и эрудированная женщина отдала родному предприятию. За добросовестный труд она удостоена медалью "Ветеран труда", неоднократно награждалась Почетными грамотами Министерства черной металлургии СССР и родного предприятия.

Енлик Джунусова родилась 30 января 1941 года в Хабаровске в семье военнослужащего. Война окончилась, и ее отца Талиба Джунусова направили на работу в Алма-Аты. После школы Енлик поступила в Ташкентский институт инженеров транспорта и в 1965 году была направлена на работу в ССГОК. Ее трудовая деятельность началась с должности инженера по нормированию материально-технических ресурсов, а с 1973 года и до выхода на заслуженный отдых в 1997 году, наш юбиляр работала инженером технической информации технического отдела АО "ССГПО". В этой области деятельности требовалось особая грамотность, эрудиция, отличная память – все эти качества полной мере были присущи Енлик Жантемировой. Коллеги часто называли ее "ходячая энциклопедия". Любую техническую информацию по деятельности ССГПО она находила с особой легкостью в считанные минуты. Енлик Талибовна внесла большой вклад в создание и развитие информационной службы комбината. И в том, что служба информации работала успешно, свидетельствуют призовые места в отраслевом смотре передового научно-технического, производственного и экономического опытов. В Рудном Енлик Талибовна вместе с Амангельды Мурзахметовичем Жантемировым создали семью, воспитали двоих дочерей. Старшая Шолпан после окончания Карагандинского медицинского института работала врачом ЛОР-отделения городской больницы, а с 1993 года, после смерти отца, возглавляла ЛОР-службу Рудного. Младшая Айгуль после окончания КИМЭП в Алматы работает в бизнесе.

Последнее время ветеран АО "ССГПО" проживает в Алматы, но регулярно посещает город, где прошла большая часть жизни. Так, год назад она стала участницей памятного события, когда одной из улиц Рудного было присвоено имя ее супруга. От лица всех коллег поздравляю Енлик Талибовну с юбилеем. Пусть у нее и ее близких будет в жизни больше солнечных радостных дней.

Лина ТОМИНА,
ветеран труда, ветеран ССГПО
газета "Магнетит" г. Рудный, Костанайской обл. 2016 год.

САПИ МЫРЗАХМЕТҰЛЫ
еңбек ардагері, тың игеруші

Әке-шешеміз Мырзахмет Жантеміруұлы мен Көкеш Шәймерденқызы жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жалдарының басында біраз халықты жалмаған аштық кезінде қорасан (черная оспа) ауруынан жиырма бес күн ішінде бес баладан айырылып қалады да, Алла-Тағала көз жастарын иген шығар артынан ер бала туады. Нағашы атамыз Шәймерден Ахметұлы діндар адам болатын, соның ұсынысымен шығар баланың атын азан шақырып Сапи қояды. Ол арабша "Сафи", яғни "сап" деген мағынаны білдіреді екен. Ендеше, баланы сапқа, қатарға қосылсын, енді тұрып қалсын деген ғой деп ойлаймын. Одан кейін Амангелді, Амандық, Амантай, ал шешеміз қайтыс болғаннан кейін өгей шешеміздің Бибігүл деген қарындасымыз дүниеге келді. Біздің кіндік қанымыз тамған Қарақамыс (қазір Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарайды) ауылында төрт



кластық, яғни бастауыш мектеп болғандықтан төртеуіміз біріміздің соң біріміз Ақбалық жетіжылдық мектебінде оқыдық. Сол жылдары Сапиға әперген былғары сөмкені кейінгі үшеуміз біріміздің кейін біріміз ұстадық. Сонша мықты сөмке еді. Ішіне көп кітап, дәптер сиятын, ал алдында сиясауыт салатын арнайы қалтасы да болушы еді. Біздің атақонысымыз – Ақтомпақ деген жерде 1921 жылы Шаңбай деп аталатын кооператив ашылса керек. Сол жерге қорған облысының Боровлянка деген орман шаруашылығынан түйемен әкелінген қарағайлардан мектеп салыныпты. Ал 1928 жылы Қапсыт, Шақабай, Құтты, Жылқайдар, Байтоғай аталарының ұрпақтары бір жерге көшіріліп, Қарақамыс ауылы салынған. Сол жылдары Ақбалық, Октябрь, Жалтырша, Жаңажол, Сәбит, Нұрымбет ауылдары салына басталған, олар жеке-жеке колхозға айналған. Артынан олар біріктіріліп, орталығы бірде Жаңажолға, бірде Ақбалыққа ауысқан. Осындай әкімшілік-аумақтық ауыс-түйіс кездерінде Қарақамыстың ағаш мектебін бұзып Жаңажолға апарып, қайта салған, кітапханасын да сонда ауыстырған, ал желдиірменді бұзып, тасып Ақбалыққа апарып, бертін келе мотормен жүретін диірменге пайдаланған. Сондықтан Сапи сегізінші класты оқуға Жаңажол орта мектебіне барған. Онда кім үйінде екені есімде жоқ, пәтерде тұрған. Бірақ пәтер онша жайлы бола қойған жоқ. Ол кезде жас болсам да әлі есімде, үй иелері үнемі ет, ұн, май, майшамға керосин сұраумен болды. Бұл бір жағынан. Оның үстіне шешеміз сырқаты ауыр болғандықтан үй шаруасына жарамай қалды. Сол себепті әкем үй шаруасына ыңғайы бар Амангелдіні оқудан шығарып алған. Сөйтіп, зерек бала оқудан бұдан әрі қол үзе берсе мектепке баруға да ұялып, мүлдем қалып қалуы мүмкін ғой. Осы жағын ескерген әке-шешеміз жасы он алтыға келіп қалған Сапиды үйлендіру жағын ойластырады. Ақыры Жаңажолдағы ескі құдамыз Кәжімбайдың Мақанымен (Сәбит Мұқановтың "Өмір мектебіндегі жылқышы Мақан) жасырын құда түседі. Ол бір таршылық заман еді. Сөйтіп, Сапи немере ағасы Сағындықтың Қараманымен бір түнде Әсима Мақанқызын алып қашады. Содан кейін оқуын жалғастырған Амангелдіге өзінен үш жас кіші балалармен бір класта отыруға тура келді. Үйленгенге дейін Пресногорьков ауданына қарасты (Қостанай облысы) Преснoредуть (Кіргөйлек) машина-трактор станциясында оқып, механизатор мамандығын алған Сапи Қарақамыстағы көршіміз Текебайдың Нұртазасының қызы Күлмашқа үйленген Нұрымбеттік жігіт, механизатор Мұқаш Қайдарұлына көмекші болып орналасты. 1992 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін ол әртүрлі техникада қызмет істеді. Сол жылы Кеңестер Одағы Үкіметінің қаулысы бойынша көп жыл механизатор болып тұрақты жұмыс істегендерді елу бес жасында зейнеткерлікке шығара бастаған. Бірақ, бір-екі жылдасын ол шешім тоқтатылды. "Озерный" совхозына Өмірзақ Жұнысбаев директор болып тағайындалғаннан кейін қазақ ауылдарына көңіл бөліне басталды. Оның үстіне, мен оны Булаев ауданында (қазіргі Мағжан Жұмабаев) қызмет істеген кезінен білетін болғасын тіпті тығыз қарым-қатынас орнатқан едік. Соның арқасында ауылға мектеп, монша, тұрғын үйлер, жол салынды. Сол тұста Сапи Петропавлдағы ауыл шаруашылығы техникумында трактор-егіс бригадаларының бригадирлігіне оқудан өтті. Содан кейін ауылда ол бригадада реттеуші-шебер (наладчик), бригадир болып істеді де, өз еркімен одан бас тартты. Өйткені бұрын өзіміз қол орақпен шапқан шөпті, қысқа деген отынды Сапи совхоз жұмысынан босағасын кешкілік, тіпті түнделетіп қора маңына тасып алатынбыз. Ал бригадирдің астында ешқандай техника жоқ. Сондықтан ол трактор және тіркеме сұрап әркімге кіріптар бола бастаған. Ол кезде техника қазіргідей емес, кондиционер жоқ. Жаз – күннің ыстығында, қыс – сары аязда, ұйтқып соққан боранда трактордың ішінде отырып жұмыс істеу оңай емес. Соның салдары ма екен, кім білсін, соңғы жылдары денсаулығы сыр бере бастады. Кешке үйдің жайына келіп, тракторынан түскенде ішін басып отыра қалады. Оның қиналып отырғанын көріп аяйсың. Осылайша, он бес жылдай бейнет көрген, тіпті болмағасын ол бірде Рудныйдағы інісі, хирург Амангелдіге кетті. Тексеріле келсе, асқазанның іші тұнған жара екен. Содан кейін Амангелді Қостанай облыстық

ауруханасының хирургы, Социалистік Еңбек Ері Нариман Ғазезұлымен келісіп, ота жасатты. Бірақ сауғып кету оңай болмады. Үштен екі бөлігі кесілген асқазаннан қан ағуы тоқтамады. Қарынға мұз басты, басқа да амалдарын жасады. Қан тоқтап, Сапи есін жиғанша Амангелді мен Амантай кезектесіп жанында болды. Әйтеуір аман алып қалды. Осы жағдай туралы оның шығарған өлеңі де бар. Ол "Атақоныс – Ақтомпақ" деп аталатын кітабында толық жарияланған. Иосиф Сталин қайтыс болғаннан кейін көп кешікпей, Кеңес Одағын басқару билігін қолға алған Никита Хрущев жеке меншіктегі мал басын азайтуды қолға алды. Бұл 1963 жыл болатын. Үкімет қаулысына сәйкес бір отбасына бір бие не сиыр, алты айлық төлімен, бес қой немесе бір шошқа ғана ұстауға рұқсат берілген. Сол тұста біздің отбасымыз қағаз жүзінде үшке бөліндік. Сөйтіп, әкем Мырзахмет Жантеміруұлы мен Шәмшия Ерімқызы – бір, Сапи мен Әсима – бір, ал мен – бір отбасы болып шыға келдік. Селолық Советке солай тіркеттік. Соның арқасында малды көбірек ұстауға мүмкіндік туды. Оның үстіне мен совхоздың анда-санда соғымға арзанға, жылқы алып, жарты етін үйде қалдырып кететінмін. Біздің бөлімшеде жиырма екі мың қой болды. Ауылға барған сайын директордан бір қойды ақша төлеп жаздыртып аламын да, екіншісін шопанға бір жарты беріп, тегін алып кетемін. Әрине, қойдың бірі ауылдағы үйде қалады. Әкем қайтқасын мен Сапидан енші сұрамадым. Совхозда мал басының көбейе түсуіне байланысты Ақбалықтағы қаймақ айыру бөлімшесі (сливотделение) барлық сүтті өңдеуге шамасы келмейтін болды. Сондықтан Қарақамыста Көпеш орманының баурайындағы товарлы – сүт фермасында сондай бөлімше ашылды. Оған меңгеруші болып Сапи Мырзахметұлы тағайындалды. Артынан ол жабылғасын әрі денсаулығы да түзелгесін Сапи жеңіл тракторға мініп, механизаторлық қызметін қайта жалғастырды. Сапидың отбасы бірде Қостанай облысындағы Таран ауданына қарасты Нагорное ауылында, бірде Рудный қаласында, ал кенже ұлы Аяш Преснов аудандық салық комитетін басқарғанда Преснов селосында тұрды. Соңғы тұрағы Рудный қаласы болды. Онда Балғаттың отбасымен бірге болды. Сөзге шешен, ақылгөй, жеңгем екеуі әнді де жақсы айтушы еді. Оны ешкім механизатор болды деп ойламайтын, басшы қызметте болғандай көретін. Не керек, жеңгем екеуі бақытты өмір сүрді, төрт ұл, үш қызға жарық дүние сыйлады. Үлкендері – Аманжол, қазір Қостанай қаласында тұрады. Келініміз – Орынтай Қимашқызы бізге Олжас пен Манас, Азамат атты үш ұл сыйлап еді, үлкені ерте дүниеден өтті. Манас пен Айгерімнен Ералы деген немерелері бар, мектеп оқушысы. Одан кейінгі Абылай (Бейбіт), ерте дүниеден өтті. Жолдасы Қарагөз Қапарқызы екеуінен Әсет деген бала қалды. Оның бірінші әйелі Аннадан Аруна, қазіргі келініміз Гүлшаттан Сәмия атты немереміз бар. Әнипа Сапиқызы мен Қайыргелді Қаратайұлынан – Алтынай, Алмас. Алтынай мен Ерлан Сұлтанғалиұлынан – Нұрасыл, Нұрали, Асима, Сара Сапиқызы мен Ақат Батталғалиұлынан – Мұрат, Қуат, Әділ, Аснәлі. Балғат Сапиұлы мен Бибігүл Болатқызынан – Мөлдір, Алдияр, Аружан, Мәдина. Мөлдір мен Әділет Нұрболұлынан Арнур, Ақсұлу. Қуаныш Сапиқызы мен Бесбай Сайынұлынан – Мирас, Меруерт, Диас, Әнес. Аяш Сапиұлы мен Айнаш Шәкенқызынан – Әлішер, Аида, Малика. Әлішер Наргизге үйленді.

ТҰҒЫРЫ БИІК – ТӘУЕЛСІЗДІК!

Біздің буын өтпелі кезеңде өмір сүрді. Алайда қиын күннің желдей есіп өтеріне сендік. Сол сәтте қуат берген бір құдірет болса, ол – Тәуелсіздік деп білемін. Екі ғасыр тоғысында ата-бабамыз аңсап кеткен тәуелсіздіктің таңы атты. Қазақстан дамудың даңғыл жолына түсіп, тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде ғаламат табыстарға қол жеткізді.

Туып-өсіп, қанатымды қатайтқан жерім Солтүстік Қазақстан обылысының Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылы (бұрын Қостанай облысы, Пресногорьков ауданына қараған). Жастайымнан ауыр еңбекке етене араласып, жоқшылықты көтеріп өстім. 12 жасымда анамнан айырылып, көрші ауылдағы нағашы әпкем Бөкестің қолында тәрбиелендім. Әпкем ауыл-аймаққа танымал тігінші болды. Ол кісінің тапсырыстан қолы босамағандықтан, сабақтан тыс уақытта мал бағып, шөп шауып, сиыр сауып, тамақ та істедім. Еңбектің жаман-жақсысы болмайды. Қарап отырсам, балалық шағымда алған әрбір дағды, үйренген әрбір дүние кейінгі өміріме өз пайдасын тигізді. 1966 жылы Рудныйдағы Қазақ политехникалық институты филиалының "Құрылыс" факультетіне оқуға түстім. Студент кезімнен Жылу электр орталығында слесарь, кейін №64 кәсіптік техникалық училищесінде (Қазіргі Құрылыс және көлік колледжі) өндірістік оқыту шебері болып жұмыс істедім. Ал 1973 жылы қолыма диплом алып, өзім бітірген жоғары оқу орнында ұстаздық қызметті бастадым.



1976 жылы Рудныйда отқа төзімді кірпіш зауытының құрылысы қолға алынды. Одақта теңдесі жоқ өнім шығаратын "Казогнеупордың" бой көтеруіне алғашқылардың бірі болып, үлес қостым. 1985 жылы тоқыма-трикотаж фабрикасының құрылысын басқарып, бас инженер ретінде мол тәжірибе жинақтадым. Бұл жерде де баяғы нағашы әпкемнен "Зингер" тігін машинасының тілін меңгеріп, "жілігін шаққандықтан" әйел-қыздарға қалай дұрыс жұмыс істеу керектігін үйреттім. Еліміз егемендік алғанда қалалық атқару комитетінде құрылыс, экономика, кәсіпкерлік бөлімдеріне

басшылық жасадым. Мен үшін Тәуелсіздік алған 1991-1993 жылдардың алатын орны ерекше. Өйткені тәуелсіз ел боламын деп жаһанға жар салғаннан гөрі, тәуелсіз ел ретінде өмір сүре алатыныңды дәлелдеу үшін де осы бастапқы жылдары тынбастан еңбек етіп, жұртқа игі болар әрбір істен аянып қалмау керек болды. Кешегі күні тек орталықтың айтқанымен жүріп, соның дегені ғана болатын Кеңестік заманнан кетіп, тізгінді қолға алған қазақ елі үшін нағыз қиын кезең, елдігіміз сынға түскен сонау 90 жылдар Рудный үшін де оңай болған жоқ. Ерекше қарқынмен салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысы тоқтап, ондаған ғимарат қаңырап бос қалды. Кезінде өнімін Одаққа жіберетін Соколов-Сарыбай кен алыбында өндіріс көлемі бірнеше есеге азайып, кәсіпорын жабылуға шақ тұрды. Жұмыссыздық белең алып, ұрлық, тонау сияқты қылмыстың саны артты 1993 жылдың сәуірінде Қостанай өңірінен бір топ делегация болып, Алматыға екі күндік семинарға бардық. Онда Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлеп, төл валютамызды шығару, жекешелендіру, банк, зейнетақы жүйесіндегі реформалар, елге инвесторларды тарту сияқты маңызды жоспарларын алға тартты. Осы тұста жер-жердегі атқарушы органдарға үлкен жауапкершілік пен міндет жүктеді. Сол кездері Кеңес Үкіметінің тәрбиесін көрген біз үшін Елбасымыздың әрбір айтқан сөзі мүмкін еместей көрінетін. Бірақ та, оның әрбір сөзі кейін ісімен сәйкес келді. Ең алдымен халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешуге кірістік. Біз басқа аудандардағы әріптестерімізбен келісіп, оларға электр қуатын, техника, не жұмыс күшін беріп, орнына астық, ет, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін алдық. Сөйтіп, қуатты азық-түлік базасын қалыптастырдық. Сонымен қатар, қаладағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін полицияның жағдайына назар аударды қ. Оларға Қостанайдағы "Большевичка" фабрикасынан арнайы формаларын тіктірдік, қажетті техника мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, жалақыларының уақытылы берілуіне мұрындық болдық. Халықпен етене жұмыс жасап, "барлығы өткінші, алда жақсы күндер күтіп тұр" деп сабырлы болуға шақырдық. Жылдар жылжып шынымен де тәуелсіздігіміздің тұғыры бекіп, әлеуметтік салағада, экономикаға да қан жүгірді. Төкенов Сәкен Мәкенұлы қала әкімі қызметін атқарған тұста, Рудный көптеген экономикалық даму көрсеткіштері бойынша облыста оқ бойы алда келді. Қала әкімінің орынбасары міндетін атқарып жүріп, "Қазақ тілі" қоғамын басқарып, мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне арналған мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастырдық. Тұңғыш рет балабақшаларда мемлекеттік тілде білім беретін топтардың, ал №12 мектепте қазақ сыныбының ашылуына ат салыстым. Қазіргі №15 орта мектептің қазақ мектебіне айналуына да өз үлесімді қостым. Мұның барлығы халқының 3 пайызын ғана қазақтар құраған қала үшін үлкен жеңіс еді. Осы орайда, үй-үйді аралап, балаларын қазақ сыныптарына беруге үгіттеген ұлтжанды ақсақал Омар Төртбаев пен қоғамның хатшысы Күлмайран Әділованың еңбегін атап кету керек.

Тұрмысы тұраласа да, егемен ел еңсесін тіктеп кетсе екен деген тілек болды көптің көкейінде. Анталаған ашкөз заманда Қазақстанды қарыштап дамытқан міне, осы қасиет, осы жауапкершілік еді. Биыл, міне, тұғыры биік – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы! Бақытын бағалай білетін ұлт үшін бұл – тойдың төресі. Бірақ той болғанда да, концерт көріп, көңіл көтеретін, қымыз ішіп, қызық қуатын той емес. Кешегіні саралап, бүгінгіні бағалап, келешекке көз жіберетін, ойланатын, толғанатын сәт.

Амантай ЖАНТЕМІРОВ,
мемлекеттік қызмет ардагері "Рудный" қалалық "Магнитит" газеті.
19. 11. 2021 жыл.

Амантай Мырзахметұлы мен Жамал Қонақбайқызынан – Самат, Қайрат, Салтанат. Самат пен Венера Әлфитқызынан – Нұрсұлтан. Әли. Қайрат пен Евгения Александровнадан – Амина, Амиржан, Амелия, Темірлан. Салтанат пен Арман Темірғалиұлынан – Арыстан, Алдияр, Айтуар, Альтайыр, Севиль.

СӨЗІ МЕН ІСІ ҰШТАСҚАН

Аллаға мың тәуба! Екі ғасыр тоғысында ата-бабамыз аңсап кеткен тәуелсіздіктің таңы атты. Қазақстан дамудың даңғыл жолына түсіп, тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде ғаламат табыстарға қол жеткізді. Осы жеткен әрбір жетістіктің артында түрлі салада жан аямай еңбек етіп, Тәуелсіздігімізді нығайтуға атсалысқан азаматтар тұрғанын жақсы білеміз. Ендеше, "Тәуелсіз ел тарландары" айдарының кезекті қонағымен танысайық – Рудный қаласының құрметті азаматы, мемлекеттік қызмет ардагері Амантай Жантеміров.

Осыдан тура алты жыл бұрын кеншілер қаласындағы көшелердің біріне КСРО-ның денсаулық сақтау ісінің үздігі, Ауған соғысына қатысып, сан мәрте сарбаздардың жанын сақтап қалған жоғары санатты дәрігер Амангелді Жантеміровтың есімі берілді, көпбейінді ауруханаңың қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Амангелді – кейіпкеріміздің туған ағасы. Тағы бір ағасы Амандық – Солтүстік Қазақстан облысының бас газетінде жарты ғасыр еңбек еткен тілші, ҚР Мәдениет қайраткері,



әрі Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі.

Амантай – үйдегі бес баланың кенжесі. Туып-өсіп, қанатын қатайтқан жері – қазіргі СҚО, Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылы (бұрын Қостанай облысы, Пресногорьков ауданына қараған). Жастайынан ауыр еңбекке етене араласып, жоқшылықты көріп өскен Амантай Мырзахметұлы соғыстан кейінгі ауыр кезеңдерді былай еске алады:

– 12 жасымда анамнан айырылып, көрші ауылдағы нағашы әпкем Бөкестің қолында тәрбиелендім. Таңның атысы, күннің батысы мал жайлап, шөп шауып, отын дайындайтын едім. Әпкем ауыл-аймаққа танымал тігінші болды. Сол себепті тапсырыстан қолы босамағандықтан сабақтан тыс уақытта сиыр сауып, тамақ та пісіріп барынша көмектестім. Еңбектің жаман-жақсысы болмайды. Қарап отырсам, балалық шағымда алған әрбір дағды, үйренген әрбір дүние кейінгі өміріме жарап, пайдасын тигізді, – дейді ол.

Амантай Жантеміров 1966 жылы Рудный қаласындағы Қазақ политехникалық институты филиалының "Құрылыс" факультетіне оқуға түседі. Студент кезінде-ақ Жылу электр орталығында слесарь, кейін №64 кәсіптік техникалық училищесінде (Қазіргі Құрылыс және көлік колледжі) өндірістік оқыту шебері болып жұмыс істейді. Ал 1973 жылы қолына дипломын алып, өзі бітірген жоғары оқу орнында ұстаздық қызметті бастайды.

1976 жылы КСРО Қара металлургия министрлігінің тапсырмасы бойынша Рудныйда отқа төзімді кірпіш зауытының құрылысы қолға алынды. Одақта теңдесі жоқ өнім шығаратын "Казогнеупордың" бой көтеруіне бірінші болып Амантай Мырзахметұлы құрылысшы ретінде үлкен үлес қосты.

– Болашақ зауыттың орны белгіленген соң Промстройбанкте жедел есеп шот ашу міндеттелді. Алайда, оған қажетті құжатттарды аз уақыт ішінде жинау мүмкін емес еді. Сол себепті банк басшылығына өтініш жазып, ақыры соңында шот нөмірін алып, Министрлікке жолдадық. Осылайша құрылысқа қажетті қаражат екі күн ішінде түсті. Арада бір жыл өткен соң құрылыс барысымен танысуға келген министр Иван Казанец құжатсыз-ақ үш күнде есеп шот ашқан менің табандылығыма тәнті болып, көп ұзамай су жаңа "Жигули" автокөлігін сыйға тартты, – дейді ол.

Кейіпкеріміз 1985 жылы тоқыма-трикотаж фабрикасының құрылысын басқарып, бас инженер ретінде мол тәжірибе жинақтайды. Бұл жерде де нағашы әпкесінен "Зингер" тігін машинасының тілін меңгеріп, "жілігін шаққан" ағамыз әйел-қыздарға қалай дұрыс жұмыс істеу керектігін үйретті. Қай басшылық қызметте жүрсе де ақжарқын мінезімен, адамгершілік қасиеттерімен әрдайым зор абырой мен беделге ие болды.

Еліміз егемендік алғанда қалалық атқару комитетінде құрылыс, экономика, кәсіпкерлік бөлімдеріне басшылық жасады.

Тәуелсіздік шежіресіндегі 1991-1993 жылдардың алатын орны ерекше. Өйткені тәуелсіз ел боламын деп жаһанға жар салғаннан гөрі, тәуелсіз ел ретінде өмір сүре алатыныңды дәлелдеу үшін де осы бастапқы жылдары тынбастан еңбек етіп, жұртқа игі болар әрбір істен аянып қалмау керек болды. Кешегі күні тек орталықтың айтқанымен жүріп,соның дегені ғана болатын заманнан кетіп, тізгінді қолға алған қазақ елі үшін нағыз қиын кезең туып, тұралатқан шақ осы жылдар болатын.

Халық басындағы әлеуметтік қиыншылықтар еселеніп, экономика құлдырады. Инфляция мың есеге дейін шарықтап, ақша құнының шегі білінбеді. Жұрт "жоқшылық заман келді ме" деп үрейленді.

– 1993 жылдың сәуірінде Қостанай өңірінен бір топ делегация болып, Алматыға екі күндік семинарға бардық. Онда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі сөз сөйлеп, төл валютамызды шығару, жекешелендіру, банк, зейнетақы жүйесіндегі реформалар, елге инвесторларды тарту сияқты маңызды жоспарларын алға тартты. Осы тұста жер-жердегі атқарушы органдарға үлкен жауапкершілік пен міндет жүктеді. Сол кездері

Кеңес Үкіметінің тәрбиесін көрген біз үшін Елбасымыздың әрбір айтқан сөзі мүмкін еместей көрінетін. Бірақ та, оның әрбір сөзі кейін ісімен сәйкес келді, – деп еске алады Амантай Жантеміров.

Елдігіміз сынға түскен сонау жылдар Рудный үшін де оңай болған жоқ. Ерекше қарқынмен келе жатқан тұрғын үйлердің құрылысы тоқтап, ондаған ғимарат қаңырап қалды. Кезінде өнімін Одаққа жіберетін кен алыбында өндіріс көлемі бірнеше есеге азайып, кәсіпорын жабылуға шақ тұрады. Жұмыссыздық белең алып, ұрлық, тонау сияқты қылмыстың саны артты. осының барлығы қала әкімшілігінен байламды әрекеттер жасауға итермеледі.

– Ең алдымен халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешуге кірістік. Біз басқа аудандардағы әріптестерімізбен келісіп, оларға электр қуатын, техника, не жұмыс күшін беріп, орнына астық, ет, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін алдық. Сөйтіп, қуатты азық-түлік базасын қалыптастырдық. Сонымен қатар, қаладағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін полицияның жағдайына назар аударды қ. Оларға Қостанайдағы "Большевичка" фабрикасынан арнайы формаларын тіктірдік, қажетті техника мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, жалақыларының уақытылы берілуіне мұрындық болдық. Халықпен етене жұмыс жасап, "барлығы өткінші, алда жақсы күндер күтіп тұр" деп сабырлы болуға шақырдық. Жылдар жылжып шынымен де тәуелсіздігіміздің тұғыры бекіп, әлеуметтік салаға да, экономикаға да қан жүгірді. Төкенов Сәкен Мәкенұлы қала әкімі қызметін атқарған тұста Рудный көптеген экономикалық даму көрсеткіштері бойынша облыста оқ бойы алда келді, – дейді ол.

Амантай Жантеміров қала әкімінің орынбасары қызметін атқарған тұста "Қазақ тілі" қоғамын басқарып, мекемелер мен кәсіпоырндардың қызметкерлеріне арналған мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастырды. Тұңғыш рет балабақшаларда мемлекеттік тілде білім беретін топтардың, ал №12 мектепте қазақ сыныбының ашылуына, мешіт пен шіркеудің салынуына да атсалысты. Қазіргі №15 орта мектептің қазақ мектебіне айналуы да ұлт жанашыры Амантай Мырзахметұлының арқасы. Мұның барлығы халқының 3 пайызын ғана қазақтар құраған қала үшін үлкен жеңістің бастамасы еді. Осы орайда, үй-үйді аралап, балаларын қазақ сыныптарына беруге үгіттеген қоғамның хатшысы Күлмайран Әділова мен ұлтжанды ақсақал Омар Төртбаевтың еңбегін атап кетпеске болмайды.

Сөз жоқ, 90-шы жылдары тіршіліктің тауқыметін көрген қарапайым халыққа, бір ғана шешімімен мыңдаған халықтың үмітіне сәуле түсірген Амантай Мырзахметұлындай азаматтарға болашақ ұрпақтың, біздің алғысымыз шексіз. Ол буын өтпелі кезеңде өмір сүрді. Алайды, қиын күннің желдей есіп өтеріне сенді. Оларға сол сәт қуат берген бір құдірет болса, ол – Тәуелсіздік. Тұрмысы тұраласа да, егемен ел еңсесін тіктеп кетсе екен деген тілек болды көптің көкейінде. Анталаған ашкөз заманда Қазақстанды қарыстап емес, қарыштап ілгерлеткен міне, осы қасиет, осы жауапкершілік еді.

Биыл, міне, қастерлі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басып отырмыз. Бақытын бағалай білетін ұлт үшін бұл – тойдың төресі. Бірақ той болғанда да, концерт көріп, көңіл көтеретін, қымыз ішіп, қызық қуатын той емес. Кешегін бағалап, келешекке көз жіберетін, ойланатын, толғанатын сәт.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.

БИБІГҮЛ МЫРЗАХМЕТҚЫЗЫ
кәсіпкер

Біздің ұлы атамыз Қырықбабайдың Жантемірі бәйбішесі қайтыс болғасын, екінші әйел алыпты. Бәйбішесінен әкеміз – Мырзахмет, ал екінші әйелінен Кенжеш туған. Ал біздің әкемізден аштық жылдары қорасаннан қайтыс болған бес баланың орнына төрт ұл тудық. Шешеміз – Шәймерденнің Көкеші қайтыс болғаннан кейін, Ерімқызы Шәмшияға қосылды. Ол Қорған облысындағы Ақсиыр (Половинка) деген жерде тұрады екен. Балалары сонда қалды. Ең кенжесі Есламды алып келіп, бірге тұрып еді, үлкен ағасы келіп, алып кетті. Мен қайта алып келейін деп Ақсиырға бірнеше рет бардым, бірақ ағалары бермеді. Әлі жас баланы шешесінің қасында болсын деп ойлап, ауданның прокурорына да барып едім, олардың да қолынан келмеді.

Бұл 1962 жыл болатын. Мен Озерный орта мектебін бітіріп, жоғары оқу орынына үй жағдайына байланысты бара алмайтын болғандықтан көрші ауыл – Жалтыршадағы бастауыш мектебіне мұғалім болып орналастым. Сол жылы қазан айының төрті күні шешеміз босанып, қыз бала дүниеге келді. Әкемнің немере ағасы, ауыл молдасы Темірбайдың Сағындығы азан шақырып Бибігүл деп ат қойды. Ерке өсті, ер жетті. Оқытып, білім беретін деп ойлап едім, көнбеді, ерте күйеуге шығып кетті.



Үлкен ағам жеңгем Сапи Мырзахметұлы мен Әсима Мақанқызын Рудныйда дәрігер болып істейтін ағамыз Амангелді Мырзахметұлы Таран ауданындағы Нагорное селосына көшіріп алды. Ол Рудныйдан жиырма бес шақырымда екен. Қостанай облысындағы озат совхоздардың бірі. Біздің "Озерный" совхозындағыдай емес, онда ауыл шаруашылығының жұмыстары негізінен техника күшімен атқарылады. Техникалары да жаңа. Осыны көрген қарындасымыз Бибігүл де жолдасы Сәбиттің Еркінімен сонда көшіп барды. Еркін өмірден ерте өтті. Содан

кейін қарындасымыз сол жердің азаматы Сәбит Рәшитұлымен қосылды.

Заман бір орында тұрмайды. Кеңес Одағының шаңырағы ортасына түсіп, еліміз егемендік алғаннан кейін халық жеке кәсіппен айналыса бастады. Сөйтіп Бибігүл Мырзахметқызы мен Сәбит Рәшитұлы 1992 жылы "Сәбит дүкені" деп аталған жеке кәсіп ашады. Қазір бұл кәсіпшілік төрт адамды, яғни қыздары мен күйеу балаларын жұмыспен қамтып отыр. Бір қуаныштысы, қыздары мен күйеу балаларының бәрінде жеңіл автокөліктер, дүкенге тауар таситын арнайы көліктері бар. Барлығы бір жерден тамақтанады, жатар орындары ғана бөлек. Енді қарындасымыздың ұрпақатрына тоқталайын: үлкен қызы Қуаныш Еркінқызы мен Амантай Сансызбайұлынан – Еркін. Еркін мен Гүлназдан – Селин. Ортаншы қызы – Әсел Еркінқызы мен Мақсұт Рүстемұлынан – Диана, Сәбит. Кіші қызы – Гүлнара Еркінқызы мен Қуаныш Жұбанышұлынан – Мансур, Мирас, Мәдина.

ӨМІРБАЯН

Амандық Мырзахметұлы Жантеміров 1944 жылғы 25 наурызда Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарасты Қарақамыс ауылында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қарақамыс ауылы) дүниеге келген. Еңбек жолын Жалтырша бастауыш мектебінде мұғалімдіктен бастаған. Одан кейін Ақбалық сегіз жылдық мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, Озерный кеңшарында комсомол ұйымының хатшысы болып істеген.

1966 жылы «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») облыстық газеті редакциясына қатардағы әдеби қызметкер болып орналасып, Бас редактордың орынбасары қызметіне дейінгі жолдан өткен. Облыстық радиода директор, облыстық телерадиокомпанияда бас редактор қызметін атқарған. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін «Қызылжар» облыстық орталық мешітінде баспасөз хатшысы болды.

Алматыдағы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, журналист мамандығын алған. Кеңес Одағы және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисті.



«Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола» және «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

«Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі», «Атақоныс-Ақтомпақ», «Жеті атаңды білесің бе?», «Сағындырған ауылым», «Доктор от бога» және «Қапсыт (Аткелтір)» кітаптарының авторы. Мәскеудің, Ленинградтың, Омбының, Новосібірдің, Алматының және Петропавлдың мемлекеттік архивтерінің құжаттарына сүйене отырып алғашқы санының жарық көргеніне 2000 жылы жүз жыл толған облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінің тарихы туралы кітап жазды. Зейнеткерлігіне әрі жасының ұлғайғанына қарамастан осы күнге дейін қаламын қолынан тастамай, облыстық, республикалық газеттер мен журналдарға танымдық материалдар жазып тұрады. Өңір тарихына байланысты құжаттарды, Керей руының шежіресін құрастырып кітаптар

шығарумен айналысуда.

Амандық Жантеміров бұқаралық ақпарат құралдарындағы үзіліссіз 50 жылдан астам еңбек өтілінде облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы, мәдени өркендеуі жайлы жазған жылнамашы деуге болады.

Қаланың көркеюіне және облыс экономикасының нығаюына елеулі үлес қосып жүрген еңбек адамдары туралы да журналистік очерктер, радио, бейнехабарлар ұйымдастырды. Солардың арасында Социалистік Еңбек Ерлері – сылақшы-сыршы Хайни-Жамал Мусина, жүгеріші Төлебай Мұстафин, тігінші-моторист Сәруәр Байсарина бар. Петропавлға жол-жөнекей ат басын тіреген әлемге әйгілі көріпкел-сиқыршы, Ұлы Отан соғысы жылдары майдандағы шайқастарды алдын-ала болжап отырған Вольф Мессинг, кезінде Республикада және біздің облыста басшылық қызмет атқарған, партия және мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенов, Петропавл қаласында облыстық қазақ мектеп-интернатында оқып, еңбек жолын «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан» газеті) редакциясында бастап, ақыры белгілі киорежиссерге айналған Аяған Шәжімбаев, басқа да жерлес тарихи тұлғалар туралы жазды.

Жерлестеріміз Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Иван Шухов, Сафуан Шәймерденов сияқты жазушылар мен оларға әр жылдары еріп келген Қасым Қайсенов, Ғафу Қайырбеков, Алексей Белялинов, Қуандық Шаңғытбаев сынды ақын-жазушылар туралы газеттерде материалдар, телеарнада көптеген хабарлар ұйымдастырды.

Кеңес Одағы кезінде газет редакциясының журналистері елді – мекендерге ауа-райының қандай жағдайында болмасын іссапарға негізінен автобустармен немесе жол-жөнекей кездескен көліктермен жетіп, еңбекшілермен кездесіп, олардың ерен еңбегі туралы жазатын. Журналист Амандық Жантеміров те жылдың қай мезгілінде болмасын, жаз жауынға, қыс-суық пен боранға қарамай, жолға шығатын. Оның аяғы баспаған елді – мекен жоқ шығар бұл өңірде. Ол әрбір сапарынан кейін газет арқылы талай озық тәжірибелерді таратты, талай түйінді мәселелердің оң шешілуіне ықпал жасады.

Еліміздің тәуелсіздік алу кезеңі журналист Амандық Жантеміровтің облыстық телерадиокомпанияда бас редактор қызметін атқарған жылдарға дөп келді. Сонау Ленинградтан бастап, Свердловскіден, Челябіден, Омбыдан, Қорғаннан және Ресейдің басқа да қалаларынан кезек-кезегімен келген арандатушылар облыс тұрғындарын Қазақстанның Солтүстік өңірін Ресейге беруді қолдауға шақырып үгіттер жүргізді, минингілер, жабық басқосулар, жиналыстар ұйымдастырды. Петропавл қаласының көшелерінде әскери форма киген казактар толып кетті. Осы кезде журналист Амандық Жантеміров әріптестерімен бірге теледидарда халықты арандатушылық әрекеттерден сақ болуға шақырған хабарлар ұйымдастырды. Олар өз нәтижесін берді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Петропавлдағы Ленин атындағы, МЛД, ЗИМ, Киров атындағы, Куйбышев атындағы ірі заводтар тоқтап қалды. Оларға жан бітіру үшін Мемлекет басшылары талай келді. Бәрінен де бұрын ТЭЦ-2-нің жұмысының тұралап қалуы қала және облыс тұрғындарының жанына батты. Өйткені көпқабатты үйлер жылусыз, жарықсыз қалды. Тәжірибелі журналист Амандық Жантеміров мемлекет басшыларымен және сол кездердегі облыс әкімдері Владимир Гартманмен, Даниал Ахметовпен, Қажымұрат Нағмановпен бірге жүріп, зауыттар мен жылу-электр орталығының жұмысын қайта қалпына келтіру барысымен қала тұрғындарын үнемі хабардар етіп отырды.

Егемендік алған алғашқы жылдары қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында қыруар істер атқарылды. Теледидар мен радиода қазақ тілінде берілетін хабарлардың көлемін 50 процентке дейін жеткізу барысында қаншама қарсылықтар, қиындықтар кездесті. Халықтар арасында алауыздықты тудырмау мақсатында Амандық Жантеміровтің бастауымен телевидение мен радиода орысша, қазақша хабарлармен бірге татар, неміс, украин тілдерінде де хабарлар жүйелі беріліп тұрды. Наурыз

мерекесінің, басқа ұлттардың мерекелерінің ұлттық дәстүрлерді насихаттаудағы, халықтар арасындағы достықты, ынтымақтастықты нығайтудағы ролі жайында хабарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырылды. Петропавл қаласында орыс мектептерінің жанынан қазақ кластарын, балабақшаларда қазақ топтарын ашуға күш салынды. Осы іспен айналысып жүрген белсенділер телерадиохабарларға жиі шақырылып отырылды.

Амандық Мырзахметұлы облыстық телерадиокомпанияда қызмет істеген жылдары «Қазақстан», «Хабар» телеарналарына біздің өңірде болып жатқан елеулі оқиғалар мен қол жеткізілген жетістіктер туралы бейнебаяндар дайындап отырды. Сол қызметі үшін облыс әкімдерінің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің, «ҚР телерадиокомпаниясы» АҚ басқарма төрағасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Журналист Амандық Жантеміров сонау 1966 жылдан бастап сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары Василий Демиденкомен, Владимир Степановпен, Святослав Медведевпен, облыс әкімдері Владимир Гартманмен, Даниал Ахметовпен, Анатолий Смирновпен, Қажымұрат Нағмановпен, Тайыр Мансұровпен, Серік Біләловпен бірге Дінмұхамед Қонаевты, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты, еліміздің әр кездегі Премьер-Министрлері Қасым-Жомарт Тоқаевты, Иманғали Тасмағанбетовты, Кәрім Мәсімовті, Даниал Ахметовты және басқаларын, олардың орынбасарларын, министрлерді қарсы алып, олардың өңірімізге және Петропавл қаласына келген сапарлары барысын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жедел көрсетіп, жазып отырды. Әсіресе Нұрсұлтан Назарбаевтың алғашқы Президент сайлауы алдындағы солтүстік өңірге сапарынан бастап, Тайынша ауданындағы «Биохим» зауытын ашу, облыс орталығындағы жаңа салынған шіркеуде, «Қызылжар» орталық мешітінде, тарихи-өлкетану музейінде болуын, Абылай хан резиденциясын ашу рәсіміне қатысуын және басқа жылдардағы сапарларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жедел жариялап отырды.

Айта берсе Амандық Жантеміровтың елу жылдан астам журналистік қызметінде атқарған игі істері көп-ақ. Оның бәрін қысқаша баяндап шығу мүмкін емес. Қаламы қарымды журналистің осы еңбегі елеусіз қалған жоқ, оған ҚР Мәдениет Қайраткері, «Қазақстанның құрметі журналисі» жоғары атақтары берілді. 1981 жылы СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің (ВДНХ СССР) қола медалімен, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің, облыс әкімдігінің бірнеше мәрте Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, «Қазақстан республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ құрмет грамоталарымен марапатталды, облыс әкімінің бірнеше мәрте сыйақысы иегері атанды.

қараша, 2021 жыл
Солтүстік Қазақстан облыстық
Ардагерлер кеңесі

АВТОБИОГРАФИЯ



Жантемиров Амандык Мырзахметович родился 25 марта 1944 года в ауле Каракамыс Пресногорьковского района Костанайской области (ныне аул Каракамыс Жамбылского района Северо-Казахстанской области). Трудовую деятельность начал учителем Жалтыршинской начальной школы. Затем работал учителем и завучем в Акбалыкской восьмилетней школе, секретарем комсомольской организации совхоза Озерный. В 1966 году поступил в редакцию областной газеты «Ленин туы» (ныне «Солтүстік Қазақстан») рядовым литературным сотрудником, прошел трудовой путь до заместителя главного редактора. Работал директором областного радио, главным редактором областной телерадиокомпании. После выхода на пенсию стал пресс-секретарем областной центральной мечети «Кызылжар».

Окончил Казахский государственный университет им. С. М. Кирова в Алматы по специальности журналист. Член Союза журналистов Казахстана и СССР. Заслуженный деятель культуры Республики Казахстан, Почетный журналист Казахстана.

Награжден юбилейными медалями «За освоение целинных и залежных земель», бронзвой медалью«Всесоюзной выставки достижений народного хозяйства в Москве» и юбилейной медалью«Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл». Автор книг: «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі», «Атақоныс-Ақтомпақ», «Жеті атаңды білесің бе?», «Сағындырған ауылым», «Доктор от бога» және «Қапсыт (Аткелтір)». Ссылаясь на архивные документы Москвы, Ленинграда, Омска, Новосибирска, Алматы и Петропавловска, он написал книгу об истории областной газеты «Ленин туы» (ныне «Солтүстік Қазақстан»), которую в 2000 году исполнилось сто лет со дня выхода первого номера. Несмотря, на то, что он находится на заслуженном отдыхе и на преклонный возраст, до сих пор публикует познавательные материалы в областных, республиканских газетах и журналах. Занимается воссозданием истории региона, где он родился, собирает родословные рода Кереев.

Амандык Жантемиров за более чем 50-летний непрерывный стаж работы в средствах массовой информации является летописцем социально-экономического и культурного развития области.

Организовал журналистские очерки, радио, видеопередачи о людях труда, внесших значительный вклад в развитие города и укрепление экономики области. Среди них Герой Социалистического Труда – штукатур-маляр Хайни-Жамал Мусина, кукурозовод Тулебай Мустафин, швея-моторист Саруар Байсарина и другие. Писал об известном во всем мире советском эстрадном артисте (менталисте), выступавший с психологическими опытами «по чтению мыслей» зрителей Вольфе Мессинге, где сам был участником встречи с провидцем посетившего г. Петропавловск, предсказавший сражения на фронтах в годы Великой Отечественной войны. Печатал статьи о партийном и государственном деятеле Жумабеке Ташенове, в свое время занимавший руководящие должности в Республики и в нашей области. На старницах газеты рассказывал об Аягане Шажимбаеве, выпускнике областной казахской школы-интерната в Петропавловске, впоследствии ставший известным кинорежиссером, который начинал свою трудовую деятельность в редакции газеты «Ленин туы» (газета «Солтүстік Қазақстан»), писал и о других исторических личностях-земляках.

Организовал материалы в газетах и передачи на телеканалах о наших земляках-писателях, таких как Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Иван Шухов, Сафуан Шаймерденов, а также сопровождающих их в разные годы Касыме Кайсенове, Гафу Каирбекове, Алексее Белялинове, Куандыке Шангытбаеве.

В Советское время журналисты газеты в основном ездили в командировку на маршрутных автобусах или добирались до населенных пунктов на попутках, несмотря на погодные условия, встречались с труженниками аулов и сел, писали о их трудовых буднях. Журналист Амандык Мурзахметович был не исключением. Он за свою полвековую журналисткую жизнь побывал почти во всех населенных пунктах нашей области и через публикации материалов распространял опыт работы передовиков, помогал решить проблемы.

Период обретения независимости нашей страны пришелся на годы, когда журналист Амандык Жантемиров работал главным редактором областной телерадиокомпании. Начиная с Ленинграда, поочередно из Свердловска, Челябинска, Омска, Кургана и других городов России приезжали в нашу область провокаторы и вели агитацию, призывая жителей области поддержать передачу северного региона Казахстана России, устраивали митинги, закрытые встречи, собрания. На улицах Петропавловска толпились казаки в военной форме. В это время журналист Амандык Жантемиров вместе с коллегами организовал на телевидении передачи, призывающие население остерегаться провокационных действий. Они дали свои результаты.

В первые годы независимости в Петропавловске были остановлены крупные заводы имени Ленина, МЛД, ЗИМ, имени Кирова, имени Куйбышева. Для возобновления работы в город приезжало руководство молодого государства. Прежде всего, простои в работе ТЭЦ-2 не пришлись по душе жителям города и области. Ведь многоэтажные дома остались без тепла, без света. В трудные для всех время опытный журналист Амандык Жантемиров сопровождал высоких гостей и акимов области Владимира Гартмана, Даниала Ахметова, Кажымурата Нагманова, постоянно информировал горожан о ходе восстановления работы заводов и теплоэлектроцентрали.

В первые годы обретения суверенитета было сделано немало для повышения статуса казахского языка. В ходе доведения объема вещания на казахском языке до 50 процентов на телевидении и радио было немало возражений, трудностей. Во избежание разжигания розни между представителями разных наций по инициативе Амандыка Жантемирова на телевидении и радио регулярно передавались передачи на русском, казахском, а также на татарском, немецком, украинском языках. Были организованы круглые столы, сообщения о роли празднования «Наурыз мейрамы» в целях пропаганды национальных традиций, укрепления дружбы и сотрудничества между народами. В Петропавловске были предприняты усилия по открытию

казахских классов при русских школах, казахских групп в детских садах. Активистов, занимающихся этим делом, часто приглашали на телерадиопередачи.

В годы работы на телевидении готовил оперативные и правдивые сюжеты для телеканалов «Казахстан», «Хабар» о значимых событиях и достижениях нашего региона. За что был неоднократно поощрен Почетными грамотами акимов области, Министром Культуры, информации и общественного согласия РК, председателем правления АК «Телерадиокомпания РК».

Журналист Амандык Жантемиров с 1966 года в тесном взаимодействии работал с первыми секретарями обкома партии Василием Демиденко, Владимиром Степановым, Святославом Медведевым, акимами областей Владимиром Гартман, Даниалом Ахметовым, Анатолием Смирновым, Кажымуратом Нагмановым, Таиром Мансуровым, Сериком Биляловым. Был постоянным участником сопровождающих рабочих визитов первых лиц страны: Динмухамеда Кунаева, Первого президента независимой страны Нурсултана Назарбаева, премьер-министров страны: Касым-Жомарта Токаева, Имангали Тасмаганбетова, Карима Масимова, Даниала Ахметова и других их заместителей, министров. Их поездки в наш регион и город Петропавловск оперативно освещал через средства массовой информации. В частности, начиная с визита Нурсултана Назарбаева в северный регион перед выборами Первого Президента, он оперативно освещал через средства массовой информации поездки по открытию завода «Биохим» в Тайыншинском районе, посещение вновь построенных церкви, и центральной мечети Кызылжар, историко-краеведческого музея, участие в церемонии открытия резиденции Абылай хана и другие объекты.

Стоит отметить, что за более пятидесяти лет журналистской деятельности Амандык Жантемиров сделал немало добрых дел. Все это не может быть кратко изложено. Этот труд уважаемого журналиста не остался незамеченным, ему присвоены высокие звания «Заслуженный журналист Казахстана», деятель культуры РК. В 1981 году награжден бронзовой медалью Выставки достижений народного хозяйства СССР (ВДНХ СССР), в 2011 году юбилейной медалью «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», неоднократными Почетными грамотами, благодарственными письмами Северо-Казахстанского обкома партии, акимата области, Почетными грамотами Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан, АО «Казахстанская Республиканская телерадиокорпорация», неоднократно становился обладателем премии акима области.

ноябрь, 2021г.
Северо – Казахстанский
областной
Совет ветеранов

СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ

Амандық Мырзахметұлы Жантеміров Петропавл қаласында 1966 жылдың 25 мамырынан тұрады. Дәл сол күні Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газеті редакциясына әдеби қызметкер болып орналасады. 2007 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті редакциясында қатардағы әдеби қызметкерден бас редактордың орынбасары қызметіне дейін көтеріледі, арасында қалалық «Қызылжар нұры» газеті редакторының орынбасары – жауапты хатшысы, облыстық радиода директор, облыстық телерадиокомпанияда бас редактор қызметтерін атқарды. Құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін үш жыл редакцияда, одан кейін сонша уақыт «Қызылжар» облыстық орталық мешітінде баспасөз хатшысы болып істеді. Қазір де қалалық, облыстық, республикалық «Егемен Қазақстан» газеттеріне Қызылжар қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының тыныс-тіршілігіне байланысты мақалалар жазып тұрады.

Еңбекке мектепте оқып жүргеннен-ақ араласқан Амандық Жантеміров өзі туып –өскен Молотов атындағы колхоздың Қарақамыс бригадасында алғашында қос өгіз жегілген бірішке-арбамен комбайннан қырманға астық тасыды. Содан кейін комбайнның сабан жинайтын тіркемесіне мініп сабанды тығыздап барып танапта бір қатарға түсіріп отыруға машықтанды. Тың жерлерді игеру басталып, «Озерный» совхозы құрылғаннан кейін жыл сайын жазғы каникулда тіркемелі шөп шабатын машинаға отырып мал қыстату науқанына жемшөп дайындауға қатысты. Ал мектепте оқып жүрген кезде, күзде кешкілік қырманда жұмыс істейтін болды. Сөйтіп, өзіне киім, оқу құралдарын сатып алуға ақша табатын болды. Осы еңбегі еленіп Амандық Жантеміров «**Тың жерлерді игергені үшін**» медалімен марапатталды.

Журналист Амандық Мырзахметұлы бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істеген жылдары Петропавлда және тұтастай облыс көлемінде талай оқиғалар, жағымды жаңалықтар болды. Солардың бәрін дерлік газет беттеріне жазып, радиодан хабарлап, теледидар арқылы көрсетіп отырды. Атап айтар болсақ, Тың өлкесі ыдыратылып, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы обкомдарының орынына облысты басқару жүйесі бұрынғы қалпына келтірілгеннен кейін Петропавл қаласында да, облыс аумағында да әлеуметтік-мәдени ошақтар, тұрғын үй құрылысы қайта жаңғыра бастады. Әсіресе, Петропавл халықаралық аэропортын салу елеулі оқиға болды. Оған таңдап алынған жерді заңдастыру, құрылыс жұмыстарына қаржы бөлгізу мәселесімен Петропавл қалалық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Тауфих Мұхамедрахимов Мәскеуге әлденеше рет барды. Ақыры мақсат орындалды. Сондай-ақ Петропавлда троллейбус бағытының ашылуы да қала тұрғындарының тұрмысына елеулі түрде әсер етті. Сол жылдары қалада «Океан», «Уют», «Глобус», «Киімдер үйі», «Раушан», «Рахат», «Буратино», «Березка», тағы сондай дүкендер ашылды, теміржол

вокзалы, сапаржай ғимараттары, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов атындағы кітапханалар, Погодин атындағы орыс драма театры, жаңа мектептер салынып, қала көріктене түсті. Міне, осы оқиғалардың бәрін журналист Амандық Жантеміров бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жедел түрде хабарлап, жеткізіп отырды.

Қаланың көркеюіне және облыс экономикасының нығаюына елеулі үлес қосып жүрген еңбек адамдары туралы да журналист очерктер, радио, бейнехабарлар ұйымдастырып отырды. Солардың арасында Социалистік Еңбек Ерлері – сылақшы-сыршы Хайни –Жамал Мусина мен тігінші-моторист Сәруәр Байсарина да бар. Сондай-ақ Петропавлға жол-жөнекей ат басын тіреген әлемге әйгілі көріпкел-сиқыршы, Ұлы Отан соғысы жылдары майдандағы шайқастарды алдын-ала болжап отырған Вольф Мисинг, кезінде біздің облыста басшылық қызмет атқарған, партия және мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенов, Петропавл қаласында облыстық қазақ мектеп-интернатында оқып, еңбек жолын «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан» газеті) редакциясында бастап, ақыры белгілі кинорежиссерге айналған Аяған Шәжімбаев, басқа да жерлес тарихи тұлғалар туралы жазып отырды.

Жерлестеріміз Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірпов, Иван Шухов, Сафуан Шәймерденов сияқты жазушылар мен оларға әр жылдары еріп келген Қасым Қайсенов, Ғафур Қайырбеков, Алексей Белялинов, Қуандық Шаңғытбаев сынды ақын-жазушылар туралы газеттерде материалдар, телеарналарда көптеген хабарлар ұйымдастырды.

Еліміздің егемендік алу кезеңі журналист Амандық Жантеміровтің облыстық телерадиокомпанияда бас редактор қызметін атқарған жылдарыға дөп келді. Сонау Ленинградтан бастап, Свердловскіден, Челябіден, Омбыдан, Қорғаннан кезек-кезегімен келген арандатушылар облыс тұрғындарын Қазақстанның Солтүстік өңірін Ресейге беруді қолдауға шақырып үгіттер жүргізді, митинглер, жабық басқосулар, жиналыстар ұйымдастырды. Петропавл қаласының көшелерінде әскери форма киген казактар толып кетті. Осы кезде журналист Амандық Жантеміров әріптестерімен бірге теледидарда халықты арандатушылық әрекеттерден сақ болуға шақырған хабарлар ұйымдастырды. Олар өз нәтижесін берді.

Егемендіктің алғашқы жылдары Петропавлдағы Ленин атындағы, МЛД, ЗИМ, Киров атындағы, Куйбышев атындағы ірі заводтар тоқтап қалды. Оларға жан бітіру үшін Мемлекет басшылары талай келді. Бәрінен де бұрын ТЭЦ-2-нің жұмысының тұралап қалуы қала және облыс тұрғындарының жанына батты. Өйткені көпқабатты үйлер жылусыз, жарықсыз қалды. Тәжірибелі журналист Амандық Жантеміров сол кездердегі облыс әкімдері Владимир Гартманмен, Даниал Ахметовпен, Қажымұрат Нағмановмен бірге жүріп, зауыттар мен жылу-электр орталығының жұмысын қайта қалпына келтіру барысымен қала тұрғындарын үнемі хабардар етіп отырды.

Егемендік алған алғашқы жылдары қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында қыруар істер атқарылды. Теледидар мен радиода қазақ тілінде берілетін хабарлардың көлемін 50 процентке дейін жеткізу барысында қаншама қарсылықтар, қиындықтар кездесті. Халықтар арасында алауыздықты тудырмау мақсатында Амандық Жантеміровтің бастауымен телевидение мен радиода орысша, қазақша хабарлармен бірге татар, неміс, украин тілдерінде де хабарлар жүйелі беріліп тұрды. Наурыз мерекесінің, басқа ұлттардың мерекелерінің ұлттық дәстүрлерді насихаттаудағы, халықтар арасындағы достықты, ынтымақтастықты нығайтудағы ролі жайында хабарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырылды. Петропавл қаласында орыс мектептерінің жанынан қазақ кластарын, балабақшаларда қазақ топтарын ашуға күш салынды. Осы іспен айналысып жүрген белсенділер телерадиохабарларға жиі шақырылып отырылды.

Журналист Амандық Жантеміров сонау 1966 жылдан бастап сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары Василий Демеденкомен, Владимир Степановпен, Святослав Медведевпен, Анатолий Смирновпен, облыс әкімдері Владимир Гартманмен, Даниал Ахметовпен, Қажымұрат Нағмановпен,

Тайыр Мансұровпен, Серік Біләловпен бірге жүріп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұханбет Қонаевты, егеменді еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты, еліміздің әр кездегі Премьер-Министрлері Әкежан Қажыгелдинді, Қасым-Жомарт Тоқаевты, Серік Ахметовті, Иманғали Тасмағанбетовты, Кәрім Мәсімовті, Даниал Ахметовты және басқаларын, олардың орынбасарларын, министрлерді қарсы алып, олардың өңірімізге және Петропавл қаласына келген сапарлары барысын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жедел көрсетіп, жазып отырды. Әсіресе Нұрсұлтан Назарбаевтың алғашқы Президент сайлауы алдындағы солтүстік өңірге сапарынан бастап, Тайынша ауданындағы «Биохим» зауытын ашу, Петропавлдағы «Қызылжар» орталық мешітінде, он тоғызыншы ықшам аудандағы шіркеуде, тарихи-өлкетану музейінде болуын, Абылай хан резиденциясын ашу рәсіміне қатысуын және басқа жылдардағы сапарларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жедел жариялап отырды.

Ауылын ардақ тұтқан азамат туған жеріне кіндігімен байланғандығын күні бүгінге дейін танытып жүр. Осыдан 6 жыл бұрын Қарақамыс ауылының 85 жылдығын тойлауға, атақоныста аруақтарға арнап ас беру шараларын ұйымдастыруға мұрындық болған да – біз білетін Әбекең. Осы атаулы күнге дейін 35 шаңырақты ауылдың ішкі жолдары тегістеліп, көшелері жарықтандырылды, ескі дүкен ғимараты мәдениет ошағына, бір үй намазханаға айналдырылды. Жергілікті тұрғындардың тарихы Амандық ағамыздың «Сағындырған ауылым» атты естелік кітабына арқау болды. Бұл игілікті іске Жантеміровтер әулеті, атап айтқанда Әбекеңнің інісі Амантай, ағасының балалары Аяш пен Балғат, осы елді мекеннен түлеп ұшқан азаматтар бір кісідей үлес қосты.

Амандық Мырзахметұлы ауылының тыныс-тіршілігінен қалыс қалып көрген емес. «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының, облыс және аудан әкімдерінің қабылдауларында болып, Қарақамысқа дейінгі жолдарды қалпына келтіру, автобус қатынасын жолға қою мәселелерін сан мәрте көтерді. Бар мақсаты – балалық махаббатына айналған әсем жер мен елдің санадан өшпеуіне, атақоныстың сақталып қалуына өзіндік үлес қосу.

Әбекеңнің өзінің айтуына қарағанда, газетке мақала жазумен 6-шы сыныптан бастап әуестенген. Қостанай облыстық «Коммунизм жолы», Пресногорьков аудандық «За коммунизм», Преснов аудандық «Целинник» газеттерінің ауылдық штаттан тыс тілшісі атанған. Мақалалары мен очерктері, естеліктері мен жолжазбалары республикалық «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан»(қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінде және «Мәдениет және тұрмыс» журналында, бірнеше жинақтарда жарияланған.

Журналист ағамыздың «Атақоныс – Ақтомпақ» жинағындағы «Естен кетпес кездесулер» тарауынан сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің туған жерге келген сапарлары, сол кездері қасында болған белгілі тұлғалар – Қасым Қайсенов, Ғафу Қайырбеков, Сәбеңнің сүйікті жары Мәриям апай жайлы жазылған естеліктер мен жолжазбалар шынайылығымен ерекшеленеді. Мысалы, «Танысу» атты естелігінде: «Мен не ақын, не жазушы емеспін, сондай биік билік басында болғаным жоқ. Сонда да тағдыр мені Ғабеңмен талай сапарлас, дәмдес болуға жазды. Оған мен қуанамын. Ол мен үшін мерей», – деп ағынан жарылады.

Облыстағы басты газеттің меншікті тілшісі, теледидардың редакторы атану –

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуынан хабардар болуға, елді мекендерде болып жатқан жаңалықтарды көзбен көруге, сол ауылдардың шежіресін құрыш қолдарымен «жазып» жатқан еңбек адамдарымен жақынырақ танысуға жол ашады. Бұл тұрғыда Әбекең – «қызу еңбек қайнаған» Қызылжар өңірін тікұшақпен де, автобуспен де, қызмет көлігімен де, жаяулап-жалпылап та түгелге жуық аралап, облыста атқарылып жатқан ауқымды істер мен шешімін күткен өзекті мәселелерді, туған жердің нар тұлғалы адамдарын, соғыс және еңбек ардагерлерін қарымды қаламына арқау еткен тілші.

Қазақстанның құрметті журналисі «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен, Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталған.

Көрген – түйгендерін, қолжазбаларын 4 кітапқа арқау еткен қарт журналист әлі де тұғырдан түсе қойған жоқ. Еңбек жолын бастаған бүгінгі «Солтүстік Қазақстан» газетіне естеліктер мен мақалалар жазып, бір ғасырлық тарихы бар басылыммен байланысын үзбей келеді. Қаламы қарымды Амандық Мырзахметұлының әлі де айтары, әлі де жазары мол екендігіне сенімім мол...

Нұрсайын Шәріп,
журналист

ҚЫСҚАША ДЕРЕКТЕР

1921-28 жылдары – Шаңбай ауылы, Әнастас (Анатасьевский), Аққусақ болыстары, Петропавл уезі Ақмола губерниясы (орталығы Петропавл қаласы)

1928-35 жылдары – Қарақамыс ауылы, Төңкеріс ауданына қараған (орталығы қазіргі СҚО, Жамбыл ауданындағы Майбалық ауылы).

1935-36 жылдары – Қарақамыс ауылы, Преснов ауданы, Қарағанды облысы (орталығы Петропавл қаласы).

1936-38 жылдары – Қарақамыс ауылы, Преснов ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы (орталығы Петропавл қаласы)

1938-1963 жылдары – Қарақамыс ауылы, Пресногорьков, Ұзынкөл (Ленинский) аудандары, Қостанай облысы.

1963 жылдан – Қарақамыс ауылы, Преснов ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы.

1970 жылдан – Қарақамыс ауылы, Жамбыл ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы (1970 жылдан аудан орталығы Благовещенка, ал 1997 жылдан Преснов ауылдары)

Автор туралы:

Жантеміров Амандық Мырзахметұлы 1944 жылғы 25 наурызда Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарасты Қарақамыс ауылында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы) дүниеге келген. Еңбек жолын Жалтырша бастауыш мектебінде мұғалімдіктен бастаған. Одан кейін Ақбалық сегізжылдық мектебінде мұғалім, Озерный кеңшарында комсомол уйымының хатшысы болып істеген.

1966 жылы «Ленин туы» (казіргі «Солтүстік Қазақстан») облыстық газетіредакциясына қатардағы әдеби қызметкер болып орналасып, Бас редактордың орынбасары кызметіне дейінгі жолдан өткен. Облыстық радиода директор, облыстық телерадиокомпанияда бас редактор қызметін атқарған. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін «Қызылжар» облыстық орталық мешітінде баспасөз хатшылығына шақырылды.

Алматыдағы С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, журналист мамандығын алған. Кеңестер Одағы және Қазақстан журналистер одағының мүшесі. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері кермесінің қола, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы. «Атақоныс – Ақтомпақ», «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі», «Жеті атаңды білесің бе?», «Сағындырған ауылым», «Доктор от Бога», «Қапсыт (Аткелтір)», «Қарақамыс – қапсыттар мекені» кітаптарының авторы.

ЕСКЕ АЛУ

ҚОШ БОЛ, АЯУЛЫ АЗАМАТ!

Есімі өңірімізге белгілі аяулы азамат, дарқан пейілді әріптесіміз, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Амандық Мырзахметұлы Жантеміров 79 жасқа қараған шағында өмірден озды.

1944 жылғы 25 наурызда Жамбыл ауданы, Қарақамыс ауылында дүниеге келген ол еңбек жолын сол аудандағы Жалтырша бастауыш мектебінде мұғалімдіктен бастаған. Кейін Ақбалық сегіз жылдық мектебінде мұғалім, "Озерный" кеңшарында комсомол ұйымының хатшысы болып қызмет істеген.

Өндірістен қол үзбестен Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, журналист мамандығын алып шығады. 1966 жылы "Ленин туы" (қазіргі "Soltüstık Qazaqstan") облыстық газетінің редакциясына қатардағы әдеби қызметкер болып кіріп, бас редактордың орынбасарлығына дейінгі мансаптық өсу жолынан өткен. Әр жылдары облыстық радиода, облыстық телеарнада журналист, бас редактор қызметтерін атқарған.

Амандық Жантеміровтің жарты ғасырдан астам еңбек жолында облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы, мәдени өркендеуі, ауыл тұрмысы жайлы жазған материалдарын өңіріміздің жылнамасы деуге болады. Облыстың көркеюіне және өңір экономикасының нығаюына елеулі үлес қосқан еңбек адамдары туралы журналистік очерктер жазып, радио мен телеарнада хабарлар жасады. Атақты жерлестеріміз Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Иван Шухов, Сафуан Шәймерденовтермен кездесіп, сұхбат алды. Оның облыстық газет бетінде жарияланған талдамалық материалдары, сыни мақалалары, фельетондары, журналистік жазбалары кезінде оқырмандарымыздың жоғары бағасын алған болатын. Зейнет демалысына шықса да редакциямен байланысын үзген жоқ, өмірінің соңына дейін қолынан қаламын тастамай, тарихи-танымдық мақалалар жазып тұрды.



Амандық Жантеміровтің журналистикадағы елу жылдық еңбегі елеусіз қалған жоқ. "Мәдениет қайраткері", "Қазақстанның құрметті журналисі" атақтары берілді. 1981 жылы КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен, 2011 жылы "Қазақстан

Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл" мерекелік медалімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, "Қазақстан республикалық телерадиокорпорациясы" АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды. Үстіміздегі жылы Амандық Мырзахметұлына көп жылғы адал еңбегі үшін Солүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы атағы берілген болатын.

Қаламы қарымды қаламгер "Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі", "Атақоныс-Ақтомпақ", "Жеті атаңды білесің бе?", "Сағындырған ауылым", "Доктор от бога" және "Қапсыт (Аткелтір)" атты кітаптар жазып, өзінің жазушылық қабілетін танытты.

Адамгершілік қасиеттерімен, жастарға қамқорлығымен, сөзге шешендігімен, аққөңілдігімен көптің құрметіне бөлене білген Амандық Мырзахметұлының жарқын бейнесі бәріміздің есімізде мәңгі сақталады. Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болсын. Марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

"Қызылжар-Ақпарат"
ЖШС-ның ұжымы.

Солтүстік Қазақстан облысының өкімдігі Қазақстанның құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы

Амандық Мырзахметұлы ЖАНТЕМІРОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

Солтүстік Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесінің төралқасы Мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы

Амандық Мырзахметұлы ЖАНТЕМІРОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғырып, көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы

Амандық Мырзахметұлы ЖАНТЕМІРОВТІҢ

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ



Зымыраған өмір-ай! Кеше ғана арамызда өзінің ақкөңілдігімен, адамгершілік жақсы қасиеттерімен, бауырмалдылығымен, білімдарлығымен, айналасын танымдық әңгімелерімен өзіне ұйыта білетін мінезімен көпшілікке танымал досым Амандық Мырзахметұлы Жантеміровтің фәни өмірден бақилыққа өтіп, мәңгілік мекенінен орын алғанына қырық күн толып отыр. Менің Амандықпен таныстығым осыдан алпыс жылдан астам уақыт бұрын мектеп қабырғасында басталған болатын. Ол кездері екеуіміз де түбіт мұртты бозбала едік. Содан бері арамыздағы байланыс ешқашан үзілген жоқ, достығымыз уақыт сынынан өтті, қуанышта да, қайғыда да бірге бола білдік. Отбасымызбен бірге араластық. Мен орта мектепті бітірген соң ұстаздық жолды таңдадым. Амандық болса жастайынан арман еткен журналистика саласына барлық саналы ғұмырын арнады. Облыстық "Soltüstik Qazaqstan" газетінде, телевизия мен радиода абыройлы еңбек етті. Оның қаламынан туған танымдық мақалалар мен ұйымдастырған хабарлары өз оқырманын, көрерменін, тыңдарманын таба білді. Соңғы демі таусылғанша, қолынан қаламы түспеді. Біз телефон арқылы жиі хабарласатынбыз, ол сол кездері қандай мақала жазып жатқанын айтып, ойымен бөлісуші еді. Досымның ұзақ жылдардағы еселі еңбегі елеусіз қалған жоқ. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы болды, басқа да марапаттары бір төбе еді. Мен осындай досымның болғанына қуанатынмын. Бірде қонақта отырғанда "Сексен жасқа толғанда, бәріңді тойыма шақырамын", – деп еді бәрімізді риза етіп. Бірақ Жаратқан иеміз ол қуанышты күнді бізге бұйыртпады...

Досым "Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі", "Атақоныс-Ақтомпақ", "Жеті атаңды білесің бе?", "Сағындырған ауылым", "Доктор от бога" және "Қапсыт (Аткелтір)" атты кітаптар жазды, оның әр данасын өзінің қолтаңбасымен маған сыйлап еді. Қазір олар қымбат жәдігер ретінде үйімнің төрінде сақтаулы тұр.

Сағынышпен еске алушы: досы Сайран Сұлтанұлы.

ТЕРІСКЕЙДІҢ АМАНДЫҒЫ



Алматы мен Астанада жүрген сырттары жылтыраған ақын-жазушылар мен журналистерге елеңдейміз деп, қасымызда жүрген алмастай жарқыраған жергілікті қаламгерлерді елемейміз. Қызылжардың басты қателігі – осы! Бұл – белгілі журналист Амандық Жантеміровтен айырылып қалғанымыз жайлы суыт хабар естігенде ойыма оралған сөз.

2014 жылдан бастап облыс орталығында қоғамдық іс-шараларға көрермен, 2017 жылдан бері сөз сөйлейтін азамат ретінде белсенді қатысып келем. Жиындарда Амандық атамызды жиі көріп жүрдім. Солтүстік Қазақстан облысының руханиятына аптаның жеті күні түгіл, жиырма төрт сағат еңбек етіп, зор үлес қосты. Өңіріміздің өзекті мәселелерін көтеріп, «Солтүстік Қазақстан» газетінде шыншыл мақалаларды жариялап жүрді.

2017 жылдың наурызында С. Мұқанов атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында алқалы жиын өтті. Сол жиынға Амандық Мырзахметұлынан басқа ешқандай да қаламгер келмеді. Зиялы қауымның бір өкілі: – Әй, Амандық! Қаламдастарың көрінбейді. Әдебиетке бет бұрмайтынға көшкен сияқты ғой, – деп кекете сөйлегенін іліп әкетіп;

– Ерік Хамзаұлы Астанаға кетіп, Құмар Іргебайұлы деген азамат келіп, облыс тізгінін қолына алады екен. Кеткен әкімді жамандап, келген әкімді мақтауға репетиция жүргізіп жатқан болар. Әдебиеттен саясат жоғары тұрған заманда жүрміз, – деп айналасындағылардың аузына құм құйған-ды.

Ағамыз сөйлегенде сөздің түбін түсіретін жан еді. Өмірінің соңғы айларында көргенімді шамам жеткенше баяндайын. Петропавл қаласында 2022 жылғы наурыз айының он бесінші жұлдызында Қазақстанның халық жазушысы, сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің 120 жылдығына, халық жазушысы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сафуан Шаймерденовтің 100 жылдығына және ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Кәкімбек Салықовтың 90 жылдығына арналып ұйымдастырылған «Ұлтын сүйген ұлылар» республикалық ғылыми конференциясы өткенде модераторы, ақын Дәулеткерей Кәпұлы жиынды қорытындылап, елмен қоштаса бергенде Амандық ағамыз сөз алып ортаға шығып, ұйымдастырушылар алқасын сынға алды. Үш алыптың да көзін көрген «Қазақстанның құрметті журналисті» көсіліп сөз сөйлеп, ертесінде өтетін айтысқа қатысатын Жүрсіннің жүйріктерін түйреп, «Қайсыларың

қай тұлғаның ауылына бардыңдар? Ешқайсыларың да бармадыңдар! Ертең айтыста не айтасыңдар?» деп, Сафуан Шаймерденовтің ауылында ешқандай да үй қалмағанын әдебиетсүйер қауымға айтып салды. Конференциядан шыққан соң қатты айтқанын астарлап жеткізгенімде, Амандық аға:

– Немеремдей екенсің, әй, бала! Сөзің салмақты болған соң айтайын. Облыста қаншама айтыс өтті. Қай айтыскер ақын келіп аймағыңды аралап, өз көзімен халықтың ахуалын көріп, саралады. Ойдан, қырдан алған деректермен халықты алдайды келіп. Өтірік елді сүйгендерінен еш ұялмайды. Жасандылық екені бірден байқалады. Көптің арасында кетіп қалмасын. Анау қалқан құлақ бала бар емес пе? А, Ринат Зайытов. Сол ғана елімізге келіп, апталап жатып кеткен. Сол ғана бас жүлдесін үлкен еңбекпен алған, – деді де, киімжайда кезекте тұрған танысына айғай салып, жүріп кетті.

2022 жылдың 30 наурызында Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінде заңғар жазушымыз Ғабит Мүсіреповтің 120 жылдығына арналған «Біз Ғабитпен мақтанамыз» атты әдеби кеш ұйымдастырғанымда қоңырау шалып шақырдым. «Келем!» деп уәдесін берді. Үш-төрт күн өткен соң өзі қоңырау шалып, аяқ астынан емханаға жедел жәрдеммен түскенін, «Кешіне келе алмаймын!» деп ауруын айтып, баласынбай барлық жағдайын түсіндірді. Жаз айларында «Достық Молл» сауда үйінің жанында(«Қазақстан Прокуратурасы» аллеясындағы орындықтардың бірінде отыратын) жиі көріп жүрдім. Көрген сайын әңгімелеспесек те, амандасып, халын сұрайтынмын. Сәлемімнің түзу болғанына разылығын білдіріп, ақ батасын беретін-ді.

Он жетінші қыркүйекте Сафуан Шаймерденовтің 100 жылдығында туған жері Амангелді ауылына барған той керуенінде болып, жазушының өмір жолынан сыр шерткен еді. Тойшыл қауымды өзінің әзіл әңгімелерін айтып, ортаны ажарландырып жіберген еді.

Қарашаның он бесінде Қызылжарда дау-дамай тудырған «Ёбидёби» дәмханасының атауына байланысты өңірдің зиялы қауымы жиналды. Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері А. Жантеміров екеуміз жұрттан бұрын бардық. Екеуміз әңгімелесіп тұрғанда ағамыз:

– Самрат, сен де Жамбыл ауданынан екенсің. Сен жайлы жақсы сөздер естіп жүрмін. Жарайсың. Шығармашылығың туралы қалам тербемегенім үшін ағаң ретінде айыптымын. Өзіңде де кінә бар. Ертерек жолыққаныңда ғой.

– Ой, ата! «Ештен кеш жақсы». Жазып үлгересіз. Мені дұрыстап сынның астына аласыз.

– Сен де айтасың-ай! Кеш қалдым. Жазбаймын. Алайда, өнеріңнің тасы өрге домалағанын тілеймін. Зейнолла, Сайын ағаларың құсап шыншыл бол. Самат ағаң сияқты тентек болма. Сенімен біз мақтанбаймыз ғой. Артымыздан келе жатқан жамбылдықтар мақтансын.

– Сіз сияқты Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы өсуімді тілесе, мен бағындырмайтын белес, алмайтын асу болмайды.

– Дегеніңе жет!

Кісілер де жиналып қалды. Өзекті мәселе де қозғалды. Ақтарған кітаптарынан өзінің шежіресін тауып алды да, сканерлеп, қағазға шығартып алды. Сосын, «Ёбидёби» төңірегіндегі әңгіме басталды да кетті. Барлығы бір ауыздан Петропавл қаласының прокурорына хат жазу керектігін қолдады. Кәрі-жасы ардагер журналист екенін алға тартып, хаттың мәтінін Амандық ағамызға жаздыртты. Сөзімді дәлелдей түсу үшін мәтінді толық берейін:

«Бұл хатты Сізге, біздер Қызылжар өңірінің ақсақалдары, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының, қалалық ардагерлер кеңесінің, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілдігінің атынан жазып отырмыз. Мәселе мынада: қаланың орталығындағы «Алтын Арман» базарының қасында жуырда «Ёбидёби» деген атпен жаңа қоғамдық тамақтандыру орыны ашылыпты. Осы жазу сауда орынының маңдайшасында үп-үлкен етіліп жазылып, ілініп қойыпты. Бұл не масқара! Қазір орыстар түгіл, қазақтардың да ол ашу-ызасын туғызып отыр.

Біз өзімізше зерттеу жүргізіп көрсек, ол Ресейдің Красноярск қаласында, Дмитрий Прадед пен Константин Замин дегендер ашқан сауда ұйымы болып шықты. Оның біздің қаладағы өкілі Дамир Ягфаровпен қалалық ономастика комиссиясының қызметкерлері Нұрлан Жамантаев хабарласып, кездескен екен. Ол ресми қызметкерді «Антикорға арыз жазамын, менен ақша бопсалайды деп айтамын» – деп қорқытты. «Ол біздің сауда маркамыз, онда еш шаруаң болмасын» – депті. Бұл сөздің жапонша мағынасы «апта күні – сенбі» деп түсіндірген.

Сонда Қазақстанға Жапонияның не қатысы бар?! Ал жуырда Қазақстан үкіметі барлық көрнекі құралдар қазақ тілінде жазылуы керек, сосын орысша жазылсын деген қаулы қабылдағаны белгілі емес пе? Біз қай мемлекетте тұрамыз, басқа ұлттардың өкілдері оны неге ескермейді?

Біз, Сізден бұл сауда нүктесін кім тіркеген, кім рұқсат еткен, ол қайдан пайда болды. Ол жағын біздің анықтауға құқығымыз жоқ. Сондықтан осы мәселелердің анықтығын біліп, осы сауда ұйымының маңдайына ілінген анайы атты алып тастауға, оған қазақша ат беруіне ықпал етуіңізді сұраймыз».

Хаттың қолжазбасы өзімнің жеке мұрағатымда сақтаулы тұр. Соңғы қолжазбасы да шығар. Амандық ағамызбен соңғы кездесуіміз болса да, желтоқсанның жетісінде жерлес жазушымыз Бақыт Мұстафиннің 85 жылдығына арнап, музейде «Абзал азамат» еске алу кешін ұйымдастырып журналистиканың майталманын шақырып қоңырау шалдым.

– Әй, немерем! Ғабитте шақырғаныңда да келе алмаған едім. Бұл кешіңе де келе алмаймын. Дүйсенбі операция жасайды. Пышаққа түсемін. Іс-шараңа қатыса алмасам да, жақсы өтетініне кәміл сенемін.

– Алла шипасын берсін!

– Шипасын бермейді-ау, сол. Жарайды! Давай, аман бол! Мықты азамат бол! Телефонды қоя салды. Ақырғы рет сөйлескен екенбіз. Асқақ үні құлағымның түбінде жаңғырып тұр. Арада жиырма төрт күн өтті. Дауысы саңқылдап шыққан ағамыздың, келместің кемесіне мініп кеткеніне сене алмай отырмын. Алланың жазғанына мойынсұнып, Амандық Мырзахметұлымен бақұлдасып отырмын.

Адалдықтың ақ туын жықпаған тұлғамыз желі өткір – Желтоқсанда ақ кебінге оранып, қара жердің қойнынан орын алмақ. Өзінің туған жері Жамбыл ауданы Қарақамыс ауылында жерленеді. Туған ауданымның шыншылдық пен турашылдықты жанына серік еткен төл перзенттері өз туған топырағына немесе Алматының Кеңсайында жерленуі керек. Мәңгілік мекені әдебиеттің қадіріне жетпеген Петропавл және қаланың маңындағы молалардан болмау қажет. Себебі, рухани байлықтан алшақтаған адамдардың тұрағына жақын зиратқа жерленсе, күрескер азаматтар қабірде тыныш жатпайды. Олар қазақ халқын аруақтарымен жебеп, рухтарымен қолдап жатады.

24.12.2022 жыл – Солтүстік Қазақстан облысы емес, Қазақстан Республикасы, әлемдік журналистика саласы үшін қазалы күн. Өйткені, мінезі аңқылдаған, шындықтың айдынына лай түсірмеген журналистиканың бәйтерегі құлады. Теріскей Амандығынан, Алты Алаш азаматынан айырылды.

Бақұл бол, Амандық ата! Жаныңыз жәннатта болсын! Топырағыңыз торқа болсын! Қарсы алдыңыздан сегіз пейіш ашылсын!


Самрат ҚҰСКЕНОВ,
Жамбыл ауданының тумасы
«SOLTUSTIK QAZQSTAN»газеті
26 желтоқсан 2022 жыл.

АУЫЛЫН АРДАҚ ТҰТҚАН АЗАМАТ

Журналист ағамыз, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Амандық Жантеміровтің өзі ардақ тұтқан Қарақамыс ауылындағы зиратқа жерленгелі де бірнеше айдың жүзі болды. Қалай десек те, «Әбеке» деп құрмет көрсеткен жан жайлы өткен шақта әңгіме қозғау қиынақ...

Бұрындары облыстық газетте мақалалары үзбей жарияланып тұратын Амандық Мырзахметұлымен сырттай ғана таныс болатынмын. Облысымызға белгілі тәжірибесі мол журналиспен бірге қызмет атқарамын, тіпті бір кабинетте отырып, бірге қызмет атқарамын деп ойлаған жан емеспін.

Мен бас маман болып қызмет атқарып жүрген облыстық тіл басқармасы 1996 жылы ақпанда жабылғаннан кейін, сол кездегі Телерадио компаниясының директоры, өңірімізге белгілі ақын Мұталап Қанғожин ағамыздың шақыруымен мамыр айында аталмыш ұжымға тілші болып орналастым. Оған облыстық газетте жарияланып жүрген жырларым мен мақалаларым себеп болған сияқты. Тіл маманы болғаныммен мұндай жауапты салада қызмет атқарып көрмегендіктен, тілшілік қызметті радиодан бастауды жөн санадым. Ол кезде облыстық радионың екі қабатты жеке ғимараты болатын. Біз сонда еңбек етеміз. Тележурналистер «Qyzyljar» арнасының қазіргі ғимаратында. Облыста болып жатқан жаңалықтарды жазуға Әбекең, Мәкең (Мәлік Мұқанов) сынды майталмандармен бірге барамыз және шыққан материалдарды олардың жазғандарымен салыстырамыз.



Кейін қаржы тапшылығына байланысты радиода істейтін қызметкерлер негізгі ғимаратқа көшіп келдік. Алғашында Мәкеңмен бір кабинетте отырсам, бірер жылдан соң Әбеңмен қауыштым. Жазу столдарымыз қатар. Жазған материалдарымызды машинкада басатын апайымыз (Мәруар Қожахметова) бар. Хабар

мәтіндерін сол кісіге тапсырамыз. Әбекеңнің бір кереметтігі – шұғыл хабарларды, кезек күттірмейтін аудармаларды қағазға жазбай-ақ, Мәруар апамызға ауызша айтып та бастыра беретін. Осындай тез қимылдауға төселген әккі журналистің бұл «өнеріне» қызыға қарайтынбыз.

Амандық ағамыз ауыл шаруашылығы, экономика тақырыптарын жазудың шебері болатын. Сондықтан облыс әкімінің төрағалығымен өтетін жиналыстарға, Үкімет пен Мемлекет басшысын қарсы алу сәттеріне, солардың қатысуымен өтетін жиындарға көбіне сол кісі баратын. Көкшетау облысы Солтүстік Қазақстанға қосылған кезде де жаңа өңірлерді аралауға әкіммен бірге сапарлап жүрді.

Бірде Әбекең облыс әкімі Гартманмен Уәлиханов ауданының Павлодар облысымен шектесетін ауылдарына тікұшақпен барып қайтты. Ол ауылдар облыс орталығынан кемінде 500 шақырым қашықтықта ораналасқан екен. Іссапардан оралған Әбекең: «Біз барған ауылдар тірі әкімді мүлдем көрмепті. Соны шалғай елді мекендердің адамдарынан естіп, таң қалдым», – дегені әлі есімде.

Осы теледидарда жүргенде машинка басатын хатшының штатын қысқартты. Машинкамен өзіміз жұмыс істеуге еріксіз үйренуге тура келді. Одан кейін компьютер пайда болды. Оны да Әбекең алдыңғылардың бірі болып меңгеріп алды. Дегенмен, бәрі де оп-оңай болды деп айту қиын. Жарты күн еңбектеніп жазған мәтіндерімізді әп-сәтте жоғалтып алып, техника тіліне жетік жас журналистерден, компьютер мамандарынан көмек сұраған кездеріміз де болып тұратын. Ондай сәттерде мойыған Әбекеңді көрген емеспін. Жоғалтпаудың жолын үйренетін немесе ерінбей қайтадан теретін.

Амандық Мырзахметұлы жұмыс орнының тап-түйнақтай таза болып тұруына ерекше мән беретін. Үстелінің үстінде шашылып жатқан басы артық дүние болмайтын. Жазылған, жазылмаған қағаздары жинаулы тұратын. Менің «тірлігім» Әбекеңе қарағанда керісінше еді. Жиналысқа кеткен сәттерімде менің үстелімді де жинастырып: «Міне, осылай болуы керек. Көрген көзге де жақсы», – дейтін. Жинақы ағаның осы қасиеті маған сабақ болды.

Кейін облыстық «Soltustik Qazaqstan» газетіне ауысып бара жатқан Әбекең: «Саған орын әзірлей берейін. Газетте қызмет атқарғанды жақсы көретініңді білемін», – деген еді. Жыл өтпей, мен де 11 жыл қызмет атқарған жерден «Қазақтың қарашаңырағы» атанған ұжымға тілші болып келдім. Әбекең бас редактордың орынбасары. Экономика бөлімің редакторы болған кезімде аграрлы өңірдің ауыл шаруашылығы тақырыбына жиі қалам тарту қажет болды. Бұл саланың өзіне тән терминдері бар. Мақала жазу кезінде Әбекеңнен үйренгендерім септігін тигізетін. Әлі күнге дейін солай.

Осы уақыт ішінде Әбекеңнің отбасымен жиі араластық. Қуанышты да, қайғыны да бірге бөлістік. Ауылына барып тұру үшін алған жол талғамайтын жасыл «Нива» автокөлігінің «қызығын» біз де көрдік.

«Өз ағасын ағаламаған, жұрт ағасын жағаламайды» деген ата-бабамыздан қалған тамаша сөз бар. Осы қағиданы Әбекеңнің берік ұстанғанын жақсы білемін. Жиендерін ауылдан алғызып, үйіне орналастырып, қоғамдық тәртіп сақшылары, төтенше жағдай департаментінің білікті мамандары болуына ерекше еңбек сіңірді. Солардың бәрі де офицер шендерінде, зейнеткерлікке шықты.

Ағасының балалары – Балғат пен Аяшты ерекше құрметтейтін. Кезінде тамаша ән салып, облыстың «жігіт сұлтаны» атанған, республикада 2-ші орын алған Балғатты мақтан тұтатын. Аяш та салық саласының білікті қызметкері болып, 2-3 ауданның осы саласын басқарды. Қазір Астанада жемісті еңбек етіп жүр.

Біз білетін Әбекең «Атақоныс – Ақтомпақ», «Сағындырған ауылым» атты кітаптар жазып қана қоймай, туған ауылы Қарақамыстың әлеуметтік жағдайын жақсартуға туған бауырларына бас болып, өлшеусіз үлес қосты. Облыстық деңгейде өткен жиындарда шалғай ауылдың өзекті мәселелерін, жол жағдайының шешілмей жатқанын көтеретін. «Ауылымызға дейін тас жол салынса ғой!», – деп армандайтын.

Амандық Мырзахметұлы Сәбит, Ғабит, Сафуан сынды әдебиет алыптарымен сапарлас болғанын өз естеліктерінде жеткізе жазды. Ол ауызша әңгімеге де шебер болатын. Өмірде көрген, түйгендерін құлақ құрышын қандырарлықтай жеткізе білетін. Олары анекдоттан кем түспейтін. Ойын-шыны аралас әңгімелерімен дастархан басын құлпыртып жіберетін...

Әбекең ҚазМУ-дің журналистика факультетін аяқтар кезде дипломдық жұмысына облыстық «Ленин туы» газетінің (қазіргі «Soltustik Qazaqstan») тарихын алған екен. Аталмыш газеттің 90 жылдығына осы дипломдық жұмысын кеңейтіп, жаңа материалдармен толықтырып, «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі» деген атпен кітап етіп шығарды. Бұл – Мағжан Жұмабаев негізін қалаған газеттің төл мерекесіне арналған ерекше тарту болды.

Амандық ағамыз өмірінің соңына дейін қаламын қолдан түсірген емес. Оған облыстық газетте үзбей жарияланып тұрған естеліктері мен өзекті мақалалары дәлел бола алады...

Нұрсайын ШӘРІП,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі

АМАНДЫҚТЫ ЕСКЕ АЛУ

04. 02. 2023ж.

Қырық күн болды айырылдық досымыздан...
Дос болдық мектепте он бес жасымыздан.
Күні кеше жүр едік әзілдесіп,
Білмей қалдық кеткенін қасымыздан...
Жазушы болам деген жас шағынан,
Біздердің ойымызда да жоқ ол жағынан.
Маңайына жақсылық көп істеді –
Жұмақтан орын бере гөр, О, Жасаған!
Білетін кім боларын жас кезінен,
Шығарманы жазатын өз сөзімен.
Газеттен фамилиясын оқығанда,
Қуанғанын көрдім мен өз көзіммен.
Өзін-өзі адам еткен азамат,
Еш адамға жасаған жоқ қиянат.
Газеттер мен теледидар бетіне
Өле-өлгенше беріп тұрды мағлұмат.
Көркем сөзге шебер дарын иесі,
Қызыға тыңдайтынбыз әңгімесін!
«Әр сөздің өз орны бар» , – дейтін еді,
Бір сөйлемге арнайтын жан дүниесін!
«Құрметті азаматы» облыстың!
«Құрметті журналист» – те сен болыпсың!
Еңбегі сіңген «Мәдениет қайраткері»,
«Тың игерудегі 20-жылдық медалін де алыпсың!»
Бір кітап қолжазбада қалып қойды...
Алтауы-ел ішінде тарап болды.
Абайша айтсақ «Өлді деп кім айтады?»
Өлмейтіндей артынан сөз қалдырдың!»
Қайғырып тұр сен білетін қауымың ...
Тоқтамайды көз жасы жан-жарыңның
Әрі құрдас, әрі дос, туыс едің –
Топырағың торқа болсын, бауырым.

Сайран Сұлтанұлы Жақыпов

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ» ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ



Қазақ баспасөзінің тарихында ойып алар орны бар, іргесін Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Қошке Кемеңгеров, Ғаббас Тоғжанов, Бекмұхамет Серкебаев сынды Алаштың ардақтылары қалаған, сарғайған беттерінде небір айтулы тұлғалардың қолтаңбасы қалған, халық «қарашаңырақ» деп қастерлейтін, Есіл өңірінің болмысындай өріліп, өмір құбылыстарын боямасыз өрнектеп келе жатқан, ғұмыры ғасырмен өлшенетін басылым – «Солтүстік Қазақстан» газетінің тарихы бай әрі терең, жүріп өткен жолы соқтықпалы-соқпақты. Бір ғасырдан астам уақыттың ішінде осы шаңырақтың әр кірпішін өз қолымен қалаған сөз шеберлерінің қатарында Сәбит Мұқанов, Мәжит Дәулетбаев, Жақан Сыздықов, Сейітжан Омаров, Жиенғали Тілепбергенов, Жұмағали Саин, Асқар Тоқмағамбетов, Шахмет Құсайынов, Абдрахман Айсарин, Ғалым Малдыбаев, Әлжаппар Әбішев, Әбділда Тәжібаев, Дихан Әбілов, Сафуан Шаймерденов сынды айтулы тұлғалар бар.

Газет қызметкерлерінің бертінгі буыны да алдыңғы толқынның аманатына адалдығын сақтап, халықтың сөзін сөйлеуден, мұңын мұңдап, жоғын жоқтаудан жаңылған жоқ. Мен де солармен бірге қызмет істегенімді мақтаныш етемін. Қолға қалам ұстап, сөзді қару етіп, есею жолына түскенде қолтығымнан демеген ағаларыма дән ризамын. Солардың арасында мен үшін қымбат бір жан бар, ол – Амандық Мырзахметұлы Жантеміров. 1971 жылы редакцияға қызметке орналасқанымда, ол кісі жауапты хатшының орынбасары болып істеп жүр екен. Әлі 30-ға тола қоймаған, қылшылдаған жас жігіт, жанып тұр. Менің әскерден оралған бетім, ара-тұра газетке шағын мақалаларымның жарияланғаны болмаса, журналистикадан хабарым шамалы, түсінбейтін, білмейтін мәселелерім көп. Соны байқаған болуы керек, бір кездескенде Амандық Мырзахметұлы әңгімеге үйіріп: «Жүрексінбе, жасқаншақ болма, ерінбей жұмыс істесең, бәрі орнына келеді» деп үлкен кісіше ақылын айтып, жатсам-тұрсам ойымнан шықпай жүрген көңілімдегі күдікті аз да болса сейілтіп тастаған еді.

Көп кешікпей Амандық Мырзахметұлы ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, редакция алқасының мүшесі болып тағайындалды. Бұл өзі – редакциядағы ең ірі бөлімдердің бірі, жұмыс ауқымы да кең. Жігерлі жігіт өзінің жаңа жұмысын да

ұршықша үйіріп, тез игеріп әкетті. Қоғамдық жұмыстарда да өте белсенді, не нәрсеге болсын, білек сыбанып бірден араласып кетеді. Ұжым, редакция басшылығы оның осындай қасиеттерін бағалаған болуы керек, кәсіподақ ұйымының төрағасы етіп сайлады, кейін бастауыш партия ұйымы хатшысының орынбасары болды. Ағамыздың осылай қызметте тез өсуі біздің де бойымызға сенім ұялатты десем, артық айтқаным емес. Ол кісімен тағдырымыз ұқсас еді: ауылдан шықтық, жоғары оқу орнында сырттай оқыдық... «Әбекеңнің етегінен ұстасақ далада қалмаспыз» деп сол кісіге қарап ой түзеуге, бой түзеуге тырыстық. Өзі ақкөңіл, кімге де болсын, көмек көрсетуге дайын тұрады.

Амандық Мырзахметұлымен облыстық радиода да, телеарнада да бірге қызмет істедік. Газетке қарағанда бұл саланың өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ ол қиналған жоқ, жаңа жұмысты да тез меңгеріп әкетті. Радиода директордың орынбасары, телеарнада бас редактор болды. Сөйтіп өзінің кәсіби майталман маман екенін дәлелдеді. Әріптестері де оны мойындады. Ол кісінің ең бір жақсы қасиеті өте еңбекқор еді, аянбай жұмыс істейтін және жаңа бір тапсырма алғанда, мынау менің қолымнан келмейді деп жүрексінуді білмейтін. Іссапарларға жиі шығатын. Облыста ол кісінің бармаған елді мекені жоқ шығар, сірә. Көктемгі егіс, күзгі орақ сияқты қауырт науқандарда іссапарларға бірге де шығып жүрдік. Қайда барсақ та алдынан таныс адамдар шығады, жылы ұшырай қарсы алады. Көпшіл еді, жатырқау дегенді білмейтін, кіммен болса да тез тіл табысып кететін.

2003 жылдың орта шенінде мен қазіргі «Қызылжар-Ақпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болып редакцияға қайта оралдым. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Әбекеңді шақырып алып: «Бас редактордың орынбасары болып келіңіз, журналистік жолыңызды бастаған ұжымыңыз ғой, зейнет демалысын осыннан шыққаныңыз жөн болар»,–дедім. Осы ұсынысты жасауыма, біріншіден, ағама деген сыйластығым, оның өз ісіне деген адалдығына тәнтілігім итермелесе, екіншіден, газет редакциясындағы жағдай өте күрделі еді: кадрлар жетіспейді, жастарды қабылдап, оларды тәрбиелеу керек, газеттің таралымы да аз... Осындай күрмеуі қиын мәселелерді шешуде оның көмегі көп болатынына сендім. Бәрі ойлағанымдай болды. Әбекең білек сыбана іске кірісіп, басшылардың бірі ретінде редакциядағы жағдайдың оңалуына көп үлес қосты.

Уақыт дегенің шапқан аттай жүйрік қой, Әбекеңнің зейнет демалысына шығатын уақыты да келді. Бірақ ол жұмыстан қол үзген жоқ. Сол кезде біз қалалық «Қызылжар нұры» газетін шығаруды қолға алған едік. Әбекең осы газетке ауысып, жас басылымның қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Жауапты хатшының орынбасары болып істеген кезде жинақтаған бай тәжірибесін пайдаланып, қалалық газеттің жаңа бет-бейнесін қалыптастырды.

Амандық Мырзахметұлы зейнет демалысына шыққаннан кейін жаңа қырынан танылды. Өзімнің бір байқағаным, редакциядағы күнбе-күнгі қарбалас жұмыс кез келген тақырыпқа еркін көсілуге мүмкіндік бермейді. Қай бөлімде істесең де өзіңе жүктелген тақырыптар аясынан шыға алмайсың. Әбекең зейнет демалысына шыққаннан кейін өңір тарихын, тұлғаларымыздың ғұмыр-дариясын зерттеуге бет бұрды. Олардың бәрі газетімізде, «Мағжан» журналында жарияланды. Және көзі қарақты оқырман тарапынан жоғары бағасын алды.

Әбекең редакцияны шын мәнінде «екінші үйім» деп санады, күн құрғатпай келіп тұратын. «Жұмысыңа бөгет жасамайын» деп маған анда-санда бір кіретін. Кейін білдім, көп уақытын жастармен өткізеді екен, олармен өзінің журналистика саласындағы бай тәжірибесімен бөлісіп, ақылын айтып, бағыт-бағдар беріп жүріпті. «Әбекеңді сағынамыз, көп көмегі тиіп еді» деп қазіргі жұмыс істеп жүрген жастар ол кісіні жиі еске алады.

Амандық Мырзахметұлының қасиеті дегенде, оның азаматтық ұстанымына берік болғанын бөле-жара айтқым келеді. Араласпағаннан кейін былайғы жұрт біле бермейді ғой, оның өтірік сөзге төзбейтін мінезі болды. Кейде жиналыстарда қатар отырамыз, сондай бір жағдайларды байқап қалса, «Мынау не деп тұр, олай емес қой» деп мазасыздана бастайтын. Мен «Қайтесіз, айта берсін» десем де шыдай алмай атып тұрады да, әлгі кісінің айтқанының бәрін жоққа шығаратын.

«Ауылдан адам көшкенмен. Адамнан ауыл көшпейді» деп ақын қалай дөп айтқан,

Әбекеңнің өмірі де Қарақамыс жаққа елеңдеумен өтті. Бертін «Ауылдың жолы нашар, жұмыс жоқ, халық басы ауған жаққа көшіп жатыр» деп ренжіп жүрді. Және соның бәрін ішінде сақтаған жоқ, ауылдастарының өтінішімен талай лауазымды адамдардың табалдырығын тоздырды, облыс әкіміне барды, газетке де бірнеше мақала жариялады.

Біз аға, іні болып көп араластық, дәмдес болдық. Марқұм Қалима жеңгеміз де мінезге өте бай, жүзі де, қолы да ашық адам еді. Қашан барсақ та жадырап қарсы алып, дастарқанын жая бастайтын. Аралас-құралас бола жүріп бір байқағаным-бізден басқа да бұл үйге келіп-кетіп жататындар көп. Қашан барсаң да дастарқан басында үлкенді-кішілі бейтаныс адамдар толып отырады. Біреуін құда дейді, біреуін жиен, бөле деп таныстырады. Әйтеуір, Әбекеңе бәрі туыс.

Өзімізге жасаған бір жақсылығы қайда жүрсем де ойымнан шықпайды. Жас кезіміз, жолдасым, бес жасар қызымыз – үшеуміз пәтер жалдап тұрып жаттық. Күндердің күнінде қалалық кеңестегілер «Сіздерге пәтер бөлдік», – деді. Қуанышымда шек жоқ, айтқан адрестері бойынша алып-ұшып барсам, басқа біреулер түсіп алыпты. Милицияда істейтін біреу екен, өз еріктерімен шығатын түрлері жоқ. Осылай да осылай деп қалалық кеңеске барсам, ондағылар: «Біз пәтерді бердік, қалғанын өзіңіз шешіңіз», – деп маңайларына жолатпайды. Болған жайды Әбекеңе айттым. Ол кісі шапшаң қимылдаушы еді, бірден басшылардан сұранып іске кірісіп кетті. Ақыры не керек, арада екі-үш күн өткенде мәселені шешіп берді. Ол кісінің кімге де болсын, осындай жақсылықтары көп болды. Біз ғана емес, бір мәселелер туындап қалғанда, редакцияның басшылары да Әбекеңді жұмсайтын.

Әріптес туралы сөз қозғағанда айтпай кетуге болмайтын бір жай, қазақтың қабырғалы қаламгері, жерлесіміз Ғабит Мүсірепов елге келген сайын өңірді аралағанда, Амандық Мырзахметұлын ерітіп алушы еді. Ол осылай Ғабеңмен ғана емес, ол кісіге еріп жүрген айтулы тұлғалар, ақындар Сырбай Мәуленовпен, Ғафу Қайырбековпен, жазушы Сәкен Жүнісовпен, қоғам қайраткері Мақсұтжан Әубәкіровпен, белгілі композитор Жоламан Тұрсынбаевпен және басқаларымен араласты, дәмдес болды. Ең бастысы кейін сол жол сапарлардан етектей-етектей мақалалар жазып, оқырмандарға ұлы жазушы туралы тың деректер ұсынды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне ойыссам, Амандық Мырзахметұлы елге, халыққа адал қызмет етті, өз ортасына, ағайын-туғанға сыйлы болды. Еңбегі еш еткен жоқ, көзі тірісінде «Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы», Қазақстанның құрметті журналисі атанды, бірнеше медальдармен марапатталды.

Жарасбай СҰЛЕЙМЕНОВ

Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы.

АҒА БУЫНҒА ҚҰРМЕТ

Бір ғасырдан астам тарихы бар, шаңырағын қазақтың азаттығы жолында құрбан болған Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов сынды Алаштың жарық жұлдыздары қалаған абыз басылым – облыстық "Soltústik Qazaqstan" газетінде ежелден қалыптасқан әдемі бір дәстүр бар. Газетіміздің бүгінгі биігіне жетуі үшін бар өмірі мен қажыр-қайратын, қарым-қабілеттерін арнаған ардагерлерге құрмет көрсету – біз үшін бұлжымас заң.

Газет ұжымы биыл да осы әдетінен жаңылмай, 1 қазан – Халықаралық Қарттар күні қарсаңында басылымның сарғайған әр бетінде еселі еңбектері сайрап жатқан ардагерлеріне сый көрсетіп, оларды қонақ етті. Аға буын өкілдерінің кең жайылған дастархан басында бір-бірлерімен қауқылдасып, шүйіркелесіп, амандық-саулықтарын сұрасып, газетіміздің өткен мен бүгіні жайлы әсерлі сөз сабақтаулары неткен әдемі көрініс десеңізші!

Төл басылымымыздың оқырман қолына сапалы, әсем безендірілген деңгейде жетуіне бар білім-біліктерімен сүбелі үлес қосқан ардагерлерді «Қызылжар-Ақпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ербақыт Амантайұлы құттықтап, ізгі тілегін жолдады. Қаламгер тарихы терең басылымның дамуына аға буынның қосқан еңбегі өлшеусіз екенін тағы бір мәрте айтып өтіп, оларды басылымның биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталғанынан, газеттің қазіргі тыныс-тіршілігінен, жаңарған ұжым мүшелерінен, ел мүддесі жолында қолға алынған шаруалар легінен, басылымның биыл қол жеткізген жетісті хабардар етті. Содан кейін сөз сөйлеген есімі елге танымал журналист, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Жарасбай Сүлейменов, өңір жұртшылығына белгілі қаламгерлер: Нұрсайын Шәріп, Қошан Қали, Өмір Есқали өңір баспасөзінің қарашаңырағына баланатын газетіміздің алаш ардақтыларының аманатына адалдық танытып, алған бағытынан жаңылмай келе жатқанын тілге тиек етті.

Уақыт – керуен. Бір өкініштісі, оқтай зулаған, аттай тулаған сол керуеннен өзінің көшін тоқтатқан аға буын өкілдері біздің ардагерлеріміздің қатарында да бар. Біз бір-бірлеріне жылы жүзбен жымиысқан алдыңғы толқынның арасынан есімдері өңір жұртшылығына белгілі қаламгерлер Амандық Жантеміров, Жоламан Шаханов, Тоқтар Зікірин, Зейнолла Әкімжанов, Әскер Әбілқайыров сынды ағаларымызды кездестіре алмадық. Олардың атқарған еңбектері, қалдырған мұралары ұмыт қалмады.

Осынау жарқын кездесуде есімі өңірімізге белгілі ақын Жұмабек Рахимов пен Жұмабек Тәшенов атындағы №20 мектептің мұғалімі Айдос Адақ әннен шашу шашып, кештің ажарын аша түсті.


Аманжол ЗАҒЫПАР,
"Soltüstık Qazaqstan".



Амандық Мырзахметұлы қызмет бабында



Бірінші қатарда: Жиеніміз – Шолпан, Әкеміз – Мырзахмет, алдында немересі – Қуаныш, Амандықтың жұбайы – Қалима, екінші қатарда Амандық, әкеміздің немересі – Әнипа, Қарындасымыз – Бейбігүл



Әкеміз – Мырзахмет Жантеміруұлы



Амандық Мырзахметұлы



Амандық Мырзахметұлы



Амандық Мырзахметұлы жолдасы Қалима Мағұзымқызымен



Амандық Мырзахметұлының отбасы



Амандық Мырзахметұлы жолдасы Бәтима, қызы – Динара және немерелері Айлана мен Адильхан



Бірінші қатар: Қайникамал, Сайран, Ақжарқын, Амандық, екінші қатарда: Жауылбай, Жамал, Қадиша, Бәтима, үшінші қатарда: Мәлік, Жеткен



Амандық Мырзахметұлы Бәтима, Бейбігүл, Амантай



Бейбігүл, Бәтима, Амандық, Самат, Қайрат, Амантай, Ғайнижамал



Облыстық Солтүстік Қазақстан газетінің ұжымы





Амандық Мырзахметұлы кластастарымен: Жауылбай, Сайран және Еркін







Амандық Мырзахметұлы Қарақамыс ауылында



Амандық «Сосновый бор» санаториясында



Амантай мен Ғайнижамал немерелерімен, бірінші қатар: Айтуар, Али, Нұрсұлтан, Альтаир, Алдияр, Амелия, екінші қатар: Арыстан, Амиржан



Амандық



Аманжол мен Орынтай



Беспай, Орынтай, Аманжол, Қуаныш



Амантай мен Ғайнижамал




Амантай мен Ғайнижамал балаларымен,немерелерімен: бірінші қатар: Айтуар, Амиржан, Амелия, Алтаир, екінші қатар: Қайрат, Арыстан, Али, Самат, Венера, Арман, Салтанат, Алдияр





Амандық пен Бәтима немерелерімен



Амандық Мырзахметұлының мазары

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Қарақамыс – Қапсыттар мекені	5
Орнында бар оңалар	18
Қасқыр ішік	25
Мұражайға тарту	30
Жұдырық балуан	31
Тастанды бала	36
Қайран, Көкшай!	43
Қапсыттар мекені	47
Алтын ұям – мектебім	48

Керей шежіресі

Қазақ туралы	52
Қапсыттар ұрпақтарына	53
Орта жүз	54
Керей хан	55
Қазақ хандары	56
Аталарымыздың есімдері нені білдіреді?	57
Нұх пайғамбардан бастап	61
Керей шежіресі	66
Қапсыт (Аткелтір) ұрпақтары	79
Ата-тегіміз	88

Көркемсөз зергерлері

Заманының заңғары	90
Жолы болғыш Ғабең	103
Ғабең және "Қызқарағай"	112
Аңыз адам	122
"Тау ішінде" әні кімге арналған?	129

Ойды – ой, сөзді – сөз қозғайды

Бодандықтан – бостандыққа	136
Ортақ өгізден, оңаша бұзау артық па?	144
Биліктегілерге үлкен міндет жүктеледі	149
Екі сиыр	153
Қайда барам, кімге айтам?	159
Тойға барғым келмейді	162
Мен білетін ашаршылық	165

Театр сыншысы – көрермен 171
Жалқаулық – бес дұшпанның бірі 174
Тауып айтылған сөздер 177

Тұғыры биік тұлғалар

Өңірді ең ұзақ басқарған адам 182
Көкірегі ояу, көңілі ақ еді 186
Тар жол, тайғақ кешкен ақсақал 191
Атағы жер жарған Жанбаев 197
Майданда табысқан тағдыр 204
Еңбегі ерен еді 207
"Кедей сөзінің" алғашқы саны 211
"Кедей сөзінің" екінші саны табылды 212
Орайы келген сұхбат 218
Шабытымның қайнары 222

Бір әулеттен – үш Құрметті азамат

Бір әулеттен – үш құрметті азамат 228
Хирург Жантеміров 230
Письмо из Афганистана 233
Алматыдан хат 235
Өнегелі өмір 236
Ер есімі – ел есінде 238
Наш дорогой юбиляр 240
Сәпи Мырзахметұлы 242
Тұғыры биік – Тәуелсіздік 245
Сөзі мен ісі ұштасқан 247
Бибігүл – кәсіпкер 250
Өмірбаян 252
Автобиография 255
Сіңірген еңбегі 258
Әріптесіміз – Құрметті азамат 281
Амандықтың тойына 283
Достар-достар 284
Довольны не только аксакалы 285

Қасірет жолы

Қасірет жолы 288
Депутатқа хат 290
Облыс әкіміне 291

Атақоныс – ауылын ардақтаған 293
Қысқаша деректер 296

Еске алу

Қош бол, аяулы азамат 298
Еске алу 300
Теріскейдің Амандығы 301
Ауылын ардақ тұтқан азамат 304
Амандықты еске алу 307
«Солтүстік Қазақстанның» төл перзенті 308
Аға буынға құрмет 311
Фотосуреттер 312
Мазмұны 325

Қарақамыс – Қапсыттар мекені

Авторы және редакторы Амандық Жантеміров.

Құрастырушы Амантай Жантеміров
Корректорлары Арман Хасен, Қайрат Садықов.

Дизайнері, макетін жасаған Роман Волков.
Техникалық редакторы Евгений Сивирин.

Теруге жіберілді 25.10.2023 ж.
Cambria гарнитурасы. Офсетті баспа. «Golden Star Matt» 115 g/m^2 қағаз.
Пішімі 72x104$^1/_8$. Шартты б.т. 20,25.

Тиражы 100. Тапсырыс № 1053 (2023)

Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 2А
«Издательский дом» ЖШС
тел.: 50-18-89
e-mail: idkost@mail.ru
www.idkost.kz

Амандық Мырзахметұлының жарық көрген кітаптары




Аманбық ЖАНТЕМІРОВ
Атақоныс-
АҚТОМПАҚ
Аманбық ЖАНТЕМІРОВ
Кызылжар
өңірінің ешкіс
шежіресі
Аманбық Жантемиров
Сағынғырған
ауылым

(дар)



ЖАНТЕМІРОВ
Амандық
Мырзахметұлы

Член Союза журналистов Казахстана, заслуженный деятель культуры РК, Почетный журналист Казахстана.
Почётный гражданин Северо-Казахстанской области.
Награжден медалями: «За освоение целинных земель», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл».
Автор книг: «Атақоныс – Ақтомпақ», «Қызылжар өнірінің өшпес шежіресі», «Сағындырған ауылым», «Жеті атаңды білесің бе?», «Доктор от бога», «Қарақамыс – Қапсыттар мекені»



ЖАНТЕМІРОВ
Амантай
Мырзахметұлы

Инженер-строитель, возглавлял ударную комсомольскую стройку первого в КазССР завода «КазОгнеупор», руководил стройкой крупнейшей в республике швейно-трикотажной фабрики в городе Рудном, занимал руководяшие должности в горакимате.
Соавтор книги «Доктор от бога», составитель книги «Қарақамыс – Қапсыттар мекені»
Почётный гражданин города Рудного, ветеран труда.